Stanford University Libraries
3 6105 210 245 895

Digitized by Google



Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google

ISSN 0132—6139



Қазақстан үгітшісі

1
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Шығыс Қазақстан облысы. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының катодшысы К. Қабдиев 20 мың киловатт-сағаттан астам электр энергиясын үнемдей отырып, өткен жылы жоспардан тыс мыңдаған тонна мырыш шығарды. Ол — белсенді рационализатор, қалалық халықтық бақылау комитетінің, цехтық кәсіподақ комитетінің мүшесі. Өндіріс озаты өз тәжірибесін жас металлургтерге аянбай үйретуде.

Оған еңбектегі орасан зор табыстары үшін 1985 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Суретте: К. Қабдиев.

Суретті түсірген В. Медведев (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

1 ЯНВАРЬ 1986

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

1985 жылғы 10 декабрьде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің XIX пленумы болды.

Пленум «Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстық партия комитеттерінің КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысын орындау жөніндегі жұмысы туралы» мәселені талқылады.

Пленумда КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас сөз сөйледі.

Д. А. ҚОНАЕВ ЖОЛДАСТЫҢ ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Жолдастар!

Біздің тарихи өрлеуіміздің барлық кезеңдерінде Ленин комсомолы Коммунистік партияның адал көмекшісі, сенімді жауынгер резерві, социалистік қоғамның белсенді жасампаз күші болып келді және солай болып қала береді. Совет халқының жастарға деген сүйіспеншілігі мен құрметіне коммунизм мұраттарына шексіз берілген өндірдей жас, жігерлі, ержүрек күрескерлердің талай ұрпақтары ортақ, бүгін таңдағы комсомолецтер бойындағы артықша қасиеттердің бәрі азамат соғысы мен алғашқы бесжылдықтар қаһармандарынан, азаткер жауынгерлерден, тың мен космосты бағындырушылардан дарыған.

Біздің жас замандастарымыз аға ұрпақтардың революциялық, жауынгерлік және еңбек дәңгын еселей түсуде.

Партия жастардың еңбек пен әлеуметтік өмірдегі белсенділігін одан әрі дамытуға, оларды идеялық-саяси жұмысқа, дүние жүзін революциялық жолмен қайта өзгерту ісіне кеңінен қатыстыруға мейлінше мүдделі. Осыған байланысты В. И. Ленинің: «Жастарды іске кеңінен және батылырақ, батылырақ және кеңінен, тағы да кеңінен, тағы да батылырақ тартып отыруды...» талап еткенін еске түсірейікші. Ленинің осы талабын орындай отырып, партия сан миллиондық қоғамдық-саяси ұйым ретінде жеткіншек ұрпаққа тәрбие берудегі, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету міндеттерін нақты шешудегі комсомолдың ролін қажымай-талмай арттыруда. Бұл қағида біздің партия Программасының жаңа редакциясының жобасында айрықша күшпен бейнеленген.

КПСС Орталық Комитетінің «Комсомолға партиялық басшылықты одан әрі жақсарту және жастарға коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру туралы» қаулысын республиканың партия ұйымдары осы заманның нақ осы өскелең талаптарын ескере отырып жүзеге асыруда.

Осы қаулыны орындау жөніндегі республика партия ұйымдарының міндеттері өткен жылы октябрьде партия-шаруашылық активінің жиналысында қа-

* Қысқартылған стенограмма бойынша жарияланып отыр.

Digitized by Google

ралған болатын. Жастарды идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу жөніндегі жұмыстың көптеген облыстарда жақсарғанын талдаудан көріп отырмыз. Партия комитеттерінде комсомол активімен кездесулер жүйелі түрде өткізілуде, комсомолда жұмыс істейтін жас коммунистерге қойылатын талап күшейтілді.

Партия ұйымдарында өтіп жатқан есеп беру мен сайлау Жастар Одағының барлық буындарының жауынгерлігін күшейтуге елеулі ықпалын тигізуде.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алу жолындағы бұқаралық социалистік жарысқа жігіттер мен қыздардың қатысуы кең өріс алып келеді. Бесжылдық тапсырмаларын республиканың 300 мыңға жуық жас еңбеккерлері, жеті мың комсомол-жастар бригадалары мерзімінен бұрын орындады.

Халық шаруашылығының түрлі салаларының дамуына комсомол ұйымдарының қамқорлығы неғұрлым пәрменді бола түсті. Тек соңғы жылдың ішінде ғана студенттік құрылыс отрядтарында 35 мың адам азаматтық кемелділік мектебінен өтті. Отряд жауынгерлері 120 миллион сомның жұмысын орындады. Олар өндірістік, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы екі мыңнан астам объектіні пайдалануға және жабдығын монтаждауға тапсырды.

Комсомолдың саудаға және халыққа қызмет көрсету саласына қамқоршылығы күшейтілді.

Жігіттер мен қыздарды ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, экономиканы интенсивтендіруге қатыстыру комсомолдың маңызды ісіне айналды. 400-ден астам жастар коллективтері жаңа технологиялық процестерді белсенді түрде іздестіруде, осы заманғы машиналар мен механизмдерді жасауда.

Бір сөзбен айтқанда, партияның сенімді көмекшісі, Қазақстан комсомолы, республика халық шаруашылығының барлық салаларында және қоғамдық өмірінде жан-жақты үлкен жұмыс жүргізуде.

Сонымен бірге комсомол ұйымдары партиялық басшылықтың одан әрі жақсартыла түсуіне мұқтаж болып отыр. Мұның өзі Солтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстық партия комитеттерінің бүгінгі есептерінен және Орталық Комитеттің осы Пленумында сөйлеген жолдастардың сөздерінен көрінеді.

Республика комсомолының даңқын асырған күнделікті игілікті істермен қатар, деді шешен, еңбекке жарамды кейбір жастардың өндіріске барудан үркіп, үлкендерге масыл болатын, жатыпішер, тоғышарлық моральдың, жат идеологияның ықпалына түсетін фактілермен кездесетініміз құпия емес. Мұның өзі өткеннің сарқыншақтары мен тәрбие жұмысындағы кемшіліктердің зардабынан болады. Мұндай фактілер біздің жастар ортасында пайда болатын мәселелерге барынша сергек және мұқият қарауға, ішкі өмір мен халықаралық өмірде болып жататын қоғамдық құбылыстар мен процестерге жастардың таптық позициялардан баға беруіне көмектесуге міндеттейді.

Жастардың бойында совет адамдарының мәртебелі әлеуметтік-саяси қасиеттерін, Отан мүдделері үшін қарекет етуге, біздің өмір салтымызға жат құбылыстарға қарсы белсене күресуге әзірлік пен білгірлікті барлық күш-құралдармен қалыптастыру қажет.

Республика комсомолының қатарында бүгінде 2,5 миллионнан астам адам бар. Бұл — орасан зор потенциал, соны дұрыс пайдалану қажет. Жастардың қабілетін, күш-жігері мен қажыр-қайратын біздің серпінді заманымыз алға қойып отырған күрделі әлеуметтік-экономикалық және тәрбиелік міндеттерді шешуге ұдайы бағыттап отыру маңызды.

Қалың қайрат қашанда зор істерді талап етеді. Кейбір комсомол ұйымдарының, деп атап көрсетті Д. А. Қонаев, ауыл шаруашылық өндірісіне, әсіресе мал шаруашылығына селсоқ қарай бастағанын біз бұрын да айтқан болатынбыз. «Қыздар, тракторға отырыңдар!» — деген ізгі бастама бірқатар жерлерде ұмытылып барады. Екпінді құрылыстарда, химия кәсіпорындарында жастардың жалынды үні әрдайым естіле бермейді. Кен-руда, металлургия, электротехника және машина жасау сияқты өнеркәсіп салаларына жастардың келуі саябыр тартты. Ал енді республикада стахановшылар қозғалысы нақ осы салаларда дүниеге келіп, оған жастар мұрындық болған еді.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, партия комитеттері жігіттер мен қыздарды халық шаруашылығының осы салаларына тарту жөнінде батыл шаралар қолдануға тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің комсомол жөніндегі қаулысында жастардың күш-жігерін қоғамдық өндірісті интенсивтендірудің, ғылыми-техникалық прогрестің, электрониканы дамытудың негізгі бағыттарына, материалдардың, техника мен технологияның принципті жаңа түрлерін жасап, өндіріске енгізуге, шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістерін игеруге шығармашылықпен қарандырудың ерекше маңыздылығы атап өтілді.

Осыған байланысты жігіттер мен қыздардың жаңалық, озық атаулыға, өздерінің білімін арттыруға, рационализаторлық пен өнертапқыштыққа, ғылыми-техникалық жаңалықтарды игеруге құштарлығын көтермелеп отыру керек.

Әлеуметтік екі системаның идеялық

Digitized by Google

тайталасы шиеленіске түскендігін ескерсек, жастардың бойында терең марксистік-лениндік дүниетанымды, таптық сана-сезімді қалыптастыру, идеялық-саяси, еңбек, адамгершілік тәрбиесін, қарсы насихатты күшейту мәселелері ерекше актуальды сипат алады.

Партия ұйымдарының көмегімен иесіздікке, ұрлыққа, маскүнемдікке, бұзақылыққа, басқа да теріс көріністерге қарсы комсомол-жастардың неғұрлым сенімді тосқауылын қойған жөн.

Жастар арасындағы жұмысқа саралап қарау талап етіледі. Комсомол, біздіңше, жастарды тәрбиелеудің жаңа түрлері мен әдістерін іздестіруге тиіс, өйткені олардың білім дәрежесі әлдеқайда өсті. Бұл айтылғанның жұмысшы, село жастарына, армия қатарындағы жастарға, техникалық, рылыми, суреткерлік жас интеллигенцияға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының студенттеріне, техникумдардың, кәсіптік-техникалық училищелер мен мектептердің оқушыларына түгел қатысы бар. Бұл жерде жұмыс неғұрлым нақты, тартымды, мазмұнды және тиімді болуға тиіс. Көптеген комсомол ұйымдары мектеп реформасын жүзеге асыруда, пионер ұйымдарының жұмысын жақсартуда жеткілікті дәрежеде белсенділік көрсетпейді. Селолық мектептерді бітірушілердің үштен екі бөлігі әртүрлі себептермен туып-өскен жерлерін тастап, басқа жаққа кетеді.

Жастардың едәуір бөлігінің жұмыстан және оқудан қолы бос кезде клубтан, кітапханадан немесе физкультуралық қозғалыстан тыс қалатындығын қалыпты жағдай деп қарауға болмайды. Партия органдары тарапынан комсомол өзіне әкелік қамқорлық күтетінін айта келіп, Д. А. Қонаев былай деді: бұл қамқорлық комсомол комитеттерінде партиялық ұйытқыны нығайту және оның ролін арттыру, жарысты өрістету, еңбек қорғауды, жұмыс, оқу, тұрмыс, демалыс жағдайларын жақсарту, жігіттер мен қыздардың пайдалы бастамаларына қолдау көрсету арқылы көрініс табуы қажет.

Жастар тәрбиесі — қазіргі кезеңде, болашақ үшін де орасан зор маңызы бар жалпы партиялық, жалпы мемлекеттік іс.

Біздің жастар арасындағы жұмысымыз бүгін де, ертең де аға ұрпақтардың тәжірибесін игеріп, оны өз жеңістерімен байытып, ел тағдыры үшін, социализм мен бейбітшілік тағдыры үшін тарихи жауапкершілік биігінен көріне алатын партия резервін тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Қазіргі жағдайда КПСС Орталық Комитеті мәселені осылай қойып отыр.

Міне сондықтан да әрбір партия ұйымы, әрбір коммунист, шаруашылық басшылары, соғыс пен еңбек ардагерлері комсомолға, коммунистік құрылыста оның ролін одан әрі арттыруға күнделікті қамқорлық жасауды өздерінің тікелей парызы деп санауға тиіс.

Біздің жеткіншек ізбасарларымыз ғылыми-техникалық прогресті дамытудың, өнеркәсіпті, құрылысты, аграрлық-өнеркәсіптік комплексті, халық шаруашылығының басқа да салаларын интенсивтендірудің түбегейлі проблемаларын шешуге тікелей қатысатын болуға тиіс.

Д. А. Қонаев партияның сынған өткен басшылығымен комсомол ұйымдары республиканың жан-жақты дамуына сүбелі жаңа үлес қосатынына сенім білдіре келіп, алда тұрған кезекті міндеттерге тоқталды. Қазір, деді ол, бүкіл еліміздегі секілді Қазақстанның партия ұйымдарында, еңбек коллективтерінде КПСС Программасы жаңа редакциясының, партия Уставына енгізілетін өзгерістердің, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986 — 1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының Орталық Комитеттің 1985 жылғы октябрь Пленумы мақұлдаған жобалары кеңінен талқылануда.

Бұл жобаларда қазіргі заманның басты тенденцияларын ескере отырып, партия еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің кең көлемді концепциясын, ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да программалық мақсаттарға жету жөніндегі аса маңызды қағидаларды ұсынды.

Өтіп жатқан партия жиналыстары мен жұмысшы жиналыстарында, аудандық, қалалық партия конференцияларында атқарылған жұмыстың қорытындылары шығарылуда, кемшіліктер ашып көрсетілуде, оларды жою, алға қойылған міндеттерге жету шаралары белгіленуде.

Республиканың коммунистері, барлық еңбекшілері, Ленин партиясы мен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын, съезд қарсаңындағы документтерді, Женевада болған кеңіссөздегі совет делегациясының жемісті қызметін, СССР Жоғарғы Советі сессиясының қорытынды материалдарын, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев жолдастың сондағы баяндамасын түгелімен толық қолдап, мақұлдауда.

Қазақстан партия ұйымы партияның XXVI съезінің шешімдерін орындай отырып, өзінің нақты іс-қимылын Орталық Комитеттің 1985 жылғы апрель Пленумының принципті тұжырымдарымен, одан кейінгі нұсқауларымен салыстыра отырып, еңбекшілерді халық шаруашылық жоспарларын орындауға жұмылдыру жөнінде зор ұйымдастырушылық және саяси жұмыс жүргізді.

Он бірінші бесжылдық, деп атап көрсетті шешен, экономиканы дамытуда, өндірістік потенциалды еселей түсуде, еңбекшілердің әл-ауқатын арттыруда республика үшін жаңа бір биік белес болды.

Республика Жоғарғы Советінің кезекті сессиясында бесжылдықтың алғашқы қорытындылары шығарылады, 1986

Digitized by Google

жылға арналған Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының Мемлекеттік жоспары мен Қазақ ССР-інің Мемлекеттік бюджетінің жобалары қаралады. Олар он екінші бесжылдықтың ұлан-ғайыр программасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Келесі жылға белгіленген жоспар және бюджет көрсеткіштері партияның экономиканы интенсивтендіру, халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі стратегиялық бағытына сай келеді және еліміздің біртұтас халық шаруашылық комплексінде Қазақстанның одан әрі жан-жақты дами түсетінін көрсетеді.

Он екінші бесжылдықтың беташар жылының жоспары қауырт, бірақ орындауға болатын жоспар. Республика алдында өнеркәсіп өнімін өндіруді үстіміздегі жылмен салыстырғанда 4,2 процент ұлғайту міндеті тұр.

Д. А. Қонаевтың сөзінде былай деп атап өтілді: 1986 жыл жоспарының әрбір он күн сайын, әрбір ай сайын, әрбір тоқсан сайын орындалуын қамтамасыз ету үшін социалистік жарысты мықтап өрістету, жоспар тәртібін нығайту, артта қалушы учаскелерді ілгері тарту, жұмыстың ырғақтылығын арттыру, қоғамдық өндіріске тән резервтерді неғұрлым толық өрістетіп, жете пайдалану қажет. Биылғы шаруашылық жылды ойдағыдай аяқтап, жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап тиімді жұмыс істеуге қолайлы жағдай туғызу үшін мүмкін нәрсенің бәрін істеу керек.

КПСС Орталық Комитетінің талаптарына сәйкес қазір кемшіліктерді жігерлене жою, он екінші бесжылдықтың алғашқы күндерінен қарқынды үдетіп, серпінді және нәтижелі жұмыс істеу үшін берік негіз қалау қажет.

Өнеркәсіп өндірісінде жылдық жоспарды ойдағыдай жүзеге асыру үшін әрқім өзін бірінші тоқсанның программасын барлық көрсеткіштер бойынша екі күн бұрын орындауға бейімдеуі керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы осындай міндет қойып отыр және бұл міндет орындалуға тиіс.

Әңгіме біздің дамуымыздың осынау жауапты, бетбұрыс кезеңінде артта қалушылықтың салқынын жаңа бесжылдыққа қарай сүйрелеуге ешкімнің хақысы жоқ екені жайында болып отыр. Өмірдің өзі, өзгерістер мезгілі жұмысты нашар істеуге жол бермейді. Біз барлық жерде, барлық дәрежеде берекесіздіктен, мүдірістен, тәртіп бұзушылықтан, формализмнен батыл арылуға міндеттіміз. Кейбір облыстардың, министрліктер мен ведомстволардың, сондай-ақ өнеркәсіп, құрылыс, транспорт аграрлық-өнеркәсіптік комплекс және басқа салалар кәсіпорындарының мемлекеттік жоспарлар мен тапсырмаларды орындамауы сияқты құбылыстардан арылу керек.

Қазіргі жағдайда іске қосылған қуаттарды, шаруашылық жүргізудің жаңа әдістерінің артықшылықтарын пайдалануға және экономикалық эксперимент жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорындардың қайтарымын арттыруға, жоспарды барлық техника-экономикалық көрсеткіштер бойынша орындауға қойылатын талаптардың арта түскені атап көрсетілді.

Ауыл шаруашылық өндірісінде —қысқы агротехникалық шаралардың бүкіл комплексін жүргізудің қарқынын арттыру, үстіміздегі жылы мал шаруашылығы өнімдерін сатып алу жоспарын орындау, қоғамдық мал қыстатуды ойдағыдай өткізу, келесі жылы егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің жоспарланған мөлшерде өсуін, сапасы жақсы болуын қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Күрделі құрылыс мәселелері және ең алдымен іске қосылатын объектілерді, тұрғын үйлерді пайдалануға беру бұрынғысынша партия комитеттерінің, министрліктер мен ведомстволар басшыларының күнделікті қамқорлық жасап отыратын ісі болуға тиіс екені атап өтілді.

Халық шаруашылығының энергиямен сенімді түрде жабдықталуын қамтамасыз етуге, кәсіпорындардың, транспорттың барлық түрінің қысқы кезеңде тұрақты жұмыс істеуіне, деп атап көрсетті шешен, басшылықтың барлық дәрежесінде ерекше мұқият назар аударылуға тиіс. Мемлекеттік және кооперативтік сауданың, коммуналдық қызметтің, тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмысын жақсартқан жөн.

Алда тұрған міндеттердің ойдағыдай шешілуі партия, совет, кәсіподақ, комсомол, шаруашылық органдары мен еңбек коллективтерінің тәртіпті, ұйымшылдық пен реттілікті қаншалықты нығайта алатынына, үнем мен ұқыптылық тәртібін барлық жерде енгізіп, ресурстарды үнемдейтін прогресті технологияны қаншалықты пайдалана алатынына байланысты болмақ.

Бұдан кейін Д. А. Қонаев өткен есеп беру-сайлау жиналыстары, конференциялар партия қатарының топтасқандығын, партия мен халықтың ажырамас бірлігін көрсеткенін атап өтті. Олар ішкі партиялық өмірді жандандыруға, партияның төменгі буындарының жұмысын жақсартуға, олардың айбындылығын, коммунистердің өндірістегі және қоғамдық өмірдегі авангардтық ролін арттыруға жәрдемдесті.

Сайланып қойылатын партия жұмысына ең күрделі міндеттерді жігерлі түрде және білгірлікпен шеше алатын жастар келді.

Өкінішке қарай, өткен кейбір жиналыстарда, конференцияларда іске терең талдау жасау, ашық және принципті сын орнына кемшіліктерді бұркемелеуге, өткір мәселелерді жұмсартып көрсетуге тырысушылық байқалды. Мұндай фактілер Семей облысының жекелеген

Digitized by Google

аудандық партия конференцияларында орын алды.

Басшы кадрлардың, әсіресе шаруашылық кадрларының бәрі бірдей партия алға қойған жаңа көзқарастар мен талаптар рухында бағдарланбай отыр. Алматы, Орал, Қарағанды, Талдықорған облыстарының кейбір аудандық партия конференцияларында жұмыстағы олқылықтар үшін кадрларға қатаң талап қойылған жоқ. Істің шын жайын бұрмалап көрсететін информация фактілеріне, сондай-ақ тоғышарлық өсек-аяңдарға, қауесеттерге, домалақ арыздарға барлық жерде бірдей тиісті партиялық баға беріле бермейді.

Қазір, біздің партия экономиканы барынша интенсивтендіру жоспарын жүзеге асыруға кірісіп, таяудағы мақсаттар мен шынайы перспективаларды айқын белгілеп берген уақытта, республиканың партия ұйымы тәртіпті, кадрларға қойылатын талапты арттыруға, олардың бойында жеке жауапкершілік, қол жеткенге тоқмейілсімеу сезімін тәрбиелеуге бірінші кезекте ерекше назар аударуға тиіс. Партиялық мораль нормаларынан ауытқуға жол берген, басшылықты, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етпеген қызметкерлерге қойылатын талапты бәсеңсітуге болмайды.

Адам факторын жандандыру қажеттігі жайында айта келіп, шешен осыған байланысты идеологиялық жұмыс, бұқаралық информация құралдарының қызметі съезд қарсаңындағы аса маңызды документтердің, партия саясатының ішкі және халықаралық мәселелері жөніндегі М. С. Горбачев жолдастың баяндамалары мен сөздерінің, СССР Жоғарғы Советі сессиясы материалдарының, Женевада өткізілген жоғары дәрежелі совет-американ кездесуі қорытындыларының мазмұны мен мәнін кеңінен насихаттауға бағытталуға тиіс екенін атап көрсетті. Әрбір коммунист, әрбір совет адамы елде болып жатқан өзгерістердің маңызын терең түсінетін, партияның программалық мақсаттарын жақсы білетін, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды жаңашылдықпен бағалап, шешетін болуына күш салу керек.

Сөзінің соңында Д. А. Қонаев былай деді: қазір КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне тікелей әзірліктің жауапты кезеңі келген кезде, республиканың партия ұйымы бұқараны үстіміздегі жылды ойдағыдай аяқтауға жұмылдыру, он екінші бесжылдықты екпінді еңбекпен бастап, алға қарай қарышты да жедел қадам басу үшін жақсы негіз жасау жөніндегі өзінің күш-жігерін еселеп арттыруға тиіс.

Digitized by Google

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТА

Еліміз он екінші бесжылдыққа халық бұқарасының партияның XXVII съезіне әзірлігінен, олардың КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель және октябрь Пленумдарының шешімдерін, партияның лениндік ішкі және сыртқы саяси бағытын белсене қолдауынан туындаған жоғары саяси және еңбек өрлеуі жағдайында қадам басты. Алдағы бесжылдықтың бүкіл совет халқы өміріндегі маңызы орасан зор. Мүдделі талқылау барлық партия ұйымдарында, еңбек коллективтерінде аяқталып келе жатқан КПСС Программасы жаңа редакциясының, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобаларында партияның, Совет мемлекетінің, бүкіл халықтың стратегиялық жұмыс бағыттары баяндалған. «Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің және осының негізінде — совет қоғамының сапалық жаңа жағдайына жету—істің түйіні осында», — деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумында.

Басталған бесжылдықта экономиканы интенсивтендіру арнасына ауыстырудың негізі қалануға тиіс. Он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясында қоғамымыздың алға қарай ілгерілеуінің жауапты межелері белгіленді. Экономика саласындағы міндеттер жаңашылдық мазмұнға толы. Оларды ұйымдық, шаруашылық және саяси-тәрбие қызметінің ажырағысыз бірлігінде ғана шешуге болады. Бесжылдықтың алғашқы күндерінен бастап-ақ әрбір еңбек коллективінің, әрбір совет адамының нақты істері, мақсатты күш-жігері қажет. В. И. Ленинның жоспар жасалғаннан кейін, ең бастысы — бұл «...дереу іске кірісу үшін бұқараның жарысын да, талапкерлігін де туғыза білу керек» деген нұсқауын басшылыққа алу қажет.

Идеология майданының жауынгерлері алдында атқарылар жұмыстың жауапкершілігін адамдардың санасына жеткізу және терең түсіндіру, әр жұмыс орнында жоғары нәтижелерге жету жолындағы пәрменді социалистік жарысты ұйымдастыруға қатысу міндеті тұр. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының қондырмасы мынаған міндеттейді: «Өнеркәсіп өндірісінде жылдық жоспарды ойдағыдай жүзеге асыру үшін әркім өзін бірінші тоқсанның программасын барлық көрсеткіштер бойынша екі күн бұрын орындауға бейімдеуі керек».

Шаруашылықты жүргізудің интенсивті әдістеріне практика жүзінде ауысу жеке адамның творчестволық белсенділігін тәрбиелеуге жаңа тұрғыдан келуді талап етеді. Үстіміздегі жылы, мысалы, ұлттық табыс өсімінің 97 процентін еңбек өнімділігін арттыру есебінен алу қарастырылған. Осы міндеттерді жүзеге асыру ең алдымен еңбек коллективтеріне байланысты. Сондықтан да ауызша саяси үгіт активистерінің бірінші кезекті парызы — өз жұмысын төменгі буындарда шоғырландыру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде, техника мен технологиядағы түбегейлі өзгерістерді, экономикалық және әлеуметтік факторларды жұмылдыру негізінде еңбек өнімділігін арттыру жолдарын іздестіруде инициаторлар болу.

Әрбір кәсіпорында осы факторлар нақты мазмұнға толы. Мысалы, Қазақ газ өңдеу заводында үгіт коллективі өз назарын әрбір өндірісшінің жаңа техниканы игеруіне аударуда. Мұнда кәсіптік шеберлікті арттыру мәселелері әңгімелердің негізгі арқауына айналды. Үгітшілер кәсіпорында мамандар тобымен творчестволық шартты бірінші болып жасаған К. Аманжоловтың озық бригадасының тәжірибесіне сүйене отырып, барлық учаскелерде жаңа технологияны қысқа мерзімде игеруге көмектесті. Өткен бесжылдық жылдарында еңбек өнімділігінің өсімі 24 процент болды, завод жобалық қуатқа жетті.

Үстіміздегі жылы және жаңа бесжылдықта халық шаруашылығының даму қарқынын арттырудың принципті маңызды белгісі олардың шикізат, отын-энергетика және еңбек ресурстарын аз жұмсау арқылы қамтамасыз етілуінде болып табылады. Мұның өзі үнем мен ұқыптылық, халық қаржысын шебер жұмсау, әр сомды ұтымды пайдалану, қырсыздықты жою мәселелері жаңа мазмұнға ие болуға тиіс екенін көрсетеді. Ауызша саяси үгіт активистері ең қатаң үнем жағдайындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жаңа формаларын іздестіруге жаңаша қарағаны жөн.

Бұған Ақтөбе облысы Донской кен-байыту комбинатындағы творчестволық ізденіс мысал бола алады. Мұнда мыңдаған жұмысшылар, мамандар «Ең ұқыпты» жүлдесін алу жолындағы жарысқа белсене қатысуда, комбинатта бесжылдықта біржарым миллион сомға жуық қаржы үнемделді. Комбинатта жеңімпаздарды салтанатты жағдайда атайды, бүкіл коллективті олардың еңбек тәсілдерімен кеңінен таныстырады.

Өткен бесжылдықтың қорытындылаушы жылында кеңінен өріс алған ұқыптылар қозғалысын алдағы уақытта да нығайту маңызды. Қазақстанда 3 мыңнан астам озық кәсіпорын мен ұйым, 700 мыңнан астам еңбек коллективі жылына екі және одан да көп күн үнемделген шикізатпен, материалдармен және отынмен жұмыс істеу жөніндегі патриоттық бастама көтерді. Осы баста-

Digitized by Google

маның кеңінен таралуы, идеологиялық жағынан қамтамасыз етілуі арқасында республикамызда ресурстарды үнемдеп жұмсау есебінен миллиондаған сомның өнімі өндірілді. Осы маңызды бағытта әсіресе Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, Жамбыл суперфосфат заводының, Алматы мақта-мата комбинатының ауызша саяси үгіт активистері мақсатты жұмыс істеді, олар өз кәсіпорындарының еңбекшілерін қабылданған міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыра білді.

Партияның ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге арналған бағыты еңбекшілердің жалпы және кәсіптік білім алуына барған сайын жоғары талаптар қоюда, әрбір жұмысшы мен маман тарапынан іске творчестволық қарым-қатынасты, инженер-техник, ғылыми қызметкерлердің қайтарымын арттыруды талап етеді. Журналдың осы санында Алматы қаласы мен Алматы облысының бірқатар кәсіпорындары мен шаруашылықтарында шебер жүргізілген бұқаралық-саяси жұмыстың қандай нәтижелер әкелетіні жайында әңгімеленеді. Ауызша саяси үгіт активистерінің назары өндірістің түйінді мәселелеріне, еңбек коллективтері мен мамандарының творчестволық ынтымақтастығын нығайтуға, еңбекті ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізуге аударылған жерде алға қойылған міндеттерді табысты шешуге ықпал ететін жағдай жасалады. Қазір КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мақұлдаған АвтоВАЗ коллективінің біздің республиканың да ондаған озық коллективтері қостаған ғылыми-техникалық прогрестің жоғары жетістігіне бағытталған инициативасын тарату ерекше актуальды бола түсуде.

Бұл орайда жастар тәлімгерлері көп нәрсе атқара алады. Он екінші бесжылдық мыңдаған жас жұмысшылар, колхозшылар, мамандар үшін олардың еңбек өмірбаянын бастап береді. Жастардың инициативасын дамыту, олардың күш-жігерін еліміз алдында тұрған міндеттер арнасына бағыттау — тәлімгерлердің парызы және құрметті міндеті. Мұнда жарыстың алғы шебіндегілер — СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаттары, партия және еңбек ардагерлері бірінші болып үлгі көрсетуге міндетті. Кезінде нақ жастар ортасында пайда болған стахановтық дәстүрлерді дамыту және еселей түсу қажет. «...жігіттер мен қыздардың жаңалық, озат атаулыға, өздерінің білімін арттыруға, рационализаторлық пен өнертапқыштыққа, ғылыми-техникалық жаңалықтарды игеруге құштарлығын көтермелеп отыру керек», — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев республика Компартиясы Орталық Комитетінің XIX пленумында.

Бүгінде совет адамдары ұмтылған жасампаздық асулары орасан зор. Коммунистік құрылыстың әрбір саласында, әрбір учаскесінде күрделі де жауапты міндеттер шешілуде. Он екінші бесжылдықта машина жасау өнеркәсібіне шешуші роль жүктеледі, станок жасау, прибор жасау, есептеу техникасының құралдары, металлургия, өндіруші салалар одан әрі дами түсуде. Халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасы адамдарға деген қамқорлыққа толы. Бүгінде жұмыста екінші кезектегі учаскелер жоқ.

Селода жұмыс істейтін идеология майданының активистері жауапты роль атқарады. Целиноград қаласында өткен партия-шаруашылық активінің кеңесінде қойылған ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіруді жеделдету жөніндегі міндеттер селоның әрбір еңбеккерін еліміздің астыққа, етке, сүтке және басқа да өнімдерге деген сұранымын толық қанағаттандыруға жұмылдыру жөніндегі мақсатты жұмысқа міндеттейді. Адамдарды жердің иесімін деп сезіну, астық тағдыры үшін жауапкершілікке тәрбиелеу, ауыл шаруашылығы өндірісінің барлық учаскелерінде қайтарымды арттыру — үгітшілер мен саяси хабаршылардың бірінші кезекті парызы.

Үгіт-бұқаралық жұмыстың барлық құралдары КПСС-тің жемісті сыртқы саяси қызметін, әрбір адамның Отанымыздың экономикалық және қорғаныс қуатын арттырудағы жауапкершілігін иланымды түрде түсіндіруге бағытталуы тиіс.

КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында: «Партия адамды тәрбиелеу халық игілігі жолындағы жасампаздық еңбекке, қоғамдық өмірге, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылыс міндеттерін шешуге оның іс жүзінде қатысуынан айырғысыз екенін негізге алады» делінген. Қазақстандықтар жаңа бесжылдықта КПСС XXVII съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, жұмыс істейтін, оқитын және өмір сүретін болады. Алда үлкен де жауапты жұмыс, жаңа биік асулар тұр. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев СССР Жоғарғы Советінің сессиясында жасаған баяндамасында: «Біз белгіленген жолдың басында тұрмыз — бұл күрделі, қиын жол, өмір алға қойып отырған міндеттерге творчестволық көзқарасты мақсаткерлікпен, жоғары тәртіппен, жанқиярлықпен ұштастыруды талап ететін жол», — деп атап көрсетті. Сондықтан бесжылдықтың алғашқы жылының өзінде тұтас бесжылдықтың жатық еңбек ырғағы бастау алуға тиіс.

Digitized by Google



ТАБЫС НЕГІЗІ

А. РАСУЛОВА,
Торғай облысы Октябрь ауданы «Октябрь» совхозының шошқа өсірушісі, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, 1985 жылғы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, үгітші

Біз, малшылар, фермаға келе жатқан кезде аспанда әлі де жұлдыздар жымыңдап, село ұйқы құшағында жатады. Бүгінде, әрине, біздің жұмысымызда көп нәрсе өзгерді: шаруашылықта осы заманғы шошқа шаруашылығы комплексі құрылды, онда еңбекті көп қажет ететін процестердің бәрі механикаландырылды. Дегенмен малдарға күтім жасау, бұрынғыша үлкен қайтарымды талап етеді.

Менің совхоздың товарлы шошқа фермасында жұмыс істегеніме он сегіз жыл болды. Жұмысты 32 мегежін тобынан бастағаным есімде, ал қазір екі жүзден астамын күтемін. Өткен жылы олардан 2100-ге жуық торай алдым. Ал барлығы он бірінші бесжылдықта мен 10 мыңнан астам торайды өсіріп-жетілдіруге тапсырдым, мұның өзі жоспардағыдан 4 мың және міндеттемедегіден 3,5 мың көп. Жеке бесжылдық тапсырмамды 3 жыл 4 айда орындап шықтым.

Осындай көрсеткіштерге жету, шынымды айтсам, тіпті де оңай емес. Бірақ бұл менің ғана табысым емес, бүкіл ферма коллективінің, зоотехникалық және мал дәрігерлік қызметтің жатық, жанқиярлық, творчестволық еңбегінің нәтижесі. Совхозда шошқа шаруашылығы саласы үздіксіз дамуда. Осыдан алты жыл бұрын біз облыста алғашқылардың бірі болып жүзге жуық станок-орын орнатып, мал төлдету орындарында малдың әр кезеңде төлдеуін енгіздік. Төрт жұмысшы әйелдің орнына мен тұтас мегежіндер тобын күтімге алдым. Егер бұрын өз тобымнан 500 торайдан асырмай алсам, енді кемінде біржарым мыңын аламын. Басқа да озат шошқа өсірушілер — өзім жарысатын Мария Петровна Цехмистро, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Надежда Леонидовна Исаншина, Мария Дмитриевна Вашурина, Федор Степанович Федотов та көп төл алуға, малдың көп салмақ қосуына қол жеткізді.

Осы заманғы шошқа шаруашылығы комплексі мен жаңа жемшөп цехы іске қосылғаннан кейін еңбегіміз едәуір жеңілдеді. Өзіміз үнемі жаңартып отыратын асыл тұқымды мал тобы жақсарды. Мал дәрігерлік қызмет соңғы уақытта профилактикалық байқауларды график бойынша қатаң жүргізеді. Сөйтіп, фермада табынның аман сақталуын және жаңарып отыруын қамтамасыз ететін өзіндік технологиялық цикл қалыптасты.

Өткен жыл мен тұтас бесжылдықты табысты аяқтағаң біздің товарлы шошқа фермамыздың коллективі енді жаңа, он екінші бесжылдыққа сенімді қадам басты. Біз алғашқы күндерден бастап-ақ бұрынғыдан да өнімдірек және уақыттан оза еңбек етуге, КПСС XXVII съезі ашылатын күнге дейін екі айдың жоспарын орындауға берік ұйғарым жасадық. Бұл біздің партия форумына арнаған еңбек тартуымыз болмақ. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің кең программасы, адамдардың тұрмыс дәрежесін айрықша жақсарту көзделген съезд қарсаңындағы документтер совхоз малшыларының бәрінде күш-жігер мен белсенділіктің үлкен тасқынын туғызуда. Оларды әріптес жолдастарыма түсіндіре отырып, мен үгітші ретінде партияның ұлан-ғайыр жоспарларын жүзеге асыру, ең алдымен, төменгі еңбек коллективтеріне, біздің әрқайсымыздың саналы, екпінді еңбегімізге байланысты екені айтылған жолдарға ерекше көңіл аударамын.

Бұл неғұрлым нақты түрде неден көрінеді? Мысалы, біздің осы заманғы шошқа шаруашылығы комплексімізде тезірек іске қосуды қажет ететін пайдаланылмаған резервтер әлі де аз емес. Бірқатар желілер мен механизмдер ауыстыруды және қайта құруды қажет етеді. Коллективте шаруашылық есеп пен мердігерлікті енгізу қажет. Социалистік жарысты ұйымдастыруды да

Digitized by Google

жетілдіру керек. Кейде ай, тоқсан, тіпті жылдың өзі аяқталып қалады, ал біз көпке дейін қалай жұмыс істегенімізді, өнімнің өзіндік құнын кемітуге қаншалықты қол жеткізгенімізді, жемшөпті артық жұмсаған-жұмсамағанымызды білмейміз. Ал жарыс экрандары көбіне дер кезінде толтырылмайды, оның өзінде ұқыпсыздыққа жол беріледі.

Немесе мынадай болмашы көрінетін фактіні алайық. Семинарларға, депутат ретінде аудандық Совет сессиясына баратын кезімде мені әдетте ерім алмастырады... Ендеше көптеген жерлерде қолданылатын және малшылардың қалыпты еңбегі мен демалысына сенімді кепілдік беретін жылжымалы графикті неге біздің фермада да орнықтыруға болмайды?

Жоғарыда аталған мәселелердің бәрін шешу айтарлықтай қаржы жұмсауды талап етпейді және ол ең алдымен біздің өзімізге, ферма басшыларының инициативасы мен тындырымдылығына байланысты. Мұның пайдасы да сөзсіз үлкен болуға тиіс.

Бізде аудан және облыс ауқымында шешілуге тиісті анағұрлым маңызды проблемалар да баршылық. Мысалы, шаруашылықта жемшөп базасы әлі күнге дейін нашар. Ол көп жағдайда ауа райына тәуелді. Жауын-шашын болса, егін де болады. Бірақ ол жылмажыл қайталана бермейді ғой. Сондықтан да төлдерге аса қажетті белокты дақылдар өсіруге болатын суармалы жерлерде ғана өзіміздің тұрақты жемшөп қорымызды жасай аламыз. Әзірше мал азығы бізге негізінен Челгашинск құрама жем заводынан әкелінеді. Әдетте оның сапасы төмен болады. Біздің жемшөп дайындаушыларымыз сырттан келетін ағын суларды жинау үшін бөгет жасап, бірқатар учаскелерді өз күштерімен суландыруды қолға алған еді, бірақ өткен көктемде бөгетті шайып кетті. Сірә, бұл мәселені су шаруашылығы ұйымдарынсыз шешу мүмкін емес сияқты.

Бүгінде селолық құрылыс сапасы жақсартуды талап етеді. «Октябрь» совхозының орталық усадьбасы — Целинный поселкесінде ол аз салынбайды, бірақ маңызды жағы —коммуналды қызмет көрсету ұмыт қалады. Көптеген үйлер орталықтан жылытылмайды, су құбыры жоқ. Сондай-ақ пәтерлерді жоспарлау, олардың сыртқы әрленуі, көшелерді көріктендіру жақсартуды талап етеді. Жергілікті жерлерде тұрмыстық қызмет көрсету аясын кеңейту жөнінде де қамқорлық жасаған жөн. Жалпы, атқарылар істер экономика саласындағы сияқты әлеуметтік-мәдени бағытта да баршылық.

Өткен жылдың соңында менің өмірімде қуанышты оқиға болды. Әріптес жолдастарым, жерлестерім мені Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алуымен қызу құттықтады. Мен бұл сыйлықты шаруашылықтың барлық малшыларына берілген награда деп есептеймін. Партия мен үкіметтің қарапайым еңбеккерлер туралы қамқорлығы бізді онекінші бесжылдықта жаңа жасампаздық істерге жігерлендіреді

Ұқыпты бол!

Судың

1

текше метр үнемі
электр энергиясының

1

киловатт-сағатын үнемдейді.
Өнеркәсіпте өндірілетін өнімнің

әр тоннасына тұтынылатын суды

1

текше метрге қысқарту
жылына

3

миллиард киловатт-сағат
электр энергиясы
үнемін қамтамасыз етеді

Digitized by Google

ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ—

Осыдан 15 жыл бұрын құрылған Торғай облысы бүгінде республиканың ірі аграрлық және өнеркәсіптік аймағы болып табылады. Мұнда бағалы боксит рудасы өндіріледі, еліміздің көптеген жерлеріне жеткізілетін халық тұтынатын ондаған әртүрлі товарлар шығарылады. Село еңбеккерлері жыл сайын мемлекетке көп мөлшерде жоғары сапалы бидай, ет, сүт, жүн мен жұмыртқа тапсырады. Облыста тың игеру жылдары ішінде үш қала, ондаған осы заманғы поселкелер мен селолар бой көтерді.

Торғайлықтар жаңа он екінші бесжылдыққа жақсы дайындықпен кірісті. Өнеркәсіп орындары өткен бесжылдықтың товарлы өнім өндіру жөніндегі жоспарын мерзімінен бұрын аяқтады. Өткен жылдың өзінде ғана 2 миллион сомға жуық өнім тапсырмадан тыс шығарылды.

Мемлекетке сүт сату жөніндегі бесжылдық жоспар екі жарым ай бұрын, ал өткен жылдың жоспары екі ай бұрын орындалды. Бесжылдық ішінде ет пен жүн өткізу де елеулі түрде ұлғайды. Бидайдың қатты және күшті сорттарын өндірудің нәтижесінде облыстың көптеген шаруашылықтары өткен жылды үлкен пайдамен аяқтады.

Съезд қарсаңындағы документтермен жігерленген Торғай еңбеккерлері еліміздің және республикамыздың жоғары партия форумдарын жаңа еңбек тартуларымен қарсы алуға берік бел байлап отыр. Облыста КПСС XXVII съезі ашылатын күнге дейін екі айдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау, әрбір жұмыс орнында жоғары қайтарым алу жолындағы социалистік жарыс күннен-күнге өрістеуде. Мұнда мал қыстату табысты өтуде, оған өткен маусымда жасалған берік жемшөп қоры мүмкіндік жасауда. Озық өнеркәсіп орындарында еңбек өнімділігін арттыру, өндірісті қайта жарақтандыру және қайта құру, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін жедел енгізу, жұмыс орындарын аттестациялау жөніндегі жұмыстар күшейді. Күрделі құрылыста да елеулі сапалық ілгерілеушілік бар. Жарияланып отырған материалдар топтамасы міне, осылар жөнінде әңгімелейді.

КЕНШІЛЕР ҚАРҚЫНЫ

Торғай боксит рудасы басқармасының өнімі елімізге кеңінен танымал. Урал мен Қазақстанның барлық металлургия заводтары дерлік отқа төзімді балшықты пайдаланады, ал боксит СССР-дің 20-дан астам глинозем кәсіпорындарына беріледі. Торғай рудасы Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше бірқатар елдерге де жіберіледі.

Жаңа техниканы енгізу және еңбекті ұйымдастыру формаларын жетілдіру есебінен, ал мұнда бригадалардың бәрі бірыңғай наряд бойынша жұмыс істейді, боксит рудасын өндіру жыл сайын өсуде. Кеншілер он бірінші бесжылдықтың боксит өндіру және товарлы өнім өткізу жөніндегі тапсырмасын мерзімінен бір ай бұрын аяқтады. Мұнда жоғары қарқын жаңа жылда да сақталуда: коллектив екі айдың жоспарын жоғары партия форумы ашылатын күнге дейін орындауды ұйғарды.

Бүгінде Северный руднигінде Н. Захаров пен С. Олжаев басқаратын адымдағыш экскаваторлар бригадалары, Нижне-Ашутск руднигінде В. Пономарев басқаратын адымдағыш экскаваторлар экипажы, Арқалық руднигіндегі В. Ерохин басқаратын ЭКТ экскаваторының экипажы, социалистік жарыстың көш басында келеді. Ұсақтау-сұрыптау фабрикасында З. Дощанов басқаратын бригада графиктен оза еңбек етуде. Аталған озаттар үлгісімен жүздеген кеншілер сменалық нормаларын асыра орындауда.

СҮТ САУУ МОЛАЮДА

Торғай совхоз-техникумының малшылары мал қыстатуды табысты өткізуде. Мұнда фермалардың бәрінде берік жемшөп қоры жасалған, жемшөп цехтары жұмыс істейді. Қатты аяздарға қарамастан, машинамен сауудың тәжірибелі операторлары Т. Сатылбаева, А. Цыкунова, В. Мишукова, В. Хитяева және басқалар әр сауын сиырдан тәулігіне орта есеппен 8—10 литрден сүт алуда. Шаруашылық сүт тапсыру жөніндегі өткен жылдың жоспарын сентябрьдің өзінде-ақ орындап, 1 январьға дейін дайындау пункттеріне жоспардан тыс 500 тоннаға жуық өнім жеткізді.

Сондай-ақ Арқалық тәжірибе станциясы, «Ангарский», «Сарыөзен», «Рентабельный», Қошевой атындағы, «Қима», Совет Армиясының 60 жылдығы атындағы және басқа көптеген шаруашылықтардың ферма еңбеккерлері сүт сату жөніндегі өткен жылдың және тұтас бесжылдықтың тапсырмаларын едәуір асыра орындады.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА



Облыс өнеркәсібінің көш бастаушысы — Торғай боксит руда басқармасының коллективі КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін үздік еңбек көрсеткіштерімен қарсы алуда.

Суретте: экскаватордың озық экипажы (солдан оңға қарай) машинист көмекшісі Ю. Новиков, машинист К. Оспанов, электр слесарь А. Молдабаев.

ҚазТАГ-тың суреті.

ТОРАПТЫ ӘДІСПЕН

Жаңадала ауданы Ленин комсомолы атындағы совхоздың механизаторлары биылғы қыста техника жөндеуде торапты әдісті алғаш рет қолданды. Двигательдер мен жылдамдық қораптары мотор цехында қалпына келтірілуде. Шеберханада жанармай аппаратурасы, дәнекерлеу, мыс детальдарын қалпына келтіру цехтары жұмыс істейді. Мұнда мамандандыру нәтижесінде жөндеу сапасын арттыру және оның қарқынын жеделдету мүмкін болды. 1986 жылдың январына дейін комбайндардың жартысынан астамы, он шынжыр табанды трактор және үш «Кировец» өзірлік сапына қойылды. Механиктер И. Рякшин, Г. Дембицкий, Н. Галкин, электрмен дәнекерлеуші Б. Мұрсақаев, токарь В. Әубәкіров және басқалар техниканы қалпына келтіруде жоғары шеберлік, алғырлық пен тапқырлық көрсетуде.

ҰЙЫМШЫЛ СЕМЬЯ

Арқалық ауданы «Целинный» совхозының фермасында ерлі-зайыпты Сағди мен Ұлболған Жапаровтар 15 жылға жуық уақыттан бері бақташы болып еңбек етуде. Сағди адал еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Үздік еңбегі үшін» медалімен наградталды, талай рет «Аудан чемпионы» атағын жеңіп алды. Ерлі-зайыптылар он бірінші бесжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап, өздеріне бекітілген сиыр табынынан 585 бұзау алды. Әр жүз сиырдан жоспардағы 80 бұзаудың орнына 88 бұзау алынды.

Қазір Жапаровтар ірі қараны бордақылауда жоғары көрсеткіштерге жетуде. Бордақыдағы мал тәулігіне 730 грамнан салмақ қосуда, мұның өзі жоспардағыдан 80 грамм көп.

ЖАҢАШЫЛДАР ҮЛЕСІ

Торғайлық рационализаторлар мен өнертабысшылардың ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қосып келе жатқан үлесі жыл сайын өсіп келеді. Өткен бесжылдықта облыс халық шаруашылығының әртүрлі салаларында 11 миллион сомнан астам экономикалық тиімділік берген 4 мыңға жуық рационализаторлық ұсыныс пайдаланылды. Мұның өзі оныншы бесжылдықтағыдан 23 процент көп. Техникалық творчествоға бүгінде 6800-ден астам адам қатысуда.

Әсіресе, экономикалық тиімділігі 2 миллион сомнан асатын 733 ұсыныс енгізген Торғай боксит рудасы басқармасының жаңашылдары ерекше көзге түсті. Олардың арасында машинистер Д. Громов, В. Новоселов, инженерлер А. Бегаликов, С. Үсенов және басқалар бар.

Облыстың село еңбеккерлері үш мың рационализаторлық ұсыныс енгізді. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген рационализаторлары, Жаңадала ауданы Фурманов атындағы совхоздың бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Р. Гегамян, Торғай совхоз-техникумының токары А. Качур және басқа да жаңашылдар тынымсыз творчестволық ізденіс үстінде.

КОЛХОЗДАРДАҒЫ ЖАҢА ҚОНЫСТАР

«Тургайоблмежколхозстрой» трестінің коллективі өткен бесжылдықты екпінді аяқтады. 1985 жылдың он бір айы ішінде ғана колхоз құрылысшылары 7 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын орындады. Ондаған өндірістік және мәдени-тұрмыстық объектілер, 6 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. 100-ден астам семья жаңа қоныстарын тойлады.

Трестің барлық құрылыс бөлімшелері жақсы жұмыс істеді, әсіресе құрылыс-монтаж жұмыстарының жылдық жоспарларын мерзімінен бұрын орындаған № 42 Октябрь жылжымалы механикаландырылған колоннасы мен № 311 Жангелдин жылжымалы механикаландырылған колоннасының коллективтері ерекше көзге түсті.

Digitized by Google

ЕҢБЕКШІЛЕР БЕЛСЕНДІЛІГІ АРТУДА

Ж. КӘРІБАЕВ,
Қазақстан Компартиясы Жамбыл облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы октябрь Пленумының шешімдері, партия Программасы жаңа редакциясының, енгізілген өзгерістерімен КПСС Уставының, халық шаруашылығы дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобаларын талқылау Жамбыл облысы еңбекшілерінің еңбек және қоғамдық саяси белсенділігіне жаңа серпін берді.

Еңбек коллективтерінде, партия жиналыстарында және қалалық, аудандық есеп беру-сайлау конференцияларында съезд қарсаңындағы документтерді талқылау еңбекшілер бұқарасының еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге түбегейлі мүдделілігін көрсетті. Шаруашылық жүргізудің социалистік жүйесінің артықшылықтарын жақсырақ пайдалану, пайдаланылмаған резервтерді тезірек және толығырақ іске қосу жөнінде нақты, іскер әңгімелер жүруде.

Үгіт-насихат жұмысының барлық формалары мен құралдары съезд қарсаңындағы еңбек қарқынын арттыруға бағытталған. КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының материалдары бойынша облыстың еңбек коллективтерінде «Адам игілігі үшін, жер бетіндегі бейбітшілік үшін» деген тақырыпта бірыңғай саяси күн өткізілді. Облыс қалалары мен аудандарында съезд қарсаңындағы документтерді түсіндіру жөніндегі насихат топтары жұмыс істейді. Облыстық және аудандық газет беттерінде, жергілікті радио хабарларында оларды талқылау барысы кеңінен жария етілуде.

Облыстық партия комитетінің саяси баяндамашылары В. П. Андреев, В. В. Каньшин, А. Бекбосынов, Ж. Тәжібаев, Ш. Нүсіпова бірыңғай саяси күнде өздері болған еңбек коллективтерінің мүшелерімен КПСС Орталық Комитеті октябрь Пленумының материалдары бойынша ашық және мүдделі әңгіме өткізді. Облыстың басшы қызметкерлерінің еңбек коллективтерімен осындай кездесулері, партия саясатының актуальды мәселелері, өзекті өндіріс, мәдениет және тұрмыс проблемалары бойынша әңгімелер — бұқараның инициативасын дамытудың, санасын қалыптастырудың, оларды он екінші бесжылдықтың алғашқы күндерінен бастап табысты жұмысқа жұмылдырудың маңызды факторы.

Бұл күндері еңбек коллективтерінде ауызша саяси үгіт активистерінің жұмысы жандана түсті. Ең алдымен КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алу мәселелері барлық әңгімелердің өзегіне айналуда. Үгітшілер, саяси хабаршылар тыңдаушылардың назарын партияның программалық талаптарына, өндірісті одан әрі интенсивтендіру міндеттеріне аударады.

Мерке ауданының озық «Ойтал» совхозының үгітшісі Л. Сергеева өзінің жұмысшылар алдында сөйлеген сөзінде былай деді: «Шаруашылықтың қол жеткізген табыстарының бәрі — біздің еңбегіміздің нәтижелері. Алайда біз мұнан да толық қайтарыммен еңбек етуге тиіспіз. Партия бізді осыған жұмылдырады. Съезд қарсаңындағы документтер КПСС XXVII съезіне әзірлік кезінде және бүкіл он екінші бесжылдықта біз үшін іс-қимылға басшылық қызметін атқарады. Совхоз жұмысшылары партияның ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндірісті интенсивтендіру негізінде экономика тиімділігін арттыру жолындағы бағытын қызу қолдайды. Совхозымыздың еңбеккерлері мемлекетке ет тапсыру жөнінен он бірінші бесжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Жоспардағы 91,5 мың центнердің орнына 100 мың центнерге жуық ет тапсырылды. Ірі қара мал 416 килограмм, шошқа 114 килограмм салмақпен тапсырылды.

Мемлекеттік мүдделерді әрбір еңбек коллективінің және әрбір еңбеккердің мүдделерімен, шаруашылық қызметін, идеялық-тәрбие жұмысының жағдайын нақты талдаумен ұштастыру туралы жер-жерде мүдделі, өзекті әңгімелер өтуде. Съезд қарсаңындағы документтерді талқылаудың жоғары дәрежесі ұйымдық-саяси шаралармен нығайтылуда. Ауызша саяси үгіт кадрларының, партия комитеттері насихатшылары мен лекторларының аймақтық семинар-кеңестері өткізілді.

Барлық өндіріс учаскелерінде, әрбір жұмыс орнында партия мен мемлекеттің үнем мен ұқыптылықтың қатаң тәртібін енгізу жөніндегі саясатын насихаттау және түсіндіру съезд қарсаңындағы үгіт-бұқаралық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мысалы, Жамбылдың Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы мемлекеттік аймақтық электр станциясында үнемнің жеке есебі бойынша 351 жұмысшы еңбек етеді. Өткен жылдың бірінші жарты жылдығы ішінде ғана олардың есебіне 1437 тонна үнемделген шартты отын, 2,5 тонна тұз

Digitized by Google

және күкірт қышқылы, 4 тонна сілті және басқа да материалдар жазылды. Кәсіпорын рационализаторлары белсенділік көрсетуде. Мысалы, кәсіпорынның байырғы электр слесары, үгітші В. Б. Волчик жабдықтардың беріктігін арттыруға бағытталған оннан астам рационализаторлық ұсыныс енгізді.

Мәдениет мекемелерінің жұмысында съезд қарсаңындағы документтерді насихаттауға елеулі орын берілуде. Кітапханаларда өндіріс озаттарымен, атақты адамдармен, партия ардагерлерімен кездесулер өткізіледі, тақырыптық кітап көрмелері мен стендтер безендірілген. Мәдениет үйлері мен сарайларында жобаларды талқылауға байланысты әртүрлі тақырыптық шаралар, ауызша журналдар, дөңгелек стол басындағы кездесулер, информациялық конференциялар ұйымдастырылуда.

Барлық жерде қоғамдық-саяси оқулар өтті, кейін олар КПСС XXVII съезінің, Қазақстан Компартиясы XVI съезінің материалдарын оқып-үйренетін лекторийлер ретінде өз жұмыстарын жалғастырады.

Облыста үгіт пункттерінің жұмысын қайта құру аяқталды. Бүгінде 306 тұрақты үгіт пункті шын мәніндегі қоғамдық-саяси орталықтарға айналды. Олар жұмысты екі негізгі бағытта — тікелей еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша жүргізеді. Қазір үгіт пункттері партия және мемлекет документтерінің жобаларын тұрғылықты жер бойынша насихаттау жөніндегі негізгі жұмысты өздері атқара бастады. Көптеген үгіт пункттері, саяси информация клубтары информациялық орталықтар болып қайта құрылды.

Әсіресе олар бүгінде әзірше клубтары, мәдениет үйлері жоқ селолық жерлерде, сондай-ақ шопандар мен шалғайдағы мал шаруашылығында маңызды роль атқаруда.

Облыс еңбекшілерінің КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін жаңа табыстармен қарсы алу — екі ай ішінде жоспардан тыс 25 миллион сомның өнімін өндіру, 23 мың тонна шартты отын, 9,7 миллион киловатт-сағат электр энергиясын, 15 мың тонна шикізат және 2 миллионнан астам сомның материалын үнемдеу жөніндегі патриоттық инициативасы атқарылған бұқаралық-саяси жұмыстың нәтижесін айғақтайтын маңызды фактор а айналды.

Облыс соңғы жылдар ішінде мемлекетке астық сату жөніндегі жоспарды алғаш рет орындады, ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлерін өндіру жөніндегі жоспарлар да табысты орындалуда.

Өнеркәсіп орындарының, колхоздар мен совхоздардың коллективтері «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» деген еңбек вахтасы барысында социалистік міндеттемелерді табысты орындауда. Облыстың 42 еңбек коллективі, 387 цехы, фермасы мен бөлімшесі, 1309 бригадасы мен звеносы, 42 мыңнан астам еңбеккері он бірінші бесжылдық жоспарларын Ұлы Октябрьдің 68 жылдығына дейін орындап шықты.

Бұл күндері облыстық партия комитетіне совхоз коллективтерінен съезд қарсаңындағы екпінді вахтада қол жеткен жетістіктері туралы рапорттар келіп түсуде. Олар облыс еңбеккерлерінің жоғары патриоттық және еңбек жігерін, терең саналылығын, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға деген құлшынысын білдіреді.

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ДОКУМЕНТТЕР ТҮСІНДІРІЛУДЕ

Өскемен. Орақ жұмыстары басталар қарсаңында жиырма қыз-механизатор салтанатты жағдайда есімдері жазылған тракторлар алды. Олардың арасында Самар ауданының Амангелді атындағы колхозынан Мәдет Анатпаева бар. Ол тракторшы болып алты жылдан астам уақыт жұмыс істейді және осы уақыт ішінде шеберлігі жағынан тәжірибелі механизаторлармен теңесті.

Күршім ауданының Абай атындағы совхозынан Кенжегүл Сәлімбаева, «Күршім» совхозынан Мара Әлімбаева, Большенарым аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінен Роза Құсайынова және басқалар Мәдет сияқты жұмыс істейді.

Қыздар машиналарды социалистік сақтауға қабылдап, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің құрметіне екпінді еңбек үлгісін көрсетуге уәде берді.

Семей. Облыста биылғы мал қыстату басталғаннан бері малшыларға арналған 250-ден астам бұқаралық-саяси шара, мыңнан астам әңгімелер мен лекциялар, әдебиеттерге шолу өткізілді, үш жүзден астам деректі және көркем фильм көрсетілді. Шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелеріне үгіт поездарының маршруттары тартылды. Олардың бірі жуырда Абай ауданының малшыларында болып қайтты. Оның құрамында съезд қарсаңындағы документтерді түсіндіретін лекторлар, тұрмыс службасы қызметкерлері, дәрігерлер, облыстық филармония артистері болды.

Өскемен. «Біз — совет халқымыз» кинофестивалі КПСС XXVII съезіне, партияның съезд қарсаңындағы документтеріне арналды. Қала мен облыс экрандарына совет халқының коммунистік қоғам құрылысындағы жетістіктері, Октябрь идеяларының дүние жүзі халықтарының тағдырына ықпалы, КПСС-тің жер бетіндегі бейбітшілік үшін күресі туралы көркем, хроникалды-деректі фильмдер шықты.

Digitized by Google

ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ІЗДЕНІС — ӘР АДАМНЫҢ ІСІ

Бұл жолы «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналы редакциясының «дөңгелек столы» басында Алматы қаласы мен Алматы облысының жұмысшылары мен инженерлері, экономистері мен ғалымдары кездесті. Олар өз коллективтерінің КПСС алға қойған ғылыми-техникалық процесс қарқынын жеделдету және өндірісті интенсивтендіру программасын жүзеге асыруға қалай қатысып жатқаны, партияның съезд қарсаңындағы материалдары өз жолдастары арасында қандай қолдау тапқаны туралы әңгімеледі.

Кездесуге қатысушылар бірауыздан атап көрсеткеніндей, КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі июнь кеңесінен кейін еңбек коллективтерінің жаңа, озық әдістер, өндірісті жан-жақты интенсивтендіру жолындағы күрестегі белсенділігі артты. Бұған бұқаралық-саяси жұмыс активистері белсенді ықпал етуде.

Жаңашылдық рухы

— Партия шешімдерін талқылай отырып, біздің кәсіпорынның еңбеккерлері жоғары ұйымдардың ерекше нұсқауларын күтпей-ақ техникалық міндеттерді шешуді белсенді қолға алып, резервтерді мейлінше толығырақ пайдалануды қолдайтынын білдірді, — деді кездесуде Алматының С. М. Киров атындағы заводының жұмысшысы, үгітші Х. Ж. Солтанбаев. — Мен де басқа үгітшілер сияқты ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндірісті интенсивтендіру үшін өз коллективімде не істей алатынымды ойластыра отырып, жеке комплексті жоспар жасадым.

Біздің цехта электронды-сәулелі дәнекерлеу енгізілуде. Ол орасан зор тиімділік береді. Осы операцияны 8 адамның орнына бір-ақ адам орындайтын болады. Мен осы жөнінде жолдастарыма әңгімелеп, олардың жаңалыққа деген мүдделілігін ояттым. Бір-бірімен байланысты цехтар қызметкерлерінің кінәсінен жаңалықты енгізу ісі кешеуілдеген кезде әдейілеп сонда бардым. «Комсомол прожекторы» штабындағы жігіттермен бірге «дабыл» шығардым. Бұл жұмысты тездете түсті.

Немесе басқа бір мысал. Бізде дөңгелектеп тегістеу станогы ондаған жылдар бойы жұмыс істеді. Ұзақ жыл қызмет атқарғандықтан оны «қарт» деп атайтын. Осыдан жарты жыл бұрын станокты есептен шығару туралы сөз болған кезде, менің жолдастарым оны өз күштерімен жаңартуды ұсынды. Сөйтіп бір апта, екі апта өтті, ағымдағы істердің қарбаласында бұл пікір ұмыт болды. Біздің үгітшілер осы жөнінде өз әңгімелерінде еске салды, көп ұзамай іс оңға басты. Біздің «қартымыз» жасарып, өз өнімділігін біржарым есе ұлғайтты.

— 1985 жылы біздің заводта 2 миллион киловатт-сағаттан астам электр энергиясы, 2,5 мың гигакалория жылу және 200 тонна шойын үнемделді. Бұл кәсіпорынның екі күндік жұмысы үшін әбден жетеді, — деп әңгімеледі «Поршень» заводындағы № 1 цехтың слесары, үгіт коллективінің жетекшісі С. Г. Вебер. — Ұқыптылық біздің кең ауқымды эксперимент жағдайында жұмыс істеу үшін сенімді резерв жасауымызға көмектесті. Шартты міндеттемелерді ескергенде өнім өндіру жөніндегі тапсырма 100 процент, еңбек өнімділігі — 103 процент орындалды, өнімнің 80 проценттен астамы Сапа белгісімен шығарылады.

Тәртіп пен реттілікті нығайтпайынша бұған қол жеткізу мүмкін емес еді. Біздің цехта 1985 жылы үнем тәртібін анағұрлым қатаң сақтау есебінен ғана 8 мың сомның электр энергиясы және қысылған ауа үнемделді.

Әрбір цехтың жаңа техниканы енгізу және өндірісті рационализациялау жөніндегі өз жоспары бар. Өткен жылы завод бойынша 15 елеулі жаңалық енгізілді. Олардың біреуі мынадай. Инженерлер, коммунистер В. А. Сериков, М. Ж. Әбішев, Г. П. Тен жұмысшылар Давыденкомен, Клочкомен, Богословскиймен, Штомпельмен және Урсулмен бірлесе отырып, гильзаларды құю жөнінде прогресті технология енгізді. Осы творчестволық топ уақытпен санаспай жұмыс істеді, оның есесіне орасан зор нәтиже алды. Әрбір гильзаны құюда біз 1 килограмм шойын үнемдейтін болдық, металды пайдалану коэффициенті 18 про-

Digitized by Google

центке өсті, құйманың ақауы 4 есе қысқарды.

Біздің үгітшілеріміз бен саяси хабаршыларымыз коллективте жаңашылдық рухын жан-жақты дамытуға ұмтылады. Жаңалық енгізудің не беретіні жайында әңгімелейді, өнертабысшылар мен рационализаторлардың беделін көтереді. Бертінде ғана осы адамдар жөнінде жаңалықтарды өздерінің «жеке қалтасы» үшін енгізеді, ал сол ұсыныстардың қаншалықты пайда беретіні оларды толғандырмайды деген пікірлерді естуге болатынын жасырып қайтеміз. Енді жаңашылдар ісі кеңінен көрсетіліп, олардың бастамалары коллективке, мемлекетке не беретінін бәрі көріп отырған кезде мұндай алыпқашпа әңгімелерді естімейсің. Керісінше, рационализаторлар қатары байырғы жұмысшылар сияқты, жастар есебінен де едәуір өсті. Біздің цехтағы рационализаторлардың әрбір бесіншісі жұмысшы. Рафаэль Әбдірахманов, Степан Беспалов, Бақыт Есжанов, Анатолий Морозов, Григорий Санников, Валерий Халтурин, Александр Шатонин өндірісті жетілдіруге үлкен үлес қосуда.

Сонымен қатар біз конкурстарды жиірек өткізу, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету үшін білімі мен күшін аямайтын адамдарға алғыс айтып, көтермелеу қажет екенін білеміз. Олардың қосатын үлесі басталған бесжылдықта да шешуші болады. Партияның съезд қарсаңындағы документтерін талқылай отырып, заводымыздың коллективі жаңа межелер белгіледі. Мысалы, біз «К-700» тракторларын жөндеу үшін пайдаланылатын поршеньді комплектілердің моторесурсын екі есеге ұлғайтып, оны 10 мың сағатқа дейін жеткізуді ұйғардық. Мұның өзі халық шаруашылығында көп қаржы үнемдейтін болады. Еңбек өнімділігі 25 процент артады.

Бригадалық мердігерлікке — даңғыл жол

Кездесуде шаруашылық есептегі бригадалардың шаруашылық және тәрбие мәселелерін шешудегі, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудегі ролі туралы ұдайы сөз болғаны назар аударады.

Бригадалық мердігерлікке пәрменді түрде сүйенбейінше өндірісті интенсивтендіруде табысты қадам жасау мүмкін емес. Ол Іле ауданының «Алматы» теплица-парник шаруашылығының коллективіне өте көп нәрсе берді. Қазір мұндағы төрт бригаданың бәрі осы әдісті енгізді. Олар 23 гектар қысқы және 3 гектар пленкалы теплицаларда овощ өсіруде. Оларға 24 миллион сомның негізгі қорлары бекітіп берілген. Бесжылдықтың төрт жарым жылы ішінде мұнда жоспардағы 19,9 миллион сомның орнына, 20,5 миллион сомның өнімі берілді.

Осы жайында әңгімелей отырып, бригадир А. М. Еремеева мердігерлікке ауысуға байланысты жұмысшылардың түпкі нәтижелерге деген мүдделілігі едәуір артқанын хабарлады. Коллективтерде өзара көмек және талапкершілік ахуалы қалыптасты. «Әрбір адамның инициативасын аңғаруға және бағалауға ұмтыламыз, — деп атап өтті Августа Миновна, — звенолар арасындағы, ал звенолардың өзінде жұмысшылар арасындағы жарысты жолға қойдық. Адамдар күн сайын таңертең социалистік жарыс экранынан, үгітшілердің әңгімелерінен кеше кімнің қалай жұмыс істегенін біледі.

Өндірісті рационализациялауға қатысамыз. Теплицаларда овощтарды тиеп-түсіруге арналған жүк көтергіштерді орнату еңбекті жеңілдете түсті. Мердігерлікті енгізгеннен кейін еңбек өнімділігі 25 процент өсті. Мерзімі жеткен мәселелер дер кезінде шешілген жағдайда табыстар бұдан да жоғары болар еді. Мысалы, теплицалардың әрбір шаршы метрінен, зиянкес жәндіктермен күрестің биологиялық әдістерін толық қолданған жағдайда 3—5 килограмнан қияр алуға болады. Осыған байланысты шаруашылықта биолаборатория салу қажеттігі әлдеқашан туды.

Астаналық облыстың тағы бір шаруашылығы — Талғар ауданындағы Ленин орденді «Алматы» совхозының табыстары да әрбір еңбеккердің творчестволық белсенділігін жан-жақты дамытумен, олардың өндірісті жетілдіруге кеңінен қатысуымен байланысты, деді осы шаруашылықтың бас экономисі К. И. Новикова.

Қазақстанның озық совхоздары мен колхоздарының қатарында келе жатқан «Алматы» совхозының коллективі мал шаруашылығында өндірістік процестерді комплексті механикаландырып, сиырлардың жоғары өнімді табынын өсірді. Өткен жылы әрбір сауын сиырдан сауылған сүт орта есеппен 4350 килограмға жетті, майлылығы 4,25 процент болды. Майлылығы жоғары сүт тапсырғаны үшін совхозға қосымша 1200 тоннаға жуық сүт есептелді. Бұл қосымша 430 мың сом деген сөз. Ал бірінші сортты өнім тапсырғаны үшін 224 мың сом қосымша ақша алды. Осы көрсеткіштерге жету совхоздың инженерлік службасы қызметкерлерінің өз күшімен сүт комплексін құрмайынша мүмкін емес еді.

Бүкіл коллективтің белсене қатысуымен жоғары өнімді жемшөп базасы құрылды, оның негізін 1000 гектар суармалы жоңышқа құрайды. Бұл алқаптың әр гектары жыл сайын (төрт орымда) 110 центнер жоғары сапалы мал азығын береді, ал бүкіл мал қыстату кезеңіне кемінде 25 центнер жемшөп өлшемі дайындалады.

Digitized by Google

Шаруашылық есептегі бригадаларда, фермаларда, әртүрлі службаларда ай сайын өткізілетін кәсіптік кездесу күндері еңбеккерлердің белсенділігін дамытуға көмектеседі. Совхоз директоры А. Т. Бойко жолдас, барлық жетекші мамандар совхоз жұмысы жайында әңгімелейді, мерзімі жеткен проблемаларды қалайда жақсырақ шешу, орын алған кемшіліктерді жою туралы адамдармен ақылдасады. Басшылар да, жұмысшылар да осындай кездесулерге қызу әзірленеді. Осындай коллективтік кеңесулер өте бағалы ұсыныстарды табуға көмектеседі, әрдайым творчестволық ой тудырады. Егіншілік қызметкерлерімен болған осындай кездесулерде, мысалы, бригадалық мердігерліктің қайтарымын арттыру үшін не істеу қажет екені туралы мәселе талқыланады. Совхозда барлық 15 егіншілік бригадасы шаруашылық есепте жұмыс істейді. Кездесулерде еңбекке қатысу коэффициентін жақсырақ қолдану, түпкі өнім үшін ақы төлеуді жетілдіру туралы пікірлер алмасылды. Жұмысшылардың ұсынысы бойынша, мысалы, 1000 сомның өнімін бағалау енгізілді. Мұның өзі есеп айырысуды едәуір жеңілдетіп, бригадалар жұмысының нәтижелерін анағұрлым салыстырмалы етті.

Экономикалық ойлай білуді қалыптастыруға үлкен көңіл бөлінеді. 36 коммунистік еңбек және экономикалық білім мектебінде 900 адам оқиды.

К. И. Новиковаңың әңгімесінде айтылған тағы бір маңызды пікір үлкен мақұлдаумен қарсы алынды. Әңгіме мәдениет сарайын, клубты, стадионды, спорт залдарын, медициналық мекемелерді біріктіретін совхоздың мәдениет және денсаулық цехы жайында болды. Мұнда қызықты демалуға, көркеменермен және спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған.



Х. СОЛТАНБАЕВ



Г. ВЕБЕР.

Маман бригадаға келді

Алина Петровна Терлікпаеваның мамандығы өте сирек ұшырасады, әйтсе де В. Терешкова атындағы кілем фабрикасына өте қажетті мамандық. Ол колорист, демек бояулардың барлық түрін шебер пайдалануға және үйлестіруге міндетті суретші. Және алматылық кілемдердің әсем айшықтылығы, масатыдай құлпырған бояулары көбіне А. П. Терлікпаева мен оның әріптес жолдастарына байланысты.

— Колористер, фабриканың барлық мамандары сияқты өндірісті интенсивтендіру резервтерін іздестіруге белсене қатысуда. Мұнда бригадалар арасында тұрақты нығайып келе жатқан ынтымақтастық өте көп нәрсе береді.

Біздің фабрикадағы 28 бригаданың әрқайсысында инженерлер, суретшілер арасынан өздерінің қоғамдық кураторы бар. Куратор деген сөз жоғары оқу орнында қолданылатындай келісті болмас та. Мамандар бәрінен бұрын бригадалардың консультанттары ретінде қызмет атқарады. Олар бірлесіп, бір-бірінің білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, өндірісті жетілдіру, сапаны жақсарту жолында жұмыс істейді, — деп әңгімеледі кездесуде біздің қонағымыз. — Мен, мысалы, Вера Зуеваның бригадасымен достық одақ туралы шарт жасастым. Бригаданың техникалық мәселелерді шешуіне көмектесу үшін арнайы әдебиеттерді аударыстырамын. Өндірістік эстетика жөніндегі курстарды ұйымдастыруға көмектестім. Көпшіліктің күш-жігерімен жіпті бояу процесін жеңілдетуге қол жетті. Бұйым сапасын жақсарту барысында бұл 500 килограмға жуық жүнді үнемдеуге мүмкіндік береді.

Инженерлердің, техниктердің белсене қатысуы, олардың бригадалармен ынтымақтасуы арқасында өндірісті механикаландыру дәрежесін 42 проценттен 47 процентке дейін көтеру мүмкін болды. Резервтерді іздестіру күшейді. Жарты жыл ішінде ғана 77 мың киловатт-сағат электр



К. НОВИКОВА.



Ғ. НАЙМАНОВ.

Digitized by Google

энергиясы, 130 гигакалорий жылу энергиясы, 24 тонна шикізат пен материал үнемделді. Өткен жылы өнімділік бір адамға шаққанда 200 кілемге жетті — ал бүкіл фабрика бойынша 1985 жылы жалпы көлемі 1,3 миллион шаршы метр 200 мыңнан астам кілем шығарылды.

Инженерлер «техникалық информация күндерін» өткізуге белсене қатысады, «айналмалы почта» насихаттың және жаңа, озық атаулыны енгізудің өте қолайлы формасы болып табылады. Ол былай жұмыс істейді; арнайы топ өзірлеген жаңалықтар туралы информация цехтар мен бөлімдерге тарайды, әрбір адам одан өзіне қажетті нәрсенің бәрін алады және оған арнайы және мерзімді баспасөзден, басқа кәсіпорындар қызметкерлерімен болған әңгімелерден алып пайдаланған жаңа идеяларды қосады, сондай-ақ өндірістің қайсыбір учаскелерінің жұмысын жақсарту жөніндегі өзінің болжамдарын айтады. Коллективте осылай біліммен және тәжірибемен алмасудың адамдарды өзара қалай байытатыны, творчестволық ойды қалай оятатыны айтпаса да түсінікті. «Айналмалы почтаны» ұйымдастыруда фабриканың бас инженері Р. А. Әбсәметова бастаған ғылыми-техникалық қоғам советі және фабриканың бас механигі П. А. Атянин басқаратын Бүкілодақтық өнертабысшылар мен рационализаторлар қоғамының советі үлкен роль атқарады.

Республикалық жеңіл өнеркәсіп министрлігінен, басқа да ұйымдардан ішінара бірін-бірі қайталайтын және әркез нақты бола бермейтін көптеген бұйрықтар, шаралар, жарлықтар түседі. Бірін-бірі қайталайтын әртүрлі тексерулердің салдарынан есеп беру мен информацияның көптеген формалары уақытты жиі зая кетіреді. Мысалы, өткен жылы шетелдік жабдықтарды пайдалану жөнінен финанс ұйымдары, қалалық атқару комитеті, қалалық және одан кейін аудандық халықтық бақылау комитеттері қатарынан 4 рет тексеру жүргізді.

— Иә, инженерлердің, техниктердің, басқа да мамандардың беделін және еңбек тиімділігін арттыру проблемасы өте өзекті проблема, — деді кездесуде «Эталон» заводы өндірістік диспетчер бөлімі бастығының орынбасары, жас коммунистер мектебінің насихатшысы Ғ. Ж. Найманов.

Соңғы уақытта бізде инженерлердің, техниктердің, экономистердің творчестволық үлесі айрықша өсті. Және мұнда ең алдымен цехтар мен бөлімдердің жұмысшы жиналыстарында мамандардың творчестволық есептерін атау керек.

Бұл мамандардың творчествосын, белсенділігін дамытудың өте тиімді құралы болды. Жыл сайын есептердің салмақтырақ, нақты фактілерге бай бола түсуі кездейсоқ емес. Мысалы, аға мастер В. А. Дмитриев цех бастығы И. Д. Жолдасовпен бірлесіп, ағаш ыдыстың орнына бірнеше рет пайдаланылатын металл ыдысты қалай жасағандары туралы әңгімеледі. Осы ұсыныс ондаған текше метр ағашты үнемдеуге көмектесті және заводқа жылына 13 мың сом пайда берді. Сонымен қатар В. А. Дмитриев цехта жас рационализаторлар мектебін ұйымдастырған бригадалардың біріне қамқорлық жасайды.

Өндірісті интенсивтендіру жолындағы күреске іскерлікпен қатысуды бүкіл коллективтің осындай игі мысалдардан үйренетіні айтпаса да түсінікті. Қазір бізде барлық 42 бригада өндіріс мамандарының көмегімен өндірістің техникалық дәрежесін арттырудың, жабдықтарды, жұмыс уақыты мен материалдарды ұтымды пайдаланудың жоспарларын жасады.

Кейде осындай жоспарды орындауға бригаданың күші жете ме деп сұрайды. Бұл сұраққа З. Р. Рахманов бригадасының мысалына сүйене отырып бәрінен де жақсы жауап беруге болады. Бригада құрылғаннан бергі төрт жыл ішінде оның мүшелері 12 рационализаторлық ұсыныс талдап, енгізді, соның арқасында учаскеде қол еңбегі үлесін екі есе қысқартуға қол жетті.



И. ҚЫПШАҚБАЕВ.



А. ЕРЕМЕЕВА.



М. БАЙМҰРАТОВ.



А. ТЕРЛІКПАЕВА.

Digitized by Google

Ғылым мен еңбек одағы

КПСС Орталық Комитетінде болған ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі июнь кеңесінде «академиялық институттарды техникалық бағыттағы зерттеулерді кеңейту жағына қарай күрт бұру, техника мен технологияның принципті жаңа түрлерінің теориялық негіздерін жасау үшін олардың ролі мен жауапкершілігін арттыру» міндеті қойылды. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, республика Ғылым академиясының өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі советінің председателі М. Б. Баймұратов республика ғалымдарының осы міндетті қалай шешіп жатқаны жайында әңгімелей отырып, ғалымдардың ғылым мен техника жетістіктерін насихаттаудағы өскелең белсенділігін атап көрсетті. Ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері өндіріс коллективтерімен достық одақты нығайтуда. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету проблемалары, партияның съезд қарсаңындағы документтерін насихаттау жөнінен лекциялар циклы әзірленіп, оқылуда. Республика қалалары мен аудандарына өздері әзірлеген тақырыптар бойынша лекциялар мен баяндамалар оқуы үшін ғалымдар тобының сапарлары жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл практик қызметкерлердің назарын жаңалықтар мен өнер табыстарына аударуға көмектеседі.

Бұл әрине, тек бастамасы ғана. Сондай-ақ жаңалықтардың өндіріс игілігіне тезірек айналуы үшін батылырақ ықпал ету, коллективтердің өндірісті интенсивтендіруді табысты жүзеге асыруына көмектесу қажет. Мұнда ғылыми-өндірістік бірлестіктер, инженерлік орталықтар, ғалымдар мен өндіріс қызметкерлерінің бірлескен творчестволық топтары, сондай-ақ ғылым мен еңбектің творчестволық достық одағының басқа да формалары орасан зор роль атқаруға міндетті. Осы ойды дамыта отырып, «Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігі директорының орынбасары И. К. Қыпшақбаев кездесуге қатысушыларды мұнда саяси хабаршылар мен үгітшілердің қызметкерлерді үлкен міндеттерді шешуге жұмылдыруға қалай көмектесетінімен таныстырды.

Осы коллектив зерттеушілердің, жобалаушылардың және өндіріс қызметкерлерінің күш-жігерін біріктірді, мұның өзі эксперименталды жұмыстарды оқып-үйренуді тездетуге, ал ең бастысы жаңалықты өмірге тезірек енгізуге мүмкіндік береді. «Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігінің коллективі астықты стационарда бастыруды ең алғаш ғылыми талдағандардың бірі болып табылады. Бұл әдіс орасан зор пайда келтіреді.

Ғалымдардың, инженерлердің, экономистердің, жұмысшылардың проблеманы дәйектілікпен шешуге бірлесіп атсалысуының табыс үшін шешуші мәні бар. Міне, үгітшілер мен саяси хабаршылар осы міндетті шешуге белсене көмектесуде. Олар жұмыстың қалай жүріп жатқаны, кім не істеу қажет екені жайында тұрақты әңгімелеп отырады. Бұған көрнекі үгіт те қызмет етеді.

Кездесу қорытындыларын шығара отырып, Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары В. Я. Оверко ғылыми-техникалық прогресс, экономиканы интенсивтендіру міндеттерін шешу бұқаралық-саяси жұмыстың өзін интенсивтендіруді талап еткенін атап өтті. Партия комитеттері активистердің идеологиялық, тәрбиелік ықпал құралдарының бүкіл қорымен жарақтануына, адамдармен жұмыс істеудің тиімді формалары мен әдістерін батыл іздестіруіне қол жеткізуде. Қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары соңғы уақытта бірқатар үгіт коллективтерінің, саяси хабаршылар топтарының тәжірибесін қорытты. Міндет әрбір активистің өз коллективінің, әріптес жолдастарының күрестің ең басты бағытында табысқа жетуіне мейлінше көбірек ықпал ету үшін не істеп жатқанын нақты анықтауында болып отыр.

Бұл үшін, редакциядағы кездесу көрсеткеніндей, идеологиялық активте мүмкіндіктер аз емес. «Дөңгелек столға» қатысушылар партия ұйымдарының рационализаторлардың, өнертабысшылардың жетістіктерін түсіндіру, инженерлер мен басқа да мамандардың өндірісті жетілдірудегі, ғылым мен өндіріс байланысын нығайту жөнінде оң тәжірибесі бар көптеген партия ұйымдарын атады.

Осы тәжірибені барлық еңбек коллективтерінің игілігіне айналуына қол жеткізу қажет. Үгітшілердің, саяси хабаршылардың, насихатшылардың, лекторлардың инициативасын дамытуға ұмтыла отырып, облыстың партия комитеттері семинарларда, ғылыми-теориялық және методикалық конференцияларда, идеологиялық актив мектептерінің сабақтарында «Еңбек коллективінде адам факторын жандандыру жолдары», «Еңбек коллективтерінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, экономиканы интенсивтендіру жолындағы күресін идеологиялық жағынан қамтамасыз ету», «Мердігерлік бригада жағдайындағы бұқаралық-саяси және тәрбие жұмысы», «Үгіт коллективінің халық игілігіне ұқыпты қарауға тәрбиелеудегі ролі» сияқты проблемаларды оқып-үйренуді жоспарлады.

Digitized by Google

ОТЫНҒА—ЕСЕП ПЕН БАҚЫЛАУ

В. ДЕНИСОВ,
Қазақ ССР Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі

Халық шаруашылығының тиімділігін арттырудың маңызды шарты жан-жақты үнем тәртібі, ресурстарды, оның ішінде жанар-жағар май материалдарын ұтымды және ұқыпты пайдалану болып табылады. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель және октябрь Пленумдарының шешімдері, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасы совет адамдарын осыған жұмылдырады.

Біздің республикамызда жыл сайын 10 миллион тоннаға жуық дизель отыны мен бензин жұмсайтын жүздеген мың автомашина, трактор, комбайн және басқа да техника бар. Және оны тұтыну ұдайы өсіп келеді. Отынды 1—2 процент артық жұмсаудың өзі республика ауқымында жүздеген мың тоннамен өлшенетін шығынға айналатынын және оның жетіспеушілігін, жабдықтаудағы іркілістерді туғызатынын, сайып келгенде, экономикаға залал келтіретінін еске салған жөн. Міне, сондықтан да бүгінде жанар-жағар май материалдарының әрбір килограмын, әрбір грамын үнемдеудің орасан маңызы бар.

Министрліктер мен ведомстволардың басым көпшілігі, олардың кәсіпорындары мен ұйымдары, республикамыздың шаруашылықтары жыл сайын үнемдеуде жақсы нәтижелерге жетіп келеді. Соңғы уақытта совхоздар мен колхоздар, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің басқа да кәсіпорындары мен ұйымдары осы жұмысты айрықша жандандыра түсті. Олар өткен жылдың ғана 22 мың тоннадан астам дизель отынын, 3,5 мың тоннаға жуық автобензин және 4 мың тонна мазут үнемдеді. Қазақ ССР Геология министрлігі кәсіпорындары мен ұйымдарының есебінде 5 мың тоннадан астам үнемделген жанар май бар, бұл өткен жылғы жоспардың қосымша 4,5 процентті деген сөз. Сондай-ақ Автомобиль жолдары, Орман шаруашылығы, Сауда, Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрліктерінің бөлімшелері, «Главалмаатастрой» тресі оның артық жұмсалуына жол берген жоқ.

Қарағанды жүк автомобильдері басқармасының № 2582 автоколоннасы жинақтаған жанар-жағармай материалдарын үнемдеу жөніндегі озық тәжірибе кеңінен таратуға тұрады. Оның коллективі өткен жылы 50 тонна автомобиль отынын үнемдеп, онымен үш күн жұмыс істеу жөнінде социалистік міндеттеме қабылдаған болатын. Мұнда он айдың ішінде бензин мен дизель отынын жұмсауды 200 тоннаға жуық кемітіп, республиканың басқа автобөлімшелері арасында ең үздік көрсеткіштерге жетті.

Автоколоннада жанармай есебі нақты жолға қойылған, оның жұмсалуына бақылау жасау жөніндегі тұрақты комиссия құрылды. Әрбір жүргізушіге үнемнің жеке есебі жүргізіледі.

Мұнда автомобильдердің бос жүрісін қысқарту, тіркеме паркін кеңінен пайдалану отын үнемдеудің ірі резерві ретінде қызмет етеді. Тіркемелі «КамАЗ» автомашиналарының үлес салмағы ғана 67 процент құрайды. Қазіргі уақытта колоннаның 120 жүргізушісі автопоездарда жұмыс істейді. Коллективте жанар майларды сақтауға қол жеткізген жүргізушілерді моральдық және материалдық көтермелеу шаралары жақсы ойластырылған. Өткен жылы оларға осы үшін 6 мың сомнан астам сыйлық төленді.

Автоколонна коллективінде «Автомобильдерді жөндеу сапасы — отын үнемдеудің маңызды факторы» ұраны қабылданды. Мұнда ағымдағы жөндеу жөніндегі үш мамандандырылған пост құрылды. Отын аппаратурасын жөндеу жөніндегі учаскеде автомобильдердің май құю приборларының отын үнемдеуін тексеруге арналған жабдық орнатылды. Спидометрлерді қалпына келтіру цехы жұмыс істейді. Автомобильдердің техникалық жағдайын анықтайтын постыда жанар майдың артық жұмсалу себептерін табатын және жоятын технология енгізілді. Жинақталған тәжірибе экономикалық оқу сабақтарында оқып-үйреніледі, социалистік жарыс экрандарында және көрнекі үгіттің басқа да құралдарында жарқын көрініс табады.

Автомобильдердің жүк көтергіштігін арттыру және тіркемелерді пайдалану арқасында Ново-Алексеевка автотранспорт кәсіпорнының коллективі отын үнемдеуде үздік нәтижелерге жетті. Ол өткен жылдың өзінде ғана 135 тоннадан астам бензин және 25 тонна дизель отынын үнемдеді.

Көптеген жүргізушілер мен механизаторлар жанар-жағар май материалдарын ұтымды жұмсаудың жеке үлгісін көрсетуде. Мысалы, Қарағанды облысы Қар-

Digitized by Google

қаралы аудандық автомобиль жолы басқармасы К-700 тракторының машинисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. И. Боранбаев өткен бесжылдықта 5,3 мың литрге жуық дизель отынын және 642 килограмм дизель майын үнемдеді. Осы орайда Ақтөбе қаласы № 22 жол-көпір құрылысы басқармасының автогрейдер машинисі С. Ф. Ерохин, Торғай облысы Ш. Уәлиханов атындағы совхоздың тракторшысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты М. В. Швед және басқалар жоғары көрсеткіштерге жетті.

Сонымен қатар жанармайдың есебі мен бақылау нашар жолға қойылған бірқатар жерлерде оның артық жұмсалуына жол беріледі, жанармайды үнемдеу жөнінде қабылданған міндеттемелер орындалмайды. Мысалы, «Казпотребсоюз» кәсіпорындары мен ұйымдары өткен жылы жоспардан тыс 4,5 мың тонна, Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінде 3,5 мың тонна отынды жоспардан тыс жұмсады. «Казглавселезащита» отын жұмсау нормасын 10 процентке жуық арттырып жіберді.

Біздің комитет жүргізген зерттеулер мен тексерулер өткен жылы басқа жақтағы ұйымдарға 4 мың тонна мұнай өнімдері сатылғанын және 16 мың тонналың мақсатсыз пайдаланылғанын анықтады. 3 мың тоннаға жуық бензин мен дизель отынының артық қоры табылды. Талдықорған, Қарағанды, Павлодар және Целиноград облыстарында осындай тәртіп бұзу оқиғаларына анағұрлым көп жол берілген. Мысалы, «Казколхозспецстрой» тресі № 412 селолық жылжымалы механикаландырылған колоннасы мемлекеттік қор тәртібіне қарамастан басқа жақтағы ұйымдарға 191,4 тонна, Талдықорған май-ірімшік базасы 131,8 тонна мұнай өнімдерін сатқан.

Гурьев облысындағы СССР-дің 60 жылдығы атындағы совхозының басшылары шектен тыс ысырапшылдыққа жол берген. Мұнда өткен жылдың 6 айы ішінде 35,6 тонна бензин мен дизель отыны артық жұмсалған, ал 90 тонна дизель отыны мақсатсыз пайдаланылған.

Біздің тексерулеріміз сондай-ақ двигательдердің іске қосылар алдында жылытылмауы және автомашиналарға дер кезінде қызмет көрсетілмеуі, отын тұтынатын техникалар жұмысына тиісті бақылау жасалмауы салдарынан мұнай өнімдерінің үлкен ысырабына жол берілетінін көрсетті.

Жанар-жағар май материалдарын аздан да, көптен де үнемдей отырып, ысырап жолдарына батыл тосқауыл қойып, оларға мұқият есеп пен бақылауды ұйымдастыру, оларды мақсатты түрде пайдалануға, қор тәртібін қатаң сақтауға қол жеткізу қажет. Отын тұтынатын ұйымдар, кәсіпорындар мен шаруашылықтар жанар майдың сақталу шарттарын жақсартуға, оның босатылуын жетілдіруге, резервуарлар мен отын бөлу колонкаларын түзу жағдайда ұстауға ерекше көңіл бөлгені жөн.

Он екінші бесжылдықта машина паркін дизельдендіруді, автомобильдерді сұйытылған және табиғи газбен жұмыс істеуге ауыстыруды, ауыр салмақты машиналар шығаруды ұлғайтуды жедел қарқынмен жалғастыру белгіленуде, мұның өзі мұнай өнімдерін үнемдеуге мүмкіндік береді. Кәсіпорындар мен ұйымдар, совхоздар мен колхоздар отынның жұмсалуына ықпал ететін тораптар мен агрегаттардың техникалық жағдайына қамқорлық жасай отырып, осыған әзір болуға, өз кезегінде жөндеу базасын нығайтуға тиіс. Осы жұмысты қазірден қолға алу қажет.

Осы жайында әңгімелерде айтыңыз

ТОВАР ЖЕТКІЗУДІ ЖЕДЕЛДЕТУ

Қазақ ССР Министрлер Советі бертінде «Контейнерлерді, табаншаларды, пакеттерді, ыдыс-жабдықтарды, сондай-ақ тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыруға арналған тетіктерді пайдалану негізінде қол еңбегін қысқарту» деген республикалық комплексті программаны әзірлеп, жүзеге асыру туралы қаулы қабылдады. Ол үстіміздегі жылы әзірленіп, он екінші бесжылдықта жүзеге асырылуға тиіс.

Қаулыда аталғанындай, соңғы жылдары республикада өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімін тасымалдаудың, сақтаудың және өткізудің контейнерлік-пакеттік тәсілі одан әрі дами түсті. Жүктерді контейнерлерде және пакеттелген түрде тасымалдау көлемі 1984 жылы 1980 жылға қарағанда тиісінше 34,9 және 28,1 процент өсті.

Картопты, овощтар мен бақша дақылдарын танаптардан тікелей сауда және дайындау жүйесіне мамандандырылған контейнерлер мен жәшік табаншаларда тасымалдау ұлғайды. Қазақ ССР Сауда министрлігі жүйесінде ыдыс-жабдықтарды қолдану көлемі қыруар өсті. Тек соңғы екі жарым жыл ішінде ғана 700-ден астам магазин жаңа технология бойынша жұмыс істеуге ауыстырылды.

Целиноград қаласының сауда жасаушы ұйымдарында ыдыс-жабдықтар жақсы пайдаланылуда. Осының өзі мұнда тиеу-түсіру операцияларында бос қарап тұру уақытын 5—6 есе қысқартуға, товарларды жеткізу мен өткізуге жұмсалатын еңбек шығындарын едәуір азайтып, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, қаулыда атап көрсетілгеніндей, республикада өнімді тасымалдаудың жаңа технологиясы әзірше кеңінен қолданылмай келеді. Бұл ба-

Digitized by Google

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ӘУЕ ЖОЛДАРЫНДА

Республикада азаматтық авиация Қазақстанды еліміздің европалық бөлігімен, Сібір мен Қиыр Шығыстың жедел дамушы экономикалық аудандарымен байланыстыратын негізгі транспорт буындарының біріне айналды. Республиканың әрбір екінші тұрғыны дерлік әуе транспортының қызметін пайдаланады.

Бүгінде қанатты еңбеккерлер 60-тан астам жұмыс түрін орындайды. Олардың белсене қатысуымен жер қойнауларын барлау және игеру, электр желілерін қадағалау және салу жүргізіледі, мұнай-газ құбырлары трассаларына қызмет көрсетеді, шалғай және таулы аудандардағы малшыларға барлық қажетті нәрселерді жеткізеді.

Съезд қарсаңындағы жарысты кеңінен өрістеткен саланың партия ұйымдары азаматтық авиацияның барлық қызметкерлерін ұшу тиімділігі мен сапасын, жолаушыларға қызмет көрсету мәдениетін одан әрі арттыру үшін қолда бар резервтерді мейлінше толық пайдалануға жұмылдыруда, жаңа техника мен озық технологияны енгізу, отын-энергетика ресурстарын ұқыпты жұмсау, тәртіп пен реттілікті жан-жақты нығайту, нақты еңбек ырғағын қамтамасыз ету жөнінен шаралар белгіледі.

Партия ұйымдарында, еңбек коллективтерінде съезд қарсаңындағы документтерді талқылау зор мұдделілікпен өтуде, оның барысында авиақызметкерлер көтеріңкі социалистік міндеттемелердің орындалғаны туралы есеп береді, жаңа межелер белгілейді, алға басуға кедергі жасайтын кемшіліктердің бетін ашады.

Сала еңбеккерлері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне арналған рапортқа сүбелі жолдар жазды. Қазақ азаматтық авиация басқармасы 1985 жылдың және тұтасынан он бірінші бесжылдықтың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Тапсырма барлық негізгі көрсеткіштер бойынша өткен жылдың ноябрь айында аяқталды. Жоспардан тыс 1288 мың жолаушы, 17,6 мың тонна почта және халық шаруашылығының шұғыл жүктері тасымалданды, еңбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігі артты.

Бесжылдықтың алғы шебіндегілер арасында Аэрофлотта алғашқылардың бірі болып «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді еңбек онкүндігі!» ұранымен социалистік жарысты ұйымдастыру туралы инициатива көтерген Семей авиакәсіпорнының коллективі бар. Осы патриоттық бастаманы азаматтық авиация еңбек коллективтерінің бәрі қостады. Өткен бесжылдықта Гурьев, Өскемен, Семей, Целиноград және Көкшетау авиакәсіпорнының еңбеккерлері анағұрлым сүбелі нәтижелерге қол жеткізді.

Осы жылдар ішінде республика авиақызметкерлерінің өмірінде едәуір маңызды оқиғалар болды. Астаналық авиаторлар 350 орындық ИЛ-86 кен фюзеляжды самолетті пайдалануды меңгеруге кірісті. Ұшқыштар, бортинженерлер, бортоператорлар, бортпроводниктер, борттехниктер, авиадиспетчерлер, авиатехниктер, авиаинженерлер, авиамеханиктер, авиаприборшылар, авиаэлектриктер, авиарадиотехниктер, авиаспецтехниктер, авиаспецмашинистер, авиатехникалық құралдарды жөндеушілер, аэропорт қызметкерлері, әуе жолдарын басқарушылар, авиациялық-техникалық базалардың, авиакомпаниялардың, аэропорттардың, авиациялық-техникалық училищелердің, авиациялық-техникалық мектептердің, авиациялық-техникалық курстардың, авиациялық-техникалық орталықтардың, авиациялық-техникалық клубтардың, авиациялық-техникалық станциялардың, авиациялық-техникалық бюролардың, авиациялық-техникалық конструкторлық бюролардың, авиациялық-техникалық ғылыми-зерттеу институттарының, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік бірлестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік кооперативтердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік акционерлік қоғамдардың, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік коммандиттік серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік толық серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік шаруашылық серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік өндірістік кооперативтердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік өндірістік акционерлік қоғамдардың, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік өндірістік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік өндірістік коммандиттік серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік өндірістік толық серіктестіктердің, авиациялық-техникалық ғылыми-өндірістік

герді, АН-2 самолетін алмастырған ықшам да ыңғайлы Л-410 самолеті шағын қашықтықтағы әуе жолына шықты.

Басқарма кәсіпорындарында авиация техникасын пайдалану тиімділігі жақсаруда, отын-энергетика ресурстарын ұқыпты жұмсау жөнінен біршама жұмыс тәжірибесі жинақталды. Бес жыл ішінде мыңдаған тонна авиакеросин және бензин үнемделді. Экономикалық тиімділігі 7 миллион сомнан асатын жүздеген өнертабыс пен рационализаторлық ұсыныстар енгізілді.

Жолаушыларға қызмет көрсету мәдениеті артуда, билеттерді тіркеудің жартылай автоматты жүйесі енгізілді, абоненттік пульттері Алматыда, Қарағандыда, Целиноградта, Қостанайда, Ақтөбеде, Семейде, Шымкентте орнатылған «Сирена-2» орын брондайтын жартылай автоматты жүйені пайдалану ұдайы жетілдірілуде. Осы пункттерге 20 қалалық агенттік, 177 жергілікті әуе жолдарының аэропорты және агенттіктердің 93 филиалы қосылған.

Ауыл шаруашылығы авиациясын одан әрі дамыту және оны қолдану тиімділігін арттыру үлкен мемлекеттік маңызы бар іс болып табылады. Ол еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асыруға белсенді ықпал етуде.

Республикада жыл сайын 15 миллион гектардан астам жер әуеден өңделеді. Жұмыстың осы түрінде авиацияның артықшылықтары даусыз: еңбек өнімділігі мен универсалдық, жұмыстарды қолайлы агротехникалық мерзімдерде жүргізу мүмкіндігі артады.

Авиация техникасын маневрлеудің кең мүмкіндіктері самолеттерді қажетті аудандарға жедел шоғырландыруға жағдай жасайды. Авиаторлар мен жергілікті партия, совет органдарының негізгі міндеті самолеттер мен вертолеттердің бос тұрып қалуына жол бермеу, танаптарды өңдеудің прогресті әдістерін жер-жерде пайдалану. Күздік және жаздық бидай егістіктерінің арамшөптерімен күресте аздап бүрку жүргізудің өзі ұшу өнімділігін 65 процент арттырады, бір гектар танапты өңдеудің өзіндік құнын 40 процентке жуық кемітеді.

Қазақстан авиаторларының барлық табыстары партияның, Совет үкіметінің азаматтық авиацияны дамыту, оны осы заманғы авиация техникасымен жарақтандыру, материалдық-техникалық базаны нығайту, авиация қызметкерлерінің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі тұрақты қамқорлығы арқасында мүмкін болды. Бүгінде 17 облыс орталығында аэровокзал комплекстері салынды, оның 12-сінде ұзақ күтуге арналған қонақ үйлер бар, жергілікті әуе жолдарының аэропорттар жүйесі кеңейтілді. Соңғы бес жыл ішінде ғана АН-24 және ЯК-40 самолеттерін қабылдауға арналған алты аэровокзал комплексі салынды.

Салада еңбек ететін өз ісінің тамаша шеберлері аз емес. Алматы авиакәсіпорны ИЛ-62 самолетінің командирі, КПСС XXVI съезінің делегаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР-дің еңбек сіңірген ұшқышы, II және III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегері С. К. Нұрғалиев, Бораддай авиакәсіпорны МИ-8 вертолетінің командирі, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты С. И. Корольков, Алматы авиакәсіпорны ИЛ-62 самолетінің командирі, Совет Одағының Батыры П. Еромасова атындағы сыйлықпен наградталған Ш. А. Қаламбаев, Целиноградтан АН-2 самолеттерінің командирлері С. В. Копыльцов пен С. Г. Әбуов, Қостанайдан А. С. Теңізбаев, Жамбылдан А. В. Алексеев, Петропавлдан Н. Н. Игишев, Шымкент авиакәсіпорнынан В. Я. Боголюбов съезд қарсаңындағы жарыстың алғы шебінде келеді.

Авиатехник-бригадир Г. В. Зеленин (Павлодар қаласы), инженер В. Ф. Агуцков (Маңғышлақ қаласы), қалалық агенттік кассирі Б. Сейітқазинова (Көкшетау қаласы), диспетчер Н. Н. Щечкина (Қарағанды қаласы) және басқалар екпінді еңбек үлгісін көрсетуде.

Он екінші бесжылдықта авиаторлар алдында үлкен де жауапты міндеттер тұр. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель және октябрь Пленумдарының талаптарына сәйкес командалық басшылар құрамының, авиакәсіпорындары партия ұйымдарының басты назары сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған. Ең алдымен ұшудың толық қауіпсіздігін және жолаушыларға, жүк жөнелтушілер мен қабылдап алушыларға, заказ берушілерге үлгілі қызмет көрсетуді қамтамасыз ету қажет.

Өндіріс тиімділігі, жұмыс сапасы, авиакәсіпорындардың әлеуметтік дамуының жоспарларын орындау, адамдардың тиісті еңбек және демалыс жағдайларын жасау мәселелері партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының ерекше көңіл бөлуін талап етеді.

Қатаң лимитті тәртіп, материалдық және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу жағдайында күш-жігерді басты бағыттарға шоғырландыру, проблемалардың кезектілігін олардың пайдаланылуына сәйкес дұрыс анықтау қажет

Қазақстандық авиаторлардың міндеті қол жеткен нәтижелерді нығайту, орын алған кемшіліктерді жою, оң екінші бесжылдықта нақты және жүйелі жұмысқа қол жеткізу, аса жоғары еңбек өнімділігіне жету жолындағы жарысты жан-жақты өрістету, партиямыздың XXVII съезін, Қазақстан Компартиясы XVI съезін жаңа еңбек жетістіктерімен қарсы алу, оның шешімдерін белсенді жүзеге асыру болып табылады.

В. ВОЙТЮК,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті транспорт және байланыс бөлімінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ НЕГІЗІНДЕ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумында Семей облысы Абай аудандық партия комитетінің ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысына оң баға берілді және оның тәжірибесін кеңінен тарату ұсынылды. Бастауыш партия ұйымдарының жауынгерлігі мен топтасқандығының артуы арқасында ауданда ауыл шаруашылығы өндірісін көтеруде және селоның әлеуметтік дамуында елеулі табыстарға қол жетті. Мұнда тұрғындарға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету ұдайы жақсаруда. Физкультура мен спорт барған сайын кеңінен тарауда. Бұған қызметі жайында төменде әңгімеленетін аудандық мәдени-спорт комплексі маңызды үлес қосуда.

Бүгінде Абай ауданы — Семей Ертісі өңіріндегі ірі экономикалық және мәдени аймақ. Оның территориясында 11 қой совхозы орналасқан. Олардың материалдық-техникалық және өндірістік базасы жыл сайын нығая түсуде, малшылардың еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайы жақсаруда. Мысалы, өткен бесжылдықтың өзінде ғана «Қайнар» совхозында мәдениет үйі, Қарауыл селосында тұрмыс үйі мен қонақ үйі, үш орта мектеп салынды. Қазір аудан еңбекшілеріне 35 тұрақты және жылжымалы клуб, 45 кітапхана, 16 спорт залы және 19 стадион қызмет көрсетеді.

Ауданда мәдени-көпшілік және спорт-сауықтыру жұмыстарының жаңа формалары мен әдістерін белсенді іздестіру жоспарлы түрде жүргізілуде. Осы мәселелер аудандық партия комитеті пленумдарының, аудандық және селолық Совет сессияларының, партия жиналыстарының үнемі күн тәртібінде тұрады. Алайда әртүрлі мәдени және спорт шаралары ауқымының кеңеюіне байланысты жекелеген мекемелер мен қоғамдық ұйымдар қызметінде бір жақты ведомстволық қарым-қатынасқа негізделген кейбір кедергілер, қарамақайшылықтар, келіспеушілік пайда болды. Осының бәрі ауданның партия және совет органдарын, комсомол және кәсіподақ ұйымдарын, мәдени-ағарту мекемелері мен спорт қоғамдарының күші мен материалдық қаржыларын біріктіру жолына түсуге ықпал етті. Бастапқыда кітапханаларды орталықтандыру жүргізілді, совхоздарда мәдени-спорт комплекстері ұйымдастырылды. Ал осыдан екі жыл бұрын Абай аудандық атқару комитетінің шешімі бойынша бірыңғай аудандық мәдени-спорт комплексі құрылды.

Аудандық мәдени-спорт комплексі құрамына 12 селолық мәдени-спорт комплексі, аудандық және селолық мәдениет үйлері, тұрақты және жылжымалы клубтар, орталықтандырылған кітапхана жүйесі, кинотеатр және 17 киноқондырғы, музыка мектебі мен пионерлер үйі, ерікті спорт қоғамдары кірді. Енді «Білім» қоғамының, кітап әуесқойларының, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау ұйымдары, ДОСААФ, ардагерлер советі мен әйелдер советі, сондай-ақ кәсіптік-техникалық училище, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары олармен бірлесе отырып белсенді жұмыс істеуде.

Комплекс жұмысын аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары жетекшілік ететін методикалық үйлестіру советі басқарады. Онда мәдени және спорт шараларының перспективалы және ағымдағы жоспарлары бекітіледі, қалың бұқара, ең алдымен жастар арасындағы идеологиялық және тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіру, демалысты ұйымдастыру мәселелері қаралады. Совет өзінің жоспарларын оларды жүзеге асыруға әртүрлі ұйымдар мен мекемелерді тарта отырып, партия және совет органдарымен келісіп, олардың қызметімен тығыз байланыстырады.

Совет секторлары күнделікті істермен айналысады. Секторларға мәдениет үйлері мен клубтардың, кітапхана жүйелерінің штаттағы методистері, кәсіподақ, аудандық оқу бөлімі, спорт комитеті, басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіреді. Бірлескен методикалық жұмыстың бірыңғай күні тағайындалды, онда мәдени-спорт комплексі бөлімшелерінің өзара жұмыс істеу тәжірибесі, әртүрлі мерекелерге, байқауларға, слеттерге, спорт жарыстарына әзірлену және өткізу практикасы қорытылады, сондай-ақ активті оқыту жүргізіледі.

Ведомстволық кедергілерді жою, творчестволық күштер мен материалдық базаны біріктіру есебінен өткізілетін шаралар дәрежесі едәуір артты, оларға тұрақты қатысушылар саны көбейді. Соңғы жылдың өзінде көркемөнерпаздар үйірмесі мен спорт секцияларына қатысушылар саны екі есе көбейді. Қазір көркемөнерпаздар үйірмелеріне үш мыңнан астам адам немесе тұр-

Digitized by Google

ғындардың он проценттен астамы қатысады. Талапкер артистер байқауларға өнерпаздық өнерінің алпыс төрт түрі мен жанрын ұсынады. Олардың арасында 12 Бүкілодақтық, 40 республикалық фестивальдың лауреаты бар. Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты «Қаламқас» халық ән-би ансамблі тұрғындар арасында кеңінен танымал. Ол Москва және Алматы сахналарында өнер көрсетті, шетелдерде гастрольде болды.

Көпшілік шаралар анағұрлым қызықты, жарқын бола түсті. Комплекстің барлық ұйымдары мен мекемелері «Совхоз күні», «Шопандар тойы», «Төл тойы» мерекелерін әзірлеуге және өткізуге қатысады. Осы салтанаттар кезінде концерттер мен театрға бейімделген ойын-сауықтар, кәсіптік конкурстар, спорт сайыстары мен ұлттық ойындар, халық творчествосы бұйымдарының көрмелері ұйымдастырылады. Мысалы, «Совхоз күні» шаруашылықтардың жоспарлар мен міндеттемелерді орындағандары туралы салтанатты еңбек рапорты ретінде өтеді және ол селодағы өнерпаз артистердің концерттерімен және спорт сайыстарымен жалғасады.

Қой шаруашылығы Абай ауданы тұрғындарының еңбегінде ерекше із қалдырады: шопан бригадалары мен қоныстары мұнда елді мекендерден қашық орналасқан. Оларды саяси-тәрбие жұмысымен және мәдени қызметпен қамту үшін комплекс советі көшпелі мәдени-үгіт бригадаларын жүйелі түрде ұйымдастырады. Автоклуб экипаждары шалғай мал жайылымдарында жиі қонақ болады. Әрбір автоклуб кітапханамен және жылжымалы киноқондырғымен, музыка аспаптарымен және ойын құралдарымен жабдықталған. Олардың меңгерушілерінің бәрі — үгітшілер мен саяси хабаршылар. Олар шопандарды социалистік жарыстың соңғы мәліметтерімен таныстырады, «молниялар» мен «жауынгерлік листоктар» шығарады, озық тәжірибені насихаттайды. Мысалы, соңғы уақытта Социалистік Еңбек Ері Б. Бағдатов, М. Сұлташев, Т. Құрманов сияқты атақты қой өсірушілер, таңдаулы комсомол-жастар бригадалары бригадирлерінің және басқа да көптеген озаттардың магнитофон лентасына жазылған сөздерін тыңдау кеңінен тарауда.

Комплекс қызметінде тұрғындардың әртүрлі топтарымен спорт-көпшілік жұмыстарын жүргізуге ерекше орын беріледі. Ауданда жыл сайын жазғы және қысқы спартакиадалар өткізіледі, «Семьямызбен стадионға», «ГТО белгісінен — олимпиадалық медальдарға жетейік» жарыстары, жүгіруші, шаңғышы күндері дәстүрге айналды. Қазір ауданның әрбір үшінші село тұрғыны физкультурамен және спортпен жүйелі түрде айналысады. Мұнда бес СССР спорт мастері, 112 спорт мастерлігіне кандидат және бірінші разрядшы өсіп шықты. Жеті мыңға жуық адамның бұқаралық спорт разрядтары бар.

Ауданда талай рет республикалық және облыстық жарыстар өткізілді. Мысалы, мұнда республикалық «Лениншіл жас» газетінің жүлдесі үшін село спортшылары арасында «қазақша күрес» жөнінен республика біріншілігі екі рет өткізілді. Қарауыл селосында Совет Одағының Батыры З. Белібаев атындағы жүлде үшін еркін күрестен облыстық жарыстар ұйымдастырылады. Осының бәрі адамдардың денсаулығын нығайтуға, олардың еңбек қайтарымын арттыруға ықпал етеді.

Абай мәдени-спорт комплексінің қызметі көркемөнерпаздар творчествосы мен физкультура қозғалысын дамытуда әртүрлі ведомстволық мекемелер мен ұйымдардың күші мен қаржыларын біріктірудің артықшылықтарын көз жеткізе дәлелдейді. Оның жұмыс тәжірибесін Семей облыстық партия комитетінің секретариаты мақұлдады.

Ауданда жүргізілетін бүкіл бұқаралық-саяси, мәдени және спорт жұмыстары бұқараның еңбек және қоғамдық белсенділігін арттыруға, өндірістік міндеттер мен социалистік міндеттемелерді табысты орындауға бағытталған. Мысалы, аудан мемлекетке ет пен жүн тапсыру жөніндегі бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады. Мемлекетке астық тапсыру жоспары екі еседен астам орындалды. Жоспардан тыс 32 мың қозы алынды. Өткен жылдың қорытындылары бойынша аудан КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туымен, ал Белібаев және Молдағалиев атындағы совхоздар республикалық тулармен наградталды.

Сонымен қатар облыстық партия комитетінің секретариаты Абай мәдени-спорт комплексін құрудағы және оның қызметіндегі кейбір кемшіліктерді атап өтті. Жекелеген шаралар әзірше тиісті идеялық-саяси дәрежеде жүргізілмей келеді. Мәдени-ағарту мекемелерінің материалдық базасы әлсіз. Комплексті қаржыландыру мәселесі толық шешілген жоқ.

Мәдени-спорт комплексінің үйлестіру советіне халық театрлары мен ансамбльдерінің репертуарын совет композиторлары мен драматургтерінің таңдаулы шығармаларымен байыту, клубтар мен кітапханалардағы стендтерде, көрнекі үгітте Қазақстанның және басқа да туысқан республикалардың жетістіктерін жарқынырақ көрсету ұсынылды. Мәдениет пен спорт әрбір семьяның тұрмысына берік енуге, барлық село еңбеккерлері өмір салтының ажырамас бөлігіне айналуға тиіс.

В. ПИГАВАЕВ.

Digitized by Google

САУЫҚТЫРУ ОРЫНДАРЫ

Жуырда «Правда» газетінің бас мақаласынан Совет Одағында жыл сайын 60 миллион адам денсаулығын жақсартатын 14 мың сауықтыру орны мен демалыс базасы жұмыс істейтіні туралы білдім.

Біздің республикамызда санаторий-курорт мекемелерінің жүйесі қалай дамып келе жатқанын білгім келеді.

С. КОЛОСОВ.
Қаражал қаласы.

* * *

Кәсіподақ курорттарын басқару жөніндегі Қазақ республикалық советі председателінің орынбасары **Ж. Б. Ыдырысбаев** сұраққа жауап береді.

Біздің республикамыздың территориясында кәсіподақтардың 20 сауықтыру орны, оның ішінде 12 санаторий, 2 пансионат және 6 демалыс үйі жұмыс істейді. Үстіміздегі бесжылдықтың 4,5 жылы ішінде оларда 670 мыңнан астам адам өз денсаулықтарын жақсартып, дем алды.

Алматы облысында «Алма-арасан», «Турксиб», «Көктем» санаторийлері мен «Қарғалы» демалыс үйі, Қостанайда — «Сосновый бор» санаторийі, Шымкентте «Сарыағаш» санаторийі, «Манкент» пансионаты, Көкшетау облысында «Щучье» санаторийі мен «Зеренді» демалыс үйі және басқалар еңбекшілерге кеңінен танымал. Олар әртүрлі емдік және минералдық сулар аймағында, көркем табиғат аясында орналасқан. Сондай-ақ қазақстандықтардың осында өздеріне үйреншікті климат жағдайында емделіп, дем алатыны, кейбір сауықтыру орындарында балаларымен бірге бола алатыны маңызды.

«Көктем» санаторийі тыныс алу органдары ауруларымен ауыратын ата-аналарды балаларымен емдеуге мамандандырылды. Он екінші бесжылдықта «Манкент» пансионатын ата-аналар мен балаларға қызмет көрсететін санаторийге мамандандыру қарастырылуда. «Зеренді», «Лениногор», «Просвещенец» демалыс үйлерінде семьялық демалысты одан әрі дамыту ұйымдастырылады.

Партия, совет және кәсіподақ органдары тарапынан тұрақты қамқорлық пен көңіл бөлу сауықтыру мекемелерінің жүйесін кеңейтуге, оларды көркейту дәрежесін арттыруға, науқастар мен дем алушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға ықпал етуде. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде ғана қаржыландырудың барлық көздері бойынша сауықтыру орындарын дамытуға 40 миллион сомнан астам күрделі қаржы, оның ішінде жұмыс істеп жатқан орындарды күрделі жөндеуден өткізуге 13 миллион сом бөлінді. 20 миллионнан астам сомның негізгі қорлары енгізілді. Өнеркәсіп орындарымен және құрылыс ұйымдарымен келісім жасау негізінде «Сарыағаш» (Шымкент облысы), «Жаңақорған» (Қызылорда облысы) санаторийлерінде, «Зеренді» (Көкшетау облысы) және «Просвещенец» (Алматы) демалыс үйлерінде жалпы көлемі 558 орындық барлық қолайлы жағдайлар жасалған корпустар салынды. Көкшетау облысындағы «Сосновый бор», «Щучье» және Талдықорған облысындағы «Арасан-Қапал» санаторийлерінде ең жаңа медициналық аппаратурамен жарақтанған осы заманғы емдеу корпустары салынды. Сондай-ақ «Арасан-Қапал» санаторийінде 500 орындық асхана пайдалануға берілді.

«Түрксиб», «Алма-Арасан», «Мойылды» (Павлодар облысы), «Көктем» санаторийлерінде, «Светлый» пансионатында (Көкшетау облысы), «Қарғалы» және «Просвещенец» демалыс үйлерінде көркейту жұмыстарының үлкен көлемі орындалды. «Мойылды» санаторийінде қайта құру жүргізілді және «Манкент» пансионатында газбен жылытылатын қазандық салынды.

Жыл сайын санаторий-курорт мекемелеріне 100-ге жуық жабдықтар түрі түседі. Мысалы, «Щучье» және «Сосновый бор» санаторийлерінде функционалды диагностика кабинеттері мен постинфаркт бөлімдері, барлық стоматологиялық кабинеттер толық жарақтандырылды.

«Түрксиб», «Мерке», «Арасан-Қапал», «Сосновый бор», т. б. санаторийлерінде сумен емдеу үшін қол мен аяққа арналған құйынды ванналар, су астында душ-массаж жасауға арналған ванналар алынды. Электрлі сәулемен емдеу үшін санаторийлердің физиотерапевтік бөлімшелерінде аса жаңа аппаратура орнатылды.

Гидрогеологиялық режимді пайдалану станциясы сауықтыру орындарының гидроминералды шаруашылықтарын сенімді пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде үлкен жұмыстар атқарды.

Курорт бүгінде — әртүрлі емдеу, санитарлық және инженерлік-техникалық құрылыстар мен қосалқы шаруашылықтардан тұратын күрделі жоғары да-

Digitized by Google

мыған шаруашылық. Және осы шаруашылықты басқару күн тәртібіне барған сайын маңызды міндеттерді қояды. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының шешімдері, халық тұтынатын товарлар өндіруді және қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған комплексті программасы медицина ғылымы мен техникасының озық жетістіктерін анағұрлым интенсивті түрде енгізуді, санаторий-курорттық емдеуді одан әрі жетілдіруді, қызмет көрсету және мекемелердің өздерін көркейту сапасын жақсартуды талап етеді. Еңбекшілерден келіп түсетін дұрыс қызмет жасамау, емдеуді, тамақтандыруды ұйымдастырудағы кемшіліктер, қарапайым коммуналдық - тұрмыстық жағдайдың болмау фактілері туралы хаттар мен шағымдар өз жұмыстарымызды қайта құру қажет екенін көрсетеді.

Он екінші бесжылдықта «Сосновый бор» санаторийінде 372 орындық, «Мойылды» санаторийінде 312 орындық ұйықтайтын корпус пен сумен және сазбен емдеу орнын, «Мерке» санаторийінде 290 орындық ұйықтайтын корпус пен емдеу-диагностикалық бөлім, «Түрксиб» санаторийінде 250 орындық ұйықтайтын корпус және клуб-асхана, «Көктем» санаторийінде 250 орындық ұйықтайтын корпус және емдеу-диагностикалық бөлім, «Алма-Арасан» санаторийі мен «Қарғалы» демалыс үйінің әрқайсысында 300 орындық ұйықтайтын корпустар, сондай-ақ инженерлік және мәдени-әлеуметтік мақсаттағы басқа да бірқатар объектілерді пайдалануға беру белгіленуде.

Сауықтыру орындарының клуб мекемелері мен спорт ғимараттарын емделушілер мен демалушылар арасындағы мәдени-көпшілік және сауықтыру жұмысында, салауатты өмір салтын орнықтыруда пайдалануды жақсарту жөнінде шаралар қолданылуда. Мәдениет мекемелерімен, кинопрокат кеңселерімен, экскурсия ұйымдарымен, кітапхана коллекторларымен іскерлік байланыстар нығаюда. «Щучье» санаторийінде музыкалық салон, «Алма-Арасан» санаторийі мен «Манкент» пансионатында денсаулық сақтау тарихы музейлері сияқты клуб жұмысының жаңа формалары пайда болды. Клубтардың бәрінде денсаулық мектептері, медициналық лекторийлер, поэзия, музыка, киносаяхат әуесқойларының үйірмелері жұмыс істейді.

Журнал почтасынан

ПАТРИОТТАРДЫ ӨСІРУДЕМІЗ

Идеялық-саяси тәрбиеде саяси хабарлама жасаудың ролі зор. Целиноградтың инженерлік-құрылыс институтында ай сайын саяси апталықтар өткізу дәстүрге айналды. Онда жетекші оқытушылар мен ғалымдар студенттер алдында сөз сөйлейді. Жатақханаларда «Жастар және идеологиялық күрес», «Социалистік өмір салты және жастар», «Жастардың адамгершілік тәрбиесі» проблемалары бойынша лекторийлер жұмыс істейді.

Жігіттер мен қыздар қоғамдық проблемалар жөніндегі ғылыми жұмысқа белсенді түрде араласады. Мысалы, механика факультетінің түлегі Т. Сағадиев «Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру кезіндегі социалистік өмір салты көрінісінің ерекшеліктері» деген рефераты үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің және СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің бірінші дәрежелі дипломымен және Герман Демократиялық Республикасына туристік жолдамамен наградталды.

Жетекші оқытушыларымыз Л. Борошенко, Қ. Есенбаев, И. Сарбасов, М. Демин, В. Ганжара және басқалар студенттермен әңгімелесуге көп уақыттарын бөледі. Ғылыми коммунизм кафедрасының аға оқытушысы М. Демин жастарды тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің грамотасына және СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің Құрмет белгісіне ие болды. Шет тілдері кафедрасы (меңгерушісі Р. Қамзабаева) болашақ мамандардың коммунистік дүние танымын қалыптастыруға белсене қатысады. Оның жанынан интернационалдық достық клубы ашылды. Ол биылғы оқу жылында Никарагуаның тәуелсіздік күніне, Гренада жастарының елдің тәуелсіздігі үшін күресімен ынтымақтастыққа арналған митингілер өткізді.

Жыл сайын кураторлардың, студенттер советтерінің, старосталардың коммунистік тәрбие беруді жақсы жолға қою жөніндегі байқау-конкурстары өткізіледі. Мысалы, Жеңістің 40 жылдығына арналған байқау-конкурстың қорытындысында санитарлық-техникалық және өнеркәсіп-азаматтық құрылыс факультеттері жеңімпаз болып шықты.

Осының бәрі жастардың идеялық-адамгершілік тәрбиесіне, олардың саяси және еңбек белсенділігіне игі ықпал етуде. Сабақ үлгерімі жақсаруда, жыл сайын біздің шәкірттеріміз студенттеріміздің құрылыс отрядтары құрамында облыстың маңызды құрылыстарында жұмыс істейді.

И. САРБАСОВ,
Целиноград инженерлік-құрылыс институты ғылыми коммунизм кафедрасының меңгерушісі,
Г. БЕРЖАНОВА,
институттың «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының секретары.

Digitized by Google

1986 ЖЫЛҒЫ ЯНВАРЬ—ФЕВРАЛЬ АЙЛАРЫНА АРИАЛҒАН ЛЕКЦИЯЛАРДЫҢ, ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ, САЯСИ ХАБАРЛАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

КПСС Программасы — партияның басты теориялық және саяси документі.

Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет қоғамы саяси системасының негізі.

Коммунистік партия, жұмысшы табының, бүкіл халықтың партиясы — совет қоғамының басты және бағыттаушы күші, бұқараның тарихи творчествосын жігерлендіруші және ұйымдастырушы.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің концепциясы — партияның съезд қарсаңындағы документтерінің өзекті мәселесі.

Совет қоғамының дамуына қажетті сапалық өзгерістер — уақыттың шұғыл талабы.

Социалистік өзін-өзі басқарудың мәні мен одан әрі даму жолы.

Әрбір коммунистің, әрбір совет адамының партияның программалық мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы жоғары жауапкершілігі.

Он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советі төртінші сессиясының шешімдері — біздің жоспарларымыздың бейбітшіл, жасампаздық сипатының айқын көрінісі.

Материалдық және мәдени өмір дәрежесін ұдайы көтеру — партия мен мемлекеттің жоғары мақсаты.

Еңбекшілер инициативасын дамыту — адам факторын жандандырудың басты бағыттарының бірі.

КПСС XXVII съезін, Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алу, жаңа бесжылдықтың бірінші жылының жоспарын жүзеге асыру жөніндегі қауырт жұмыс — барлық еңбек коллективтерінің, әрбір қазақстандықтың биік парызы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Совет экономикасы дамуының түйінді міндеті — интенсивтендіру жолына батыл бетбұрыс жасау.

Қазақстанның халық шаруашылығы съезден съезге дейін: жетістіктер мен дамуды жеделдету резервтері.

Республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986 жылға арналған межелері, оның еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексіне қосатын үлесі.

Бейіміне қарай бірігу жастардың бос уақытын ұйымдастырудың перспективалық формасы.

Социалистік міндеттемелерді экономикалық, техникалық және идеологиялық жағынан қамтамасыз етейік.

1986 жылдың қарқыны — еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету міндеттерін шешудің негізі.

Ғылыми-техникалық прогресс — шаруашылықты интенсивтендірудің басты тұтқасы.

Біздің кәсіпорын коллективінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөнінде жүзеге асыратын шаралары.

Біздің коллективте шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларының мүмкіндіктері қалай пайдаланылуда.

Біздің кәсіпорын өнімінің сапасы және дүние жүзілік стандарттардың деңгейі.

Үнем — өндіріс өсімін ресурстармен қамтамасыз етудің негізгі көзі.

Еліміздің отын-энергетика комплексін дамытудағы Қазақстанның ролі.

Энергетика жүйелерінің үзіліссіз жұмысы — бүкіл республика халық шаруашылығының бірқалыпты жұмыс істеуінің маңызды шарты.

Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіп комплексінің құрылымы және міндеттер.

Мал мен құстың өнімділігін арттыру — мал шаруашылығы өнімін молайтудың негізгі базасы.

Егіншіліктегі интенсивті технология— тұрақты өнім негізі.

«Қыздар, трактороға отырыңдар!» деген шақыру кеңінен таралсын.

Құрылысқа — бірыңғай индустриалды процесс.

Біздің құрылыс ұйымдарымыздағы құрылыстың нормативті мерзімдері және істің нақты жағдайы.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасы коммунистік адамгершілік туралы.

Семьяның советтік өмір салтын орнықтырудағы әлеуметтік қызметінің өсуі.

Тәртіпті болу — социалистік қоғам мүшесінің ажырамас қасиеті.

Совет қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтарының ерекшеліктерін және олардың сұранымдарын ескеру — КПСС әлеуметтік саясатының мақсаты және құралы.

Саналы еңбек ету адамгершілік категориясына жатады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші тоқсанның жоспарын екі күн бұрын орындау туралы кондырмасын жүзеге асыру үшін коллективіміздің қандай резервтері бар.

Селоның әлеуметтік дамуының актуальды міндеттері.

Digitized by Google

«Салауаттылық — өмір нормасы» ұранын нақты мазмұнмен, практикалық істермен толықтырайық.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Баянды бейбітшілік — совет қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің аса маңызды шарты.

Үлгі-өнеге күші — социализмнің дүниежүзілік дамудың барысына жасайтын шешуші ықпалы.

Женева кездесуі — халықаралық өмірдегі аса ірі саяси оқиға.

СССР мен АҚШ басшылары мәлімдемесінің принципті мәні: ядролық соғыс тұтанбауға тиіс, екі мемлекет те әскери артықшылыққа жетуге ұмтылмауға міндеттенді.

Космосты милитарландыруды тоқтату — халықаралық қауіпсіздікке жету жолындағы шешуші міндет.

Әлеуметтік құрылымы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі — ядролық ғасырдағы бірден-бір парасатты альтернатив.

АҚШ әкімшілігінің — «жұлдызды соғыс» жоспарларын қолдауы — жанталаса қаруланууды бақылау жөніндегі келісім жолындағы басты тосқауыл.

Европада халықаралық ахуалдың оң бағытта дамуы — халықаралық климатты сауықтырудың пәрменді факторы.

Баянды бейбітшілікке апаратын жол — мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің бүкіл адамзатқа ортақ ұлан-ғайыр проблемаларды шешумен ұласуы.

АҚШ әскери-өнеркәсіп комплексінің пайда алу жолына түсуі — жанталаса қаруланууды ушықтырудың аса қауіпті каналдарының бірі.

Өз жолымен жүру, достары мен одақтастарын өздері таңдау — халықтардың бұлжымас, суверенді правосы.

Совет Одағының принципті бағыты — өз тәуелсіздігі жолында күресіп жатқан халықтарды қолдау.

Женева кездесуі — планетадағы бүкіл бейбітшіл күштерінің іс-қимылын жандандырудың қуатты серпіні.

Жоғары дәрежедегі совет-американ келіссөздері — АҚШ билеуші топтарының антисоветтік «күшпен» қысым жасау саясатының перспективасыздығының айқын дәлелі.

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

САПТА БОЛА БЕРЕМІЗ

Еліміздің барлық коммунистері сияқты Рудный қаласының № 2 және № 3 үй басқармалары жанындағы біздің партия ұйымымыздың мүшелері де жиналыста съезд қарсаңындағы документтер жобаларын талқылады. Партия белгілеген міндеттердің жүзеге асырылатынына берік сенімдіміз. Совет адамдарының КПСС XXVII съезіне әзірлік күндеріндегі белсенділігінің орасан зор өрлеуі бұған кепіл болады. Коммунистер осы даңқты істердің көш басында келеді. КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында: «Әрбір коммунист еңбекте және мінез-құлқында, қоғамдық өмірде және жеке басының өмірінде үлгі болуға міндетті», — деп атап көрсетілген.

Осы талапты басшылыққа ала отырып, біздің партия ұйымымыздың мүшелері әсіресе жастар тәрбиесіне көп күш жұмсай отырып, қоғамдық жұмысқа мейлінше көбірек көңіл бөлуге ұмтылады.

Біз өз арамызда «КПСС қатарында болғанына 50 жыл» белгісімен наградталған екі коммунист — Ә. А. Кәрімов пен В. М. Ягуловтың бар екенін мақтаныш етеміз. Олар көптеген өз тетелестері сияқты, үлкен өмір мектебінен өтті, Ұлы Отан соғысына қатысты. Мысалы, батырақтың баласы Әбдіхалық Ахметұлы Кәрімов 30-шы жылдарда кулактарды жоюға, колхоздар құруға қатысты, содан кейін әскерде қызмет етті. Коммунист бүкіл Ұлы Отан соғысының ауыр майдан жолдарымен өтті.

Бүгінде Ә. А. Кәрімов қаланың үгіт алаңдарында жиі сөз сөйлейді, мектеп оқушыларымен кездеседі. Өз естеліктерін ортаға салумен қатар оларға іздестіру жұмысында да көмектеседі.

Осыдан алты жыл бұрын Рудный қалалық партия комитетінің Құрмет грамотасымен наградталған соғыс және еңбек ардагері И. И. Тюрин партбюро секретары болып сайланды. Партия ұйымының жұмысы бірден жандады, жиналыстарда коммунистердің есебі, жұмыс туралы информация жиірек тыңдалатын болды.

Оның ісі көптеген партия, соғыс және еңбек ардагерлеріне үлгі болды. Мысалы Г. А. Тарасенко мен А. М. Русакова қалалық халықтық бақылау комитетінің штаттан тыс белсенді инспекторлары болып жүр.

М. А. Беда — партбюро мүшесі, көп жылдан бері үй комитетіне сайланып келеді, ол тұрғындар арасында тұрғын үй қорын ұқыпты сақтау жөніндегі үгіт жұмысын жүргізеді.

Мен өз жолдастарыммен бірге қала мектептерінде боламын, қалалық әскери комиссариатта бейбітшілік және ерлік сабақтарына, Совет Армиясы қатарына шақырылғандарды сәтті сапарға шығарып салуға қатысамын.

Біздер, партия ардагерлері, құрметті демалыста болсақ та, жеке бастың қамқаракетімен шектелуге правомыз жоқ деп есептеймін. Біздің әрқайсысымыз үшін жас ұрпақты тәрбиелеуде, тұрғылықты жерлерде үгіт алаңдарында атқаратын көп жұмыс бар.

А. КАЛМЫЧКОВ,
Ұлы Отан соғысының ардагері.
Рудный қаласы.

Digitized by Google

КАПИТАЛИЗМ: ҒЫЛЫМ АДАМҒА ҚАРСЫ

Қазіргі ғылым жетістіктері ең тапқыр фантастардың жүмбақтарынан кем таңдандырмайды. Күні кеше ғана жүзеге асыру мүмкін емес көрінетін ғылыми идеялар бүгінде өмірге берік енуде. Бұлардың өзі де күні ертеңі ана-ғұрлым жетілдірілген жасампаз ой жемісіне орын береді. Ғылым қазіргі қоғамның ажырағысыз бөлігіне, тікелей өндіргіш күшке айналды. Жыл сайын дүние жүзінде ғылыми зерттеулерге 150 миллиард доллардан астам қаржы жұмсалады, ал лабораториялар мен зерттеу орталықтарында 3 миллионға жуық ғалым мен инженер жұмыс істеуде.

Бүгін таңдағы өндірісті электроникасыз көзге елестете алмайсыз. Тіпті ол жоба кезінде де қолданылады. Түбірінен жаңа материалдар және оларды өңдеу әдістері пайда болуда. Генді инженерия, биотехнология орныгып келеді... Осының бәрі адамзаттың болашаққа сеніммен қарауына мүмкіндік беруге тиіс сияқты еді...

Алайда ғылыми-техникалық прогресс бейтарап емес. Оның бағыты, ең бастысы нәтижелерінің қолданылуы едәуір дәрежеде өзі туып, дамып отырған қоғамға тәуелді.

Капиталистік өндіріс әдісінің мақсаты,—пайда табу және оны мейлінше мол табу. Міне, Батыста ғылыми-техникалық прогресс те нақ осы мақсатқа бағындырылған. Шынында да соңғы технологиямен қаруланған яки кезекті жаңа өнім шығаруды игерген компаниялар бәсеке күресінде жеңіп шығады, жаңа рынокгарға жол ашып, өнімдерін көп өткізеді, демек пайдаға да шаш-етектен кенеледі.

Бірақ, осынау шаруашылық жүргізудің жыртқыштық әдістері, ғылыми-техникалық революция жетістіктерін өзінің ежелгі негізгі мақсатына — пайданы көбейтуге бағындыру — капитализмнің әлеуметтік-экономикалық қарама-қайшылықтарын одан әрі ұлғайтады, жұмысшы табын, барлық еңбекшілерді қанауды күшейтеді, олардың күнкөріс жағдайын да нашарлата түседі. Мұндағы басты мәселе, әрине, жұмыссыздық.

Көп уақытқа дейін жаңа техниканың қымбаттығы оны жаппай ендіруге кедергі болып келді, сондықтан ғылыми-техникалық революцияның жұмыссыздықты көбейтуге әсері аз болды. Алайда 70 жылдардың ортасынан бастап жағдай тез өзгере бастады. Микропроцессорлардың, автоматты манипуляторлардың жаппай арзандауы олардың өнеркәсіпке енуіне кең жол ашып, жұмыссыздықты көбейте түсті. Өйткені техникалық деңгейі жоғары салалар гүлденген сайын жұмысшы күші соғұрлым аз керек болады. Осыған байланысты тіпті «жұмыссыздықтың өсімі» деген түсінік пайда болды.

Жағдай мына себептен қиындай түсуде: дәстүрлі деп аталатын салалар (металлургия, тоқыма, кеме жасау) жаңа өндіріспен бәсекеге төтеп бере алмай, қуаттарды тоқтатады немесе өндірістік аппаратты қайта жарақтандырып, өз жұмысшыларын көшеге қуып шығады.

Көбіне ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін енгізуден туындаған жұмыссыздық капитал елдерінің көпшілігі үшін «бірінші номерлі» проблемаға айналды. Бұған таңдануға болмайды, өйткені «тағдыр толқынына» тасталған адамдардың саны 30 миллионға жетіп қалды, «азат дүниенің» әрбір оныншы еңбекке қабілетті азаматы еңбек биржаларының табалдырығын тоздырып жүр.

Әрине, буржуазиялық насихат бұл құбылыстың уақытша екенін дәлелдеуге бар күшін салуда, жұмысшылар басқа мамандықты игеріп, еңбек етуге мүмкіндік алады деп уәде етуде. Бірақ бұл жорамалға сенушілердің табылуы қиын. Қазір Құрама Штаттарда 35 миллион американдық ресми тіркелген «кедейлік деңгейінен» төмен өмір сүруде. Жер кепелердегі балалар, батыстың зерттеулері көрсетіп жүргеніндей, ақылойы жөнінен кеміс келеді, оқу қиын болады. Ал оларды оқытуға қаржы да жоқ екенін ескерсек, «тең мүмкіндіктер» қоғамында кедей семьяларда болашақ жұмыссыздар туатыны да түсінікті.

Адамдардың бір тобының өлшеусіз байып, екінші тобының кедейлене түсуі капитал елдерінде әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісе түсуіне әкеліп соғуда. Оларда қылмыс жасау, есірткіге салынушылық, моральдық жағынан бұзылу белең алып отыр. Мәселен, Англияда жұмыс табудан үміт үзгендердің арасында жүрек-тамыр ауруларына ұшырағандар мен өзін-өзі өлтірушілер елдегі орташа көрсеткіштен 20 процент жоғары. АҚШ-та әр екі секундта ауыр қылмыс жасалып тұрады. Монополияларға қызмет ететін ғылыми-техника-

Digitized by Google

лық прогресс бұл арада да кінәлі. Өйткені нақ соның көмегімен көпшіліктің «игілігіне» айналған телевизия мен кино жаңалығында зорлық пен террор насихатталуда.

Капитализмнің ғылыми-техникалық прогресті бүкіл адамзаттың мүддесіне пайдалануға қабілетсіздігі жетекші империалистік державалар мен капиталистік дүниенің қалған бөлігінің даму деңгейінің арасындағы алшақтықтың өсе түсуінен де анық көрінеді. Мысалы, 80-жылдардың басында Бангладеште әрбір тұрғынға келетін ұлттық табыс 100 доллардан асқан жоқ, ал Швейцарияда 12 мың долларға жетті.

1983 жылы Африканың 150 миллион тұрғыны аштықтың тақсіретін тартты. Дамушы елдерде күн сайын ауыру мен аштықтан 40 мың бала өледі. «Электроника ғасырында» жас ұлт мемлекеттері халқының үштен бір бөлігі ауыз суға қол жеткізе алмай отыр: 1,5 миллиард адам медициналық қызметтің ең қарапайым түрін де пайдалана алмайды.

Дамушы елдерге батыстағы ғылыми жетістіктердің мардымсыз бөлігі ғана тиеді. Оларға ескірген техника өткізіледі, ал өз техникасын жасап алуға бұл елдердің мүмкіндігі жоқ, өйткені олар дүние жүзіндегі ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қаржының небәрі 3 процентін ғана бөледі. 70 жылдардың соңында АҚШ-та бұл мақсатқа жыл сайын жұмсалған қаржы әр адамға шаққанда 200 доллардан келді. Ал Латын Америкасында ол 5 доллар болып, Азия мен Африканың кедей елдерінде 1 долларға да жетпеді.

Дамушы елдердің көпшілігінің жоқшылық жағдайда екеніне қарамастан империалистік державалар оларға көмектесудің орнына қанауды күшейте түсуде. Батыс «перифериясына» экологиялық жағынан лас, еңбекті көп қажет ететін өндіріс түрлерін орналастыруда. Өйткені өзгенің территориясында қымбат бағалы тазартқыш қондырғылар орнатпай-ақ қоюға болады, жұмысшыларға да ақы өте аз төленеді. Мұндай «үнемдеу» монополияларды шаш-етектен пайдаға батырады. Африкада жұмсалған әрбір доллардан корпорациялар 3—4 доллар пайда алады.

Батыс монополияларының дамушы елдердегі филиалдарында қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің сақталмауы қайғылы оқиғаларға әкеліп соғатыны да аз емес. Индияның Бхопала қаласында көптеген адамдарды қазаға ұшыратқан таяудағы трагедия — корпорациялардың қылмысты қызметінің неғұрлым жария болған мысалы ғана.

Осы заманғы империализмнің асқан жауыздығының белгісі оның бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде милитарлануы, агрессиялық бағыт ұстауы. Қаружарақ фабрикаттары мен саясатшылардың одағы ғылымның барлық сөлін сығып алып отырған жері міне осы. Бұдан, әрине қаржы аямайды, себебі әңгіме соғыс заказдарынан семіретін зеңбірек корольдерінің алар пайдасы мен сыртқы саясаттағы гегемонистік жоспарларды «материалдық» жағынан нығайту жөнінде болып отыр.

Журнал почтасынан

МЕКТЕП — БІЗДІҢ ҮЙІМІЗ, БІЗ ОНЫҢ ИЕСІМІЗ

Бірде мұғалімдердің бірі оныншы класс оқушысынан: «Сен мынадай партада қалай отырасың, орындықтың шегесі бір сантиметрдей шығып кетіпті ғой?! Ал партаның қақпағы бір ілмекпен әзер тұр» деп сұрады.

16 жасар бала ешбір қымсынбастан «Мен бұл жайында класс жетекшісіне айтқанмын» деп жауап берді.

Ал ол не істеді? Оқушыға құрал-сайманды алып, бәрін өзің түзет деген болар? Тіпті де олай емес! Оқытушы мектеп директорына партаның сынғаны туралы рапорт жазған.

Біз балаларды жеке және мектеп меншігін, коллективті түрде пайдаланылатын заттарға ұқыпты қарауға аз үйретеміз. Ұқыптылыққа балалық шақтан бастап тәрбиелеу керек. Бұл жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының Негізгі бағыттарында ерекше атап көрсетілген: «Оқушыларға экономикалық тәрбие беру еңбекке баулумен тығыз байланыста қамтамасыз етіледі. Олардың өндірістік қатынастарға практика жүзінде қосылуының, социалистік меншік, жоспар, еңбек тәртібі мен өндірістік тәртіп, жалақы туралы өмірлік мағлұматтар алуының, еңбекпен табылған ақшаны бағалай білуге үйренуі маңызды».

Мұның жолы көп. Соның бірі — КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында дамыту қажет делінген оқушылардың өзін-өзі басқаруы үлкен роль атқарады.

Мектеп реформасының идеяларын пәрменді түрде жүзеге асыра отырып, біз оқушылардың қоғам игілігіне шаруагерлікпен қарайтын болуына жетуге

Digitized by Google

АҚШ-та әрбір бесінші инженер мен төртінші ғалым-физик әскери кәсіпорындарда жұмыс істейді. 1985 жылы Р. Рейган әкімшілігі әскери саладағы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын шығындарды мұның алдындағы жылмен салыстырғанда 25,9 процентке арттырды. Демек зерттеулер мен тәжірибеге жұмсалатын барлық қаржының 72 проценті Пентагонның қажетіне беріледі.

Әскери-өнеркәсіп комплексінің лабораторияларында ракеталық қарудың жаңа түрлері жасалуда, ядролық, нейтрондық зарядтар мен оларды жеткізетін құралдар жетілдірілуде. Пентагон биотехнология мен генді инженерияның «табыстарына» көз салып отыр, олар өзін адамзатты жаппай қырып жоятын қарудың неғұрлым жетілдірілген түрімен жабдықтайды деп күтуде. Ол табиғат күштерін де өзіне одақтас етіп алмақшы, осы мақсатпен ғалымдарды сейсмикалық қауіпті аудандарда жерді сілкіндіру, вулкандарды атқылату, жағалаулық бүкіл территорияны шайып жатқан толқындарда жағалауларға бағыттау әдістерін табуға мәжбүр етуде.

Құрылықты, мұхитты, әуе кеңістігін «игерген» батыс соғысқұмарлары енді космосқа ұмтылуда. Космосты милитарландыру жөніндегі американ программасының мақсат-бағыты айқын. «Спейс Шаттл» программасының әскери мақсаты құпия болудан қалғаны қашан. Оның шеңберінде көп рет пайдаланылатын «Диска вери» космос кораблін ұшыру жүргізілуде. Лазер қондырғылары: сәуле қаруы, спутникке қарсы системалар жасалып, сынаудан өткізілуде. Космоста орналастырылатын элементтері бар ракетаға қарсы кең ауқымды қорғаныс жүйесін жасау жөніндегі зерттеу жұмыстарының өзіне ғана 1986 финанс жылына Р. Рейган әкімшілігі 37 миллиард доллар жұмсауды жоспарлады. Бұл өткен жылғыдан 3 есе дерлік көп.

Батыс дүниесіндегі әскери сипаттағы ғылыми зерттеулер материалдық және интеллектуальдық ресурстарды, бүкіл денсаулық сақтау, азық-түлік және энергетика, сондай-ақ айналадағы ортаны қорғау программалары саласындағы ғылыми-зерттеулерден де көп.

* * *

«Сылти басқан төңірі. 80-ші жылдардағы ғылым мен технология». Белгілі американ ғалымы К. Норман өз кітабын осылай атады. Капиталистік система кезінде ғылыми-техникалық революция тудыратын проблемалар мен қиыншылықтарды кеңінен зерттеген автор бұлар «жай техникалық емес, саяси, экономикалық және әлеуметтік проблемалар мен қиыншылықтар» деген қорытындыға келеді. Ғылыми-техникалық прогресс «тек таңдаулылардың қажетін етемей, жалпы көпшілікке қызмет істеуі үшін» «әлеуметтік құрылысты өзгерту» талап етіледі, деп жазады К. Норман, өйтпеген жағдайда ғылыми-техникалық прогресс адамдарға «азап пен залал» ғана әкеледі.

Бұл пікірмен келіспеуге болмайды.

М. БЕЛЯЕВ.

ұмтыламыз. Мысалы, инвентаризация (тізімге алу) кезінде комсомолец оқушыларды комиссияға қосамыз. Балалар мектеп мүлкінің қанша тұратынын, оны ұқыпты сақтаудың қаншалықты маңызды екенін, сынған парталар мен столдардың қаншалықты қымбатқа түсетінін өздері көріп біледі.

Мектеп үнем мен ұқыптылық жолындағы жарысқа қосылды. Ашық комсомол жиналысын және пионерлер жиынын өткіздік. «Мектеп — біздің үйіміз, біз — оның иесімізі», «Мебель мен кітаптарды қарындастарың мен інілерің үшін сақтандар», «Электр энергиясы — халық байлығы, оны текке шығындау — залал» деген плакаттар ілдік.

Мектеп міне 13 жыл бойы күрделі жөндеуден өткен жоқ, ал жеңіл-желпі жөндеу жұмыстарын оқушылардың өздері атқарады. Олар «Миллион — Отанға» атты операцияға белсене қатысады. Қағаз қалдықтарын жинау жөніндегі айлықтар өткіздік. Ал қазір макулатураны күн сайын жинаймыз. Әрбір класта қап бар. Қағаздардың бәрі соған салынады.

Біздің пионерлер «Дән» операциясына белсене қатысады. Олар аға пионер вожатый О. Пешковамен бірге қырманда кезекшілікке тұрып, астықты сақтауға көмектесті. Олар овощ пен картоп жинауда совхоз бақшасына да көмектеседі.

Мектебіміздің педагогтары шәкірттерді диқан еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеуге ұдайы көңіл бөліп отырады. Мысалы, «Астық біздің берекеміз» атты кеш ұзақ есте қалды. Онда совхоздың бас агрономы Н. Н. Пономаренко және таңдаулы комбайншы Н. Савенко сөз сөйледі.

Соңғы жылдары балаларға тәрбие беруде семьяның ролі елеулі түрде артты. Бұл орайда ата-аналардың балаларды семья шаруашылығына, семья бюджетін бөлуге қатысуға тартуы, оларда ақша мен заттарды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыруы маңызды. Ал мектептің міндеті — ата-аналарды балаларға экономикалық тәрбие берудің методикасымен қаруландыру.

С. БЕРЕЖНОЙ,
Қазақ ССР-інің ағарту үздігі, Фурманов атындағы орта мектептің мұғалімі.

Торғай облысы.
Жаңадала ауданы,

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

Д. А. Қонаев жолдастың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумында сөйлеген сөзі 1
Стратегиялық бағытта 6

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

А. Расулова. Табыс негізі 8
Торғай облысының еңбекшілері — съезд қарсаңындағы вахтада 10
Ж. Кәрібаев. Еңбекшілер белсенділігі артуда 12
Съезд қарсаңындағы документтер түсіндірілуде 13

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Творчестволық ізденіс — әр адамның ісі 14

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Денисов. Отынға — есеп пен бақылау 19
В. Войтюк. Республиканың әуе жолдарында 21

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Пигаваев. Өзара іс-қимыл негізінде 23

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Ж. Ыдырысбаев, Сауықтыру орындары 25

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

И. Сарбасов, Г. Бержанова. Патриоттарды өсірудеміз 26
1986 жылғы январь-февраль айларына арналған лекциялардың, әңгімелердің, саяси хабарлардың үлгі тақырыбы 27

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Беляев. Капитализм: ғылым адамға қарсы 29

1931 жылдан бері шығып келеді

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы

«Қазақстан үгітшісі», № 1, 1986.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-03, 33-80-07,

33-80-56, 33-80-73,

33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 11.12.85 г. Подп. к печати 24.12.85 г. УГ00189. Формат 80×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,2. Печать высокая. Тираж 66997 (казахское издание — 33223 экз., русское издание 33774 экз.) Заказ 109. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.


Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН

Алматы. Қазақстан рудниктерінде жұмыс істейтін жер астындағы өздігінен жүретін кен машиналарын электр қуатына ауыстыру — Қазақ ССР Ғылым академиясы кен институтының ғалымдары шешіп жатқан басты проблема. Осындай машиналардың жасалған үлгілері Жезқазған кен-металлургия комбинатының рудниктерінде сынақтан өтеді.

Суретте: институт директоры Ш. А. Балғожин (ортада) бастаған ғалымдардың бір тобы электрлі жерасты кен машиналарының жаңа үлгісін талқылауда.





Ақтөбе облысы. Жаңажол қойнауында жаңа газ өңдеу заводы іске қосылды. Мұнда мұнай заводтық сепараторлардан өтеді. Газдан тазартылған ол орталық мұнай құбырына беріледі.

Суретте: жаңа заводтың цехтары.

Суретті түсірген Е. ШЛЕЙ (ҚазТАГ)

Арқалық. Торғай облыстық тарихи-өлкетану музейі облыс орталығының көрікті орындарының бірі болып табылады. Мұнда партия, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер, пионер жиындары өткізіледі.

Суретте: музей бөлімінің меңгерушісі К. Төлепова қала оқушыларын аралатып жүр.





Целиноград. Мұнда сегізінші мамандандырылған спорт-турист құралдарының «Спорт» салоны ашылды. Спорт, жорық және саяхат әуесқойлары бұйымдардың 300-ден астам түрін ала алады.

Суретте: жаңа салонда.

ҚазТАГ-тың суреті.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЯ БЕРСІН!



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



ЕҢБЕК ЖЕҢІСІМІЗ — ПАРТИЯНЫҢ XXVII СЪЕЗІНЕ БЕРЕР РАПОРТЫМЫЗ БОЛСЫН!


Қазақстан КОММУНИСТІ

2
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Жамбыл облысы. «Қаратау» өндірістік бірлестігі экскаватор машинистерінің бригадирі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Жаңатас қаласының құрметті азаматы Қадыр Орынбаевтың есімі облысқа жақсы танымал. Ол басқаратын фосфорит өндірушілер коллективі салада таңдаулылар қатарынан саналады. Шаруашылық есепке бірінші болып ауысқан ол 5,7 мың сомның материалдарын, запас бөлшектерін және жалақы қорын үнемдеді, бесжылдық соңына қарай еңбек өнімділігін арттырды.

1985 жылдың 1 августында озық бригада он бірінші бесжылдыққа алған социалистік міндеттемелерді орындағаны туралы рапорт тапсырды, КПСС XXVII съезінің ашылар күніне дейін экскаваторшылар 1986 жылдың жоспарын орындауды ұйғарды.

Қ. Орынбаев еңбектегі орасан зор жетістіктері үшін 1985 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Суретте: Қ. Орынбаев

Суретті түсірген Г. Кошкинцев (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, біріғіңдер!

Қазақстан үгітшісі

2

1986

ЯНВАРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ

1931 жылдан бері шығып келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 2. 1986 ж.

НОМЕРДЕ:

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТРИБУНА

Н. Рахбанова. Жаңашылдық — коллективтік іс 2
Семей облысының еңбекшілері — съезд қарсаңындағы екпінді вахтада 4

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Решетников. Қазақстан съезден съезге дейін 6
А. Лапин. Мердігерлік күшті еселеуде . . . 8

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

К. Ризуанов. Партиялық ықпалды күшейтудеміз 10

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Л. Луговая. Есептегі автоклуб 11
Ә. Ахметбеков. Тыңдаушы сұрақ қояды . 12

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Б. Байтасов. Отанымыздың сенімді сақшысы . 13
Г. Көлбаев. Большевиктік сөздің күшімен . . 16

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

С. Бейсеуов. Әр жұмыс орнында 18
Ю. Пешков. Депутаттар іс үстінде 19

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

К. Елубаев. Табиғат қорғауды талап етеді . . 21
О. Керімбеков. Ата-аналармен байланыс . . 23

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

Клуб және салауаттылық 24

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Н. Сансызбаев. Бала бақшалар көбеюде . . 27

БІЗДІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯ

А. Шатковский. Соғыс ардагерлеріне қамқорлық 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

П. Тимофеев. Күрес үстінде есеюде 30

Digitized by Google



ЖАҢАШЫЛДЫҚ — КОЛЛЕКТИВТІК ІС

П. РАХБАНОВА,
Семейдің «Большевичка» өндірістік бірлестігі № 2 цехының тігіншісі, «Құрмет Белгісі» және III дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, КПСС XXVI съезінің делегаты, тәлімгер

КПСС XXVII съезіне әзірлене отырып, әр адам ертең қалай тұрып, жұмыс істейтінімізді, жастарға нені беретінімізді ойлайды. Бізді алға, ғылыми-техникалық прогрестің жаңа асуларына бастаушы жаңа бесжылдық жоспар біздің бәрімізді жаңа техниканы мейлінше кеңінен енгізуге, өндірісті автоматтандыруға мегзейді. Дегенмен бұдан адам факторының, әр кісінің творчестволық инициативасының ролі төмендемейді, қайта арта түседі.

Әдеттегідей, жұмысты енді бастаушы жас жұмысшылар болады, олардың шығарылатын өнім сапасына қойылатын өскелең барлық талаптарға қоса күн сайын мейлінше күрделі бола түскен өндірісті игеруіне тура келеді. Сондықтан тәлімгерлердің үлкен жұмыс атқаруы керек. Коммунистер осы маңызды істе инициаторлар болуға тиіс. КПСС Уставына енгізілетін өзгерістердің жобасында атап көрсетілгеніндей, партия мүшесі озық тәжірибені қолдап, таратып отыруға, жаңа, озық атаулының бәрін жақтап отыруға міндетті.

Біздің парызымыз ең алдымен мынада деп есептеймін: жастарды партия ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөнінде қойған міндеттерді шешуге бағдарлай отырып, коллективте қалыптасқан жаңашылдық дәстүрлерді алмасу. Мысалға біздің бірлестігімізді алайық. Ол өзінің өмірбаянын Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарынан бастады, сонда Харьковтен «Большевичка Украины» және Донбастан Володарский атындағы фабрикалар біздің қаламызға көшірілген еді. Олар аса қысқа мерзімде іске қосылып, мемлекеттік жоспарды үнемі асыра орындады. Қызметкерлердің бәрі тапсырмаларды атқарды, ал көпшілігі 2-3 жылдық нормаңы орындады. Біздің коллективімізде жаңа, озық істердің бәрі әрдайым қызу қосталғанын, тігіншілердің қаржының айналымын жеделдету, материалдық ресурстарды үнемдеу жолындағы, ал алпысыншы жылдары — еңбек өнімділігін 42 проценттен астам арттыруға көмектескен еңбекті ғылыми ұйымдастыруды енгізу, кейініректе өнімді әзірлеудің ақаусыз әдісін, сапаны басқарудың комплексті жүйесін енгізу жолындағы Бүкілодақтық қозғалысқа қалай белсене қатысқаны туралы айтамыз. Әрине, біздің коллективіміз тоғызыншы бесжылдықты мерзімінен бұрын орындағаны үшін Қазақ ССР-нің Құрмет алтын кітабына жазылғанын да әңгімелейміз.

Біздің өзіміз де жаңашылдар мектебінің активистерінен үлгі аламыз. Мәселен, бізде соғыстан кейінгі жылдары тігінші Кувалдинаның стахановтық мектебі осындай болды, ол үйренуші қыздарды еңбектің озық тәсілдеріне үйретті. Өзіміз міндеттеме қабылдаймыз, шәкірттеріміздің алғашқы күннен-ақ озық тәсілдерді меңгеріп, жұмыста жоғары қарқын алуына ұмтыламыз.

Коллективтік және жеке көп жылдық тәжірибенің арқасында үстіміздегі бесжылдықта мен «Әр жұмыс сағатына — жоғары қайтарым» жарысының инициаторы болдым. Жұмыстас жолдастарым мені қостады. Біз бірлесіп еңбекті ұйымдастыруды жетілдірдік, озық тәсілдерді қолдандық. Коллективті іс көп пайда беруде. 400 тігінші, мәселен, үгітші К. Мусина, тәлімгерлер З. Әлімбаева, А. Бедарева және басқалар он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын аяқтады. Менің еңбек календарымда — 1986 жылдың сентябрі. Ал 47 озат қазірдің өзінде жаңа бесжылдықтың алғашқы жылының жоспарын орындап шықты. Бұлар — № 1 филиалдың партия ұйымы секретарының орынбасары А. Бедарева, тәлімгер Г. Донкина және басқалар.

Біздің кәсіпорнымыз өзінің жобалық қуатына ертеде-ақ жетті, яғни өз мүмкіндіктерін толық пайдаланған секілді. Сонда да коллектив барған сайын жаңа резервтерді тұрақты іздестіруде.

Бізде жұмыс уақытының әр минуты есепте. Бүкіл операция жатық. Біз, мәселен, ерлер көйлектерін тігуде еңбектің ұтымды тәсілдерін меңгеріп, микроэлементті нормативтерді енгізу арқылы цехымызда технологиялық тасқынды енгіздік. Шағын механизация құралдары мен аспаптар мықтап көмектесті.

Digitized by Google



Еңбек сапасына — жұмысшы кепілдігі

«Плакат» баспасы.

Шағын істің өзінен резервтерді табуға үйрендік. Демек, өнеркәсіптік столдарды ұзартып, оның алаңын ұлғайттық, өңделетін заттарды жұмыс аймағына жақындаттық, сөйтіп адамның қимылын азайттық. Сайып келгенде, еңбек өнімділігі 1,8 процент өсті, бұйымдар сапасы артты. Коллективтегідей жұмыста осындай нақтылық пен дәлме-дәлдікке жеке дара ешқашан қол жеткізе алмайсың. Оның үстіне озат жұмысшылар, еңбек ардагерлері енетін бригада советтері әрқашан көмектеседі.

Партия ұйымы түрлі ұрпақ қызметкерлері арасында ұйымшыл коллективті жұмыс ахуалын жасау, жылы, шын пейілді қатынасты орнықтыру туралы тұрақты қамқорлық жасалады. Партия комитетінің мүшесі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері С. А. Шириявеваның председательдік етуімен тәлімгерлер советі еңбек қадамын енді бастаған тігіншілермен жұмысты жақсартуға көмектеседі. Біз үстіміздегі жылы цехымызда коллективті тәлімгерлікті алғаш ұйымдастырдық. Өндірістік практика кезінде № 7 орта кәсіптік-техникалық училище оқушыларынан екі бригада жасақтадық, ал жапсарлас желінің жұмысшылары операцияларға сәйкес тәлімгерлер болып бекітілді. Мұндай жағдайда қыздардың кәсіпті жедел игеріп, коллективке орнығатынын көрдік. Б. Бибатырова мен Л. Гребенщикованың комсомол-жастар бригадалары алғашқы коллективті тәлімгерлер болып, өз міндеттерін ойдағыдай атқаруда.

Ал үстіміздегі жылы барлығы 63 озат жұмысшы кәсіптік-техникалық училищенің түлектерін жеке қамқорлыққа алды. Бұлар — тәжірибелі тігіншілер коммунист В. Александрова, В. Симонова, В. Рожкова, В. М. Черникова, М. Галиева, сондай-ақ жас жұмысшылар З. Самалықова, Л. Литвинова және басқалар.

Жастар цехта жұмыс істеген алғашқы күннен-ақ коллективизм, жолдастық және жаңашылдық ізденістің ұмытылмас тағылымдарын алады. Қыздар өз тәлімгерлерін мақтаныш тұтады, оларға, олар арқылы бүкіл коллективке, кәсіпорынға сый-құрметпен қарайды. С. Байбағұлова нормасын 100 процент орындаушы В. Черниковамен күні кеше қатар жұмыс істеген еді, ал көрсеткіш тақтасында оның фамилиясының тұсында 103 цифры тұр. Менің қамқорлығымдағы О. Кабанцева нормасын 102 процент орындайды. Ал М. З. Мүсілімованың қамқорлығындағы К. Бабаева өнімділікті 111 процентке жеткізді.

Цехымыздың бүкіл коллективі КПСС XXVII съезін еңбекте жоғары жетістіктермен қарсы алуға ұмтылуда. Жылдық жоспардан тыс жоғары сапалы алты мыңнан астам ерлер көйлегі шығарылды, ал съезд ашылатын күнге дейін тағы да 600-ден астам көйлек өндіріледі.

Он екінші бесжылдықта жаңа фабриканың құрылысы белгіленуде. Біз де жаңа жабдықтарды, жаңа технологияны игеруге әзірленудеміз.

Digitized by Google

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ—

Партияның съезд қарсаңындағы тарихи документтері Семей облысы еңбекшілерінде бірауызды мақұлдау, зор еңбек және саяси өрлеу тудырды. КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жолындағы жарыс ұлғая түсуде.

Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде облыс экономикасы мен мәдениетінде елеулі өзгерістер болды. Түсті металлургияда өнімді өткізу мөлшері 1,8 есе, электр-техника өнеркәсібінде — 1,7 есе, жергілікті өнеркәсіпте — 1,3 есе өсті. Сондай-ақ машина жасау мен металл өңдеу, ағаш, ағаш өңдеу, ұн-құрама жем және полиграфия өнеркәсібі жедел қарқынмен дамыды. Жыл сайын өнеркәсіп бұйымдарының төрттен бірі және халық тұтынатын товарлардың тең жартысынан астамы жаңарып отырды.

Бес жыл ішінде Қазақ кабель заводында, Рубцовск машина жасау заводының филиалында жаңа корпустар, Кожмехобъединениеде тон филиалының корпусы, Жезкент кенбайыту мен Бақыршық кен-металлургия комбинаттарының бірқатар қуаттары мен объектілері берілді. Аягөз—Баршатас радио желісі, 1 миллион үйрекке арналған құс фабрикасы, мал шаруашылығы комплекстері, элеваторлар тапсырылды.

Дәнді дақылдардың интенсивті технологиясын кеңінен енгізуге бағдар ұсталды, ол Новошульба ауданында өте-мөте табысты жүргізілуде, мұнда екі жыл ішінде мемлекетке жоспардан тыс 17 мың тонна астық тапсырылды.

Абай ауданының еңбекшілері бесжылдықты ет өндіру жөнінен мерзімінен бұрын аяқтады, ол Бүкілодақтық социалистік жарыста төрт рет қатарынан бірінші орын алды. Абай аудандық партия ұйымының жұмыс тәжірибесін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдады.

Осы тұста 130 еңбекші тұрғын үй жағдайын жақсартты, 5,5 мың орындық бала бақша тапсырылды.

Он екінші бесжылдықта облыс еңбекшілері алдында үлкен міндеттер тұр. 1986 жылдың өзінде ғылыми-техникалық прогресті енгізу негізінде еңбек өнімділігін арттыру есебінен өнеркәсіп өнімдері өсімінің 80 процентін алуға тура келеді. Ауыл шаруашылығында астық, жемшөп және егіншіліктің басқа өнімдерін өндіру шұғыл артады.

МАЛШЫЛАР ТАБЫСЫ

«Пограничный» совхозының партия комитеті мал тұқымының сапасын жақсартуға, мал бордақылауды жетілдіруге коллективті үнем бағдарлайды. Тәулігіне 40 тонна сұйық жем мен 160 тонна жемшөп қоспасын әзірлейтін жемшөп цехы мен бордақылау алаңы салынды. Қазақтың ақбас сиырлары тұқымының ірі қара фермасы тұқымдық мал фермалары қатарына ауыстырылды. Шаруашылық міне бірқатар жыл бойы ет пен жүн өндіру жөнінен жетекші орын алып келеді.

Совхоз коллективі КПСС XXVII съезі құрметіндегі екпінді еңбек вахтасы күндерінде он бірінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны туралы рапорт берді, сөйтіп мемлекетке жоспардағы 30.350 центнердің орнына 32.733 центнер ірі қара мен қой етін сатты.

Шаруашылық бес жыл ішінде 42.800-ден астам қозы мен лақ яғни әр жүз малдан жоспардағы 94 төлдің орнына 106 төл алды. Озат шопандар К. Естаев, М. Ласпаев, А. Қозыбаев тиісінше 130, 120, 114, қозыдан, К. Оспанов әр жүз ешкіден 117 лақтан алды.

Интенсивті бордақылау арқасында өгізшелердің тапсыру салмағы жоспардағы 353 килограмның орнына 454 килограмм құрады. Бақташы М. Сембаев осы салмақты 5 центнерге, ал А. Жайырбаев 531 килограмға жеткізді.

Бұл күндері бірінші тоқсанның жоспарын КПСС XXVII съезі ашылғанға дейін, жарты жылдық жоспарды 1 апрельге дейін орындау жолында жарыс өтуде.

ЖАҢА ТЕХНИКА НЕГІЗІНДЕ

№ 1 құрастырмалы темір-бетон комбинатында жұмыс істеп тұрған өндіріс жағдайында жұмыс орнын аттестациялау мен жетілдіру жүргізілуде. Мұның нәтижесінде алаңды ұлғайтпай және жұмыс істеушілер санын көбейтпей-ақ өнім шығару өседі.

Кәсіпорын учаскелерінің бәрінде айтарлықтай өзгерістер болуда. Арматура цехында пластикалық тасымалдағышты енгізгеннен кейін қол еңбегін қысқартуға сәйкес дайындама бөлшектерді әзірлеу учаскесінде еңбек өнімділігі 10 процентті өсті. Ірі панельді үй құрылысы цехында сыртқы қабырғалық панельдер каркасын контактылы-дәлмедәлдікте дәнекерлеуді игергеннен кейін 12 адам босады. Ал пневматиканы енгізуге орай бетон араластыру цехында 3 мөлшерлеуші босады. Сонымен бірге бетондық қоспа мен арматура сапасы артты.

Digitized by Google

СЪЕЗД ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЕКПІНДІ ВАХТАДА

Семей облыстық орман шаруашылығы басқармасының Канонер механикаландырылған орман шаруашылығының трактористі-машинисі, III дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері В. Е. Бабушкин толық қайтарыммен, творчестволықпен еңбек етеді. Қаншама рационализаторлық ұсыныстар енгізді. Ол техникаға ұқыпты қарау, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану есебінен жыл сайын 60 гектар алаңға орман дақылдарын отырғызады, мұның өзі нормадан екі есе асып түседі. Ол бесжылдықтың басынан бері 2 мың сомнан астам дизель отынын, сондай-ақ трактордың жөндеу аралық жұмыс мерзімін ұлғайту, механизмдерді барынша пайдалану есебінен қаншама запас бөлшектер, детальдар үнемдеді.

Еңбектегі аса үздік жетістіктері үшін В. Е. Бабушкинге 1985 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.



Суретте: В. Е. Бабушкин орман шаруашылығының жас механизаторлары арасында тұр.

ҮГІТ ПОЕЗЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

Семей Ертісі комсомолецтері мен жастарына алғаш рет ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Ленин комсомолы» үгіт поезының жұмысына қатысудың құрметті правосы берілді. Көркем-насихат тобын Үржар аудандық комсомол комитетінің екінші секретары Г. Жоламанов басқарды. Оның құрамына облыстық комсомол комитетінің штаттан тыс лекторы А. Тоқманов, сондай-ақ патриоттық әндерді орындаудың Бүкілодақтық байқауының дипломанты — Үржар аудандық мәдениет үйінің «Лотос» вокальды-аспаптар ансамблі, би тобы және үрмелі аспаптар ансамблі енді.

Үгіт поезының маршруты орта Урал бойы арқылы өтті. Свердлов облысында заводтардың және фабрикалардың, совхоздардың еңбек коллективтерімен, оқу орындарының жастарымен, Совет Армиясы жауынгерлерімен кездесті.

СӨЗІМЕН ӘРІ ІСІМЕН ӨНЕГЕЛІ

Үгітші Е. Черникова — Көкпекті ауданының Буденный атындағы совхозының озат шошқа өсірушісі. Ол сөзімен және ісімен жұмыстас жолдастарын өз соңынан ілестіреді, тәжірибесін олармен еркін алмасады. Ол басқаратын звено жоспардағы 18.255 торайдың орнына 22.420 торай алды. Мұның өзі өткен жылдың ноябрінде он бірінші бесжылдықты орындағаны туралы рапорт берген ферма коллективінің жетістігіне қосылған сүбелі үлес.

ЖОСПАРДАН ТЫС ҮЙЛЕР

Соңғы бес жыл ішінде Аягөз ауданында 2 мыңнан астам семья тұрғын үй жағдайларын жақсартты. Мұнда тұрғын үй құрылысы жөніндегі бесжылдық жоспар және 1985 жылдың жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Өткен жылғы ноябрь айы күндерінде-ақ жоспардан тыс 1 мың шаршы метрден астам үй тапсырылды.

АВИАТОРЛАР РЕЗЕРВІ

Семей авиакәсіпорнының коллективі инициативаның, резервтерді творчестволықпен іздестірудің арқасында он бірінші бесжылдықты мерзімінен бұрын бір жарым ай бұрын орындады.

Осы резервтер мынадай: диспетчерлік службаның жолаушылар сұранымын оперативті зерттеу арқылы транспортты барынша жүктелімге қою, маршруттарды «түзету», жел бағытының өзін іскер пайдалану, жүкті жеткізу барысындағы ыңғайлы шешімдер, танапты әуеден өңдеу барысында прогрестік агротехникалық әдістерді пайдалану «АН-2» самолетінің командирі Ю. Давыдкин он екінші бесжылдықтың үшінші жылы есебіне еңбек етеді. Озаттар қатарында тәжірибелі мамандар, жастар төлмгерлері, қалалық партия конференциясының делегаты, авиатехник Б. Райханов, командирлер В. Козуб, К. Жұмашев, А. Переведенцев, сондай-ақ жас инженер Ю. Соколов және басқа көптеген адамдар бар.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН СЪЕЗДЕН СЪЕЗГЕ ДЕЙІН

(ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР)

КПСС XXVI съезі мен Қазақстан Компартиясы XV съезінен кейін өткен бес жыл ішінде Советтік Қазақстанның экономикалық потенциалы айтарлықтай өсті, халықтың материалдық және мәдени дәрежесін одан әрі арттыру қамтамасыз етілді.

Басқару мен шаруашылықты жүргізуді жетілдіру, халық шаруашылығының барлық буынында тәртіпті, ұйымшылдықты нығайту жөніндегі шаралардың зор маңызы болды.

Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және басқа салаларда шаруашылық дербестілікті кеңейтуге, кәсіпорындар мен бірлестіктердің жауапкершілігін күшейтуге, осының негізінде өндірістің мейлінше жоғары түпкі нәтижелеріне жетуге бағытталған экономикалық эксперименттер жүзеге асырылды. Ең алдымен бригадалық мердігерлікке негізделген еңбекті коллективті ұйымдастырып, ынталандырудың тиімді формалары мен әдістері одан әрі дамытылып, таратылды.

Республика еңбекшілерінің қол жеткізген халық шаруашылығының өсімі экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық бағытында одан әрі ілгері жылжу үшін тиянақты база жасауды қамтамасыз етуде. Халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін одан әрі арттыру қамтамасыз етілді.

◆ Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде негізгі өндірістік қорлар 67,6 миллиард сомнан 91 миллиард сомға, немесе 34,7 процентке көбейді.[1] Ұлттық табыс (өндірілген) 1980 жылғы 19,4 миллиард сомнан 1985 жылы 20,8 миллиард сомға дейін өсті.

◆ Экономиканың жетекші саласы — өнеркәсіп одан әрі дамыды. Бес жыл ішінде оның өнімдерінің өсімі 19 процент, соның ішінде өндіріс құралдарын өндіру («А» тобы) — 18,8 процент, ал тұтыну бұйымдарын өндіру («Б» тобы) — 17,1 процент құрады.

◆ Бес жыл ішінде электр энергиясын өндіру 61,5 миллиард киловатт сағаттан 80,3 миллиард киловатт-сағатқа дейін (30,5 процент), көмір қазу 115,4 миллион тоннадан 129,8 миллион тоннаға (12.5 процентке) дейін, мұнай 15,3 процентке дейін өсті, қара металл прокатын шығару 1980 жылғы 4,1 миллион тоннадан 1985 жылы 4,3 миллион тоннаға дейін көбейді.

◆ Сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп салаларында елеулі прогрестік ілгерілеушілік болды. Мәселен, республикада съездер аралығында мақта-маталарын шығару 16 процент, ал жібек маталары —2,8 есе көбейді, тоқылмайтын материалдар, кілем және кілем бұйымдарын, шұлық-ұйық өнімдерін, трикотаж, аяқ киім өндіру өсті. Республикада мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы тауарлар өндіру өте-мөте жедел қарқынмен дамыды. Бес жыл ішінде өсім 72 процент құрады, егер 1980 жылы республикада 513,42 миллион сомның (бөлшек бағамен) осындай тауарлары өндірілсе, енді 1985 жылы 882,9 миллион сомның товары шығарылды.

◆ Партияның аграрлық саясаты мүлтіксіз жүзеге асырылуда, республиканың Азық-түлік программасы дәйекті түрде атқарылуда. 1985 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 9 миллиард сомнан асты. Тірідей салмақпен ет өндіру жылына орта есеппен (1976—1980) 1,7 миллион тоннадан 1981 — 1985 жылдары 1,9 миллион тоннаға дейін, сүт тиісінше 4,37 миллион тоннадан 4,60 миллион тоннаға дейін, жұмыртқа 3,2 миллиардтан 3,6 миллиардқа дейін артты.

◆ 1985 жылы мемлекеттік күрделі қаржы есебінен тұтасынан Қазақ ССР бойынша 8 миллиард сомның, ал бесжылдық ішінде 35,2 миллиард сомның негізгі қоры іске қосылды.

◆ 1981—1985 жылдары 400-ге жуық ірі өнеркәсіп орны, цех пен өндіріс іске қосылды. Олардың ішінде Екібастұздың № 1 мемлекеттік аймақтық электр станциясы, Екібастұз — Урал ЛЭП—1150, Шымкент мұнай өңдеу заводы, Қарағанды металлургия комбинатында қаңылтыр цехының бірінші кезегі, Краснооктябрьск руда басқармасында боксит, Жезқазған кен- металлургия комбинатында мыс рудасын, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының Қоржынкөл руднигінде темір рудасын қазу жөніндегі, Жаңа Жамбыл фосфор заводында сары фосфор, Қостанай химиялық талшық заводында химиялық талшық, «Чимкентшина» бірлестігінде шина, «Казахсельмаш» пен «Целиноградсельмаш» заводтарында ауыл шаруашылық машиналарын, «Казахкабель» заводында кабель өнімдерін өндіру жөніндегі қуаттар, Павлодар —Шымкент ірі мұнай құбыры, Петропавл, Зырян, Павлодар және Балқаш қалаларында тігін фабрикалары,

[1] **Мұнда және одан әрі тұтасынан он бірінші бесжылдық ішіндегі көрсеткіштер шамамен алынды.**

Digitized by Google



Жезқазған облысы. Ленин орденді Балқаш кен-металлургия комбинаты мыс балқыту заводының еңбек коллективі «КПСС XXVII съезіне — 27 өкпінді он күндік» ұранымен еліміз коммунистерінің форумын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен ерістетті. Коммунист А. Қайрақбаев басқаратын конверторшылар сменасы жарыста талай мәрте жеңімпаз болды.

Суретте: конверторшылар М. Беймебетов, С. Демидов, В. Лейгин, смена мастері А. Қайрақбаев және аға конверторшы К. Алин.

ҚазТАГ суреті.

Қостанай қаласындағы аяқ киім фабрикасы, Қызылорданың тоқылмайтын материалдар фабрикасы, Өскемен қалалық сүт заводы, Қарағандының наубайхана комбинаты және басқа бірқатар кәсіпорындар бар.

◆ Транспорт пен байланыстың барлық түрі одан әрі дамытылды. Темір жол транспортының жүк айналымы 354,4 миллиард тонна-километрден 384,6 миллиард тонна-километрге дейін немесе 8,5 процент өсті. Республикада транспорт кәсіпорындарының техникалық жарақтануы елеулі түрде артты. Қатқақ автомобиль жолдары бес жыл ішінде 7,6 мың километрге ұзарып, 1985 жылдың соңына қарай 77,8 мың километрге жетті. Республиканың қарауындағы автомобиль транспорты атқаратын жүк айналымы 1981—1985 жылдар ішінде 24 проценттей көбейді.

◆ Байланыс өнімдерінің көлемі 1980 жылғы өсімге қарағанда 27,8 процент болады деп күтілуде. Қалалық телефон станцияларында 2,4 миллион номер, 10 телевизия станциясы іске қосылды.

◆ 1985 жылы республикада еңбек өнімділігін арттыру есебінен өнеркәсіп өнімдері жылдық өсімінің 76 проценттен астамы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бүкіл өсімі және құрылыс-монтаж жұмыстары өсімінің 93 проценті алынады деп күтілуде.

◆ Съездер аралығындағы тұста республика экономикасын өрге бастыру мен оның тиімділігін арттыру негізінде халықтың материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесі қыруар артты. Халықтың нақты табысы 7,4 процент көбейді, жұмысшылар мен қызметшілердің айлық орташа жалақысы 11,8 процент өсіп, 1985 жылы 185,3 сомға жетті. Қоғамдық шаруашылықта колхозшылар еңбегіне ақы төлеу 13 процент артып, 157 сом құрады. Тұрғындардың қоғамдық тұтыну қорларынан алатын төлемдері мен жеңілдіктері 1980 жылғы 6,05 миллиард сомнан 1985 жылы 7,4 миллиард сомға дейін, ал жан басына шаққанда тиісінше 404,5 сомнан 465,7 сомға дейін, немесе 15,1 процент көбейді.

◆ Республикада тұрғын үй проблемасы дәйекті шешілуде. 1985 жылы жалпы алаңы 6,6 миллион шаршы метр, ал тұтасынан бесжылдық ішінде 31,5 миллион шаршы метрдей тұрғын үй берілді, мұның өзі әрбір алтыншы семьяның дерлік тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмектесті.

◆ Тұрғындардың көптеген тауарлар мен қызметтерге деген қажеті толығынан қанағаттандырыла бастады. Овощ, жеміс, жұмыртқа, ет және тағам үшін аса бағалы басқа өнімдерді тұтыну көбейді. Республиканың бөлшек товар айналымы бесжылдық ішінде 13,5 процент өсті. Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету мөлшері 1980 жылғы 370 миллион сомнан 1985 жылы 502 миллион сомға дейін (35,6 процент), ал бір тұрғынға шаққанда тиісінше 24 сом 74 тиыннан 31 сом 44 тиынға дейін көбейді.

◆ Съездер аралығындағы кезеңде республикада халыққа медициналық қызмет көрсету, тынығу жағдайы жақсарды. Демек аурухана төсектерінің саны 195,8 мыңнан 214,7 мыңға дейін көбейді, ал 10.000 мың тұрғынға шаққанда дәрігерлер саны бес жыл ішінде 31,7 адамнан 37,2 адамға дейін өсті.

◆ Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөнінен қыруар шаралар жүргізілді Мәселен, айналымды және дәйекті пайдаланылатын су көлемі тұтасынан республика бойынша екі еседен астам, жақсартылған жерлер — 2,4 есе, ескірген заттарды дайындау 26,1 процент көбейді

◆ Халық ағарту жүйесі одан әрі дамытылды, жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасын жүзеге асыру басталды. Мәдениет пен өнер одан әрі дамытылды.

Әзірлеген
А. РЕШЕТНИКОВ,
экономика ғылымының кандидаты.

Digitized by Google

МЕРДІГЕРЛІК КҮШТІ ЕСЕЛЕУДЕ

— Петр Реймер істің адамы. Бір бесжылдық ішінде оның екеуін орындауды ұйғарды және резервтерді де тапты...» — деп әңгімеледі еңбекті ғылыми ұйымдастыру бөлімінің бастығы И. А. Колесников біз Жетісайға келе жатқан кезде Жетісай автотранспорт кәсіпорнының жүргізушілер бригадирі туралы. — Мысалы, техника мүмкіндіктері сияқты резервті алайық. Қайсыбір жүргізуші жаңа КамАЗ-ды алысымен-ақ машина қатардан шыққанша бірден барынша жүктелімге қояды. Реймер ондай адам емес. Оған КамАЗ-ға ауысуды ұсынған кезде ол машинаға отырды да жүріп кетті деп ойлайсыз ба? Олай емес, оны машиналар тұратын орынға қойды, халатын киді, нұсқау-ережені алып, екі жұмыс күні, оған қоса сенбі және жексенбі күндері барлық тораптар мен детальдарды қарап, тексеріп шықты. Оның есесіне егін жинау кезінде біреудің тежегіш жүйесі қиылыспай қалса, бірден Реймерге жүгіреді. Ол қазір де КамАЗ туралы кітабын қолынан тастамайды. Ол двигательді ауыстырмас бұрын өзінің машинасымен 250 мың километрден астам жол жүрді...

Петр Яковлевич істің мәніне қанықканды жақсы көреді. Оның бұл қасиеті коллектив жұмыстың мердігерлік әдісіне ауысу кезінде айқын байқалды. Ол жаңа әдіске ауысуды Қарағандыға барудан бастады, бүкіл елімізге әйгілі жүргізушілер Денкктің, Мирчевтің қалай жұмыс істейтінін көрді, сонда көкшетаулық атақты шофер Қожантаевпен кездесті. Өзі осы тәжірибе алмасу туралы қысқа ғана айтты:

— Мердігерлік сырына қанықтым.

Сол сапардан кейін ол автотранспорт кәсіпорнының басшыларымен жаңа әдістің барлық пайдалы және осал жақтарын есептеп, содан соң оны өздерінде енгізуді бастады. Карьерлерден шикізат, ал цехтан дайын өнімді тұтынушыларға тасу үшін Жетісай асфальт-бетон цехымен шарт жасасты. Карьер — цех — тұтынушы деген белгілі технологиялық цикл қалыптасты. Дегенмен ол осы ұсақ-түйегіне дейін қамтылған тасымалдау технологиясының өзінен резервті тапты. Кейде асфальтты қабылдаушыда кері жеткізілетін жүк болады. Сонда бригадир онымен қысқа мерзімді шарт жасасады. Соның нәтижесінде кейбір күндерде және айларда парктің пайдалану коэффициенті 0,9-ға жетеді, яғни автомобиль ешқашан дерлік жүксіз жүрмейді.

Реймердің өзі мердігерлікпен жұмыс істегеннен бері оның жалынды насихатшысына айналды. Ол экономикалық мектеп сабақтарында жиі сөз сөйлейді. Оның тәжірибесі автомобиль басқармасы шығарған плакаттарда баяндалды. Петр Яковлевич өткен жылы Шымкентте өткен бригадалық мердігерлік жөніндегі облыстық семинарда осы жайлы әңгімеледі. Сонда да оның еңбегінің нәтижелері жаңаша жұмыс істеуді бәрінен де жақсы үгіттейді. Озат жүргізуші 1985 жылғы сентябрьде екі бесжылдық жоспарды орындады, қазір ол тасырмадан озық еңбек етуде.

Әрине, істі ұйымдастыруды оның бригадасындағыдай күйінде қайталау қиын. Бірақ кейбір сәттерді барлық автомобилшілердің қабылдауының артықшылығы болмас еді. Айталық, мұнда тұтынушылармен қарым-қатынас қалай қалыптасуда? Тиеу-түсіру механизмдерінің жиі бұзылатыны құпия емес. Сол кезде автомобильдер тоқтап қалады, жүргізушілер алаңдайды, актілер жазылады. Алайда, бұл іске онша көмектеспейді. Реймер оны қашан жөндейді деп күтіп отырмайды. Егер қажет болса, ол экскаваторға қажет детальды алып келеді, ақауды жоюға да көмектеседі. Бұл жерде карьер еңбеккерлері де оған жағдай жасайды, оның бригадасының машиналарына жүк тиемейінше түскі асқа кетпейді. Ал егер елеулі ақауды жөндеу ұзаққа созылатын болса, ол жігіттерін өзін танитын келесі бір карьерге алып келеді.

Бригадада жұмыстың есебі мен бақылауы тиянақты жүргізіледі. Петр Яковлевич оларсыз ешқандай, тіпті ең таңдаулы әдістің өзі қайтарым бермейтінін біледі. Кейде таңертең бригадирдің өзі бақылау-техникалық пунктте тұрып, барлық автомобильдердің дер кезінде жолға шығуын қадағалайды, бір сапар жасағаннан кейін барлық мезгілі жеткен мәселелерді бас инженермен, колонна бастығымен шешу үшін автомобиль кәсіпорнына міндетті түрде соғады.

Иә, жол бойында да бақылау жасаудан бас тартпайды. Оның КамАЗ-ы үнемі бәрінің соңында жүреді. Егер біреудің автомобилі тоқтап қалса, бригадир не болғанын міндетті түрде сұрап, көмектеседі.

Кешке қарай бір күннің қорытындылары шығарылады. Мұнда кімнің қалай жұмыс істегені бірден айқын болады. Ұқыпсыздардан қатаң сұралады. Мынадай оқиға болды: жас жүргізуші түнде ішкен ішімдіктің буымен таңертең жұмысқа шықты. Бригада оны машинадан бір айға босатып, слесарьлыққа ауыстыруды ұйғарды.

Бұл бәріне бірдей ұнаған жоқ. Бірақ бригадир тиісті қатаңдық көрсетті. Жалақы да өз ролін атқарады.

Digitized by Google

Әйтсе де одан маңыздысы бар. Мұнда бригадир мен коллектив советінің талапкерлігі арқасында мықты адамгершілік микроахуал қалыптасты. Ал мұндай жағдай болса, сөзіне сенімді адамның, білікті маманның жұмыс істеуі жеңілдейді. Тәртіп төмен жерлерде жақсы еңбеккерлердің ортақ іс үшін, кейде өзі үшін де, қыдырымпаз үшін де, маскүнем үшін де жоспарды орындауына тура келетінін жасыруға болмайды.

Бір көрініс алайық. Бригада құрылған кезде бірнеше жақсы жүргізуші кетіп қалды — теңгермешіліктен хауіптенді. Бірақ кейін бригадалық мердігерліктің «Әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принципті толық жүзеге асыратынын түсініп, коллективке қайтып оралуға өтініш жасады.

Әрине, мердігерлік туралы әңгімелей отырып, басқа бір маңызды резерв — тіркемелерді пайдалану туралы айтпауға болмайды. Мұнда Реймердің өзі және байырғы басқа жүргізушілер екі тіркемесі бар машиналарды жүргізеді. Сондай-ақ жастардың көпшілігі өздерінің автопоездарын үлкейтуге әзірленуде.

Мұнда тіркемелерді ұқыпты ұстайды, оларды мұқият күтіп, дер кезінде жөндеп отырады. Жетісай автомобиль транспорты кәсіпорнындағы өндірістік-техникалық база онша қуатты емес, сондықтан да оларды жөндейтін жеке учаске жоқ. Әйтсе де Реймер бұл жағдайдан шығу жолын таба білді. Бригадада тіркемелерді жөндеумен тәжірибелі дәнекерлеуші айналысты, жоспарды орындау барысында оған да жүргізушілерге төленетін жалпы қордан сыйлық бірлетін болды.

Жетекшінің өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің де зор мәні бар. П. Я. Реймер бұл туралы былай дейді:

— Бригадирдің қолында адамдарға ықпал етудің экономикалық тұтқасы бар. Алайда, егер соны ғана пайдаланса, табысқа жету қиын. Қайсыбіреудің қатарға қосылуы үшін ақшалай табысын ықшамдаған, ал кейбіреулермен ашық сырласып, жұмысқа қырсыздығының себебін сұрап білген жөн. Бригадирдің адамның жеке өзін ескеруі қажет. Сонда ешбір қиындық қауіпті емес. Біз жыл сайын облыс егіншілерінің егін жинауына көмектесеміз. Уақытпен санаспаймыз.

Мұнда да адамдарымызда өндіріс иесі, ел иесі сезімі айқын көрінеді.

Осы сөздер орақ жұмыстары қарсаңында айтылған еді. Ал орақ науқаны басталғанда П. Я. Реймер бригадасының бір бөлігі шаруашылықтардың астық тасуына көмектесу үшін Ақтөбе облысына барды. Автомобиль басқармасы атына апта сайын телеграмма түсіп жатты: Жетісайдан келген автомобильшілер егін жинаумен айналысушы жүргізушілер арасында алда келеді.

Мұнда да жүргізушілерге еңбекті ұйымдастырудың прогрестік түрі көмектесті.

Ең бастысы, мердігерлік адамдарды коллектившілдік, өзара көмек және өзара талапшылдық сезімдері сияқты қасиеттерге тәрбиелейді. Ол адамдарды белсенді ете түседі. Қазір Реймердің бригадасында жаңа коллективтердің жетекшілері болуға қабілетті жүргізушілер бар. Г. Прокулевич, Н. Поляков, В. Рокотянский, Л. Зоммерфельд өз істерінің нағыз шеберлеріне айналды.

Адамдарда осындай қасиеттердің пайда болуының өзі мердігерлік жөніндегі жұмыстың басты қорытындысы болып табылады. Ал мұның өзі жоспарлардың толық және асыра орындалуын қамтамасыз етеді.

А. ЛАПИН.

Қалдықтардан жасалуда

◆ Қайталама материалдық ресурстарды айналымға тарту экономикалық сүбелі тиімділік береді. Өткен жылы ғана Алматы мен облыстың өнеркәсіп орындары өндіріс қалдықтарынан 8 миллион сомның дерлік бұйымдарын, соның ішінде 3,7 миллион сомның халық тұтынатын тауарларын өндірді. Биыл осы сома айтарлықтай өсіп келеді.

◆ Алматы мех комбинаты іс жүзінде қалдықсыз технология бойынша жұмыс істейді. Мұнда ай сайын мех қиындыларынан 60 мың сомның кеңінен тұтынылатын тауарларын жасайды.

◆ Алматы кілем фабрикасы, мақтамата комбинаты, тоқылмайтын материалдар фабрикасы, Ф. Э. Дзержинский атындағы трикотаж бірлестігі, «Кітап» бірлестігі, Қарғалы шұға комбинаты ай сайын қайталама шикізаттан ондаған, жүздеген мың сомның бұйымын шығарады. Бұлар — көйлектер мен тоқыма көйлектер, бешпеттер, құлақшындар, кітаптар мен балалар ойыншықтары.

◆ Облыстың 176 кәсіпорны мен ұйымында алғашқы ресурстарды ұқсатудан қалған қалдықтарды анықтау жүргізілді. Мұнда қайталама шикізаттың бәрі қайтадан айналымға қосылуда. Сондай-ақ үстіміздегі жылы үнемделген материалдармен және энергиямен екі күн жұмыс істеу бастамасы Алматы мен облыс еңбеккерлерінде кеңінен үндестік тапты.

Digitized by Google

ПАРТИЯЛЫҚ ЫҚПАЛДЫ КҮШЕЙТУДЕМІЗ

К. РИЗУАНОВ,
Гурьев облысы Қазақстан Компартиясы Индер аудандық комитетінің екінші секретары

Біздің ауданымызда 55 шалғай шағын елді мекен, 12 отарлы мал шаруашылығы учаскесі (олардың көпшілігі тіпті ауданнан тысқары — теңіз жағалауында орналасқан) бар. Мұнда 4 мыңға жуық адам тұрып, еңбек етеді. Олардың жұмысы жеңіл емес, тұрмыстық жағдайлары күрделі. Мұның өзі партия, совет, қоғамдық ұйымдардан адамдардың қажеттеріне, сұранымдарына айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Шалғай мал шаруашылығы жағдайында жұмыс істейтін әр коллективті әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарын орындауда адам факторы шешуші маңыз алуда. Ауданның идеология қызметкерлері әр адамды, коллективті, семьяны партиялық ықпалмен қамтуды өзінің парызы деп есептейді.

Үгіт сөзі — партия саясатын түсіндіруде, оның шешімдерін орындауға еңбекшілерді жұмылдыруда қуатты құрал. Үгіт-насихат топтары шалғай мал шаруашылығы учаскелерінде партияның съезд қарсаңындағы документтерін түсіндіру жөнінен үлкен жұмыс жүргізді, насихатшылармен осы тақырыпта семинар өткізілді.

Аудандық партия комитеті, аудандық Советтің атқару комитеті бұқаралық-саяси жұмысты жетілдіріп, шағын елді мекендер мен шалғай мал шаруашылығы учаскелерінің тұрғындарына мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетеді.

Демек өткен жылы аудандық партия комитетінің пленумында Жамбыл атындағы совхоздың директоры М. Бақтығалиевтің шаруашылық еңбеккерлері арасындағы саяси-тәрбие жұмысына қатысуы туралы есебі тыңдалды, ал аудандық партия комитетінің бюросында осы совхоздың партия комитетінің коллективте және тұрғылықты жер бойынша үгіт-бұқаралық жұмысқа басшылық жасау жөніндегі жұмысы талқыланды.

Мұндай жұмыс бұқаралық-саяси қызметтің барлық жағына елеулі ықпал жасауда. Жамбыл атындағы совхозда ол 3 үгіт үйінде, 5 қызыл мүйісте, 3 малшылар үйінде мақсатты жүргізіледі. Ал олардың бәрі шалғай пункттерде орналасқан. Озат малшылар, үгітшілер мен саяси хабаршылар С. Сұлтанғалиев, К. Шәлкенов, Е. Тәженов, А. Бүрәлиев, Е. Ержанов және басқалар сөздерімен және істерімен өз жолдастарын ілгері бастап келеді. Олардың инициативасы бойынша совхозда селолық мектепті бітірушілер есебінен сауыншылардың «Толқын» және «Ақбота» комсомол-жастар бригадалары ұйымдастырылды, олар ға жүзден астам інген бекітілген.

Шаруашылықта малшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарды. Өткен жылы ғана 100 километрге жуық электр желісі тартылды. Мал шаруашылығы орындарының көпшілігі энергетика жүйесіне қосылды. Енді мұндағы тұрғындар үлкен елді мекендерден шалғаймыз деп сезінбейді. Олардың жанында семьяларының болуы өте-мөте маңызды ғой. Мәселен, совхоздың Құрылыс ауылында бұрын бастауыш мектеп қана болды. Қазір малшылар балалары үшін интернаты бар 8 жылдық мектеп жұмыс істейді, кітапханасы бар клуб салынды, медициналық пункт, магазин, монша, байланыс бөлімшесі жұмыс істейді. Телефон байланысы орнатылды, үйлерде радио нүктелері бар.

Бұқаралық-саяси жұмыс жетілдірілуде. Педагогтар жоғары класс оқушыларымен бірге жергілікті суретшінің жобасы бойынша ауылда Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жерлестеріне ескерткіш орнатты. Енді мұнда пионер жиындары, октябряттар мен пионерлерге қабылдау, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізіледі. Клубта көркемөнер үйірмесі жұмыс жасайды. Ол малшылар алдында өнер көрсетеді.

Амангелді атындағы совхозда да малшылар үйі үгіт-бұқаралық жұмыстың маңызды орталығына айналды. Ол Қарой жазғы жайылымында салынды. Мұнда шаруашылықтың елуден астам мал шаруашылық бригадасы орналасқан. Үй толық жүктеліммен жұмыс істейді. Мұнда өткен жылы ғана өндіріс озаттарымен жүзден астам кездесу болды, партия, соғыс және еңбек ардагерлері аталды. Мұнда саяси және экономикалық оқу жүйесінің сабақтары, жұмысшы жиналыстары, малшылардың апта сайынғы күндері, ақындар айтысы өтеді.

Осында үгітшілер мен саяси хабаршылар үшін аудан шаруашылықтарының он бірінші бесжылдықтағы жетістіктері туралы диаграммалар әзірленді, қой шаруашылығы мен түйе шаруашылығын дамыту перспективасын баяндайтын стенд көркемделді. Шаруашылық озаттарының тәжірибесі арнаулы стендте ашып көрсетілді. Бертінде партия комитеті аға шопан-тәлімгерлер — өткен жылы әр жүз саулықтан 190 қозыдан ал-

Digitized by Google

ып, аудандық социалистік жарыс жеңімпазы болған Ленин орденінің кавалері С. Саптаяқовтың, Т. Бақытов пен Б. Кенжалиннің жұмыс әдістері туралы плакаттар шығарды.

Үгіт коллективі мүшелерінің бәрі олардың тәжірибесі туралы өз әңгімелерінде баяндады, ал үгіт коллективін мал дәрігері Н. Ғабдуллин басқарады.

Шаруашылықта 9 лектор, 23 саяси хабаршы мен үгітші ауызша саяси үгіт жүргізеді. Оның үстіне жазғы уақытта әр бригадада жылжымалы үгіт үйі жұмыс жасайды, олар малшыларды саяси оқиғалармен мейлінше оперативті таныстырып, олардың өз тәжірибесін, білімін молайтуына көмектеседі.

Ленин орденді «Передовик» совхозында малшыларға еңбек тәрбиесін беруге көп көңіл бөледі. Мұнда еңбек абыройы кодексі талдап жасалды. Шопандардың ірілендірілген семьялық бригадалары облыста алғаш рет осында дүниеге келді. Сүндетовтердің, Есовтардың, Бисеналиевтардың және басқалардың жұмыс тәжірибесіне бертінде еңбек даңқы кештері арналды.

Бүгінде ауызша саяси үгіт активистері мал қыстатуды өткізу мәселесін назарда ұстап отыр. Ауданның шағын елді мекендері мен шалғай учаскелерінде 20-дан астам насихатшы, 130 саяси хабаршы мен үгітші жұмыс істейді, «Білім» қоғамының лекторлары жиі лекция оқиды. Үгітшілер: ферма басқарушылары М. Жаңалысов, У. Ахметжанов, Б. Ғазизов және басқалар партиялық тапсырманы жақсы атқаруда.

Автоклубтардың маршруттары шалғай учаскелер арқылы өтеді. Олардың жұмыстарының бағыты алуан түрлі. Мәселен, аудандық Советтің депутаты М. Мұқтаров басқаратын автоклуб әдебиет пен өнерді насихаттауға маманануда. Клуб меңгерушісі 30 жылдық мінсіз еңбегі үшін «Құрмет Белгісі» орденімен наградталды. Ол мал шаруашылығындағы озық тәжірибені таратады, жаңа ғұрыптарды тұрмысқа енгізеді, ауызша журналдар ұйымдастырады, «Жауынгерлік листоктарды», сатиралық газеттерді шығарады.

Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде аудан малшылары мен шағын елді мекендер тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары қыруар жақсарды. Шалғай учаскелердегі әр семьяның телевизоры, радиосы, жеке кітапханасы бар. Тұрғындарға 16 кітапхана, 14 автоклуб, 10 фельдшерлік-акушерлік пункт, 10 тұрақты магазин және 11 автодүкен қызмет көрсетеді.

Идеологиялық жұмыс адамдардың еңбек белсенділігіне ықпал жасауда. Аудан совхоздары бесжылдық жоспарды мемлекетке ет, жүн, картоп және бақша дақылдарын тапсыру жөнінен мерзімінен бұрын атқарып шықты. Мал санының жоспарлы өсімі қамтамасыз етілуде. Бесжылдық ішінде орта есеппен жылына төлдейтін әр жүз малдан 114 қозы, 80 құлын және 38 бота алынды.

Ал партия ұйымдары мейлінше мақсатты жұмыс істейтін жерлерде табыстар да айтарлықтай. Мәселен, «Передовик», «Амангелді» атындағы совхоздардың коллективтері негізгі көрсеткіштер бойынша бесжылдық жоспарды орындағандықтары туралы мерзімінен үш ай бұрын рапорт берді. Бұл күндері ауданымыздың еңбеккерлері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезін лайықты қарсы алуға берік ұйғарып отыр.

Сонымен бірге малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстағы кемшіліктерді де жақсы білеміз. Ауызша саяси үгіт кадрларының оқуын айтарлықтай жақсарту талап етіледі, таңдаулы үгітшілер мен саяси хабаршылар тәжірибесін кеңінен тарату, осы жұмысқа мамандарды белсенді тарту, жастарға көп көңіл бөлу қажет.

Журнал почтасынан

ЕСЕПТЕГІ АВТОКЛУБ

Совхозға автоклубтың бөлінгені туралы хабарды активистеріміздің қандай қуанышпен қабылдағанын көре білу керек еді. Алғашқы айдың өзінде-ақ біз совхоз фермалары мен бөлімшелерінің бәрінде фильмдер және үгіт бригадаларының өнерін көрсеттік. Әр сапарда «молниялар» шығаруға көмектестік. Социалистік жарыс бюллетендерін өзімізбен ала келдік, әңгімелер өткіздік. Бұл үшін жер-жерде бізге алғыстар айтылды.

Әйтсе де, қуанышымыз ұзаққа созылмады. Шаруашылық басшылары автоклубты мамандарды кеңеске апаруға, түрлі комиссияларға қызмет көрсетуге барған сайын жиі жұмсады. Сосын оны тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланатын болды. Оның үстіне машина тым өрескел пайдаланылды: онда техникалық нормада қарастырылғаннан екі есе көп адам тасылды. Соның салдарынан автоклуб істен шығып қалды, міне бірнеше айдан бері ол тұрғырда тұр.

Көршілес «Харьков» совхозында және басқа бірқатар шаруашылықтарда жағдайдың мәз емес екенін білемін, оларда да автоклубты көбіне өз мақсатына пайдаланбайды, осыдан барып ферма коллективтері мен шағын елді мекендердегі мәдени-бұқаралық және тәрбие жұмысы күшті зардап шегуде Мұндай көріністен ешбір келісуге болмайды.

Л. ЛУГОВАЯ,
Буденный атындағы совхоздың клуб меңгерушісі.
Боровской ауданы.

Digitized by Google

ТЫҢДАУШЫ СҰРАҚ ҚОЯДЫ

Жезқазған облысының партия ұйымдарында саяси баяндамашылар мен саяси хабаршылардың лекцияларында, әңгімелерінде қойылатын сұрақтармен жұмыс істеудің нақты жүйесі қалыптасты. Егер осы шараларға тұрғындардың көпшілігінің ай сайын қатысатынын ескеретін болсақ, онда мұның қоғамдық пікірді, адамдардың әртүрлі топтарының қоғамдық-саяси өмір хабарларын қабылдау ерекшеліктерін зерттеуге, сондай-ақ жергілікті жерлерде істің жағдайымен танысуға қаншалықты септігін тигізетінін аңғару қиын емес.

Қалалық, аудандық, облыстық партия комитеттерінің бәрінде ай сайын осы сипаттағы мәселелер қаралады. Оларда лекция, әңгіме кезінде сөз болған проблемалардың ауқымдылығына, тақырыптық бағдарына, сұрақтардың әртүрлі аудиторияларда қайталануына көңіл бөлінеді.

Келіп түскен сұрақтардың сипаты лекциялар оқуды, лекторларға, насихатшыларға көмек ретінде анықтамабағдар материалдарын және талдау шығаруды неғұрлым дифференциалды жоспарлауға мүмкіндік береді. Мысалы, облыстың кен рудасы кәсіпорындарында негізінен капиталистік елдерден сатып алынған техниканың жұмыс істей бастағаны туралы сыбыстар естіліп қалып жүрді. Біздің өздігінен жүретін жабдықтарымыз, бұрғылау қондырғыларымыз және елімізде жасалған басқа да техниканың сапасы жөнінен шетелдік таңдаулы үлгілерден кем соқпайтынын, жоғары өнімділікпен жұмыс істейтінін жұрттың бәрі бірдей біле бермейтін. Осы жайындағы материал партия ұйымдарына, «Білім» қоғамының ұйымдарына жіберіліп, адамдар дұрыс хабардар болуына мүмкіндік жасалды.

Қойылатын сұрақтарды ескере отырып облыста «Екі дүние — екі өмір салты», партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі қаулысының орындалу барысы туралы, тағы басқа тақырыптар бойынша бірыңғай саяси күндер өткізілді. Осы орайда саяси баяндамашылардың әрбір әңгімесі бұрын жасалған ұсыныстар мен практикалық ескертулердің қалай орындалып жатқаны туралы хабардан басталатынын айта кеткен жөн. Бұл жөніндегі материалдарды ай сайын партия комитеттері әзірлейді.

Облыс өміріндегі түрлі мәселелер жөнінде жүйелі түрде хабардар етуде газеттер, телевизия және радиохабарларын тарату редакциялары үлкен роль атқарады. Оларда «Бұл туралы бірыңғай саяси күнде әңгіме болды» деген рубрикамен материалдар үзбей беріледі. Ақтоғай, Ақадыр, Приозерный аудандарында тұрғындарды хабардар ету үшін селолық жиындар, еңбек коллективтеріндегі жиналыстар пәрменді түрде пайдаланылады.

Жезқазғанның Қ. И. Сәтпаев атындағы кен-металлургия комбинатында «Сіздің көңіл-күйіңіз» атты қоғамдық қызмет жемісті жұмыс істейді. Оның активистері цехтар мен қызмет саласы коллективтерінде берілген сұрақтарды, айтылған ұсыныстарды, практикалық ескертпелерді жинауға көмектеседі.

Сұрақ және жауап кештері, «дөңгелек стол» басындағы кездесулер, лектор күндері жүйелі түрде өткізіледі. Мұнда студент жастар мен оқушыларды саяси хабардар етуге ерекше көңіл бөлінеді. Облыста оқушылардың екі қалалық және жүзге тарта жалпы мектептік қоғамдық-саяси клубы жұмыс істейді, оларда партия, совет, комсомол және шаруашылық органдарының басшылары, неғұрлым білікті лекторлар жүйелі түрде сөз сөйлеп отырады.

Лекцияларда, саяси хабарларда, әңгімелер барысында қойылатын сұрақтар партия, совет, шаруашылық органдарының нақты шешімдер қабылдауына себеп болатын кез аз емес.

Мұндай шешімдер шаруашылық тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ адамдарды тәрбиелеу тұрғысынан да маңызды екенін ұмытуға болмайды. Кезінде М. И. Калинин бұл туралы: «Бір ауданға он дұрыс шешім — бұл 10 мың адамдық митингі ғой. Сіздер дұрыс шешім бір деревняда ғана қалып қояды деп ойлайсыздар ма? Ол 10 километрге, тіпті 15 километрге де тарайды, өйткені бұқараның өзі бұл жерде үгітшілердің ролін атқарады, олар бұл шешімді жер-жерге таратады және осы шешімді өздеріндегі түскілік кезінде, кешкісін, тағы сондай сәттерде 10 реттен талқылайтын болады», — деп жақсы айтқан еді.

Сонымен қатар бізде әзірше қоғамдық пікірді зерттеу және қалыптастыру үшін мүмкіндіктердің бәрі бірдей пайдаланылып отырған жоқ. Мысалы, кейбір аудандық газеттерде жергілікті өмір туралы хабарлар әлі де аз беріледі. Басшылар еңбекшілер көтерген мәселелерге баспасөз арқылы түсінік берумен жеткілікті айналыспайды. Саяси хабаршылармен кездесулерде әрқашан сұрақтар қойыла бермейді. Мұның себебі: кейбір саяси баяндамашылар аудиториямен тартымды әңгіме жүргізе алмайды. Ал ондай әңгімелердің пайдалы ықпалы шамалы.

Ә. АХМЕТБЕКОВ,
Қазақстан Компартиясы Жезқазған облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімі лекторлар тобының жетекшісі.

Digitized by Google

ОТАНЫМЫЗДЫҢ СЕНІМДІ САҚШЫСЫ

Б. БАЙТАСОВ,
Қазақ ССР ДОСААФ Орталық Комитетінің председателі

Жаңа өкімет — рееолюцияшыл халық өкіметінің декреттеріне сәйкес 1918 жылғы февраль айында құрылған Совет Қарулы Күштері, міне, 68 жыл бойы социалистік жеңістерді, коммунистік құрылыс ісін сенімді қорғап, даңққа бөленген жауынгер туды жоғары ұстап келеді.

Үстіміздегі жылы совет халқы Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күнін жоғары саяси және еңбек өрлеуі, КПСС XXVII съезіне әзірліктен туындаған социалистік жарыстың кеңінен өрістеуі жағдайында атап өтуде.

Партияның съезд қарсаңындағы документтерінің жобаларында белгіленген коммунистік жасампаздықтың ұланғайыр жоспарлары, совет адамдарының партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету жөніндегі шараларын табысты жүзеге асыруға ұмтылуы армия мен флот жауынгерлерінде творчестволық күш-жігер тасқынын туғызып, өздерінің қасиетті парызын абыроймен орындауға, КПСС XXVII съезін жауынгерлік және саяси әзірлікте жаңа табыстармен атап өтуге міндеттейді.

Совет Қарулы Күштерінің дүниеге келуі мен қалыптасуы, олардың ерлік тарихы мен жауынгерлік жолы В. И. Ленин есімімен, Коммунистік партия қызметімен тығыз байланысты.

В. И. Ленин пролетарлық революцияның әскери программасын талдап жасады, социалистік Отанды қорғау туралы ілім оның өзегі болды. Ол бұл тапсырманы азат болған халықтың қасиетті міндеті, социализм жолына түскен барлық елдердің дамуындағы ортақ заңдылық деп есептеді. Партия көсемі «Революция атаулының қайсысы болсын қорғана білген кезде ғана бірдеңеге татиды...» деп атап көрсетті.

В. И. Ленин қол қойған декреттер мен ол талдап жасаған жаңа тұрпатты армия құрылысы принциптері негізінде тарихта алғаш рет еңбекшілердің мүдделерін қорғауға арналған әскери ұйым — Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы және Жұмысшы-Шаруа Қызыл Флоты құрылды. Олар үш жылдан астам уақыт шайқастарда есейіп, шыңдала отырып, ақ гвардияшылар мен интервентерге қарсы ерлік күрес жүргізді. Ішкі контрреволюция мен империалистік агрессияны талқандап, Ұлы Октябрь жеңістерін қорғап қалды, мұның шын мәнінде тарихи маңызы болды.

Азамат соғысын жеңіспен аяқтап, совет халқы социализм құрылысына кірісті. Елімізбен бірге Қарулы Күштеріміз өсіп, нығайды, ол шекарамыздың қол сұғылмайтынын қорғай отырып, империалистік агрессорлардың желігін талай рет басты.

Бүкіл Европаны дерлік құлдыққа салып, фашистік Германия Совет Одағына опасыздықпен шабуыл жасаған кезде Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотына 23 жыл ғана толған еді. Бізге қатерлі қауіп төнді. Коммунистік партия совет халқын фашистік-агрессорға қарсы қасиетті соғысқа көтерді. Оның «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» ұраны еліміздің, армияның, әрбір совет адамының өмірі мен қызметін анықтады. Москва мен Сталинград түбіндегі, Солтүстік Кавказ бен Курск иініндегі, Днепр мен Висладағы шайқастарда, Берлин операциясында Совет Қарулы Күштері гитлерлік әскери машинаның күлін көкке ұшырды.

Совет жауынгерлері Ұлы Жеңіске шешуші үлес қоса отырып, өздерінің жауынгерлік туларын социализм салтанаты мен жасампаздығының символы ретінде Ұлы Отан соғысы шайқастарының отжалыны арқылы алып өтті.

«Жеңістің қайнар көздері — социализмнің, советтік өмір салтының табиғатында, Ұлы Отан соғысының бүкілхалықтық сипатында,— деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамасында.—Ең ұлы сынақ ретінде соғыс тарихтың шешуші күші — нақ халық бұқарасы екенін айрықша бедермен нақты қуаттап берді».

Барлық совет адамдарымен бірге қазақ халқы, республика еңбекшілері де өшпенді жауды талқандауға өз үлесін қосты. Советтік Қазақстанның 1 миллион 200 мыңға жуық ұлы мен қызы Совет Армиясы қатарында жауға соққы берді. Жүз мыңнан астам қазақстандық жауынгерлік ордендермен және медальдармен наградталды. 500-ге жуық адам Совет Одағының Батыры, 100-ден астамы Даңқ орденінің толық иегері болды.

---

23 февраль — Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күніне.

Digitized by Google

ПАРТИЯНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІ — ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ, СОЦИАЛИСТІК ОТАНДЫ ҚОРҒАУҒА, ОҒАН ӨЗІНІҢ БАР КҮШ-ЖІГЕРІН ЖҰМСАУҒА, АЛ ЕГЕР ҚАЖЕТ БОЛСА, ӨМІРІН ДЕ ҚИЮҒА ӘЗІР ТҰРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(КПСС Программасының жаңа редакциясының жобасынан)

Ұшқыштар Сергей Луганский, Талғат Бигелдинов, Иван Павлов, Леонид Беда екі мәрте Совет Одағының Батырлары болды, И. В. Панфилов атындағы гвардиялық дивизия жауынгерлерінің Москваны қорғаудағы ерлігі тарихқа мәңгілік жазылды, Қазақстанның даңқты қыздары — Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың есімдері халық жадында мәңгі сақталуда.

Міне, еліміз қырық жылдан астам уақыт бойы бейбіт жағдайда өмір сүріп, еңбек етуде. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы коммунистік құрылыс ісінде орасан зор табыстарға қол жеткізді, партия белгілеген стратегиялық бағыттарда одан әрі алға басудың ұлан-ғайыр жоспарларын жүзеге асыру жолында шабытты еңбек етуде. Өзінің қасиетті міндеті — халқымыздың бейбіт еңбегінің сақшысы, бейбітшілік тірегі болуды терең түсіне отырып, Совет Қарулы Күштері Отанымыздың қайсыбір бұйрығын абыроймен орындауға әрқашан әзір.

Осы міндеттерді орындау жолындағы жауапкершілік елеулі әскери қатер жағдайында өсе түсуде, империализмнің реакцияшыл топтары, ең алдымен қайткенде де, ең алдымен содырлы космос құралдарын жасау арқылы СССР-ден әскери басымдылыққа жетуге ұмтылушы американ империализмінің арамза ниеттері оның бастаушысы болып табылады.

Америка Құрама Штаттары өз одақтастарының қолдауымен жанталаса қаруланууды өрістетіп, өзінің ракеталық-ядролық потенциалын үдетуде. Қамту қабілеті жағынан жаппай қырып-жою құралдарына ұқсас қару-жарақтардың жаңа түрлерін жасау программасы жүзеге асырылуда.

Сыртқы саясаттың лениндік принциптеріне адал Коммунистік партия осындай жағдайда соғысқа жол бермеу, жанталаса қаруланууды ауыздықтау, бәсеңдікке оралу, халықтар арасындағы сенім мен бейбіт ынтымақтастықты нығайту үшін мүмкін болғанның бәрін жасауда. Соңғы уақытта еліміз ұсынған жаңа бейбіт инициативалар осыған бағытталған. Планетаның бүкіл бейбітшіл күштерінің іс-әрекеттерін жандандырудың қуатты серпіні ретінде қызмет еткен СССР мен АҚШ басшыларының Женевадағы кездесуі халықаралық өмірдің аса ірі саяси оқиғасына айналды. Жоғары дәрежедегі совет-американ келіссөздері АҚШ билеуші топтарының «күшпен» қысым жасау бағытының перспективасыздығын иланымды қуаттады.

Бейбітшіліктің сындарлы да тиянақты саясатын жүргізе отырып, КПСС пен Совет үкіметі еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту, СССР Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру жөнінен қажетті шаралардың бәрін қабылдауда. Партия мен халыққа шексіз адал Армия мен Флот жауынгерлері өздеріне сеніп тапсырылған әскери техника мен қару-жарақтарды табандылықпен меңгеруде, құрлық, әуе және теңіз күштері шеберлігін жетілдіруде, даңқты революциялық, жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін сақтап, еселей түсуде.

Қызыл тулы Орта Азия әскери округының адамдар құрамы Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күнін лайықты қарсы алуда, оның қатарында армияға, авиацияға және флотқа ықпал ету ерікті қоғамының көптеген түлектері бар.

ДОСААФ-тың жан-жақты қызметі еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға және еңбекшілерді социалистік Отанды қорғауға даярлауға бағытталған.

Қазақ ССР ДОСААФ ұйымы қорғаныс қоғамының жауынгер отрядтарының бірі болып табылады. Республикада барлық жұмыс істейтін адамдар мен 14 жастан асқан оқушылардың 85 процентten астамын өз қатарына біріктіруші 19 мыңнан астам бастауыш ұйым жұмыс істейді.


Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған бұқаралық қозғалыс Қазақстанда еңбекшілердің жалпыға бірдей оқу программасы бойынша әскери істі оқып-үйренуден басталды. Одан кейін әскери даярлыққа республиканың Осоавиахимы белсене қосылды. Соғыстан кейінгі кезеңде Осоавиахим халық шаруашылығы үшін білікті кадрлар — село механизаторларын, автомобильшілер даярлау жөнінен үлкен жұмыстар жүргізді.

Қазіргі жағдайда ДОСААФ ұйымдары бұқаралық-қорғаныс жұмысын тұрақты жетілдіруде, комсомолмен, кәсіподақтармен, «Білім» қоғамымен, соғыс

Digitized by Google

Азамат және Ұлы Отан соғысының ардагері, Черкасск қорғанысына қатысқан жазушы Г. Т. Харченко 90 жасқа келді. Ардагер жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге белсене қатысады, оқушылармен, студенттермен, жұмысшы жастармен жиі кездеседі. Бертінде Алматының № 2 мектебінің оқушылары одан «От-жалынды белдеудегі 399 күн мен түн» жаңа кітабын сыйға алды.

Суретті түсірген В. ГЛУЩЕНКО (ҚазТАГ).



ардагерлері секцияларымен және топтарымен, азаматтық қорғаныс штабтарымен, әскери комиссариаттармен, қоғамдық ұйымдармен, министрліктермен және ведомстволармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

Бастауыш ұйымдарды ұйымдық жағынан нығайту, оларды бұқаралық-қорғаныс жұмысының түбегейлі орталықтарына айналдыру жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда. Осы жұмыста Қарағанды, Талдықорған, Қостанай, Орал және басқа да облыстық ДОСААФ комитеттері анағұрлым үлкен табыстарға қол жеткізді.

Республика қоғамы оқу ұйымдарының тәрбиеленушілері Қазақстан атынан СССР Қарулы Күштерінде лайықты қызмет атқаруда. Олар әскери парызын адал орындайды, олардың көпшілігі жауынгерлік және саяси даярлық үздіктері, мәдайалды мамандар болып табылады.

ДОСААФ-тың көптеген тәрбиеленушілері әскери қызметін атқара отырып, интернационалдық парызын орындау барысында ерлік пен батылдықтың үлгілерін көрсетуде. Орал авиация-спорт мектебінің түлегі, әскери ұшқыш Ф. Шагалиев Совет Одағының Батыры атағына ие болды. Өскемен авиаспорт мектебінің түлегі Н. Тарасов, Целиноград техникалық мектебінен А. Сайфутдинов, Қостанай техникалық мектебінен А. Жәбаев, Гурьев техникалық мектебінің түлегі К. Шамеденов және басқалар Отанымыздың жоғары наградаларымен аталды.

Совет Қарулы Күштері үшін мамандар даярлау жоспары 1984—1985 оқу жылында табысты орындалды. ДОСААФ курсанттары күрделі техниканы меңгереді, аспанды бағындырады, қару-жарақтарды оқып үйренеді. Осы жұмыс Қарағанды, Семей, Орал облыстарында белсенді жүргізілуде.

Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде ДОСААФ-та халық шаруашылығы үшін 500 мыңнан астам маман даярланды. Спорт жұмысы едәуір жанданды. 1985 жылы оған 1,3 миллионнан астам адам қатысты. Жарысқа қатысушылар көбеюде.

Бастауыш ұйымдарда еңбекшілер мен оқушы жастар арасында әскери-техникалық білімдерді насихаттау жүргізіледі. Қазіргі уақытта ДОСААФ-тың 1000-нан астам бастауыш ұйымында техникалық үйірмелер бар, осындай 1,55 мыңнан астам үйірме тұрғылықты жер бойынша құрылған.

Әскери-патриоттық клубтар, лекторийлер мен кинолекторийлер жүйесі көбеюде. Орал облысында «Болашақ офицерлер клубы» табысты жұмыс істейді. СССР космонавт-ұшқышы, Совет Одағының Батыры В. И. Пацаев атындағы Ақтөбе жас ұшқыштар мектебі бірнеше жыл қатарынан лайықты ізбасарлар даярлап келеді.

Комсомолецтер мен жастардың совет халқының революциялық, жауынгерлік және еңбек даңқы жерлері бойынша жорығы, «Орленок» және «Зарница» әскери-спорт ойындары әскери-патриоттық тәрбие берудің, жастарды СССР Қарулы Күштері қатарындағы қызметке даярлаудың бұқаралық формаларына айналды. ДОСААФ коллективтері басқа қоғамдық ұйымдармен бірлесіп өткізетін бұқаралық-қорғаныс жұмыстарының айлықтары мен апталықтары жастардың Отан қорғауға даярлығын тексеру болып табылады.

Бүгінде Қарулы Күштер қуаты құрыштай берік. Құдіретті әскери техника мен қару-жарақ жауынгерлер қолында. Оларды жоғары моральдық-саяси және жауынгерлік қасиеттерге тәрбиелеу, физикалық және рухани жағынан шынықтыруға ықпал ету — республика ДОСААФ ұйымдарының асқақ парызы.

Digitized by Google

БОЛЬШЕВИКТІК СӨЗДІҢ КҮШІМЕН

Қару мен әскери өнердің күшімен ғана емес, сондай-ақ, рух күшімен де, идея күшімен де жаумен шайқаста жеңіске қол жетті. Коммунистік партия соғыстың алғашқы күндерінен-ақ майдан мен тылда көлемді үгіт-насихат жұмысын өрістетті. Үгітшінің, насихатшының сөзі совет адамдарын топтастырып, оларды өшпенді жаумен күреске көтерді.

Идеологиялық жұмысты ұйымдастыра отырып, партия В. И. Лениннің азамат соғысы жылдарында айтқан: «Біз соғыстамыз, ал революцияның тағдыры осы соғыстың немен тынуына қарай шешіледі. Бұл біздің үгітіміздің, біздің бүкіл саяси, революциялық және қайта құру қызметіміздің бірінші және соңғы сөзі болуға тиіс», — деген нұсқауларын басшылыққа алды.

Қазақстанның партия ұйымдары белсенді үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Ол республиканы майданның аса маңызды арсеналдарының біріне айналдырудың, қазақстандықтарды Отанды қорғауға жұмылдырудың маңызды факторы болып табылды.

ВКП(б) Орталық Комитеті 1944 жылдың көктемінде қабылдаған «Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің жұмысы туралы» қаулысының республикалық партия ұйымдарының қызметін жетілдіру үшін үлкен маңызы болды. Онда экономикаға партиялық басшылықты жетілдірудің, майданға көмекті күшейтудің, кадрлардың идеялық-теориялық дәрежесін арттырудың, бүкіл партиялық-ұйымдастыру қызметті жақсартудың нақты программасы баяндалды.

Соғыстың бастапқы кезінің өзінде-ақ ауызша үгіт партияның еңбекшілермен байланысының нағыз бұқаралық және оперативті формасы ретінде алдыңғы қатарға қойылды. Мұның өзі белгілі бір дәрежеде газеттерді жеткізу қиыншылықтарымен, олардың көлемі мен тираждарының қысқаруымен байланысты болды. Партия ұйымдары жауапты партия, совет және шаруашылық қызметкерлерін, интеллигенция өкілдерін үгітшілер етіп жіберді. Егер соғыстың бастапқы кезінде республикада үгітшілер армиясы 50 мың адамнан тұрса, ал 1942 жылдың соңында ол 66 мың адамнан асты.

Қорғаныстық мәні бар кәсіпорындардың шешуші учаскелері нығайтылды. Оларға 3 мыңнан астам коммунист пен комсомолец жіберілді. Жер-жерде тікелей өндірістік бригадалардағы үгіт жұмысына зор көңіл бөлінді.

Соғыстың алғашқы екі жылы ішінде 600-ге жуық жаңа үгіт коллективі құрылды. Совхоздар мен колхоздардың барлық орталық усадьбаларында тұрақты үгіт пункттері ашылды. Аудандық партия комитеттерінің партия кабинеттері орталық үгіт пункттері болып қайта құрылды.

Республиканың партия ұйымдары мобилизация пункттеріндегі үгіт-бұқаралық жұмысқа зор көңіл бөлді, онда тұрақты армияға адамдар шақыру жүзеге асырылды. Оларда саяси, әскери және заң мәселелері жөнінен оқу бөлмелері мен анықтама столдары тұрақты жұмыс істеді. Осында әскери уставтарды оқып-үйрену өткізілді.

Республиканың мәдени-ағарту мекемелері үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене қатысты. Олар аудандық жылжымалы үгіт бригадалары мен кітапханаларды құрды, кинофестивальдар өткізді, көркем және ауыл шаруашылығы әдебиеттерінің көрмелерін ұйымдастырды.

Жұмыс орны бойынша ғана емес, сондай-ақ тұрғылықты жер бойынша да өткізілетін топтық әңгімелер жұмыс практикасына енді. Әдеттегідей, майдандағы оқиғалар, фашистердің зұлымдық әрекеттері, революциялық қырағылық, социалистік жарыс барысы, Қызыл Армия жауынгерлері үшін жылы киімдер жинау қажеттігі туралы әңгімелер болды. Советтік информация бюросының майдандағы жағдай туралы мәліметтері мен совет адамдарының ерлігі мен табандылығы туралы материалдар оқылды.

Алматының үгіт коллективтері жауынгерлікпен жұмыс істеді. Ленин ауданының өзінде ғана соғыстың алғашқы үш айы ішінде 675 адам үгіт-бұқаралық жұмысқа тартылды. Үгітшілер еліміздегі аса маңызды оқиғалардың бәріне дереу үн қатып отырды. Аудан еңбекшілері соғыстың алғашқы үш айының өзінде қорғаныс қорына 147 мың сом ақша және 365 мың сомның облигациясын берді, 581 мың сомды танк колоннасының құрылысына аударды, 37 жексенбілік өткізіп, тапқан қаржыны тағы да қорғаныс қорына жіберді.

Республика астанасының партия ұйымдары үгіт бригадалары мен үгіт фургондарын ұйымдастыра отырып, шалғай елді мекендердегі үгіт-бұқаралық жұмысқа қатысты. 1942 жылы Алматының Фрунзе ауданының жылжымалы үгіт фургоны облыстың 27 шалғай елді мекендерінде болып, 40 мыңнан астам село еңбеккеріне қызмет көрсетті.

1943 жылдың екінші жартысында Қараганды бассейнінің шахталарында 1820 лекция мен баяндама өткізіліп, 1630 рет радио хабарларын коллективті түрде тыңдау ұйымдастырылды, көркемөнерпаздар күшімен 665 концерт берілді.

Қалалар мен селоларда тұрғылықты

Digitized by Google

жер бойынша әрқайсысына бір-бір үгітшіден бекітілген «оң аула» белсенді жұмыс істеді. Олардың әрқайсысы күн сайын колхозшыларды Советтік информация бюросы мәліметтерімен таныстырып, мәселелердің бәріне үн қатты, адамдардың топтасуына көмектесті.

ВКП(б) Орталық Комитетінің шешімімен 1943 жылдың 17 ноябрінде құрылған машина-трактор станциялары мен совхоздардың саяси бөлімдері республикада ауыл шаруашылығы өндірісінің дәрежесін арттыруда үлкен роль атқарды. Колхоздардың партия және комсомол ұйымдарына сүйене отырып, олар селода үлкен саяси жұмысты өрістетті, ол майданға көмек ретінде күш пен қаржыны жұмылдыруға бағытталды. Саяси бөлімдер 18 мың үгітшісі бар 872 үгіт коллективін құрды.

Партия ұйымдары басшы қызметкерлердің село еңбеккерлері алдында сөз сөйлеуін кеңінен қолданды. Колхозшылардың жалпы жиналыстарында саяси баяндамалар жасау үгіт-бұқаралық жұмыстың танымал формаларының біріне айналды.

Халық ақындарының творчествосы да шебер пайдаланылды. Олар малшылардың озық тәжірибесін поэтикалық формада жырлап, таңдаулы шопандарды, жылқышыларды мадақтады және жұмыстағы қателіктерді өткір сынға алды, халықты неміс-фашист басқыншыларымен күреске шақырды.

Еңбекшілердің митингілері мен жиналыстары соғыс жылдарындағы саяси үгіттің анағұрлым пәрменді формаларының бірі болды. Соғыстың алғашқы күндерінде жер-жерде өткен олар партия ұйымдарының қалалар мен селолар еңбеккерлерін майданға көмек көрсетуге тез жұмылдыруына көмектесті.

Митингілер мен жиналыстарда көптеген патриоттық бастамалар туындап жатты. Семей облысы Уржар ауданының «Красные горные орлы» колхозы мүшелерінің жалпы жиналысында осы шаруашылықтың еңбеккерлері өздерін тұрақты армияның тылдағы жауынгерлеріміз деп бірауыздан жариялады. Олар республиканың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдерін жауды толық талқандап, жойып біткенше еңбектің әскери вахтасына тұруға шақырды.

Қызыл Армияның жеңістеріне қуана отырып, жер-жерде еңбекшілер өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Мысалы, біздің әскерлердің Орел, Белгород және Харьков қалаларын азат етуіне байланысты Қызылорда облысы Шиелі ауданының «Авангард» совхозының бригадаларында митингілер өткізілді, оларда колхозшылар күріш жинау мен астық тасымалдауда өнімділік жоспарын екі есе асыра орындауға сөз берді. Азат етілген қалалар құрметіне өткізілген еңбек вахталары, майдандық онкүндіктер, оккупанттардан азат етілген аудандарды қалпына келтіру жұмыстарына жіберу туралы коллективті көптеген өтініштер совет адамдарының жалынды патриотизмі мен интернационализмінің жарқын үлгісі болып табылды.

Тыл еңбеккерлерінің майдангерлермен хат жазысуының жұмылдырушы маңызы орасан зор болды. 1943 жылдың февралында «Правдада» «Қазақ халқының жауынгер-қазақтарға хаты» жарияланды. Осы аманат-хатқа республиканың 3 миллионға жуық еңбекшісі қол қойды.

«Қазақстанның шексіз даласын мәуелі танапқа айналдырамыз деп ант етеміз Сіздерге, қымбатты достар, — делінді хатта. — Біз жайылымдарымызды қоңды малдарға толтырамыз деп ант етеміз. Майдан қанша талап етсе, оған сонша Қарағанды көмірін, Ембі мұнайын береміз. Біз сіздерге қорғасын мен жалын атқан мысты көл-көсір береміз — олар жау жүрегін өртеп жібереді... Табанды, қайсар болыңдар, өздеріңнің бауырларың орыстармен, грузиндермен, украиндармен, қырғыздармен, белоруспармен, өзбектермен және ұлы Отанымыздың басқа халықтарымен қол ұстаса отырып, қажырлы шайқаса біліңдер».

Партия комитеттері, еңбекшілер коллективтері майданнан мыңдаған жауап хат алды. Олардың көпшілігі газеттерде басылып, радиодан берілді, біраз бөлігі «Майданнан хат» жинағында жарияланды.

Жауынгерлер делегациясының, майданда болып қайтқан еңбекшілер өкілдерінің, сондай-ақ концерт бригадаларының еңбекшілер алдында жүйелі түрде есеп беруі ұйымдастырылды.

Әйелдер арасында үлкен үгіт-бұқаралық жұмыс жүргізілді. Көптеген мың әйелдер майданға кеткен ерлерді алмастырды. Партияға өткен еңбекші әйелдердің, оның ішінде қазақ әйелдерінің саны орасан көп бұлды. Партияға қабылданған жалпы адамдардың 30 процентін әйелдер құрады. Партия комитеттерінің әйелдер бөлімдері мен кәсіпорындарда, селоларда және ауылдарда жұмыс істеген әйелдер советтері белсенді іс атқарды.

Майдангерлер семьялары, сондай-ақ фашист әскерлері уақытша басып алған аудандардан эвакуацияланған семьялар қамқорлыққа алынды. Әрбір адамға үлкен қамқорлық жасаған үгітшілер олармен жүйелі түрде жұмыс істеді.

Жылдар өтті, біздің өміріміздің жағдайы да өзгерді. Осыған орай саяси үгіттің біраз жаңа формалары да қалыптасты, өйтсе де сол жылдардың тәжірибесі біз үшін мәңгі баға жетпес игілік болып қала береді.

Т. КӨЛБАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты.

2. «Қазақстан үгітшісі», № 2.

Digitized by Google

ӘР ЖҰМЫС ОРНЫНДА



С. БЕЙСЕУОВ,
Жамбыл облысының Талас ауданындағы «Ұйық» совхозының бас экономисі, саяси хабаршы

Шаруашылығымыздың коллективі он бірінші бесжылдықты табысты аяқтады. Мемлекетке астық, ет, жүн және қаракөл елтірісін тапсыру жөніндегі жоспар мерзімінен бұрын орындалды. Тапсырмадан тыс жүздеген центнер өнім өткізілді. Біз бесжылдықтың аяқталар жылында әр жүз саулықтан жоспардағы 96 қозының орнына 111 төлден алдық. Сондай-ақ бұзау, құлын және бота алу жөніндегі тапсырма қыруар асыра орындалды. Мұның өзі қой санын 60 мыңға, ірі қараны — 2 мыңға, жылқы мен түйені 1500-ге жеткізуге көмектесті.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайтуға аға шопандарымыз Т. Сатыбалдиев, Қ. Тоғайбеков, С. Нарбаев, О. Байдуанов, Қ. Бекмолдаев, Қ. Сартов, ағайынды Ыбыраевтар және басқа көптеген адамдар үлкен үлес қосты. Олар әр жүз саулықтан 150—185 қозыдан алып, өздерінің өткен жылғы социалистік міндеттемелерін табысты атқарып шықты. Совхоздың 18 шопанының есімі аудандық Құрмет тақтасына жазылғанын атап көрсеткен жөн.

Шаруашылық коллективі жаңа он екінші бесжылдыққа кәміл сеніммен кірісуде. Съезд қарсаңындағы партия документтері, жақындап келе жатқан КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі барлық еңбеккерлерде еңбек пен саяси белсенділіктің зор серпінін тудыруда. Бізде қоғамдық малды қыстату жақсы өтуде, өткен жазда жасалған жемшөптің сенімді қоры бұған ықпал етуде. Фермалардың бәрінде жемшөп цехтары жұмыс істейді, жем үлестіру механикаландырылған. Біз техниканы көктемгі дала жұмыстарына өзірлеуді графиктен озық жүргізіп келеміз.

Экономикалық службалардың да совхозымыздың еңбек жетістіктеріне қосар үлесі өсе түсуде. Егер оныншы бесжылдық шырғынмен аяқталса, енді өткен бесжылдық көлемді кіріспен аяқталды. Бұл немен түсіндіріледі? Бізде тиянақты ішкі шаруашылық есеп енгізілген. Өзіміздің жетістіктеріміз бен олқылықтарымызды айқын көру үшін цехтық принцип бойынша совхоз өндірісін ұйымдастырдық. Цехтар арасында пәрменді социалистік жарыс жолға қойылды. Онда рентабельділік жөніндегі көрсеткіш маңызды роль атқарады. Егіншілікте де, мал шаруашылығында да бригадалардың көпшілігі коллективті мердігерлікке ауыстырылды. Осы шаралардың бәрі өнімнің өзіндік құнын кемітіп, ірі материалдық ресурстарды үнемдеуге көмектесті. Шаруашылық коллективі 1984 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, республика Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің дипломымен наградталды, аудандық Құрмет тақтасына жазылды.

Алда қаншама істер баршылық. Экономикалық және әлеуметтік дамудың Негізгі бағыттарының жобасы алдағы бесжылдықта негізінен интенсивті факторлар есебінен ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемін қыруар ұлғайтуды қарастырады. Біздің мал шаруашылығының құнарлығын арттырып, мемлекетке тапсырылатын еттің, жүннің, елтірінің сапасын анағұрлым жақсартуымыз, төлдің толық сақталуына қол жеткізуіміз керек. Сондай-ақ, жердің құнарлығын арттыра отырып, оны ұтымды пайдаланған жөн. Совхоз егістікті ұлғайта алмайды, оның есесіне мелиорациялық жұмыстарды одан әрі жүргізе беру қажет. Біз бір жарым мың га жуық гектар алқапты суландырдық, енді ол тұрақты өнім беруде. Сондай-ақ селоны әлеуметтік жағынан дамыту, совхоз жұмысшыларының еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайын жақсарту жөнінен көп жұмыс атқарылуда. Тұрғын үйлерді тапсыру жоспары жыл сайын асыра орындалуда. Бертінде орталық усадьбада 600 орындық осы заманғы мәдениет үйі тұрғызылды. Жаңа бесжылдықта сауда орталығы мен тұрмыс үйін салуды, бала бақшаны кеңейтуді белгілеудеміз. Жайлы үйлерді де көптеп тұрғыза береміз.

Совхоз өндірісін одан әрі дамытудың маңызды резерві — бұл адам факторы. Бізде цехтар мен бөлімшелер әзірше бірдей жұмыс істемейді: бірі жоғары нәтижелерге қол жеткізсе, екіншілері артта қалады. Адамдар да осылай. Мәселен, озат шопандар, жоғарыда айтылғанындай, әр жүз саулықтан 180 қозыдан алса, ал кейбіреулері олардан екі,

Digitized by Google

немесе үш есе кем түсіп жатады. Егер артта қалушылар мен орташаларды озаттар деңгейіне тартсақ, онда қаржы шығынынсыз әсерлі прогреске жете алар едік.

Қазір біздің идеология активистеріміз съезд қарсаңындағы документтерді түсіндіру жөніндегі ауқымды қызметті өрістетіп, малшылар мен механизаторларды әр жұмыс орнындағы жоғары қайтарымға бейімдеуде. Үгітшілер мен саяси хабаршылар — трактор-егіс бригадасының бригадирі Қ. Соқжанов, бірінші, екінші және төртінші фермалардың зоотехниктері Ә. Міралиев, Ә. Бештаев, Д. Қарымсақов, совхоздың бас инженері М. Құтжанов адамдармен жұмысты өте-мөте шебер ұйымдастырады. Мен саяси хабаршы ретінде құрылыс цехын, басқа өндірістік учаскелер қызметкерлері алдында, шюпандар қыстауларында экономика мәселелері жөнінен әңгімелерді жүйелі өткіземін.

Бұл күндері «Ұйық» совхозы еңбекшілерінің қам-қаракеті көбейе түсті. Олар еліміз бен республиканың жоғары партия форумдарын жаңа еңбек тартуларымен қарсы алу үшін фермаларда, жөндеу шеберханасында, қар тоқтатуда екі айдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолында белсенді күрес жүргізуде.

ДЕПУТАТТАР ІС ҮСТІНДЕ

Өмірде қоғамдық, өндірістік, депутаттық қам-қаракеттер, шаруашылық органдары мен Совет өкіметінің жергілікті органдарының міндеттері тығыз қабысқан. Теректі ауданының жетекші саласы — мал шаруашылығын дамытуға аудандық, селолық және поселкелік Советтердің депутаттары елеулі үлес қосуда. Олар 463 адамды құрайды. Әдетте олар идеолотия жұмысының активистері болып табылады, көлемді бұқаралық-саяси қызмет атқарады, еңбекте үлгі көрсетеді.

«Орал» совхозында мал қыстату ойдағыдай өтуде. Бүгінде оның фермаларында әр сауын сиырдан тәулігіне 10—12 литрден сүт сауады. Сауыншылар арасында селолық Советтің депутаттары П. Зеленкина, Ш. Есенбекова және басқалар көш бастап келеді. Олар жылдық жоспардан бір жарым есе асып түсіп, әр сиырдан 4,5 мың литрден сүт сауу межесіне қол жеткізді. Осының бәрі шаруашылықтың мемлекетке бұл өнімді сату жөнінен бесжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шығуына көмектесті. Мал өсірушілер В. Коневцевтің, Б. Есеевтердің, С. Ақниязовтың және З. Шаймерденовтың көрсеткіштері жоғары. Олар күзде 122 ірі қара малды ет комбинатына жөнелтті. Әр мал 587 килограмдық орташа салмақпен қабылданды. Бұл — аудан рекорды. Аудандық партия комитетінің бюросы оралдықтардың тәжірибесін мақұлдап, оны кеңінен таратуды ұсынды. Селолық Совет атқару комитетінің председателі Н. Кожевников бастаған подстепнойлық депутаттардың еңбегі совхоз коллективінің ісіне қосылды.

Қазір сондай-ақ Чапаев атындағы, Мичурин атындағы колхоздардың, «Долинский» совхозының, КПСС XXIII съезі атындағы аудандық мамандандырылған шаруашылықтың фермаларында халық қалаулылары екпінді жұмыс жасайды. Чапаев атындағы колхозда, мәселен, Е. Резник жетекшілік ететін бірінші бригада коллективі жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Бригада дайындау пункттеріне ай сайын тапсырмадағы 190 центнердің орнына 220 центнерден сүт жөнелтеді. Бригададағы депутаттық пост осындай жоғары қарқынды сақтауға көмектесуде.

Халық нақылы «сиырдың сүті тілінде», деп тұжырымдайды. Сондықтан қоғамдық мал үшін берік жемшөп базасын жасау — оны ілгері бастырудың алғашқы шарты. Жыл сайын ауданда жемшөп дайындау науқаны тұсында елуден астам депутат топтары мен постылары ұйымдастырылады. Олардың құрамына депутаттармен бірге үгітшілер, халық бақылаушылары, насихатшылар енеді. Партия, кәсіподақ ұйымдарымен бірге осы топтар адамдарды екпінді еңбекке жұмылдыратын қозғаушы күш болып табылады.

Өткен шөп шабу маусымында Краснооктябрь селолық Советінде құрылған алты депутаттық пост арасындағы социалистік жарыс мықтап өрледі. Оларға механизаторлар, сауыншылар, бұзау өсірушілер, егіншілік пен мал шаруашылығының мамандары енді. «Красный Октябрь» колхозының үшінші және бірінші бригадалары «көгілдір науқанның» алғашқы күнінен-ақ сайыста бірінші лікті берік ұстады, оларда депутаттық постыларды зоотехник В. Давыдов және бас агроном А. Кравченко басқарды.

Бірінші бригада механизаторлары да шөп шабуда өте жақсы еңбек етті. Мәселен, аудандық «Сельская новь» газеті машинист А. Гончаровқа Еңбек даңқы жұлдызын екі мәрте берді. Шөп шабу кезінде бригадада транспортқа байланысты іркіліс болды: пішенді шалғыннан тасып үлгере алмады. Сонда депутаттық пост іске араласты. Транспорт құралдарының қосымша рейстері ұйымдастырылды, қыр алыптары атанған К-700 тракторының базасында трактор поездары құрастырылды. Бригадада жемшөп дайындауда, тиеуде өте жақсы нәтижеге жетті — күніне 1 мың центнерден айналды. Колхоз 26 мың центнер пішен дайындап, олардың бәрін дерлік фермаларға тасып алды.

Депутаттар азаматтар жиынын өткізу

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

сияқты жұмыс формасын белсенді қолданады. Мәселен, өткен жылы Покатиловка селосы тұрғындарының жиынында Калинин атындағы колхозға жемшөп дайындау жоспарын орындауда ғана емес, асыра орындауда көмектесу ұйғарылды. Мұнда пішендемеде, былайша айтқанда, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін еңбек етті. Соның нәтижесінде шаруашылық пішен мен пішендемені жоспардағыдан анағұрлым көп дайындап, малды жемшөппен сенімді қамтамасыз етті.

Колхоздың шошқа фермасына өткен жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша ауданның ауыспалы Қызыл туы берілді. Мұнда негізгі 100 мегежінен 1.800-ден астам торай алынды, мұның өзі аудандағы таңдаулы көрсеткіш болып табылды. Награданы тапсыру барысында шошқа өсірушілер М. Могилеваның, Т. Бутенконың және басқалардың атына мадақтау сөздер айтылды, олардың арасында селолық Советтің депутаттары да болды. Аудандық Советтің атқару комитеті өз мәжілістерінде совхоздар мен колхоздарда осы салалардың даму мәселелерін жиі қарайды. Демек таяуда мәжілістердің бірінде ауыл шаруашылық дақылдарын суарғанға дейін суару жүйесін әзірлеу туралы мәселе көтерілді. Ауданда жемшөп қорын толықтырудың сенімді қайнары болып табылатын алты мың гектарға жуық суармалы жер бар. «Орал» совхозында, Чапаев атындағы колхозда оларды шын мәнінде алтын қорға айналдырды.

Сондай-ақ атқару комитетінде шөп селекциясы проблемалары, жемшөп цехтарын салу негізінде жемшөпті әзірлеуді жақсарту жөніндегі шаралар қаралды. Бұдан кейін нәтижелер қандай болды? Ауданда көпжылдық екпе шөп егістігі 11 мыңнан астам гектарға жеткізілді. Олар бір жылдық шөптермен қоса пішен қорын толықтыруға арналған басты «шалғынға» айналды. «Красный Октябрь» колхозы, «Трудовик» және «Шаған» совхоздары оларда жемшөпті көп дайындайды. Ауданда жемшөп цехтары да көбейді.

Ауданда тұрғындардан артық сүтті сатып алу жөнінен үлкен жұмыс жүргізіледі. Селолық Советтердің атқару комитеттері азаматтардың меншікті малын ұстау жағдайын мұқият зерттеп, пенсионерлердің үй іргесіндегі шаруашылықтарын дамытуға көмектеседі. Приречный селолық Советі депутаттарының инициативасы бойынша «Трудовик» совхозында меншікті мал үшін селоның сырт жағынан сиырлар қамалатын және сауылатын арнаулы шапа салынды.

Теректі малшылары алдында он екінші бесжылдықта үлкен міндеттер тұр. Дегенмен шешілмеген проблемалар баршылық. Шаруашылықта төлдейтін малдардың шығынына жол берілуі алаңдатады. Демек аудан бойынша әртүрлі себептермен екі мыңға жуық сиыр бракқа шығарылды.


Әйтсе де қуанышты өзгерістер баршылық. Мичурин атындағы колхоз сүт өндіру жөнінен артта қалып келді. Ал бертінде С. Жиенбаев басқаратын оның екінші бригадасына ауданның ауыспалы Қызыл туы мен ақшалай сыйлық тапсырылды. Колхозшылар мемлекетке жоспардағы 350 центнердің орнына 390 центнер сүт сатты.

Озаттар тәжірибесі — саланы одан әрі дамытуға көмектесетін маңызды резерв. Фермалардағы депутаттық постылар да оны таратуға көмектесуде.

Ю. ПЕШКОВ.

Теректі ауданы,
Орал облысы.

Digitized by Google



ТАБИҒАТ ҚОРҒАУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Айналадағы ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану — осы заманның актуальды проблемасы. Ол біздің республикада қалай шешіліп жатыр? Қазақ табиғат қорғау қоғамы орталық советі председателінің орынбасары К. О. Елубаев біздің тілшімізбен әңгімесінде осы жайында әңгімеледі.

* * *

— М. С. Горбачев он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясында сөйлеген сөзінде «...біздің ұрпақ ормандардың жаппай жойылуына, жануарлардың құрып кетуіне, өзендер мен су айдындарының улануына, шөл аймақтардың ұлғаюына куә болып отыр» деп атап өтті. Сондықтан да партия мен үкімет табиғат қорғауға, оның байлықтарына ұқыпты қарауға зор көңіл бөлуде. Осы орайда Қазақстанда өткен бесжылдық тұсында қандай шаралар қарастырылды?

— Шынында да, бізді қоршаған орта бүгінде ең мейлінше пәрменді қорғауды талап етеді. Осы мақсаттарда біздің республикамызда ғана жыл сайын жүздеген миллион сом жұмсалады. Он бірінші бесжылдықта маңызды табиғат қорғау шаралары, ең алдымен жердің құнарлығын арттыру жөніндегі шаралар жүзеге асырылды. Мысалы, қазіргі уақытта Қазақстанда 22 миллион гектардан астам танапта жел эрозиясына берік тосқауыл қойған егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі енгізілді. Сонымен қатар жерді қалпына келтіру ауқымы өсуде, жыл сайын мыңдаған гектар сортаңды жерлер айналымға қосылуда.

Жер қойнауларын ұтымды пайдалану едәуір жақсарды. Қазір Жезқазған кен-металлургия, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний, Лениногор полиметалл комбинаттарында рудадан пайдалы қоспалар анағұрлым көп алынуда. Павлодар мен Балқаштың бірқатар металлургия кәсіпорындарында қалдықсыз және қалдығы аз технология, шаң мен газдың атмосфераға таралуын шектейтін жабдықтар енгізілді.

Гурьев химия заводы атмосфера тазалығына қамқорлық жасаудың жақсы үлгісі бола алады, онда өткен бесжылдықта жалпы жылдық экономикалық тиімділігі 363 мың сом болатын ауаны ластанудан сақтайтын 30 шара енгізілді.

Алматыда ауаны қорғау жөніндегі пәрменді шаралар қолданылды. Мұнда 74 өнеркәсіп орны 1990 жылға дейін зиянды заттардың атмосфераға таралуын кемітуі жөнінде жоспарлар жасады, ал 118 автомобиль шаруашылығы двигательдерден бөлініп шығатын газдың улылығын тексеретін пункттер ашты.

Қазақстанда су ресурстарына ұқыпты қарауға зор көңіл бөлінеді. Он бірінші бесжылдықтың алғашқы төрт жылы ішінде қуаты тәулігіне миллион текше метр 198 су тазалайтын құрылғы және өнімділігі тәулігіне 2,7 миллион текше метр су жіберетін 61 айналымды-бұрылымды жабдықтау жүйесі пайдаланылуға берілді. Мұның өзі бірқатар ірі су қоймаларының сапалық құрамын жақсартуға, Орал мен Ертіс, Есіл мен Тобыл, Талас пен Іле өзендерінің ластануын азайтуға мүмкіндік берді.

— Алайда республикада шешілмеген экологиялық проблемалар әлі де аз емес...

— Әрине, 120 миллион гектар шөлейт жайылымдарда топырақ қорғау шаралары мүлде жүргізілген жоқ деуге болады. Малды тым көп жаюдың салдарынан олардың оннан бірі зая кетті. Мыңдаған гектар танап бүгінде су және суландыру эрозиясынан істен шықты.

Бізде жер байлықтары барлық жерде бірдей шаруагерлікпен пайдаланылмайды. Мысалы, Зырян, Текелі, Ащысай комбинаттарында, «Қаратау» бірлестігінде, Индер борат руднигінде соңғы жылдары активті емес пайдалы қазбалардың көп алынуына, олардың нормадан тыс шығындарына жол берілді. «Карагандауголь» бірлестігінде жұқа қабаттарды өңдеу жүргізілмейді, ал олар отынның жалпы қорының едәуір бөлігін құрайды. Бірлестік басшылары жерді, ауа мен суды ластай отырып, жыл сайын қаланың шет жақтарына қарай кеңінен таралып бара жатқан көмір қалдықтарына да немқұрайдылықпен қарайды. Ал ғалымдардың есептері бойынша, мұнда жыныс қалдықтарынан өнімділігі жылына 500 миллион данаға жететін кірпіш заводын салуға болады.

Қазақстан орманға бай емес. Сондықтан да оларды ерекше сақтау қажет. Шығыс Қазақстан облысында жағдай мүлде басқаша, онда орман шаруашылықтары жақын жердегі қолайлы учаскелерге отайды да, шалғайдағы ормандарға мүлде тиіспейді. Мысалы, Марқакөл орман шаруашылығы 1969 жылдан бері белгіленгендегідей жыл сайын 200 мың текше метр ағаш

Digitized by Google

дайындауды әлі күнге дейін бастаған жоқ. Оның есесіне Зырян орман шаруашылығы өзінің шикізат базасын мерзімінен бұрын тауысып алды және қазір мұнда жергілікті ағаш-жоңқа плиталары заводы үшін ағаш тасуда.

«Қазлес» бірлестігі ормандарды қалпына келтіру жөніндегі тапсырмаларды жыл сайын орындамайды. Оның үстіне қылқан жапырақтыларды жай жапырақтылармен ауыстырып, жаңа орман өскіндерінің сапасын жиі бұлдіреді. Соңғы уақытта Ақтөбе, Көкшетау, Қостанай, Торғай және Орал облыстарының орман шаруашылықтары өте қажетті егіншілікті қорғайтын алқаптар жасауды белгісіз себептермен тоқтатып тастады.

— Қазақ ССР Қызыл кітабының екі томдығында айтылғанындай, бізде жануарлар мен өсімдіктердің жекелеген түрлері азайып барады. Осы процесті тежеуге болар ма екен?

— Тежеу ғана емес, оны оңға бастыруға да болады. Мысал келтірейін. Елуінші жылдардың басында ақбөкендердің толық жойылып кету қаупі туды. Алайда қабылданған шаралардың арқасында олардың саны қайта толықтырылып, тіпті көбейе түсті. Қазір ондатра, суыр, құлан, жайран, дуадақ және соңғы онжылдықта тым азайып кеткен басқа да кейбір жануарлар мен құстар өздеріне осылай қарауды талап етеді.

Игі мақсат — өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғауда қорықты территориялар үлкен роль атқарады. Бүгінде республикада 7 қорық, заказниктер, орман парктері, курортты аймақтар және бір мемлекеттік табиғи парк бар. Алайда олардың қызметі жақсартуды қажет етеді: білікті мамандар — зоологтар мен ботаниктер жетіспейді, ал олар әзірлейтін ғылыми тақырыптар қорық бағытына сәйкес келе бермейді. Қорық тәртібін өрескел бұзу да толық жойылған жоқ. Мысалы, Қорғалжын қорығында соңғы үш жыл бойы көрші совхоздар шөп дайындап келді. Ал өткен жазда олар тіпті оның орталық усадьбасы территориясын орып алуға дейін барды. Осының бәрі, әрине, жануарлар мен құстарды үркітіп қана қоймайды, сондай-ақ олардың жойылуына себеп болады.

— Қазақ табиғат қорғау қоғамының 3,5 миллионнан астам мүшесі бар. Олардың табиғат қорғауға қосатын нақты үлесі қандай?

— Біздің қоғамның мүшелері — партия, совет және мемлекеттік органдардың айналадағы ортаны қорғау ісіндегі белсенді көмекшілері. Олар өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жағдайына, жерді, ормандар мен су қоймаларын ұтымды пайдалануға қоғамдық бақылауды кеңінен жүзеге асырады, ұсақ өзендер мен бұлақтарды, сирек кездесетін жануарларды, құстар мен өсімдіктерді тіркейді. Мысалы, қазір суды бақылау органдарымен қатар республикада 177 қоғамдық пост су заңдылығы негіздерінің сақталуын қадағалайды.

Қоғамның облыстық және аудандық бөлімшелері, бастауыш ұйымдары экологиялық білімдерді таратуға, тұрғындарды табиғатқа ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге ұдайы ықпал етіп, кәсіпорындар мен ұйымдардың ресурстарды ұтымды пайдаланудағы озық тәжірибесін насихаттауда. Республикада 57 «Табиғат» халық университеті жұмыс істейді, онда 10 мыңнан астам адам оқиды.

Біздің баспа өнімдеріміз — кітаптар, кітапшалар плакаттар, листовкалар, буклеттер саны едәуір көбейіп келеді. Өткен жылдың өзінде ғана Алматыда «Туған табиғатты қорғаңдар!» деген ұранмен плакат-календарьлардың жеті түрі, «Қазақ ССР Қызыл кітабының беттерінде» атты аспалы календарь, сирек кездесетін жануарлар бейнеленген қалта календарының 25 түрі шығарылды. Табиғатты қорғау тақырыбына едәуір деректі кинолента лар, телевизия және радио хабарлары арналуда.

— Ормандарды, шабындықтарды, өзендерді, көлдерді қорғауда әрбір жеке адам қаншалықты іс атқара алады?

— Өте көп. Егер әрбір адам өзінің табиғат алдындағы парызын сезінсе, онда бірқатар проблемаларды тезірек шешуге болар еді. Мысалы, біз табиғат аясында дем алғанда өзімізді барлық кезде бірдей дұрыс ұстаймыз ба? Өкінішке қарай, жоқ деп жауап беруге тура келеді.

— Он екінші бесжылдықта атқарылар табиғат қорғау ісіндегі негізгі міндеттер қандай?

— Табиғат — еліміздің басты байлығы. Сондықтан да совет адамдарында табиғат ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтау және еселей түсу жолындағы жоғары жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді күшейту қажет. Партия мен үкімет шешімдері, съезд қарсаңындағы документтер бізді осыған жұмылдырады. СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасы жаңа бесжылдықта прогресті технологиялық процестерді кеңінен енгізу, құрама өндірістерді дамыту, айналадағы ортаға зиян тигізбейтін немесе оны елеулі түрде азайтатын шикізат пен материалдарды толық және комплексті пайдалануды қамтамасыз ету міндеттерін қойып отыр. Онда табиғат қорғау жөнінде басқа да тиімді шаралар қарастырылған.

Су қоймалары мен ауа атмосферасының тазалығы, жер мен оның қойнауларын ұтымды пайдалану жөнінде қамқорлық жасау — адамды, оның денсаулығын, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайын қорғау екенін ұмытпаған жөн.

Әңгімені жүргізген А. КЛЮЕВ.

Digitized by Google

АТА-АНАЛАРМЕН БАЙЛАНЫС

Біздің қоғамымызды одан әрі жетілдіру жаңа адамды тәрбиелеумен байланысты. КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында партия әрбір совет адамының бойында ортақ игілік жолындағы адал еңбекке, мейлі ол ой еңбегі немесе дене еңбегі болсын, терең құрмет және оған әзірлік сезімін қалыптастыруды тәрбие жұмысының өзегі етіп қоятыны жазылған. Жас жеткіншектерді жоғары азаматтық қасиеттерге тәрбиелеудің бастауында жалпы білім беретін мектеп тұр. Оқушылардың ата-аналарымен одақ неғұрлым күшті болса, оның қызметі де соғұрлым табысты болады. Мұнда педагогикалық білімдер халық университеттерінің ролі орасан зор.

Жамбыл облысында педагогикалық білімдер халық университеттерінің жүйесі жыл сайын өсіп келеді, онда селолық жерлердің өзінде 10 мыңға жуық тыңдаушы оқиды. Бүкілодақтық байқауға, педагогикалық білімдер халық университеттері активіне арналған облыстық семинарды өткізуге қатысу сабақтың теориялық және ғылыми-методикалық дәрежесін арттыруға, жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін молайтуға айтарлықтай ықпал етті. Облыстың мектептерінің бәрінде ата-аналар жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттарын оқып үйренді.

Өткен оқу жылының қорытындылары бойынша Қордай ауданында Пушкин атындағы мектеп жанындағы университет (ректоры Ж. Қ. Қанапиева) таңдаулы деп танылды. Мұнда төрт факультетте 3—6 жас аралығындағы, төменгі және жоғары кластарда, 4—8 кластарда оқитын балалары бар ата-аналар үшін 11 бөлімше жұмыс істейді. Университеттің мұндай құрылымы балалардың жас ерекшеліктерін дәлірек белгілеуге және ата-аналарды толғандыратын сұрақтарға толығырақ жауап беруге мүмкіндік туғызады. Мұғалімдер Н. В. Свищева, Ж. Нұрпейісова, Н. А. Волуева, А. Н. Пичкунова жүйелі түрде лекция оқиды.

Осы мектептің базасында аудандағы ата-аналар университеттері ректорларының семинары өткізілді. Оның жұмысына Черная речка селосынан 300 ата-ана, колхоз басшылары, селолық Совет қызметкерлері, шаруашылық мамандары қатысты. Бастауыш кластар оқушыларының ата-аналарына арналған сабақтар, практикалық сабақтар, әскери комиссариат өкілдерімен, таңдаулы мұғалімдермен кездесулер, дәрігерлік кеңестер және оқудың басқа да формалары, ал ең бастысы — оқушылардың өзін-өзі ұстау мәдениеті саналы тәртібі, әлеуметтік азаматтық белсенділігі туралы сабақтар айрықша ынтықылас туғызды. Оқушылар «Искра Ленина» колхозына шамаларына қарай біраз көмек көрсетеді: балалардың өндірістік бригадасында жұмыс істейді, тұт ағашының жібек құртын өсіреді, пішен дайындауға қатысады, жазда қант қызылшасы плантациясының 30 гектар алқабын өңдеді. 600 тонна овощ өсірді.

Луговой ауданының К. Е. Ворошилов атындағы мектебі жанындағы педагогикалық білімдердің халық университетінде (ректоры Л. Ф. Кулыгина) сабақтарда фильмдер, диафильмдер және басқа да техникалық құралдар кеңінен пайдаланылады. Тыңдаушылар практикалық жұмыстар орындайды, оқу соңында рефераттар жазады. Ауданның барлық ата-аналар университеттерінде әрбір кезекті сабаққа «Сіздер үшін, ата-аналар» атты қабырға газеті шығарылады, оқушылардың таңдаулы жұмыстарының көрмелері, олардың көркем творчествосының, балаларды семьяда тәрбиелеу жөніндегі кітаптардың көрмесі ұйымдастырылады.

Облыс халық университеттерінің қызметінде жас ата-аналармен жұмыс істеу ерекше орын алады. Олар үшін балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жекелеген консультациялар өткізілді, сондай-ақ олар сабақтарға, кластан тыс шараларға қатысу үшін мектепке шақырылып, мектептің қоғамдық өміріне тартылады. Мұғалімдер жас ата-аналар семьяларына барады, балалар тәрбиесі жөнінен оларға ақылкеңес береді. Бірқатар мектептерде жас ата-аналар арасында анкета жүргізілді. Тәжірибелі ата-аналар өз білімдерін алмасатын сұрақ және жауап кештері практикаға енгізілуде. Тыңдаушылар мектептердің оқу кабинеттерін безендіруіне көмектеседі, кәсіпорындарға саяхат жасауды ұйымдастырады, балалармен кинотеатрларға барады, микроаудандарда ата-аналар кезекшілігін ұйымдастырады.

Жуалы ауданындағы С. Орджоникидзе атындағы орта мектептің университетінде «Еңбек тәрбиесі және жасөспірімдерге бағдар беру» тақырыбындағы сабақ қызықты өтті. Университет оқытушысы А. Г. Рейтерд мектеп реформасының оқушылардың семьядағы және мектептегі еңбек тәрбиесі жөніндегі талаптарының мәнін түсіндірді. Лекциядан кейін тыңдаушылар арасында анкета жүргізілді. Ол көптеген семьялардың балаларды адал еңбек ету дағдыларына баулитынын көрсетті. Дегенмен балаларын барлық үй шаруасы міндеттерінен босататын семьялар да ұшырасты. Сондай-ақ кейбір семьяларда мамандық таңдауда ата-аналар мен оқушылар пікірінің бір жерден шықпайтыны анықталды. Осының бәрі тыңдаушылармен жұмыста ескерілді. Олардың университетте алған білімін практикада табысты қолдануы үшін ата-аналар

Digitized by Google

КЛУБ және САЛАУАТТЫЛЫҚ

Жамбыл облысы Шу жөндеу-механика заводында партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шаралар туралы шешімдері талқыланған жұмысшы жиналысы қызу өтті. Сөз сөйлегендер маскүнемдердің кәсіпорын мен жұмысшы поселкесінде тым еркін ұстайтыны туралы ашына айтты. Коллектив талабы тиянақты да тұжырымды болды — маскүнемдіктің бірде-бір оқиғасы талқылаусыз және жазалаусыз қалмасын.

Сонымен бірге жиналыста адамдардың бос уақытты орынды пайдалануына көмектесу, ішімдік ішудің қалыптасқан дәстүрлерімен белсенді күресу қажеттігі атап көрсетілді. Завод клубының меңгерушісі **Р. М. Қожаханова** жиналғандар алдында осы жайында батыл айтты. Роза Мүсілімқызы көркемөнерпаздар үйірмелерінің аз екенін, ал би кештерінде мас адамдардың көп болатынын және билердің ұрыс-керіссіз өтпейтінін қынжыла хабарлады.

Сол бір есте қалған жиналыстан бері біраз айлар өтті. Р. М. Қожаханова «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналы редакциясы Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің республикалық кәсіподақ курстары мәдени-көпшілік жұмыс бөлімімен бірлесіп өткізген республика клуб меңгерушілерінің кездесуінде завод коллективінің өмірінде қандай өзгерістер болғаны жайында әңгімеледі.

— Жиналыстан кейін бірден, — деп хабарлады Роза Мүсілімқызы, — завод директоры, партия бюросының секретары және кәсіподақ комитетінің председателі клуб қызметкерлерін шақырды. Біз бірлесіп клуб жұмысын жақсарту, оның салауатты өмір салты үшін күрестегі ролін арттыру жоспарын белгіледік.

Қолдауды сезінген жолдастарым жұмысқа қызу кірісті. Ең алдымен салауаттылық клубын құру жайлы мәлімдеді. Ішімдіктен мүлдем қол үзуді ұйғарған адамдар оның құрамына кірді. Алғашқы күндері 57 адам жазылды, ал қазір клуб мүшелері көбейе түсті. Клуб советін өте жігерлі және инициативалы адам — дәрігер-нарколог Сәуле Дәуренбекқызы Дәуренбекова басқарды.

Клуб мүшелері демалыс кештерін өздері әзірлеп, өткізеді және мұны үлкен тапқырлықпен атқарады. Сондықтан да осындай кештерге келуге тілек білдірушілер қазір өте көп. Клуб мүшелерінің белсенді көмегімен «Салауаттылық — өмір нормасы» кинолекторийін ұйымдастырдық. Біз прокатта маскүнемдік пен алкоголизмнің залалы туралы ғылыми-көпшілік фильмдердің соншалық көп екенін білмеген екенбіз. Және осы

активистері оқушылардың күн режимін орындауын тексеруге, семьяларға, әсіресе жайсыз семьяларға барып, бала тәрбиесі туралы әңгімелер өткізуге арналған топтар құрды. Соның нәтижесінде оқушылардың үлгірімі жақсарды, олардың еңбек және қоғамдық белсенділігі артты.

Мерке ауданында Т. Рысқұлов атындағы мектеп базасында 1957 жылдан бері педагогикалық білімдер университеті жұмыс істейді. Ол жұмыс істеген уақыт ішінде 3650 тыңдаушы оқыды. Мұнда әрбір сабаққа «Мектеп дауысы» атты қабырға газетін шығару дәстүрге енген. Оның беттерінде класс жетекшілері тәжірибе алмасады, таңдаулы ата-аналардың тәжірибесін насихаттайды, ақылкеңестер береді, міндеттер қояды, балалар тәрбиесіндегі жекелеген кемшіліктерді көрсетеді. Оқушылар тыңдаушылар алдында концерт қояды.

Сабақтарда әкенің балалар тәрбиесіндегі ролі, алкоголизмнің залалды салдары т. б. туралы мәселелер нақтылай немесе ішінара сөз болады. Осындай мәселелер әрдайым ерекше қызу талқылауға тұрызып, пәрменді нәтижелер беруде. Әрбір сабаққа класс жетекшілері қатысады, мұның өзі олардың ата-аналармен ай сайын кездесуіне мүмкіндік береді.

Кезекті әрбір сабақтан кейін келесі сабақ тақырыбы жарияланады, мұның өзі тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға ықпал етуде. Кластар бойынша ата-аналар конференцияларын өткізу қолданылуда, оларды өткізу алдында лекторлар, класс жетекшілері ата-аналар комитеттерімен бірлесіп, анкета әзірлейді және оларды ата-аналарға таратады. Конференцияда жасалған баяндамада анкетаны жүргізу нәтижелері баяндалады. Осындай баяндамадан кейін көптеген ата-аналар сөз сөйлейді. Конференция қызу пікір алмасуға ұласады.

Көптеген мектептердің педагогикалық білімдер университеттері ата-аналармен жұмыс істеудің қыруар тәжірибесін жинақтады. Енді оны кеңінен тарату маңызды.

О. КЕРІМБЕКОВ,
Жамбыл технология институтының доценті.

Digitized by Google

фильмдер адамдарға өте күшті әсер етеді, ал ішімдікке салынып, өз балаларын ұмытқан әйелдер туралы «Маған мамамның суретін салу қорқынышты» деген лентаны көпшілігі жылап отырып көрді.

Көркемөнер үйірмелері де көбейді. Экскурсия бюросымен бірлесіп өткізілетін демалыс күндері Алматыға, Ташкентке, Фрунзеге, Ыстықкөл көліне саяхат жасау заводтықтарды өте-мөте бауырады. Бір сөзбен айтқанда, қазір көптеген адамдар өздерінің көңілі қалаған істерді тапты. Және мұның өзі, әрине, олардың мінез-құлқына да, завод жұмысына да, поселкедегі реттілікке де игі ықпал етті. Әйтсе де алда атқарылар істер көп. Мүдделілік жөніндегі клубтарды, еңбек ардагерлері хорын құрудамыз.

Республика мәдени-ағарту мекемелерінің басқа да қызметкерлері кездесуде пайдалы бастамалар жайында әңгімеледі. Қостанайлық тоқымашылар мәдениет сарайының директоры **Н. А. Никель** хабарлағанындай, осында құрылған «Бастау» салауаттылық клубының өз уставы, өз эмблемасы бар. Оған қатысушылардың кездесулері шай үстінде, ашық-жарқын, достық әңгіме жағдайында өтеді. Адамдар семьяларымен осында келеді. Балалар үшін арнаулы программалар әзірленеді, ал бөбектер қоғамдық бала күтушілер қарауында болады. Кездесу программасы клуб мүшелерінің әрқайсысының талап-тілектері ескеріліп жасалды, оларға сұрақ қою жүргізілген еді. Оның барысында клубтың бүкіл жұмысын әрбір адам еңжар тыңдаушы ретінде қарамай, өз қабілетін толығырақ танытып, алкогольге қарсы насихатқа қатысу үшін қажетті дағдыларды алатындай етіп жолға қою тілегі бірауыздан айтылды. Клубтың «Бастау» деп аталуы да осыдан шыққан — ол пайдалы және игі істер мен инициативалардың бастауы. Оның қызметі «Біз не істей аламыз?» конкурсынан басталды. Ол адамдардың көп нәрсе істей алатынын және өздерінің дарыны мен білімдерін ортақ игілікке бәрі бірдей қолданбайтынын көрсетті. Клуб мүшелерінің бәрі право және адамгершілік тәрбиесі проблемалары жөніндегі халық мәдениет университетінде оқиды.

Шымкент облысы Бөген ауданының «Шымкент» жеміс-овощ совхозы мәдениет сарайы қызметкерлерінің инициативасы кездесуге қатысушылардың назарын аударды. Мәдениет сарайының директоры **Л. Д. Егорова** ол жайлы әңгімеледі. Селолық мәдени-спорт комплексінің құрамына кіретін осы мәдениет ошағының қызметкерлері мен активистері депутаттармен, шаруашылық, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен, мұғалімдермен бірлесіп селолық әрбір үйде болып, маскүнемдікпен күрес жөніндегі шешімдердің маңыздылығы, оған әрбір адамның қатысуға тиіс екені жайында әңгімелер өткізді. Сонымен қатар адамдардың бос уақыттарында немен айналысқысы келетінін сұрастырды. Клуб қызметкерлері үшін бұл өте пайдалы өзіндік «шарын зерттеу» болып шықты. Ол ең алдымен рухани мүддесі шектеулі, өзінің бос уақытын мазмұнды пайдалана білмейтін адамдардың маскүнемдікке салынатынын көрсетті. Село тұрғындарының кейбіреулерінің көптен бері қолына кітап алмағаны, лекцияларда, кинода сирек болатыны анықталды. Әңгімелер селолықтарды, олардың ішінде егде және орта жастағы адамдарды да қоғамдық істерге, көркемөнерпаздар үйірмелеріне, осында құрылған мүдделілік жөніндегі клубтарға тартуға көмектесті. Адамдарға осылай бару арқылы олармен емін-еркін жағдайда көзбе-көз әңгімелесу ұйғарылды. Нақ осындай әңгімелер, социологтардың айтып жүргеніндей, жағымсыз құбылыстарды жою, адамдардың белсенділігін дамыту үшін өте көп нәрсе береді. Совхоз партия комитетінің шешімі бойынша, маскүнемдіктен әлі де қол үзбеген семьяларға жұртшылықтың қамқорлық жасауы тағайындалды.

Осы жұмыстың бәрі ішімдікке әуестерден және өздерінің іс-әрекеттерімен соған ықпал ететін адамдардан қатаң сұраумен тығыз ұштастырылады. Мәдениет сарайында ілінген «Ішімдікке — тосқауыл» викторинасы самогон қайнатушыларды, қоғамдық тәртіпті бұзушыларды өткір сынайды.

Кездесуде ішімдік ішу дәстүрлерін жоюмен және алкогольсіз ұрыптарды енгізумен байланысты мәселелер қызу талқыланды. Ал ол Қостанай облысы Қостанай ауданының «Мичурин» совхозының клуб меңгерушісі **О. Я. Еремиянның** сөзінен басталды.

— Біздің селомызда комсомолецтер Галина мен Саша үйлену тойларын алкогольсіз өткізуге бірінші болып тілек білдірді. Екеуі де біздің селоның балалары. Галя әкесінен өте ерте қалды, еден жуушы болып жұмыс істейді және педагогикалық училищеде сырттай оқиды, ал күйеу жігіт анасыз өсті, армиядан кейін механизаторлық кәсіпке оралды,— деп әңгімелейді Ольга Яковлевна. — Біз комсомол комитетімен бірлесіп сценарий жасауды қолға алған кезде қалыңдықтың қатты ашуланған шешесі келді. «Біздің жастарымыз не істегелі жатыр? — деп ашу шақырды ол. — Жоқ, біз тойды «құрғақ» өткізе алмаймыз. Ішімдіксіз болмайды. Менің селода қаншама туысқандарым бар, олар маған келмейді және сырт айналып кетеді. Ал құда не дейді? Мені сараң екен деп ойлайды ғой...»

Осы сөздерді тыңдау ауыр болды және жесір әйелді өз пікірімізге иландыра алмадық. Сөйтіп біздің тойды алкогольсіз өткізуіміздің сәті түспеді. Селомыздағы адамдар ішімдік ішу дәстүрлерінен бас тартпайды, өйткені оларды сараң немесе құлық жасады, туысқандық сезім жоқ, тіпті коллектившіл емес деп ойлайды дегеннен қауіптенеді.

— Ал біз бұған қосымша дастархан басындағы арақ пен шарап шөлмектерінің тізбегінсіз той көңілді және жар-

Digitized by Google

қын болмайды деген күмәнданушылықпен де ұшырастық, — дейді біздің кездесуге қатысушы, Қостанай облысы Боровский ауданы «Краснопресненский» совхозының клуб меңгерушісі **З. Я. Пащенко.**—Бізде де үйлену тойын ішімдіксіз өткізуге қарсылық білдірген жастар емес, олардың ата-аналары болды. Мұнда бізге комсоргымыз Ботагөз Төлегенова мен оның күйеу жігіті милиционер Рамазан Мұрзатаевтың өнегесі қатты көмектесті. Олар өз ата-аналарын қалыптасқан «қоғамдық пікірден» де, көңілсіздіктен қауіптенбеу қажеттігіне де иландырды. Біз ақсақалдармен қазақтың көне үйлену тойларының ғұрыптарын қалай пайдалану қажет екенін ақылдастық, бүгінгі күнге, біздің өмір салтымызға үндес келетін салт-жораларды енгіздік.

Жас жұбайлардың ата-аналары қалай толқығанын көрсеңіз ғой. Ал біздің вокальды-аспапты ансамбльдің жігіттері көне беташар халық әнін орындап, ақындар қалыңдық пен күйеу жігітті шын жүректен құттықтаған кезде әкелер мен аналардың жүздері жадырап кетті. Көптеген әндер, әзілдер айтылды, күйеу жігіт пен қалыңдыққа, олардың ата-аналарына, қонақтарға арналған конкурстар болды.

Үйлену тойы көңілді, жарқын өтті. Қонақтар таң атқанша ән шырқап, би биледі. Олар: «Барша үшін осындай қуанышты да көңілді той болады деп ойлаған жоқ едік», деген сөздермен тарады.

— Ішімдік ішу әдетімен күресте күлкінің, сатираның күшін пайдалану қажет, — деді кездесуде Шымкент облысының Сайрам ауданындағы Сарыбұлақ клубының меңгерушісі, селолық Советтің депутаты **М. С. Сұлтанметов.** — Біздің селода бертінге дейін үйлену тойлары ағыл-тегіл спиртті ішімдіктермен өтетін. Халық комиссары Семашко осы жайында өте жақсы айтқан болатын. Ол «маскүнемдік әдет-ғұрыптардың идеялық платформасын моральдық жағынан шайқалту, салауаттылық беделін көтеру қажет» екенін атап көрсеткен еді. Үйлену тойын көл-көсір етіп, спиртті ішімдіктерді көбірек қойып, некеге тіркелу кезінде жеңіл автомобильдердің санын көбейту тұрғысынан сайыс өтті деуге болады. Осындай сайран салу (оларды басқаша атай алмайсың) 400—500 адамға дейін, сайып келгенде бүкіл селоны жинайтын және олар екі-үш күнге созылатын. Біздің жұртшылық, депутаттар, әрине, советтік өмір салтына жат осындай дәстүрлермен келісе алмады. Қайсыбір регламенттерді тағайындауға әрекеттенді, бірақ қалыптасқан нанымдарды жою оңай да емес екен. Міне, сол кезде әзіл-қалжыңды қолдануға тура келді. Сатиралық қойылымдар әзірледік, оларда қызының тұрмысқа шығу тойында ішілген арақ жәшіктерінің санына масаттанған аңғал әкені көрсеттік.

Торғай облысының Жақсы ауданындағы «Киев» совхозы клубының меңгерушісі **Қ. А. Қабылбекова** үгіт-көркем өнер бригадасы жұмысының тәжірибесін алмасты, оған қатысушылар маскүнемдерді, тәртіп пен қоғамдық реттілікті бұзушыларды сынайды, маскүнемдіктің адам мен қоғамға қандай орасан зор залал келтіретінін көрсетеді.

Маскүнемдікпен күрес жүргізе отырып, оң мысалдарға тұрақты сүйену, әрбір адамға көңіл бөлу ахуалын орнықтыруға жан-жақты көмектесу, адал еңбеккерлердің беделін көтеру қажет, деп атап көрсетілді кездесуде. Талдықорған облысының Андреев ауданындағы Ленинское селосы клубының меңгерушісі **З. П. Дмитриеваның** әңгімесі осы пікірдің жарқын көрінісі болды.

— Біздің клубта өндіріс озаттары мен ардагерлерін, мұғалімдерді, дәрігерлерді атау өтеді. Кездесуге жастар да, қарттар да, бүкіл село тұрғындары келеді және әрбір адам мұнда жоғары адамгершіліктің ұмытылмас тағлымдарын алады. Бертінде, мәселен, Ұлы Отан соғысына қатысқан Петр Иванович Удилов пен оның әйелі Наталья Петровнаның семьясын атадық. Олардың бірлескен өмірінің 50 жылдық юбилейі салтанатқа арқау болды. Олар он бала тәрбиелеп өсірді, туған село үшін көптеген игі істер атқарды. Той иелері құрметіне олардың сүйікті әндері шырқалды. Олар жастарды қызықтырып, қандай әдемі вальс биледі десеңізші. Ардагерлер өмірі туралы әңгімелер ешкімді немқұрайды қалдырған жоқ.

Инициативаны, табандылықты, тапқырлықты көбірек көрсету, Бүкілодақтық салауаттылық қоғамы ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайту маңызды. Олар үшін клубтар, кітапханалар, кинолекторийлер белсенді алкогольге қарсы акцияларды өткізуге арналған база ретінде қызмет етуге тиіс. Дегенмен мәдениет қызметкерлеріне көмектесу де керек. Кәсіпорын басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары олардың өтініштері мен ұсыныстарына барлық кезде бірдей үн қатпайды. Демек Көкшетау облысының Арықбалық ауданындағы «Арықбалық» совхозының клуб меңгерушісі **Л. П. Ткаченко** кездесуде осы жайында үлкен ренішпен айтты. Осы қызметке тағайындалғанға дейін Любовь Павловна бухгалтер болып жұмыс істеді. Клубты басқаруды ұсынған кезде оған барлық жағынан көмек көрсетуге уәде берген еді. Міне, ол оңай емес жұмысқа келісті де, бірден дәрменсіз сұраушыға айналды. Ал клубта жалғыз гитарадан басқа ештеңе жоқ. КПСС Орталық Комитетінің «Клуб мекемелері мен спорт ғимараттарын пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысы шыққаннан кейін партия және кәсіподақ комитеті мейлінше үлкен шаралар белгілесе де игі өзгерістер болған жоқ. Іс бұлай ілгері баспайды ғой. Мәдениет ошағына немқұрайдылықпен қарау өндіріске де, адамдар тәрбиесіне де залал тигізетінін нақты түсінетін уақыт жетті.

Digitized by Google

Сұраққа жауап

БАЛА БАҚШАЛАР КӨБЕЮДЕ

Партия мен үкімет балаларды яслилер мен бала бақшаларда жан-жақты тәрбиелеу, оларды мектептегі оқуға даярлауды жетілдіру туралы зор қамқорлық жасауда. Осыған орай біздің республикамызда мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жүйесінің қалай дамып отырғанын білгім келеді.

Н. КИСЕЛЕВА,
үгітші

Павлодар қаласы.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мәдениет және оқу бөлімінің бастығы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген экономисі Н. С. САНСЫЗБАЕВ сұраққа жауап береді.

Республиканың қалалары мен селоларында 8 мыңға жуық бала бақша мен ясли жұмыс істейді, оларға 980 мыңнан астам бала барады.

Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде республикада 800-ден астам, оның ішінде 168 мың орындық бала бақша мен ясли салынды.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етілу дәрежесі едәуір артты және бүгінде Қостанай облысында 70 процентке, Павлодарда — 63,2, Солтүстік Қазақстанда — 62,4, Шығыс Қазақстанда — 59,8, Көкшетауда — 56,5, Алматыда — 68,2 процентке жетті. Сонымен қатар бұл тұрғыдан Шымкент (32,4 процент), Қызылорда (36,1), Семей — (41,3), Талдықорған (43,3) және Алматы облыстарында (43,7) тым артта қалушылық байқалады.

Істің мәні мынада: министрліктердің, ведомстволардың, халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың бәрі бірдей балалар бақшалары мен яслилері құрылысының тағайындалған жоспарларын орындауға тиісті қамқорлық жасамайды.

Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігінің құрылыс ұйымдары мектеп жасына дейінгі балалар алдында үлкен қарыздар, олар 11,2 мың орындық 42 бала бақша-яслидің іске қосылуын қамтамасыз ете алмады.

Соның ішінде, мысалы, Қарағанды облысында 4,7 мың орындық, Ақтөбеде — 3,9, Жезқазғанда — 2,8, Гурьевте — 2,1, Торғайда — 1,9, Целиноградта — 1,6 мың орындық объектілер толық салынып бітпеді.

Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінен шаралар қабылдануда, оларды жылына 8,6 мыңға жуық адам қабылдайтын 5 педагогика институты және 25 педагогика училищесі даярлайды. Оның үстіне республиканың жалпы орта білім беретін мектептері жанындағы бір жылдық педагогикалық кластарда жыл сайын яслилер мен бала бақшалардың болашақ 3000 тәрбиешісі оқиды. 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеумен айналысатын медициналық сестраларға және яслилер мен бала бақшалардың барлық тәрбиешілеріне алты сағаттық (аптасына 36 сағат) жұмыс күні және ұзақтығы 36 жұмыс күндік жыл сайынғы еңбек демалысы тағайындалды. Ведомстволық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балалардың ауыруын азайтқаны үшін қызметкерлерге сыйлық беру енгізілді.

Мемлекет мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін ұстау шығынын үнемі ұлғайтып келеді. 1984 жылы ғана республикада осы мақсаттарға 319 миллион сом жұмсалды. Осыған орай балалар яслилеріндегі бір бөбекке жұмсалатын шығын 615 сом және бақшаларда — 443 сом құрайды, ал ата-ана төлемінің үлесі барлық шығындардың 17 процентінен аспайды. Он бірінші бесжылдықта семьяның әр мүшесіне шаққанда жалпы орташа айлық табысы 60 сомнан аспайтын семьялар ақы төлеуден босатылды. Ал төрт және одан да көп баласы бар ата-аналар төлейтін ақы 50 процент қысқартылуда.

Республиканың партия, совет және шаруашылық органдарының 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған шараларында негізінен балаларды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз ету проблемаларын шешу қарастырылуда. Олардың құрылысын халыққа білім беру және өндірістік мақсаттағы объектілер құрылысына арналған мемлекеттік күрделі қаржылар есебінен және босаған әкімшілік, шаруашылық және басқа да үйлерді лайықтау және қайта құру жолымен жүзеге асыру белгіленді. Үйлерді жөндеп, безендіруде, сондай-ақ балаларды тәрбиелеу мен оқытуды одан әрі жетілдіруде яслилер мен бақшаларға қамқорлық көмек көрсету күшейтіледі.

Digitized by Google

СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ

Біздің елімізде Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен қаза тапқан әскери қызметшілердің семьялары әлеуметтік қамсыздандыруда, медициналық және коммуналдық-тұрмыстық қызметте қандай жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдаланады?

А. ҚҰМАНОВ.

Қостанай қаласы.

Қазақ ССР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің жауапты қызметкері А. ШАТКОВСКИЙ біздің оқырманымыздың сұрағына жауап береді.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен қаза тапқан әскери қызметшілер семьяларының денсаулығын нығайту және материалдық-тұрмыс жағдайын жақсарту туралы тұрақты қамқорлық жасауда. Соғыстан кейінгі жылдарда оларға маңызды жеңілдіктер мен артықшылықтар берілді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында бірқатар қаулылар қабылдады, осы қаулыларда олар үшін қосымша жеңілдіктер мен артықшылықтар белгіленген.

Әлеуметтік қамсыздандыруды алайық. Соғыс мүгедектері қартайғанына байланысты пенсия алу үшін жеңілдіктерді пайдаланады. Ол жас шамасын бес жылға қысқарту арқылы ер адамдар 55 жасқа, әйелдер — 50 жасқа жеткенде тағайындалады. Және оны ең жоғары мөлшердегіден 15 сом артық тағайындайды.

Егер I және II топтағы мүгедектер жұмыс істесе, онда олар пенсияны жалақысына қарамастан толық мөлшерінде алады, ал III топтың мүгедектеріне қарттығына байланысты пенсия жұмыс орны мен атқаратын қызметіне қарамастан жалақысы мен пенсиясының жалпы мөлшерінде 300 сомға дейін сақталады.

Көптеген колхоздарда соғыс ардагерлеріне пенсияға қоса айына 20 сомнан 40 сомға дейінгі мөлшерде қосымша ақы, сондай-ақ колхоз ішіндегі әлеуметтік қамсыздандыру бойынша кейбір басқа да жеңілдіктер тағайындалуда.

1985 жылдың 1 майынан бастап 1 топтағы соғыс мүгедектері пенсиясының мөлшері қосымша, оның ішінде ең көп мөлшерінен 30 сомға, ал II топтағы мүгедектерге 20 сомға көбейтіледі. I топтағы мүгедектер үшін пенсияның ең аз мөлшері 129 сомнан, II топтағылар үшін 97 сомнан кем болмайды. Оның ең көп мөлшері 152 сомға дейін өсті.

Офицерлер құрамындағы адамдар, прапорщиктер, мичмандар және мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілер арасындағы I топтың соғыс мүгедектеріне оларды күтіп-бағу үшін пенсиясына қоса айына 50 сом мөлшерінде қосымша ақы белгіленді, ал мерзімінен тыс қызметтегі әскери қызметшілер арасындағы ондай соғыс мүгедектеріне пенсия айына 30 сом көбейтілді.

Совет Одағының Батырлары мен үш дәрежелі Даңқ орденінің иегерлеріне одақтық дәрежедегі дербес пенсия ұлғайтылды.

Сонымен қатар егер бұрын I топтағы соғыс мүгедектерін күтіп-бағатын адамдардың мүгедекті нақты күткен уақыты олардың семья мүшелерінің еңбек стажына есептелсе, енді бұл оларды күтетін барлық адамдарға таралады.

Қаза тапқан әскери қызметшілердің семьялары да пенсияға едәуір үстеме алады. Ол семьяның бір мүшесіне шаққанда кемінде 45 сом, екеуіне — 90 сом, үш және одан да көп адамына — 120 сом құрайды.

Партия мен үкіметтің жаңа қаулыларына сәйкес, біздің республикамыздың өзінде ғана соғыс ардагерлері мен қаза тапқан әскери қызметшілердің семьяларына пенсия төлеуге жұмсалатын қосымша қаржылар жылына 20 миллионға сом өседі.

Аталған жеңілдіктердің СССР-ді қорғау кезінде немесе әскери қызметтің басқа да міндеттерін орындау барысында яғни майданда болған кезінде алған жаралану, контузия және жарақаттану салдарынан мүгедек болған мерзімді қызмет еткен әскери қызметшілердің бәріне қатысты екенін атап өткен жөн.

Соғысқа қатысушылардың бәрі жұмыс істеуді доғарған кезіне қарамастан қажетті жалпы және үздіксіз жұмыс стажына қарай пенсияға қосымша 20 процент қосымша ақы алуға праволы.

Бұрынғы майдангерлерге бүгінде берілген жеңілдіктер олардың өмірінің барлық жағын — еңбекті ұйымдастыруды, тұрмысты, демалыс пен емделуді қамтиды. Мәселен, қоғамдық пайдалы қызметке тарту үшін оларға жұмысшылар мен қызметшілердің жалпы санының 2 проценті көлемінде жұмысқа қабылдауда орын тағайындалады.

Біздің республикамызда соғыс ардагерлері мен қаза тапқан әскери қызметшілер семьяларының материалдық-тұр-

Digitized by Google

мық жағдайы да тұрақты жақсаруда. Үстіміздегі бесжылдықтың төрт жылы ішінде ғана оларға 8 мыңға жуық жайлы пәтер бөлінді. 33 мың телефон орнатылды. Көптеген облыстар мен аудандарда ардагерлердің үйлері мен пәтерлеріне телефон орнату проблемасы іс жүзінде дерлік шешілді.

Тұрғын үй алаңына мұқтаж соғысқа қатысушылар ерекше тізімге енгізілді және жергілікті Советтердің атқару комитеттері кәсіпорындар мен ұйымдардың оларға пәтерлерді бірінші кезекте беруі үшін қатаң бақылау жасайды. Енді таяудағы екі жыл ішінде тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж соғыс мүгедектерінің, қаза тапқан әскери қызметшілер семьяларының және белгіленген тәртіппен соларға теңестірілген адамдардың бәрін тұрғын үй алаңымен қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Сонымен қатар тұрғын үй алаңы мен коммуналдық қызметке ақы төлеуде ардагерлерге елеулі жеңілдіктер беру қарастырылған. Жалпы ауру немесе еңбекте жарақаттану салдарынан мүгедек деп танылған соғыс мүгедектері мен оған қатысқандар және олардың семья мүшелері тұратын тұрғын үй алаңы ақысын жартылай, ал артық алаңды негізгі мөлшерде төлейді. Оларға жылуды, суды, газды және электр энергиясын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ отынды сатып алуда 50 проценттік жеңілдік берілген. Совет Одағының Батырлары мен үш дәрежелі Даңқ орденінің иегелері де осы жеңілдіктерді пайдаланады және 20 шаршы метрге дейін мөлшерде қосымша тұрғын үй алаңын иемденуге правосы бар. Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің әйелдері үшін тұрғын үй және коммуналдық қызмет ақысы жөніндегі жеңілдіктер сақталады.

Соғыс мүгедектерінің бәрінің қалалар мен қала типтес поселкелерде үйді салғаннан бері бесінші жылдан бастап 10 жыл ішінде өтелуге тиісті 3 мың сомға дейінгі мөлшерде жеке тұрғын үй құрылысы үшін процентсіз несие ақша алуға, өздерінің жеке меншік үйлерін күрделі жөндеуден өткізуге правосы бар. Ал енді соғысқа қатысқандардың бәрі — бағбандар серіктестерінің мүшелері — шағын бақ үйлерін сатып алу немесе салу және бақ учаскелерін көркейту үшін процентсіз несие ақша алуға праволы.

Соғыс ардагерлерінің тұрғын үй-құрылыс кооперативтеріне қабылдану барысында бақ үйлерін және олардың құрылысы үшін материалдар алуға, үйлер мен пәтерлерді жөндеу жөніндегі заказдарды орындауға, байланыс қызметінің барлық түрлерін кезектен тыс пайдалануға және кезектен тыс телефон орнатуға, ал соғыс мүгедектерінің ондай телефондарды тегін орнатуға айрықша правосы бар.

Өнеркәсіп товарларын несиеге сату барысында соғыс мүгедектеріне 24 айға дейін бөліп-бөліп төлеуге рұқсат етіледі. Олардан товар құны мөлшерінің бір процентті ғана ұсталады, ал несиеге сатылған заттар оларға бір мезгілді бастапқы жарнаны төлеусіз беріледі.

Республиканың денсаулық сақтау органдары және медицина мекемелері соғыс ардагерлері арасында тұрақты профилактикалық және сауықтыру жұмыстарын жүргізеді. Олардың бәрі комплексті медициналық байқаулармен қамтылған. Облыстық ауруханаларда соғыс мүгедектері үшін бөлімшелер немесе палаталар бар, ал Алматыда арнаулы республикалық госпиталь жұмыс істейді. 1984 жыл ішінде ғана 16 мыңға жуық соғыс мүгедегі стационарлы клиникалар мен госпитальда өз денсаулықтарын түзеді.

Санаториялық-курортты емдеуді қажетсінетін соғыс ардагерлері жолдамаларын бірінші кезекте қамтамасыз етіледі. Өткен бесжылдық жылдары ішінде мүгедектердің өздеріне ғана 1650 мың сомның он екі мыңнан астам жолдамасы тегін берілді. Оның үстіне 1 топтағы мүгедектерге пайдаланылмаған санаторий жолдамасының ақшасын төлеу қарастырылған.

Соғыс мүгедектеріне протез-ортопедиялық көмек көрсету барысында елеулі жеңілдіктер қарастырылған. Мемлекет оларды протез-ортопедиялық бұйымдармен тегін қамтамасыз етумен қатар арнайы кәсіпорындарға баруға байланысты емдеушілердің және қажет жағдайда оларды ертіп жүретін адамдардың да шығынын өтейді.

Біздің республикамызда 20 мыңға жуық соғыс мүгедегінің мемлекеттен тегін алған жеке «Запорожец» жеңіл автомобильдері бар. Оларға мотоколяскалар да тегін беріледі. Сонымен қатар соғысқа қатысқандардың бәрі кәдімгідей басқарылатын автомобильдерді алуда жеңілдіктерді пайдаланады. Мемлекет бұрынғы майдангерлердің автотранспортының жанар майына, оны жөндеуге және сақтауға қыруар қаржы бөледі.

Соғыс мүгедектеріне арналған жеңілдіктер басқа да көптеген позициялар бойынша қыруар кеңейтілді. Олар ауыл шаруашылық салығынан, құрылыс және жер салығынан толық босатылды. Соғыс мүгедектерінің бәрі тапқан табысына қарамастан кіріс салығынан босатылады, ал I және II топтағы мүгедектер — бойдақ, жалғызілікті және шағын семьялы азаматтардан алынатын салықтан, сондай-ақ курортты жерге демалуға келген адамдар— курорттық жарнадан және паспортты тіркеу үшін мемлекеттік салықтан босатылады. Совет Одағының Батырлары мен үш дәрежелі Даңқ орденінің иегерлері салықтарды төлеудің барлық түрінен толық босатылды.

Ауызша үгіт активистерінің, әлеуметтік қамсыздандыру органдары қызметкерлерінің олардың барлық жеңілдіктері мен артықшылықтарының мәнін соғыс ардагерлерінің бәріне дер кезінде жеткізуі маңызды.

Digitized by Google

КҮРЕС ҮСТІНДЕ ЕСЕЮДЕ

Азия, Африка, Латын Америкасы елдеріндегі шапшаң өсіп келе жатқан жас жұмысшы табының алдында қиын міндеттер тұр. Оған шетелдік капитал да, жергілікті қанаушылар да қарсы тұр. Күрес үстінде оның саяси кемелдігі мен ұйымшылдығы артып келеді.

(КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасынан).

Империализмнің отарлық системасының күйреуі халықтардың тарихи жеңісі болды. Енді Азияның, Африканың және Латын Америкасының жүзден астам елі, екі миллиардтан астам адам бостандық ала отырып, дербес даму жолымен келеді. Олардың тағдыры оңай қалыптасып жатқан жоқ. Олар езіліп-жаншылу кезеңінен қарадүрсін экономика мен мәдени мешеулікті мирас етіп алды, ал өзінің бұрынғы үстемдігінен айырылуға көнгісі келмеген империализм әлеуметтік прогреске бұрынғыша кедергі жасауда.

Осы күрделі жағдайларда ұлттық азаттық аймақтарында жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуы өтті және өтуде.

I

Дамушы елдердің әлеуметтік-таптық құрылымы ала-құла. Ол тарихқа белгілі барлық таптарды, әлеуметтік жіктер мен топтарды дерлік қамтиды. Халықтың көпшілігін шаруалар құрайды. Ал пролетариатқа, жалдамалы жұмысшыларға келсек, осы елдердегі олардың саны 80-ші жылдардың басында 270—280 миллион адамға жетті, ауыл шаруашылығында шамамен 100 миллион, өнеркәсіпте — 80 миллионнан астам, сауда мен қызмет көрсету саласында — 100 миллионға жуық адам жұмыс істейді.

Азат болған елдер жалдамалы жұмысшылар саны жағынан бүгінде өнеркәсібі дамыған капиталистік мемлекеттерге теңелді.

Әрине, бұрынғы отар және жартылай отар елдердегі бүкіл «жалдамалы еңбек армиясын» пролетариатқа, жұмысшы табына жатқызуға болмайды. Капиталистік, жартылай капиталистік, тіпті капиталистікке дейінгі негізде қаналушы өндірістің осы заманғы және дәстүрлі құралдарымен байланысты жалдамалы жұмысшылар өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, таптық табиғаты мен қоғамдық санасы жөнінен біршама шұғыл ерекшеленеді. Олардың жалпы құрамында жаңа тұрпатты жұмысшылар әзірше аз. Мәселен, Азия мен Африканың дамушы елдерінің өнеркәсібінде осындай 38—40 миллион, Латын Америкасында 18—20 миллион жұмысшы бар. Ауыл шаруашылығында тиісінше 12—13 миллион және 6—7 миллион адамды құрайды.

Азат болған елдер пролетариаты дамуының жалпы тенденциясында бірқатар ерекшеліктер бар екенін атап өткен жөн. Біріншіден, мұнда жұмысшылар саны жалдамалы жұмысшылардың жалпы өсіміне қарағанда анағұрлым жоғары қарқынмен өсуде: 1970—1980 жылдар ішінде осы көрсеткіштер тиісінше 67 және 43 процент құрады. Екіншіден, соңғы он жылдықта ұлттық азаттық аймақтарында өнеркәсіп, транспорт және құрылыс жұмысшылары индустриалды елдерге қарағанда 1,5—2 есе тез көбейді. Үшіншіден, егер дамыған капиталистік мемлекеттерде ауыл шаруашылығы жұмысшыларының саны ұдайы азайса, ал дамушы елдерде, керісінше, ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру нәтижесінде олардың саны өсуде.

Осы факторлардың бәрінің дамушы елдерде жұмысшы табын қалыптастыру мен құрамын сапалық жағынан жақсарту, оның әрбір мемлекет ішіндегі және халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ролін арттыру үшін принципті мәні бар және бола беретіні даусыз. **Әлбетте, дамушы дүние пролетариатының «өз ішіндегі таптан» «өзіне арналған тапқа» айналу процесі, сондай-ақ қайсыбір қанау мен езгіге қарсы күресінің өрісі, нәтижелілігі едәуір дәрежеде нақ осы факторлармен анықталады.**

Дамушы елдер пролетариатының қуатты әрі ұйымшыл таптық күшке айналуы қиын екені түсінікті Және істің мәні бұл жерде оның біршама жас және берік таптық шыңдалуы жоқтығында ғана емес. Оның тап ретінде нығаюын ең алдымен азат болған мемлекеттердің жалпы әлеуметтік - экономикалық артта қалушылығы, олардың экономикасының көп укладтығы тежеуде. Пролетариат қатарында деревнямен, ұсақ буржуазиялық және жартылай пролетарлық жіктермен байланысты адамдар әлі де басым. Жұмысшылардың сауаттылығы төмен және олар ұсақ кәсіпорындарда бытыраңқы орналасқан. Ал осының бәрі таптық сананың қалыпта-

Digitized by Google

суына елеулі кедергі жасайды. Айқын таптық көзқарастар ішінара тайпалық, қасталық және нәсілдік нанымдар алдында ығыса береді.

Сондай-ақ елдердегі жұмыссыздықтың жоғары дәрежесін ескермеуге болмайды. Ерікті жұмысшы күшінің орасан зор рыногының болуы пролетарийлерді жұмыс берушілерге толығынан тәуелді етеді және олардың таптық белсенділігі мен ынтымағын күрт кемітеді.

Ұлттық азаттық аймақтарындағы жұмысшы табының ынтымақтастығын дамытуға трансұлттық корпорациялар (ТНК) тым өрескел түрде кедергі жасауда. «Бөлшекте де билей бер» деген көне отарлық принцип бойынша әрекет жасай отырып, олар, әдетте, өз кәсіпорындарында жұмысшыларға жалақының анағұрлым жоғары мөлшерін тағайындайды, сөйтіп оларды жұмысшы табының басқа ұлттық отрядтарына қарсы қояды.

II

Әрине, дамушы елдерде жұмысшы табының қалыптасуы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәселені қарай отырып, осы елдердің көлемі, табиғат байлықтары жөнінен де, тарихи-мәдени дәстүрлері, тәуелсіз өмір сүру «стажы» жағынан да тым әркелкі екенін ескерген жөн. Сондықтан да оларда жұмысшы табының қалыптасуында жалпы ғана емес, сондай-ақ өзіндік белгілердің болуы да табиғи.

Дамушы мемлекеттер арасында кемінде **екі топты** бөліп қарауға болады, оларда пролетариаттың қалыптасуы мазмұны мен характері жағынан қырлар ерекшеленеді. **Біріншісі — бұл социалистік бағдар ұстаған елдер:** Алжир, Ангола, Ауғанстан, Бенин, Конго, Мозамбик, Танзания, Эфиопия және басқалар. «Олардың тәжірибесі, — деп жазылған КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында, — қазіргі жағдайда, дүние жүзіндегі күштердің қалыптасқан ара қатынасы тұсында бұрын құлдықта болған халықтардың капитализмді серпіп тастап, өздерінің болашағын қанаушыларсыз, еңбекшілердің мүдделеріне сай құру мүмкіндіктері кеңейгенін дәлелдеп беруде. Бұл — тарихи зор мәні бар құбылыс».

Осы мемлекеттерде жұмысшы табының қалыптасуы революциялық-демократиялық өкімет, империалистік монополия, жергілікті ірі бұржуазия мен феодалдардың позициясын біртіндеп жою, өндіргіш күштерді жоспарлы дамытуға ауысу, экономиканың мемлекеттік және кооперативтік секторларын нығайту жағдайларында өтуде. Анголада, мәселен, бүкіл өндірістік потенциалдың 60 процентке дейіні, Мозамбикте — 40—45 проценті мемлекеттің қарауында; Эфиопияда өнеркәсіп өнімінің 90 проценттен астамы мемлекеттік сектор үлесіне келеді.

Социалистік бағдар ұстаған елдердің жұмысшы табын дамыту және нығайту үшін **нақты социализмнің тәжірибесі мен көмегіне кеңінен сүйену мүмкіндігінің** баға жетпес мәні бар. СССР-дің және басқа да социалистік мемлекеттердің ықпал жасауымен бүгінде капиталистік емес жолмен келе жатқан барлық елдерде дерлік жұмысшы кадрларын даярлаудың мемлекеттік жүйесі құрылды. Осындай даярлық ең алдымен кәсіптік-техникалық оқу орталықтарында жүргізілуде. Олар қазірдің өзінде 300 мыңнан астам білікті жұмысшыны даярлап шығарды. Оның үстіне СССР-дің және социализмнің басқа елдерінің көмегімен салынған және салынып жатқан кәсіпорындар ұлттық жұмысшы кадрларын даярлаудың шынайы ордаларына айналды.

Социалистік бағдар ұстаған елдерде **ғылыми социализмді жұмысшы қозғалысымен қабыстыру процесі** қарамақайшылықсыз, қиындықсыз болмаса да аса дәйектілікпен өтуде. Мұнда социалистік идеологияны басшылыққа алған билеуші революциялық-демократиялық партиялар марксизм-ленинизм идеяларын тарату және жұмысшылардың саналы, белсенді ұйытқысын қалыптастыру туралы қамқорлықты өз міндетіне алуда. Эфиопия Жұмысшы партиясының Уставында, мәселен, Эфиопия Жұмысшы партиясы «маркстік-лениндік ілім партияның өзінің ғана емес, сондай-ақ бүкіл еңбекші халықтың іс-қимылына басшылыққа айналуы үшін» бүкіл күш-жігерін жұмсайды делінген. Анголаның, Конгоның, Мозамбиктің, Йемен Халық-Демократиялық Республикасының авангардтық партиялары да осы бағытта жұмыс істеуде.

Ұлттық азаттық аймақтары мемлекеттерінің басқа тобында — капиталистік бағдар ұстаған елдерде жұмысшы табының дамуы экономикалық, әлеуметтік және идеологиялық тым қиын жағдайларда өтуде. Олардың экономикасының батыс державаларына, трансұлттық корпорацияларға тәуелділігінің өсе түсуі еңбекшілерді шектен тыс қаналушылыққа, жұмыссыздыққа, аштыққа ұшыратуда. Осы елдерге займ бере отырып, империалистік кредиторлар, әдетте, жалақыны тоқыратуға, мемлекеттік жәрдемді қысқартуға, бірінші қажетті товарлар бағасын қымбаттатуға қол жеткізуде.

Осының бәрі қаналушылар тарапынан тойтарыс алатыны заңды. **Соңғы 10—15 жыл ішінде Азия мен Африканың дамушы мемлекеттерінде бүкіл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңа түрпатты жұмысшыларының жартысына жуығы стачкалық күреске қатысты.** Еңбекшілер саяси талаптарды барған сайын жиі әрі белсенді ұсынуда: халыққа қарсы шараларды жоюды, реакциялық режимдерді күйретуді, қоғамдық өмірді демократияландыруды, бейбітшілік және бейбіт қатар өмір сүру саясатын жүзеге асыруды т. б. жақтауда. Осындай қозғалыстар Бразилияда, Чилиде, Перуде, Аргентинада, Шри Ланка-

Digitized by Google

да, Бангладеште, Пакистанда кеңінен өріс алды.

Капиталистік жолмен келе жатқан дамушы елдерде таптық шайқастардың өрлеуі «...жер жүзіндегі халықтардың орасан зор көпшілігін сайып келгенде капитализмнің өзі-ақ күреске үйретіп, баулып отыратындығы...» туралы лениндік көрегендіктің дұрыстығын жыл сайын иланымды қуаттауда. (Шығармалар, толық жинағы, 45 том, 445 бет).

Сонымен бірге империалистік және империалистік сипаттағы күштердің дамушы елдердің жұмысшы табына қарсы қаншалықты зұлымдықпен және қатаң қарсы шығып отырғанын өмір көрсетуде. Олар жұмысшы ынтымағын әлсірету, пролетариаттың жас мемлекеттердің экономикалық тәуелсіздігіне, қала мен деревняның еңбекші жіктерін қайыршылық пен тұңілушілікке душар еткен әділетсіз экономикалық тәртіпті жою жолындағы күрес жалынын өшіру үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасауда.

* * *

Дамушы мемлекеттердің жұмысшы табын қалыптастыру мен дамыту жолдары қиын да күрделі. Сонда да оның өзінің тәжірибесі үздіксіз байытылуда. Және ұлттық азаттық аймақтарының пролетариаты өзінің тарихи міндетін орындап шығатынына кәміл сенуге болады.

П. ТИМОФЕЕВ,
тарих ғылымының докторы,
профессор.

Біздің анықтама бөліміміз

Февраль айындағы атаулы күндер

2 — 1918 — РСФСР Халық Комиссарлар Советі шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы декрет қабылдады.

3 — Бұдан 20 жыл бұрын (1966) 31 январьда ұшырылған советтік «Луна-9» автоматты станциясы айдың бетіне алғаш қонып, оның бетінің телевизиялық бейнесін берді.

6 — Қазақстан Компартиясының XVI съезі ашылады.

— Орыстың әдеби сыншысы, революционер-демократ Н. А. Добролюбовтың туғанына 150 жыл (1836 — 1861).

6 — Советтік химик-органик Н. Д. Зелинскийдің туғанына 125 жыл (1861 — 1953).

— 7 Бұдан 65 жыл бұрын (1921). В. И. Ленин «Ағарту халық комиссариатының жұмысы туралы» мақаласын жазды.

9 — Аэрофлот күні.

14 — КПСС XX съезінің ашылғанына 30 жыл (1956).

15 — Татар совет ақыны, Совет Одағының Батыры Мұса Жәлелдің туғанына 80 жыл (1906—1944).

20 — 1948 жылы 20—25 февральда Чехословакия еңбекшілері реакциямен күресте тарихи жеңіске жетті.

— Венгр және халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының қайраткері Бела Куннің туғанына 100 жыл (1886 — 1939).

21 — Бұдан 65 жыл бұрын (1921) В. И. Ленин «Біртұтас шаруашылық жоспар туралы» мақаласын жазды.

23 — Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күні.

— КПСС XXVI съезінің ашылғанына 5 жыл (1981).

24 — КПСС XXV съезінің ашылғанына 10 жыл (1976).

— 1848 жылы 24 февраль шамасында К. Маркс пен Ф. Энгельс жазған «Коммунистік партияның манифесі» жарық көрді.

25 — КПСС XXVII съезі ашылады.

26 — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қайраткері А. А. Ждановтың туғанына 90 жыл (1896 — 1948).

27 — Совет суретшісі және графигі Тыко Вылканың туғанына 100 жыл (1886 — 1960).

— Совет мемлекеттік және партия қайраткері С. М. Тер-Габриэлянның туғанына 100 жыл (1886—1937).

28 — РСФСР мен Ауғанстан арасында достық қарым-қатынас орнату туралы Шартқа қол қойылғанына 65 жыл (1921).

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-07,
33-80-56, 33-80-73,
33-90-01.

Индекс 75328.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕКЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТКЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.


Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 26.12.85 г. Подп. к печати 6.1.86 г. УГ01005. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,2. Печать офсетная. Тираж 66997 (казахское издание — 33223 экз., русское издание 33774 экз.). Заказ 110. Цена 15 коп.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН



Жуырда өзінің 50 жылдығын атап өткен Алматының ДОСААФ аэроклубы елімізде ең таңдаулылар қатарында саналады. Ұлы Отан соғысы кезінде оның тәрбиеленушілерінің жетеуіне Совет Одағының Батыры атағы, ал С. Д. Луганскийге осы атақ екі мәрте берілді. Бүгінде Т. Павленко ИЛ-62 самолетінің ұшқышы, дүние жүзілік рекордшы болды, ал П. Дмитриенко — парашют спортынан осындай рекордты сегіз рет жасады.


Мұнда автомодель спорты да кеңінен танымал.

Суретте: аэроклуб ардагері, спортшы-ұшқыш, СССР спорт шебері Т. Мұсабаев пен бірінші разрядты спортшы-ұшқыш С. Наурызбаева.

Теміртау. Мартен өндірісі территориясынан шықпай-ақ болат қорытушылар дәрігерлердің кеңестерін ала алады. Мұнда Қарағанды металлургия комбинатының басқа бөлімшелеріндегі сияқты жұмысшылардың денсаулығын бақылайтын денсаулық сақтау пункті тәулік бойы жұмыс істейді. Комбинаттың медициналық-санитарлық бөлімі және оның 30 филиалы кәсіпорын еңбеккерлерін толық диспансеризациялауға ауысты.

Суретте: мартен цехының фельдшері С. Говорова металлургтер Г. Зиминмен, Н. Журовпен, М. Мананниковпен, В. Мальцевпен әңгімелесуде.






Екібастұз. Герман Демократиялық Республикасында жасалған роторлы экскаватор «Екібастұзуголь» өндірістік бірлестігіндегі жаңа «Восточный» разрезінің алаңында құрастырылды. Ол өнімді — сағатына 4500 тоннаға дейін көмір өндіреді. Мұнда елімізде алғаш рет ленталы транспортерлер көмегімен өндірілген көмірді жөнелтудің жаңа технологиясы енгізілді. Мұның өзі қуатты роторлы техниканың бос тұруына жол бермейді.

Суретте: «Восточный» разрезіндегі СРС(к)-200 роторлы экскаваторы.

ҚазТАГ-тың суреті.


Digitized by Google



Digitized by Google

ISSN—0132—6139

93




Қазақстан үгітшісі

4
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google



«Плакат» баспасы

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, біріғіңдер!

Қазақстан үгітшісі

4

1986

ФЕВРАЛЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Ж. Таспанбетова. Талапшылдық тұрғысынан . 2

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

С. Сәулебаев. Ұласқан жаңа асулар . . . 4
Идеология жұмысының хроникасы . . . 5
Е. Сағымбаев. Білім — қуатты тездеткіш . . .6

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

З. Арыстанбекова. Комплексті программа межесінде 9
Ю. Комлев, Р. Қарпықова. Материалдық ресурсқа — тиянақты есеп 11
Халық игілігі үшін 13
Бесжылдықтың еңбек ырғағы 14

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Көктемгі егіске ұйымшылдықпен әзірленейік . 15
Т. Әбішев. Әр ауланың үлесі 17

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЭНТУЗИАСТАРЫ

А. Устиненко. Оның асқақ міндеті 18

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Л. Мартынов. Мәдени-ағарту қызметкерлерінің рапорты 19
А. Байтемірова. Денсаулық сақшылығында . . 21

МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Л. Селеменова. Саяси хабаршының жеке архиві 23

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Н. Орловский. Салауатты өмір салты . . . 25

ЖАҢА КІТАПТАР

В. Пәрамонов. Жұмыс уақытының тиімділігі . 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Мозговой. «Жұлдызды соғыс» құламасында 30

1931 жылдан бері шығып келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 4, 1986 ж.

Digitized by Google

ТАЛАПШЫЛДЫҚ ТҰРҒЫСЫНАН



Ж. ТАСПАНБЕТОВА,
Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Телікөл» совхозының звено жетекшісі, Социалистік Еңбек Ері, үгітші, КПСС XXVII съезінің делегаты

Қызылорда облысының коммунистері атынан еліміздің жоғары партия форумына қатысу құрметіне ие болғанымды мақтаныш етемін.

Трактор жүргізгеніме, міне он үшінші жыл. Ал соңғы екі жылда дәндік және мал азықтық жүгеріні өсіретін звеноны басқарамын. Егінші еңбегінің басты өлшемі — бітік егін екендігі мәлім. Ондай өнімді алу әрине, оңай емес. Ол үшін қайсыбір дақылды өсіру технологиясын жетік біліп, агротехниканың соны тәсілдерін меңгеру, дала жұмыстарының бүкіл циклін ыңғайлы мерзімде өткізу қажет. Егін салудың, егістікті баптап, суарудың және өнім жинаудың қауырт күндерінде күндіз-түні қос басында болуымызға тура келеді.

Ауа райы тым қолайсыз болған өткен жылды алайықшы. Көктемде совхоздың егістік алқабы суыққа шалдықты, ал жазда аңызақ жел соғып, қуаңшылық болды. Әйтсе де егістік жайлы тынымсыз қам-қаракетіміз зая кеткен жоқ: звено гектарына 85 центнерден дәндік жүгері, 30 центнерден көк балауса жинады. Біз бесжылдықта гектарына орта есеппен 92 центнерден дән алдық, мұның өзі бесжылдық тапсырманы үш жылда орындауымызға көмектесті, ал қалған екі жылда Отан қамбасына тағы да үш жылдық жоспар мөлшерінде астық құйдық. Бұл — партияның XXVII съезіне еңбек тартуымыз.

Звеномыз коллективтік мердігерлікке ауданда алғашқылардың бірі болып ауысты. Еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің жаңа формасы коллективте тез орнықты. Соның арқасында еңбек тәртібі нығайып, өндірістік көрсеткіштер өсті. Жаңаша еңбек еткен үш жылда біз тікелей шығыннан 5 мың сомнан астам үнемдеп, бір центнер жүгері дәнінің өзіндік құнын 22 процент төмендеттік.

Ал тұтасынан бесжылдықта еңбек өнімділігі екі еседей артты.

Звеномызда менен басқа 6 еңбеккер бар. Олар—Б. Әбуова, М. Әлімбетова, А. Нұрғалиева, З. Кәленова, К. Кейқуатов, Ж. Сыздыкова. Олардың бәрі де адал жұмыс істейді, күрделі техниканы жақсы меңгерген. Қиындықты бірлесіп жеңеді. Мен де олардың қасындамын, көңілдерін аулаймын, қалай жұмыс істеу қажеттігін үйретемін.

Менің өзімнің де алдымдағы ағаапаларымнан үйренгеніме көп уақыт өте қойған жоқ. Атақты күріш өсіруші, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаев менің алғашқы ұстазым болды. Ол кісімен талай рет кездесіп, ақыл-кеңесін алдым. Әйгілі күріш өсіруші қуатты К-700 машинасын меңгеруіме көмектесіп қана қоймай, шешімді тез қабылдауға, табандылыққа баулыған-ды. Жақаев атындағы колхозға барып, еңбек даңқы музейінде жастармен кездескенде, оларға өз тәлімгерім, асқақ адам туралы әңгімелеймін. Еңбекке, қайырымдылыққа құштарлығымды балаларыма дарытуға ұмтыламын. Бес балам

Digitized by Google

бар. Үлкен екі ұлым мектепте әлден-ақ трактор мен комбайнды оқып үйрене бастады, сабақтан бос уақыттарын менімен бірге егістікте өткізеді. Мен де олардың механизатор болып, бидай, күріш, жүгері өсіргендерін қалаймын. Әрине, балаларды да тәрбиелеу, жұмысты да атқару оңай емес. Қазіргі әйел — қоғамдық жұмыстардан да қағыс қалмауға тиіс қой. Бүгінде бізде активист-әйелдер аз емес. Жерлестерім — күріш өсірушілер, Социалистік Еңбек Ерлері Ұ. Алтайбаева мен Б. Мұстапаева, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, А. Балғабаева және басқа әйелдер облыста ғана емес, сондай-ақ республикамызда кеңінен мәлім. Сонымен бірге олардың батыр-аналар екендігін де айрықша айта кеткен жөн.

Он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылы мен үшін ерекше болды. Күзде жерлестерім маған Социалистік Еңбек Ері атағының берілуімен құттықтады. Ал 20 сентябрьде стахановтық қозғалыс ардагерлерінің, өндіріс озаттары мен жаңашылдарының КПСС Орталық Комитетіндегі кездесуіне қатысу құрметіне ие болдым. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтың осы кездесуде: «Бірақ істің табысты болуы, жолдастар, сайып келгенде еңбек коллективерінде — бірлестіктер мен кәсіпорындарда, цехтар мен бригадаларда, жұмыс орындарында шешіледі. Және де ол әрбір еңбекердің күш-жігерімен, ақыл-ойымен, мен айтар едім, жан-жүрегімен, абырой-намысымен және арожданымен шешіледі» деген сөзі терең тебірентті. Сондықтан үгітші ретінде адамдармен әңгімелесу барысында мен еңбекте де, өмірде де көп нәрсенің біздің жауапкершілігіміз бен инициваларымызға тәуелді екенін әрдайым атап көрсетуге ұмтыламын.

Партия және жұмысшы жиналыстарында съезд алдындағы документтерді талқылай отырып, «Теликөл» совхозының коллективі оларға сәйкес алдағы уақытта жоспарларын белгілеп, он екінші бесжылдықтың бірінші жылына нақты социалистік міндеттемелер қабылдады. Енді оларды жүзеге асыру керек. Адамдарды екпінді еңбекке жұмылдыруда біздің еңбек ардагерлеріміз, тәлімгерлеріміз, өндіріс озаттарымыз бен жаңашылдарымыз, идеология жұмысының активистері маңызды роль атқарады.

Жаңа бесжылдықта ауыл шаруашылығында да ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге бірінші кезекті маңыз берілуде. Бұл бағытта совхозымызда біраз жұмыс тындырылуда. Жүгері плантацияларында индустриалды технология енгізілді. Жыл сайын жаңа техника келуде. Сондықтан біздің уақыт талабы деңгейінде болып, біліктілігімізді көтере беруіміз қажет.

Бізде шығымдылықты арттыру мүмкіндіктерінің бәрі бірдей толық пайдаланылып отыр деп есептеймін. Мелиораторлар суғаруға арналған суды әзірше тиімді бөлмейді, соның салдарынан графиктер бұзылып, оның тапшылығы ұшырасады. Тұқым сапасын жақсарту арқылы да танап қайтарымын көтеруге болады. Мысалы, қазір біздер егістікке жүгерінің үш сортын — «оңтүстіктік», «ВИР-156» және «қазақстандық» сорттарын алудамыз. Олар егу технологиясы, пісіп-жетілу мерзімі тұрғысынан да бірбірінен ерекшеленеді.

Өткен бес жылда селоның экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік дамуында біраз жұмыстар атқарылды. Совхозымыздың орталық усадьбасында ондаған пәтер, сауда орталығы, монша және дәрігерлік пункт тұрғызылды. Дегенмен таяу уақытта жаңа мектеп, бала бақша салу қажет. Селоны көркейту мен көгалдандыру ісі жақсарып келеді.

Қыстың күні қыраулы болса да совхоз жүгерішілерінің жұмысы жетерлік. Біздер қарағандылық диқандардың үндеуін қолдай отырып, таяудағы дала жұмыстарына әзірлік жасаудамыз: алқапқа тыңайтқыштар тасып, суару жүйелері мен техникаларды жөндеудеміз. Он екінші бесжылдықтың алғашқы жылында тағы да жоғары өнім — гектарына 100 центнерден дән, 350 центнерден сүрлем алуды мақсат етіп отырмыз.

Digitized by Google

ҰЛАСҚАН ЖАҢА АСУЛАР

С. СӘУЛЕБАЕВ,
Қазақ газ өңдеу заводы партия бюросының секретары

Бүгінде біздің заводымыз — Маңғышлақ өндірістік-территориялық комплексінің жетекші кәсіпорындарының бірі. Өнімдердің негізгі түрлері—сұйық газ бен газ бензинін ұқсату мен жөнелту жөнінен бесжылдық жоспарды коллектив өткен жылдың алғашқы жартысында, ал жылдық тапсырманы — Ұлы Октябрьдің 68 жылдығына дейін аяқтады. КПСС XXVII съезін лайықты қарсы алу жөніндегі социалистік міндеттеме де мерзімінен бұрын орындалды. Завод еңбекшілері үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанының программасын екі күн бұрын аяқтауға уәде берді. Біз сала кәсіпорындарының социалистік жарысында бірінші орынды барған сайын жиі жеңіп ала бастадық.

Ал заводымыз бұдан небары төрт жыл бұрын сала кәсіпорындары арасындағы аса залал шегуші кәсіпорын еді. Біз Шевченко пластмасса заводын өнімдермен ұдайы қамтамасыз ете алмадық. Кадрлардың тұрақтамаушылығы көп болды, ол да кездейсоқ емес. Өйткені, іс мынаған дейін барды: ескірген жабдықтарды ұдайы жөндеуден іркілістерге жұмыс уақытының үштен бірі кететін.

Нақ сол кезде завод коллективі мейлінше жетілдірілген жабдықтармен және технологиямен техникалық қайта жарақтандыруға кірісті. Осы процесс оңай болған жоқ. Еңбек коллективтерінде бүкіл ұйымдық, саяси-тәрбие жұмысы алға қойылған мақсатқа жетуге, қысқа мерзім ішінде озаттар межесіне шығуға бағытталды.

Болып жатқан өзгерістердің мағынасын коллективтің әр мүшесінің санасезіміне жеткізейік, қайта жабдықтау жөніндегі белсенді жұмысқа қосылуға көмектесейік, өзіміз барлық істердің авангардында болайық — завод коммунистері осылай ұйғарды. Істің табысты болуы шешіліп жатқан қайта құру учаскелеріне жете көңіл бөлінді. Олардың бірінде Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, үгітші Қ. Аманжоловтың бригадасы жұмыс істеді, ол жаңа жабдықтарды мерзімінен бұрын орнату жолындағы жарыстың инициаторы болды. Оның коллективінің негізінде заводтық озық тәжірибе мектебі құрылды.

Сол бір қауырт күндерде көрнекі үгіт орасан зор жұмылдырушы ролін атқарды. Бұқаралық-саяси жұмыстың осы учаскесіне жауап беретін коммунистер А. А. Тарасов, С. М. Айрапетян, В. П. Лосев, Е. Г. Карабельникова жарыс қорытындыларын күн сайын «молнияларда», «дабылдарда» баяндады, озаттар семьясына алғыс хаттар жіберді. Бүкілодақтық өнертабысшылар мен рационализаторлар қоғамы мен ғылыми-техникалық қоғам советтері өз жұмысын жандандырды. Заводта бірқатар техникалық мәселелердің таңдаулы шешіміне конкурс жарияланды. Оған мамандарға қоса З. Глущенконың, Г. Цойдың, М. Гнедовтың озық бригадалары да қосылды. Бір сөзбен айтқанда, бүкіл коллектив қауырт творчестволық ахуалда өмір сүрді.

Жауынгерлік көңіл-күй қойылған міндетті табысты атқаруға көмектесті: қысқа мерзім ішінде 16 компрессор ажыратылып алынып, 14 ай ішінде аса өнімді 3 отандық мотокомпрессор орнатылды. Өндірістің басқа учаскелері де қайта құрылды. Сөйтіп завод жобалық қуатына шықты, өнім сапасы жақсарды. Сонымен бірге оларды қамтушы қызметкерлер 44 адамға қысқарды, еңбек жағдайы жақсарды. Жұмысшы кадрларының тұрақтамауы соның нәтижесінде 30 процент қысқарды.

Кәсіпорын қалыптасқан ырғаққа ие болды. Қайта құру кезіндегі жұмыс заводтағы саяси-тәрбие қызметінің барлық жақтарын нығайтуға арналған қуатты серпін қызметін атқарды. Ең алдымен, біздің тәжірибеміз молықты. Сондай-ақ сол кезде жіберілген кейбір қателіктерден тағылым алдық. Кәсіпорындағы бұқаралық-саяси жұмыс туралы мәселені тыңдаған Қазақстан Компартиясы Маңғышлақ облыстық комитеті секретариатында бізге сол кемшіліктер атап көрсетілді. Демек бір кезде біз жүргізілетін жұмыс сапасына залал келтіре отырып, көптеген шараларды өткізумен айналыстық. Өкінішке қарай, үгітшілер мен саяси хабаршыларға методикалық көмек көрсетіп, олардың қызметіне бақылау жасай алмадық, олардың көпшілігі қағаз бетінде ғана активистер санатында есептелді.

Қазір кәсіпорында ауызша саяси үгітті 66 үгітші, 60 саяси хабаршы, 12 саяси баяндамашы, партия, комсомол, саяси және экономикалық оқудың 47 насихатшысы жүргізеді. Олардың әрқайсысы белсенді қоғамдық өмірге мықтап тартылған. Олардың жұмысына бақылау жасау да бұған көбірек септігін тигізді.

Партия бюросы енді ауызша саяси үгіт

Digitized by Google

активистерінің жүйелі есеп беруін қолдады. Мәселен, біз бертінде фрезерші В. А. Черновтың, операторлар Г. Т. Әділовтың, И. И. Гущенконың жеке творчестволық жоспар бойынша жұмыс істеу туралы есептерін тыңдадық. Социалистік жарысты ұйымдастырушы үгітшілер: машинистер Г. В. Цой, А. М. Белхораев, оператор В. А. Шалухин бригадаларда КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін лайықты қарсы алу жөнінен еңбек сайысын қалай ұйымдастырғандықтары туралы есеп берді. Бұл адамдар — кәсіпорындағы идеология жұмысының таңдаулы активистері. Біз олардың тәжірибесін қорыттық. Сонымен бірге кемшіліктерді де көрсеттік. Ішінара айтқанда, олар еңбек ететін коллективтерде еңбек тәртібін бұзу әлі де ұшырасады. Демек, мұнда жеке жұмыс әрдайым өз деңгейінде жүргізілмейді.

Мұндай есеп берулердің пайдасы зор, өйткені оларға кәсіпорынның бүкіл идеология активін шақырамыз.

Уақыт бізге іркіліс жасауға право бермейді. Он екінші бесжылдықта завод алдына жауапты межелер қойылған. Кәсіпорынды одан әрі техникалық жағынан жетілдіру жоспарланған. Газ-лифт станциясының жобалық көрсеткішіне жетуге тура келеді. Коллектив мұнда монтаждауды мерзімінен 20 күн бұрын аяқтауға уәде берді.

Партия бюросы осындай жағдайда активке методикалық көмек көрсетуді жетілдіруде. Коммунистер бұл тұрғыдан инициатива көрсетуде. Мәселен, саяси хабаршылар Е. С. Тимофеев, В. М. Несуев, М. П. Гнедов завод басқармасы жанынан қоғамдық негізде анықтама-информация орталығын құруды ұсынды, өздері оны көркемдеуге белсене қатысты. Орталық бюллетеньдерді ай сайын, ал қажет болғанда одан да жиі шығарады. Оларда кәсіпорын жұмысының қорытындылары, үгітшілер мен саяси хабаршылар назарын неге шоғырландыру керектігі туралы хабарланады.

Енді жұмысшылар басқа учаскелердегі істің жайы, кімге көмектесу керектігі туралы жақсы хабардар. Ішінара айтқанда, осының арқасында біз іске қосылатын станцияның комсомол-жастар бригадаларын ойдағыдай нығайтудамыз. Тәжірибелі жұмысшылардың, тәлімгерлердің көпшілігі осы жауапты учаскеге ауысуға тілек білдірді.

Жаңа бесжылдықта коллективіміз алдына тағы бір жауапты міндет — заводқа берілетін газдан этанды фракцияны мейлінше тиянақты айыруды қамтамасыз ету міндеті қойылды, оның жартысына жуығы әзірше қалдыққа кетеді. Завод мамандары осы мәселемен мықтап айналысты. Үгітшілер мен саяси хабаршылар осы жұмыста өз орындарын анықтады, олардан өндіріс озаттары мен жаңашылдары, операторлар Б. Б. Жантасова, А. В. Қиянов, Н. И. Қостарев секілді адамдар күрделі технологиялық міндеттерді шешу жөніндегі творчестволық топтарға енді.

Әр асудың ар жағында жаңа асулар, әр меженің ар жағында мейлінше жауапты міндеттер тұрады. Партия еліміз алдына қойған мақсатқа табысты жетуден кәсіпорнымыздың идеология жұмысының активистері өздерінің маңызды парыздарын көреді.

Идеология жұмысының хроникасы

Талдықорған. КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасына арналған «Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасы» деген кітап-суретті көрме С. Сейфуллин атындағы облыстық ғылыми кітапхана оқырмандарының назарын көбірек аударуда.

Кітапхана қызметкерлері көрмені орыс және қазақ тілдерінде ұйымдастырды. Әсем безендірілген сөрелерге партия тарихы жөнінен әдебиеттер, лениндік еңбектер, осы заманғы әдебиеттер мен мерзімді басылымдар қойылған.

Петропавл. «Ульянов» совхозы бірінші бөлімшесінің фермасында қызыл мүйіс бұқаралық-саяси жұмыстың орталығына айналды. Әр сауыншының, малшының, бригаданың, совхоз бөлімшесінің жаңа, 1986 жылға арналған социалистік міндеттемесі осында ілінген, жарыс экраны толтырылады. Жарыс жеңімпаздары туралы «молниялар», «жауынгерлік листоктар», ал ұқыпсыздар жайлы сатиралық листоктар көрнекі әңгімелейді.

Қысқы уақытта сиырды машинамен сауу операторларының жұмыс қорытындылары он күн сайын, бұзау өсірушілер, малшылар арасында-ай сайын шығарылады. Жеңімпаздарға вымпелдер, қызыл жалаушалар, алғыс айтылған хаттар тапсырылады, моральдық мадақтаудың басқа формалары да қолданылады.

Үгітшілер: экономист Л. В. Нерубленко, кітапханашы В. Н. Васюткина, зоотехник В. П. Сақтин бөлімше еңбеккерлерін жоспар мен міндеттемені орындауға жұмылдыруға белсенді түрде қатысады.

Павлодар. «Служба озаттарының тәжірибесі мен шеберлігі баршаның игілігіне айналуға тиіс» — Павлодар облысы ішкі істер органдары тәлімгерлері мен жас қызметкерлерінің облыстық IV слеті осындай ұранмен өтті.

Павлодар облысының ішкі істер органдарында 450-ден астам тәлімгер бар. Әдеттегідей, бұлар — жоғары кәсіптік және саяси даярлықтан өткен, сөзімен әрі ісімен жастарды тәрбиелеуге қабілетті адамдар. Слетке қатысушылардың таңдаулыларына Ұлы Отан соғысында қаза тапқан батырлардың Даңқ обелискісі жанына гүл шоқтарын қоюдың құрметті правосы берілді.

Digitized by Google

БІЛІМ — ҚУАТТЫ ТЕЗДЕТКІШ

Біздің елімізде бағыт алынған ғылыми-техникалық прогресті батыл жеделдету идеялық сенімді, өндіріс негіздерінің, ғылым мен озық тәжірибенің жаңа жетістіктерінің терең білімдерімен қаруланған адамдардың мүмкіндігіне сай келеді. Білім — бұл өндіргіш күштерді дамытудың қуатты тездеткіші.

Техникалық прогрестің халықтық университеттері саяси және мәдени ой-өрісті кеңейтудің, кәсіптік шеберлікті жетілдірудің, жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттырудың, сондай-ақ ғылымның, техника мен өндірістік практиканың жетістіктерін насихаттаудың және оқып-үйренудің бұқаралық формаларының бірі болып табылады.

Партия ұйымдарының басшылығымен олар кадрлардың ақыл-ойы мен көңіл-күйлерінде, ғылыми-техникалық прогреске көзқарасында күрт бетбұрысты жүзеге асыруға көмектесуде, КПСС Орталық Комитетінде осы мәселе жөнінен өткен 1985 жылғы июнь кеңесінде бұл айрықша атап көрсетілді. Қазіргі уақытта республикамызда техникалық прогрестің, экономикалық және ауылшаруашылық білімдерінің 500 халық университеті бар, оларда 75 мыңға жуық жұмысшы, колхозшы, инженер-техник қызметкерлер мен мамандар оқиды. Олар халық шаруашылығы салаларының көпшілігінде құрылды.

Халық университеттері біліктілікті арттыру жүйесін елеулі түрде толықтырады. Олардағы сабақтардың программасы тыңдаушылардың кәсіптік-біліктілік құрамындағы ұдайы өзгерістерді ескереді, ол ғылыми-техникалық прогресті жеделдетумен айқындалған. Мәселен, бірқатар кәсіпорындарда олар біліктілікті арттырудың салалық институттарының программалары бойынша жұмыс істейді, ал оларға методикалық басшылық жасау осы салалық институттарға жүктелген. Ал оқу-материалдық базаны жергілікті жерде кәсіпорын басшылары қамтамасыз етеді. Мұндай практика біздің республикалық Түсті металлургия, Геология, Автомобиль жолдары, Автомобиль транспорты, Байланыс министрліктерінде қалыптасты.

Республиканың Түсті металлургия министрлігінің халық университеттерінде 5 мыңнан астам адам тау-кен ісі, байыту мен металлургия, механика, энергетика және басқа салалардың актуальды мәселелерін оқып, үйренеді. Олардың оқу жоспарлары мен программаларын талдап жасауға кәсіпорындардың бас мамандары, ғалымдар, партия және кәсіподақ органдарының өкілдері тартылады. Ғылыми-техникалық кеңестер мен семинарларда, елімізде және шетелдерде озық тәжірибені үйрену мен алмасу жөнінен творчестволық командировкаларда болып қайтқан мамандардың сабақтарда сөз сөйлеуі ұйымдастырылады.

Тыңдаушылардың бағдарлы даярлығын күшейту үшін бірқатар университеттер өздерінің оқу жоспарларына сол кәсіпорын қызметкерлері үшін пайдалы болатын тақырыптарды енгізеді. Мысалы, соңғы жылдары Зырян қорғасын комбинатында байыту фабрикасы мен жерасты руднигін автоматтандыру жөнінен үлкен жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан мұндағы университетте басқарудың автоматтандырылған жүйесі мен оларды математикалық қамтамасыз етудің және практикалық тұрғыдан қолданудың мәселелері туралы лекциялар циклы оқылады.

Балқаш кен-металлургия, Лениногор полиметалл комбинаттарындағы техникалық прогресс пен экономикалық білімдер халық университеттерінде оқу өндірістің міндеттерімен мейлінше тығыз қабыстырылуда. Мәселен, Балқаш университетінде «Инженерлік еңбек және кен кәсіпорындарында жұмыс тиімділігі мен сапасын арттырудың озық тәжірибесі», «Өндіріс экономикасы мен басқару негіздері» деген екі факультет жұмыс істейді, олардың Саяқ, Қоңырат және Шығыс Қоңырат рудниктерінде бөлімшелері бар.

Партия комитеттері ғылыми-техникалық прогрестің бүкіл барысына өздерінің жасар ықпалын арттыра отырып, сабақты жүргізудің методикасын жетілдіру туралы көбірек қамқорлық жасай бастады. Инженерлік еңбектің творчестволық бастауларын күшейту мақсатында жұмыстың «техникалық аукцион», «идеялар аукционы» төрізді формалары мен кәсіптік ойындар жүйелі қолданылуда. Олардың қарсаңында жұмысшылар мен инженерлер өндірістің «олқы буындарын» оқып-зерттеп, техникалық әдебиеттерді талдайды, мамандармен кеңеседі. Ал «аукцион» өткізілетін күн творчестволық ойлаудың, өндірістік проблемаларды шешуге кәсіптік көзқарастың мерекесіне айналады. Осындай бір ғана шараға қатысушылардың ұсыныстарын жүзеге асырудың өзі Лениногор полиметалл комбинатының 50 мың сомдай үнемдеуіне көмектесті.

Автомобиль жолдары министрлігі халық университетінің 6 факультеті мен 18 филиалында 4,5 мыңға жуық адам оқиды. Мұнда министрлік жанындағы жол құрылысшыларының еңбек даңқы музейі мен Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі «Автомобиль жолдары» павильонының материалдары белсенді пайдаланылады. Бұл объектілерде әсіресе техникалық көрмелер, семинарлар, конференциялар, симпозиумдар өткізілгенде оларға бару міндетті болып табылады. Оның ректоры —

Digitized by Google



«Плакат» баспасы.

министрліктің бас құрылысшысы Б. В. Колесников. Университеттің тыңдаушылары республиканың жол құрылысының дамуына сүбелі үлес қосуда. Олар тек 1984 жылдың өзінде экономикалық тиімділігі 2,7 миллион сомдық 1547 техникалық жаңалық енгізді.

Ауыл шаруашылығы білімінің халық университеттерінде білім сапасына жоғары талаптар қойылады. Бұл тұрғыдан Гурьев облысындағы Махамбет аудандық университеті мысал бола алады, тәжірибе станциясының директоры, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты Ш. А. Кенцин оған жетекшілік етеді. Мұнда агрономия және зоотехника факультеттерінде жыл сайын 110—130 адам оқиды. Олар — аудан совхоздарының бөрінен шаруашылық жетекшілері, мамандар, бөлімше басқарушылары, ферма меңгерушілері, егіншілік және мал шаруашылығы бригадаларының бригадирлері, гидротехниктер мен мелиораторлар. Және оқытушылар материалдардың ыңғайлы болуын, ғылыми-техникалық революцияның қазіргі міндеттері мен проблемаларын ескере отырып, лекциялардың, идеялық-саяси және ғылыми деңгейінің жоғары болуына ұмтылады. Олар ауыл шаруашылық ғылымдары мен техникаларының жетістіктерін кеңінен насихаттайды, шаруашылық есепті жетілдіру, өндіріс құрылымын жақсарту, қызметкерлерді материалдық ынталандыру мәселелерін тиянақты түсіндіреді. Лекциялар жергілікті нақты фактілерге толы болады, көрнекі құралдармен сүйемелденеді, оларда ғылыми-көпшілік және деректі фильмдер көрсетіледі. Практикалық сабақтар танап басында, фермаларда жиі өтеді, таңдаулы егіншілер мен малшылардың тәжірибесімен таныстырады. Семинарлық сабақтарда өндірістік жағдайларды талдау айтарлықтай ынта-ықылас тудырады, қайсыбір маңызды өндірістік талаптарды шешуге көмектеседі. Мысалы, «Первомайский» совхозында сүттің сапасын жақсарту мәселесі өткір болды. Оның майлылығын қалай және ненің есебінен арттырып, қышқылдығын қалай кеміту керек? Университеттің лекторлары мен тыңдаушылары осы сұраққа жауап беруді қолға алды. Олар ұсынылған проблеманы талдап, талқылау арқылы оның ыңғайлы шешімін тапты, осы шешім совхозда ойдағыдай қолданылуда.

Сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін насихаттау Алматы облысының халық университеттерінде жақсы жолға қойылған, онда 10 мыңнан астам адам оқитын 29 университет бар.

Республикамызда қазір тікелей өндірістік бірлестіктерде, жобалау ұйымдарында құрылған халық университеттері елеулі топтарды құрайды. Олардың, әдеттегідей, осы кәсіпорындардың, ұйымдардың жетекшілері, бас мамандары басқарады. Олардағы сабақтардың мазмұны өндірістің міндеттеріне барынша жақындатылған, тыңдаушылар орындайтын функциональдық міндеттердің сипатымен тығыз қабыстырылған, ғылымның, техниканың, өндірістің, ал көбіне бірыңғай мамандану проблемаларының ар-

Digitized by Google

найы салаларын оқып-үйренуді қарастырады.

Жоғары оқу орындарының, ғылыми-техникалық насихат үйлерінің, халық шаруашылығы жетістіктері көрмелерінің базаларында ашылған қалалық ауқымдағы халық университеттері барған сайын көбірек танылуда. Олардағы оқу ең алдымен жоғары буындағы мамандар мен халық шаруашылығының түрлі саласындағы басшы кадрлардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

Сонымен бірге халық университеттері өздерінің жұмысын әлі де баяу құруда. Олардың таңдаулыларының озық тәжірибелері жете қорытылып, енгізілмейді.

Методикалық талдаулардың, арнаулы әдебиеттердің, көрнекі құралдардың жетімсіздігі сабақтардың сапасына әсерін тигізеді. Сабақтарды техникалық жағынан сүйемелдеу құралдары көбіне қарапайым, оларда ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері туралы ғылыми-көпшілік және деректі кинофильмдер, жетекші ғалымдар мен мамандардың магнитофон ленталарына жазылып алынған лекциялары сирек қолданылады.

Ауыл шаруашылық білімдері халық университеттерінде мердігерлік бригадалар мен звенолар көрсеткіштерінің талдауына әлі де жете көңіл бөлінбейді, семинарлық сабақтарды тікелей озық шаруашылықтардың егістіктері мен фермаларында өткізу өте сирек қолданылады.

Еңбекшілердің қалың жіктерін информатика мен есептеу техникалары саласындағы білімдермен қаруландыру халық университеттерінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан он екінші бесжылдықта информатика мен есептеу техникаларының негіздері мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін оқып үйрену жөніндегі факультеттерді көбейту тиімді.

Министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар, ғылыми-техникалық қоғамның облыстық советтері басшыларының халық университеттерін техникалық жарақтандыру мәселелерін де ойластыруына тура келеді. Мысалы, республиканың Байланыс министрлігінде есептеу техникалары, электрондық есептеу машиналары, дисплей қолданылып жүр. Осы тәжірибені қабылдап, басқа университеттерді де осындай құралдармен жарақтандыру қажет. Сондай-ақ сабақтарда «Білім» қоғамы ұйымдарында, техникалар үйлерінде, кинопрокаттарда және басқа ұйымдарда болатын кітапханаларды, фонотекаларды, видеозаписьтерді, киноленталарды кеңінен қолдану тиімді.

Ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін еліміздің халық шаруашылығы салалары, кәсіпорындар шешіп жатқан нақты міндеттер қызметінің өзегіне айналуы үшін сабақта оларды тығыз қабыстыру қажет. Жаңа оқу жылында халық университеттері жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру тыңдаушыларды партия шешімдерін орындауға жұмылдыруға көмектесуге тиіс.

Е. САҒЫМБАЕВ,
Ғылыми-техникалық қоғамның республикалық советі председателінің орынбасары, экономика ғылымының кандидаты.

Қысқа хабарлар

ЖАСТАР КОНКУРСЫ

Шевченкода мектеп оқушыларының еңбек бірлестіктерінің облыстық слеті өтті. Тоғызыншы кластардың жүзден астам оқушысы — мектептер мен мектепаралық оқу-өндіріс комбинаттарында алған кәсіптері бойынша қалалық және аудандық конкурстардың жеңімпаздары — токарлар мен слесарлар, қой өсірушілер мен электриктер, аспаздар мен тігіншілер конкурстарында күш сынасты.

Шевченколық оқушылар жақсы әзірлік көрсетті. Форт-Шевченко, Жаңа Өзен, Бейнеу ауданының оқушыларында да жақсы еңбек дағдылары қалыптасқан. Балалардың сайысын оқу-өндіріс комбинаттарынан олардың жетекшілері, сондай-ақ базалық кәсіпорындар, кәсіптік-техникалық училищелер өкілдері де қадағалады. Слеттің соңында оқушыларды жұмысшы кәсіптеріне үйрету процесін жетілдіру, комбинаттардың өндірістік базаларын нығайту туралы мүдделі өңгіме болды, конкурсқа қатысушылар кәсіпорындарда, құрылыс ұйымдарында, қала училищелерінде болды.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДА

Біртектес кәсіпорын — «Қарағанда-одежда» бірлестігі мен «Салтанат» фабрикасы коллективтерінің кезекті өзара тексеруі болды. Бірлестіктен озат тігіншілер — Қарағанды облыстық партия комитетінің мүшесі Н. Дурандинаның, қалалық Советтің депутаты Л. Мұстафаеваның және фабрикадан коммунистік еңбек коллективтерінің бригадирлері Л. Рыль мен К. Доскеновтың инициативасы бойынша кәсіпорындар арасында өріс алған жарыс еңбекте жоғары нәтижелерге жетуге көмектесуде. Мысалы, инициаторлардың өздері бесжылдықты 7 ноябрьге дейін орындауға міндеттенді. Еңбек коллективтері жұмыс тәжірибесін алмасып, озаттарды, соғыс және еңбек ардагерлерін атау жөнінен бірлескен шаралар өткізуде.

Digitized by Google

КОМПЛЕКСТІ ПРОГРАММА МЕЖЕСІНДЕ

З. АРЫСТАНБЕКОВА,
жергілікті өнеркәсіп, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және халық тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитетінің председателі

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің құрметіндегі екпінді еңбек вахтасына тұрған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық пен халық тұрмыс қажетін өтеу еңбекшілері социалистік міндеттемелерін ойдағыдай орындап шықты. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігінің кәсіпорындары халыққа жоспардан тыс 108 миллион сомның қызметін көрсетіп, он бірінші бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтады, өнім өндіру мен қызмет көрсетудің өсу қарқыны 132,7 процент құрады. Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің коллективтері де тұрмыстық қызмет көрсету жоспарын асыра орындады, қызмет көрсетудің өсу қарқыны 130 процент болды. Бесжылдықтың қорытындылаушы жылындағы Бүкілодақтық социалистік жарыстың қорытындылары бойынша Алматының «Горводканал» басқармасы мен Қостанай облысының Қарасу аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының коллективтері КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларымен наградталды. Жамбыл облысының Қордай аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинаты мен Шымкент «Облбытрадиотехника» кәсіпорнының, СССР-дің 60 жылдығы атындағы Талдықорған коммуналдық жабдықтар заводының, Қостанай облыстық жөндеу-құрылыс тресі мен Өскемен қалалық жол құрылысы тресінің жөндеу-құрылыс басқармасының коллективтері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақ советі мен Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларымен аталды.

Біздің озаттарымыз бен өндіріс жаңашылдарымыз, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, «Қазақстан» фирмасының тігіншісі Қ. Нұрмұхаммедова, III дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, Павлодар трамвай-троллейбус басқармасы жүргізушілерінің бригадирі Ф. М. Бурдюкова социалистік міндеттемелер мен жоспарлардың орындалуына үлкен үлес қосты. Олардың арасында он бірінші бесжылдықтың екпінділері — Алматы облысының Қаскелең аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының шаштаразшысы В. И. Кочкаева, Жамбыл облысының Мерке аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының фотографы А. В. Голованов, Ақтөбедегі № 6 үй басқармасының қызметкері С. Құрмаев, Өскемен «Водоканал» басқармасының слесары Л. И. Л. И. Огнева, Алматыдағы «Алмагүл» фабрикасы тоқымашыларының бригадирі В. В. Харченко, Қарағандының «Облрембыттехника» кәсіпорнынан И. Ф. Клочков басқаратын саладағы үздік комсомол-жастар бригадасы, Қызылорда «Горремстрой» басқармасының сылақшысыршысы К. Ерубаев және басқалар бар.

Біздің елімізде, КПСС Программасының жаңа редакциясы жобасында атап көрсетілгеніндей, осы заманғы жоғары дамыған қызмет көрсету саласын жасауға бағдар алынды. Сондықтан республикамызда он екінші бесжылдықта халық тұтынатын тауарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986 — 2000 жылдарға арналған Комплексті программасын орындауға байланысты үлкен міндеттер тұр. Жауапты межелерге шығуға тура келеді. Тұрмыстық қызмет көлемі 1986 — 1990 жылдарда 46 процент, ал 2000 жылы 2,8 есе артуға тиіс. Сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметінің көлемін бесжылдықтың соңына дейін 25 процент, 2000 жылға дейін 2,4 есе ұлғайту керек.

Сала кәсіпорындарының коллективтері комплексті программаны жүзеге асыру жөнінен партия, совет және шаруашылық органдарының міндеттерін қараған республиканың партия-шаруашылық активі жиналысында қабылданған шешімдерді орындауға бағдарланды.

Партия ұйымдарының басшылығымен сала еңбекшілері назарды Комплексті программаны жүзеге асырудың басты мәселелерін шешуге, ең алдымен қызмет көрсетуші кәсіпорындар мен ұйымдар жүйелерін тиімді орналастыру, оларды қызмет, оқу орындарына, адамдар тұратын жерге жақындату, халыққа қолайлы уақытта осы кәсіпорындар мен ұй-

16 март — тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және халық тұрмыс қажетін өтеу қызметкерлері күніне.

Digitized by Google

ымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге шоғырландырылды.

Бүгінде қалалардағы тікелей кәсіпорындарда 2500-ден астам комплексті қабылдау пункті, 700 тұрмыс қажетін өтеу үйі, селоларда 2 мыңға жуық пункттер мен 500 тұрмыс қажетін өтеу үйі бар. Қарағанды, Орал облыстарында кәсіпорындар мен жұмысшы жатақханаларында 40-тан астам комплексті қабылдау пункттері жұмыс істейді. Талдықорған облысында комплексті пункттер 68 совхоз бен колхоздарда ашылды.

Алматыдағы «Поршень» заводында, мақта-мата комбинатында, Кентау экскаватор заводында, Қарағанды жылу жабдықтары заводында жақсы комплексті пункттер ашылды.

Агроөнеркәсіптік комплекс қызметкерлерін, ішінара айтқанда, шалғай учаскелердегі малшыларға тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту үшін тұрмыс қажетін өтейтін 2 мың автошеберхана тартылды. Орталық усадьбаларда 300 комплексті қабылдау пункті ашылды. Саланың кәсіподақ ұйымдары тұрмыстық қызмет көрсету көлемін ұлғайту, оның түрлері мен формаларын кеңейту, жоғары сапа және қызмет көрсетудің жоғары мәдениеті үшін аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинаттары, комплексті және жылжымалы пункттер арасында социалистік жарысты өрістетті.

Онекінші бесжылдықта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтар қызметкерлерінің алдында тұрғын үй қорын орталықтандырылған сумен, канализация, газ және электр плиталарымен қамтамасыз ету, елді мекендерді көркейту деңгейін қыруар арттыру жөнінен жауапты міндеттер тұр. Адамдардың тұрмысында шешілмеген проблемаларды мүмкіндігінше азайту үшін қолдан келгеннің бәрін істеу қажет, ол осындай шешілмеген проблемалар салдарынан көбіне қаншама уақыт зая кетеді.

Өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындарды жаңа жағдайда жұмыс істеуге ауыстыру шаруашылық басшылары мен кәсіподақ комитеттерінен кадрларды орнықтырып, біліктілігін арттыру тұрғысынан коллективтердегі өндірістік-бұқаралық және экономикалық жұмыстарды жетілдіру талап етіледі. Талдықорған облысындағы № 54 кәсіптік-техникалық училище мен облыстық тұрмыс қажетін өтеу басқармасының бірлескен жұмыстарының тәжірибесін кең пайдалану қажет. Мұнда оқушылардың әр тобы аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинаттарының біріне бекітіледі. Олар жыл сайын тігінші, фотограф, шаштаразшы, етікші мамандықтарына үйрету үшін жігіттер мен қыздарды осында жібереді.

КПСС Орталық Комитетінің РСФСР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің салаларды шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне ауыстыру жөніндегі жұмысы туралы үстіміздегі жылдың январь айында қабылдаған қаулысында еңбекшілерге қызмет көрсетудің деңгейін арттыру, салада ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, еңбек, материалдық және финанстық ресурстарды пайдалануды жақсарту үшін шаруашылықты жүргізудің жаңа механизмінің мүмкіндіктерін толық пайдалану қажеттігі ерекше атап көрсетілді.

Халық тұтынатын тауарлар мен қызмет көрсету салалары өндірісін дамытудың Комплексті программасында жұмыстың тағы бір маңызды бағыты айқындалған: барлық кәсіпорындар халық шаруашылығының қай саласына қарайтындығына қарамастан өздерінің жұмысшыларына да, жақын маңдағы аудандардың халқына да қызмет көрсетуге міндетті. Бұл — көптеген коллективтер үшін жаңа іс, сондықтан саламыздың кәсіподақ, шаруашылық органдары сервистің әралуан түрлерін енгізумен айналысатын кәсіпорындар үшін біраз ұсыныстарды талдап жасады.

Дегенмен сервис проблемаларын шешу тұрмыс қажетін өтеу мекемелерінің қызметкерлеріне ғана тәуелді емес. Облыстардың бәрінде дерлік өндірісте комплексті қабылдау пункттерін құру, сондай-ақ тұрмыстық қызметке үйлер бөлу туралы тапсырма қанағаттанғысыз орындалуда.

Тағы бір өткір мәселе мынадай: КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Еңбекшілердің санаторий-курорттық емделуі мен демалысын одан әрі жақсарту және кәсіподақтардың денсаулық сақтау жүйелерін дамыту шаралары туралы» қаулысына сәйкес, санаторийлерде, пансионаттарда, демалыс үйлерінде тұрмыстық қызмет көрсету үйлері салынуы немесе комплексті қабылдау пункттері үшін үй бөлінуі тиіс. Бұл мәселе тек Қостанай облысындағы «Сосновый бор» және Шымкент облысындағы «Сарыағаш» санаторилерінде ойдағыдай шешілген. Ал басқаларында, мысалы, Алматы облысындағы «Турксиб», «Көктем», «Просвещенец» санаторийлерінде, сондай-ақ «Гурьев», «Көкшетау», «Семей» демалыс үйлерінде тұрмыс қажетін өтеу ұйымдарына көңіл бөлінбейді.

Адамға қамқорлық, оның қажеттерін мүмкіндігінше толық қамтамасыз ету, әр совет семьясының өмірлік маңызды талап-тілектерін қанағаттандыру — тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындары еңбек коллективтерінің басты міндеті. Тұрмыс қажетін өтеу саласының еңбекшілері он екінші бесжылдықтың бірінші жылына арналған социалистік міндеттемелерінде 14 жаңа тұрмыс қажетін өтеу объектісін іске қосуды қарастырды, тапсырмадан тыс 1,44 миллион сомның тұрмыстық қажеті көрсетіледі. Коммуналдық шаруашылық қызметкерлері жоспардан тыс 10 миллион сомның қызметін көрсетуге міндеттенді. Бұл саламыздың халық тұтынатын тауарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программаны жүзеге асыруға қосатын алғашқы үлесі болмақ.

Digitized by Google

МАТЕРИАЛДЫҚ РЕСУРСҚА — ТИЯНАҚТЫ ЕСЕП

Жоспардан тыс 75 миллион сом пайда аламыз. Отын, электр энергиясы мен материалдар жөніндегі қажеттілік өсімінің кемінде 70 процентін оларды үнемдеу, қайталама ресурстарды неғұрлым толық пайдалану есебінен қамтамасыз етеміз.

Қазақ ССР еңбекшілерінің экономикалық және әлеуметтік дамудың 1986 жылғы Мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі социалистік міндеттемесінен.

Бүгінде материалдық ресурстарға ұқыпты қарау мәселесі қоғамымыздың басты назарында тұр. Оларды барынша үнемдеу, СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986 — 1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының жобасында атап көрсетілгеніндей, экономиканы дамудың интенсивті жолына ауыстырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Үнемдеу дегеніміз шикізаттың, отынның әр грамына, электр энергиясының әр киловатына, жылу энергиясының әр гигакалорийіне ұқыпты қарау деген сөз емес. Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жағдайында бұл міндетті ауқымды көлемді ауқымда қарау қажет. Ең алдымен **шикізатты комплексті пайдалану,** кәсіпорындарда қалдықсыз технологиялық процестерді талдап жасап, енгізу туралы сөз болып отыр.

Соңғы жылдар ішінде біздің республикамызда бұл бағытта біраз нәрсе жасалды. Ғалымдардың, мамандардың, еңбек коллективтерінің материалдық ресурстарды комплексті пайдалану жөніндегі мақсатты жұмысының бірқатар мысалдары мынадай. Мәселен, шикізатты комплексті пайдалануға дәстүрлі түрде зор маңыз берілетін түсті металлургияда қазіргі уақытта алынатын ілеспе өнімдер товарлы өнімнің 43,4 процентін құрайды. Қара металлургияда қайталама шикізаттың үлесі үштен бірінен асып түсті. Қостанай облысының Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатында жыл сайын аршу жыныстарынан 1 миллион текше метрден астам құрылыс қиыршық тасы өндіріледі. Осы материал ұзындығы 1000 километр жол құрылысында пайдалануға әбден жетеді.

Республика жеңіл өнеркәсіп орындарында жылына тоқыма және жүн қалдықтарынан 10,2 миллион шаршы метрге дейін ватин шығарылады, ал былғары-аяқ киім қалдықтарынан 560 тонна шел желімі, 550 тонна желатин өндіріледі.

Республиканың Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарында 1984 жылы 26 мың текше метрден астам ағаш қалдықтары пайдаланылды, олардан 10 мың текше метрге жуық ағаш-жоңқа, 1,2 миллион шаршы метрдей ағаш-талшықты плита, 6 мың текше метр технологиялық жоңқа өндірілді. Осы материалдардан 1,6 миллион сомның өнімі шығарылды, сөйтіп мыңдаған гектар орман кесуден сақталды.

Ресурстарды үнемдеудің оңды мысалдарын республика халық шаруашылығының барлық салалары бойынша дерлік келтіруге болады. Тұрмыстық қалдықтарды пайдаланудың өскенін де атап өткен жөн, осының есебінен 1984 жылы одан бұрнағы жылға қарағанда шикізат 5,7 процент көп алынды.

Тұтасынан республика бойынша 1985 жылдың алғашқы жарты жылдығында 51,3 мың тонна қара металл прокаты, 138 мың тонна цемент, 132 мың текше метр ағаш материалы, 146 мың тонна қазан-пеш отыны, 17,2 мың тонна дизель отыны және 17,3 мың тонна автомобиль бензині үнемделді.

Республика кәсіпорындарының көпшілігі он екінші бесжылдыққа арналған міндеттемелерде **үнем режимін нығайтуға, шикізат, отын-энергетика және басқа материалдық ресурстар шығынын кемітуге** көп көңіл бөлді. Демек, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі шикізатты комплексті пайдалануды 90 процентке дейін арттыруға, 1990 жылға дейін қайталама энергетика ресурстарын толық пайдалануға қол жеткізуге, сөйтіп ол арқылы жылу энергиясына деген қажеттіліктің кемінде 60 процентін қамтамасыз етуге, 45 миллион киловатт-сағат электр энергиясын, 305 гигакалорий жылу энергиясын, 7 мың тонна шартты отын үнемдеуге міндеттеме алды.

Озық кәсіпорындар тәжірибесін кеңінен насихаттау, ең бастысы, оларды жер-жерде пайдалану қажет. Бұл істе ауызша саяси үгіт активистерінің тұрақты көмегі керек, олар материалдық ресурстарды үнемдеу жолдарын түсіндіру, жеке үлгі көрсету тұрғысынан көп нәрсе жасай алады. Әңгімелер үшін Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінен, Қазақ ғылыми-техникалық информация ғылыми-зерттеу институты шығаратын бюллетеньдерден көп нәрсеге қанығуға болады.

Әңгімелерде **пайдаланылмаған мүмкіндіктерге** айрықша тоқталған жөн. Ал ондай мүмкіндіктер әлі де аз емес. Шикізатты комплексті пайдалану нәтижелері айтарлықтай болып отырған түсті металлургияның өзінде резервтер баршылық. Мәселен, түсті металдар рудасын жер астында қазу барысында ысырап 13—14 процент құрайды. Республи-

Digitized by Google

ка металлургия кәсіпорындарында көптеген бағалы қоспалар, соның ішінде тіпті күміс пен алтын шаң мен газ арқылы ауаға кетеді. Қара металлургияда темір рудасын ұқсату барысында кобальт, мыс, мырыш және басқа бағалы қоспалар әлі күнге дейін зая кетуде. Көмір өнеркәсібінде ағаттықтар әлі де қыруар: Қарағанды шахталарында көмір ысырабы 17 процентке жетеді.

Өнеркәсіптің тамақ салаларындағы ысыраппен мүлдем ымыраласуға болмайды. Ет пен сүтті ұқсату кәсіпорындары транспорттың жетімсіздігінен жыл сайын колхоздар мен совхоздардан малдың 16 процентін және сүттің 40 процентін ғана тасып алады, осыдан барып сүт пен малды бір орталықтан қабылдау жөнінен өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмайды. Мұның барысында болатын ысырапты ешкім есептемеген, әйтсе де олар, сөз жоқ, аз емес, ал шаруашылықтар өнімнің қалған бөлігін өз транспортымен жөнелтуге мәжбүр болады.

Ал жеміс-консерві кәсіпорындарында жүзім мен алма сығындыларын, томат және овощ қалдықтарын, жеміс сүйектерін пайдалану 57 процентten аспайды.

Ауыл шаруашылығында ірі жемді бактериялық және жылу арқылы ұқсату жеткіліксіз қолданылады, мұның өзі олардың жұғымдылығын, сайып келгенде, малдың құнарлығын төмендетеді. Мәселен, республикада егін шығымды болған жылдарда 20 миллион тоннаға дейін сабан жиналады, ал малды жемдеуге небары 7—8 миллион тоннасы пайдаланылады, ал Украин ССР-інде жыл сайын 24 миллион тонна сабанның 20 миллион тоннадан астамы ұқсатудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы малға беріледі. Осындай ысырапты болдырмау үшін ғылым мен озық практика тиімді құралдарды ұсынды, алайда олар біздің республикамызда өзірше тым баяу әрі шектеулі ауқымда қолданылуда.

Сондай-ақ **қайталама ресурстар мен өндіріс қалдықтары** жетімсіз пайдаланылуда. Түсті металлургия кәсіпорындарында бос жер жыныстарының, байыту «қалдықтары» мен шлактардың үйінділері 13,2 мың гектарды алып жатыр. Қатты қалдықтарды іс жүзінде пайдалану шамамен 7 процент, соның ішінде шлак — 40 проценттей құрайды.

Қара металлургияда аршылған және араласқан жыныстардың небары 3,3 проценті, шлактың 38,4 проценті пайдаланылады. Республика осы салаларының кәсіпорындарында бір тонна товарлы темір рудасына орта есеппен 2,47 текше метр аршу жыныстары мен 0,84 тонна байыту «қалдығы», өндірілген 1 тонна прокатқа 1,1 тонна болат балқыту мен домна шлагы және 0,23 тонна металл қалдығы, 1 тонна товарлы ферросплавқа — 0,76 тонна шлак келеді.

Қарағанды металлургия комбинатында ғана жыл сайын жарты миллион тоннадан астам фосфатшлак үйіндіге тасталады, ал мұнда руда беретін Лисаков кен-байыту комбинаты жобалық қуатына жеткенде алынатын шлак жылына 2 миллион тоннаға дейін артады. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы экономикалық жоспарлау мен нормативтер ғылыми-зерттеу институты жүргізген зерттеулер мен есептеулер көрсеткеніндей, лисаковтық руданы ұқсату барысында домна мен болат балқыту шлактарынан 0,7 миллион тонна глинозем, 5,4 миллион тоннаға жуық цемент және қарапайым суперфосфатқа тең келетін 1,9 миллион тонна фосфатшлак алуға болады. Дегенмен лисаковтық руданы комплексті ұқсатуды ұйымдастыру мәселесі өзірше жоспарда көрініс тапқан жоқ. Екібастұз көмір бассейнінің аршылған жыныстарында көптеген бағалы қоспалар бар. Ғылым, ішінара айтқанда, жоғарыда аталған ғылыми-зерттеу институты аглопорит, құрылыс керамикасы, кремний-алюминий қортпаларын өндіру, сондай-ақ көмірді айыру үшін осы жыныстар мен байыту «қалдықтарын» пайдаланудың көптеген варианттарын талдап жасады. Қазір талдауларды жүзеге асыру керек.

Химия өнеркәсібінде экстракциялы фосфорлы қышқылды өндіру барысында ұқсатылған 1 тонна фосфориттен 1,4 — 1,6 тонна фосфогипс алынады, ол сортаңды жерлерді гипстеу және қышқылды топырақты жақсарту үшін тиімді құрал болып табылады. Дегенмен осы мүмкіншіліктер тым шектеулі мөлшерде пайдаланылады.

Мұндай проблемаларды шешу, өрине, жаңа өндірістер жасау, қоймалар салу, жабдықтар, транспорт алу үшін күрделі ірі қаржы бөлумен байланысты.



«Плакат» баспасы

Digitized by Google

Әйтсе де мұндай шығындар, әдеттегідей, бастапқы шикізатты қазуға қарағанда әрдайым төмен.

Осының бәрі бейнелеп отырғанындай, ғылыми талдауларды енгізуді жеделдету, жұмысты ұйымдастыруды жақсарту, жоспарлау мен есепті жетілдіру есебінен бізде материалдық реусурстар үнемдеу мүмкіншіліктері көлемді. Сондай-ақ еліміздің басқа одақтас республикалары мен аймақтарында жинақталған тәжірибені кеңінен енгізген жөн.

Ю. КОМЛЕВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Қазақ ғылыми-техникалық информация ғылыми-зерттеу институты экономика бөлімінің меңгерушісі,
Р. ҚАРПЫҚОВА,
институт қызметкері.

Әңгімелерде осы жайында айтыңыздар

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Қазақ ССР-і бойынша халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасы республикалық баспасөзде жарияланды.

Ол СССР-де товарлар өндіру мен қызмет көрсетуді дамытудың Комплексті программасының, Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарының құрамдас бөлігі болып табылады және халықтың товарлар мен қызметтер жөніндегі талап-тілегін қанағаттандыру проблемаларын шешу, республика халқының ақшалай кірістері мен шығыстарының неғұрлым жоғары дәрежеде теңдестірілуін қамтамасыз ету, материалдық және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыру жөніндегі аса маңызды шараларды қамтиды.

Ғылыми-техникалық прогресс негізінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету жөнінде алға қойылған міндеттерге сәйкес программа халық тұтынатын товарлар өндіруді барынша ұлғайтуды, оның түр-түрін көбейтіп, сапасын арттыруды және халыққа көрсетілетін қызметтерді дамытуды көздейді, халық шаруашылығының барлық салаларының күш-жігерін азық-түлік емес товарлар өндіріп, өткізуді дамыту, сондай-ақ қызмет көрсету саласы бағытындағы ең таяудағы және перспективадағы міндеттерді шешуге жұмылдырады.

Товарлар шығаруға және халыққа қызмет көрсетуге мамандандырған салалар жедел дамытылады. Осы заманғы техника мен технологияны кеңінен енгізу негізінде олардың материалдық-техникалық базасы нығайтылады. Товарлар өндірісін және қызмет көрсету саласын жабдықпен, материалдармен және комплектілеуші бұйымдармен қамтамасыз ету жақсартылады.

Мата, киім, аяқкиім өндіруді едәуір ұлғайту, республика халқының мәдени-тұрмыстық, шаруашылық тауарларының барлық түрлерімен және алуан түрлі қызметтермен қамтамасыз етілуін арттыру белгіленіп отыр.

Программада шығарылатын товарлардың сапасы мен түр-түрін жақсарту, бұйымдардың тұтынушылық қасиеттерін арттыру, сауда мен қоғамдық тамақтандыруда, халыққа тұрмыстық, тұрғын үй-коммуналдық, транспорттық, туристік және басқа қызмет түрлерін көрсетуде прогресті формаларды енгізіп, көрсетілетін қызметті кеңейту мәселелеріне баса назар аударылған.

Халықтың қажетті товарлар мен қызметтер жөніндегі қажеттерін қанағаттандыру, жергілікті жерлерде бар резервтер мен мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалану жөніндегі министрліктердің, ведомстволардың және халық депутаттары жергілікті Советтерінің ролі мен жауапкершілігі арттырылады.

Товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамыту мәселелерін бір-бірімен байланыста шеше отырып, программа басқару мен жоспарлау қызметін жетілдіруді, тиісті салаларды бұқаралық кәсіптің білікті жұмысшы кадрларымен және мамандармен қамтамасыз етуді, парасатты қажеттілікті қалыптастыруға және тұрмыс пен демалыс мәдениетін арттыруға белсене ықпал етуді көздейді.

Белгіленген шараларды жүзеге асыру халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын сапалық жаңа деңгейге көтеруге, республика халқының әртүрлі қажеттерін толығырақ қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Әрбір облыс халық тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайту, сауданы, қоғамдық тамақтандыруды және қызмет көрсету саласын дамыту жөнінде программада көзделген тапсырмалардың орындалуына сүбелі үлес қосуға тиіс.

Халық тұтынатын товарлар өндірісін және қызмет саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған Комплексті программасы әрбір совет семьясының өмірлік маңызды мүдделерін бейнелейді, халықтың қажеттерін қоғамдық өндірістің арта түскен мүмкіндігіне және социалистік өмір салтын одан әрі жетілдіру міндеттеріне сай келетін жаңа, неғұрлым жоғары сапалы дәрежеде қанағаттандыруды көздейді. Адам жөніндегі, оның қажеттерін неғұрлым толық қамтамасыз ету жөніндегі қамқорлық

Digitized by Google

партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының тұрақты назарында болуға тиіс.

Программа тапсырмалары ең аз мөлшердегі тапсырмалар деп қаралуда. Оны орындау барысында тоқарлар өндірудің және қызмет көрсетудің көлемін ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері мен өндірісті одан әрі интенсивтендіру негізінде ұлғайту үшін резервтер мен қосымша мүмкіндіктерді іздестіріп, табу қажет.

Ауызша саяси үгіт активистерінің осы маңызды документті оқып үйрену жөнінен көлемді жұмыс жүргізуі, негізгі қағидаларға жүйелі назар аударып, оны жүзеге асыру барысы туралы еңбекшілерге жүйелі хабарлап, халық тұтынатын тоқарлар шығарумен, өткізумен және тұрғындарға қызмет көрсетумен айналысушы еңбек коллективтерін Программаны табысты орындауға жұмылдыруы қажет.

Әңгімелерде үстіміздегі жылы 15 январда өткен республикалық партия-шаруашылық активі материалдарын пайдалану қажет, активте программа тапсырмасын орындау бірінші кезекті партиялық парыз, шын мәнінде бүкілхалықтық іс болуға тиіс екені атап көрсетілді. Еңбек коллективтерінің бәрі, барлық облыстардың және халық шаруашылығы салаларының қызметкерлері өздерінің бүкіл күшін, білімін, тәжірибесін осыған жұмылдыруға тиіс (актив материалдары республикалық және облыстық газеттерде үстіміздегі жылы 16 январьда жарияланды).

Бесжылдықтың еңбек ырғағы



Алматы. Республиканың тоқыма өнеркәсібінің көш бастаушысы — мақта-мата комбинаты дүниеге екінші рет келуін өткеруде. Цехтарға ескірген станоктардың орнына жаңа жабдықтар келді, оларда матаның жаңа түрлері шығарылатын болады. Комбинаттағы қайта құру жұмыстары уақытша құбылыс емес, ол 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған ұзақ мерзімді программа бойынша жүргізілуде.

Суретте: баспа цехы халықтық бақылау тобының мүшелері — раклистер А. Харитонов, Е. Бәйбақов, ұқсату фабрикасы бақылаушылар тобының председателі З. Шүкреева жаңа маталардың сапасын тексеруде.

Суретті түсірген В. ЗИНИН (ҚазТАГ).

Өскемен. Жаңа жылда Өскемен конденсатор заводының конвейерінен алғашқы мыңдаған өнімдер шықты. Мұнда өндірілген қағаз-пленкалы пештер және косинусты конденсаторлар еліміз халық шаруашылығының түрлі салаларында қолданылады. Ю. Босовтың сіңдірушілер бригадасы, В. Мусатаеваның слесарьлар бригадасы, В. Стуков басқаратын электр монтерлерінің коллективі КПСС XXVII съезі құрметіндегі жарыста өздерін өте жақсы көрсетті.

Семей. Мұнда аяқ киім фабрикасында «Бесжылдық ішінде — он жылдық норма» ұранымен өндіріс озаттарының қозғалысы дәстүрге енуде. № 1 тігу цехының бригадирі М. Бікбаев оның инициаторларының бірі болды. Сөзінде тұрған ол тағы да он екінші бесжылдықта өз жетістігін қайталауға міндеттеме алды. Озат жаңа жылдың алғашқы күнінен-ақ смена сайын тапсырманы 200 процент және жоғары сапамен орындайды.

Дайындама цехында өткен бесжылдықта он жылдық норманы орындап шыққан Э. Ф. Морланг өзінің бай тәжірибесін жас тігіншілермен, мектептердің бертіндегі түлектерімен алмасады. Ол еңбек ететін комсомол-жастар бригадасы съезд қарсаңындағы екпінді вахтада жетекші коллективтердің біріне айналды.

Орал. Приурал ауданының Жданов атындағы совхозы бірінші фермасы кеңсесінің жанына жалау ілінетін тұғыр қойылған. Апта сайын онда социалистік жарыс жеңімпаздары құрметіне Еңбек даңқы жалауы желбірейді. Бертінде ол коммунист, Жданов селолық Советінің депутаты У. С. Жұмалиева басқаратын малшылар звеносының құметіне көтерілді. Осы коллектив әр сауын сиырдан жоспардағы 2 мың килограмның орнына 2567 килограмнан сүт алып, 1985 жылдың жоспарын 15 декабрьге орындады.

Енді жалау жанындағы «молния» озық звеноның апта ішінде өздеріне бекітілген сиырлардан тапсырмадағы 6510 килограмның орнына 6916 килограмм сүт алғанын хабарлады. Бригадалық мердігерлік пен бай тәжірибе сауыншыларға көмектесуде. А. П. Макеева, А. К. Сұлтанғалиева, Е. Е. Чемоданова және басқалар осы тәжірибені жастармен еркін алмасуда.

Digitized by Google



КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ӘЗІРЛЕНЕЙІК

Февраль — қыстың соңғы айы. Көктемгі дала жұмыстарының басталуына барған сайын аз уақыт қалуда. Республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің еңбеккерлері өздерінің күш-жігерін **осы жауапты шаруашылық науқанды сақадай сай әзірлікпен қарсы алуға** бағыттауда. Оларда қысқы күндерде де қам-қарекет аз емес. Техника мен тіркеме құралдарын дер кезінде әрі тиянақты жөндеп, тұқымды жоғары кондинцияға жеткізу, органикалық тыңайтқышты танаптарға тасу, механизаторларды қажетті мөлшерде даярлау, барлық егіншілердің агрономиялық білімін тереңдете түсу қажет.

Республика диқандары он екінші бесжылдықтың алғашқы жылына, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезі жылына көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Олар егіншіліктің интенсивті технологиясын, топырақ қорғаудың аймақтық жүйесін кеңінен қолдану, аса шығымды жаңа сорттарды өндіріске енгізу, техниканы, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды тиімді пайдалану негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыру мақсатын алдарына қойды. **Гектардың құнарлы қуатын өсіру — бүгінгі күннің өзекті мәселесі.** Бесжылдықтың соңына қарай республикада астық өндіру 30—31 миллион тонна болуға тиіс,

Егін шығымдылығының өсімі көктемгі дала жұмыстарын өткізу деңгейіне айтарлықтай тәуелді. Қазіргі уақытта **Қарағанды облысы село еңбеккерлерінің инициативасы** жаппай қолдау тапты, олар көктемгі дала жұмыстары науқанына ұйымшылдықпен әрі жоғары сапалы әзірлену және өткізу жөнінен совхоз жұмысшыларына, колхозшыларға және ауыл шаруашылық мамандарына, агроөнеркәсіптік комплекстің барлық қызметкерлеріне үндеу жолдады.

Бүгінде баяндамашылар, саяси хабаршылар үгітшілер өздерінің күнделікті саяси-тәрбие жұмысы арқылы **қарағандылықтардың үндеуі әр совхоз бен колхозда, танаптың әрбір еңбеккерінде іскер үндестік табуына ықпал етуге міндетті.** Техниканы жөндейтін, тұқымды себуге әзірлейтін, тыңайтқыш енгізетін, танапқа қар тоқтататын адамдармен әңгімелерді үнемі жүргізуге, оларды екпінді еңбекке шақырып, іске жауапкершілікпен қарауға жұмылдыруы қажет.

Көптеген коллективтер көктемгі **егіске жан-жақты және жоғары сапалы әзірлену жөніндегі нақты міндеттерді** алдын ала айқын белгілеп, олардың сөзсіз орындалуына қол жеткізуде. Талдықорған облысындағы Киров ауданы шаруашылықтарының көпшілігінің егіншілері нақ осылай жасауда. Олар он екінші бесжылдықтың алғашқы жылының өзінде астық, қант қызылшасын, соя, овощ, картоп өндіріп, өткізуді молайту мақсатын алдарына қойды. Көктемгі дала жұмыстары науқанына әзірлік тұсында техниканы қалпына келтіруге бірінші кезекті маңыз берілуде. Таңдаулы кадрлар жөндеу конвейерінің шешуші учаскелеріне жіберілді. Машина-трактор шеберханаларының бәрінде партия, комсомол топтары, халықтық бақылау постылары жұмыс істейді. Жөндеушілердің социалистік жарысының шарттары ойластырылған, оларға қажетті мәдени-тұрмыстық жағдай жасалған, ыстық тамақ ұйымдастырылған.

Ауданда кадрларды даярлау табысты өтуде. Мұнда ауызша саяси үгіт активистері жауапты роль атқарып келеді, олар өз әңгімелерінде социалистік жарыс салдақтары туралы әңгімелейді, таңдаулылар тәжірибесін насихаттайды, кемшіліктерді сынап, оларды жоюға көмектеседі.

Машиналар мен тіркеме құралдарды жөндеу қарқыны мен сапасы **шеберханаларда жұмысты ұйымдастыруға, еңбекті көп керек ететін процестерді механикаландыруға, прогрестік технологияны енгізуге шешуші дәрежеде** тәуелді.

КПСС Орталық Комитетінде өткен ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мәселелері жөніндегі кеңесте былай деп атап көрсетілді: «Экономиканың аграрлық-өнеркәсіптік секторында жасалған потенциал орасан зор. Біз мұнда күрделі қаржыны еселей түсудің оңтайлы көлеміне жеттік. Бірақ одан әзірше жеткілікті қайтарым алынбай отыр». Селода шаруашылықтарда берік жөндеу базасы мен техникалық қызмет көрсетуді жасау міндеті жинақталған потенциалдың қайтарымын арттыру жөніндегі бүкіл жұмыстың өзегі етіп қойылды. Осы проблемалар баяндамашылардың, үгітшілердің, саяси хабаршылардың тұрақты назарында болуға тиіс. Олар жөндеудің агрегаттық әдісін, материалдық-еңбек ресурстарын үнемдеудің маңызды жолы

Digitized by Google

ретінде ажыратпай диагностика қоюды табандылықпен насихаттауға міндетті.

Әр шаруашылықта, әрбір кәсіпорында техниканы жөндеу графиктері талдап жасалды. Мәселен, Орал облысының «Шаған» совхозында механизатор-коммунистер В. Б. Перелерест, В. А. Харьков, В. Н. Долотов айына орта есеппен үш комбайннан жөндейді. Машина-трактор шеберханасында агрегаттық әдісті енгізудің арқасында мұның өзі мүмкін болды. Январьдың ортасына қарай мұнда графикте көрсетілгеніндей, 42 трактор мен 35 комбайн әзірлік сапына қойылады. **Егін салу мен топырақ өңдеу машиналарымен қатар астық жинайтын және жемшөп жинайтын комбайндардың жөнделуі тиіс екенін** ескеру керек. Мәселен, Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Энгельс атындағы совхозында осы маңызды жұмысқа егін орағын жинау аяқталғаннан кейін бірден кірісті. Сөйтіп комбайн жөндеуді тәжірибелі механизаторлар Ш. Бәйімбетов пен Ш. Қарымсақовқа тапсырды, олардың учаскесін қажетті аспаптар мен запас бөлшектердің бәрімен жабдықтады. Қазір шаруашылықта комбайндардың үштен екісі жұмыс істеуге толығынан әзірленді. Дегенмен, практиканың көрсетіп отырғанындай, осы талап барлық жерде бірдей сақталмайды. Мәселен, Алматы облысының Балқаш, Кеген және Нарынқол аудандарының жекелеген шаруашылықтарында техниканы қалпына келтіру графиктері орындала бермейді.

Ауызша саяси үгіт активистерінің **жөндеу графигін қатаң сақтау оны қажетті мерзімінде аяқтаумен қатар жоғары сапаға қол жеткізуге көмектесетіні** туралы пікірді өз тыңдаушыларына жеткізуге тиіс. Дегенмен кейбір жағдайларда елеулі ақаулары бар техниканы шеберханадан шығару оқиғалары болады. Мұның себебі көбіне мынадан: машинаны қабылдау жөніндегі комиссия өз міндеттеріне салғырт қарайды, көктемгі егіс басталар қарсаңында ғана өз жұмысына кіріседі.

Селода еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеудің **бригадалық мердігерлік** секілді прогрестік формасы барған сайын көбірек таралуда. Ол адамдарды жерге, техникаға, жанар-жағар материалдарға, ақша қаражатына шаруагерлікпен қарауға ынталандырады. Биыл қосымша жаңа коллективтер жасақталады. Шаруашылық басшыларының, мамандардың, партия активінің міндеті — жоғары өнімді жұмыс істеу үшін бригадалар мен звеноларға барлық жағдайды жасау.

Көктемгі дала жұмыстарының стратегиясы мен тактикасын анықтауда агрономия қызметтерінің ролі орасан зор. Целиноград қаласында өткен партия-шаруашылық активінде жердің құнарлығы туралы қамқорлық агрономдардың төл ісі, маман, жердің иесі ретінде оның ар-абыройы мен ұжданының ісі екені атап көрсетілді. Тұқым қорын сапалы әзірлеу, сайып келгенде шығымдылықты арттыру агрономдардың нақты нысаналы жұмысына тәуелді. Көкшетау, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының озық шаруашылықтарынан агроном-селекционерлер Г. А. Озарянскийдің, А. П. Варвалевтың, Т. Құсайыновтың, Г. Г. Горицкийдің тәжірибелері республикада кеңінен мәлім.

Механизаторлар кадрларын даярлау бұрынғысынша өзекті проблема болып қала береді. Машина паркі жыл сайын өсуде, жөндеу-қамту қызметі нығайтылуда. Дегенмен техниканың қуаты оның іс жүзіндегі өнімділігіне қарағанда жедел өсіп келеді. Істің мәні білікті кадрлардың жетіспеушілігінде. **Кадрлардың біліктілігін арттыру — өндіріс тиімділігі, еңбек өнімділігі өсімінің даусыз резерві.** Бірінші класты механизаторларда, мәлім болғанындай, сменалық өнімділік үшінші класты механизаторлармен салыстырғанда 25—30 процент жоғары болады. Айырмашылық қыруар.

Республикада механизаторларды даярлаудың белгілі жүйесі құрылды. Кәсіптік-техникалық училищелердің кең жүйесі, оқу комбинаттары жұмыс істейді, колхоздар мен совхоздарда курстар құрылды. Комбайншылардың, трактершылардың, шоферлердің оқуы туралы тиянақты қамқорлық жасалатын жерде олардың тапшылығы сезілмейді, ішінара айтқанда, Целиноград облысының «Воздвиженский», «40 лет Казахстана», «Родина», «Софиевский» совхоздарында осы іс жақсы жолға қойылған, оларда адамдарды қысқы уақытта арнаулы курстарда оқытады.

Павлодар облысының Краснокутск ауданының Жданов атындағы совхозында бұл күндері механизаторлардың оқуы мазмұнды өтуде. Онда бас экономист М. Жапабаев пен бас агроном Е. Бобров сабақ жүргізеді. Шаруашылықтың қажетті материалдық-техникалық базасы бар: арнаулы кластар құрылған, олар көрнекі құралдармен, жұмыс үстіндегі макеттермен, тораптармен, ауыл шаруашылық машиналарының агрегаттарымен жарақтанған. Оқу жоғары дәрежеде өтеді, соның нәтижесінде көптеген жылдар бойы осы озық шаруашылық науқан күндерін сырттан адам тартпай-ақ өткізеді.

Іске деген мүлдем басқаша көзқарастың мысалы мынадай; Жамбыл облысының Свердлов атындағы колхозында техника жеткілікті, әйтсе де 200-ге жуық адам шаруашылықтан тыс жерлерде жұмыс істейді, осыдан барып механизаторлардың жоқтығынан 12 қуатты трактор тұғырда тұр.

Шаруашылықтардың, аграрлық-өнеркәсіп орындарының партия комитеттері қазірдің өзінде барлық еңбеккерлерді он екінші бесжылдықтың алғашқы жылында екпінді жұмысқа жұмылдыруға ықпал ету жөнінен көктемгі дала жұмыстары кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыс жоспарын мұқият ойластыруға тиіс.

Digitized by Google

Жамбыл облысы. Мойынқұмдағы шопандардың шалғай учаскелері Шу ауданы совхоздары мен колхоздарының орталық қоныстарынан 100 километр және одан да қашық орналасқан, мұнда 300 мыңнан астам қой қыстатылады. Дегенмен мұнда автоклубтарды, денсаулық сақтау қызметкерлерін, талапкер артистерді, жылжымалы магазиндер сатушыларын жиі ұшыратасың.

Суретте: «Новотройцк» совхозы жұмысшылар кооперациясының жылжымалы дүкенінің сатушысы комсомолец Үлбике Андасова қойшыларға товарлар әкелді.

Суретті түсіргендер И. БУДНЕВИЧ пен Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ).



ӘР АУЛАНЫҢ ҮЛЕСІ

Біздің аудан малшылары сүт өндіру мен оны мемлекетке сатудың өткен жылғы жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Қабылдау пункттеріне он мың тоннаға жуық сүт жөнелтілді, мұның өзі бұрнағы жылғыдан көп.

Сүт дайындауға жеке меншік мал ұстайтын адамдардың қосқан үлесі қыруар. Олар орташа бір совхоз үшін жұмыс істеп 1180 тонна сүт сатты, бұл бұрнағы жылдың осы мерзіміне қарағанда 172 тонна көп.

Сүт өндіруді арттыру жөніндегі облыстық жарыстың инициаторы болған жақсылық сауыншылар мен малшылардың өнегесі меншікті аулалар резервтерін іске қосуға көмектесті. Селоларда жиындар өткізілді, оларда бастама бірауыздан қосталды. Селолық және поселкелік Советтердің ағарту комитеттері тұрғындардан сүт дайындаудың қам-қаракетін өздеріне алды. Олардың арасында жарыс өрістеді. Әрбір селолық Советте жеңімпаздарға арналған төрт жүлде болды. Олар моральдық мадақтауға қоса «Урал» мотоциклін, үй шаруашылығына ыңғайлы сүт тартқыш және басқа да көпшілік қолды товарларды кезектен тыс ала алатын болады. Сүт өткізушілерді ынталандыру үшін совхоздар өз тарапынан сүттің әр литріне бір килограмнан пішен босатты.

Атқару комитеттері тұрғындардан сүт сатып алуды ұйымдастыруда депутаттар көмегіне сүйенді, олардың әрқайсысына он ауладан бекітілді, мұнда олар түсінік жұмысын жүргізді. Сонымен бірге қоғамдық маңызды шараға белсене қатысудың жеке үлгісін көрсетті.

Әсіресе, Подгорненск селолық Советінің депутаты, Совет Армиясының 60 жылдығы атындағы совхоздың малшысы В. Опоец өзін жақсы көрсете білді. Ол жұмыстан бос уақытында өз сайлаушыларын аралап, олармен әңгімелесті, мемлекетке кімнің қанша сүт сата алатынын анықтады. Өзі де артылған сүтті қабылдаушыға жиі-жиі апарып тұрды. Соның нәтижесінде В. Опоец мемлекетке жыл басынан бері екі тоннаға жуық сүт сатты.

Бұл тұрғыдан жоғары көрсеткіштер де баршылық. Совхоздың машина ауласының меңгерушісі Б. Макивтің есебінде екі жарым тонна, мал дәрігерлік техник Л. Макагон есебінде екі тоннадан астам сүт бар. Сүт тапсыруға барлығы 150 адам қатысуда. Олардың жалпы үлесі — 154 тонна. Бұл әр үйден — бір тонна сүт өткізілді деген сөз. А. Лотвин председательдік ететін Подгорненск селолық Советінің атқару комитетінің үнемі жарыста жеңімпаз болуы кездейсоқ емес.

Совхоздың бас зоотехнигі Р. Галайдин де іске ықыласпен көмектеседі. Ол сүт қабылдау процесін тездету мақсатымен әр көшеде қабылдау пунктін ұйымдастыруды ұсынды. Бұл — қайсыбір пенсионер ауласы болмақ. Оған қабылдаушының міндетін атқарғаны үшін сатылған сүттің белгілі бір көлемдегі қаржысы бөлінеді. Сүт таситын машина тиісті уақытында келіп, сүтті заводқа алып кетеді.

Калинин және Рентабельный селолық Советтерінде де артылған сүтті сатып алу ұтымды ұйымдастырылуда. Олардан тиісінше 115 және 118 тонна сүт қабылданды. Аудан бойынша жеке меншіктегі әр сиырға шаққанда жалпы 70 литр сүт сатып алынды.

Т. ӘБІШЕВ,
Жақсы аудандық атқару комитетінің председателі.
Торғай облысы.

Digitized by Google



ОНЫҢ АСҚАҚ МІНДЕТІ

Суретте: Г. Р. ЧУГУЕВ.

«Шідерті» совхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Р. Г. Чугуев он жылдан астам уақыттан бері үгітші міндетін атқарып келеді, дегенмен коммунист бұдан көп бұрын үгітші еді.

1968 жылы жолдасының баласы Саша Карташов әкесіз қалды. Сол кезде ол еңбек жолын енді ғана бастаған еді, соидықтан Чугуев мүмкіндігінше оның әкесін жоқтатпауға ұмтылды. Ол білгенінің бәрін жас жігітке үйретуге тырысты. Александр жақсы механизатор болды, техникумды бітірді.

Чугуевтың тағы бір тәрбиеленушісі Зейнуллин де өмірде көп нәрсеге қол жеткізді. Қазір оның өзі тәлімгер. Григорий Романович оның партияға өтуіне кепілдеме берді. Оның тәрбиеленушісі, жас механизатор Ораз Қойшыбаев та өте жақсы еңбек етуде.

— Бізде үгіт жұмысы есебінің алуан түрлі формалары: журналдар, күнделіктер қолданылады. Бұл, әрине, қажет, — деп әңгімелейді Г. Р. Чугуев. — Үгітшіге бір айдың ішінде сегіз әңгіме өткізгенін айтып, баға беруге бола ма? Ал егер бригада мүшесінің мінезі қиын болса ше? Жас адамға не беретінінді қалай ескеру керек Мүмкін әйел адам алдында айтылған дөрекі сөз үшін көзқарасыңмен кінәлау керек шығар? Немесе оның күрделі бір ақауды қандай ептілікпен және тез жөндегенін қарап тұрып, әкелік қамқорлықпен басынан сипау керек шығар?

— Мен радио ісімен айналысамын, көптеген арнаулы әдебиеттерді жаздырып аламын, — деп жалғастырды әңгімесін үгітші. — Радиомен әуестенуші балалар, ұлдарымның жолдастары мен өз жолдастарымның балалары, сондай-ақ жерлестерім де менен ақыл-кеңес алу үшін жиі келеді. Және кейде сүйікті ісіңе байланысты ашық-жарқын әңгіменің өзі қаншама көп пайдасын тигізеді. Ал соның бәрін үгітші күнделігіне жаза алмайсың ғой.

Григорий Романович өзі туралы ештеңе айтпаса, да, жастар арасындағы жұмыста адамның жеке үлгі-өнегесінің көп мәні бар. Оның мақсаттылығы айналасындағы адамдарды баурайды. Бригадир болып тағайындалғаннан кейін ол өзінің агрономия жөніндегі білімінің тапшылығын қатты сезінді. Техникумға сырттай оқуға түсті.

—Бригада жұмысының нәтижесі менің қоғамдық қызметіме де қайсыбір дәрежеде баға береді. — дейді Г. Р. Чугуев. Мынадай жағдай еске түседі. Біз тұқымды совхозда бірінші болып септік, әйтсе де, былайша айтқанда келеңсіз жағдай болды.

Бригадада өз ісін білетін тәжірибелі механизатор бар. Міне, ол тұқым себуде гектар санын қуалап кетті. Оның загонын тексердім. Ол менің күдігімді туғызды, осы жайында айттым. Ол өз жұмысының бәрі ойдағыдай деп жауап берді. Кейін егін көктей бастаған кезде, оның загонында олар едәуір сирек және әлсіз боп өскен.

Не істеу керек? Көңіл бөлмей қалдыру керек пе? Басқаша жасадым. Барлық механизаторларды машинаға отырғызып, егіс басына тарттық. Іске адал ниетпен қарамаушылық қандай жағдайға әкеп соқтыратынын көрсеттім. Кінәлі адам ұялғаннан өзін қоятын жер таппады.

...Осыдан жиырма жыл бұрын Григорий Чугуев Совет Армиясы қатарынан запасқа шыққан басқа жігіттермен бірге комсомолдық жолдамамен «Шідерті» совхозына келді. Қазір бұл жер оның екінші ата-мекеніне айналды. Ол осында үйленді. Вера да алғашқы тың игеруші, ол да Украинадан келген. Совхозда құрылысшы болып істейді, халық депутаттары аудандық Советінің депутаты.

«Сонда менімен келгендердің көпшілігінің қазір немерелері де бар, — деп еске түсіреді Григорий Романович. — Еңбек демалысында балалық шағым өткен өлкеге барып, Запорожье облысы еңбеккерлерінің табыстарына қуанамын, ал біраз күн өткеннен кейін үйге, Қазақстанға жинала бастаймын.

Қайсыбір стандартты схема бойынша еңбекке деген сүйіспеншілікке баулу мүмкін емес. Әрқайсысына жекелеген қатынас қажет. Дайын рецептілер жоқ. Бірақ мен ең бастысын ұмытпау: жылы сөзден, жас адамға көңіл бөлуден аянбау қажет деп ойлаймын.

Сөзі мен ісі қабысқан, рухани жомарттығы айналасындағы адамдарға игі ықпал ететін үгітші Григорий Романович Чугуев осылай өмір сүріп, еңбек етеді.

А. УСТИНЕНКО.

Павлодар облысы.

Digitized by Google

МӘДЕНИ-АҒАРТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ РАПОРТЫ

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне бүкілхалықтық әзірлік күндерінде республика кәсіподақтарының озық мәдени-ағарту мекемелерінің коллективтері еңбекшілер арасындағы тәрбие, мәдени-бұқаралық жұмыстардың деңгейін көтеруге міндеттеме қабылдады (қараңыз: «Қазақстан үгітшісі», № 8, 1985). Олардың қызметіндегі негізгі бағыттар КПСС Орталық Комитетінің «Клуб мекемелері мен спорт ғимараттарын пайдалануды жақсарту туралы» қаулысында анықталған.

Еңбекшілер арасындағы саяси-бұқаралық жұмыстың маңызды орталығы ретінде клуб пен кітапхана мекемелерінің ролі съезд қарсаңындағы кезеңде айтарлықтай өсті. Олар елдің экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдету жөнінен партия алға қойған міндеттерді насихаттауды кеңінен өрістетті.

Балқаш кен-металлургия комбинатының мәдениет және техника сарайында «КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель және октябрь Пленумдарының шешімдерін жүзеге асырайық!», «Съезден съезге дейін!», «Комбинатымыз он бірінші бесжылдықта» атты лекторийлер аса танымал болды. Комбинаттың бөлімшелерінде «Тиімді экономика үшін», «Ғылыми-техникалық прогресс — алдыңғы қатарға» деген лекциялар циклы оқылды. Мамандар мен жаңашылдар күні, техникалық конкурс-кештер, «Шебер-35», «Токарь-85» кәсіптік ойындары дәстүрге ене бастады. Осында техникалық прогресс халық университеті ашылды.

Совет халқының даңқты дәстүрлерін насихаттау мәдени-ағарту қызметкерлерінің жұмысында жетекші орын алады. Солтүстік Қазақстан облысы «Ленинский» совхозының орталықтандырылған клуб жүйесінің қызметкерлері орталық Мәдениет үйінде, бөлімшелердің клуб-филиалдарында «Отанға, «партияға рапорт береміз» атты съезд алдындағы тақырыптық кештер өткізді. В. И. Ленин атындағы Қарағанды шахтасының Мәдениет үйі қызметкерлері стахановтық қозғалыстың 50 жылдығына арналған кештер циклын, шахтаның учаскелерінде клуб апталықтарын, жарысушы бригадалардың «Еңбегіне қарай абыройы мен даңқы!» кешін ұйымдастырды. «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің мәдениет және техника сарайында, Целиноград облысындағы Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Мәдениет үйінде жас жұмысшылар мен олардың тәлімгерлеріне, жастардың еңбек әулеттерімен кездесулеріне арналған кештер жарқын да әсерлі өтеді.

Ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту, жұмыста брак жіберумен, салғыраттықпен күрес тақырыптарына айрықша роль берілуде. Бұл бағытта В. И. Ленин атындағы Соколов-Сарыбай кенбайыту комбинаты мәдениет және техника сарайының «Сигнал» халық үгіт бригадасы жігерлі жұмыс істейді. Үгіт бригадасының жетекшісі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Л. И. Гайнутдинова былай деп әңгімелейді: «Біз тәртіп күндерін, үгіт бригадасының съезд қарсаңындағы екпінді еңбек онкүндігінің жеңімпаздары туралы «Уақыттан озғандар» шолуларын комбинаттың барлық цехында дерлік өткізіп, КПСС Орталық Комитетінің апрель және октябрь Пленумдарының шешімдерін жүзеге асыруға, партияның съезд қарсаңындағы документтерін талқылауға арналған «Жүрегімізбен қабылдадық — ісімізбен жауап береміз» атты жаңа программамен 75 қойылым бердік. Біздер депутаттармен, халықтық бақылаушылармен бірлесе қызмет етеміз, нашар жұмыс істеудің, халық қазынасына, жұмыс уақытына салғырт қараудың экономикалық және адамгершілік тұрғыдан келтіретін залалын көрсете отырып, сәулелі және радио газеттерді, кинофотодокументтерді пайдаланамыз».

«Сигнал» мен бір коллектив — партия съезін лайықты қарсы алу жолындағы съезд қарсаңындағы жарыстың инициаторы — «Алматакультбытстрой» тресі Мәдениет үйінің соғыс және еңбек ардагерлерінің халық хоры Женістің 40 жылдығына арналған көркемөнерпаздар творчествосының Бүкілодақтық байқауының лауреаттары болды.

Мәдени-ағарту қызметкерлері талапкер көркем торчествоны одан әрі дамыту үшін көп нәрсе жасауда. Бүкілодақтық байқау оның маңызды стимулы болды, оның барысында жүздеген жаңа коллективтер пайда болды.

Мәдени-ағарту қызметкерлері партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөнінен қабылдаған шараларын жүзеге асыруға белсене қа-

Digitized by Google

тысуды бірінші кезекті парызымыз деп санайды, мұның барысында бос уақыттың мазмұнды ұйымдастырылуына айрықша көңіл бөледі. Осы документтер қабылданғаннан бергі уақытта республикада озық тәжірибенің көптеген жаңа адрестері пайда болды, қазір олар мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыс практикасына берік енді.

Жамбыл облысындағы «Қаратау» өндірістік бірлестігі мәдениет және техника сарайының қызметкерлері сегіз жаңа әуесқойлық бірлестігін құрды. Осы бірлестік кеншілерінің Мәдениет сарайы жастар жатақханасында «Көңілді шайхана» атты алкогольсыз сусындар кафесін, Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігінің мәдениет сарайы жастар дискобары мен видеотекасын ашты.

Балқаш кен-металлургия комбинатының мәдениет және техника сарайында қоғамдық шеберхана ашылды, онда жұмысшылардың өздері үйіне, семьясына қажет бұйымдарды жасап алады, балалардың ойын бөлмелері жабдықталды.

Теміртауда — Қарағанды металлургия комбинатының мәдениет және техника сарайында жастардың мәдени орталығы ашылды, онда 12 секция құрылған. Кеншілердің мәдениет сарайы жанынан жастардың қоғамдық-саяси клубы, сондай-ақ жас шахтерлердің клубы жұмыс істейді.

Шығыс Қазақстан облысындағы Лениногор полиметалл комбинатының кәсіподақ кітапханасы қызметкерлері мен активистерінің қызметі атап айтуға тұрарлық. Олар өздерінің партияның ішкі және сыртқы саясатын түсіндіруге қатысуын едәуір ұлғайтты, съезд алдындағы документтерді белсенді әрі тартымды насихаттайды. Қазір кітапхана оқырмандарының арасында 9 мыңнан астам лениногорлық металлург, олардың семьяларының мүшелері бар, комбинатта 37 жылжымалы пункт ашылды, 4 бригадалық абонемент ұйымдастырылды.

Тұрғылықты жерде жұмыс жүргізуге де көбірек көңіл бөліне бастады. Мәселен, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің мәдениет және техника сарайы әр жексенбіде қала аландарында театрализацияланған мерекелер мен халықтық серуендерді ұйымдастырады.

Қостанай облысында клуб мекемелері совет семьясы күндерін, микроаудандар тұрғындары мерекелерін өткізеді. Мәуіті-шуға комбинатының мәдениет сарайы кәсіпорындарда техникалық қайта жарақтандыру мәселелеріне арналған «Техникалық идеялар жәрмеңкелерін», конкурс-кештерді ұйымдастырды.

Шымкент, Кентау қалаларындағы жастар жатақханаларында ай сайын кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына, жас өндірісшілерге арналған клуб апталықтары өткізіледі. Мұнда 2 мыңға жуық туризм әуесқойлары жастардың туристік орталығына біріктірілген.

Оларда әр сенбіде музыка сағаты өткізіледі: аландар мен көпшілік демалыс орындарында таңдаулы талапкер үрмелі аспаптар оркестрі, халықтық және электрлі музыка аспаптары ансамбльдері өнер көрсетеді. К. Е. Ворошилов атындағы Орал заводының басшылығымен кәсіподақ комитеті бұрынғы тұрғын үйде жастардың техникалық творчествосы клубын құру туралы шешім қабылдады, ол осы мақсатпен қайта құрылуда.

Көптеген клубтық мекемелерде салауаттылық жолындағы күрес ерікті қоғамы ұйымдарының қатысуымен салауаттылық клубтары құрылды.

Озық мәдени-ағарту мекемелері коллективтерінде КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне әзірлік кезеңінде жинақтаған тәжірибе республикада кеңінен таратылуда. Осы кезде өмірге келген көптеген игі шаралардың өткізілуі дәстүрге айналды.

Істелген жұмыс көп, бірақ проблемалардың бәрі бірдей әлі шешілген жоқ. Клубтардың, мәдениет сарайлары мен үйлерінің қызметінде елеулі кемшіліктер мен қателіктер аз емес. Көптеген қызметкерлердің біліктілігінің төмендігі, бірсарындылығы, ал кейде үгіт-насихат, мәдени-бұқаралық жұмыстың тартымды тың формаларын іздестіріп, табуға деген ниеттің жоқтығы байқалды.Клубтардың, әсіресе селолық клубтардың қызметіндегі олқылықтар олардың нашар күтілулеріне, жабдықталуы мен жарақтандырылуына, материалдық базаларының жұтаңдығына байланысты. Кәсіподақ ұйымдарының бұл кемшіліктерден арылуы қажет.

Алда КПСС XXVII съезінің, Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдерін тиянақты насихаттап, түсіндіруге байланысты интенсивті жұмыс, творчестволық ізденістер кезеңі тұр. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 70 жылдығына арналған халық творчествосының Бүкілодақтық II фестивалі таяуда басталады. Жұмысшы сапында бастаушы, партияның ауқымды ұланғайыр жоспарларын шешуде партия ұйымдарының белсенді көмекшісі болу — республика мәдени-ағарту қызметкерлерінің басты міндеті.

Л. МАРТЫНОВ,
Қазақ республикалық кәсіподақ советі мәдени-бұқаралық жұмыс бөлімінің меңгерушісі.

Digitized by Google

ДЕНСАУЛЫҚ САҚШЫЛЫҒЫНДА

КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумында денсаулық сақтаудың адамның өмірлік қызметінің барлық жақтарына жасар ықпалын күшейту, гигиена мен медициналық көмек саласында білімді насихаттау қажеттігі атап көрсетілді. «Адам, — деп атап айтылды Пленумда, — өз организмін жас күнінен-ақ біліп, оны дұрыс күте алатын болуы керек». Осы талап Қазақ ССР Қызыл Крест Қоғамы қызметінің негізіне алынған, ал ол өз қатарына үлкен де маңызды істерді атқарушы 7 миллионға жуық адамды біріктіреді.

Біздің активистеріміз халықтың денсаулығын қорғау, санитарлық мәдениетті арттыру, еңбекшілердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі шараларға тұрақты қатысады.

Тұрғындарды алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдеріне үйрету Қызыл Крест Қоғамының елеулі үлесі болып табылады. Қалалар мен селолық елді мекендердің көпшілігінде әрбір дәрігерге кемінде біздің он активисіміз көмектеседі.

Қазір бізде 60 мыңнан астам қоғамдық санитарлық инспектор бар, олар көптеген мың объектілердің жайын қадағалайды. Олар Қарағанды, Шымкент, Целиноград, Орал, Көкшетау облыстарында ойдағыдай жұмыс жасайды.

Халық депутаттары селолық және поселкелік Советтері атқару комитеттері жанынан жүздеген қоғамдық санитарлық инспекция жұмыс істейді, олар елді мекендер мен өндірістік объектілердің санитарлық жайын бақылайды.

Денсаулық сақтау органдарына көмектесу үшін өткір ішек-қарын ауруларын, туберкулезді, тұмауды т. б. профилактикалау үшін арнаулы активте даярланады.

Біздің бастауыш ұйымдарымыз маскүнемдік пен алкоголизм секілді сиықсыз құбылысты жоюға белсене қатысуда. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулылары шыққаннан кейін олармен күрес жүргізу күшейді. Активистеріміз медицина мекемелерімен бірлесе отырып, қоғамдық наркология постыларын құруда, олардың қызметі маскүнемдіктен сақтандыруға және оны жоюға, салауатты тұрмыс салтын насихаттауға бағытталған. Алкогольге қарсы тақырып бойынша кітапшалар, плакаттар және көрнекі үгіттің басқа құралдары шығарылады.

Алғашқы медициналық жәрдемді тікелей жұмыс орнына жақындатуға ұмтыла отырып, Қызыл Крест Қоғамы денсаулық сақтау органдарының цехтарда, құрылыс алаңдарында, совхоздар мен колхоздардың бөлімшелерінде санитарлық жасақтар мен постылар ұйымдастыруына көмектесуде, ал бұлар кәсіпорын есебінен медициналық заттармен және жабдықтармен қамтамасыз етілуде.

Санитарлық жасақтар мен постылардың республикалық жарысы жыл сайын өткізіледі. Ал Алматының «ХХ лет Октября» станок жасау заводының санитарлық жасағы 1983 жылы Венгрияда өткен социалистік елдер санитарлық жасақтарының жарысына қатысып, дәрежелікті жоғары дәрежесін көрсетті. Мұндай табыс кездейсоқ емес. Заводта санитарлық жасақты үйретуге көп көңіл бөлінеді. Ол 1970 жылдан бері жыл сайын қалалық және облыстық жарыстарда жүлделі орын алады. Санитарлық жасақтар профилактикалық және сауықтыру шараларын, «Донор күнін» өткізуде медицина қызметкерлеріне үлкен көмек көрсетеді. Завод жұмысшыларымен және қызметшілерімен азаматтық қорғаныс программасының медициналық тақырыптары бойынша практикалық сабақтар ұйымдастырады. Санитарлық жасақтардың бәрі дерлік қанын тегін беруші донорлар болып табылады, Г. Марченкова, Г. Гончарова, К. Бордачева, О. Филимонова үш дәрежелі «СССР доноры» белгісінің бәрімен наградталды. Санитарлық жасақтардың әр звеносы заводтың он соғыс және еңбек ардагерлеріне қамқорлық жасап, оларға тұрмыста көмек көрсетеді.

Республиканың автомобиль жолдарында алты жүзден астам санитарлық пост құрылған. Мұнда қажетіне қарай жол-транспорт оқиғалары барысында жарақаттанған адамдарға жедел жәрдем көрсете алады.

Азаматтарды тегін қан беруші донорлар қатарына тарту, қан құюдың маңызын насихаттау қоғамының маңызды да құрметті міндеті болып табылады. Сырқаттарды емдеу үшін қанды тегін беруші донорлар саны жыл сайын көбейіп келеді. Қазір қанның 80 процентен астамы тегін беріледі. Мұның өзі емдеу мекемелерінің оларға деген қажетін толық қамтамасыз етуге көмектесті.

Теміртау қаласындағы донор советінің жұмысы осы патриоттық қозғалысты жақсы ұйымдастырудың үлгісі қызметін атқарады. Мұнда оның көмегімен донор күні жүйелі өткізіледі, Қызыл Крест Қоғамының учаскелік комитеттері мен бастауыш ұйымдары арасында социалистік жарыс ұйымдастырылған.

Шығыс Қазақстан, Қостанай, Орал, Көкшетау, Целиноград облыстарында

Digitized by Google

және Алматы қаласында қақды тегін беру жақсы дамытылған.

Қызыл Крест Қоғамының бастауыш ұйымдары медицина қызметкерлерімен бірлесіп, сырқаттарды үйде күту программасы бойынша халықты даярлауды ұйымдастырады. Жыл сайын одан 180 мыңнан астам адам даярлықтан өтеді. Қоғам мүшелері соғыс және еңбек мүгедектеріне, жалғызілікті сырқаттар мен егде адамдарға көмек көрсетуге белсене қатысады. Бұл жұмысты патронтажды медицина сестралары мен үйірмелерде даярланған активист-еріктілер атқарады.

Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстарының комитеттері соғыс ардагерлеріне аса белсенді көмек көрсетеді. Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына әзірлікке орай бұл жұмыс айтарлықтай жақсартылды.

Қоғамның ұйымдары оқушыларға патриоттық тәрбие беру мен оларды дәрігерлік-санитарлық тұрғыдан даярлауға қатысады. Оқу орындарында Қоғамның екі миллионнан астам мүшесі бар. Мектептер мен орта кәсіптік-техникалық училищелерде алғашқы медициналық жәрдем беру жөнінен медициналық-санитарлық үйірмелер, «Жас медик» клубтары жұмыс істейді. Медицина қызметкерлерінің басшылығымен санитарлық постылар мүшелері оқушылардың жеке және қоғамдық гигиена ережесін орындауын қадағалайды. Балалар жастардың Бүкілодақтық «Зарница» және «Орленок» ойындарының жарыстарына қатысады, емдік шөптер жинайды. Мәселен, Көкшетау қаласының № 16 мектебінде санитарлық постылар соғыс және еңбек ардагерлеріне, жалғызілікті қарт адамдарға, сырқаттарға көмек көрсету жөніндегі тимурлық отрядтар құрамына енеді. Оқушылар жалпы мектептік линейкада салтанатты жағдайда қоғамға мүшелікке қабылданады.

Қоғам ұйымдары медициналық және санитарлық-гигиеналық білімді насихаттауға белсене қатысады. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде ғана жалпы тиражы 7 миллион данадан асатын 1200-ден астам санитарлық-ағарту әдебиеті басылды. Республикамыздың селолық аудандарында насихат жұмысын жүргізу үшін 20 үгіт машинасын пайдаланады.

Қоғамның халықаралық қызметі жайлы айрықша айтқан жөн. Совет Қызыл Крест Қоғамының инициативасы бойынша соңғы онжылдықта ірі халықаралық форумдарда қабылданған қарарларда жанталаса қарулану айыпталады, барлық елдер үкіметтерін жаппай қырып-жоятын қаруға тиым салу туралы жедел келісім жасауға ықпал етуге шақырады.

Қарулы агрессия құрбандарына, сондай-ақ стихиялық апаттан зардап шеккен елдердің халықтарына тегін көмек көрсету Совет Қызыл Крест Қоғамының халықаралық қызметінде маңызды орын алады. Соңғы он жыл ішінде дүние жүзінің зардап шеккен 70-тен астам елінің халқына елеулі материалдық көмек берілді.

Совет және шетел азаматтарының дүние жүзілік екінші соғыс кезінде, сондай-ақ стихиялық аппаттардың және басқа себептердің салдарынан байланыстарын үзіп алған туысқандарын іздестіруіне көмек көрсету жөніндегі жұмыс Совет Қызыл Крест Қоғамының парасатты міндеттерінің бірі болып табылады. Иваново қаласында Совет Қызыл Крест Қоғамы атқару комитетінің Е. Д. Стасова атындағы интернационалды мектеп-интернаты көптеген ондаған жыл бойы жұмыс істейді. Онда дүние жүзінің 22 елінен балалар оқып, тәрбиеленуде.

1967 жылы СССР Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамының Одағы денсаулық сақтауға көмек көрсетудегі үлкен қызметі, бейбітшілік жолындағы күреске белсене қатысқаны үшін Ленин орденімен наградталды.

Республикамыздың Қызыл Крест Қоғамының алуан қырлы қызметі алдағы уақытта да адамдардың денсаулығын жақсартуға, сөйтіп олардың еңбек белсенділігін дамытуға бағыттала береді. Алайда, біз бұл үшін мүмкіндіктердің бәрін бірдей пайдалана бермейміз. Қоғам комитеттері барлық жерде бірдей денсаулық сақтау органдарымен тығыз бірлікті қимыл жасамайды. Кейбір қалалар мен аудандарда медициналық және гигиеналық білімді насихаттау тым баяу қайта құрылуда. КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдері, партия мен үкіметтің совет адамдарының денсаулығын қорғау мәселелері жөніндегі документтері осыны талап етеді.

Медицина мекемелеріне көмек ретінде санитарлық активті даярлауды жақсарту, оларды жұмыстың түрлі бағыттары бойынша мықтап мамандандыру өте-мөте маңызды. Тегін қан беруді дамытуға жер-жерде көп көңіл бөлінуге тиіс.

Қоғамның республикалық комитеті КПСС-тің алдағы XXVII съезін лайықты қарсы алу жөнінен талдап жасаған шаралары осы және басқа маңызды міндеттерді шешуге бағытталған. Осы шаралар ең алдымен қоғамның бастауыш ұйымдары активистерінің әрқайсысы ортақ іске нақты үлесін үнемі қосуы үшін олардың белсенділігін одан әрі арттыруға бағытталған.

А. БАЙТЕМІРОВА,
Қазақ ССР Қызыл Крест Қоғамы Орталық Комитетінің председателі.

Digitized by Google



САЯСИ ХАБАРШЫНЫҢ ЖЕКЕ АРХИВІ

Саяси хабаршының әдетте саяси және кәсіптік даярлығы, өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік жағдайы дәрежесі жөнінен әркелкі аудитория алдында сөз сөйлеуіне тура келеді. Дегенмен ол қандай мәселе бойынша мамандандырылмасын, әңгімесі ынғайлы, баршаға қызықты, әрине, ықпалды болуға тиіс. Міне, сондықтан аудиторияны ескеру арқылы әңгіме мазмұнына әр ретте қосымшалар мен түзетулер енгізе отырып, **адамдармен әрбір кездесуге мұқият әзірлену** өте-мөте маңызды.

Тақырыпты таңдап, тұжырымдағаннан кейін қамтылатын проблемалар ауқымын, нақты сұрақтар мен оған берілетін жауаптарды анықтау, басты тезисті бөлу арқылы оны әзірлеуді бастаған жөн. Белгілі бір аудиторияға неліктен баратыныңды, неге қол жеткізгің келетінін анық елестету қажет. Сондықтан дәлелдемелерді, фактілерді, суреттерді іскер іріктеп, дұрыс құра білу, көрнекі үгіттің қандай құралдарын пайдалану қажеттігін ойластыру керек. Тыңдаушылар назарын күшейту жолдарын белгілеу маңызды. Дұрыс құрылған әңгіме бұған көбірек ықпал етеді.

Әңгімені дұрыс құру — жоспарда белгіленген мәселелер баяндалатын өзіндік маршрут. В. И. Ленин «...толғақты мәселелерді орағытып кетпей, бүркемелемей, қайта тікелей...» қойып отыруды талап етті. Сөз сөйлегенде бірлескен күш-жігермен кемшіліктерді жоюға жұмылдыру мақсатымен тыңдаушылардың назарын қалай аудару керектігін қарастырған орынды.

Сөз сөйлеуге әзірлік оның тезисін немесе текстісін жасаумен аяқталады. Қызықты фактілерді, қанатты сөздерді, статистикалық материалдарды бір тақырыпқа емес, тұтасынан өзіңнің бағытың бойынша алдын ала жинауға болады, олар көптеген келесі әңгімелерде ашылады. Бұл үшін саяси хабаршының өзіндік **«информациялар банкін»,** яғни жеке архивін жасағаны пайдалы. Бұл жүйеге келтірілген өзінің және біртектес кәсіпорындардың өмірінен алынған маңызды да қызықты фактілер жазбалары, жазулар, газет-журнал қиындылары.

Статистикалық материалдарды **карточкаларға жазып алған жақсы.** Әр карточканың үш элементі: жазылып алынған сөздердің мазмұнын бейнелейтін атауы, оның қайдан алынғаны көрсетіледі. Жазудың өзі ықшам түрде жазылады, өйткені карточканың тиісті атауына сәйкес жаңа материалдарды қоса отырып, оны бірнеше мәрте пайдалануға болады. Кейде бірнеше жылғы материалды бір карточкаға жинауға болады, мұның өзі құбылыс динамикасын көруге, сөз сөйлеу барысында проблемалық ситуация туғызуға немесе тыңдаушылар назарын қаралып отырған проблеманың даму заңдылығына аударуға көмектеседі.

Егер автор материалды дұрыс жүйелеп, сақтауды үйренсе, жинақталған түрлі жазбалар, газет-журнал қиындылары уақытты үнемдейді. Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларынан цитаталарды, Коммунистік партия мен Совет үкіметі басшыларының сөйлеген сөздерінен үзінділерді, көркем әдебиет шығармаларынан жарқын мысалдарды карточкаларға жазып қойған тиімді. Жазбалардың бәрі әңгіменің анықтаушы бағытына «жұмыс істеуге» тиіс. Материалдарды жүйеге келтіру ең алдымен саяси хабаршы мамандандырылатын бағытқа тәуелді. Мәселен, экономикалық проблемалар әңгіме арқауы болып табылса, онда ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, шикізатты, материалдық және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, бұйымдарға материалдың және қордың көп жұмсалуын кеміту, еңбек өнімділігін өсіру, өнім сапасын арттыру, яғни қазіргі уақытта партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету жөніндегі стратегиялық бағытын жүзеге асыруда анықтаушы болып табылатын мәселелер бойынша материалдар жинаған жөн.

Карточкалар бойынша нақты материалдарды жинай отырып, белгіленген мәселелерге сәйкес оларды бірден папкаларға салу керек. Мұның өзі әңгіме тақырыбы бойынша қажетті материалдарды іріктеуді жеңілдетеді.

«Информациялар банкісі» бар саяси хабаршы мазмұнды да тартымды сөз сөйлеуге **уақыт пен еңбектің аз шығыны арқылы** әзірленуге мүмкіндік алады. Егер материал жинауды жүйелі, күнделікті жүргізіп, газеттер мен журналдарды оқу үстінде бірден карточкаларға ықшам жазып, оларды тиісті папкаларға салып қойса, оны жинаудың өзі көп уақытты талап етпейді.

Демек КПСС XXVII съезіне әзірлік ке-

Digitized by Google

зінде идеология жұмысының активистері съезд қарсаңындағы документтерді оқып үйреніп, еңбек коллективтерінде түсіндірді. Оларды оқу съезд аяқталғаннан кейін де жалғасады. Съезд жұмысын және жарияланған материалдарды жіті қадағалай отырып, саяси хабаршының жинақталған материалдарды толықтырып, партия шешімдерін еңбекшілерге тиянақты түсіндіру кезінде қайсыбір өзгерістерді енгізуі қажет. Оның әңгімесі тыңдаушыларға білім беріп, оларда партия жоспарларын жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыруға тиіс.

Жинақталған информация түрлі аудиторияда сөз сөйлеуді мейлінше мақсатты етуге көмектеседі. Егер, мәселен, дайындау цехының жұмысшылары үшін ресурстың барлық түрлерін ұтымды әрі үнемді жұмсау жолымен үнем режимін күшейту мәселесі зор ықылас тудырса, ал технологтар, өндірісті ұйымдастырушылар үшін қалдықсыз технологияға ауысуды, өндіріс қалдықтарын барынша пайдалануды қамтамасыз ету мейлінше маңызды болып табылады. Үнем режимі бойынша материал болғандықтан саяси хабаршы өз әңгімесінде қайсыбір бағытқа іскер, білгір түрде сүйене алады.

Нақты материалдарды жете меңгергендіктен өз әңгімеңнің құрылысын талдап жасауға көбірек көңіл бөлуге, тыңдаушылардың ойлау қызметін күшейтудің методикалық тәсілдерін ойластыруға, сөз сөйлеу формасын жетілдіру үстінде жұмыс істеуге мүмкіндік аласың.

Л. СЕЛЕМЕНЕВА,
Алматы медицина институтының доценті, экономика ғылымының кандидаты.

ТЕЗ ОҚЫҢЫЗДАР

Тез оқуға деген құмартушылық әбден түсінікті. Уақыт солай! Арнаулы әдебиеттерді оқуға тым көп уақыт кетеді, өйткені ғылыми-техникалық прогреске байланысты информация тасқыны ұдайы өсуде.

Тез оқуды үйренуге болады. Істің мәнісі мынада: көптеген адамдар ішінен оқығанда сөздерді ойша қайталап отырады. Кейбіреулер осылай оқығанда ернін, тілін қимылдатады. Процесс былайша өтеді: алдымен сөз көзбен көру арқылы қабылданады, содан соң ол ойша айтылады да оқылып отырған сөз тек содан кейін ғана түсінікті болады.

Сөзді ойша қайталаған кезде, көздің басқаларға емес, тек сол сөзге ғана түсетіні есіңізде болсын. Содан соң адамның назары келесі сөзге түсіп, сонда тоқтап, тағы ойша қайталайды. Міне, сондықтан ондай оқу жылдамдығы минутына 100—200 сөзден әрі аспайды. Әрине, біз бұл арада оқу схемасын оңайлатып отырмыз.

Жаттығу жолымен оқудың орташа жылдамдығын кемінде үш есе арттыруға болады.

Тез оқу барысында тұтас абзацтар көзге түседі де оның мазмұны сөздерді ойша қайталамай-ақ қабылданады. Мұндайда минутына бірнеше жүзден бірнеше мың сөзге дейін жылдам оқуға болады, оның үстіне оқылған текстің мазмұны жақсырақ қабылданып, есте сақталады.

Бір бетті бірнеше секунд ішінде жылдам оқу тез ойлау қабілеті күшті дамыған жағдайда ғана мүмкін екені әбден түсінікті.

Тез оқу ерекше көзбен қабылдау қабілетіне негізделген. Әртүрлі пейзаждардың, үлкен картиналардың, схемалардың, математикалық формулалардың мазмұнын, бір қарағаннан-ақ толық қабылдауға және есте сақтауға болатын құбылыстар баршаға таныс. Белгілі бір уақыт өлшемінде баспасөз информациясын көбірек алу үшін бір қарағанда тиісінше көп сөзді көре білу қажет екені әбден түсінікті.

Информацияларды көп қабылдауға сәйкес есте сақтау қабілетін де, ойлау қабілетін де жұмылдыра білген жөн. Мұндай мүмкіндіктер әр адамда да бар.

Сөйтіп, тез оқуды үйрену үшін мынадай үш негізгі дағдыны тиісті дәрежеде дамытқан жөн:

1. Оқып отырған текстің шолу секторын барынша ұлғайту. Бір қарағанда бірнеше жолды, тұтас абзацтарды шолып шығу керек.

2. Барлық сөздердің мәнін оларды ойша қайталамай-ақ қабылдауға өзіңізді үйретуіңіз керек.

3. Текстті толық және мұқият қабылдау үшін есте сақтау және ойлау қабілеттерін жетілдіре түсу керек.

Газеттерді, журналдарды, барлық кітаптар мен басқа да баспасөз материалдарын күнделікті оқыған кезде осылайша дағдылану керек.

М. ПАНОВ,
оқытушы.

Digitized by Google

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Біздің республикамызда салауаттылық жолындағы күрестің Қазақ ерікті қоғамы құрылды. Журнал оқырмандары оның қандай жұмыс жүргізетінін білгілері келеді. Олардың өтініші бойынша редакция сұрақтарына салауаттылық жолындағы күрестің Қазақ ерікті қоғамы республикалық советі председателінің бірінші орынбасары Н. К. ОРЛОВСКИЙ жауап береді.

— Салауаттылық жолындағы күрес ерікті қоғамы қызметінің негізіне не алынған?

— Жат идеология мен мораль көріністеріне, адамдардың санасындағы және мінез-құлқындағы ескілік сарқыншақтарына, сондай-ақ қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы практикалық жұмыстың кемшіліктеріне байланысты барлық теріс құбылыстарға қарсы күрес совет адамдарына коммунистік тәрбие беру жөніндегі жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мұның барысында әлеуметтік зор кесел — маскүнемдікті дәйекті әрі табанды түрде тыюға бірінші кезекті маңыз беріледі.

Партия адамгершілік тәрбиенің пәрменділігін арттыру туралы тұрақты қамқорлық жасауда, өйткені коммунистік адамгершілік, В. И. Ленинның атап көрсеткеніндей, адамзат қоғамының жоғары өрлеуіне қызмет етеді. КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында былай деп атап көрсетіледі: «Партия еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету үшін марксистік-лениндік идеологияның өзгертушілік күшін толық дәрежеде пайдалануда не қажеттің бәрін істеп, совет адамдарына идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбие беру, **өз бойында рухани байлықты, моральдық тазалықты және мінсіз дене тәрбиесін ұштастырып, үйлесімді дамыған, қоғамдық өмірде белсенді жеке адамды қалыптастыру** жөнінде нысаналы жұмыс жүргізетін болады».

Партия мен үкіметтің маскүнемдік пен алкоголизмді тыю туралы қаулыларымен, қоғам Уставымен біздің бастауыш ұйымдарымыздың да нақты міндеттері анықталды.

— Бұл міндеттер неге саяды? Қоғамның бастауыш ұйымдарына қандай праволар берілген?

— Міндет ең алдымен мынада: салауаттылық жолындағы мақсатты күреске адамдардың қалың бұқарасын — жұмысшыларды, колхозшыларды, қызметшілерді, интеллигенцияны, әйелдерді, жастарды, пенсионерлерді —спирттік ішімдіктерді ішуді және ол тудыратын әлеуметтік жат құбылыстарды толық жоюды жақтаушылардың бәрін біріктіру.

Қоғамның бастауыш ұйымдары барлық еңбек коллективтерінде, мектептер мен оқу орындарында, мәдениет және демалыс орталықтарында, тұрғылықты жерлерде, семьяларда алкогольге қарсы белсенді профилактикалық жұмысты, сондай-ақ спирттік ішімдіктерді ішуге бейім адамдармен жеке жұмысты жүргізуге тиіс. Олар алкогольге қарсы қоғамдық пікірді қалыптастырып, алкогольге қарсы пәрменді насихатты жүзеге асыруға, бұқараны бұған үгіттеуге міндетті. Ал бұл үшін барлық ведомстволардың мәдени-ағарту мекемелерінің, «Білім» қоғамы ұйымдарының, санитарлық ағартудың, халық университеттерінің, коммунистік еңбек мектептерінің, баспасөздің, телевизия мен радионың насихаттық-информациялық мүмкіншіліктерін, көрнекі үгіт құралдарын белсенді пайдалану, салауаттылық жолындағы күреске арналған көрмелер ұйымдастыру керек. Маскүнемдікті тыю жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы еңбекшілерді тұрақты хабарландыру керек. Активистердің праволарды жақсы пайдаланып, міндеттерді орындау — маскүнемдік пен алкоголизмді тыю, самогон қайнату мен онымен алыпсатарлық жасауды жою, спирттік ішімдіктер саудасы ережесін бұзуға жол бермеу, маскүнемдіктің таралуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтап, жою жөніндегі қоғамдық бақылауды күшейтуге ықпал жасау.

Ең бастысы — еңбекшілердің, жастардың бос уақытын мазмұнды, пайдалы өткізуін ұйымдастыру жөніндегі қызмет өрісі кеңеюде. Ал осыған орай активистердің еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдардың инициативасын қолдап, клубтарды, мәдениет үйлері мен сарайларын, стадиондарды, спорт залдарын, туристік объектілерді тиімді пайдалану, олардың жүйесін дамытып, материалдық базасын нығайту, спорт-сауықтыру және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу үшін тұрғын үйлер аудандарында орындар мен алаңдар бөліп, жабдықтау жөніндегі ұсыныстар енгізулері қажет.

Қоғамның күші үдеп, оның қатары өсіп келеді.

Digitized by Google

— Бүгінде қоғамның қандай күштері бар?

— Біздің ерікті қоғамымызға коммунистер, комсомолецтер, озат жұмысшылар мен колхозшылар, ғалымдар, мәдениет және ағарту қызметкерлері, мединтер мен интеллигенцияның басқа өкілдері алғашқылардың бірі болып енді. Олар еңбек коллективтерінде бастауыш ұйымдар құрудың инициаторлары болуда, бүтінде 9 мыңға жуық бастауыш ұйым бар. Демек Маңғышлақ облысындағы «Узеннефть» мұнай-газ өндіру басқармасында аға оператор, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты С. Әбенов, Талдықорған облысы Гвардия ауданының Калинин атындағы совхозында сауыншы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты М. Ә. Жексенбаева және басқа көптеген адамдар осындай инициатива жасады.

Бастауыш ұйымдарды құру жалғастырылуда.

— Бастауыш ұйымдардың нысаналы, мазмұнды жұмысының үлгілерін атасаңыз екен.

— Бастауыш ұйымдар құрылған алғаш күннен-ақ өздерінің еңбек коллективтерінде маскүнемдікпен бүкілхалықтық күрестің салауатты қоғамдық пікірін тудыруға ұмтылып, өз мүшелерінің әрқайсын жоғары саяси еңбек белсенділігіне, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін лайықты қарсы алу ісіне қосар жеке үлестерін молайтуға қол жеткізуде. Олар адал ниетті еңбеккерлердің бәрінде кеңінен қолдау табуда.

Еңбекшілердің инициативасы бойынша көптеген коллективтердің 1986 жылға арналған социалистік міндеттемесіне салауатты өмір салты жолындағы күресті қарастыратын пункттер енгізілді. Мәселен, «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі коллективінің міндеттемесінде: «Өндірістік мәдениет жоғары, үлгілі қоғамдық тәртіп пен салауатты өмір салты орныққан коллектив атағы жолында белсенді күресеміз», № 2 «Кустанайэлеватормельстрой» трестінде — «Еңбек және өндірістік тәртіпті үнемі нығайтамыз, жарақатсыз және авариясыз жұмыс істейміз», «Салауаттылық — өмір нормасы» девизімен өмір сүріп, еңбек етеміз», деп жазылған. «Еңбек тәртібіне — коллективті кепілдік» ұранымен қозғалыс 5 мың бригадада, оменада, учаскеде қолдау тапты. Маңғышлақ облысында «Кәсіподақ тобында — еңбек тәртібі мен қоғамдық реттілікті бұзушы бірде-бір адам болмауға тиіс» қозғалысына кәсіподақ топтарының 90 процентке жуығы қатысады. Олардың 72 процентінде мұндай тәртіп бұзушылық жоқ.

Тың темір жолы басшылары бағалы бастама көтерді. Олар облыстық «Целиноградская правда» газеті арқылы жол магистралының барлық еңбекшілеріне мынадай сөздер арнады: «Біздер, жолдың басшы қызметкерлері, мықты да салауатты өмір салты үлгісін көрсетуге, коллективтерде маскүнемдікпе, еңбек тәртібі мен реттіліктің қайсыбір бұзылуына ымырасыздық ахуалын жасауға ұйғардық. Алкоголдік ішімдіктерді ешқандай себеппен, ешбір жағдайда ішпеуге уәде етеміз. Жеке өнеге күші, иландыру, түсіндіру арқылы, ал керек болғанда бізге берілген праволар арқылы маскүнемдікпен және басқа келеңсіз құбылыстармен күрес жүргіземіз».

Алматы облысының, ішінара алғанда, селолық жиында спирттік ішімдіктерді ішуден бас тартуға ұйғарған Кеген ауданының көптеген селолары тұрғындарының, сондай-ақ маскүнемдікке толық тиым салу жөніндегі жұмысты белсенді жүргізуге міндеттенген «Ақсай» совхозы еңбек коллективінің бастамалары барынша қолдауға тұрады.

Зырян қаласында тұтас микроаудан, негізінен кеншілер микроауданы «Салауаттылық — микроауданымыздың өмір нормасы» ұранымен өмір сүреді. Орал облысы Жымпиты ауданының «Правда» газеті атындағы совхозының еңбеккерлері спирттік ішімдіктерді ішуге тиым салатын еңбек абыройы кодексі бойынша жұмыс жүргізуде.

Қостанай облысы Ленин ауданының «Новопокровка» совхозынан С. И. Балахов звеносының механизаторлары мықты, салауатты өмір салтын қолданады. Осы шаруашылықта диқандар әулеттерінің көптеген еңбеккерлері жұмыс жасайды, олар өздерінің қажырлы еңбегімен және салауатты өмір салтымен жерлестері алдында жалпы сый-құрметке ие болды. Олардың арасында Есімбек Өтегенов, Константин Каманенко, Эмиль Коллер, Яровиковтердің, Мурзалиндердің, Макаренколардың және басқалардың семьялық әулеттері бар.

— Қандай шаралар тұрғындарда кеңінен қолдау тауып, салауатты өмір салтын орнықтыруға жақсы көмектесуде?

— Ең алдымен еңбекшілердің бос уақытын шебер ұйымдастыру көмектесуде. Бізде селолық мәдени-спорт комплекстерінің творчестволық жұмысының мысалдары аз емес. Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданындағы «Ленинский» совхозының, Шымкент облысының Сайрам ауданындағы Белые воды селосының, Қарағанды облысының Тельман ауданындағы шошқа совхозы-заводы жұмысшы поселкесінің және еңбекшілердің демалысын ұйымдастыру барысында олардың қажеті мен сұранысын барынша толық қанағаттандыруға ұмтылатын басқа да көптеген елді мекендердің мәдени-спорт комплекстері тұрғындар арасындағы өз жұмысын салауатты құрады.

Адамдарға, мәселен, Талдықорған облысының Панфилов ауданында алкогольсіз ғұрыптар көбірек ұнады, онда Орта, Көктал, Хоргосс және Бірлік селолық Советтерінде үйлену тойларын алкогольсіз өткізуді алғашқылардың бірі болып бастады. Павлодар облысының.

Digitized by Google

Баянауыл ауданында әрбір екінші үйлену тойы алкогольсіз өткізіледі.

Жезқазған облысында тұрғындар медицина қызметкерлерімен, түрлі профильдегі мамандармен кездесуге ықыласпен келеді, онда «Денсаулық үйден басталады», «Олар бізге қарайды», «Ырғақ, музыка, спорт» т. б. қысқаметражды фильмдер көрсетіледі. Шалғай аудандардың тұрғындары «Денсаулық поезы» туралы жақсы лебіз береді, оның құрамында дәрігерлермен бірге лектор, үгіт бригадасы, киномеханик келеді.

Целиноград облысының кинотеатрлары мен кино қондырғыларында ұйымдастырылған «Алкоголь — әлеуметтік кесел» кинохроникасының тақырыптық сеанстары да өзін ақтауда.

— Активистер алғашқы күннен қандай проблемаларды ұшыратты.

— Қоғамымыздың қызметі енді ғана басталды. Активистеріміз ұшыратқан алғашқы нәрселер — бұл көптеген коллективтерде алкогольді ішуге байланысты жалпыға бірдей ымырасыздық ахуалының әлі жасалмауы, салауатты көңіл-күйдің орнықпауы. Қоғамның бастауыш ұйымдарын құру жөніндегі жұмыс Ақтөбе, Орал, Шымкент, Семей, Гурьев және басқа облыстарда баяу жүргізілуде. Осы бүкілхалықтық іс көңіліне жақпаған адамдар әлі де аз емес. Мұндай адамдар күрестің алдағы уақытта бәсеңдейтініне үміт артып, әлденені күтумен жүр. Дегенмен олардың үміті орынсыз. Бүкіл халық салауатты өмір салты жолындағы қозғалысты қызу қолдауда. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінде стахановшылар қозғалысының ардагерлерімен, өндіріс озаттарымен және жаңашылдарымен кездесуде сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Белгіленген шараларды мүлтіксіз жүзеге асыратын боламыз. Ішкілік қолданбауды қоғамымызда өмір нормасы ретінде енгізу жөнінде алдымызда ұзақ уақыт, табанды жұмыс тұрғанын біз жақсы түсінеміз. Біздің төзіміміз жетеді. Мұның үстіне осындай бағытты жүргізуде КПСС Орталық Комитеті бүкіл халықтың қолдауына, қоғамдық пікірдің кемелдігі мен күшіне сүйенеді».

Осыған орай қазір біздің жұмысымызда қоғамға мүшелер қабылдау мәселесі өзекті орын алып отыр. Ол Уставқа қатаң сәйкес жүргізілуге тиіс. Салауаттылық үлгісін, қоғамда және тұрмыста үлгілі мінез-құлықты көрсететін, біздің ісіміздің маңыздылығын тиянақты сезінетін және оған белсене қатысуға тілек білдірген адамдарды қабылдаған жөн. Еңбек коллективінде қоғамға жұмыс істеушілердің басым көпшілігінің енуі маңызды. Сонда ғана салауаттылық көңілкүй басым болады.

Әңгімені жүргізген
В. СУХОВА.

Маскүнемдікке — берік тосқауыл

Кафедегі кеш

Никольскідегі «Бақыт» кафесінде алкогольсіз кештерді өткізу дәстүрге енді. Кафеге келуші Солтүстік рудниктің комсомолецтері мен жастары бос уақытты спиртті ішімдіктерсіз де көңілді өткізуге болатынына әбден иланууда. Алкоголь, керісінше, көңілді отырыстың шырқын бұзады.

Жаңа жыл қарсаңындағы күндерде кафеде бірнеше кеш өтті, рудник комсомолецтері оның ұйымдастырушылары болды. Оларға жүздеген жігіттер мен қыздар қатысты. Пікір бірауызды — кештер көңілден шықты.

Жаңа жылдық карнавал... Қызықты, тебіреністі кеш... Рудниктің жас жұмысшылары О. Сударев пен В. Войшко оның «айыпкерлері» болды. Бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындаған оларға қаншама жақсы лебіздер айтылды Осында әртүрлі конкурстар, викториналар, аттракциондар, билер де өткізілді.

Рудник комсомол комитеті ұйымдастырған «Северяне» вокальды-аспапты ансамблі өздерінің алғашқы концертін қойды. Совет композиторының әндері шырқалды.

Кештердің бәрінде де дәстүрлі «Жаңа жылдық почта» жұмыс істегенін айта кетуіміз керек.

З. СНОПОВА,
Солтүстік рудниді саяси оқу кабинетінің меңгерушісі.
Никольск қаласы,
Жезқазған облысы.

Ауызша журнал

Талды ауданындағы «Киргизия» совхозының мәдениет үйінде «Біздің еңбек етіп, өмір сүруіміз не кедерті жасауда?» ауызша журналы ұйымдастырылды. Ол мазмұнды, жақсы көркемделген үш бетті қамтыды.

Оның алғашқы «Советтік заң және маскүнемдікпен күрес» беті бойынша аудандық ішкі істер бөлімінің аға тергеушісі К. Л. Досмақов сөз сөйледі, екіншісінде — «Алкоголь және денсаулық» бетінде совхоз амбулаториясының меңгерушісі К. Қ. Әбжәлелова баяндама жасады. № 5 орта мектептің кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырушысы А. В. Тимошенко «Семья және мектеп» тақырыбына қызықты лекция оқыды. «Шарап және жүрек», «Адамның бейнесі» және тағы басқа деректі фильмдер кеште көтерілген мәселелерге арналды.

С. ЖҰНІСОВ,
«Восход» газетінің редакторы,
Қарағанды облысы.

Digitized by Google

ЖҰМЫС УАҚЫТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Еңбекке адал, саналы көзқарас — социалистік өмір салтының алғашқы негізі. Болашақ коммунистік қоғамның маңызды қасиеті де осында. «Коммунизм, — делінген КПСС Программасы жаңа редакциясының жобасында, — еркін де саналы еңбеккерлердің жоғары дәрежеде ұйымдасқан қоғамы, мұнда қоғамның өзін-өзі басқаруы орнығады, қоғам игілігіне еңбек ету жұрттың бәрі үшін бірінші кезектегі өмірлік қажеттілікке, саналы мүдделілікке айналады, әркімнің қабілеті халық үшін барынша пайдалы түрде қолданылатын болады».

Еңбекке деген саналы көзқарас автоматты түрде, өздігінен қалыптаса салмайды, тұрақты, жоспарлы әрі мақсатты тәрбие жұмысы процесінде қалыптасуда. Мұнда еңбек және өндіріс тәртібін үнемі нығайта беру маңызды бағыт болып табылады. **В. М. Корельскийдің** москвалық «Мысль» баспасынан таяуда шыққан **«Бәрі тәртіптен басталады»** кітабында осы проблема жан-жақты қаралған. Онда жарқын фактілер арқылы жұмыс уақытының орасан зор құндылығы көрсетіледі. Бүгінде еліміз халық шаруашылығы ауқымында жұмыс уақытының бір минутының ысырабы 1.400 мың сомның өнімін кем алуға соқтырады, ал ертең, одан арғы күні онан сайын қымбаттай түседі. Уақыттың бір минутын зая жіберу 300 мыңнан астам адамның тұтас бір күн іркіліс жасауымен тең түседі. Сонымен бірге ішкі сменалық кідірістер есебінен, яғни жұмыстағы іркілістер мен үзілістерден жыл сайын еліміздің өнеркәсібінде жұмыс уақытының 12—15 проценті зая кететіні есептелген. Көптеген кәсіпорындарда ішкі сменалық кідірістер жұмыс уақытының 15—20 процентін құрайды, ал егер олардың бір бөлігі статистикалық есептерде есептелмейтінін ескерсек, бұл цифр, сірә, көбейе түседі. Кадрлардың тұрақтамауы елеулі нұқсан келтіреді, сол себептен бірнеше миллион адам қайсыбір уақыт ішінде қоғамдық өндіріске қатыспайды. Осыдан барып «Жұмыс уақыты — жұмысқа пайдаланылсын» деген ұранның маңызы түсінікті.

Жұмыс уақыты ысырабының жалпы құрылымында қыдырымпаздық үлкен бөлікті құрайды. Біздің заңымыз қыдырымпаздық пен жұмысқа кешігушілік үшін жауапкершілікті күшейтті. Ішінара айтқанда, қыдырымпаздың тиісті жылдағы кезекті демалысы қыдырымпаздыққа салынған күндер санына қарай азайтылады, бірақ демалыс екі жұмыс аптасынан кем болмауға тиіс. Бүкіл жұмыс күні ішінде 3 сағаттан астам ешбір себепсіз жұмыста болмау қыдырымпаздық деп есептеледі.

Алайда, кітапта атап көрсетілгеніндей, тәртіп дегеніміз жұмысқа дер кезінде келуді ғана бейнелемейді. Өйткені, былайша айтқанда, станок жанында болып, кідіріс жасамаса да жарым-жартылай ғана жұмыс істеу ұшырасады. Мұндай жағдайда былай қарағанда, еңбек тәртібін бұзушылық жоқ, иә, мұнда тәртіпті еңбек те жоқ. Демек социалистік еңбек тәртібі өз ісіне күшінді толық жұмсауды, творчестволық белсенділік пен инициативаны, өндірісті ұйымдастыруға жоғары саналылықпен қарауды, өзінің еңбек коллективін туралы тұрақты қамқорлық жасауды талап етеді.

Кітапта тәртіптің жоспарлы, шартты, стандарттар мен технологиялық тәртіп, финанс тәртібі секілді түрлеріне сипаттама берілген. Оның бәрі өзара байланысты және экономикамен адамдарды тәрбиелеуге тікелей ықпал жасай отырып, біртұтас жүйені құрайды.

Тәртіпті мүлтіксіз сақтау бүкіл қоғамның мүддесіне де, сондай-ақ әр адамның мүддесіне де түбегейлі сәйкес келеді. Істің мәні тәртіп нығұрлым мықты болса, әл-ауқатты өсіру үшін солғұрлым көп мүмкіндік жасалуында емес. Басқа жағы да маңызды: тәртіпсіз адам айрықша қабілетті болғанымен сол қабілетін толығынан көрсете алмайды.

Партиямыздың өндіріс учаскелерінің бәрінде тәртіпті, ұйымшылдық пен реттілікті нығайту жөнінен қабылдаған шаралары қанша-ма нәтижелер берді. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев Ленинград партия ұйымы активінің жиналысында осы жайлы айта келіп, тәртіп жөнінде күн сайын ғана емес, сағат сайын айта беру керек, ал ең бастысы — тәртіпті нығайту үшін бәрін істеу керек, деп көрсетті.

Комсомол ұйымдарының да маңызды міндеті осында. Комсомол ұйымдастырушылары, насихатшылар, сөз жоқ, кітаптың қорытындылаушы тарауымен ықылас қоя танысады, онда социалистік еңбек тәртібін қалыптастыру формалары мен әдістерінің жолдары талданады. Жүйелі, комплексті қатынастың, шаруашылық-ұйымдық, тәрбие және право шараларын тығыз қабыстырудың қажеттігі туралы пікір келтіріледі. Еңбек коллективі мұнда шешуші роль атқарады. Оның еңбек коллективі туралы заңда тұжырымдалған тәртіпті нығайтудың моральдық-идеологиялық, сон-

---

В. М. Корельский. «Бәрі тәртіптен басталады». Москва, «Мысль», 1985.

Digitized by Google

дай-ақ праволық құралдары бар. Шаруашылық есеп принциптеріне негізделген еңбектің бригадалық формасы өте көп нәрсе береді. Оларда іске деген шығармашылық көзқарас, өзара көмек, талапшылдық пен бақылау біртұтас қабысады. СССР Орталық статистика басқармасы жүргізген зерттеулер деректеріне сәйкес мұндай бригадаларда жұмыс уақытының ысырабы еңбекті жеке ұйымдастыруға қарағанда 2—2,5 есе кем, ал кадрлардың тұрақтамауы 1,5 есе аз. Көрнекті совет педагогы А. С. Макаренконың: «Шаруашылық есеп — тамаша педагог. Ол үш педагогикалық жоғары оқу орнын бітіргендей. Ол өте-мөте жақсы тәрбиелейді» деген сөзі бүгінде де дер кезінде айтылғандай естіледі.

Еңбек — қоғамның және жекелеп алғанда әр адамның өмірінің негізі. Еңбек тәртібі — экономикалық қана емес, сондай-ақ адамгершілік, саяси құбылыс. А. В. Луначарский еңбекке деген көзқарас арқылы коммунистік рухтағы адамгершілікті анықтауға болады деп бекерге есептеген жоқ.

В. ПАРАМОНОВ.

Қысқа хабарлар

Тігіншілер табысы

Қостанайдың «Большевичка» тігін фабрикасының коллективі өткен жылдың 1 августынан он екінші бесжылдық есебіне еңбек ете бастады. 1985 жылдың соңына дейін қосымша 9,7 миллион сомның тігін бұйымдары шығарылды.

Өндірісті техникалық жағынан қайта жарақтандыру бағыты он бірінші бесжылдық программасын мерзімінен бұрын орындауға ықпал етті. Фабрикада өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттырудың комплексті жүйесі жасалып, жұмыс істеуде. Мұнда соңғы жылдар ішінде ғана осы заманғы жоғары өнімді жабдықтардың жүздеген өлшемі орнатылды, 8 комплексті механикаландырылған ұтымды технолотиялық тасқын құрылды. Жұмыс орындарын аттестациялау өткізілді, түпкі нәтижелер бойынша еңбекке ақы төлеу арқылы бригадалық әдіске ауысу жүзеге асырылды. Жаңалықтарды енгізу нәтижесінде 0,5 миллион сомнан астам экономикалық тиімділік алынды, еңбек өнімділігі 18,3 процент артты, шығарылатын бұйымдар сапасы жақсарды.

Еңбек және тұрмыс жағдайын тұрақты жақсарту да елеулі қайтарым беруде. Фабрикада кулинария магазині, денсаулық сақтау пункті, жинақ кассасы, мода ателъесінің филиалы, тұрмыстық қызмет көрсетудің қабылдау пункті, ал цехтарда — демалыс мүйістері, денсаулық бөлмелері ашылуы арқасында кадрлардың . тұрақтамаушылығы едәуір қысқарып, еңбек тәртібі нығайды, әкімшілік рұқсатымен демалыс алу бес есе қысқарды.

Үгітшілер мен саяси хабаршылар ортақ табысқа үлкен үлес қосуда. Олар жаңа машиналарды игеруге, 1990 жылдың есебіне жұмыс істеп жатқан Д. Бектемірова мен В. Айгензердің және басқа да озаттардың тәжірибесін таратуға сөзімен де, ісімен де көмектесуде.

Қостанай қаласы.

Малшылардың бинік межелері

Осакаров ауданының XXI партсъезд атындағы совхозы облыста мал қыстатуды үздік көрсеткіштермен бастады, сөйтіп ол қыста мал шаруашылығы өнімдерін өндіру қарқынын үдете түсті. Қазір мемлекетке ет пен сүт тапсыру жөніндегі тапсырма асыра орындалуда.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен дайындауды арттырудың шешуші факторлары—фермалар мен жемшөп өндірісінде бригадалық мердігерлікті табысты енгізуге, еңбекшілердің пәрменді жарысын ұйымдастыруға, селодағы құрылысқа көңіл бөлуде, малшылардың еңбегі мен тұрмысын ұйымдастыруға қамқорлық жасауда. Өткен жылдың өзінде В. Литвиненко мен Н. Кулешеваның мердігерлік бригадаларынан 12 сауыншы әр сауын сиырдан сүт саууда төрт мың килограмдық межеге жетіп қалды. Ал коммунистер Т. Евстафьева, Т. Ковалева, У. Семенова және Е. Галкина 4 мың килограмнан астам сүт сауып, жылдық тапсырманы мерзімінен орындады.

Совхоз базасында малшылардың озық тәжірибесінің облыстық мектебі құрылды.

Қарағанды облысы.

Digitized by Google

«ЖҰЛДЫЗДЫ СОҒЫС» ҚҰЛАМАСЫНДА

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1986 жылды Халықаралық бейбітшілік жылы деп жариялады. Планетадағы миллиондаған адамдар «Женева рухы», жоғары дәрежедегі совет-американ келіссөзінің қорытындылары халықаралық жағдайды реттеу мен сауықтыру ісінде қолайлы мүмкіншіліктерге жол ашатынына үміттенеді және сенеді. Әйтсе де, фактілер көрсеткеніндей, АҚШ-та бұл процеске түрліше қарсы тұрған күштер бар. Ең алдымен әскери-өнеркәсіптік комплексі бәсеңдікке қарсы тұр.

ЖЫЛ САЙЫН аэрокосмостық корпорациялардың басшылары мен әскери-әуе күштерінің жоғары шенді қайраткерлерін біріктіруші Американ әскери әуе күштерінің ассоциациясы Вашингтондық «Шератон» отелінде дәстүрлі көрме өткізеді. Онда АҚШ-тың әскери-өнеркәсіптік корпорациялары әскери техникадағы жаңа әскери техникалардың үлгілері мен макеттерін көрсетеді. Соңғы осындай көрме бұрынғылардан едәуір ерекшеленді. Егер бұрын ракеталар, истребительдер мен бомбардировщиктер оның басты элементтері болса, енді басқа өнімдер алдыңғы қатарға шықты. Ол жөнінде компанияның жарнама шақырулары соншалықты ашық айтты: «Стратегиялық қорғаныс саласындағы арманды жүзеге асырамыз!», «Американ активтерін космоста да, өз жеріміздің де қорғаймыз!». Бұл шақыруларда шын мәнінде «жұлдызды соғыстың» американдық программасының мақсаттары тұжырымдалған. Әңгіме жердегі ғана емес, сонымен бірге космостағы милитаристік экспансия туралы, әскери монополиялардың кепілді және ұдайы өсіп отырған кірістері туралы болып отыр.

1982—1985 финанс жылдарында АҚШ конгресі әскери мақсатқа орасан зор қаржы — бір триллион 19 миллиард доллар бөлді. Осы қаржының едәуір бөлігі салық төлеушілердің қалтасынан әскери-өнеркәсіптік корпорациялар қожаларының сейфтеріне қотарылды. «Ажал бизнесі» компанияларының табысы күрт көбейді. Пентагон жүргізген зерттеуге сәйкес АҚШ-тың әскери ведомствосының 76 ірі мердігерінің кірісі орта есеппен жұмсалған әр доллардың бес процентін құрайды, бұл азаматтық салалардағы кірістердің орта деңгейінен едәуір асып түседі.

Милитаристік өнімдер шығарушы корпорациялардың арасында кіріс алу тұрғысынан нағыз рекордшылар бар. Мәселен, 1983 жылы «Нортроп» компаниясы иелерінің дивидендтері бірден 1000 процентке жетті. 1985 жылдың алғашқы үш тоқсанында бұл фирманың кірістері 1984 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 67 процентке өсті. Әскери өнімдер беру арқылы байып отырған аэрокосмостық басқа монополиялар да «Нортроптан» қалысар емес. Олардың таза кірісі 1985 жылдың тоғыз айында ғана 1,4 миллиард доллар құрады. Үстіміздегі 1986 финанс жылы түсімнің одан әрі көбейетіні анғарылады. Демек АҚШ қорғаныс министрлігіне нақты әскери мақсаттар үшін 297,4 миллиард доллар босатылды, ал қаржының жалпы «көлемі» 302,5 миллиард болып белгіленді. Мұның өзі қаруланудың бүкіл программасы жедел қарқынмен алға басатынын айғақтайды, ал оны жүзеге асыруға монополиялар қатысуда.

ҚАРУ-ЖАРАҚ өндірісін ұдайы ұлғайтып отырмайынша әскери-өнеркәсіптік комплекстің кәсіпорындары өсіп, өзінің байлығы мен ықпалын арттыра алмайды. Республикалық әкімшіліктің 1980 жылы АҚШ-та өкімет басына келуі әскери-өнеркәсіптік комплекстің дамуындағы жаңа кезеңді бейнеледі. «Советтік қауіптер» жалған желеуімен «қайта қарулану» мен «қосымша қарулану» қажеттігі туралы мәлімдеді. АҚШ қарулы күштерінің жаңа техникамен жете жабдықталуына серпін берілді. Бұл әскери бизнестің мүддесіне өте-мөте сай келді. Дегенмен 80-ші жылдардың орта кезіне қарай ахуал өзгере бастады.

Қазір әскери арсеналда әлемді 67 мәрте жойып жіберуге жететін ғаламат қиратқыш потенциал жинақталды. Оны одан әрі үдете берудің мағынасы жоқ. Мұны мамандар ғана емес, сондай-ақ қатардағы азаматтар да түсінеді. Батыс елдерінде, соның ішінде Құрама Штаттардың өзінде ядролық қаруларға қарсы көңіл-күй күрт өрістеді. Саяси қайраткерлер бұл көңіл-күйлермен санасуға еріксіз-еріксіз түрде мәжбүр болды. Стратегиялық жүйелер мен қару-жарақтың басқа да түрлерін алуға байланысты әскери қажетке бөлінетін қаржы АҚШ конгресінің комиссиялары мен комитеттерінен әрең-әрең өтуде. Тіпті олар кейде қысқартылады да. Советтік бейбіт инициативалар мен елдің ішінде

Digitized by Google

ядролық қаруға қарсы өсе түскен оппозицияларды қысымымен американ әкімшілігі есептесуге мәжбүр болды. Ол қарусыздану мәселелері жөніндегі СССР-мен келіссөзді қайта бастады. Және осының өзі-ақ «Вашингтон постың» бейнелеуінше, «Америкада ірі қару-жарақ өндірушілердің жүрек соғысын дереу жиілетті».

Бұған жол беруге болмайды — әскери-өнеркәсіптік комплекстің мүдделерін білдіруші монополиялар алпауыттары мен саясатшылар осылай дейді. Олар «стратегиялық қорғаныс инициативалары» (СОИ) дегеннің дем берушілері де болды. Бұл программа орын алып отырған жанталаса қаруланудың өзіндік альтернативі ретінде, сонымен бірге қарусыздану жөніндегі советтік ұсыныстарға альтернатив ретінде де ұсынылуда. Батыс елдерінің кейбір басшылары үшін мұндай қатынас тартымды болып көрінеді. Өйткені стратегиялық қорғаныс инициативаларының авторлары өз кәсіпорындарының шабуылдық емес, қорғаныстық сипаты туралы дәлелдеп бағуда. Қырық жылдық «ядролық үрейден» кейін адамдарға «тірі қалу мен өсіп-өркендеудің жұз процеттік» дәуірі болатынына уәде етуде.

Әрине, «стратегиялық қорғаныс инициативасы» қарусызданудың да, «дәстүрлі» жанталаса қаруланудың да альтернативі емес. Ол тек осы жанталаса қаруланууды толықтырып, күшейте түседі.

Біріншіден, қару-жарақты космоста орналастыру стратегиялық шабуыл қаруларын үдету мен жетілдіруге және олардың жаңа түрлерінің пайда болуына әкелетіні күмәнсіз. **Екіншіден,** қуатты космостық жүйелер қазір жер төңірегіндегі кеңістіктегі объектілерді құртып жіберетін құралдар ретінде ғана емес, сондай-ақ, Жерде, әуеде, теңізде нысаналарды жоя алатын жүйелер ретінде де елестетілуде.

Үшіншіден, стратегиялық қорғаныс инициативасының жасалып жатқан комплекстері ракетаға қарсы қорғаныс жүйесін шектеу туралы совет-американ Шартына түбірінен қайшы келеді, ал осы Шарт стратегиялық қаруды тежеу жөніндегі қайсыбір келісімнің негізі болып табылады.

«ЖҰЛДЫЗДЫ СОҒЫСТАР» — АҚШ әскери-өнеркәсіптік комплексінің қол тумасы, сүйікті ісі. «Әскери өнеркәсіпте, — деп жазады «Вашингтон пост», — стратегиялық қорғаныс, — немесе «жұлдызды соғыстар» — кірістің қайнар көзі, барлық кезең ішіндегі аса перспективалы бастауы деп құпия түрде саналады». Иә, 1994 жылға дейін, американ ғалымдары федерациясының деректері бойынша, «стратегиялық қорғаныс инициативасына» арналған шығын 90 миллиард долларға жетеді, ал бүкіл «қорғаныс инициативаларын» жүзеге асыру құны, мамандардың есептеулері бойынша, он екі нолі бар цифрмен жазылатын болады.

Стратегиялық қорғаныс инициативаларын жүзеге асыру жөніндегі ұйымды басқаратын генерал-лейтенант Дж. Абрахамсонның мәлімдеуінше, космоста орналастыру элементтері бар ракетаға қарсы қорғаныстың американдық жобалаушылары «жеті, тіпті одан да көп сатылы қорғаныс қарулары жүйесін жасау қажеттігі туралы ойда». Әрбір саты — қуатты жаңа комплекс. Мұндай концепция әскери монополиялар қожаларын қуанышқа бөледі. Өйткені көптеген сатылар олар үшін миллиардтаған доллар кіріске айналмақ.

«Жұлдызды соғыстың» жақтаушылары стратегиялық қорғаныс инициативалары елге ірі экономикалық ұтыс береді-міс деп қуаттағанымен, бұл шындыққа жанаспайды. Қазір стратегиялық қорғаныс инициативаларын орындауға тартылған компаниялардың тізімі 28 бетке жетіп, 240-тан астам фирманы тіркеп отыр. Дегенмен заказдардың басым бөлігі әскери-өнеркәсіптік комплекстің «төбетобын» құрайтын компаниялардың үлесіне тиді. «Локхид» және «Макдонелл-Дуглас» корпорациялары Пентагоннан жаңа 1986 жылда «жұлдызды соғыстың» қажетіне деп аса ірі контрактілерді алды. Біріншісіне космостық объектілерді «атмосферадан тыс кеңістікте» ұстауға қабілетті «ЭРИС» комплексін жасауға 400 миллиондай доллар босатылды. 90 километрге дейінгі биіктікте баллистикалық ракеталардың боеголовкаларын атып түсіруге арналған «Хэди» жүйесін талдап жасау үшін «Макдонелл—Дугласқа» 421 миллион доллар бөлінуде. Күні бүгінге дейін осы екі корпорация «Боинг» және «Рокуэм» компанияларымен бірлесе отырып, АҚШ үкіметінің стратегиялық қорғаныс инициативаларына жұмсаған бүкіл қаражатының 57 процентін алды.

«СТРАТЕГИЯЛЫҚ қорғаныс инициативасы» Құрама Штаттарға нақты не береді? «Рокуэл» корпорациясы шығарған жарнамалық кітапшаның құрастырушылары: «Жұлдызды соғыс» программасы «өсу, алда болу және бостандық үшін» американ шекараларын кеңейтеді, деп мәлімдейді. Стратегиялық қорғаныс инициативаларының басқа жақтаушылары «әлемдік үстемдік», «тұрақты қауіпсіздік» және «экономикалық гүлдену» туралы пайымдайды. Вашингтонда бұлар туралы бұрын да аз айтылған жоқ. Және әр ретте көзалартушылық және гегемонистік жоспарлар тарихтың аяқ алысымен теріске шығарылған.

Қысапсыз армияларымен, флоттарымен қорқытып, жерімізге нацистік тобырларды бағыттап, атом бомбалары мен ракеталарды сермеп, Совет Одағын тізе бүктіруге талай рет әрекеттенді. Жанталаса қаруланумен біздің экономикалық жағынан тұралатпақ болды. Одан ештеңе шықпады. Алдағы уақытта да ештеңе шықпайды. Егер қажет болса, СССР космоста және космостан американдық хауіпті бейтараптандыруға жауап береді. Жауап әсерлі, бірақ шара шап-

Digitized by Google

шақ және американ программасынан арзан болмақ. М. С. Горбачев бұл туралы Женевада дәл, әрі айқын мәлімдеген болатын. АҚШ әлемдік үстемдікке қолын жеткізе алмайды, ал советтік қарсы шаралардың нәтижесінде Құрама Штаттардың қауіпсіздігі нығайтылмайды, қайта елеулі түрде төмендейді. Әскери саладағы бәсекенің қатал диалектикасы осындай.

Ақырында, стратегиялық қорғаныс инициативаларын өрістетудің бірыңғай экономикалық зардаптары Құрама Штаттардың өзіне соққы береді. «Нью-Йорк таймс» газеті жақында Э. Льюистің мақаласын жариялады, ол «әскери-өнеркәсіптік комплекстің ықпалы ең жаман елестің шегінен шығып кетті», американдықтар «әскери шығындардың жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолайлы әсері бар деп сендірген арбауға түсіп қалды, ал шындығында әскери өндіріске сүйену азаматтық товарлар сферасының өндіру мен бәсекелесу қабілетінен айырады», деп жазды. Бірақ бұл әлі ештеңе емес. 1982—1985 финанс жылдарында Құрама Штаттарда әскери қаржының 78 процентін дефициттік қаржыландырудың есебінен, яғни елдің ішкі және сыртқы қарыздарын арттыру жолымен істелді. Ал осы қарыз 2 триллион долларға жуықтап келеді. Қазіргі қарқын барысында ол онбес жылдан кейін 13 триллион долларға жетеді. Экономистердің есептегеніндей, 2000 жылы әрбір американдықтың мемлекеттік қарыздағы үлесі 169 мың долларды құрайды және қатардағы салық төлеушінің оның өсім процентін өтеу үшін ғана жыл сайын 20 мың долларды жұмсауына тура келеді. АҚШ азаматы үшін жұлдызды соғыс» пен жанталаса қарулануды шығайы бағасы міне осындай.

Совет Одағы жанталаса қарулануды ауыздықтаудың кең программасын ұсынды. Егер космоста қару-жарақ орналастырылмаған жағдайда ғана тендік пен бірдей қауіпсіздік принципін сақтау арқылы өзара негізде шектеуге және қысқартуға СССР әзір болмай отырған стратегиялық қаруды қоса есептегенде, қарудың бірде-бір түрі жоқ.

Қазір АҚШ-тың билеуші топтары жауапты таңдаудың алдында тұр; не олар американ және дүние жүзі халықтарының мүддесін көздеп, космосты милитаризациялауды ауыздықтауға қадам жасайды, не елді де, бүкіл планетаны да «жұлдызды соғыстың» шығырауына итермелейтін әскери-өнеркәсіптік комплекстің жетегіне ілеседі.

А. МОЗГОВОЙ.

САЯСИ СӨЗДІК

«ӘСКЕРИ-ӨНЕРКӘСІП КОМПЛЕКСІ» (ВПК) — бұл терминді АҚШ-тың бұрынғы президенті Дуайт Эйзенхауэр саяси лексикаға енгізді. Ақ үйдегі сегіз жылдық билігінен кейін 1961 жылғы 17 январьда қоштасу сөзінде ол: «Оларсан зор әскери ұйымдар мен ауқымды әскери өнеркәсіптерді біріктіру — американдық тәжірибедегі жаңа құбылыс. Оның экономикалық, саяси және рухани ықпалы әрбір қалада, әр штаттың үкіметінде, федералдық үкіметтің қайсыбір кабинетінде сезіледі. Үкімет органдарында ақталмаған ықпалға қарсы сақ болу қажет, ал әскери-өнеркәсіптік комплекс ондай ықпалға әдейі немесе жанама түрде ие болды».

80-ші жылдардың шебінде әскери-өнеркәсіптік комплекс американ империализмінің ықпалды күштерінің біріне айналды.

АҚШ-тың әскери-өнеркәсіптік комплексі — бұл монополияландырылған әскери бизнес пен милитарландырылған ғылымның Пентагонның ат төбеліндей реакциашыл тобымен және бүкіл саясимемлекеттік аппаратпен одағы. АҚШтың әскери-өнеркәсіптік комплексінің, сөз жоқ, ресми түрде декларацияланбағанмен айқын экономикалық және саяси программасы бар. **Экономикалық салада** — бұл тұрақты және жоғары түсім алу мақсатымен жаппай қырату құралдары өндірісін үздіксіз жаңарту мен үдетуді қамтамасыз ету. **Саяси салада** халықаралық шиеленісті, милитаристік желікті ұдайы өршітуге, антикоммунистік «крест жорығын» өрістетуге үміт артылуда.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,

М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар:

33-80-03, 33-80-07,

33-80-56, 33-80-73,

33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 16.01.86. Подп. к печати 30.01.86 г. УГ01032. Формат 70×108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,2. Краск. отиск. 3,8. Печать офсетная. Тираж 66997 (казахское издание— 33223 экз., русское издание 33774 экз.). Заказ 112. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН

Орал облысы. Орал мұнай-газ барлау экспедициясында Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты С. П. Лапшинның бұрғылау бригадасының коллективі съезд қарсаңындағы екпінді вахтада жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде, ол осыдан бес жарым жыл бұрын скважинаны іске қосып, Қарашығанақ қойнауында алғашқы газ бен конденсат берді. Бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен жарты жыл бұрын аяқтап, озық бригада 1986 жылғы 1 январьға дейін тапсырмаға қосымша 1 мың метр скважина бұрғылады.

Суретте: экспедиция кәсіподақ комитетінің председателі Қ. А. Елеуов бұрғылау бригадасының мастері Н. В. Ададировқа ауыспалы вымпелді тапсыруда.








Талдықорған облысы. «Талдықорғанпромстрой» тресінің № 47 құрылыс-монтаж басқармасынан Москвада өткен жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік фестивалінің делегаты, коммунист Р. Ахметов басқаратын комсомол-жастар бригадасы «КПСС XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» ұранымен социалистік жарысқа қосылып, бесжылдық жоспарды орындағаны туралы мерзімінен бұрын рапорт берді.

Суретте: озат бригадир Р. Ахметов.

Жамбыл облысы. Кеншілердің Қаратау қаласының жас тұрғындары жақсы тарту алды. «Қаратау» өндірістік бірлестігінің құрылысшылары Дина Нұрпейісова атындағы жаңа музыка мектебінің үйін тапсырды, қазір онда 355 бала оқиды.

Суретте: жас домбырашылар Айгүл Кәрімова мен Динара Шағырова сабақта.



Алматы. Қазақстан астанасының іргесінен ірі емдеу комплексі тұрғызылды. Ақшыл тастармен қапталған жарық та еңселі 760 орындық үй 22 гектарлық территорияда орналасқан.

Емделушілерге 1 мыңнан астам дәрігерлер мен басқа медицина қызметкерлері қызмет көрсетеді. Ұлы Отан соғысы мүгедектері айрықша қамқорлыққа алынған.

ҚазТАГ суреттері.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.



Digitized by Google

«Плакат» баспасы

ISSN 0132—6139

93



Қазақстан
ҮГІТШІСІ

5
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КПСС
XXVII

БЕРГЕН УӘДЕҢЕ–
БЕРІК БОЛ,
КАБЫЛДАҒАН
МІНДЕТТЕМЕҢДІ
ОРЫНДА!



Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

5

1986

МАРТ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комнтетінің пленумы туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

1986 жылғы 8 февральда Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезі сайлаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы болды.

Пленум ұйымдық мәселелер қарады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары және бюро мүшесі болып КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі **Д. А. Қонаев** жолдас сайланды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші секретары және бюро мүшесі болып **О. С. Мирошхин** жолдас сайланды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретарьлары және бюро мүшелері болып **Е. Ф. Башмаков, З. К. Камалиденов, А. П. Рыбников, Қ. Т. Тұрысов** жолдастар сайланды.

Пленум Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері етіп **В. А. Гребенюк, В. Н. Лобов, М. С. Меңдібаев, С. М. Мұқашев, Н. Ә. Назарбаев** жолдастарды сайлады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелігіне кандидаттар болып **Ә. Х. Гукасов, В. М. Мирошник** жолдастар сайланды.

Пленум Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлім меңгерушілерін және республикалық партиялық газеттер мен журналдардың редакторларын бекітті.

Пленумның жұмысына КПСС Орталық Комитетінің ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімінің сектор меңгерушісі **Н. Ф. Мищенко** қатысты.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІ

8 февральда Қазақстан Компартиясының XVI съезі сайлаған Қазақстан Компартиясы Тексеру комиссиясының мәжілісі болды. Қазақстан Компартиясы Тексеру комиссиясының председателі болып **Б. Д. Рябов** сайланды.

Digitized by Google

ПЛАНЕТАНЫ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ҚҰТҚАРАЙЫҚ

Бейбітшілік пен қарусыздану бағыты КПСС пен Совет мемлекетінің сыртқы саясатының өзегі болып келді және бола береді. Оны белсенді түрде жүргізе отырып, Совет Одағы парасат, ізгі ниет, адамзаттың соғыссыз, қарусыз болашағын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті түсіну позициясынан қимылдайтындардың бәрімен кеңінен өзара байланыс жасауға әзір.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесінен.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесін қазақстандықтар бірауызды қызу мақұлдаумен қарсы алды. Еңбекшілер болып өткен митингілерде, жұмысшы жиналыстарында өздерінің күнделікті жасампаздық еңбегімен планетада бейбітшілікті, Отанымыздың қуатын нығайтуға деген бұлжымас ұмтылысын білдірді.

ІЗГІ НИЕТ

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесін оқи отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің ұстамдылығы, шыдамдылығы, олардың планетада бейбітшілікті сақтауға бағытталған ізгі ниеті туралы мақтанышпен еріксіз ойлайсың.

Совет Одағы бейбітшілік үшін күрестің тағы да инициаторы болды, ядролық жарылыстың кез-келген түрін доғару жөнінде жарияланған біржақты мораторийді үш айға ұзартуға міндеттеме алды. М. С. Горбачевтің Мәлімдемесінде айтылғанындай, «Егер АҚШ, өз орайында, ядролық сынауды тоқтататын болса, мұндай мораторий одан әрі күшінде қала береді». Біздің шақыруымызға Америка енді қандай жауап қайтармақ? Талғамы төмен «Рэмбо» фильмі стиліндегідей шектен шыққан науқанмен бе? Советтік ұсыныстар туралы жұмған ауыздарын ашпаумен бе? Әлде американ үкіметі ашық раймен Совет мемлекетінің ұсыныстарын құп ала ма? Соңғысына сенгіміз келеді.

Біз шарын бір планетада тұрамыз, сондықтан да оны сақтау жолындағы күрес Совет үкіметінің ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзі халықтарының, алдымен американ халқының да бірінші кезекті ісі болуға тиіс. Михаил Сергеевич Горбачев соларға сөз арнады. Олардан, АҚШ әкімшілігінен, біз жауап күтеміз.

С. БЕКБАСОВ,
Алматы үй құрылысы комбинаты № 4 цехының қалыптаушылар бригадирі.

БАСТЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Әрбір село еңбеккері СССР ұсынған планетада бейбітшілікті сақтаудың реалистік программасын қызу қолдауда. Біздің ұранымыз: «Соғысқаннан гөрі достасқан жақсы!»

Бейбітшілікті сақтау, адамзатты ядролық соғыс қаупінен құтқару туралы әңгіме болып отырғанда, делінген КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесінде, бөгделер мен енжарлардың болуы мүмкін емес. Бұл баршаның және әркімнің ісі.

Біздер, диқандар, жер бетіндегі нағыз бейбіт кәсіптің адамдары, нан барлық нәрсенің түйіні екенін зердемізде ұстап, өз еңбегімізбен бейбітшілікті нығайтудамыз.

«Уәлиханов» совхозының егіншілері еліміздің Азық-түлік программасының орындалуына ұдайы сүбелі үлес қосады. Мәселен, өткен жылы мемлекеттік қоймаларға 16726 тонна астық құйылды. Ал біздің бірінші бригадамыз гектарына жүз пұттан астам өнім жинады.

Қазір совхозда әр гектардан 16,3 центнерден дәнді дақыл жинап, Отан қоймасына кемінде 19 мың тонна сапалы астық қоюдың берік негізін қалап жатырмыз. Бұл — Совет мемлекетінің бейбітшіл саясатын біздің практикалық тұрғыдан қолдауымыз.

В. ДИКЕВИЧ,
«Уәлиханов» совхозының механизаторы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.
Көкшетау облысы,
Рузаев ауданы.

Целиноград. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесі орталық баспасөзде жарияланған күні облыс орталығындағы еңбек коллективтерінде митингілер болды. Целиноград құс шаруашылығы бірлестігінің репродукторы — асыл тұқымды құс совхозының № 1 цехы коллективінде құс өсіруші-оператор **Н. Величенко** бүкіл совет аналарының атынан сөйлеген сөзінде партия мен үкіметтің бейбіт инициативасын қызу қолдады. Совет мемлекетінің басшыларына жас ұрпақтың келешегі туралы зор қамқорлығы үшін шын жүректен алғыс айтты. Цехтың слесарь-операторы **Т. Сәрсенбаев** бейбітшілік үшін, біздің балаларымыздың болашағы үшін күресті нақты іс-

Digitized by Google

термен, әркімнің еңбек үлесімен нығайту қажет деп, ортақ пікірді білдірді.

№ 15 орта мектепте өткен митингіде Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңген мұғалімі **Л. П. Мережковский** былай деді:

— Соғыссыз, ядролық апат қаупінсіз әлем — бүкіл адамзаттың арманы. Бұл ғылыми-техникалық прогресті дамытуға, бүкіл адамзаттың қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға бағытталған миллиардтаған сом қаржы. Біздің соғысқа дейін семьямызда алты адам бар еді, үшеуі соғыста қаза тапты. Миллиондаған совет адамдары әлі күнге дейін жақын адамдарынан айырылу қайғысын әлі күнге дейін сезінуде. Менің екі соғысқа қатысуыма тура келді.

Қаза тапқан жолдастар мен аға-інілердің атынан мен Михаил Сергеевич Горбачев ұсынған барлық қағидаларды толығымен қолдаймын.

Өскемен. Жібек маталар комбинатында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесін талқылау жөнінен митингі болды. Жіп иіру өндірісіндегі жөндеу-механикалық цехының комсомол-жастар сменасы Совет Одағының Батыры Төлеген Тоқтаровты өздерінің құрамына енгізді. Оның есебіне жазылған 868 сом мөлшеріндегі еңбекақы Бейбітшілік қорына аударылатын болады.

Шығыс Қазақстан машина жасау заводында 23 комсомол-жастар коллективінің бәрі де бір күндік табыстарын Бейбітшілік қорына аударуға ұйғарды.

Орал. Каменка ауданында совхоздар еңбеккерлерінің, аудан орталығындағы мекемелер мен ұйымдардың еңбекшілерінің митингілері өтті. Оларда сөз сөйлегендер КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің планетаның бүкіл адал адамдарын болашақ ұрпақ үшін бейбітшілікті сақтауға шақырған Мәлімдемесін қызу ықыласпен қолдады. Митингілерде жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдауда. Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатында тігін және аяқ киім цехтарының коллективтері бірінші тоқсанның жоспарын мерзімінен 6 күн бұрын орындауды ұйғарды. Шипов май-сыр заводының, аудандық байланыс торабының коллективтері бір күнгі еңбек ақыларын Советтік бейбітшілік қорына аударуды ұйғарды.

А. С. Пушкин атындағы «Құрмет Белгісі» орденді Орал педагогика институтында көп адам жиналған митингі болып өтті. Партия ардагері **П. Р. Букаткин**, КПСС тарихы кафедрасының меңгерушісі **К. Ж. Сүйінішәлиев**, филология факультетінің студенті О. Коротин сөйлеген сөздерінде Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің сыртқы саяси бағытын қызу қолдайтындықтарын мәлімдеді. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесін мақұлдап, қолдай отырып, жоғары оқу орнының оқытушылары мен студенттері осынау көрнекі саяси доку-



«Плакат» баспасы.

ментті түсіндіру жөнінен үгіт және насихат жұмыстарын белсенді жүргізетіндеріне сендірді.

Қызылорда. Облыста болып өткен бірыңғай саяси күнде оған қатысушылар КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесін мақұлдайтындықтарын білдірді.

— Он екінші бесжылдықта орасан зор әлеуметтік - экономикалық міндеттерді шешу үшін бізге баянды бейбітшілік керек, — деді тоқылмайтын материалдар фабрикасы жөндеу-құрылыс учаскесінің мастері **З. Қылыбаева.**

Облыс еңбекшілері бейбітшіліктің еңбек вахтасына тұрды. «Қзылордастрой» тресі үй құрылысы комбинаты мен механизацияландырылған жұмыстар басқармасының, Қызылорда қалалық № 1 поликлиниканың, Қызылорда темір жол станциясының, Қызылордадағы № 320000 орталық жинақ кассасының және басқа коллективтердің әрқайсысы бір күннен тегін жұмыс істеді.

Қарағанды. «Шерубай-Нұра» шахтасында митингіге қатысушы еңбек ардагері, Ұлы Отан соғысына қатысқан В. М. Баркалов былай деді:

— Біз екінші дүние жүзілік соғыстың ауыр жолдарымен әлем оның үшіншісіне де душар болсын деп жүріп өткен жоқпыз. Мен КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Михаил Сергеевич Горбачевтің Мәлімдемесін толығымен қолдаймын. Біз адамдардың бақытты болашағы, бейбіт құрылыс үшін міндеттемелер қабылдап, партия жоспарларын орындаудамыз. Бұл күндері қарағандылық шахтерлер Отанымыздың күш-қуаты нығая беруі үшін бейбітшілік вахтасында бейбітшілік көмірін өндіруде.

Digitized by Google

УӘДЕГЕ БЕРІК БОЛАЙЫҚ

Он екінші бесжылдықтың беташар жылы КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін лайықты қарсы алу, жоспарларды, қабылданған социалистік міндеттемелерді міндетті түрде толық және асыра орындау жолында кеңінен өрістеген социалистік жарыс арқылы өзі туралы мәлімдеді. Партия қондырмаларын жүзеге асыра отырып, еңбек коллективтері бүкіл бесжылдыққа арналған ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудің дәлме-дәлдіктегі ырғағын үстіміздегі жылдың өзінде қамтамасыз ету үшін шаруашылықты жүргізудің интенсивті әдістеріне ауысуда.

Таяу уақытта алғашқы тоқсан ішіндегі жұмыс қорытындылары шығарылып талданады. Бұған сондай-ақ үгітшілер, саяси хабаршылар, жастар тәлімгерлері қатысады. Кейін әңгімелерде қозғалатын «Сен не жасап үлгердің және 1986 жылдың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі жеке және коллективті социалистік міндеттемені жүзеге асыру үшін не жасауды белгілеудесің?» деген алғашқы сұрақтың әр адамға қатысы бар.

Жұмыстас жолдастарына осындай сұрақ қоймас бұрын ауызша саяси үгіт активисінің оны өзіне қоюына тура келеді. Жолдастарын жоғары қайтарыммен еңбеттерге етуге шақыра отырып, оның өзі инициатива көтере ме, коллективті екпінді жұмысқа жұмылдыру, тапсырылған іске деген творчестволықпен қарау жөніндегі қимыл-әрекетінің нақты программасы бар ма? Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету үшін оны идеологиялық жағынан сенімді қамтамасыз ету, жаңашылдық, стахановтық жауынгерлік көңіл-күй қажет екенін үнемі есте ұстау маңызды.

Қарағанды металлургия комбинатында «1700»» салқын прокат станының аға вальцовщигі, жастар тәлімгері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты С. В. Дрожжин коллективті өз соңынан ілестіру үлгісін көрсетуде. Жаңа өндірісті игерудің қиын жағдайында бригаданы құрудың алғашқы күндерінде-ақ ол өзінің комсомол-жастар коллективін перспективаны көре білуге, алдарына нақты міндеттер қойып, оларды жүзеге асыруға, барған сайын жаңа межелерді алуға үйретті. Прокатшылар оныншы бесжылдықта «Тиімділік пен сапа бесжылдығына — білікті кадрлар», он бірінші бесжылдыққа — «Әр жұмыс орнында — еңбектің жоғары қайтарымы үшін» инициативасын жасады, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті осы бастаманы мақұлдады. Тәлімгердің жетекшілік етуімен жастар идеялық жағынан шыңдалып, жұмыс орнында жаңа техника мен технологияны меңгерді, өндірістен қол үзбей-ақ оқу орындарында өз білімдерін толықтырды. Партия советтік марка беделін жоғары көтеру, сапа көрсеткіштерін алдыңғы қатарға қою міндетін ұсынып отырған қазіргі уақытта республикалық және Бүкілодақтық социалистік жарыстың бірнеше мәрте жеңімпазы «Аз шығынмен — жоғары сапа!» ұранымен жұмыс істеуге республика еңбекшілерін шақырды. Бұл инициативаны да Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдады.

«Уәдеге берік бол!», «Міндеттеме қабылдасаң — орында!», Жұмысшы мерейінің осы қағидалары жылдық мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөніндегі республикалық социалистік міндеттеменің табысты жүзеге асырылуы үшін әр еңбеккерге арналған нормаға айналуға тиіс, оның ұраны «Жылдамдық және сапа». Бұл үшін озық тәжірибені насихаттап, енгізуде, еңбекшілердің экономикалық тұрғыдан ойлауын қалыптастыруда, социалистік жарыс нәтижелерінің кеңінен жариялылығын ұйымдастыруда бұқаралық-саяси жұмыс активистерінің инициативасы өте-мөте маңызды.

Өскемен геология-барлау экспедициясының коллективінде, мәселен, бүкіл тәрбие жұмысы осылай жолға қойылған. Мұнда өткен жылы ғана белгіленгеннен үш есе көп — 321,4 мың киловатт-сағат электр энергиясы үнемделді. Мұның өзі бір ай бойы 1300 пәтерді электрмен қамтамасыз етуге әбден жетеді. Ал үнемделген құрылыс материалдарынан 2 пәтерлі ағаш үй салуға болады. Экспедицияда әр еңбеккер 1 килограмм бензиннің, отынның, 1 тонна цементтің, 1 метр болат сымның қанша тұратынын, скважинаны бір погон метрге проходкалауға қанша материалдық шығын талап етілетінін біледі. Осы деректер үнем мен ұқыптылық жөніндегі стендерде бейнеленген. Ең бастысы — олар мұны қалай үнемдеуге болатынын біледі. Озық бұрғылау мастерлері К. Жүсіпов, И. Селивоненко, К. Қалиев, Ю. Цыкунов скважиналарды проходкалауды 3-4 есе жеделдетуге көмектесетін бұрғылаудың прогрестік әдістерін бірінші болып енгізіп, өз тәжірибелерін басқалармен алмасуда. Үнем мен ұқыптылық жөніндегі жұмыс жеке есеп беттерінде, стендерде көрсетіледі. Он күндік, ай және тоқсан ішіндегі жеңімпаздарға салтанатты жағдайда вымпелдер мен куәліктер тапсырылады, олардың құрметіне «молниялар» шығарылады. Шынайы, адал ниетті еңбек моральдық және материалдық жағынан лайықты қолдау табуда.

Әр еңбеккердің жұмысын оперативті бағалау мен кең жариялылық — еңбектегі моральдық ынталандырушы зор күш. Ол СССР-дің 60 жылдығы атында-

Digitized by Google

ғы Семей өнеркәсіп құрылысы материалдары заводы коллективінің өндіріс тиімділігін арттырудың комплексті жүйесін енгізуіне қатты көмектесуде. Егер мұнда сапа коэффициентін енгізгенге дейін есеп нашар жүргізілсе, айдың соңына қарай көп нәрсе ұмыт болса, енді көрнекі жердегі жариялылық тақтасында әр адамның жұмыс көрсеткіштері күн сайын бейнеленеді және шағын ілездемелерде талқыланады. Жоспар мен міндеттемені орындау жолындағы күрес жұмыс уақытын барынша тиімді пайдалану жолындағы жарыспен етене байланысты, Кәсіптік шеберлік конкурстары жүйелі өткізіледі. Қабырға газетінің беделі арта түсті. Тағлым аларлық тәжірибелер қорытылып, арнаулы плакаттарда, стендтерде, озық тәжірибе мүйістерінде хабарланады. Мәселен, плакаттардың бірі престеуші-оператор О. Беруктың инициативасына арналды, ол көп станокты қамтуға ауысып, қазірдің өзінде он екінші бесжылдықты аяқтап келеді.

Адамдар қайсыбір қиын учаскеде, оның үстіне қауырт учаскелерде жұмыс істесе де олардың еңбегі мен тұрмыс жағдайын жақсарту туралы тұрақты қамқарекет талап етіледі. Павлодар локомотив депосы кәсіподақ комитетінің мүшелері оның председателі, саяси хабаршы С. Г. Бунятовтың басқаруымен жұмыстан кейін және түскі үзілістерде теміржолшылар демалысын қызықты да мазмұнды ұйымдастыруға ұмтылады. Тың темір жолындағы алғашқы спорт-сауықтыру бөлмесі — тренажерлері, жуынатын орны, демалыс мүйісі бар гимнастика залы әкімшілік-тұрмыс қажетін өтеу корпусында жұмыс істейді. Спорт аландары жұмыс орындарына жақындатылды. Депо клубына биллиард және теннис столдары қойылды. Жатақхана жанынан спорт залын жабдықтады, кітапхана жұмысын жақсартты, оның бүкіл кітап қорын депоға берді, дискотека ашты. Енді бассейн мен монша салуды белгілеуде.

Қайсыбір коллективте жұмысты түбегейлі жақсарту мүмкіншіліктері баршылық. Бірақ олар өздігінен жасалмайды. Жеке инициатива, осы резервтерді көре білу қабілеті, адамдарды одан әрі ізденіске бағдарлау қаншалықты маңызды екенін қадам сайын ұшыратамыз. Сондықтан бүгінде адам факторына соншалықты үлкен мән берілуде. Талдықорған облысы Киров ауданының «Еңбекші» совхозында партия тобының ұйымдастырушысы, жастар төлімгері Х. Аязбекова саяси хабаршы, ферма меңгерушісі К. Әділбековамен және шаруашылықтың бас зоотехнигі К. Ж. Сәтеновпен тығыз қатынаста жұмыс істейді. Мұнда адамдар үшін көп нәрсе жасалуда: жайлы, самаурын және тиісті мебельдер қойған психологиялық сейілу бөлмесі, телевизоры, телефоны мен кітапханасы бар қызыл мүйіс жабдықталған, онда малшылар мүйісінде сүт сауудың күнделікті көрсеткіштері бейнеленеді. Бригадалық мердігерлік бойынша жұмыс істей отырып, адамдар істі ұйымшылдықпен шешеді. Сауыншылар, мәселен, малды жемдеу жөнінен кезекшілік етеді. Мұнда сүт сауу молайды — жылына әр сиырдан 4 мың килограмнан сүт алынады.

Қазақстан еңбекшілері үстіміздегі жылы өздеріне жауапты міндеттер алды. Оларды кеңінен насихаттап, әңгімелерде әр ретте өз коллективінің жетістіктерін белгіленген межелерімен салыстыру керек.

Совет Одағының негізгі астықты өлкелерінің бірі ретінде біздің республикамызға астық өндірісінде зор маңыз берілуде. «Жоғары сапалы мол астық Қазақстан дикандарының ерекше парызы, мақтанышы мен абырой-даңқы болып келді және солай болып қала береді, — деп атап көрсетілді Қазақстан Компартиясының XVI съезінде — Астық өндіруді молайту жөнінде республика партия ұйымына орасан зор жауапкершілік жүктелгенін бәріміздің де тереңірек ұғынуымыз керек.

Егіншілік мәдениетін арттыру, интенсивті технологияны қолдану негізінде бесжылдықтың алғашқы жылында кемінде 29 миллион тонна өнім өндіріп, мемлекетке 16,5 миллион тонна астық сатуға тура келеді, мұның өзі жоспардағыдан жарты миллион тонна көп. Ал 1990 жылы түсім 30—31 миллион тоннаға жеткізіледі. Белгіленген межелерге жету жолындағы белсенді күресті бүгінгі күндерде жүргізу керек.

Ірі қараның тапсыру салмағын 400 килограмға, қойды — 40 килограмға, шошқаны — 100 килограмға жеткізу үшін мал шаруашылығын интенсивтендіруге айрықша көңіл бөлінуде. Бірінші тоқсанның мал мен құс тапсыру жоспары 20 мартқа, сүт пен жұмыртқа тапсыру жоспары — 29 мартқа орындалады. Көптеген шаруашылықтар мемлекетке мерзімінен бұрын ет тапсырғаны туралы жыл басында-ақ рапорт берді. Бұлар — Семей облысындағы Абай, Шымкент облысындағы Келес, Түркістан және Шардара аудандарының т. б. малшылары.

Әр салада, әр коллективте, тіпті өткен жылы тапсырманы барлық көрсеткіштер бойынша орындай алмағандарға да жаңа межелер белгіленеді. Демек, аз шығынмен олардың бәріне қол жеткізуге тиістіміз. Бүгінде ауызша саяси үгіт активистері адамдардың өз күштерін байқауына көмектесіп, әр еңбеккердің творчестволық мүмкіндіктерін, коллективті тәжірибе мен білімді, дағдыны жұмылдыруға, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін толығынан пайдалануға тиіс. Республикалық партия съезінде айтылған сынға іспен жауап бере отырып, барлық еңбекшілерді, әсіресе шалғай және шағын елді мекендерді, шопандар тұрағын, шалғай мал шаруашылығы учаскелерін тұрақты идеялық-саяси ықпалмен қамтып, партия документтерін кеңінен насихаттау керек.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ XVI СЪЕЗІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША ЛЕКЦИЯЛАРДЫҢ, ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ, САЯСИ ХАБАРЛАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫБЫ

Қазақстан Компартиясы — КПСС-тің жауынгер отряды.

Республика еңбекшілерінің еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге қосар үлесін үнемі үдете берейік.

Қазақстанның өндірістік потенциалын тиімді пайдалану — бүкіл республика партия ұйымының ісі.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету жолдары туралы.

Республика халық шаруашылығында ғылым-техникалық прогресті сындарлы жеделдету қамтамасыз етілсін.

Республиканың бүкіл экономикасын интенсивтендіру арнасына қысқа мерзімде ауыстырайық.

Еңбек өнімділігін түбегейлі арттыру — әрбір еңбек коллективінің түйінді міндеті, парызы.

Республиканың жасалған материалдық-техникалық қуатты базасын тиімді пайдалану — партияның қазіргі дәуірдегі экономикалық стратегиясын практикалық тұрғыдан жүзеге асырудағы бірінші кезекті міндет.

Қазақстан ғылымының ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қосар үлесі молайтыла берсін.

Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдеріне сәйкес республика экономикасының барлық буынында басқару жетілдірілліп, шаруашылықты жүргізу дәрежесі арттырылсын.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі он екінші бесжылдықта республиканың территориялық-өндірістік комплекстерін дамыту перспективасы туралы.

Республиканың өнеркәсіп орындарын шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына ауыстыру — 1986 жылдың маңызды міндеті.

Ғылым мен техника жетістіктерін практикаға жедел енгізу — республиканың барлық салаларының, әр кәсіпорнының парызы.

Өнім сапасын арттырудағы түбегейлі бетбұрыс дереу басталсын.

Жоспар мен міндеттемені орындау жолындағы социалистік жарыстың пәрмеңділігін арттыру — барлық салалар, әр кәсіпорын еңбекшілерінің парызы.

Қазақстанның өндірістік потенциалын тиімді пайдалану — бүкіл республика партия ұйымының ісі.

Республиканың материалдар мен отынға деген қажетінің негізгі өсімі үнем есебінен қамтамасыз етілсін.

Әр жұмыс орнындағы үнем мен ұқыптылық.

Ресурстарды үнемдейтін технология табандылықпен енгізіліп, шикізатты пайдалану комплекстілігі арттырылсын.

Ысырапшылдық пен қырсыздыққа — берік тосқауыл.

Өндірістің әр учаскесінде бригадалық мердігерлік кеңінен енгізіліп, түпкі нәтижелерге деген мүдделілік ахуалы жасалсын.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі күрделі қаржының тиімділігін арттыру туралы.

Отын-энергетика комплексін жедел дамыту — республиканың еліміздің Энергетика программасын жүзеге асыруға қосар үлесін одан әрі үдетуге арналған сенімді негіз.

Республика агроөнеркәсіп комплексін бесжылдықта дамыту міндеттері және еліміздің Азық-түлік программасын жүзеге асырудағы оның ролі.

Қазақстанның мол астығы — республика еңбекшілері айрықша қамқорлық жасайтын іс.

Республика мал шаруашылығы индустриалды негізге ауыстырылсын.

Он екінші бесжылдықта еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін дамытудың перспективасы мен міндеттері.

Қазақстаи Компартиясының XVI съезі халықтың әл-ауқатын арттырудың маңызды шарты ретінде товар өндіру мен қызмет көрсетуді одан әрі көбейтіп, кеңейту туралы.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі идеялық-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру туралы.

Кадрларды сөз бен істің бірлігіне тәрбнелеу — әрбір партия ұйымының маңызды міндеті.

Еңбек коллективінің адамгершілік потенциалы.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі еңбек пен өндірістік тәртіпті нығайту, әр жұмыс орнында реттілікті жолға қою қажеттілігі туралы.

Адамдарға адамгершілік және дене тәрбиесін беруде мәдениет пен спорт мекемелерінің ролі арттырылсын.

Қарсы насихаттың пәрмеңділігін арттыру — партия ұйымдары жұмысының жауапты учаскесі.

Жастарды азаматтық кемелдікке, жат идеологияға ымырасыздыққа тәрбиелеу — республика коммунистерінің маңызды міндеттерінің бірі.

Қазақстан Компартиясының XVI съезі атеистік тәрбиенің пәрмеңділігін, тегеурінділігін арттыру туралы.

Бейбітшілікті өз еңбегіңмен нығайта бер. Он екінші бесжылдықтың алғашқы жылына — қазақстандықтардың екпінді еңбегі!

Digitized by Google



БАСТЫ КӨРСЕТКІШ — САПА

Р. ШАРТЫҚОВА,
«Жаикнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының операторы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, үгітші

Гурьев облысындағы ірі «Жаикнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының коллективі — еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру, жаңа техника мен прогрестік технологияны енгізу, жоғары сапалы өнім шығару жолындағы социалистік жарыс инициаторларының бірі.

Коллективіміз қабылдаған міндеттеме — мұқият тексерілген, бірлесе талқыланған шешім. Бізде жауапсыз үәдеге баяғыда-ақ тойтарыс берілді. Мұнда басқарма партия ұйымының, үгіт коллективінің қызметі зор. Соңғы уақытта біздің сөзіміз бен ісімізде алшақтық жоқ. Он бірінші бесжылдықтың міндеттемелері мерзімінен бұрын орындалды, оның қорытындылаушы жылында жоспардан тыс 20 мың тоннадан астам «қара алтын» өндірілді. КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі құрметіндегі екпінді еңбек вахтасында біз бесжылдықтың беташар жылының екі айының тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтадық.

Әрбір еңбек коллективінің өзіне тән жұмыс ерекшелігі бар, оның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктер ең алдымен өндірістегі өзекті мәселелерді қалай шешетініне қарай анықталады. Мен жұмыс істейтін өзірлеу, мұнай айдау цехы үшін өнім сапасы мұндай басты көрсеткіш болып табылады. Өйткені басқарма өндіретін мұнайдың құрамында су көп, стандарт онда судың бір процентпен аспауын, тұз мөлшерінің сонша аз болуын талап етеді. Цех бүкіл өнімді товарлы кондицияға жеткізеді.

Өткен бесжылдықта басқармада өнім сапасын жақсарту жөнінен шаралар комплексі талдап жасалды. Бұл бағыт, сайып келгенде, ауызша саяси үгіт активистері жұмысының өзегін да анықтады. Өзіміздің еңбек коллективтерімізде өткізген әңгімелерімізде барлық резервтерді пайдалануға, жұмысқа сапалы қарауға. жіті көңіл бөлеміз. Тюмень мен Томск облыстары партия-шаруашылық активінің жиналысында: әркімнің ол біздің қоғамымызда қандай жұмысты атқарса да, тапсырылған іске толық жауап беруі, оны адал, ықыласты, инициативалы орындауы керек екендігі атап көрсетілген партия талаптарының барша үшін әдетке айналуына ұмтылдық.

Жұмысшы ар-ұжданы — еңбектің басты бақылаушысы — цехымыздың коммунистері осылай ұйғарды. Атқарылатын істер аз емес. Өздеріңіз ойлаңыздаршы: 1983 жылы саланың жоғары, бірінші және екінші категориясындағы мұнай өндірістің жалпы көлемінің небары 30 процентін құрады. Сапаны жақсарту жолындағы тегеурінді күресті бастап, біз өткен жылы басты көрсеткішімізді 57 процентке дейін көтердік. Дегенмен бұл да шек емес. Съезд қарсаңындағы екпінді вахтада Ш. Сұлтанғалиев, С. Темірғалиев басқаратын коллективтер өнім сапасын біздің жағдайымызда барынша жоғары белгіге — 80 процентке жеткіді.

Біз осы көрсеткішті басты межеміз ретінде белгіледік, цехтың барлық қызметкерлері осыған жетуге ұмтылуда. Үгітшілер тандаулы звенолар еңбегінің озық әдістерін ашып көрсетуде. Мысалы, коммунист, оператор М. Хайруллин әрдайым графиктен озық әрі жоғары сапамен жұмыс істейді, демек ол өндіріс технологиясын жетік оқып-үйреніп, насостар жөндеуші слесарь мамандығын өздігінен меңгерді. Ал бұрын нақ осы операцияда уақытымыз зая кететін (басқа бөлімшелерден жөндеушілерді күтетінбіз), сапа да төмен еді (мұнай айдаудағы толассыз процесс бұзылатын). Көптеген операторлар — цехтық партия ұйымы секретарының орынбасары А. Қаналин, комсорг Б. Өтепқалиев, Б. Жұмалиев, А. Мардашева және басқалар озат жұмысшының үлгісін қостады.

Соңғы кезде біздің цехта технологиялық тәртіпті өрескел бұзу, қыдырымпаздық оқиғалары атымен жоқ. Әйтсе де салғырт жұмыс істеуші адамдар әлі де бар. Бірде оператор Д. (ол қатесін түсінгендіктен, оның аты-жөнін атамай-ақ қояйын) түнгі сменада өз міндетіне жауапсыз қарап, химиялық реагенттердің берілуін қадағаламады. Соның салдарынан ертеңінде мұнай сапасы күрт төмендеді: 600 текше метрге жуық өнімді қайта ұқсатуға тура келді. Коллектив мұндай қылыққа принципті баға берді. Цехтық партия тобының жетекшісі, оператор К. Шукпатова: жұмыс орнында жауапкершілікті сезінбеу дегеніміз жұмысшы абыройын, совет марка-

Digitized by Google

сының беделін қадірлемеу деп, ортақ пікірді білдірді. Осы оқиға істің жағдайына коллективті жауапкершілігіміз туралы әңгімемізге де түрткі болды.

Бізге зор байлық сеніп тапсырылған, экономиканы одан әрі интенсивтендіру жолындағы күрестің алдыңғы шебінде жұмыс істейміз. Цехта сындарлы әрі сапалық тұрғыдан принципті жаңа қондырғылар кеңінен енгізілуде. Жаңашылдар Ш. Сұлтанғалиев пен С. Темірғалиев оларды игеруді бірінші болып қолға алды. Дегенмен біз жұмысшылардың бәрінің бірдей біліктілігін арттырумен, кәсіптік оқумен мықтап айналысуына әлі қол жеткізе алған жоқпыз. Мұның өзі салғырттыққа жол беріп отырған жоқ па? Кәсіптік шеберлік конкурстарына, «Сапа үздігі» атағы үшін жарысқа қатысудың творчестволық жұмысқа қалай жұмылдырып, шабыттандыратынын өз тәжірибемнен білемін. Бізде мұндай шаралар жүргізілмейді деп айтуға болмайды, олар жүйесіз ұйымдастырылады және оларға озаттар ғана шақырылады. Сапа үшін күрес барлық жұмысшыларды, әсіресе жастарды қамтуға тиіс.

Қазір біздө, мәселен, цех бастығы А. Тәженов басқаратын коммунистік еңбек мектебінің сабақтары жақсы жолға қойылған. Үгітшілер мен саяси хабаршылар әр ретте әңгімелерде пайдалану үшін оларға қосымша материалдар алып отырады. Бесжылдықтың алғашқы жылына арналған социалистік міндеттемелерді коллективті түрде қорғау өткеннен кейін цехтың барлық қызметкерлері сапаны жақсартуға деген мүдделілік көрсетуде. Басқарма еңбекшілері Ұлы Октябрьдің 69 жылдығына дейін жоспардан тыс 10 мың тонна мұнай өндіруге, мұнай ұқсату технологиясын жақсарту есебінен өнімнің 65 процентін сапаның жоғары, бірінші және екінші категорияларымен тапсыруға сөз берді.

Міндеттеменің соңғы жолдарының біздің цехқа тікелей қатысы бар. Сондықтан біз жұмысшының тиянақты сөзінде тұруға берік үйғарып отырмыз.

Гурьев облысы,
Новобогат ауданы.

Әңгімелерде осы жайлы айтыңыздар

Аз шығынмен — жоғары сапа!

«Қазахстанская правда» газетінің үстіміздегі жылғы 24 январьдағы санында Қарағанды металлургия комбинатының СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты С. Дрожжин басқаратын «1700» салқын прокат станы вальцовщиктері бригадасының ашық хаты жарияланды, онда олар он екінші бесжылдықта «Аз шығынмен — өте жақсы сапаға жетейік!» девизімен жұмыс істеуге шақырды. Осы инициативаны Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдады. (Қаулы үстіміздегі жылы 29 январьда жарияланды).

Болат прокаттаушылар өткен бесжылдықта Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған «Әрбір жұмыс орнында — еңбектің жоғары қайтарымы үшін» бастамасының инициаторы болған еді. Олар өз сөздерінде тұрды. Бес жылда 1,3 миллион тонна, оның ішінде жоспардан тыс 42,5 мың тонна дайын прокат өндірілді. Еңбек өнімділігі жоспардағыдан 3,5 процент асып түсті. Бригада прокаттаудың тиімді әдістерін пайдалану есебінен 2,5 миллион сомның 20 мың тонна металын үнемдеді. Өнімді өндіру қатаң, заказ бойынша жүргізілді.

— Он екінші бесжылдық біздің бәріміз үшін айрықша болмақ, — деп жазады металлургтер хатында, — экономиканы, әсіресе металлургия өндірісін интенсивтендіру еңбекті жоғары механикаландырып, автоматтандыруды, өнім сапасы, оның өзіндік құнын кеміту үшін жауапкершілікті арттыруды қарастырады.

Өндіріс тиімділігін арттырудың сенімді жолы — металды ұтымды пайдаланып, оның сапасын арттыру. Сапаны түбегейлі жақсарту — бірінші кезекті, кейінге қалдыруға болмайтын міндет. Тонналар емес, нақ сапа металлургтер жұмысының негізі болуға тиіс. Біздің елімізде металл жеткілікті мөлшерде қорытылады, мәселе соның сапасында, беріктігінде. Домнашыдан прокатшыға дейін сабақтас кәсіпшілердің түпкі өнімді шығаруға жоғары колективтік жауапкершілігі сақталғанда ғана табысқа жетуге кепілдік жасалуы мүмкін. Сондықтан да он бірінші бесжылдықтың бастамасын дамыта отырып, бригада оны тереңдетуді, оған жаңа бағыт беруді ұйғарды.

Металлургтер өздерінің мүмкіндіктері мен ішкі резервтерін жан-жақты талдап, еңбек пен технологиялық тәртіпті барынша нығайту, осы заманғы құрал-жабдықтарды жақсы пайдалану, әркімнің өз жұмыс орнындағы жауапкершілігін арттыру, уақытты, энергияны, материалды үнемдеу жолындағы күресті күшейту, өздерінде жинақталған және өзге өндіріс озаттарының таңдаулы тәжірибелерін қолдану негізінде көтеріңкі міндеттеме қабылдауды ұйғарды: бригада прокаттаған металдың жалпы мөлшерінен бірінші сортты өнімді шығаруды 99,2 процентке жеткізеді, еңбектің осы заманғы әдістерін қолдану арқасында жоспардан тыс 10.000 тонна металл беріп, екі миллион сомның 15.000 тонна металын үнемдейді. С. Дрожжиннің бригадасы барлық салалардың қызметкерлерін өнім сапасын арттырып, оның өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарысқа қатысуға шақырды.

Digitized by Google

ІЗБАСАРЛАР КӨБЕЮДЕ

А. КРЫХТИН,
Семей облысы Бородулиха ауданындағы «Заветы Ильича» колхозы партия комитетінің секретары

Біздің колхозымыздың коллективі КПСС XXVII съезіне жақсы еңбек табыстарымен келді. Бесжылдық жоспар сүт пен ет өндіру және оларды мемлекетке өткізу жөнінен өткен жылдың орта тұсында-ақ орындалды. Колхоз тапсырмадан тыс 2 мың тоннаға жуық сүт пен ет сатты. Осы нәтижелердің әр жағында барлық колхозшылардың қауырт жұмысы тұр.

Шаруашылығымыз климаты тым қатал аймақта орналасқан, аңызақ жел соғатын жазғы ыстықты қарсыз қысқы суық алмастырады. Соған қарамастан біз ауа райы жағдайына көптен бері реніш білдірмейміз, өйткені барлық істе өз күшімізге, адамдардың тәжірибесіне, біліміне, күш-жігеріне үміт артамыз. Партиялық ықпал жасаудың барлық құралдары арқылы еңбеккерлеріміздің белсенділігін дамытуға көмектесуге ұмтыламыз. Біздің аймағымыздағы шаруашылықтардың көпшілігі гектарына 4—5 центнерден пішен алады. Бізде сол бір тәлімі жерде гектарына 14-15 центнерден айналады. Оның себебі мынадан: біз агротехниканы қатаң әрі мүлтіксіз сақтаймыз, бұл үшін колхозда ұйымдастырылған курстарда барлық механизаторларды еңбектің озық тәсілдеріне үйретеміз.

Оның үстіне колхозда жыл сайын ауданнан, кейде облыстан тысқары жерлерде жемшөп дайындау үшін механикаландырылған бригада құрылады. Адамдарды мұқият іріктейміз, бригадада партия-комсомол тобын құрамыз, олармен байланыс жасап отырамыз. Барлық колхозшыларды, ең алдымен бригада мүшелерінің семьяларын олардың істерімен және өмірімен жүйелі таныстырамыз. Жергілікті орман шаруашылығымен шарт жасастық, ол орманды қалпына келтіруге залал келтірмей-ақ арнаулы учаскелер бөледі, оларда оқушылар, үй шаруашылығындағы әйелдер, пенсионерлер жапырақтар мен бұталар дайындауымызға көмектеседі, кейін оларды жапырақ ұнын әзірлеу үшін пайдаланамыз.

Жемшөп мәселесі осылай шешілуде. Қысқы уақытта да колхозда оның ысырабының өте-мөте аз болуы кездейсоқ емес, өйткені адамдар жемшөпті дайындау құнын жақсы біледі.

Фермаларымызда өндірістің интенсивті әдістеріне бағдар алынды, еңбекті көп керек ететін процестердің бәрін механикаландырып, автоматтандыру олардың негізіне алынған. Демек 1 мың ірі қара ұсталатын бордақылау алаңында Серік Шатырбаев бастаған 7 адамнан тұратын мердігерлік звено жұмыс істейді. Олардың бәрі мамандалды мамандар, айтпақшы, өзіміздің колхозымызда алған зоотехникалық білімдері бар. Шаруашылық Семей зоотехника-мал дәрігерлік институтымен тікелей байланыс жасайды, оның қызметкерлері шарт бойынша ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуде бізге практикалық көмек береді, малшылармен сабақ өткізеді. Өткен жылы звеноның әр мүшесі 111 мың сомның өнімін өндіріп, өткізді.

Үгіт бригадаларының байқауы

СССР Мәдениет министрлігі көркем-үгіт бригадаларының, үгіт театрларының, көркем сөз оқу үйірмелері мен студияларының КПСС XXVII съезіне арналған байқауы туралы қаулы қабылдады. Ол «Мен партияны мадақтаймын!» девизімен өткізілуде. Байқау мерзімі — 1986 жылғы январь-июнь айлары.

Жаңа шаралар Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына арналған Бүкілодақтық халық творчествосы екінші фестивалінің құрамдас бөлігіне айналады, өнерпаз үгіт коллективтері үшін, шын мәнінде, олардың фестиваль алдындағы шеруі болмақ.

Алғашында еңбек коллективтерінде, оқу орындарында, мәдениет мекемелерінде үгіт бригадаларының, үгіт театрларының, көркем сөз үйірмелері мен студияларының есепті концерттері мен олардың программасын жаппай көру өтетіні белгіленді. Сосын ұйымдастыру комитеттері ұсынған жеңімпаздар тобы қалалар мен аудан орталықтарында қорытындылаушы концерт серияларын өткізеді. Үстіміздегі жылдың жазында Москвада, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде одақтас республикалардың өнерпаз үгіт коллективтерінің өнері көрсетіледі.

Digitized by Google

Мал қыстату қарсаңында партия комитеті әкімшілікпен бірлесіп, құрама жем цехы коллективін тәжірибелі қызметкерлермен, коммунистермен және комсомолецтермен нығайту туралы қамқорлық жасады. Бұл күндері цех қызметкерлері фермаларға тәулігіне 10 тонна дейін тенестірілген жем бере отырып, жатық жұмыс істейді. Осының арқасында мемлекетке өткізілетін сүттің 92 проценті бірінші сортпен қабылданады, бордақылаудан кейін ірі қара малдың орташа салмағы 450 килограмнан асады, олардың 96 проценті — жоғары қоңдылықта.

Қазір фермаларға ықыласпен баратын, механизатор кәсібін меңгеретін жас колхозшыларымыз ұқыпты, үнемшіл иегерлер болып өсіп келеді. Жігіттер мен қыздар мектеп қабырғасында-ақ колхоз істеріне араласады. Жазда екі сауықтыру лагерьлерінде жұмыс істеп, тынығады. Жоғары класс оқушыларының бригадасы үшін жер учаскесі бөлінген, олар тәжірибелі қызметкерлердің, мамандардың жетекшілігімен овощ өсіреді. Мектеп шараларының бәріне ұдайы қатысушылар — колхоз партия комитетінің мүшелері, үгітшілер, өндіріс озаттары. Малшы кадрларының тапшылығы сезілген кезде олар мектеп түлектерін көмекке шақырады. Олармен бүкпесіз әңгімелеседі, қиыншылықтарды жасырмайды. Жастар біздің проблемаларымызға ұрынушылықпен қарады. Өйткені, мал шаруашылығында болып жатқан өзгерістерді өздерінің ата-аналарының еңбек жағдайы жақсаруының мысалдарынан көріп отырды.

Фермалардың бәрінде буфеттер, кешкі ас тегін берілетін асхана бар, медициналық пункт, шаштараз, шомылатын орын, телевизор қойылған қызыл мүйіс ашылды. Өнеркәсіп товарларын фермаға апарып сату ұйымдастырылды. Бір сөзбен айтқанда, біздің қызметкеріміздің заттар сатып алу, поликлиникада болу үшін аудан орталығына баруға уақыт жібермейтіндей етіп істі ұйымдастырдық. Маңызды дәлел — селодағы тұрғын үй құрылысының өсуі. Колхозшылар өткен бесжылдықта ғана 90 пәтер алды. Поселкеде жаңа көше — Коммунистік көшесі пайда болды. Екінші көшені жерлесіміз, III Даңқ орденінің иегері Барковтың есімімен атау ұйғарылды.

Фермаларға қыздармен қатар жігіттер де келді. Фридрих Шнейдер комсомол-жастар бригадасын басқарды. Январь айында жастарды жылдық программаны аяқтауымен құттықтады. Коллектив әр сиырдан 2471 килограмнан сүт сауды. Егер колхоз бойынша орта есеппен 3500 килограмнан сүт алатынымызды, ал Өкен Жетімбаеваның звеносы таңдаулы нәтижеге жеткенін—3567 килограмнан сүт сауғанын ескерсек, бұл, әрине, жоғары көрсеткіш емес. Әйтсе де жігіттер мен қыздар мадақтауға тұрады: олар коллектив ретінде топтасып, еңбек бағасын білді. Осы жастар мадақтауға мына себептен де лайықты. Біздің колхозшыларымыздың мектептен кейін институтқа түсе алмаған балаларының селода босқа сенделіп, кейде ішімдікке үйір бола бастағанын көруге тура келетін. Мұнда біздің де ағаттықтарымыз бар. Тұрғылықты жер бойынша жұмыс әлі әлсіз жүргізіледі. Бұл істе клуб біздің сенімді көмекшімізге айналған жоқ. Күнделікті істер қам-қаракетімен жастар арасындағы спорт жұмысын қалыс қалдырдық.

...Колхозымыздың жыл сайынғы кірісі 1 миллион сомнан астам құрайды. Көрсеткіш көлемді. Шаруашылық қызметінің нәтижелерін талдаған кезде цифрлардың әр жағынан әрдайым әр еңбеккерді көресің. Адамдардың творчестволық, инициативалы бастамалары қуантады, олар біздің өмір нормамызға айналып келеді. Үлкен істер тасасындағы кейбір ағаттықтар да реніш тудырады. Дегенмен үлкен коллективіміз мүшелерінің бәрі өз күштеріне кәміл сенеді, ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивтендіруді жеделдету жөніндегі міндеттерді шешуге өздерінің елеулі үлесін қосу ықыласы бар.

Идеология жұмысының хроникасы

Қарағанды. Өткен жылы Теміртаудың саяхат және экскурсия бюросы 80 экскурсовод, туристік топтардың 167 жетекшісін даярлады.


Бюрода сабақтар үшін туристердің арнаулы залы жабдықталды. Қажетті методикалық және өлкетану әдебиеттері осында жинақталған. Оқу процесінде гербарийлер, пайдалы қазбалардың коллекциялары, түрлі түсті слайдтер, суреттер пайдаланылады. Ұлы Отан соғысына қатысқандармен, еңбек ардагерлерімен, жазушылармен, театр артистерімен кездесулер ұйымдастырылады.

Туризм мен экскурсия жөніндегі Қазақ республикалық советінің президиумы теміртаулықтар тәжірибесін мақұлдап, оны өздеріне қарайтын ұйымдарда таратуды ұсынды.

Семей. «Жаңасемей» совхозының үшінші бөлімшесінде кезекті ашық хат күні болып өтті. Жаңасемей аудандық партия комитетінің екінші секретары Ж. А. Құсайынова, аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары В. С. Бутин, аудан кәсіпорындары мен ұйымдарының, совхоздың басшылары еңбекшілердің сұрақтарына жауап берді. Бөлімше еңбеккерлерінің тұрғын үй құрылысын ұлғайту, жолаушылар транспорты, сауда қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстары бақылауға алынды.

Бұл — ауданда өткізілген он үшінші ашық хат күні. Оларда барлығы 150 ұсыныс пен ескертпе айтылған еді, олардан 116 ұсыныс қазірдің өзінде орындалды.

Digitized by Google



ИНИЦИАТОРЛАРДЫҢ ШИРАҚ ҚИМЫЛЫ

Павлодар облысының малшылары биылғы мал қыстатуды ойдағыдай өткізу жолындағы республикалық социалистік жарыстың инициаторы болды. Фермалар коллективтері малдың қорада ұсталуы жағдайында мал шаруашылығы өнімдерін дайындауды өсіру қарқынының төмендемеуіне көп күш-жігер жұмсауда. Алда келе жатқандардың арасында Павлодар ауданы фермаларының еңбекшілері бар. Олар мал қыстату науқанының алғашқы жартысын ойдағыдай өткізу жолындағы облыстық социалистік жарыстың қорытындылары бойынша бірінші орын алды. Қазір сүт дайындау өткен мал қыстату кезеңімен салыстырғанда 588 тоннаға, ет 368 тоннаға өсіп, әр сиырдан сүт сауу 30 килограмға көбейді. Саяси-бұқаралық жұмыстың жақсы жолға қойылуы, оған шаруашылық басшыларының белсене қатысуы, тәлімгерліктің дамуы малшылардың табысқа жетуіне көмектесуде.

Топырақты эрозиядан қорғау жөніндегі тәжірибе станциясының сауыншысы, аудандық партия комитетінің мүшесі О. И. Киричкова облыстық партия конференциясында сөйлеген сөзінде ауданның малшылар коллективтеріндегі көңіл-күйді былай сипаттады:

— Шаруашылықтарда жоғары өнімді жұмыс істеу үшін жақсы жағдай жасалған — сенімді жемшөп базасы бар, еңбекті көп қажетсінетін процестер механикаландырылды, пәрменді жарыстар ұйымдастырылды. Сондықтан біздің әрқайсымыз адал ниетпен жұмыс істейміз. Өнім сапасына айрықша назар аударамыз. Мұнда бізге ауызша саяси үгіт активистері үлкен көмек көрсетеді. Олар әңгімелерде озаттар тәжірибесі туралы әңгімелейді, «молния», «жауынгерлік листок» жүйелі шығарылады. Фермалардағы қызыл мүйістер көрнекі үгітпен безендіріледі.

Жауынгерлік көңіл-күйдің, ширақ қимылдың қалыптасуында жарыс оң қанаттыларының, оның Ольга Ивановна Киричкова секілді көш бастаушылардың сіңірген еңбегі ересен екендігін де айта кетуіміз керек. Осыдан үш жыл бұрын ол әр сауын сиырдан үш мың килограмнан сүт алу жолындағы аудандық социалистік жарыстың инициаторы болды. Ол фермадағы өз құрбыларының да осындай биік межеге қол жеткізуі үшін біраз жұмыс жасады. Малшылар күнделігінде бірнеше рет өз тәжірибесін алмасты, аудандық газетте мақала жарияланды, мектеп бітірісімен фермаға келген қыздарды қамқорлығына алды. Бір жылдан кейін станцияның сүт комплексінде үш мың килограмдық межеге жеткен сегіз сауыншы болды. Ал он бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылында сауыншылардың бәрі дерлік алға қойған мақсаттарына жетті. Тұтасынан комплекс бойынша әр сиырдан 3500 килограмнан астам сүт алынды. О. И. Киричкова 4 мың килограмм сүт сауды, оның бұрынғы шәкірттері Е. М. Гырля, В. А. Слесаренко, В. Г. Дортман да онымен деңгейлесті.

Коллектив мал қыстатудың алғашқы күндерінен сенімді жұмыс істеуде. Шындығында, комплекс тұрақты нәтижелерге жыл бойы қол жеткізіп келеді, ал суық түскенмен жұмыс қарқынының бәсеңдемегенін мынадай факті әңгімелейді: үш мың килограмдық межеге жету үшін тәжірибе шаруашылығы сауыншылары көпшілігінің ноябрь-декабрь айларында әр сиырдан күніне кемінде он килограмнан сүт сауууы қажет еді. Олар бұл міндетті орындап шықты.

Аудандағы мал өсіретін ірі шаруашылықтар — Тельман атындағы колхоздың, «Заря» совхозының, Киров атындағы колхоздың еңбеккерлері де мал қыстату науқанының барысында жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Мұнда сондай-ақ мал қыстатуды тиянақты өткізу үшін моральдық және материалдық ынталандыру алғышарттардың бәрі жасалған.

«Ямышевский» совхозы туралы айрықша айтқан жөн. Көп жылдар бойы ол барлық көрсеткіштер бойынша, ең алдымен мал өнімдерін дайындауда артта қалушы шаруашылық еді. Совхоздың жаңа директоры В. А. Мягкий адамдардың істің табысты болуына деген шүбәланушылығын, көптеген оралымсыздықтарды ұшыратты. Осыдан барып маскүнемдік белең алған. Сондықтан партия ұйымымен бірлесе отырып, ең алдымен коллективте салауатты моральдық ахуалды қалыптастыру жолымен шаруашылықтың экономикалық жағынан нығаюы үшін де көп жұмыс істеуге тура келді. Өйткені мұнда ісіне адал еңбеккерлер аз емес-ті. Әйтсе де, шаруашылықта белең алған теңгермешілік жағдайында олар әрдайым инициатива көтере бермейтін. Совхозда адамды адал еңбегі үшін көтермелеу заңға айналды, фермаларда дербес үнем есептері, еңбекке қатысу коэффициенті енгізілді. Шаруашылықтың жас мамандары да іске творчестволық тұрғыдан

Digitized by Google

қарады: жұмысты қарапайым нәрседен —фермалардағы есепті реттеуден басталды, сосын машақатты селекциялық-асылдандыру жұмыстарымен айналысты. Енді шаруашылық мемлекетке жыл сайын 4 мың тоннаға дейін ет тапсырады, мұның өзі бұдан үш жыл бұрынғыдан төрт есе көп.

Механизациясы жоқ, қоралары ескі товарлы-сүт фермасындағы жағдайды түзей отырып, партия комитеті мен дирекция совхоз комсомолецтеріне, мектеп түлектеріне құрылыс бригадасын құру туралы ұсыныс жасады. Жастар бұл шақыруды құп алды. Мәселен, өз күштерімен ферманы жөндеп, сүт құбырын орнатты, жемшөп үлестіргішті механикаландырып, жемшөп цехының жұмысын жолға қойды. Селолық жиындарда, жиналыстарда жұмысшылардың бәрі шаруашылықтағы өзгерістер туралы жүйелі хабарланып отыратын болды. Сөйтіп, адамдарды ұйымдасқан жұмысқа топтастырды.

«Ямышевский» совхозының коллективі биылғы мал қыстату науқанына өз күшіне деген сеніммен кірісті.

— Біз басшылардың шаруашылық істерін жүргізуіне ғана қарап емес, коллективтегі саяси-тәрбиелік жұмыстың жайына, адамдарды жауапты міндеттерге жұмылдырып, творчестволық жағдай жасай білуіне қарай олардың қызметін бағалаймыз, — дейді Қазақстан Компартиясы Павлодар аудандық комитетінің бірінші секретары К. К. Әшімбетов. — Бірыңғай саяси күндерді, малшылар күндерін және басқа да шараларды өткізу барысында жетекшілердің еңбек коллективтерімен жүйелі кездесуі «олқы» жақтарды анықтауға, мезгілі жеткен мәселелерді шұғыл шешуге көмектеседі. Біз бір жағынан, мал шаруашылығындағы өзгерістерді осындай жұмыстардың тікелей нәтижесі деп есептейміз. Қазір аудан фермалары мен комплекстеріндегі бүкіл операцияның 90 процентке жуығы механикаландырылды, қызыл мүйістері, буфеттері, демалыс бөлмелері бар малшылар үйі барлық жерде жұмыс істейді, ал Киров атындағы колхозда физиокабинет те ашылды. Немесе селодағы құрылысты алайық. Аудан да тіпті бертінде шаруашылық әдіспен бір жыл ішінде бір миллион сомдай қаржы игерілетін. Қазір бір шаруашылықтың өзіндегі құрылыс көлемі осындай. Сондықтан совхоз еңбеккерлерінің қайтарымы да, шаруашылықты экономикалық дамыту үшін мүкіндігінше көп жұмыс жасауға талпынысы да өсіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда биылғы мал қыстату тартымды. Шаруашылықтардың бәрі де мемлекетке сүт пен ет тапсыру жөнінен өткен жылдың тапсырмаларын толық орындады. Қазақстан Компартиясының XVI съезі ашылғанға дейін 27 сауыншы екі айдың жоспарын аяқтады.

Павлодар ауданының малшылары қол жеткен жетістіктермен шектеліп қалмайды. Өткен жылғы тұтасынан аудан бойынша әр сиырдан 2500 килограмнан сүт алынды. Целиноград қаласында өткен партия-шаруашылық активінің жиналысында алға қойылған сүт пен ет өндіруді одан әрі ұлғайту жөніндегі міндеттерді талқылай отырып, мұнда 1986 жылы үш мың килограмдық межеге жету мақсатын алға қойды. О. И. Киричкова және оның құрбылары секілді озаттардың үлгісі мұндай межені алу бүкіл малшылар қауымының қолынан келетінін қуаттайды.

С. ШУМСКИЙ,
Павлодар облысы.

ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАР МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАЛДЫ

1986 жылдың Мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі республикалық социалистік міндеттемелерде былай деп жазылған: бірінші тоқсанның мал мен құсты тапсыру жоспарын — 20 мартқа орындаймыз. Көптеген мал өсіруші шаруашылықтр бұл тапсырманы январьда-ақ орындады.

Семей. Абай ауданының малшылары мемлекетке 6000 центнердің орнына 6.176 центнер ет өткізді. Әрқайсысының тірідей салмағы 421 килограмдық және тек жоғары қоңдылықпен 1230 ірі қара, 88 проценті бірінші категориялы болған 339 жылқы тапсырылды.

Шымкент. Шардара ауданының малшылары мемлекетке қара мал, түйе және қой етін сату жөнінен бірінші тоқсанның жоспарын 143 процентке, Келес ауданы — 107 процентке орындады. Январьда Түркістан ауданының еңбекшілері де тапсырманы орындады, өгізшелердің орташа салмағы 570 килограмнан болды.

Павлодар. Качиры ауданы «Бобровка» совхозының малшылары ет тапсыру жөнінен тоқсандық жоспарды 150 процентке орындады. Ет комбинатына жөнелтілген әрбір өгізшенің орташа салмағы 459 килограмм болды.

Петропавл. «Қарағанды» совхозы фермаларының еңбеккерлері қара мал мен шошқа етін сату жөнінен бірінші тоқсанның жоспарынан 500 центнер асып түсті. Ірі қараның өткізу салмағы 477 килограмм, ал шошқаның салмағы 130 килограмм болды.

Бордақылаудағы шошқа тәулігіне орта есеппен 370 грамға дейін салмақ қосуына қол жеткізген шошқа өсірушілер Ю. С. Колесникова, Е. К. Долкова мен Н. Д. Поназдырева жарысқа серпін беруде. Н. Н. Изотова, М. И. Танская мен Н. С. Совко төлдердің көп салмақ қосуына қол жеткізуде. Олардың қарауындағы әрбір мал тәулік сайын 780-890 грамнан салмақ қосады.

Digitized by Google

ЖЕР ҚАЗЫНАСЫ — БЕСЖЫЛДЫҚҚА

М. ҚАЛТАЕВ,
геологиялық-барлау жұмыстары жұмысшылары кәсіподақтары республикалық комитетінің председателі

Қазақстанның жер қазынасын барлаушылар өздерінің төл мерекесін жоғары еңбек серпінімен, сүбелі өндірістік көрсеткіштерімен қарсы алуда. Пайдалы қазбалар мен минералды шикізаттың барлық түрін көбейту мен олардың қорларын қуаттау жөнінен өткен жылдың және он бірінші бесжылдықтың тапсырмалары мерзімінен бұрын орындалды. Геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігі едәуір өсті.

Өткен бесжылдықта республика картасында мұнай мен газдың, түсті, шашыранды және басқа металдардың 22 жаңа қойнауы, металды емес пайдалы қазбалардың 130 кен орыны пайда болды. Батыс Қазақстанда Қожасай және Комсомол, Оңтүстікте — Құмкөл мұнай қойнаулары барланды. Қарашығанақ, Урихтау, Равнинное, Забурын учаскелеріндегі мұнай-газ қоры туралы қосымша деректер алынды. Орталық Қазақстаннан тағы бір қоңыр көмір орыны — Шұбаркөл табылды, қазір онда көмір разрезінің құрылысы басталды. Атасуда жоғары сапалы марганец рудасының бірегей қоры анықталды, бұл республикамыздың осы руданы қазу мен бағалы металды өндіру жөнінен еліміздің ірі аймағына айналуына мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстанда Жаңа Лениногор, Малеев руда кен орындары, Солтүстік Қазақстанда Шекубаев құрылыс шикізаты қойнауы ашылып бағаланды. Осының бәрі біздің саламыздың энергетикалық программаны жүзеге асыруға, республиканың түсті металлургиясы мен құрылыс материалдары өнеркәсібін дамытуға қосқан маңызды үлесі болып табылады.

Елді мекендерді, өнеркәсіп орындарын, суармалы жерлерді сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларын іздестіру жұмыстары кең ауқымда жүргізілуде. Гидрогеологтар 16 жер асты су қоймасын, 4 минералды су көздерін анықтады. Совхоздар мен колхоздардың пайдалануына 1800-ден астам скважина берілді, яғни жоспардағыдан 300 скважина көп.

Механикалық бағыналы бұрғылау, жерасты кені қабаттарын проходкалау, электрлі барлау мен сейсмологиялық барлау жұмыстары жөнінен бесжылдық межеден мерзімінен бұрын, өткен жылдың сентябрінде-ақ асып түстік. Тапсырмаға қосымша 2 мың погон метрдей барлау скважиналары бұрғыланды, жер астындағы кен орындарына 3 мың метр жол салынды. Геологиялық-барлау жұмыстары көлемінің бүкіл дерлік өсіміне еңбек өнімділігін арттыру есебінен қол жеткізілді. Материалдардың, отын мен электр энергиясының көп мөлшері үнемделді.

Тапсырмаларды орындауға және асыра орындауға геологиялық-барлау озаттары мен жаңашылдары маңызды үлес қосты. Партия ұйымдарының басшылығымен еңбек коллективтерінің көпшілігі өздерінің социалистік міндеттемелерін абыройлы орындап шықты. 1985 жылдың қорытындылары бойынша Еңбек Қызыл Ту орденді «Южказгеология», Волков бірлестіктері КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларымен, «Он бірінші бесжылдықтағы жұмыстың жоғары тиімділігі мен сапасы үшін» ескерткіш белгілерімен наградталып, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Құрмет тақтасына жазылды, Волков бірлестігіне Қызыл ту мәңгі сақталуға қалдырылады. «Севказгеология» бірлестігі Көкшетау геология-барлау экспедициясының, «Запказгеология» бірлестігі Мұғаджар геологиялық-геофизика экспедициясының коллективтері жылдан-жылға үздік нәтижелерге жетуде.

Саланың 550-ден астам бригадалары бесжылдықты мерзімінен бұрын аяқтады, оның ішінде 115 бригада 6 жылдың, ал 30 бригада 7 жылдың жоспарын орындады. Бұрғылау мастерлері, Социалистік Еңбек Ері З. Балкенжиев, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары И. Донцов, Н. Қазбанов, сондай-ақ партия XXVII съезінің делегаты А. Жарылғасов, В. Рублевский, Н. Комаров, С. Поворозник, В. Пресняков, В. Рекша, А. Яншин және басқалар басқаратын коллективтер екпінді еңбектің үлгісін көрсетті.

6 апрель — Геолог күніне.

Digitized by Google

Аталған коллективтер КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезін лайықты қарсы алу жөніндегі Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыстың сала бойынша инициаторлары болды. «Юказгелогия», «Восказгеология», «Центрказгеология» бірлестіктерінің коллективтері «Партияның XXVII съезіне — 27 екпінді онкүндік» ұранымен жұмыс істей отырып, мсханикалық бағыналы бұрғылау мен жер астын проходкалау жөнінен үстіміздегі жылдың екі айының жоспарын партияның жоғары форумының ашылуына дейін орындады. 15 февраль — коммунистік сенбілік күні еңбектің ең жоғары өнімділігімен атап өтілді. Ал партияның XXVII съезі ашылған күні барлық бұрғылау бригадалары үнемделген материалдармен, отын-энергетикалық ресурстармен бір сменадан жұмыс істеді.

Саланың еңбек коллективтері рылыми-техникалық прогресті жеделдету, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын арттыру жөнінен он екінші бесжылдыққа көтеріңкі социалистік міндеттеме қабылдады. Жаңа техника мен прогрестік технологияны өндіріске енгізуге, құрал-жабдықтарды үнемді пайдалануға, еңбекті көп қажетсінетін процестерді механикаландыру мен автоматтандыруға бірінші дәрежелі көңіл бөлінеді. Өткен бесжылдықта 20 мыңнан астам рационализаторлық ұсыныс пен өнертабыс өндіріске енгізілді, жаңа техниканы өндіріске енгізу шараларын жүзеге асыру 10,8 миллион сом экономикалық тиімділік берді, еңбекті көп қажетсінетін процестерді қысқарту есебінен мыңнан астам адам босатылды. Әйтсе де мұнда ашылмаған резервтер аз емес. Мысалы, терең бұрғылаудағы бүкіл бригадалардың 30 проценті өздерінің еңбегін жетімсіз механикаландыру салдарынан әзірге жоспарлы тапсырмаларын орындай алмауда. Ал нақ осы мәселелер бірінші дәрежелі шешімін күтуде.

Еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуының Негізгі бағыттары жобасында былай деп жазылған: «Каспий ойпатында... мұнай мен табиғи газ іздестіру жөніндегі геологиялық-барлау жұмыстары... жеделдетілсін». Көмір, руда, минералдық тыңайтқыштар мен құрылыс материалдары өндірісі үшін шикізаттар, жер асты сулары қойнауларын барлау жөнінен алда үлкен жұмыстар тұр. Осының бәрі саланың еңбек коллективтерінен іздестіру аудандарын таңдаудың рылыми негізділігін терендетуді, жұмыс мерзімдерін қысқартуды, алынған геологиялық информациялардың сенімділігі мен сапалылығын арттыруды талап етеді.

Қазақстанның жер қазынасын барлаушылары жаңа бесжылдықтың бірінші жылына арналған социалистік міндеттемеде жоғары межелерді белгіледі. Скважиналар бұрғылау жөніндегі жылдық жоспар Ұлы Октябрьдің 69 жылдығына дейін орындалып, бұрғылау жылдамдығы жоспарға қарағанда 5 процент арттырылады, скважинаны проходкалаудың өзіндік құны механикалық бағыналы бұрғылауда жоспардан тыс 3,5 процентке, терең бұрғылауда 1,5 процентке кемітіледі, үнемделген ресурстармен 3—5 күн жұмыс істелінеді. Сала еңбекшілері алға қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға барынша күш-жігер жұмсауда.

Саланың кәсіподақ комитеттері еңбек коллективтерін екпінді еңбекке жұмылдыру тұрғысынан кең көлемді жұмыстарды өрістетіп, бесжылдықтың беташар жылының жоспарлары мен тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындауға арналған социалистік жарысты ұйымдастырды, еңбек сайысының қорытындыларын шығару барысында немқұрайдылыққа қарсы шешуші күрес жариялады. Ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту, маскүнемдікпен күресті күшейту, озық тәжірибені қорытып, тарату жөнінен біраз нәрсе жасауға тура келеді.

Қазақстан Компартиясының XVI съезінде атап көрсетілгеніндей, кәсіподақ ұйымдарының еңбекті қорғау мен хауіпсіздік техникасына, өнеркәсіптік санитарияны жақсартуға көңіл бөлуі керек.

Кен қабаттарын барлаушылар еңбегінің оңай еместігі белгілі. Олардың көбіне үйден шалғайда, дала жағдайында жұмыс істеуіне тура келеді. Сондықтан кәсіподақ комитеттері сала қызметкерлерінің еңбегін жақсарту, сауықтыру мен демалысына айрықша қамқорлық жасауда.

Өткен бесжылдықта 7 мың адамның еңбек жағдайы жақсартылды. Железноводск мен Кисловодскіде жұмыс істейтін «Геолог Казахстана», «Прикаспий» пансионаттарына Каспий теңізінің жағасында, Ералиев поселкесінде салынған 50 орындық жайлы санаторий-профилакторий қосылды. Республика геологтарының демалыс базалары 500 орынға кеңейтілді. Олар үшін «Актюбнефтегазгеология» бірлестігінде денсаулық сақтау пункті ашылды. Бұл шаралардың бәрі сырқаттанушылықтың азаюына, еңбек қайтарымының артуына көмектесуде.

Кәсіподақ комитеттері геологтарға арналған тұрғын үй, олардың балалары үшін бала бақша мен пионер лагерьлері құрылысын, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуді ұдайы қадағалайды. Өкінішке қарай, мұнда кемшіліктер әлі де аз емес. Мәселен, «Казгидрогеология» бірлестігі Алматы іргесіндегі «Гидрогеолог» пионер лагерін пайдалануға беруді кешіктіруде.

Республика геолог-барлаушылары үшін 1986 жыл екпінді еңбек жылы болып, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезінің шешімдерін жүзеге асыру үшін оларға еңбек және тұрмыс жағдайын жасауға барынша көмек көрсету — сала кәсіподақ комитеттерінің міндеті.

Digitized by Google

БІЗ КОСМОСТЫ БЕЙБІТ МАҚСАТҚА ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚТАЙМЫЗ

Үстіміздегі жылы космос дәуірінің 25 жылдығы аталуда, оны 1961 жылы 12 апрельде СССР азаматы, адамзат тарихындағы тұңғыш космонавт Ю. А. Гагарин ашты.

Космос кеңістігін игеруде космосқа бірінші жол салушы — Совет Одағы — ең алдымен адамзаттың көкейтесті мүдделері туралы шынайы елеулі қамқорлық жасауда. Ол: бәрі де прогресс пен халық игілігі үшін, бейбіт бүгінгі және ертеңгі күн үшін деген бұлжымас қондырманы басшылыққа алады.

Совет мемлекетінің сөзі мен ісінде алшақтық жоқ. Біздің ғалымдарымыздың космосты бейбіт жұмыс алаңына айналдыруға бағытталған практикалық қызметі бұған дәлел.

* Жерден тысқары кеңістіктің бірегей қасиеті совет өндірісшілерінің, халық шаруашылығының сан-салаларындағы мамандардың назарын барған сайын көбірек аударуда. Жер төңірегіндегі орбитада салмақсыздық, вакуум, абсолютті стерильденгендік секілді космостық факторлар қатысатын **технологиялық процестер** игерілуде. Экспериментальды қондырғыда «Салют-5» орбиталық ғылыми станциясы экипажы, космонавтар Б. Волынов пен В. Жолобов подшипниктерге арналған дәлме-дәлдікті шариктерді әзірлеу жөніндегі алғашқы тәжірибелерді жасады.

* Орбиталық лабораторияда салмақсыздық жағдайында Жерде алуға мүлдем болмайтын құрамы ғажайып мүлдем өзгеше материал — «геностальі» көбікті металы жасалды, онда тарту күші газды металдан тез айырады.

В. Жәнібеков пен С. Савицкая ашық космоста металдық үлгілерді кесуге, пісіруге, дәнекерлеуге және универсалды аспаптар көмегімен көмкеру жүргізуге байланысты күрделі жұмыстар атқарды.

* Тарихтағы ең ұзақ 237 тәуліктік ұшу кезінде «Салют-7» станциясында космонавтар Л. Кизим, В. Соловьев пен О. Атьков 500-ден астам эксперимент жасап, космостық информацияларды ғылыми және өндірістік қызметте, соның ішінде геологиялық-іздестіру экспедициялары үшін қолданушы жүздеген ұйымдардың заказдарын орындады. **Медицина, ауыл шаруашылығы** және басқа да салалар үшін «Таврия» аппаратында әдеттегіден 10—20 есе таза әзірленген препараттар алынды.

* **Медициналық-биологиялық эксперименттер** мен Жер төңірегіндегі орбитадағы жетістіктердің мамандардың Жердегі күрделі, актуальды мәселелерді шешуіне көмектесуі заңды құбылысқа айналуда. Бүгінгі тәжірибелер уақытына қарай **космостық фармацевтикалық «фабрикаларды»** құруға арналған негіз қызметін атқара алады.

* «Салют-7» орбиталық станциясында **физикалық жаттығулар** циклі: жүгіретін жолда бес километрлік жүгіру, велоэргометрде он километрлік велосипед тебу, эспандермен, арнаулы вакуумдық «Чибис» костюмінде жаттығу өткізілді, бұл дененің төменгі жартысында қан айналымын жақсартуға және басқаларға септігін тигізеді. Олардың нәтижесі көрнекі түрде мынаны көрсетті: яғни дене тәрбиесімен жүйелі түрде белсенді шұғылдану салмақсыздық жағдайында да бұлшық еттердің жақсы формада сақталуына көмектеседі.

* Қазақстан ғалымдары дүние жүзінде бірінші болып космостық сәулелердің көмегімен қар қабатындағы судың мөлшерін анықтау әдісімен аппаратураларды талдап жасады, ол халық шаруашылығында қолданылуда. Олар **жылдамдықты, су тасқындарының құрылымы мен көлемін** анықтаудың жаңа әдісін ойлап тапты, бұл да космостық сәулелердің көмегімен жасалды.

* Жер төңірегіндегі орбитада Совет Одағы ұшырған Жердің «Космос» сериялы жасанды спутниктері және байланысты, метеорологияны, навигацияны қамтамасыз ететін спутниктер жұмыс істеуде. Олардан алынған информация өңделіп, халық шаруашылығында пайдаланылуда. Бұл жұмысқа С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ғалымдары да қатысады.

* Космостық ұшу аппараттары самолеттердің көмегімен 10 жылдың ішінде табиғи ресурстарды анықтау жөніндегі информацияларды 10 күнде береді. Мысалы, қысқа мерзімде осындай жолмен Маңғышлақ және Бозашы түбектерінен мұнай, газ іздеуде перспективалы 57 құрылым анықталды.

* **Жерді мелиорациялауды** жүзеге асыру және басқа да ауыл шаруашылық процестерін орындау барысында самолет арқылы және космостан түсірілген суреттерді қолдану еліміздегі ғылыми-техникалық прогрестің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Осы жұмыстар табиғатты қорғау, оның өнімді ресурстарын ұлғайту жөніндегі шара-

---

12 апрель — космонавтика күніне, Бүкілдүниежүзілік авиация және космонавтика күніне.

Digitized by Google

Маңғыстау облысы КПСС XXVII съезінің делегаты, «Жетібайнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының аға операторы Р. Г. Молдабаева мұнай кәсіпшілігінде міне он бес жыл еңбек етеді. Оған бекітілген скважинаның әрқайсысы іркіліссіз, барынша тиімді жұмыс істейді. Оның бригадасы партия форумы ашылған күнге дейін 1986 жылдың алғашқы екі айының жоспарын орындап шықты. Бригада комсоргы, поселкелік Советтің депутаты Р. Молдабаева қоғамдық жұмысқа көп күш-жігер жұмсайды.



Р. Молдабаеваның пікірін жастар тыңдауда: (солдан оңға қарай) оператор Ж. Бижанова, Р. Молдабаева және комсорг О. Жалғасбаев

Суретте: коммунист

Суретті түсірген Г. ПОПОВ (ҚазТАГ).

лармен қабысады. Мәселен, космостан түсірілген фотографиялық съемкаларды пайдалану арқылы Бүкілодақтық гидротехника мен мелиорация ғылыми-зерттеу институты Орта Азиядағы, Әзербайжан ССР-індегі және Қазақ ССР-інің оңтүстік аудандарындағы жалпы көлемі 4 миллион гектардай суармалы жерлер топырағының жоғары **бір метрлік қабатының сортануын** зерттеді. Материалдарды өңдеудің нәтижелері бойынша суармалы жерлердің сортаңдану картасы жасалды.

Кейінгі 7-10 жылдың ішіндегі космостық съемкалардың көрсеткеніндей, мелиорациялау жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде осы аудандардың бәрінде жердің құнары **біртіндеп жақсаруда.** Бұл Мырзашөлде, Ферғана алқабында, Мургаб оазисі мен Кура-Аракинский ойпатында өте жақсы байқалады.

*Талдықорған гидрогеологтары космос арқылы ауыз суды тапты, олар спутниктің суретті информациясының көмегімен Сарыесік-Атырау шөлінің қойнауынан тұщы суға толы тектоникалық жарықшақтар аймағын ашты. Кербұлақ ауданының шаруашылықтарына қой отарлары мен жылқы үйірлерін қыста жайып бағу үшін мың гектардай жайылымдық жерді қосымша пайдалануға мүмкіндік берген құрылыс жүйесі іске қосылды. Олар артезиан скважиналары арқылы сумен қамтамасыз етілуде.

Талдықорған гидрогеологиялық экспедициясының мамандары соңғы кездері космостан түсірілген суреттерді пайдалана отырып, Балқаш көлі ауданындағы шөл дала картасында су іздеуге қолайлы бірнеше аймақты белгіледі.

* Космостық фотографиялардың көмегімен **ірі каналдарды** пайдалану жөніндегі көптеген міндеттерді шешу мүмкін болды. Мысалы, Қарақұм каналының үлкен өзенге ұқсайтыны белгілі: онда кішігірім аралдар пайда болады, жақын жерлер батпақтанады, ал түбінде әрдайым су ағызып әкелетін шөгінді жиналады.

*Инфрақызыл съемкалар каналдар мен су қоймаларындағы суды интенсивті тазарту тұстарын, алқаптардың тым дымқыл **учаскелері мен микрорельефтің** жағдайын айқындауға, жабық коллекторлы-дренажды жүйелердің, дренаждық жүйелердің және тағы басқалардың істен шыққан тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Соңғы кезде азоттық, аргондық және басқа да лазерлердің көмегімен **су бетінің мұнай өнімдерімен ластануын** ойдағыдай тауып, биомассалар көлемі мен алқаптардағы ауыл шаруашылық дақылдарының шығымдылығын анықтайды. Өсімдіктердің өсу жайын, олардың кеселдерге шалдығуы туралы информациялар алынды.

* Өткен бесжылдықта СССР Ғылым Академиясының Радиоэлектроника институтының қызметкерлері Бүкілодақтық гидротехника мен мелиорация ғылыми-зерттеу институтымен бірлесе отырып, аса жоғары жиіліктегі радиотелеметрияға негізделген жабдықтардың көмегімен **топырақтың дымқылдануын** әуеден анықтаудың бірегей әдісін талдап жасады. АН-2 самолетіне орнатылған приборлар қысқа мерзімде үлкен алаңдардағы топырақтың дымқылдануының дәлме-дәл диктегі көрінісін береді. Өнертабыс авторларына 1983 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Социалистік және басқа да мемлекеттер космонавтарының бірлесіп ұшулары космонавтика тарихында жаңа бетті ашты. Социализм космостық істерде де өзінің түбегейлі принциптеріне адал, мұнда ол ынтымақтастықты, өзара көмекті, интернационализмді басшылыққа алады. Советтік космос корабльдерінде

Digitized by Google

социалистік елдердің өкілдері, Франция республикасының азаматы, Индия республикасының азаматы ұшты. Космонавтиканың бейбітшілік пен достықты нығайту ісіне қосқан үлесіне баға жетпейді. 1975 жылы алғашқы «Союз-Апполон» орбиталды комплексінде экипаждардың қол алысуы әртүрлі елдер адамдарының Жердегі де, космостағы да ынтымақтастығын бейнелейді.

* Космостағы көп жақты халықаралық ынтымақтастық жолында елеулі прогреске қол жетті. Демек «Интерспутник», «Интелсат», «Инмарсат» спутниктік байланысы мен навигациясының халықаралық космостық жүйесі ойдағыдай жұмыс істеуде. Құрылықта және теңізде қатерге ұшыраған адамдарды құтқару үшін орбитада тұрақты кезекшілік атқарушы спутниктерден және жердегі қабылдау станциясынан тұратын «КОСПАС-САРСАТ» халықаралық жүйесі жұмыс істейді. Оны талдап жасауға СССР, АҚШ, Франция, Канада қатысты.

* Социалистік елдермен кооперацияда Совет Одағы талдап жасаған **Галлей кометасы мен Шолпан планетасын** зерттеу жөніндегі «Вега» жобасын жасауға бірқатар капиталистік елдер де қатысады. Енді Галлей кометасын зерттеу үшін «Вега» эксперименті мен батыс европалық елдер жүзеге асырушы «Джото» экспериментін жүргізу барысында ғылыми информациялар кеңінен алмасылуда.

* Космостық екінші держава — Америка Құрама Штаттары басқа мақсаттарды көздейді. Оның билеуші топтарының монополистік капиталды дүние жүзілік үстемдікке жеткізуге деген қылмысты ниеті **адамзат болашағы** үшін қауіпті қатер тұғызуда. Пентагон ядролық боеголовкалары бар модификацияланған континентаралық баллистикалық ракеталарды орбиталарда орналастырудың зұлымдық жоспарларын ойлап табуда. Шектен шыққан американ стратегтері физикалық жаңа принциптерді пайдаланатын спутникке қарсы космостық қарулар жүйесін жасауға зор үміт артады. Осы елде ғылыми мақсатқа бөлінген қаржының төрттен үші әскери және әскери-космостық зерттеулерге жұмсалады. Олармен барлық ғалымдардың және инженер-талдаушылардың үштен бірі айналысады. Космосқа қатысты әскери зерттеулерге бөлінетін қаржы басқа саладағы азаматтық қажеттерге жұмсалатын шығындардан қазірдің өзінде асып түсті және оның көбеюі жалғасуда.

* КПСС-тің бейбітшіл берік сара бағыты совет халқы мен социалистік достық одақ елдерінің, планетаның барлық адал ниетті адамдарының толық қолдауына ие болып отыр. «Біз ұсынып отырған жаңа сыртқы саяси инициативалар комплексі, — деп атап көрсетіледі КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Мәлімдемесінде, — адамзаттың 2000 жылды бейбіт аспан мен космос аясында қарсы алуына, ол ядролық, химиялық немесе қандай да болсын басқа жолмен құрып кету қатері алдындағы үрей дегенді білмеуіне және өзінің аман қалып, адамзат ұрпағының жалғаса беретіндігіне кәміл сенуіне арналған».

Әзірлеген В. СУХОВА.

Бесжылдықтың еңбек ырғағы

Петропавл. Шағын литражды двигательдер заводы негізгі өнімдерді өндіруді азайтпай-ақ, коллективтік бау-бақшалар, меншікті қосалқы шаруашылықтар үшін мотоблоктар шығаруды бастады.

«Пчелка» деп аталған «мини-трактор» жеңіл, ыңғайлы. Конструкторлық сәтті шешімнің арқасында «Пчелка» сатып алушылар үшін басқа заводтар шығаратын мотоблоктан үш есе арзанға түседі.

Павлодар облысы. Ермак ферросплав заводы бірінші балқыту цехының № 14 пешін қамтушы коллектив аға балқытушы В. Майердің жетекшілігімен ай сайын жоспардан тыс өнім беруге, сонымен бірге электр энергиясын үнемдеп жұмсауға міндеттеме қабылдады.

Озаттардың сөзі ісімен үндесуде. Балқытушылар январьда-ақ тапсырмадан тыс 90 тоннаға жуық ферросплав берді, үнемнің жеке есеп бетіне 300 мың киловатт-сағаттан астам электр энергиясы жазылды.

Өскемен. Бұйымның жаңа түрін игеру Өскемен мебель комбинаты коллективінің социалистік міндеттемесі пункттерінің бірі болып табылады.

Комбинатта «Веста» жұмсақ мебель топтамасы өндірісі іске қосылды. Осы заманғы материалдардан жасалған ол бұрынғы гарнитурадан 25 процентке арзан. Рынок коньюктурасын ескере отырып, комбинатта «Альбина» жаңа корпустық наборын игеруге кірісті, ол жақында сауда жүйесіне түседі.

Ақтөбе. «Әрбір жұмыс күніне — еңбектің дәлме-дәлдіктегі ырғағы!» — «Актюбжилстрой» тресі механикаландырылған құрылыс жұмыстары басқармасының коллективіндегі социалистік жарыс осындай девизбен өтуде.

Бульдозершілер он бірінші бесжылдықтың программасын Жеңістің 40 жылдығына дейін орындап, жоспардан тыс 400 мың сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын атқарды.

Бүгін бульдозер машинистері, коммунистер Н. Подниколенко мен П. Мұқанов алда келеді, олар сменалық нормадан 15 процент асып түсуде. Ал жүк тиегіштің машинисі Б. Винц пен механизатор А. Барибанов әрбір он күндік тапсырманы мерзімінен бір күн бұрын аяқтауда.

Digitized by Google

ТЕАТР ӨНЕРІ — ХАЛЫҚҚА

Халықаралық театр күні бұдан 25 жыл бұрын Халықаралық театр институтының IX конгресінде тағайындалған еді, оның қызметі халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтуға, өзара ұғынушылықты тереңдетуге, дүние жүзінің барлық қайраткерлерінің творчестволық ынтымақтастығын ұлғайтуға бағытталған. Совет Одағы 1959 жылы осынау ірі театр ұйымының мүшесі болды.

Совет театры асқақ қызмет атқаруда. Жарқын да образды құралдар арқылы партия идеясын қалың халық бұқарасы арасында насихаттап, ол үйлесімді дамыған, қоғамдық өмірде белсенді жеке адамды қалыптастыруға, социалистік өмір салтын орнықтыруға көмектесуде. Сахна өнері азаматтық, патриотизм мен социалистік интернационализм мектебі болып табылады.

☆ Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге Қазақстанның 35 театр коллективі маңызды үлес қосуда, олардың арасында Абай атындағы Қазақ опера және балет театры, 5 музыкалық-драма, музыкалық-комедия, 24 драма, 5 қуыршақ театры бар. Профессионал театрлармен қатар ондаған халық театры мен жүздеген талапкер драма коллективтері жұмыс істейді.

☆ Республикамыздың театрлары қазақ, орыс, ұйғыр, корей және неміс тілдерінде постановкалар қояды. Республикалық ұйғыр және корей музыкалық-драма театрлары мен Қарағандының неміс драма театры ұлттық сахна өнерін дамытуға көмектесуде.

☆ Республиканың творчестволық театр коллективтері өткен жылдың өзінде ғана 128 мыңдай спектакль көрсетті, оларда 4,5 миллионға жуық көрермен болды. Және әрбір үшінші спектакль селода қойылды.

☆ Маңызды қойылымдардың бірқатары КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне арналды. Ол спектакльдердегі басты тұлға — халық бақыты мен коммунистік мұраттар үшін батыл күресуші коммунистер образы болды. Олар біздің дәуірімізді жарқын және иланымды бейнелейді, революциялық, жауынгерлік, еңбек дәстүрлерінің сабақтастығын, совет халқының жер бетіндегі бейбітшілік үшін күресін көрсетеді. Мәселен, М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театры Ә. Әбішевтің «Өтелген парыз», М. Лермонтов атындағы республикалық орыс драма театры В. Дозорцевтің «Соңғы келуші», М. Өтемісов атындағы Гурьев драма театры Б. Аманшиннің «Маңғыстау оқиғасы», Абай атындағы Семей музыкалық-драма театры С. Досановтың «Ертең бюро», К. Станиславский атындағы Қарағанды драма театры В. Чичковтың «Қызық орыс», Көкшетау драма театры В. Черных пен М. Захаровтың «Эксперимент жүргізудеміз» пьесаларын сахнаға шығарды. Партия съездері құрметіне премьералар басқа да көптеген театрларда болып өтті.

☆ Еліміздің жоғары партия форумы қарсаңында және ол жұмыс істеген күндерде республика облыстарының бәрінде театр өнері онкүндігі өтті, оның барысында таңдаулы спектакльдер қойылды, көермендер конференциялары болды. Жетекші актерлар мен режиссерлар мәдениет үйлері мен клубтарда творчестволық есеп берді. Театр труппалары кәсіпорындарда, оқу орындарында болды, селоларға барды.

☆ Республика театрларының репертуарында дәуіріміздің актуальді проблемаларын көтерген жетекші совет драматургтері мен жазушылары М. Шатровтың, В. Розовтың, А. Гельманның, В. Распутиннің, Е. Носовтың, Ш. Айтматовтың, А. Вампиловтың және басқалардың пьесалары мен шығармаларының инсценировкалары бар. Олардың арасында қазақстандық М. Әуезовтың, Ғ. Мүсіреповтың, Қ. Мұхамеджановтың, О. Сүлейменовтың, Д. Снегиннің, Ә. Нұрпейісовтың, Т. Ақтановтың Н. Корсуновтың және басқа да көптеген қаламгерлердің шығармалары елеулі орын алады. Орыс, совет және шетелдер классикасы, қазіргі батыс драматургтерінің шығармалары кеңінен қамтылған. 1985 жылдың өзінде ғана 150-ден астам премьера болып өтті, олар театрлардың творчестволық қызметін идеялық мазмұны мен көркемдік дәрежесі жағынан байытты.

☆ Қазақстанда балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық қазақ және орыс театры жұмыс істейді. Оның үстіне облыстық театрлардың бәрі жастарға арналған арнаулы спектакльдер әзірлейді.

27 март — Халықаралық театр күніне.

Digitized by Google

☆ Бүгінде қазақстандық театрлардың творчестволық потенциалы өте жоғары. Оларда 13 СССР халық артисі, 35 Қазақ ССР халық артисі жұмыс істейді. Соңғы кезде театр өнерінің көрнекті қайраткерлері: режиссер, СССР халық артисі Ә. Мәмбетов, балетмейстерлер, Қазақ ССР халық артистері З. Райбаев пен И. Манская, балет солисі, СССР халық артисі Р. Бапов, опера солистері, Қазақ ССР халық артистері Б. Әшімова, Е. Саков, А. Үмбетәлиев, драма актерлері, СССР халық артистері А. Әшімов пен Ы. Нағайбаев, Қазақ ССР халық артистері А. Мұсабекова, Л. Нельская, Л. Полохов, Е. Володарская және басқалар көрермендерді жаңа, жарқын спектакльдерімен, рольдерімен қуантты.

☆ Театр өнерінде лайықты творчестволық жастар да қаулап келеді. Көптеген жас актерлер бүгінде басты рольдерді орындап, Бүкілодақтық байқауларда, республикалық «Жігер» фестивалінде наградалалар алды. Көкшетауда, Арқалықта, Семейде театрлардың партия ұйымдары мен коллективтері жас таланттарға айрықша қамқорлық жасайды.

☆ Өткен жылы А. Пушкин атындағы Ленинград академиялық драма театрының, Москваның Е. Вахтангов атындағы академиялық драма театрының, Новосибирскінің «Красный факел» театрының, Красноярскінің музыкалық комедия театрының қойылымдары Алматының мәдени өміріндегі маңызды оқиғалар болды.

☆ Еліміздің туысқан халықтары мәдениетінің өзара молығуына гастрольдер де ықпал етуде. Өткен жылы Барнаулда — М. Лермонтов атындағы республикалық орыс драма театры, Запорожье мен Кривой Рогта — Шығыс Қазақстан облыстық драма театры, Краснодар мен Қазанда — Ақтөбе облыстық драма театры, Горькийде — К. Станиславский атындағы Қарағанды облыстық драма театры, Златоустте, Магнитогорскіде, Тюмень мен Тюмень облысының мұнай өндіруші қалаларында — Қарағанды музыкалық комедия театры, Саратов об-

Меншікті кітаптар — жұртшылықтың игілігіне

Жаңа адамды идеялық-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруда, совет қоғамының материалдық және рухани байлығын дамытып, молайтуда кітаптардың атқаратын ролі зор. Қазір біздің еліміз әлемдегі ең көп оқитын елге айналды. Бізде жыл сайын екі миллиардтан астам кітап шығарылады. Орасан көп мөлшердегі әдебиеттер мемлекеттік және қоғамдық кітапханаларда жинақталған, сөйтсе де оқырмандар сұранысы әлі толық қанағаттандырылған жоқ. Сонымен бірге бір миллиард том кітапқұмарлардың жеке қорында, оларды көбіне иелері ғана пайдалана алады.

Біздің еліміздегі Совет өкіметінің алғашқы күндерінен-ақ меншікті кітаптарды жұртшылықтың пайдалануына беру дәстүрге енді. Ерікті қоғамға біріккен кітапқұмарлар оны жалғастыра отырып, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттауда, саяси, ғылыми және техникалық білімдерді таратуда, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде баспасөздің орасан зор күшін толық пайдалануға ұмтылады.

Осынау ізгі мақсат жетелеген кітапқұмар - активистер тобы жақында орталық баспасөзде «Еліміздің барлық кітапқұмарларына үндеу» жариялады, онда олар меншікті кітаптардың бір бөлігін жұртшылықтың пайдалануына тегін беруге шақырды.

Қоғамдық кітапханаларға өткізілген әдебиеттер екпінді комсомолдық құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда, мектептерде, интернаттарда, балалар үйлерінде, жатақханаларда, әскер бөлімдерінде, шекара заставаларында, геологиялық партияларда, балық аулаушы кемелерде жаңа оқырмандарын тауып, сан мың совет адамдарының мәдениетінің тең дәрежесі жоқ қазынасына қол жеткізуіне көмектеседі. СССР Мәдениет министрлігі мен қоғамның орталық басқармасы президиумы бірлескен қаулымен осынау бағалы инициативаны мақұлдап, белсенді кітапқұмарларды наградтау үшін арнаулы грамоталар тағайындады.

Үндеу республикамыздың кітапқұмарларында қызу үндестік тапты. Ол жарияланғаннан кейін іле Алматы темір жол транспорты инженерлері институтының оқытушысы М. Бекешева басқаратын кітапқұмарлар қоғамы бастауыш ұйымының мүшелері жұртшылықтың пайдалануы үшін 100 томнан астам көркем әдебиет жинады. Жақында Қазақтың жергілікті өнеркәсіп конструкторлық-технологиялық жобалау институтының белсенді кітапқұмарлары Н. Фатеева, В. Куликова, З. Градинарь және басқалар меншікті ондаған кітаптарын кітапханаларға тарту етті. Еліміздің барлық кітапқұмарларына үндеуге қол қойғандардың бірі — Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары О. Сүлейменов 300-ге жуық кітапты Алматыдағы № 5 мектеп-интернатқа сыйға тартты.

Меншігіндегі арнаулы және көркем әдебиеттердің біразын жұртшылықтың пайдалануына жүйелі түрде өткізуші қаншама энтузиастарды атауға болады. Мәселен, Семейдің тұрмыстық химия заводының техникалық бақылау бөлімінің бақылаушысы, насихатшы А. Балагут өзінің меншігіндегі шығармалардан 120 кітапты № 3 балалар үйіне тарту етті. Гурьев қалалық кітапқұмарлар қоғамының лекторы, доцент, филология ғылымының кандидаты С. Корсунский Гурьев педагогика институтының кітапхана қорына оқу программасы бойын-

Digitized by Google

лысының Энгельс қаласында — Қарағанды неміс драма театры Қазақстан өнерін ойдағыдай бейнеледі.

☆ Театрлардың селоларды мәдени қамқорлыққа алуы ұдайы нығайып келеді. Республиканың село еңбеккерлеріне өткен жылы 2 мыңға жуық шефтік спектакль көрсетілді, оларда жарты миллионнан астам көрермен болды. Мәселен, Көкшетау облыстық драма театры селоларда 175 спектакль қойды, оларды 68,4 мың адам көрді. Облыстың Зеренді, Келлер, Көкшетау және Чкалов аудандарында театрдың филиалдары құрылды. Оның жанынан селолық талапкер драма коллективтері үшін тұрақты консультациялық пункт ашылды.

☆ Сондай-ақ Ақтөбе облыстық драма театры, Абай атындағы Семей музыкалық-драма театры, Н. Погодин атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық драма театры, А. Островский атындағы Орал облыстық драма театры, Шымкенттің қуыршақ театры және басқалар қамқорлық көмек беруді белсенді жүргізуде.

☆ Халық театрлары мен талапкер драма коллективтеріне творчестволық қызметкерлер де көмек көрсетуде. Мысалы, Шығыс Қазақстан облыстық драма театрының режиссері К. Бетц В. Покровскийдің «Күлкілі күн» спектаклін Шемонайха халық театрында қойды. Ақтөбе облыстық драма театрының артисі Р. Маркова мен оның директоры А. Эбергардт міне, бірнеше жыл бойы Алға және Жосалы халық театрларына қамқорлық жасап келеді. Белсенді қызметтері үшін Солтүстік Қазақстан облыстық драма театрының актері В. Соболев, Семей орыс драма театрының актері С. Забелкина, Н. Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театрының директоры, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі Ш. Әбдібаев және басқалар «Селоға мәдени қамқорлық жасау озаты» белгісімен наградталды.

Әзірлеген А. КЛЮЕВ.

ша 100-ден астам кітабын, Қазақтың мұнай ғылыми-зерттеу және жобалау институты кітапқұмарлар қоғамы бастауыш ұйымының председателі, экономика ғылымының кандидаты А. Рабинович қоғамдық кітапхананың негізі болған 200 кітабын институтқа берді. Алматы облысы Талғар ауданының Мичурин атындағы колхозы партия ұйымының секретары С. Шумаков селолық мектепке 500-ге жуық кітабын, жазушы Р. Нұрпейісов Талдықорған облысы Панфилов ауданы «Октябрь» совхозының кітапханасына 1200 кітабын берді.

Меншікті кітапханалар бұқаралық-саяси жұмыста да кеңінен қолданылуда. Қоғамның бастауыш ұйымдары мүшелерінің меншігіндегі шығармалар қорынан әзірленген тақырыптық көрмелер аса танымал болуда. Мәселен, өткен жылдың өзінде ғана 2 мыңға жуық осындай кітап-иллюстрация экспозициялары көрсетілді. Кітапқұмарлар А. Булавко мен А. Морозовтың меншігіндегі жинақтар бойынша жасалған «Ерлік пен даңқ» жолдарымен», «Су астындағы шайқастарда» деген тақырыптық көрмелер үлкен ықылас тудырды, олар республикалық қоғам басқармасының пленумында қойылды.

Ақтөбеде тұратын И. Савичев 30-дан астам сирек кездесетін, антикварлық басылымдарды Алматы кітап музейіне, Москвадағы В. Маяковский музейіне, Ясная Поляндағы Л. Толстойдың музейіне, В. И. Ленин атындағы кітапханаға және басқа да кітапханалар мен музейлерге тегін берді. Ол сондай-ақ меншігіндегі 2 мың томнан асатын жинақтарды, негізінен қоғамдық-саяси әдебиеттерді жұртшылықтың пайдалануына ұсынып отырады. Кітапқұмарлар үйлеріндегі кітапханаларын кітап оқуға тілек білдірушілер үшін ашық ұстауының басқа да көптеген мысалдары баршылық. Қызылорда облысы Қармақшы аудандық әскери комиссариаттың нұсқаушысы, қоғамның аудандық ұйымы миниатюристер секциясының председателі Ж. Таңсықбаев кітаптардың жалынды насихаттаушысы болып табылады. Оның меншігіндегі шығармалардың оқырмандары — әртүрлі жас пен мамандықтардың адамдары: оқушылар, жұмысшылар, қызметшілер.

Шымкент облысынан журналист Р. Мамаевтың меншікті кітапханасының картотекасында 70 адам: студенттер, мектеп оқушылары, жұмысшылар, инженерлер, партия және комсомол қызметкерлері жазылған. Р. Мамаев олардың қажет кітаптарды таңдауына ғана көмектесіп қоймайды, сонымен бірге оқырмандарды қызықтырған мәселелер бойынша кеңестер де береді.

Қоғамның аудандық, қалалық, облыстық ұйымдарының басқармалары мұндай кітапқұмарлар қызметін баспасөз бен радио арқылы жоспарлы, нысаналы түрде жария етеді, олардың тәжірибелері қорытылған жарнамалық плакаттар мен буклеттерді басып шығарады. Бұл істе бізге ауызша саяси үгіттің активистері де көмек көрсете алады. Олардың өз еңбек коллективтерінде кітапқұмарлардың пайдалы бастамалары туралы әңгімелеп, әдебиеттерді жұртшылықтың пайдалануына ұсынуда өздерінің де өнеге көрсеткені тиімді болады.

Ж. ҚАЛИЕВ,
Қазақ ССР кітапқұмарлар ерікті қоғамы басқармасы председателінің бірінші орынбасары.

Digitized by Google

МӨЛШЫЛЫҚ БАСТАУЫ

Қазіргі кезде елімізде ауыл шаруашылығын өркендету тәжірибесі, осы саладағы қол жеткен табыстар лениндік кооперативтік жоспардан бастау алатын аграрлық саясаттың ғылыми терең негізділігін, оның зор өмірлік күшін айшықты түрде дәлелдеп берді.

Осы уақыт ішінде ауыл шаруашылығында экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ірі қадамдар жасалды, партияның аграрлық саясатының көптеген түйінді мәселелері шешімін тапты.

Астық — ел ырысы, байлық бастауы, демек, астық өндіруді барынша молайту ауыл шаруашылығы саласындағы міндеттердің ең түйіндісі, ең өзектісі болып отырғаны осыдан.

КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы октябрь Пленумында атап көрсетілгеніндей, «Өзекті проблема, бұрынғысынша, — астық өндірісін ұдайы арттыру. Оның өсу қарқынын еліміздің барлық қажеттерін таяудағы жылдарда толық қанағаттандыратындай етіп қамтамасыз ету қажет».

Елімізде пайдаланылатын егістік жердің жылдан-жылға тұрақтануына байланысты дәнді дақылдардың шығымын молайту мен оның сапасын жақсарту әртүрлі тыңайтқыштарды қолдануды талап етеді. Қазіргі кезде біздің еліміз тыңайтқыштарды өндіру, оны бағалы ауыл шаруашылығы дақылдары егістігінде қолдану тұрғысынан (күріш, қант қызылшасы, картоп, мақта т. б.) дүние жүзінде алдыңғы орында тұр.

1950 жылы елімізде ауыл шаруашылығына 11.404 миллион тонна тыңайтқыштар берілсе, 1985 жылы ол 115 миллион тоннаға жеткізіледі. Егер Қазақстанда 1950 жылы 22,3 мың тонна минералды тыңайтқыш (яғни қазіргі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарының бір ауданында қолданылатын тыңайтқыштың мөлшеріндей) енгізілсе, енді 9 миллион 75,7 мың тоннаға жетеді.

Біздің республикамыз минералды тыңайтқыштарды қолдану мөлшері жағынан туысқан республикалар арасында (РСФСР-ден, Украинадан, Белоруссиядан, Өзбекстаннан кейін) бесінші орынға шықты.

Республикамыздың статистика басқармасының өткен жылғы деректері бойынша, бізде бір гектар егістікке 23 килограмм минералды тыңайтқыштан, 0,9 тонна органикалық тыңайтқыштан келеді, сөйтіп бүкіл егістік жердің 43 проценті минералды тыңайтқыштармен, 2 проценті органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылды. Ауыл шаруашылығы дақылдарына тыңайтқыштардың аз мөлшерде қолданылуына қарамастан, суармалы жерлерде егілетін аса бағалы дақылдар — бидай, жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы, көкөніс, картоп т. б. жеткілікті дәрежеде тыңайтылып келеді. Мұның өзі әр түрлі топырақ-климат аймақтарында негізгі дақылдар бойынша жүргізілген тәжірибелер тыңайтқыштардың республикамыздың жекелеген аудандарында дақылдар топтары үшін экономикалық тиімділігі және оларды ғылыми негізде қолдану мынадай факторларға байланысты екенін көрсетті:

1) табиғи және агротехникалық факторлар (ауа райы, ауыспалы егіс, сорт, топырақты өңдеу жүйесі т. с. с.);

2) агрохимиялық факторлар (топырақтың құнарлылық дәрежесі, жұғымды заттар тепе-теңдігі, сіңіру мөлшері, әдістері, мерзімі, минералдық және органикалық тыңайтқыш түрлері);


Республиканың озық шаруашылықтарының тәжірибелері мынаны көрсетті: республикамыздың оңтүстік және шығыс облыстарында температураның әртүрлі болуына байланысты тыңайтқыштардың дәнді дақылдар сапасына әсері әртүрлі болады.

Азотты тыңайтқыштардың дәнді дақылдарға әсері суарылмайтын күңгірт қара-қоңыр топырақта жылдан-жылға байқалса, ал ашық топырақта олардың әсері егіннің өсіп-өну кезінде жауын-шашынның көптігіне байланысты болады. Сондықтан да азотты тыңайтқыштарды төлімді жерде егілген масақты дәнді дақылдарға қолданғанда алдын ала метеорологиялық дұрыс болжам жасау қажет. Ал топырағы сусымалы алқаптарда 10—15 килограмм фосфорлы тыңайтқыштарды енгізгенде күңгірт қара-қоңыр топырақта 3,2 центнер, ашық қара қоңыр топырақта 1,5 центнер, боз топырақта 1,6 центнер қосымша өнім алынды. Сөйтіп мұнда тыңайтқышқа жұмсалған бір сомнан 3 сомдай таза пайда алынды. Міне, топыраққа әртүрлі тыңайтқыштарды қолдану ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттырумен қатар олардың сапасын жақсартады.

Минералдық және органикалық тыңайтқыштардың топырақ құнарлылығын арттыратынын, сөйтіп түсімге әсер ететінін көптеген шаруашылықтардың озық тәжірибелері қуаттайды. Мәселен, «Қарашоқы» совхозы 1978 жылы гектарына социалистік міндеттемедегі 13 центнердің орнына 20 центнерден астам өнім жинап, Отан қоймасына 2 миллион пұттай астық тапсырды.

Тыңайтқыштардың күздік бидай және арпа егістігіне әсеріне қатысты тәжірибелер кең көлемде боз топырақты

Digitized by Google



Атеистік жұмысты ұйымдастырушылардың сырттай мектебі

ОРТАҚ КҮШ-ЖІГЕРМЕН

Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылар дінге сенетін кейбір ата-аналардың балаларымен жұмыс істеу қаншалықты күрделі екенін біледі. Өйткені дінді уағыздаушылар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы жас жеткіншектерді «ерте бастан тәрбиелеу» қажеттігіне баса көңіл бөледі. Балалардың бір бөлігінің осындай ықпалға түсетіні сөзсіз. Сондықтан мектептің осындай әрекеттерге белсенді атеистік жұмыс пен жас жеткіншектердің еңбек, әскери-патриоттық және интернационалдық тәрбиесін қарсы қоюы өте маңызды. Бұл істе мектеп көп нәрсе атқара алады.

Әрбір кластың балаларды айналадағы дүниені тану және пайымдау жолымен алға апаратын баспалдақ екені мәлім. Материалистік дүниетаным мен атеистік наным-сенімдерді қалыптастыруға арналған білімдердің кең мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Осы бағытта Қостанай облысы Семиозер ауданының Аманқарағай поселкесіндегі № 2 сегіз жылдық мектептің педагогикалық коллективі табысты жұмыс істеуде. Мұнда директор Г. Ф. Ванзидлердің өзі үлгі көрсетуде. Герберд Фридрихович өзінің қарапайымдылығы, іскерлігі, өз ісіне деген сенімділігі арқасында ата-аналардың сый-құрметіне бөленген. Мұнда атеистік тәрбие оқушылар мен ата-аналарының дінге деген көзқарасын анықтаудан басталады. Мұның өзі үй жағдайындағы әңгімелер бары-

---

жерге орналасқан «Рославль» (Алматы облысы) совхозында жүргізілді. Осы совхоздың 2200 гектар бидаймен және 5000 гектар арпа егістігіне гектарына 15 килограмнан фосфорлы тыңайтқыштар енгізілгенде гектарына күздік бидайдан 2 центнер, арпадан 2,3 центнер қосымша өнім алынды. Тыңайтылмаған жерден алынған өнім гектарына 9,9—12,1 центнер ғана болды.

Осындай деректерді басқа дақылдар тұрғысынан да келтіруге болады. Сонда да ауыл шаруашылығы дақылдарына әртүрлі тыңайтқыштардың әсері топырақ-климат жағдайларына қарай өзгеріп отырады. Топырақтың құнарлылығы дәрежесін анықтайтын топырақ және агрохимиялық картограммаларды қадағалау керек. Мәселен, топырақта фосфор жоғары болса, онда осы тыңайтқыштарды қолдануға болмайды.

Тыңайтқыштардың толық өлшемін ең алдымен осы шаруашылық үшін мейлінше жетекші дақылдарға енгізу қажет. Мұндай дақылдар бір шаруашылықта қант қызылшасы, екіншілерінде — көкөніс, немесе жүгері т. б. бола алады.

Тыңайтқыштардың өлшем мөлшерін анықтағанда климат жағдайлары мен топырақтың құрылымын ескеру қажет. Жауын-шашын біршама көп жауатын аудандарда тыңайтқыш нормасы арттырылады, ал қуаңшылық аудандарда кемітіледі. Органикалық заттарға бай топырақтарда азот мөлшерін азайтады да фосфорды көбейтеді, механикалық құрамы жағынан жеңіл топырақтарда тыңайтқыштардың барлық түрлерінің мөлшері 10—15 процент жоғары болуға тиіс.

Сөйтіп, тыңайтудың дұрыс ережесі — бұл ең алдымен органикалық және минералдық тыңайтқыштарды қолдану шараларының комплексін жоспарлы ұйымдастыру тыңайтқышты өндіруге, дайындауға, сатып алуға, тасымалдауға және сақтауға байланысты. Сонымен тыңайтқыштарды пайдаланудың қолайлы мөлшерін, тәсілін таңдап алу керек. Егістіктің топырақ және агрохимиялық картасы, танаптар тарихы кітабы, көрші сорт сынау учаскелері мен ғылыми мекемелердің, агрохимиялық қызмет органдарының ұсыныстары, нақты егін шығымдылығы мен келешекте оны арттырудың мәліметтері, жобаланатын қоршаулы шабындықтар мен жайылымдар негізінде, сонымен бірге шаруашылықтың басқа да топырақ-климат, экономикалық жағдайларын ескеру негізінде жасалады.

Міне, сондықтан минералды және органикалық тыңайтқыштарды дұрыс қолдануды қадағалау ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды түрде дамытуға, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Әрине, топырақ құнарлылығын жоғарылату егіннен мол өнім алу үшін тыңайтқыштарды дұрыс қолданумен шектелмейді. Топырақты уақытылы өңдеу, егістікті жоғары ылғалдылықта сақтау, себу, арам шөптерге қарсы күресу және ауыспалы егістікте дақылдарды дұрыс алмастырып отыру, суару т. б. арқылы жоғары сапалы өнімді көп алуға болады.

А. БЕКМАҒАНБЕТОВ.

Digitized by Google

сында жүргізіледі. Мектепте ата-аналарды осында өткізілетін шараларға тарту маңызды қадам болып есептеледі. Мысалы, барлық ата-аналардың қатысуымен егін мерекесі, «Нан — зат есім» деген әдеби музыкалық кеш, өндіріс озаттарымен кездесу өтті. Атеистік тәрбиеге белсенді қатысушылар тарих пәнінің мұғалімі И. Я. Наконечный, бастауыш кластардың мұғалімі Л. И. Гримп осы шараларды өзірлеу барысында дінге сенетін семьялардың балаларына да тапсырмалар берді.

Нан тақырыбына арналған кешке материалдар жинау кезінде мектепте орныққан жаппай мүдделілік мерекелік ахуалы балалардың бәрін қызықтырды. Бұрын сабақтан тыс жұмыстан шет жүретін Лида М., Саша В., Петр Р., басқалармен бірге нан-тоқаш тағамдарының жәрмеңкесін өзірледі, өлеңдер оқыды. Мектептегілер ата-аналардың өз балаларының осындай кештерге, көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысуына тиым салуды қойғанын аңғарды, өйткені олар қоғамдық істерге тартылған балалардың бұрынғыдан жақсы оқи бастағанын түсінді. Балалардың бәрін белсенді оқу процесіне тарту үшін мектептің педагогикалық коллективінің көп күш-жігер жұмсауына тура келді.

— Ең қарапайым талдаудың өзі діни семьядан шыққан балалардың нашар оқитынын көрсетеді,— дейді Г. Ф. Ванзидлер.— Бұл үшін сыртгай себептер: сабаққа келмей қалу, тәртіп бұзу болған жоқ сияқты. Ата-аналармен бірнеше рет әңгіме өткізгеннен кейін біз көптеген балаларды құдайға табынушылыққа тартатынын анықтадық. Ал бұған сабаққа өзірлену үшін қажетті уақыт қана кетпейді. Үлкен психологиялық жүк, дұға оқудағы тыныс тарылтатын ахуал балалардың денсаулығына елеулі түрде зиян келтірді. Олардың санасындағы тұрақсыздық та бұған әсер етеді. Осыдан келіп олар материалды игеруге қабілетсіз болып шығады. Біз күн тәртібін сақтау қажеттігі жөніндегі лекциялар оқумен ғана шектелмей, семьяларда сабаққа дайындалуға қолайлы жағдайлар жасау жөнінде де жұмыс жүргіземіз. Мұндай лекцияларды барлық ата-аналарға медицина қызметкерлері мектептің өзіндеақ оқиды. Атеистік тәрбие жөніндегі мектепте құрылған советте діни наным-ға берілген ата-аналар жұмыс істейтін еңбек коллективтерімен күш-жігер біріктіруді ұйғардық. Мұны ең алдымен қамқорлыққа алынған Аманқарағай элеваторының коллективінен бастадық. Бұл кәсіпорынның партия комитеті бізді қолдады. Әрбір ата-ана өз баласының сәтсіздіктеріне жаны ауыратынын білгендіктен біз еңбек коллективтерінің олардың оқуын жақсартуына ықпалын күшейткен жөн деп шештік. Әрине, мұны дінге сенушілерді ерекше бөліп көрсетпей, жалпы шара есебінде жүзеге асырдық. Қазір элеватордағы демалыс бөлмесінде ілінген оқушылардың үлгірім экраны қызметкерлердің назарын бірден өзіне аударады. Көрнекті үгіт стендтері арнайы безендірілген. Олар балалардың оқудағы, қоғамдық жұмыстағы, спорт жарыстарындағы табысы туралы әңгімелейді. Өндіріс озаттары, тәлімгерлер, үгітшілер мектепке жиірек келетін болды. Осындай шаралардың нәтижесінде оқушылардың өздері-ақ құдайға сыйыну рәсіміне барудан бас тарта бастады.

Діни наным дағы семьялармен жеке жұмыс істегенде мұғалімдер осы семьяның дінге сенбейтін мүшелеріне арқа сүйейді. Олар мектеп бітірушілермен де байланыс жасап отырады. Дін ықпалынан шыққан Мантай, Вите, Берг, Роот сияқты семья мүшелерімен жүргізілген жұмыс тәжірибесі жасы кіші балалардың өз ағаларының үлгісімен жүретінін көрсетті.

Мектепте атеистік ықпалы күшті еңбек тәрбиесіне мол уақыт бөлінеді. Балалардың өзара берік достығының негізі де осында жатыр. Олар еңбек ету арқылы коллективтің күшін біледі, өздері де коллектившіл болып қалыптасады. Мектепте балалардың өз еңбегінің нақты пайдасын өз көздерімен көруіне күш салады. Мектеп реформасын жүзеге асыру барысында базалық кәсіпорын — элеватор коллективімен байланыс нығайды. Оқушылар мұнда өндірістік практикадан өтіп, астық қабылдау күндерінде элеватор коллективіне елеулі көмек көрсетеді. Элеватор әкімшілігінің оқушылар еңбегін үнемі атап өтетіні, неғұрлым үздік шыққандарын моральдық жағынан көтермелейтіні маңызды. Олардың арасында қазір дін ықпалындағы семьялардың балалары да аз емес.

Г. Ф. Ванзидлер оқушылармен жеке жұмыс істеуде қарсы насихаттың әдістері мен тәсілдерін ойдағыдай қолданады. Сөзі дәлелді болуы үшін ол діндарлар мен поселкенің барлық тұрғындарына жақсы таныс жергілікті материалдарға көп сүйенеді. Батыс радио орталықтарының совет мемлекетінің, әсіресе дінге сенуші немістердің жағдайын бұрмалап көрсетуге тырысқан әрекеттерін әшкерелейді. Бұл орайда ФРГ-да тұратын олардың туысқандарынан келген хаттар жиі пайдаланылады. Бұл хаттарында олар өздерінің қиын тұрмысы туралы шағынады. Бірқатар дінге сенушілер шетелдегі таныстарының қиын өмірі туралы өздері әңгімелеп, ойлары мен күдіктерін ортаға салады. Мұндай жұмыс жасөспірімдерге игі ықпал етіп, олардың өмірлік дүниетанымын кеңітеді.

№ 2 Аманқарағай мектебі педагогикалық коллективінің атеистік қызметі тек белсенді пәрменді позиция, еңбек коллективтерімен күш-жігерді біріктіру ғана табысқа жеткізетінін көрсетіп отыр. Ал бұл мектептің осындай табысқа жеткені айқын. Соңғы жылдары барлық оқушылар пионер және комсомол қатарына өтіп, мектеп қабырғасынан берік білім, белсенді өмірлік позиция алып шығуда.

П. ДИК,
Қостанай ауыл шаруашылығы институтының аға оқытушысы.

Digitized by Google

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Н. ЩУРОВ,
Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мемлекеттік автомобиль инспекциясы басқармасының бастығы, милиция майоры

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік автомобиль инспекциясы басқармасына келіп түскен бірнеше хабар мынадай: Жамбыл облысындағы «Трансельхозхимияның» Үшбұлақ автомобиль транспорты кәсіпорнынан жүргізуші П. Балымбетов КамАЗ автомобилін мас күйінде жүргізіп келе жатып, мотоциклді қағып кеткен. Авария салдарынан мотоциклдегі екі адам — ересек кісі мен бала қаза тапқан... Орал облысының, Жымпиты ауданында «Уральскоблавтодор» жөндеу-құрылыс басқармасынан мас тракторшы В. Колосовтың кінәсінен бөгетте К-700 тракторы аударылған. Тракторшы да, онымен бірге келе жатқан жолаушылар да қаза тапты... Солтүстік Қазақстан облысында Петропавл — Курган трассасының 59-километрінде «Москвич» жеңіл автомобилі КамАЗ-бен соқтығысып қалған. Кісі өлімі бар. Аварияның себебі алдыңғы оқиғалардағыдай, «Москвичтің» жүргізушісі мас екен. Егер техниканы жүргізуші адамдар мас болмаса, қайғылы қазаға ұшыратқан және материалдық зор залал келтірген осы трагедиялы оқиғалардың бәрі де ұшыраспас еді. Сондықтан «мас күйінде рульге отырған адам — қылмыскер!» деген қанатты сөзде терең мағына бар. Шынында да, автомобильді мас күйінде жүргізген адам жолда жүру ережесін ғана өрескел бұзып қоймайды, айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына да қауіп төндіреді. Республика жолдарындағы авариялардың едәуір бөліті осы себептерден болады.

Мас жүргізушілердің кінәсінен болып жүрген авариялар мемлекеттік автомобиль инспекциясында елеулі дабыл туғызып, қатты алаңдатады. Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1985 жылдың 1 июнінен күшіне енген «Маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күресті күшейту, самогон қайнатуға тиым салу жөніндегі шаралар туралы» Указы авариямен күресте пәрменді құралға айналды. Бұл документте жолда жүру ережелерін елемеуші жүргізушілерді жазалаудың қатаң шаралары қарастырылған. Мысалы, жүргізуші транспортты мас күйінде жүргізіп келе жатқанда ұсталса, оған алғашында 100 сом айып салынуы немесе 1 жылдан 3 жылға дейін жүргізуші правосынан айырылуы мүмкін. Ішіп алып рульде отыру жыл ішінде тағы қайталанса қылмысты жауапқа тартылып, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе 2 жылға дейінгі мерзімге түзету жұмыстарына жіберуге жазаланады, немесе 300 сом айып төлейді, әрі 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге жүргізушілік правосынан айрылады. Партия мен үкіметтің шешімдері бәрімізді профилактикалық, тәрбиелік жұмыстарды күшейтуге бағыттайды. Указ күшіне енгеннен бері республикамызда мас болып рульде отырғаны үшін мыңнан

ӨМІРГЕ ЕНГЕН ЖАҢА ҒҰРЫПТАР

Шымкент. «Көңілді ойын-сауық» — Шымкенттің Еңбекші аудандық мәдениспорт комплексі «Фосфор» өндірістік бірлестігі мәдениет сарайының алаңында ұйымдастырған бұқаралық халықтық серуен осылай аталды.

Бұл күні сарай мен оған іргелес территория көркем безендіріліп, ертеңгілік көңілді музыка ойналды. Микроауандарды аралай жүріп, жаршылар тұрғындарды мерекеге шақырып, оның программасымен таныстырды, жәрмеңке болатынын хабарлады. Балалардың ойын алаңдары жұмыс істеді.

Цыган, грек ансамбльдерінің, көркемөнерпаздар коллективтерінің өнері, сондай-ақ жүртшылық жаппай қатысқан көңілді шаралар, ойындар, викториналар көрермендерге қатты ұнады.

Жас автомодельшілер де өз өнерлерін көрсетті. «Қап киіп жүгіру», «Бөрене үстіндегі айқас» көңілді жарыстары көптеген қатысушылар мен көрермендерді жинады.

Өскемен. Бұл күні ауданының Верхнеберезовский поселкесінің тұрғындары Зоя Ивановна мен Семен Кузьмич Романцовтар үшін Мендельсонның үйлену тойы маршы ойналды.

Семья басшысы Березовский геологиялық-барлау партиясында 50 жылдай жұмыс істеді. Оның фамилиясы «Востказгеология» бірлестігінің Құрмет кітабына жазылды. С. Романцов жасаған тетік бұрғышыларға ондаған жыл қызмет етті.

Мүшелді той иелерінің өмірі жақсы орайласты. Ерлі-зайыпты екеуі төрт бала өсірді, олардың бәрі де мамандық алды. Жеті немересі мен шөбересі де өсіп келеді.

Салтанатты күні Романцовтар семьясында самаурын басындағы ән мен шат күлкі ұзаққа дейін үзілмеді.

Digitized by Google

астам жүргізуші қылмысты жауапқа тартылды.

Указда сондай-ақ автомобиль шаруашылықтарының жүргізушілер жұмысына жауапты адамдарға қатаң өкімшілік санкциялар қарастырылған. Мынадай мысал келтірелік. Мемлекеттік автомобиль инспекциясының қызметкері Алматы облысы автомобиль трассаларының бірінде Алматы тоған шаруашылығына қарайтын жүк машинасын тоқтатады. Тексергенде рульдегі шаруашылық қызметкері Р. Шетенбаевтың жүргізушілік күәлігі де, жол қағазы да жоқ, оның үстіне мас екен. Оны сапарға кім жіберді? Сұрақтың қойылуы заңды. Сонымен оны сапарға жіберген Т. Құмаров мемлекеттік автомобиль инспекциясында 100 сом айып төледі. Жүргізушіге де осындай мөлшерде айып төлеуге тура келді... Механикке де, жүргізушіге де бұдан былай қатаң шаралар қолданылуы мүмкін екендігі ескертілді.

Жолда жүру ережелерін өрескел бұзушыларға осындай шараларды бүкпесіз әрі жаппай қолдану республика жолдарындағы жағдайды біршама қысқа мерзімде елеулі түрде жақсартуға көмектесті. Указ күшіне енген алғашқы айларда-ақ мас жүргізушілердің кінәсінен болатын аварияларының азаю тенденциясы байқалды, сөйтіп олардың саны күрт қысқарды. Ал өткен жылдың қорытындылары бойынша мас жүргізушілер жасайтын жол оқиғалары 1984 жылмен салыстырғанда 22,6 процентке қысқарды, оларда зардап шегуші адамдар да азайды. Дегенмен қанағат тұтуға әлі ертерек. Қол жеткен оң өзгерістер — үлкен де қауырт жұмыстың бастамасы ғана, оның түпкі мақсаты — автомобиль транспортында маскүнемдікті түпкілікті тыю. Қазір мемлекеттік автомобиль инспекциясының службасы тәрбие жұмысына да көп көңіл бөледі. Мұнда жолдардағы оқиғаларды нысаналы түрде профилактикалау, автомобиль жүргізу мен алкогольді қолдану бір-бірімен сиыспайтындығы туралы жүргізушілерде берік ұғымды қалыптастыру ескерілп отыр.

Осы жұмыста еңбек коллективінде қоғамдық пікірді, адамгершілік ахуалды қалыптастырушы автомобиль шаруашылықтары мен гараждардың партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары, тәлімгерлер советтері, қоғамдық автоинспекторлар отрядтары, үгітшілер мен саяси хабршылар бізге үлкен көмек көрсетуде. Соның арқасында Өскемендегі бірінші және екінші автобус парктерінің, Қарағандыдағы № 3 автомобиль комбинатының, Солтүстік Қазақстан облысы Бесқөл тәжірибе шаруашылығы таражының, Алматы облысы «Алматы» совхозының коллективтерінде және республиканың басқа да көптеген гараждары мен автомобиль шаруашылықтарында транспортты мас күйде жүртізу оқиғалары күрт қысқарды.

Дегенмен бірқатар еңбек коллективтерінде жауапсыздық, жолда жүру ережелерін бұзушыларға ымырашылдықпен қарау көріністері бұрынғысынша сейілмей отыр. Мәселен, Талдықорған облысының бірқатар жолаушылар автомобиль кәсіпорындарында адамдарды тасымалдау ішкілікке салынушы жүргізушілерге тапсырылады. Тіпті наркологиялық диспансерде есепте тұрған адамдардың автобустарда жұмыс істеу фактісі де болды. Маскүнемді коллектив боп қорғау фактісін де ұшырататынымызды айтпауға болмайды. Бұл адамдарға теріс әсер етеді және мұндай көзқарасқа ымырашылдықпен қарауға болмайды.

Республикада адамдардың меншікті автомашиналары жыл сайын көбейіп

Жамбыл. Ауданның мәдени-спорт комплексінде халық шеберлері-ісмерлері жасаған бұйымдардың байқау-конкурсы болды. Жамбыл атындағы мектептің «Ісмер шеберлер» үйірмесінің мүшелері, «Өнеркәз» фабрикасы филиалының, тұрмыс қажетін өтеу, аудандық өнеркәсіп, былғары комбинаттарының қызметкерлері, Георгиевка селосының тұрғындары байқауға өз жұмыстарын ұсынды.

Көптеген экспонаттардың арасынан Қасық селосынан Сара Байтаева, оның ұлы Серік пен қыздары Сәуле және Галина жасаған бұйымдар көңіл аудартты. Ол тіккен ұлттық көрпе Москвада, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде тұр, ол Бүкілодақтық өнертаздардың көркем творчествосы байқауының лауреаты белгісімен наградталды.

Талдықорған. Текелі қаласының «Горняк» микроауданында Бейбітшілік көшесінің мерекесі өтті. Салтанатты кездесуде байырғы тұрғындар, соғыс және еңбек ардагерлері оның қалай пайда болып, өскенін, көркейгенін, қала мен өздерінің өміріндегі есте қаларлық оқиғалар туралы әңгімеледі.

Жасөспірімдердің «Фажел» клубының жас артистері бейбітшілік, еліміз халықтарының достығы туралы өлеңдер мен әндерді кездесуге қатысушыларға сыйға тартты. Мерекеге қатысушылар бейбітшілік үшін күрес туралы «Қарапайым адамдар не істей алады» деген деректі фильмді көрді.

Көше тұрғындары өз клубының фойесінде кесте тігушілердің «Іскер шеберлер» көрмесімен, балалардың бейбітшілік туралы суреттерімен және қабырға газеттерімен танысты.

Digitized by Google

келеді. Алайда жолда жүру қауіпсіздігі үшін өз жауапкершілігін солардың иелерінің бәрі бірдей сезінбейді. Меншікті транспорттағы аварияларға тым жоғары.

Мұндай жағдай алаңдатумен қатар таңдандырады да. Өйткені меншікті транспортты жүргізушілердің арасында кәмелетке жетпегендер жоқ, олардың бәрі де спиртті ішімдікті аз ғана мөлшерде қабылдағанның өзінде-ақ адамның есту және көру қабілетінің күрт кемитінін жақсы біледі.

Сапарға шығар алдындағы және одан кейінгі күнделікті медициналық байқаулар өздерінің тиімділігін баяғыда-ақ дәлелдеді, олар тек мастарды ғана емес, сонымен бірге сырқаттанған, қатты шаршаған жүргізушілерді де анықтауға көмектеседі. Алайда гараждар жанынан мамандандырылған медициналық пункттерді жаппай құру жолында елеулі кедергілер бар: көптеген автомобиль шаруашылықтарының штаттық кестесінде медицина қызметкерінің орны жоқ. Мұнда фельдшерлерді көбіне механиктердің, слесарьлардың қызметіне тағайындайды, бұл бақылаушы органдардың мамандандырылған медициналық пункттер жұмысына тиым салуына негіз береді. Осы мәселені дереу шешу қажет.

Селолық жолда автомобиль транспортын, дөңгелекті тракторларды мас күйде жүргізу фактілері әлі де жиі ұшырасады. Сол себептен бүкіл авариялардың тең жартысы осында болады. Техникалары бар кәсіпорындардың ведомстволық бытыраңқылығынан селолық жерлерде «тентек суға» әуесқойлармен күрес жүргізу қиындау. Енді автомобиль және трактор парктері Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінде шоғырланды және бұл авариялық жол бермеу жұмысын жеңілдетуде.

Сонымен бірге жолдардағы маскүнемдіктен ойдағыдай күрес жүргізу мемлекеттік автомобиль инспекциясы қызметкерлерінің жұмыс дәрежесіне тәуелді. Бүгінде біздің қызметімізде алға қойылған міндеттерді орындау үшін не қажеттің бәрі: жүрдек автомобиль транспорты, вертолеттер, сенімді радио байланысы мен оперативті медициналық экспертиза бар екенін айту керек. Жолда бақылау тәулік бойы жүргізіледі. Семейдегі Киров аудандық ішкі істер бөлімінің аға мемлекеттік автоинспекторы Ф. С. Халелов, Алматы қаласы ішкі істер басқармасының мемлекеттік автоинспекциясы жол-патруль қызметінің инспекторлары П. П. Шоколин, Н. И. Ильин және басқалар өздерін іскер қызметкер ретінде таныты. Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының ішкі істер басқармалары мемлекеттік автоинспекциясы бөлімдерінің қызметкерлері Л. А. Осинская, В. В. Пчелинцев және басқалар жолда жүру ережелерін насихаттауға белсене қатысады. Әйтсе де біздің қатарымызға өз міндеттерін орындауға салғырт қарайтын, жеке үлгі көрсетпейтін қызметкерлер тап болып қалады, рас, ондайлар бірлі-жарым. Мәселен, мемлекеттік автомобиль инспекциясының Павлодар облыстық бөлімінің қызметкерлері жол үстінде мас күйінде тоқтатылған жүргізушіге көңіл жықпастық жасағаны үшін өткір сынға алынды. Мұндай жәйттер Шымкент облысында да болды. Республиканың мемлекеттік автомобиль инспекциясы басқармасы бірде-бір жайсыз дабылды аяқсыз қалдырмайды, әр қызметкерге қойылар талапты арттыруда.

Бүгінде бүкіл еліміздегідей, республикамызда маскүнемдік пен алкоголизмді тыюға бағытталған жалпыхалықтық қозғалыс өріс алды. Оның өмірдің барлық саласында, соның ішінде автомобиль транспортында барынша кең ауқым алуы өте маңызды.

АЙЫҒУ

«Қазақфильм» киностудиясында түсірілген «Айығу» рылыми-көпшілік фильмнің премьерасы оның режиссері И. Гонопольскийдің қатысуымен мұнай өңдеу заводының мәдениет үйінде өтті.

Осы кино лентаның екінші тақырыбы да бар: «108/86 сырқаттың тарихы». Сценарийдің авторы — Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің бас психиатр-наркологы, медицина ғылымдарының докторы, профессор М. А. Гонопольский Владимир Алексеевич деген бір адамның сырқаты тарихының негізінде алкоголизмнің қауіпті, қатерлі сырқат екенін иланымды көрсеткен, ал алкоголизм өз құрбандығынан оңай арылмайды. Көрермендер өмірдің бүкіл қуанышы — семьясынан, сүйіп істейтін жұмысына деген қабілетінен айырылып қалған адамның рухани құлдырауының типтік тарихын көреді. Жылжып өтіп жатқан трагедия мынадай сөздермен сүйемелденеді: «Ішкілікке үйір әр адамның тең жартысы алкоголь ауруының құрбаны болады».

Фильмнің соңы да сонылық нанымды: дәрігерлер сырқатқа көмектесіп, қайтадан қалыпты өмірге әкелді. Бірақ фильмді жасаушылар біржолғы терапия зардапты құбылыстың бетін ғана қайтарады, ал одан толық айығу үшін сырқаттың тілегі мен табандылығы, медицинаның одан арғы көмегі мен айналадағылардың қолдауы да қажет.

Кездесудің соңында картина режиссері И. Гонопольский сұрақтарға жауап қайырып, творчестволық жоспарларын алмасты. Сондай-ақ оның алкоголизмнің адам зердесіне әсері туралы «Есімде жоқ» атты екінші фильмі де көрсетілді.

Қайғылы жағдайларға тап болмай, одан өзгелерді де сақтандырып, сырқаттың алдын алу үшін бұл фильмдерді ең үлкен аудиторияларда көрсету пайдалы.

Б. АНДРЕЕВ,

Digitized by Google

СУРЕТШІ-БЕЗЕНДІРУШІЛЕР МЕКТЕБІ

Жоспарлар мен творчестволық ойлар қаншалықты жетілдірілген болса да, көрнекі үгіт құралдарының ықпал жасау күші түптеп келгенде көбіне суретші-безендірушілердің идеялық-саяси деңгейі мен кәсіптік шеберлігіне тәуелді. Олардың осынау өте қажет. сапаларына деген талап үздіксіз өсуде. Көрнекі үгітті орындаушылар күнделікті сауатты басшылықты да қажетсінеді. Сондықтан көрнекі үгітті ұйымдастырушылар мен суретші-безендірушілердің білікті кадрларын даярлап, олардың идеялық-теориялық деңгейі мен кәсіптік шеберлігін көтеру, осы мәселе жөнінен қаланың бүкіл идеология активіне практикалық және методикалық көмек көрсету үшін қалалық партия комитеті жанынан көрнекі үгіттің методикалық кабинеті мен суретші-безендірушілердің екі жылдық мектебі құрылды.

Қалалық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі суретші-безендірушілер мектебіне басшылық жасайды. Оның активінің құрамында қаланың бас суретшісі, ауандардың архитекторлары, Целиноград ауыл шаруашылығы институты архитектура факультетінің, балалардың көркемдеу мектебінің оқытушылары, көркемдеу-өндірістік шеберханалар мамандары, СССР Суретшілер және Архитекторлар одақтары облыстық бөлімшелерінің мүшелері бар.

Мектепке тыңдаушылар қабылдау кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, партия ұйымдарының жолдамалары бойынша жүзеге асырылады. Оқуға түсушілер өтінішін, жұмыс орнынан мінездеме мен жолдаманы тапсырады. Оларды іріктеу әңгімелесу, бұрын орындалған жұмыстарды қарау негізінде жүргізіледі.

Оқу программасы екі жылға шақталған, жалпы саяси және арнаулы лекцияларды, практикалық сабақтарды қамтиды. Жылына 54 оқу сағаты жүктелімімен 18 сабақ өткізу қарастырылған. Олар айына екі рет, жұмыстан тыс уақытта өткізіледі.

Тыңдаушылар алдында қалалық партия комитетінің секретарьлары партияның ішкі және сыртқы саясатының актуальды мәселелері бойынша сөз сөйлейді. Сабақтарды жүргізуге мектеп активінің мүшелері, «Білім» қоғамының лекторлары тартылады. Сурет, живопись, мүсін, маркетри, саяси плакаттар, шрифтілер бойынша практикалық сабақтар өткізу білікті мамандарға тапсырылады, олар оқудың көрнекі құралдарын кеңінен қолданады.

Мәселен, ауыл шаруашылығы институты архитектуралық құрылыс кафедрасының меңгерушісі В. В. Гореев пен Суретшілер одағының мүшесі В. Н. Косяк саяси плакаттар, суреттер бойынша слайдтер мен методикалық құралдарды тұрақты қолданады.

Көрнекі үгіттің әралуан бағыттары бойынша оның үлгілері орналастырылған методикалық кабинет оқу аудиториясы ретінде пайдаланылады. Бұл: тақырыптық көрмелерді, үгіт пункттерін, Ленин бөлмелерін көркемдеу, қалаларды, микроауандарды, селоларды комплексті безендіру, кәсіпорындар мен ұйымдардың территорияларын безендіру, көрнекі үгіт орталықтарын құру және басқалар. Социалистік жарысқа, қаланы, демонстранттар шеруін мерекелік безендіруге арнайы тапсырмалар арналды. Мұнда қаладағы көрнекі үгіт құралдарының плакаттар мен ұрандардан бастап тақырыптық стендтерге, көрмелер мен Құрмет галереясына дейінгі барлық түрінің үлгілері жинақталған.

Оқу процесінде тыңдаушылар стендтерді, Ленин бөлмелерін, жатақханалардағы қызыл мүйістерді, саяси оқу кабинеттерін, демонстранттар шеруін, кәсіпорындардың интерьерлерін, өндіріс озаттары аллеясын, Құрмет тақтасын, социалистік жарыс экрандарын безендіру эскиздерін талдап жасаумен айналысады.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезіне әзірлік кезінде съезд қарсаңындағы партиялық документтерді оқып-үйрену, бүкілхалықтық социалистік жарысты кеңінен көрнекі жария ету барысында суретші-безендірушілердің идеялық-теориялық даярлығы мен практикалық тәжірибесі едәуір молықты. Партияның ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге бағдар алуына, халық шаруашылығында үнем режимін күшейтуге байланысты практикалық тапсырмалар сан-салалы болды.

Оқудың бірінші жылынан кейін сурет, живопись бойынша екі апталық жазғы практика өткізіледі, ол үшін кәсіпорын басшыларының келісімімен тыңдаушылар негізгі жұмысынан босатылады. Тәртіп бойынша, практика көркемдеу-өндірістік шеберханалардың, ауыл шаруашылығы институты архитектура факультетінің базасында, қала кәсіпорындары мен ұйымдарында өткізіледі.

Екінші оқу жылы аяқталғаннан кейін диплом қорғау алдындағы практика өт-

Digitized by Google

кізіледі, онда көркемдеу-безендіру жұмыстарының өралуан түрі бойынша заттай суреттер салынады. Тыңдаушыларға дипломдық жұмыстардың тақырыптары олардың практикалық тұрғыдан орындауы ескеріліп беріледі, ол үшін белгілі бір жұмыс көлеміне алдын-ала заявка қабылданады.

Тыңдаушылардың дипломдық жұмыстарының арасында — өнеркәсіп орындарындағы асханалардың интерьерлерін, заводтардың, дала қостарының территорияларын, мектеп, бала бақша фойелерін, үгіт алаңдарын, газет витриналарын, цехтардағы демалыс аймақтарын безендіру жобалары бар. Өткен жылы, мысалы, мектептің сегіз түлегіне «Социалистік жарыс — еңбекшілердің творчествосы» және қалалық есеп беру-сайлау партия конференциясы үшін көркем безендіру, монтаждау жұмыстарын жүзеге асыра отырып, «Целиноград XI бесжылдықта» көрмелерінің тарауларын әзірлеу тапсырылған-ды.

Оқу программасын ойдағыдай орындаған тыңдаушыларға қалалық суретші-безендірушілер мектебін бітіргендігі туралы тағайындалған үлгідегі куәлік пен олардың дипломдық жұмыстарын өндіріске енгізу ұсынысы тапсырылады. Өткен оқу жылында әрбір үшінші дипломдық жұмыс өндіріске енгізуге ұсынылды.

Мектеп басшылығы өз түлектерімен ұдайы байланыс жасап отырады. Олардың көпшілігі алған білімдерін творчестволықпен қолданып, көрнекі үгіттің идеялық мазмұнын, көркемдік орындалу сапасы мен деңгейін қазіргі талаптар тұрғысынан шебер жетілдіруде. Мәселен, мектепті 1983 жылы бітірген Ю. И. Кочерыжкин «Целиноград-

Қазақстан Компартиясы Целиноград қалалық комитеті жанындағы суретші-безендірушілер мектебіндегі оқу сабақтарының үлгі жоспары

№№ п. п.	Сабақтың түрі	Сабақтың тақырыбы	Жауапты адамдар
1	Лекция	КПСС көрнекті үгіт пен саяси плакатты одан әрі жетілдіру туралы	Қалалық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі
	Практикалық сабақ	Сурет. 1-тақырып. Сурет сабағына кіріспе: — көлемді формаларды көзбен қабылдау: — перспектива — суреттің негізі; — формасы; — жарық көлеңкесі; — сурет композициясы; — суретті есте сақтау және елестету арқылы салудың ерекшеліктері	Қаланың бас суретшісі
2	Лекция	Көрнекі үгіттің бұқараның еңбек және қоғамдық-саяси белсенділігін арттырудағы ролі.	Локомотив депосы парткомының секретары, «Қазахсельмаш» заводы парткомының секретары.
	Практикалық сабақ	Сурет. 2-тақырып. Перспективадағы геометриялық денелер тобы мен көлем, жарық берілістері бар заттар тобын табиғи тұрғыдан салу.	Целиноград ауыл шаруашылығы институты архитектура факультетінің оқытушысы.
3	Лекция	Көрнекі үгіттің ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, өндіріс тиімділігін арттыру, үнем мен ұқыптылық жолындағы күресте еңбекшілер белсенділігін дамытудағы міндеттері.	«Білім» қоғамының лекторы.
	Практикалық сабақ	Сурет. 3-тақырып. Техникалық сурет салу. Техникалық суреттің оның ортогональды проекцияларының деталдары бойынша немесе сыртқы форма мен ішкі мазмұнын есте сақтау арқылы беріліп, орындалуы.	Целиноград ауыл шаруашылығы институты архитектура факультетінің оқытушысы.
4	Практикалық сабақ	Сурет. 4-тақырып. Интерьер мен экстерьер, күрделі емес интерьерді сол күйінде салу. Жергілікті заттардың құрылымы мен жер бетінің элементтерін бейнелей отырып, экстерьердің суретін орындау.	Целиноград ауыл шаруашылығы институты архитектура факультетінің оқытушысы.

Digitized by Google

сельмаш» заводында суретші-безендірушілер тобын басқарады. Онда біздің бұрынғы тыңдаушыларымыз Г. И. Щеденко, Г. А. Фаст, А. Л. Берген де бар. «Қазахсельмаш» және вагон жөндеу заводтарында Е. А. Чухловина мен Ю. С. Южаков жемісті еңбек етуде.

Суретші-безендірушілер мектебі құрылғаннан бері оны 76 адам бітірді. Қазір олар қаланың барлық кәсіпорындары мен ұйымдарында дерлік жұмыс істейді. Олардың күш-жігер жұмсауы арқасында газ аппаратуралары заводында, «Целиноградкоммаш» бірлестігінде және локомотив депосында көрнекі үгіт тәрбие жұмысының пәрменді формасына айналды. «Целиноградсельмаш» бірлестігінің заводтарында ол жоғары деңгейде безендіріледі. Бірлестіктің базасында ауыл шаруашылығы машиналарының тиімділігін, сапасы мен сенімділігін арттыру жөнінен Бүкілодақтық семинар өткізілді.

Қалалық партия комитеті мектеп жұмысын одан әрі жақсарту туралы қамқорлық жасауда. Комплексте кабинетке қоса практикалық жұмыстар үшін шеберхана ашу белгіленуде. Озық тәжірибені насихаттау, көрнекі үгіт құралдарын пайдалану жөнінен стенд жабдықталады. Суретші-безендірушілерге көмек ретінде методикалық құралдары, ұсыныстары, журналдары бар арнайы кітапхана ашуға тура келеді. Теориялық және практикалық сабақтарды өткізу үшін мамандар кеңінен тартылатын болады.

В. СТАРУНОВ,
Қазақстан Компартиясы қалалық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

1	2	3	4
5	Лекция	Советтік саяси плакат және оның бейнелену тілі	Көркемдеу-өндірістік шеберхананың архитекторы.
	Практикалық сабақ	Плакат. 1-тақырып. Саяси плакат.	Суретші, көркемдеу-өндірістік шеберхана.
6	Лекция	Шрифтер. 1-тақырып. Шрифтер және символика, олардың көрнекі үгіттегі қызметі мен қолданылуы	Архитектор
7	Практикалық сабақ	Живопись, бояу, материалдар, орындау техникасы	Суретші
	Практикалық сабақ	Плакат. 2-тақырып. КПСС XXVII съезіне арналған плакат эскизін орындау.	Көркемдеу-өндірістік шеберхананың бас суретшісі.
	Практикалық сабақ	Плакат. 3-тақырып. Тақырыпты жаңжақты ашуға бағытталған өндірістік плакат.	»
8	Практикалық сабақ	Шрифтер. 2-тақырып. Шрифтердің түрлерін оқып-үйрену және олардың бедерлерінің ерекшеліктері	
	Практикалық сабақ	Живопись. Темпера.	Суретші. СССР Суретшілер одағының мүшесі.
9	Лекция	Бейнелеу өнеріндегі В. И. Ленинің образы	Көркемдеу-өндірістік шеберхананың суретшісі.
	Практикалық сабақ	Живопись. Гуашь, акварель.	Суретші
10	Практикалық сабақ	Монументті-декоративтік өнер.	Суретші
	Практикалық сабақ	1-тақырып. Мүсін. 2-тақырып. Маркетри	Суретші
11	Практикалық сабақ	3.-тақырып. Чеканка.	Суретші
12	Лекция	Көрнекі үгіт элементтерін үйлердің алдыңғы жағында, көшелерде, алаңдар мен интерьерлерде орналастыру.	Қаланың бас суретшісі
		Қалаға экскурсия жасау (1 сағат)	Қаланың бас архитекторы
		Оқу жылының қорытындысын шығару, үйге берілген тапсырмаларды тексеру, жазғы практикаға тапсымалар беру.	

Digitized by Google

КӘДУІЛГІ НӘСІЛШІЛДІК

Жарнама плакатынан түтік арқылы салқын сусын ішіп тұрған қара өңді бала алаңсыз күлімсірейді. Оның астындағы жазу былай деп шақырады: «Кока-коланы ішіңдер!». Оның жанындағы қабырғада бояумен былай деп шыймайланған: Қара өңділер... тайып тұрыңдар!» Көп нүктенің орнында Англияның, Францияның, Германия Федерациялық Республикасының тұруы мүмкін.... Қара өңді адамдарға деген өшпенділік Батыс Европаның бірқатар елдерінде барған сайын көбірек көрінуде.

Бұл фактіні буржуазиялық баспасөздің өзі де жоққа шығармайды. Дегенмен ол мұны қалай пайымдайды?

Егер батыстың идеологиялық кухнясының жалған хабарда ысылған шеберлерін тыңдар болсақ, мұнда проблема бар-жоғы ксенофобия — көптеген европалықтарға тән жат елдіктерден үйрейленушілік, сонымен бірге біздің тасқынды ғасырымызда адамның ашуланшақ, төзімсіз болуында. Ал бұған нәсілшілдіктің ешқандай қатысы жоқ, жалпы ізгі демократиялық дәстүрлер рухында дамушы Батыс Европа елдері үшін тән көрініс емес.

Бұл бертінде Англияда болды: Англия астанасының шығыс бөлігінде тұратын бенгалдық жас жігіт жолдасынан үйіне қайтып келе жатты, оған қарағы қылыста металл таяқтар ұстаған үш бұзақы бас салып ұра бастады. Басына, қолына ұрды, аяқпен тепкіледі, сосын оны қансыраған күйінде жол ортасында тастап кетті. Лондондық мектептердің бірінде 12 жасар баланың арқасынан пышақ салған, ол да Азиядан шыққан:..

Несі бар, дәстүрлер жайлы әңгімелейік.

Испандық басқыншылар Америкадағы өз зұлымдықтарын, осы құрылықтағы байырғы тұрғындарды қырып-жоюды ақтау үшін XVI ғасырдың өзінде үндістер «төменгі нәсіл» деп жарияланды. Өйткені олар, тұжырымдалғанындай, «маймылдардың адамдардан қандай айырмашылығы болса, испандықтардан да сондай айырмашылығы бар». Европаның феодалдық монархиясы, ал сосын дәуірлеген капитализм тонаушылық, жер-жерде орасан зор территорияны басып алу саясатын жүзеге асыра отырып, ақ нәсілдегі адамның артықшылығы, оның Азия, Африка және Латин Америкасы халықтарына үстемдік ету правосы туралы тұтасынан бірқатар аңыздарды ойлап шығарды.

Нәсілшілдік қазіргі күйінде адамдар нәсілдерінің физикалық және интеллектуалдық тепе-теңсіздігінің ғылымға жат жиынтығы ретінде XIX ғасырдың ортасына қарай рәсімделді. Сол кезде түрлі елдердің антропологтары кеңінен зерттеген нәсілдік айырмашылықты буржуазиялық идеологтар өзінің таптық мақсатында пайымдады, бір халықтың екінші халықтан артықшылығы идеясын негіздеу дәлелі ретінде пайдаланды, ал нәсілдік айырмашылық жүздеген жылдар бойы табиғаттың және әлеуметтік-тарихи жағдайлардың ықпалымен қалыптасты.

Нәсілшілдік идеологияны қалыптастыруда француз социологы, әрі жазушысы Ж. А. Гобино айрықша орын алады. Ол XIX ғасырдың 50-ші жылдарында «Адам нәсілдерінің тепе-теңсіздігі туралы» көп томдық еңбекті жариялады, онда арийліктерді аса дана да көрікті «жоғары нәсіл» деп, ал азиялықтар мен африкалықтарды мәдениеті төмен жандар деп жариялады.

Бұл бертінде Францияда болды: «байырғы француз» Ж. Молинес Париж іргесіндегі өз үйінің балконынан бір топ жасөспірім арабтарға карабиннен оқ атты. Балалардың бірі ауыр жараланып, көз нұрынан айырылды. Ал Лионда қайдағы бір Ж. К. Лопес ешбір себепсіз алжирлік Ахмед Бутельді атып тастады. Әділ сот органдары қылмыскер нәсілшілдерге сондай бір ымырашылдықпен қарайды. Ішінара айтқанда, кісі өлтірген Лопес бес жылға түрмеде ұстауға кесілді.

Гобиноның ізбасарлары аз емес, олардың ішінде Гитлер де бар. Ол Гобиноны өзінің тікелей дем берушісі деп жариялады, нәсілдік тепе-теңсіздік туралы теория нацистік идеологияның маңызды бөлігіне айналды. Адамзатқа мұның қаншаға түскені жақсы мәлім.

«Жоғары тәртіп адамдарының төменгі тәртіп адамдарына — немістердің басқа халықтарға диктатурасын» орнықтыруға ниет еткен (фашистік идеологияның «теоретигі» Розенберг оның басты принципін осылай тұжырымдады) гитлеризм жолына адам өліктерін тастап, мыңдаған қалалар мен селоларды күлге айналдырып, осы мақсатқа келе жатты. «Біз халықты қырып-жоюға міндеттіміз, — деп талап етті Гитлер өзінің қолжаулықтарынан, — бұл герман халқын қорғауымыздың миссиясына енеді. Біздің халықты қырып-жою техникасын дамытуымызға тура келеді.

Digitized by Google

Мен тұтас нәсілдерді жою туралы айтып тұрмын».

Осындай жауыздық шақырулар мен арбаудың сүйемелдеуімен фашистер миллиондаған орыстарды, поляктарды, украиндарды, еврейлерді, басқа ұлттар адамдарын атып тастады, жерге тірідей көмді, аштыққа ұшыратты, ажал лагерлерінде газ камераларында уландырып өлтірді.

Батыста кейбіреулер енді гитлеризмнің осындай зұлымдық қылмысын ұмытуға тырысып, есуас фюрердің нәсілшілдік жоспарын жүзеге асыруға жол бермеген совет адамдарының ерлігі туралы халықты ұмыттыруға мәжбүр етуге ұмтылады. «Коммунизмнің фашизмді жеңіп шығуы мереке үшін себеп емес». — деп мәлімдеді Германияны талқандаудың 40 жылдығы қарсаңында Германия Федерациялық Республикасындағы билеуші ХДС партиясының бас секретары Хайнер Гайслер...

Бүгінде Гайслер сияқты адамдардың неонацистік қазіргі топтардың қимыләрекетін қолпаштап, нәсілдік тепе-теңсіздік насихатында оларға қолдау жасайтынына таңдануға болмайды. Соңғы жылдары Германия Федерациялық Республикасында шетелдік жұмысшыларға шабуыл жасаудың, олардың үйлерін өртеудің, неофашистер жасайтын басқа да террористік актілердің шұғыл көбеюі тіпті де кездейсоқтық емес. Билеуші топтардың шетелдік жұмысшыларға деген нәсілшілдік өшпенділікті өршітуі Германия Федерациялық Республикасында жұмысшы табы мен жұмысшы қозғалысына іріткі салуға бағытталған.

Батыс германдық атақты прогресшіл жазушы Петер Шютт өзінің «Мавр өз ісін жасады» деген кітабында былай деп атап көрсетеді: «Бүгінде Германия Федерациялық Республикасының әрбір он екінші тұрғыны, сондай-ақ еліміздегі әрбір сегізінші еңбекші және әрбір төртінші оқушы шетелдік. Алайда олар Германия Федерациялық Республикасында әрдайым қоғамның тең праволы мүшесі ретінде емес, еңбектің жанды құралы ретінде қаралды». Петер Шютт мынадай сұрақ қояды: «Германия Федерациялық Республикасында нәсілшілдік бар ма?» Оған орынды жауап береді.

Бұл бертінде Германия Федерациялық Республикасында болды: Георгсвердерде, Гамбургтың жұмысшылар аудандарының бірінде неонацистік бұзақылар шетелдік жұмысшылар тұратын үйге басып кіріп, оның астан-кестеңін шығарды, қабырғаларға свастикалар мен фашистік ұрандарды шимайлап жазды.

Дамушы елдерден сан миллион иммигранттар Батыс Европаға қалай келген? Істің мәні мынада; дүние жүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін европалық капиталистік мемлекеттердің даму қарқынын ала бастаған экономикасы жұмысшы күшін өте-мөте қажетсінді. Өздерінің еңбек ресурстары жетіспеді. Кәсіпкерлер шетелдерден мейлінше арзан жұмысшы күшін тарту арқылы одан шығу жолын тапты. Батыс европалық үкіметтер де өз елдерінің есігін, ішінара айтқанда, африкалық, азиялық, латин американдық мемлекеттердің тұрғындары үшін ашты. Оларды шақырып қана қоймай, сондай-ақ жақсы жұмыс, жоғары жалақы, тұрғын үй беруге уәде етіп, арбады.

Соғыстан кейінгі бірнеше жыл ішінде Батыс Европаға демократия мен қатаң мүмкіншіліктер жағдайындағы уәде етілген «жұмақ» өмірге сеніп, миллиондаған жұмысшылар (олардың семья мүшелерін есептемегенде) келді. Иммигранттар тасқыны үнемі үдей берді.

Дегенмен Батыста экономиканың біршама өрлеуі іле дағдарыспен, тоқыраушылықпен алмасты. Иммигранттарға деген көзқарас та өзгере бастады. Егер бұрын оларды «қуатты экономиканы жасауға көмектесуші күш» деп атаса, енді Батыс Европаның бүкіл экономикалық қиыншылықтары байырғы европалықтар есебінен күн көретін шетелдік жұмысшылардың нақты орасан зор армиясының болуынан туындады деп айта бастады. Күні кеше оларды құшақ жая қарсы алса, бүгінде: «Сіздерді мұнда ешкім шақырған жоқ», — дейді. Күні кеше келушілерге жұмақ өмірге уәде етсе, бүгінде оларды аштан өлу шегіне қоюда.

Иммигранттар тарапына қоқан-лоққы айтылуда. Олардың бетіне: «Үйлеріңе тайып тұрыңдар! Мұнда сендердің енді керектерің жоқ!» деп айқайлайды. Ал сосын Батыстың бірқатар елдерінде иммигранттардың олардың территориясына енуін қиындататын заңдар қабылдады. Шектеу ауқатты адамдарға ғана таралмайды. Мәселен, Англияда мынадай заң қабылданды: бизнесмен-иммигранттың Ұлыбританияда кемінде 100 мың фунт стерлинг капиталы бар екеніне анықтама берсе немесе осындай соманы әкеле алатын болса оның мұнда өтуіне болады.

Енді Батыс Европада иммигранттар үшін азаматтық алу барынша қиындатылған. Ал бір кезде осында келген, осы заманғы кәсіпорындарды, автомобиль жолдарын салған адамдарды «қажетсіз элементтер» ретінде тезірек қуып шығуға ұмтылады.

Бұл жуықта Италияда болды. Удин қаласында (Фриули — Венеция—Джулия облысы) ондаған пышақ салудан 16 жасар Джакомо Валент қаза тапты. Осы іс жөнінен тұтқындалған екі баланың бірі, Валенттің кластасы былай деп мәлімдеді; ол негр болғандықтан өлтірдім. Римде және басқа қалаларда өңі қара адамдар соққыға ұшырайды. «Нәсілшілдік озбырлық біздің елімізді біртіндеп жайлауда», — деп жазды осыған орай «Унита» газеті.

Нәсілшілдік өшпенділік оған қолдау жасайтын, осы өшпенділікке бауыритын жерде белең алатыны құпия емес. Германия Федерациялық Республика-

Digitized by Google

сында, Францияда, Англияда және Батыс Европаның басқа елдерінде нәсілшілдік өшпенділікті өршітумен негізінен әсіре оңшыл нәсілшіл топтар, неонацистер айналысады.

Батыстың билеуші топтарының бүкіл саясаты бүгінде нәсілшілдік ымырасыздықпен қандырылған. Оның көмегімен халықтың назарын капитал дүниесіндегі өткір проблемадан басқа жаққа аудару үшін тиімді.

Дегенмен өмір, тарихи практика нәсілшілдік өшпенділікті өршіту де, капитализм өз позициясын нығайту мақсатымен іске қосатын басқа құралдар да оның даму заңын жоймайтынын және жоя алмайтынын бұрын да талай рет көрсетті, қазір де көрсетуде; ол қанаушы құрылыстың бүкіл түбегейлі қайшылықтарын шиеленістіруге, демек оның сөзсіз күйреуіне бастауда.

Л. ЗАХАРОВ.

НОМЕРДЕ:

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумы туралы информациялық хабар 1
Қазақстан Компартиясы Тексеру комиссиясының мәжілісі 1
Планетаны ядролық қарудан құтқарайық 2
Уәдеге берік болайық 4
Қазақстан Компартиясы XVI съезінің материалдары бойынша лекциялардың, әңгімелердің, саяси хабарлардың үлгі тақырыбы 6

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

Р. Шартықова. Басты көрсеткіш — сапа 7

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

А. Крыхтин. Ізбасарлар көбеюде 9

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

С. Шумский. Инициаторлардың ширақ қимылы 10

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Қалтаев. Жер қазынасы — бесжылдыққа 13
Біз космосты бейбіт мақсатқа пайдалануды жақтаймыз 15

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Клюев. Театр өнері — халыққа 18
Ж. Қалиев. Меншікті кітаптар — жұртшылықтың игілігіне 19

МАМАННЫҢ КЕҢЕСІ

А. Бекмағамбетов. Молшылық бастауы 21

АТЕИСТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ СЫРТТАЙ МЕКТЕБІ

П. Дик. Ортақ күш-жігермен 22

МАСКҮНЕМДІККЕ — БЕРІК ТОСҚАУЫЛ

Н. Шуров. Қауіпсіздіктің басты кепілі 24

КӨРНЕКІ ҮГІТ

В. Старунов. Суретші-безендірушілер мектебі 27

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Л. Захаров. Кәдуілгі нәсілшілдік 30

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы,
М. Горький көшесі,
№ 50 үй. Телефондар:
33-80-03, 33-80-07,
33-80-56, 33-80-73,
33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Н. Ж. ДӘНЕНОВ, А. О. ЕРЖАНОВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТКЕНБАКВ, Н. К. ОРЛОВСКИЙ, Т. С. САДЫҚҰЛОВ, В. А. СУХОВА, Б. Р. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор 30.01.86. Подп. к печати 18.02.86 г. УГ01057. Формат 70×108¹/₁₆. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 4,2. Краск. отиск. 3,8. Печать офсетная. Тираж 67256 (казахское издание— 33468 экз., русское издание 33788 экз.). Заказ 113. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН



Қарағанды. Сәкен Шаманов— Қарағанды көмір бассейнінің шахтерлері арасында алғашқы Социалистік Еңбек Ері, ол осы жоғары атаққа 1948 жылы ие болды. Ол — қаланың құрметті азаматы. «Карагандауголь» бірлестігінің «Северная» шахтасында отыз жылдан астам жұмыс істеп, ардагер көптен бері құрметті демалыста, сонда да 86 жасқа келгенімен ол кеншілердің жас ұрпағына коммунистік тәрбие беру жөніндегі қоғамдық жұмыс жүргізуді жалғастыруда.

Суретте: С. Шаманов.




Балқаш. «Халықтарға — бейбітшілік, шаруаларға — жер» деген осы медаль қалалық, облыстық, республикалық және Бүкілодақтық көрмелерге қатысушы, балқаштық суретші М. Г. Ысмағұловтың туындысы.



Алматы. Қаладағы кілем фабрикасы — бұл жоғары механикаландырылған кәсіпорын. Бірыңғай нарядпен жұмыс істеп, 38 бригада машиналарды қамтиды. Өткен жылы коллектив бесжылдықты орындағаны туралы рапорт берді. Он екінші бесжылдықтың алғашқы жылында ол жылдық жоспардан тыс 1000 шаршы метр кілем бұйымдарын өндіруге міндеттенді.

Суретте: тоқымашы Н. Таубаева (сол жақта) мен патроншы А. Терлікпаева фабриканың түрлі өнімдер кабинетінде.



Маңғышлақ облысы. Еліміздегі ең ірі Маңғышлақ атом-энергетика комбинатының кезекті тұщыту батареясында баптау-іске қосу жұмыстары басталды. Табиғи өзендері мен көлдері жоқ жарты аралды сумен жабдықтау проблемасын шешуге тағы 15 мың текше метр тұщы су беріледі. Комплекс ядролық реактордың қайталама жылуын пайдалануда. Мұндағы бүкіл процесс секілді осы өндіріс айналадағы ортаға залал келтірмейді, суды тұщыту технологиясы толығынан қалдықсыз технологияға айналады.

Суретте: атомды-тұщыту комплексі.

ҚазТАГ суреттері.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google



Қазақстан УГІТШІСІ

10
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google



Ақтөбе облысы. Ферросплав заводы № 2 цехының насихатшысы, экономист Телғазы Райымбердіұлы Өтепбергенов мастерлер, инженер-техник қызметкерлер оқитын экономикалық білім мектебінде екінші жыл сабақ береді. Оның әңгімелері терең талдаулармен, сәтті іріктелген фактілермен және кәсіпорынның өндірістік проблемаларымен тығыз қабысқан нақты тұжырымдауларымен ерекшеленеді.

Суретте: Т. Р. Өтепбергенов кезекті сабаққа әзірлену үстінде.
Суретті түсірген А. Либерчук (КазТАГ).

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

10

1986

МАЙ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІ ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ!

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 10, 1986 ж.

НОМЕРДЕ:

Іс үстінде қайта құрылуда 2

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

В. Шевчук. Жұмысшы жауапкершілігі . . 4
К. Уәлиева. Адамдарды іске бастайды . . 6

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЭНТУЗИАСТАРЫ

Л. Половинкина. Көңілің қалаған іс . . . 8

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Р. Әлімғожина. Әр адамды қамтудамыз . . 9
С. Харченко. Социологтар көмегі 11

САЛАУАТТЫ ТҰРМЫС ҮШІН

В. Саковцев. Сәлем, «Жолдас!»

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

М. Адайбеков. Стандарт тәртібі 13
Т. Караваева. Бағдар — тұтынушылар талап-тілегін ескеру 16

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС

Сүт өндіру қарқыны жоғары 18

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Клюев. Денсаулықты сақтауға қамқорлық жасалсын 21

АТЕИСТІК ТӘРБИЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРДЫҢ СЫРТТАЙ СЕМИНАРЫ

А. Комаров. Ғылыми атеизм музейі . . . 23
Т. Костина. Активистерді даярлауда . . . 23
А. Пак. Насихатшылық толысу мектебі . . 24

КӨРНЕКІ ҮГІТ

А. Баев. Таңдаулы үлгілер 26
Е. Зальцман. Карикатура табиғатты қорғайды 27

СҰРАҚҚА ЖАУАП

М. Тимошин. Еңбек кітапшасын толтыру туралы 28

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

С. Буланцев. Пуштундар неліктен қару ұстады 30
Жер шарының халқы 32

Digitized by Google

ІС ҮСТІНДЕ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУДА

Телевизия қаншалықты танымал болғанымен, газеттер мен журналдардың тиражы қаншалықты өскенімен, көгілдір экран да, баспасөз жолдары да адамдармен жанды, тікелей араласуды алмастыра алмайды. Республиканың партия ұйымдары бұқаралық-саяси жұмыста біраз тәжірибе жинақтады. Демек бүгінде партия XXVII съезінің **саяси және идеологиялық институттар жұмысының формалары мен әдістерін жаңарту да жеделдеу стратегиясына енетіні туралы** қағидасына сәйкес көп нәрсені қайта қарап, қайта құру керек.

Партияның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге арналған стратегиялық бағытын жүзеге асыру енді адам факторын бұрынғыдан да күшейтуді талап етеді. Партияның осы жұмысында да ауызша саяси үгіт кадрларының үлесі, олардың идеялық-теориялық даярлығы, кәсіптік шеберлігі өлшеусіз өсіп келеді.

Біздің республикамызда саяси баяндамашылардың, саяси хабаршылар мен үгітшілердің үлкен отряды бар. Олардың бүкіл қызметін жеделдету идеясына бағындыру керек. Олар партияның әлеуметтік саясатын жүзеге асыруға, социалистік өмір салтын, коммунистік мораль нормаларын орнықтыруға ықпал жасауға міндетті. Олардың парызы еңбекшілерді еңбек, өндірістік және шартты тәртіпті нығайтуға, өнім сапасын жақсартуға жұмылдыру. Олардың адамдармен нақты әңгіме жүргізуі маңызды. Ақиқатты, иланымды сөз ғана тыңдаушылардан үндестік табады.

Солтүстік Қазақстан, Гурьев және басқа облыстардың саяси баяндамашылары коллективтерге осындай сөздермен келеді. Еңбекшілердің сенімді әңгімеге үн қатып, өз ойларын алмасып, ұсыныстар айтуы кездейсоқтық емес. Мұнда саяси баяндамашыларға айтылған ұсыныстар мен сұрақтар жүйелі қорытылып, олар бойынша оперативті шаралар қабылданады. Саяси күн қорытындыларын жерде партия жиналыстарының, партия комитеттері бюроларының талқылауына ұсыну, оларды баспасөз бен радио арқылы жария ету қажет. Жариялылық, партияның XXVII съезінде атап көрсетілгеніндей, саяси мәселе. Сондықтан **жариялылықты мүлтіксіз жұмыс істейтін жүйеге айналдыру** керек.

Әр еңбеккердің қоғамдық-саяси және еңбек белсенділігін үнемі арттыра беру кезі адамдарды тәрбиелеуге олардың **жеке ерекшеліктерін, кәсіптік міндеттерін ескеру** арқылы байсалды қарауды талап етеді. Демек, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жолындағы күрес цехта да, танапта да, ғылыми лабораторияларда да, конструкторлық бюроларда да жүргізілуде.

Ол ғалымдар мен мамандардың, жұмысшылар мен инженерлердің психологиясын қайта құрудан, оларды интенсивтендіру проблемаларына бағдарлаудан басталады. Сондықтан ең алдымен ауызша саяси үгіт активистерінің жұмысты жеделдеу жағдайына бейімдеп, қайта құруы қажет. Бұл үшін, мәселен, Павлодар облысының партия ұйымдарында мыңнан астам саяси хабаршы мен үгітшіні ғылыми-техникалық прогресс мәселелері бойынша мамандандыруда. Тыңдаушыларды ғылым жетістіктерімен және техникалық жаңалықтармен таныстырумен қатар адамдарды техникалық творчествоға баурау, жұмыс уақытының әр минутына, халық қазынасына ұқыпты, шаруагерлікпен қарауға тәрбиелеу олардың міндетіне енеді. Активистердің өз коллективінде қол еңбегін қысқартуға, прогресті технологияны, рационализаторлық ұсыныстарды енгізуге, материалдық ресурстарды үнемдеуге қаншалықты ықпал жасағанын ескеру арқылы қоғамдық тапсырманы орындауына баға беріледі.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстерін басқару органдарын қайта құру жағдайында Азық-түлік программасын одан әрі жүзеге асыруға байланысты жауапты міндеттер туындауда. Республиканың партия ұйымдарында бұқараға ықпал жасаудың жаңа, мейлінше тиімді формалары іздестірілуде. Мәселен, Целиноград облысында ауыл шаруашылық науқандары тұсында **идеология комплекстері** құрылуда, олар еңбекшілерді саяси хабарландырумен қатар социалистік жарысты ұйымдастыруға, мәдени-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді жолға қоюға көмектесуде.

Халықтың түрлі категориясы, әсіресе жастар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жүргізуге жүйелі қарамайынша идеялық-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға қол жеткізу мүмкін емес. Соңғы уақытта саяси баяндамашылар жастар аудиториясында жиі сөз сөйлей бастады. **Диалог формасындағы кездесулер** көңіл бөлуге тұрады. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық партия комитетінің бірінші секретары С. С. Самойловтың аудан орталығы жастарымен осындай диалогы табысты өтті, оған аудандық комсомол комитеті мен аудандық атқару комитетінің қызметкерлері, кәсіпорындар мен шаруашылықтардың басшылары қатысты. Мұнда көптеген сұрақтарға жауап берілді. Осы әңгіме жастарды, комсомол жетекшілерін бригадалық мердігерлікті енгізуге бел-

Digitized by Google

сене қатысуға, салауатты өмір салты үшін күреске, селода мазмұнды бос уақытты ұйымдастыруға мегзеді.

Адамдармен жұмыс жүргізу үшін тұрғылықты жер бойынша мәдениет үйлерін, кітапханаларды, үгіт алаңдарын, қызыл мүйістерді және басқа мекемелерді кеңінен пайдалану маңызды. Қоғамдық-саяси клубтардың, саяси информация клубтарының қызметін жандандыру қажет. Республикада олар қыруар өсті. Кейбір облыстарда тұрақты үгіт пункттерінің жұмысы қайта құрылуда, оларда жастар, пенсионерлер және үй шаруасындағы әйелдер үшін мүдделілік клубтары белсенді жұмыс істейді.

Бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұнын жақсартып, пәрмеңділігін арттырудың сенімді жолы — **кадрларды мамандандыру.** Жер-жерде саяси хабаршылар насихаттың негізгі төрт бағыты бойынша мамандануда. Ірі коллективтерде социалистік жарыс жариялылығына, озық тәжірибені насихаттауға, еңбек тәртібі мен право тәртібін бұзуға бейім адамдар арасындағы жұмысқа жауапты үгітшілер бөлінуде. Олардың бір бөлігі тұрғылықты жер бойынша микроучаскелерге бекітілуде немесе атеистік насихатты жүргізеді.

Республикада саяси хабаршылар мен үгітшілердің көпшілігін аттестациялау өткізілді. Дегенмен бірқатар облыстарда ол үстірт өтті. Әйтпесе, Жезқазған, Торғай, Көкшетау облыстарында үгітшілердің көпшілігінің орта білімі жоқтығын қалай түсіндіруге болады? Оның үстіне саяси хабаршы тапсырмасын орталау білімді адамдарға жүктеу фактілері ұшырасады. Қазақстан Компартиясының XVI съезінде аталғанындай, республикада үгітшілер мен саяси хабаршылардың тең жартысы қағаз бетінде ғана бар. **Осы кадрлар құрамын жоғары білімді, саяси тәжірибесі бар коммунистер, мамандар есебінен нығайту, олардың жұмысын қадағалауды күшейту** — партия ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті.

Дегенмен ұйымдық мәселелерді шешу, активистерге тапсырма беру бұл істің бастамасы ғана. Олардың жұмысын тұрақты қадағалап, көмек көрсету, оқуын бақылау, жүйелі нұсқаулар беріп, хабардар ету маңызды.

Қазақстан Компартиясы XVI съезінде активистердің бәрі әр еңбеккерді қамти отырып, өз тапсырмасын іскер орындауын, бұқаралық-саяси жұмыспен шалғай және шағын елді мекендер, шопандар тұрағы, шалғай мал шаруашылығы учаскелері қамтылуын партия ұйымдарынан талап етті.

Кадрларды даярлау мен қайта даярлауда марксизм-ленинизм университеттерінің, саяси оқу үйлері мен кабинеттерінің, анықтама-информация орталықтарының мүмкіншіліктерін толық пайдалану керек. Саяси оқу жүйесінде оқу аяқталып келеді, дегенмен қазірдің өзінде-ақ **активистерді жаңа оқу жылында оқыту** формаларын ойластырып, тәрбиенің маңызды формасы ретінде жұмыстың жеке әдістерін, қарсы насихат методикасын олардың әрқайсының іскер меңгеруіне қол жеткізген жөн.

Жаңа бесжылдық елімізді аралап келеді. Партия идеясы материалдық күшке айналуда. Идеология активі іс үстінде өз жұмысын қайта құруда. Еліміздің үгітшілері, КПСС XXVII съезінің делегаттары «Агитатор» журналының 6-шы санында жарияланған «Біздің сөзіміз іспен өрнектелсін» деген хатында қоғамдық жұмыс жөніндегі өз әріптестерін **үгіт сөзінің, партиялық ықпалдың бүкіл күшін** әр адамның өткеріп отырған кезеңнің өткір бетбұрысты сипатын ұғынуына жетуге шоғырландыра беруге, социалистік жарысты одан әрі жетілдіруге, оның кеңінен жариялылығын қамтамасыз етуге ықпал жасаудан, өз үлгісімен артта қалушыларды ілгері бастап, ал «орташалардың» озаттар деңгейіне шығуына жәрдемдесуден өз парыздарын көре білуге шақырды.

Адамдардың істері мен мінез-құлқындағы нақты ұнамды өзгерістер, жеке адамның және бүкіл коллективтің жетістіктері ауызша саяси үгіттің әрбір активісінің жеделдетуге қосар үлесінің өлшемі болуға тиіс. Мәселен, В. И. Ленин атындағы Орал арматура заводының озат токарі, КПСС XXVII съезінің делегаты И. Шапошников съезден оралғаннан кейін жеке бесжылдығын В. И. Ленинның туғанына 120 жыл толуына дейін орындауға көтеріңкі социалистік міндеттеме алды. Ол өз кәсіпорнының жұмысшылары алдында сөз сөйлеп, өзінің еңбектің ұтымды тәсілдері, өнім сапасын арттырудың анықталған резервтері туралы айтты. Үгітші өнегесін көптеген станокшылар қостады. Мәселен, Л. Сорокиннің бригадасы бесжылдық тапсырмасын 4,5 жылда, ал КПСС XXVII съезінің делегаты еңбек ететін аспап цехының коллективі оны 1990 жылғы 7 ноябрьге дейін аяқтауға ұйғарды. Талдықорған облысы Панфилов ауданына қарасты Киров атындағы колхоздың звено жетекшісі, Социалистік Еңбек Ері, КПСС XXVII съезінің делегаты, тәлімгер К. Айтжанова өз коллективімен бірге үстіміздегі жылы бекітілген танаптың әр гектарынан 130 центнерден сапалы жүгері дәнін жинауға міндеттенді.

Ауызша саяси үгіт активисі әр күнді КПСС-тің ұлған-ғайыр жоспарларын орындау жолындағы күреске жұмсауға тиіс. Олардың өздері үшін нақты межелерді белгілеп, бұларды орындауға қол жеткізуі — істің жартысы ғана. Өз жолдастарыңды екпінді жұмыста өз соңынан ілестіру, жеке үлгіңмен, ақиқатты да иланымды сөзбен бауырау — олардың міндеті.

Digitized by Google

СӨЗ ІСПЕН НЫҒАЙТЫЛСЫН

Үгітшілердің, КПСС XXVII съезі делегаттарының «Агитатор» журналының алтыншы санында жарияланған хатын талқылауды жалғастырамыз. Бүгін үгітшілер В. Шевчук пен К. Уәлиева еңбек коллективтерінде үгіт-бұқаралық жұмыстың пәрменділігін күшейту туралы өз ойларын ортасады.

ЖҰМЫСШЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

В. ШЕВЧУК,
Жәйрем кен бақыту комбинаты жүргізушілерінің бригадирі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, үгітші

Жәйрем кен байыту комбинатының ауызша саяси үгіт активистері үгітшілердің, КПСС XXVII съезі делегаттарының «Біздің сөзіміз іспен өрнектелсін» деген хатымен зор ықылас қойып танысты. Оны талқылап, адамдармен өз жұмысымызда съезд делегаттарының практикалық кеңестерімен қаруландық.

Хатта былай делінген: «Істі жақсартып, аз шығынмен үлкен нәтижеге қол жеткізу мүмкіншіліктері табылмайтындай жұмыс орны жоқ». Мұны өз тәжірибемнен жақсы білемін. Жұмыс істеген ұзақ жылдар ішінде автомобильді жүргізу мен жөндеу жөнінен қаншама тәжірибе жинақтадым, енді оларды өз жолдастарыммен ықыласпен алмасудамын. Сонымен бірге басқа шоферлердегі бағалы тәжірибелердің бәрін пайдалануға ұмтыламын.

Жұмысшылармен әңгімеде үнем режимін нығайтуға үлкен мән беремін. Өткен жылы автомобиль шаруашылығымыздың жүргізушілері үнемделген материалдармен екі күн жұмыс істеді, 100 тоннадан астам дизель отыны мен бензин және 20 мың сомның запас бөлшектерін үнемдеді. Коммунистер Х. Ахмедьянов, Ф. Багриев, Т. Мүсілімов пен Я. Разумов басқаратын экипаждар материалдарды көптеп үнемдеуге қол жеткізді. Олардың есеп беттерінде үнемделген 12 мың литрден астам дизель отыны бар. Осы нәтижелерде үгітшілердің үлесі де аз емес. Демек біз әңгімелерде міндеттеменің қалай орындалып жатқанын жүйелі ескертіп, жанар майды және басқа материалдарды ұқыпты жұмсаушы жүргізушілер есімдерін атадық. Рейдтерге қатыстық, олардың қорытындылары бойынша молниялар шығардық, оларда өндіріске шаруагерлікпен қарайтындарды да, ұқыпсыздарды да атадық. Осының бәрі сайыс рухын сақтауға көмектесті, әр адамды өз жұмысының нәтижелері туралы ойлануға мәжбүр етті.

Партия съезінен кейін кәсіпорынның үгітшілері жұмыстың басты бағыттарын белгіледі. Біз, автомобиль шаруашылығының үгітшілері неге көңіл бөлеміз? Ең алдымен жұмыстағы резервтерді пайдалануға назар аударамыз. Ал бізде ол резервтер аз емес. Мысалға шоферлердің, экскаваторшылардың және олардың алмастырушыларының жұмысының жылжымалы графигін алайық. Ол еліміздің көптеген кеніштерінде ертеден қолданылуда. Жәйремде оны алғаш өткен жылы біздің бригадамыз 110 тонналық және 40 тонналық самосвалдар комплексінде қолдандық. Нәтижелер иланымды. Еңбек өнімділігі артты, адамдар аптасына бір күннің орнына екі күн тынығатын болды.

Digitized by Google



«Плакат» баспасы

Әйтсе де осы прогресті әдіс автомобиль шаруашылығымызда таралмады. Үгітші ретінде менің де көбірек табандылық көрсетуім керек еді.

Автомашиналарға тікелей май құю, 110 тонналық самосвалдар мен 8 текше метрлік экскаваторларды бір жұмыс комплексіне біріктіру секілді маңызды резервтер қалыс қалды. Немесе бес текше метрлік экскаваторларда сиымдылығы мол шөміштерді, ал машиналарда аса сыйымды көмір қораптарын пайдалануды алайық. Осының бәрі аршу процесін қыруар жеделдетуге көмектесер еді, ал мұнда біз жыл сайын артта қалып, берешегімізді ешбір өтей алмай келеміз.

Бұл мәселе Жәйрем жүргізушілерін ғана толғандырып отырған жоқ. Экскаваторшылардың атақты бригадирі, КПСС XXVII съезінің делегаты, үгітші Е. Алпысбаев өз сөздерінде, әңгімелерінде сондай-ақ комплексті бригадалар құруды ұдайы жақтайды. Оның белсенді араласуы, сондай-ақ комбинаттың басқа үгітшілері — экскаваторшылар, коммунистер В. Фурсовтың, Т. Оспановтың, П. Гольцтің, жүргізуші Т. Мүсілімовтың тоқырамаушылығы арқасында қазір іс тұйықтан шығарылды. В. Фурсов басқаратын алғашқы комплексті бригада қазір жұмыс істейді. Біздің бәріміз олардың табыстарын, туындайтын проблемаларды жіті қадағалаудамыз.

Біздің ілгері қарай жылжымауымызға оралғы болатын кедергілерді батыл жоятын кезіміз жетті. Біз реттілікті, ұйымшылдықты, барлық деңгейде еңбек пен технологиялық тәртіпті нығайтуда көп нәрсе жасай аламыз. Бұл біздің басты резервіміз, олар әрдайым қолымызда.

Сондай-ақ саналылықты, жұмысшы жауапкершілігін арттыруды өндіріс пен еңбек сапасын өсіру қарқынын жеделдетудің шешуші шартына жатқызған жөн. Қазір біз жас жұмысшыларға айрықша көңіл бөлудеміз. Жұмысшы табы қатарына қабылдау, жастарға тәлімгерлерді бекіту игі дәстүрге айналды. Мен өз әңгімелерімде жастарды еңбектегі жоғары қайтарымға мо-

Digitized by Google

ральдық тұрғыдан бейімдеп, олардың күш-жігері мен инициативасын, шаруагерлік сезімін оятуға ұмтыламын. Өйткені Жәйрем — бұл екпінді комсомол құрылысы, мұнда жастар да серпін беруге тиіс.

Комбинат үгітшілері социалистік жарысты дамытуға, оның кеңінен жария болуына ықпал жасаудан өз парызын көреді. Бізде еңбек сайысын ұйымдастыруда, әсіресе қорытындыларды шығару барысында ағаттықтар, формализм аз емес, демек келешекте адамдарды ең алдымен сапалық көрсеткіштерге, еңбек пен ресурстардың аз шығыны арқылы жоғары өнімділікке жетуге бағдарлай отырып, жарыс шарттарын дәлме-дәлдікте талдап жасау керек.

Жәйрем поселкесі,
Жезқазған облысы.

АДАМДАРДЫ ІСКЕ БАСТАЙДЫ

К. УӘЛИЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы «Зайсан» совхозының аға шопаны, шаруашылық партия комитетінің мүшесі, үгітші

Бүгінгі күнде біз өміріміздің көптеген жақтарына жаңаша қараймыз. ҚПСС XXVII съезінің шешімдері партия ұйымымызды, совхозымыздың бүкіл коллективін желпіндірді. Біз үгітшілердің, съезд делегаттарының хатын талқылай отырып, бұл жайлы терең қанағаттанғандықпен айттық, олар хатында бізді өзіміздің кәсіптік және қоғамдық міндеттерімізге мейлінше талғаммен қарауға, кезек күттірмейтін, бірінші кезекті істерді батыл қолға алуға шақырды.

Біздің совхозымызда мұндай істер аз емес. Олардың бастысы: шаруашылығымыздың негізгі саласы — мал шаруашылығын өрге бастыру. Мұнда бізде бәрі бірдей сәтті емес. Көптеген шопандар, соның ішінде коммунистер Қ. Мүліков, А. Көбікенов, Ж. Елжасов өткен бесжылдық тапсырмасын орындай алмады. Олардың көпшілігінің табысты жұмыс істеуі үшін барлық мүмкіншіліктері мен жағдайлары болғанымен оларды пайдалана алмады.

Өкінішке қарай, соңғы уақытта кейбір қызметкерлерде орын алмаған, «объективті» қиыншылықтарға сілтеме жасау, әлдебіреу келіп, тәртіп орнатады деп күту тіпті әдетке айналған. Турасын айтайын, мұндай көңіл-күй үшін біз, үгітшілер де аса жауаптымыз. Біз партия ұйымының нақты мәселелерді шешуіне нашар көмектестік. Мәселен, шаруашылықта фермаларды мамандандырып, механикаландыру, мал тұқымын жақсарту жоспары жасалған, алайда олар жұмысшыларға жеткізілмеді. Оның қағаз бетінде қалып қоюы мүмкін.

ҚПСС мүшесі, аға шопан Ш. Қәриевтің дербес ісі біздің бәріміз үшін өте-мөте елеулі тағлым болды. Ол жетекшілік ететін бригада жоспарды үнемі орындамады, оның өзі олқылықтарды партиялық тұрғыдан қатаң бақыламады, жұмысты ақсатып жіберді. Ұқыпсыз қызметкерді партиядан шығаруға тура келді. Басқаша жасауға болмайтын еді, дегенмен Қәриевтің жұмысына кезінде біз мүдделілікпен қарасақ, ол коммунистке тән қасиетпен істі жүргізе алатындай күшті өзінен табар еді.

Осы оқиғадан кейін өз бригадамда әңгіме өткізіп, өз міндеттеріне сын көзбен қарау, қасында тұрып, жұмыс істейтіндер туралы қамқорлық жасау маңызды екенін ашық айттым.

Басқалар сияқты өзіме де қаншама сұрақтар қойдым. Міне, комсомол-жастар коллективінде жұмыс істегеніме 12 жыл болды. Өткен бесжылдықта жоспардан тыс 700

Digitized by Google

қозы өсіріп, 14 центнер жүн қырықтым. Жаңа бесжылдықта осы нәтижелерді 20—25 процент арттыруға ұйғардым. Басқа үгітшілердің бәрі де көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Совхоз коллективінің өміріне белсенді ықпал жасау үшін біз озаттар тәжірибесін қорытуға көмектесуге, міндеттеменің орындалуын өзара тексеруге, кәсіптік-шеберлік конкурстарын өткізуге қатысуға, бір сөзбен айтқанда, әр адамды толық қайтарыммен жұмыс істеуге жұмылдыруға ұйғардық.

Жеке үлгімен баурауда

Орал. Мұнда қаланың үгіт активінің жиналысы өтті, онда үгітшілердің, КПСС XXVII съезі делегаттарының «Біздің сөзіміз іспен өрнектелсін» деген хаты талқыланды. Он екінші бесжылдықта еңбек коллективтері алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуде ауызша саяси үгіт активистерінің үлесін арттыру туралы мұдделі әңгіме болды. Механика заводының токары, үгітші Гора үгіт коллективінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қатысуы туралы айтты. Осы кәсіпорында үгітшілер инициативасы бойынша техникаға ұқыпты қарау жолындағы қозғалыс өріс алды.

«Омега» прибор жасау заводы үгіт коллективінің жетекшісі, К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводының инженері В. Иванов адамдармен жеке жұмыс істеуді күшейту, сөз бен істің бірлігіне қол жеткізу ұмтылысы туралы айтты. Жиналыста қаланың ауызша саяси үгітінің таңдаулы активистері — «Омега» прибор жасау заводынан Л. Немолчановаңың, Г. Сабыровaның, Н. Капрановтың, К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводынан В. Сидровиннің, Ю. Романовтың, В. Чушкиннің жұмыс тәжірибесі туралы әңгімеленді.

Арқалық. «Жеке үлгіңмен адамдарды алға бастау — үгітшінің басты парызы», — деді Амангелді ауданының Н. К. Крупская атындағы совхозы үгіт коллективінің жиналысында шопан, Қазақстан Компартиясы XVI съезінің делегаты Е. Бейсенов, —озат сөзі әрдайым иланымды, өйткені ол табыстар мен перспективалар туралы нені және қалай айту керектігін біледі». Озат шопанның сөзі ісінен ажырамайды. Ол төл алу науқанында ауданда таңдаулы нәтижеге жетті.

Үгітшілердің, КПСС XXVII съезі делегаттарының хаты талқыланған үгіт активінің жиналыстары көптеген аудандарда өтті. Державин ауданы ауызша саяси үгіт активистері алдында хат авторларының бірі, «Братолюбов» совхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі, КПСС XXVII съезінің делегаты Ж. Қабдуллин сөз сөйледі. Октябрь ауданы «Железнодорожный» совхозының сауыншысы В. Турко, Жақсы ауданының Совет Армиясының 60 жылдығы атындағы совхозының малшысы В. Рою өз жолдастарын алғашқы жылдың және тұтасынан бесжылдықтың тапсырмаларын табысты орындауға шақырып, жеке социалистік міндеттемелерін орындау барысы туралы айтты.

Балқаш. Кен-металлургия комбинаты орталық жөндеу-механика базасының үгітшілері шығарылатын өнім сапасын жақсарту, ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту үшін өздерінің еңбек коллективтерінде көп іс атқаруда. Үгіт коллективінің жиналысында құю-механика цехының үгітшілері М. Немыкинаның, Б. Кенбаевтың, И. Геберттің, О. Мозговойдың тәжірибелері мысалға келтірілді, олар адамдармен жеке жұмысты табысты жүргізіп, коллективтерде өзара талапшылдық пен принциптілік ахуалын жасауда.

Үгітшілер өз жұмысындағы ағаттықтар, жас жұмысшыларға жеткілікті ықпал жасалмайтыны туралы, артта қалушыларға көбірек көңіл бөлу қажеттігі туралы өткір айтты.

Қарағанды. Облыстық кәсіподақ советінде үш сала — металлургтердің, теміржолшылар мен кеншілердің тындырымды біріккен сменаларының мүшелерінің жыл сайынғы дәстүрлі кездесуі болды.

Кездесуге қатысушылар сабақтас коллективтердің үстіміздегі жылы барынша жатық жұмыс істей бастағанын, соның арқасында көмірді, металды және басқа өнімдерді тұтынушыларға жіберуді жеделдетудің, сонымен бірге облыс кәсіпорындарын шикізатпен және материалдармен қамтамасыз етуді жақсартудың сәті түскенін атап көрсетті. «Қарағандауголь» бірлестігінің тиеу-транспорт басқармасынан Н. Шитяков жетекшілік ететін смена, Тың темір жолы Қарағанды бөлімшесінен С. Ким мен В. Колтуновaның және Қарағанды металлургия комбинатының темір жол транспорты басқармасынан А. Гущинаның коллективтері социалистік жарыста біріншілікті жеңіп алды.

Өскемен. Шемонайха геология-барлау экспедициясының рационализаторлары талдап жасаған бұрғылау колонкасы еңбек өнімділігін 25—30 процент арттыруға көмектесуде. Ол жұмсақ, соның ішінде қиыршық тасты қабаттарды бұрғылауға арналған. Өткен бесжылдықта 9,5 жылдық жоспарды орындаған мастер Н. Комаров бригадасының жұмысшылары жаңалықты бірінші болып енгізді. Озық коллектив жаңа бесжылдықтың алғашқы екі жылының тапсырмасын Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін аяқтауға ұйғарды.

Digitized by Google

КӨҢІЛІҢ ҚАЛАҒАН ІС

Идеология жұмысының энтузиастары

«Мұндай адамды әрдайым тыңдағың келеді, онымен кездесуді әрқашан күтесің»,— саяси хабаршы, «Экибастузуголь» өндірістік бірлестігі Солтүстік тиеу-транспорт басқармасы бастығының орынбасары Виктор Григорьевич Сушко туралы осындай пікірлерді жиі естуге болады. Бұл сөздерден оның насихатшылық таланты мен тиянақты білімі, сондай-ақ жан дүниесінің тамаша сапалары: сезімталдық, адамдарға көңіл бөлушілік, қайсыбір мәселеге үн қатуға деген ұдайы әзірлік сезіледі.

Виктор Григорьевич өз әңгімелерінде (ал олар бізде бригадаларда өтеді) саяси өмір оқиғаларын еңбек коллективінің істерімен іскер қабыстырады. Ол өз тыңдаушыларына еңбекті ұйымдастырудың коллективті формасының тиімділігі, өндірістің ұқыпты иесі болу қажеттігі, жаңа техника мен технологияны енгізуде инициатива мен табандылық көрсету туралы ұдайы ескертеді. Қазір басқарма жұмысшыларының 70 процентten астамы бригадалық мердігерлікте жұмыс жасайды. Енді адамдар іске анағұрлым зор мүдделілікпен қарайды. Оның нәтижесі мынадай: жыл ішінде қосалқы темір жол тармақтарын жөндеу үшін 170 мың рельсті, 64 мың бекіткіш пен 6 мыңдай құбырды қайталап пайдаланды, жылжымалы составты жөндеу барысында 1000 тоннадан астам қара металл мен 9 мың тонна түсті металл қайта қолданылды. Жылжымалы состав депосының коллективінде 130 тоннадан астам дизель отыны үнемделді және 100 тоннаға жуық мотор майы қайта тазартуға тапсырылды. Өндірісті техникалық жағынан қайта жарақтандыру қарқыны жеделдеді. Бізде бүкіл коллективтің белсенді қатысуы арқылы ескірген электр агрегаттарының орнына осы заманғы қуатты жылу агрегаттары енгізілді.

Қоллектив өміріндегі қуанышты өзгерістер туралы айта отырып, саяси хабаршы әр адамның бей-



В. Г. СУШКО.

бітшілік жолындағы күрестің ұлы ісіне қосар еңбек үлесінің маңызын көрсетеді. Бұл күндері саяси хабаршы КПСС XXVII съезі шешімдерін түсіндіруге белсене қатысуда. Оның әңгімелерін өндірісшілер ғана емес, сондай-ақ мектептер мен орта кәсіптік-техникалық училищенің оқушылары да зор ықыласпен тыңдайды.

— Жастармен кездесуді ұнатамын,— деп мойындайды Виктор Григорьевич.— Жастардың партия саясатына деген зор ынта-ықыласы, оны өз еңбегімен қолдауға деген жалыңды әзірлігі қуантады. Біздің бәріміз, аға ұрпақ өкілдері, жастар есебінен насихатшылар, лекторлар, үгітшілер даярлау туралы көбірек қамқорлық жасауымыз, мұны мектеп, кәсіптік-техникалық училище қабырғаларында атқаруымыз керек қой деп ойлаймын.

Виктор Григорьевичтің өмір жолы да осы жайлы бейнелейді, бұл өте маңызды ғой. Ол насихатшылық жұмысқа оқушы кезеңдеақ тартылды, кейін әскерде саяси хабаршы болды. Иркутск инженерлік-экономика институтында оқыған кезінде жас лектор мектебін бітірді. Студенттер аудиториясы алдында, еңбек коллективтерінде лекция оқыды. Нақ сол кезде оның насихатшылық қызметке деген ынта-ықыласы оянды.


Қазір ол тәжірибесін жастармен еркін алмасады, «Экибастузуголь» бірлестігінің партия комитеті жанынан жұмыс істейтін идеология активі мектебінің сабақтарында жүйелі сөз сөйлейді, жас саяси хабаршылардың тәлімгері болып табылады.

— Виктор Григорьевич — өте қызықты әңгімешіл, — деп әңгімелейді инженер Н. И. Зуев, ол өзін насихаттық жұмыста Сушконың шәкіртімін деп есептейді. — Алғаш оның әңгімесінде болғанымда, оның білімінің байлығына, саяси оқиғаларды талдап, оларды тыңдаушылардың күнделікті істерімен қабыстыра білу іскерлігіне қатты таңдандым.

Сонда В. Г. Сушко жас насихатшыны өзінің әңгімелерге әзірлену әдістерімен таныстырды. Ол 1964 жылдан бері жекелеген әңгімелердің жазбаларын, газеттер мен журналдардың қиындыларын жинайды. Онда Екібастұздың дамуына қатысты материалдар бірнеше папкаға жиналған. Осы бай материалдарды пайдалану оның қажырлы жұмыс істеуі, өндіріс коллективінің барлық бастамаларына ықыласпен қатысуы саяси хабаршының өзінің әр әңгімесін иланымды, қызықты етіп құруына, тыңдаушыларды ойлануға, қимыл-әрекетке басқауына көмектеседі.

Л. ПОЛОВИНКИНА,
«Экибастузуголь» өндірістік бірлестігі партия комитетінің саяси оқу кабинетінің меңгерушісі.

Digitized by Google



ӘР АДАМДЫ ҚАМТУДАМЫЗ

Р. ӘЛІМРОЖИНА,
Семей қаласы Қазақстан Компартиясы Ленин аудандық комитетінің секретары .

Қолғап-трикотаж фабрикасының жұмысшысы Галина Федоровна Минеевааны Совет Одағының Батыры Владимир Засядко атындағы көшеде еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін біледі. Ол өзінің үгітшілік қызметін атқарған жылдарда бармаған семья жоқ.

Галина Федоровна тұрғындарды толғандыратын нәрселердің бәрін жүрегіне жақын қабылдайды, олармен бірге көшені көркейтуге және көгалдандыруға қатысады. Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі шешімдерді түсіндіру жөнінен үлкен жұмыс жүргізеді. Соның нәтижесінде тұрғындар өз көшесін «алкогольсіз аймақ» деп жариялауды ұйғарды. Үгітші «Көне, бір-бірімізбен жақынырақ танысайық» ұранымен өткізген кездесулер туралы адамдар зор лебізбен әңгімелейді. Осы кездесулерде көршілес үйлердің тұрғындары өздерін толғандыратын мәселелерді талқылап, төңірегі жайлы болуы үшін бірлесіп жасау керек болатын істер туралы уағдаласады. Мұнда ұзақ уақыттан бері қайсыбір право бұзушылық жоқ.

Тұрғылықты жерлер бойынша үгітшілердің мұндай белсенді қызметінің тұтасынан тағы бірқатар мысалдарын атауға болады. Ұзақ уақыт бойы мұнда олардың ықпалы шындап көрінбеді, ал тұрғын үй кварталдарындағы бұқаралық-саяси жұмыс көбіне үгіт алаңдарындағы кездесулерге саятын. Мұның барысында тұрғындар енжар тыңдаушылар ролінде болды, ал халықтың қыруар бөлігі мұндай шараларға жалпы қатыспады. Мұнымен ымыраласуға болмайтын еді. Бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысының пәрмеңділігін арттыра отырып, біз КПСС XXVII съезінің қажырлы еңбеккер немесе антисоциалистік мораль иесі болсын, адаммен барынша нақты, жеке жұмыс жүргізу тәрбие ісіндегі басты мәселе екені туралы нұсқауын басшылыққа аламыз. Ал бұл, өз тарапынан, партия ұйымдарын тұрғындармен жұмыста үгітшілер ролін көтеруге бастайды. Демек, осындай жағдайда ғана идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесі міндеттерін шындап шешіп, партия сөзімен әр адамды қамтуға болады. Қазір өтіп жатқан активистер жиналыстарында осы жайлы толық айтылуда, оларда КПСС XXVII съезі делегаттары-үгітшілердің хаттары талқылануда.

Қазір бізде партия ұйымдарының көпшілігінде тұрғылықты жер бойынша жұмысқа мамандануышы үгіт коллективтері құрылды. Мұның барысында біз санды қуаламай, үгіт коллективіне шын мәнінде беделді, адамдармен салиқалы диалогты толық жүргізуге, қажетіне қарай тұрғындар көтерген мәселелерді шешуге көмектесуге қабілетті адамдарды ғана енгіземіз.

Мәселен, жоғарыда аталған қолғап трикотаж фабрикасында кәсіпорын директоры В. Ф. Околелова бастаған 16 үгітші тұрғылықты жер бойынша жұмыс жасайды. Олардың әрқайсысының нақты, ішінара айтқанда жайсыз семьяларда, тәртіпті, қоғамдық реттілікті бұзушылар арасында т. б. жұмыс жүргізу тапсырмалары бар.

Тұрғылықты жер бойынша үгіт коллективтеріне, әдетте, кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың басшылары да енеді. № 3 жүк автомобиль кәсіпорнының директоры В. В. Литневский осы тапсырманы зор жауаптакершілікпен атқарады. Ол өткен жылы еңбек тәртібін бұзған қызметкерлер семьяларының бәрінде болып, онда ашық әңгімелесті. Виктор Викторовичтің есептеп отырғанындай, мұндай кездесулер екі жақ үшін өте-мөте пайдалы болды. Директор адамдарды тәрбиелеу мен өндірісті ұйымдастырудың мезгілі жеткен мәселелерін терең ұғына білді. Қызметкерлер, өз тарапынан, тәртіпті одан әрі бұза беруге, еңбек коллективінің және қоғамның мүддесіне қайшы қимыл жасауға болмайтынын ұғынды. Қазір жүк автомобилі басқармасында мынадай тәртіп орнықты: басшылар тағайындалған күндерде қызметкерлер семьяларына барады, мұнда тәртіп бұзушылармен ғана шектелмейді. Сондай-ақ «Большевичка» тігін бірлестігі партия комитетінің секретары Г. Г. Букреева, аудан прокуроры Ж. И. Байтүкбаев, шұлық фабрикасының директоры К. О. Мұқанова, № 2 автомобиль кәсіпорнының бастығы Р. Ф. Мұстафин және басқа бірқатар жолдастар тұрғылықты жерде адамдармен жұмыс жүргізуге көп күш жұмсайды.

Үгіт коллективтерінің құрамында сондай-ақ мұғалімдер, дәрігерлер істейді.

Digitized by Google

Мұнда ең алдымен № 6, 12, 28, 31 орта мектептердің педагогтары ізгі лебізге лайықты. № 12 мектептің оқу ісінің меңгерушісі, жас коммунист Р. М. Омарова семьяларда өзінің жиі болуымен қатар осы жұмысқа жоғары класс оқушыларын да тартты, олардың ардагерлер семьяларын қамқорлыққа алуын ұйымдастырды. Құрылыс техникумының үгіт коллективі директор, аудандық Советтің депутаты Н. Г. Матыцынның бастауымен белсенді жұмыс істейді. Тұрғылықты жер бойынша зор энтузиазммен жұмыс істейтін ардагерлер Ася Марковна Нелькинаны, Ольга Васильевна Токареваны және тұтасынан бірқатар басқа жолдастарды атағымыз келеді.

Тұрғылықты жер бойынша жұмысты жетілдіре отырып, аудандық партия комитеті онда тұрғындардың түрлі топтарының ерекшеліктері жақсы ескерілуіне қол жеткізуде. Бізде микроаудандардың әлеуметтік паспорты бұған жақсы қызмет етеді, олардан активтің күш-жігерін ең алдымен қайда бағыттау керектігі көрінеді. Ауданда балалар, жасөспірімдер, жастар тұрғындардың үлкен тобын құрайды. Әрбір алтыншы тұрғын — пенсионер, халықтың жартысынан астамы — әйелдер. Енді тұтасынан аудан бойынша да, бастауыш партия ұйымдарында да осы көлемді әлеуметтік топтардың әрқайсысымен жұмыс жүргізу жоспары жасалуда.

Бертінде аудандық партия комитетінде атақты әйелдермен кездесу-қабылдау өтті. Онда жұмыс істейтін, сондай-ақ үй шаруашылығындағы әйелдерді партиялық-саяси ықпалмен жақсы қамту, көп балалы семьялар үшін не жасау керектігі талқыланды. Ішінара айтқанда, әйелдер арасындағы түсінік жұмыстары үшін медицина мекемелерін, мектептерді, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, неке сарайын жақсы пайдалану ұсынысы айтылды. Қазір медицина, ғылыми-атеистік, педагогика және право білімдерін насихаттау жөнінен лекторийлер құрылуда. Әзірше алғашқы қадамдар жасалды, әйтсе де адамдар оларды оңды бағалауда. Мерекелер де ықыласпен пайдаланылады, оларда тұрмыстық қажетті өтеу қызметкерлері киімдердің, аяқ киімдердің үлгілерін көрсетеді, практикалық ұсыныстар береді. Тұрғылықты жер бойынша мүдделілік клубын құрудамыз, бұл үшін «Большевичка» өндірістік тігін бірлестігінің жатақханасы жанынан жұмыс істейтін «Хозяюшка» және финанс-экономика техникумының жатақханасында жұмыс істейтін «Ромашка» клубының тәжірибесін пайдаланамыз. Ең бастысы — партия ұйымдары әйелдердің өздерінің инициативасына сүйенуге ұмтылады. Бұл үшін әйелдер советтері мен комиссияларының ролін үнемі күшейтіп, олардың тұрғылықты жер бойынша да белсенді жұмыс істеуіне қол жеткізудеміз.

Қазір партия және кәсіподақ ұйымдары еңбек ардагерлерімен топтық және жеке әңгімелесулер өткізіп, олардың әрқайсысы партия ұсынған үлкен міндеттерді шешуге қандай үлес қоса алатынын анықтайды. Олардың көпшілігі шамаларына қарай еңбек қызметін жалғастыру тілегін айтып, өздеріне қоғамдық тапсырмалар беруді өтінді. Микроаудандар мен кәсіпорындарда еңбек ардагерлерінің галереяларын жабдықтау, олардың таңдаулы бастамаларын баспасөзде жария ету ұйғарылды. Бір сөзбен айтқанда, аға ұрпақтың орасан зор идеялық және адамгершілік потенциалын бұрынғыдан да анағұрлым пайдалануымыз керек.

Ауданда 35 жастар жатақханасы бар, демек оларда тәрбие жұмысын жолға қою партия, кәсіподақ және комсомол

Идеология жұмысының хроникасы

Талдықорған. Жетісудың еңбек коллективтерінің жаңа бесжылдықтағы жоспарлары туралы әңгімелейтін жылжымалы көрме І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында қойылды. Сосын ол облыстың селолық аудандарында көрсетіледі.

Көрмеге Талдықорған облысы индустриясы мен аграрлық-өнеркәсіптік комплексі кәсіпорындары өнімдерінің үлгілері, еңбек коллективтерінің ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қатысуы туралы әңгімелейтін материалдар қойылған.

Орал. «Уральскводопроводстрой» тресінің клубында партия, соғыс және еңбек ардагерлерінің КПСС XXVII съезінің делегаты, облыс орталығындағы Ленин аудандық партия комитетінің бірінші секретары Б. Т. Смағуловамен кездесуі болды.

Кездесуге қатысушылар аудан еңбекшілерінің еліміз коммунистері жоғары форумының шешімдерін орындау жөніндегі жұмысына қандай үлес қосатынын талқылады.

Өскемен. Құрылыс-жол институтында ай сайын Шығыс Қазақстан облысының қалалары мен аудандарында өткізілетін ғылым күндеріне оқытушылардың қатысу жоспары жасалды. Техника ғылымдарының докторлары И. Барам, О. Хан, ғылым кандидаттары У. Әлімбетов, Х. Гарифутдинов, Е. Буханцев, Б. Клюев, А. Сердюков және басқалар еңбек коллективтерінде экономиканы интенсивтендіруді жеделдету жолдары туралы жүйелі лекция оқиды.

Институт кафедралары облыстың бірқатар кәсіпорындарымен, колхоздарымен және совхоздарымен творчестволық достық одақ туралы шарт жасасты.

Digitized by Google

ұйымдарының, аудандық партия комитетінің айрықша қамқорлық жасайтын ісі болып табылады. Әр жатақханада үгіт коллективі жұмыс істейді, тақырыптық кештер, тәрбиелі қызықты адамдармен кездесулер, үгіт бригадаларының өнер көрсетуі, пікір таласы, спектакльдер мен фильмдерді талқылау өткізіледі. Жатақханалар тұрғындары мен жоғары кластардың оқушылары үшін жастардың «Ровесник» клубы құрылды. Ол студенттік жаңа асхана үйінде ашылды.

Біздің жастар жатақханаларының активистері семинарларда оқиды, оның соңғы сабағы қаланың таңдаулы жатақханасы — қолғап фабрикасы мен автомеханика техникумы жатақханаларының базасында өтті.

Дегенмен кейбіреулерде жатақхана уақытша баспана табуға болатын мейманхана түріндегі қоғамдық үй деген ұғым болатынын мойындау керек. Соңғы уақытқа дейін «Семсельстрой-22» және «Семжилстрой» трестерінің, геологиялық барлау экспедицияларының басшылары жатақхана мәселелерімен өте аз айналысты, сондықтан олардың есептері таяуда аудандық партия комитетінің бюросында тыңдалды. Бюро олардан тұрғындар арасындағы тәрбие жұмысын жолға қоюды түбегейлі жақсартуды, қажетті мәдени-тұрмыстық жағдай жасауды талап етті.

Қазір аудандық партия комитеті халықтың түрлі категорияларымен жұмыстың жүйелі жүргізілуіне және оған барлық қоғамдық ұйымдардың, халық депутаттары Советі атқару комитеті бөлімдерінің, мәдениет мекемелері қызметкерлерінің белсене қатысуына қол жеткізуде. Осыған орай он микроаудан-ның әрқайсысында жұмыс істейтін қоғамдық советтердің ролі өсіп келеді. Олардың көмегі арқылы осы советтер тұрғындармен жұмыс үшін қажетті орынды тапты. Сөйтіп осы мақсаттар үшін «Большевичка» тігін бірлестігі, шұлық фабрикасы, геологиялық-барлау экспедициясы, селолық құрылыс комбинаты, № 14 орта кәсіптік-техникалық училище, орта мектеп, «Рахат» тұрмыс үйі қызыл мүйістерін, акт және спорт залдарын жүйелі береді. Әр микроауданда үгіт алаңы, қарапайым спорт снаряды жабдықталды.

Тұрғын үйлер, аудандарында маскүнемдік пен алкоголизмге тиым салу жөнінен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы арнайы айтқымыз келеді. Оның формалары алуан түрлі. Бұл — право сақтау органдарының қызметкерлерімен жүйелі кездесулер, жолдастық сотының алкогольді көп пайдаланушы адамдарға жүргізетін ашық мәжілістері, әрине, семьядағы әңгімелер. Милиция мен баспасөз қызметкерлерінен, депутаттардан, халық бақылаушыларынан, салауаттылық жолындағы күрес қоғамы мүшелерінен тұратын топтар микроаудандар, сауда мен қоғамдық тамақтану кәсіпорындары, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелері бойынша рейдтер өткізеді. Рейдтердің қорытындысы апта сайын маскүнемдік пен право тәртібін бұзушылықтың фактілері бойынша оперативті шаралар қабылдаудың аудандық штабының мәжілісінде шығарылады. Осы шаралардың бәрі өз нәтижелерін беруде. Үстіміздегі жылы медициналық айықтырғышқа түсуші адамдар саны 40 процент азайды.

Демек маскүнемдікпен күресте, сондай-ақ тәрбие жұмысының барлық басқа бағыттарында біздің әлі де көп нәрсе жасауымыз керек. Ең алдымен бұқаралық шараларды жеке қатынас жасаумен шындап қабыстыруды үйрену, адамдармен бүкіл жұмыстың жоғары пәрмеңділігіне қол жеткізу керек.

СОЦИОЛОГТАР КӨМЕГІ

1978 жылдан бері Қазақстан Компартиясы Қостанай облыстық комитеті жанынан социологиялық зерттеулер советі жұмыс істейді. Оған КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының идеология жұмысы кафедрасының қызметкерлері белсене қатысуда.

Облыстың село еңбеккерлерінің саяси хабардарлығын зерттеу совет активистері орындаған облыстық партия комитетінің аса ірі тапсырмаларының бірі болды. Оның барысында село тұрғындарының 40 процентке жуығының әр аптада лекторлармен, баяндамашылармен, саяси хабаршылармен ресми емес байланыстары бар екені анықталды. Нақ осындай кездесу кезінде сұралғандардың 72 процентті жұмыс туралы, 59 процентті — халықаралық оқиғалар туралы, 68 процентті — тұрмыс жағдайы, 38 процентті — экономика туралы әңгіме қозғады. Осыған орай семинарларда ресми емес жағдайда адамдармен дәлелді әңгімелесіп, әр адамның болып жатқан оқиғаларға деген дұрыс көзқарасты меңгеруіне қол жеткізу қажеттігіне үгітшілер мен саяси хабаршылар назары аударылды.

Сұрау жүргізу село тұрғындарының жергілікті өмір мәселелерінен жеткілікті хабардар еместігін анықтады. Адамдар өздерінің коллективтерінде үнем мен ұқыптылық жолындағы күрес қалай өтіп, жаңа техника мен озық тәжірибені енгізу жоспарының қалай орындалып жатқанын әрдайым біле бермейді екен. Кейбір партия ұйымдары шалғай елді мекендердің тұрғындарын, үй шаруашылығындағы әйелдерді, пенсионерлерді және қоғамдық өндірісте істемейтін басқа азаматтарды жүйелі ха-

Digitized by Google

барландыру туралы қамқорлық жасамады. Мынадай деректер де мықтап ойлануға жетеледі: село еңбеккерлерінің 40 проценті достарынан, туысқандарынан және таныстарынан қоғамдық өмірдің қайсыбір құбылыстарын түсіндіруді өтінеді. Жақын адамдардың бір-бірінен жаңалықтарды біліп, хабарларды алмасуы әбден орынды.

Зерттеулер негізінде ұсыныстар талдап жасалды. Енді партия ұйымдарында ауызша саяси үгіт кадрларын іріктеуге мейлінше қатаң қарайды. Оларды қоғамдық-саяси аттестациялау бұған көмектесті.

Малшылар күні информациялық тұрғыдан мейлінше толымды бола түсті. Олар енді облыстық және аудандық ұйымдар мен мекемелер басшыларының қатысуымен әр бейсенбіде өткізіледі.

Адамдармен жатық жұмыс істеуде, оларды саяси хабарландыруда мүдделілік клубтарының ролі де өсті. Екі жыл ішінде селолық аудандарда олар екі есе көбейді, қазір 300-ге жуық клуб бар.

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVI съезі бұқаралық-саяси және тәрбие жұмысына қойған талаптарға сәйкес қазір социологиялық зерттеулер советі адамдармен жеке жұмысты жетілдіру, адамдардың еңбек белсенділігін дамытуда, социалистік жарысты өрістетуде ауызша саяси үгіттің ролін арттыру секілді ірі проблемаларды зерттеуде.

С. ХАРЧЕНКО,
Қазақстан Компартиясы Қостанай облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.

Салауатты тұрмыс үшін

Сәлем, «Жолдас!»

С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтының комсомол комитетінің және педагогика кафедрасының инициативасы бойынша жоғары оқу орнында студенттердің «Жолдас» клубы ашылды. Студенттер мен оқушылар өздерінің оқудағы, еңбектегі, спорттағы табыстарын алмасып, жастарды тебірентетін тақырыптарда пікірталас өткізу үшін жастардың алкогольсіз «Фламинго» және «Лето» кафелерінің жайлы, мерекедегідей жиналған залдарында аптасына екі рет кездеседі. Мұндай кездесулердің ұдайы қонақтары — партия, соғыс және еңбек ардагерлері.

«Жолдас» клубындағы соңғы кездесулердің бірі «Музыка және біз» ұранымен өтті. Музыка училищесінің музыка зерттеушісі А. И. Бикеева Моцарттың творчествосы туралы қызықты лекция оқыды.

Кештің жүргізушілері, студенттер О. Евстифеева мен Л. Беккер «Кім, қайда, қашан?» музыкалық конкурсын алғырлықпен әрі ойлылықпен өткізді. Қонақтардың романстарды, билерді жақсы орындауы, өлеңдер, күлкілі әңгімелер мен көріністер қоюы қарастырылды. Ұлы Отан соғысына қатысқандар — институттың аға оқытушылары Б. Т. Нұртазин мен М. А. Жұмағожин үшін соғыс жылдарының әндері арнайы әзірленді. Ал кеш аяқталғанда келесі кездесудің тақырыбы бірлесіп анықталды. Ол «Бейбітшілік жылынан — бейбітшілік ғасырына» ұранымен өтеді.

Қызықты программаны құруда клуб жетекшісі, педагогика кафедрасының доценті Е. А. Дмитриенконың, физмат деканы Т. Д. Дәуменовтың, клубтың белсенді мүшелері М. А. Югайдың, Ж. Әбжановаңың, А. С. Искаковаңың, А. А. Арапованың және басқалардың қызметі зор.

Студенттік клуб салауатты өмірдің белсенді насихатшысына, студенттердің бос уақытын қызықты әрі мазмұнды ұйымдастырушыға айналды.

В. САКОВЦЕВ,
С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтының доценті.



Жамбыл облысы. «Шарапсыз да көңілді, мерекелі» — «Каратау» өндірістік бірлестігі біріккен редколлегиясының мүшелері өздерінің суретті газетінің кезекті санын осылай атады. Онда алкогольсіз өткен үйлену тойы, джаз музыкасы кеші, қызықты дискотека туралы айтылды.

Суретте: редколлегия мүшелері суретті газеттің материалдарын іріктеуде.

Суретті түсіргендер И. БУДНЕВИЧ пен Г. КОШКИНЦЕВ (КазТАГ).

Digitized by Google

СТАНДАРТ ТӘРТІБІ

М. АДАЙБЕКОВ,
Қазақ республикалық мемлекеттік стандарттар басқармасының бастығы

Өнімнің жоғары сапасы жолындағы күрес жаңа бесжылдықта еліміз еңбекшілерінің бүкіл практикалық қызметінің алдыңғы қатарына ұсынылуда. Партия халық алдына мәселені былай қойды: бүгінде жоғары сапасыз ғылыми-техникалық прогресті жеделдету мүмкін емес. Алдағы кезеңге арналған міндет СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының Негізгі бағыттарында дәлме-дәлдікте тұжырымдалған: «Өнім мен қызмет көрсету сапасы отандық және дүние жүзілік таңдаулы жетістіктер дәрежесіне дейін көтерілсін». Он екінші бесжылдықта одан бұрынғы бесжылдықпен салыстырғанда сапаның жоғары категориясындағы өнеркәсіп өнімдерінің үлесін 1,9—2,1 есе көбейту, роботты техниканың беріктігі мен ресурсын арттыру, сапаны басқарудың комплексті жүйесін енгізуді негізінен аяқ.ау белгіленді.

Дайын бұйымның техникалық және эстетикалық дәрежесі, оның пайдаланудағы беріктігі өндірістің түрлі кезеңдерінде көптеген факторлерге тәуелді. Демек ең алдымен болашақ өнімдерді талдап жасау сатысында оның барлық параметрлері қалыптасатын стандарттарды жетілдіру дәрежесіне тәуелді. Партияның XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында жобалау барысында нормадан ауытқушылық осы заманғы талаптарға жауап бермейтін товарлар шығарудың басқа мейінше елеулі себептері арасында бірінші болып аталды: «Конструкторлық шалағайлық, технология талаптарынан ауытқу, сапасыз материалдар қолдану, нашар әрлеу салдарынан біз көптеген материалдық және моральдық шығындарға ұшырап жүрміз. Машиналар мен приборлардың дәлдігі мен беріктігіне, халықтың товарлар мен тұрмыстық қызметтер жөніндегі қажеттерін қанағаттандыруға нұқсан келеді».

Ақаулы өнімдер шығаруға жол бермеу үшін партия нұсқауын басшылыққа алып, түбегейлі шаралар қолдану: материалдық және әкімшілік ықпал жасаудың бүкіл күшін қолдану, біздің заңдарымызды пайдалану қажет. Өнім сапасын арттыру мақсатымен осы шараларды жүзеге асыруда, оны аттестациялау объективтілігінде мемлекеттік стандартқа айрықша талаптар қойылады.

Жауапты міндеттерді орындау үшін Қазақ республикалық мемлекеттік стандарт басқармасының территориялық органдарының айтарлықтай тексеру базалары бар. Мұның өзі 16 мыңнан астам тексеру жабдықтарының өлшемі, олардан 3 мыңнан астам өлшем он бірінші бесжылдықта алынды. Елімізде өлшем бірлігін қамтамасыз ететін метрологиялық қызмет мемлекеттік және жұмыс эталондарының, өлшеу, өлшеу приборлары қондырғылары құралдары үлгілерінің үлкен паркі бар. Оның үстіне Қазақстанда тексеру және жөндеу правосы бар 479 ведомстволық метрологиялық қызмет құрылды.

Республикада өлшеу құралдарын аттестациялау кеңінен таралды. Стандартталмаған приборлар, сынау стендтері, технологиялық желілер, лабораториялар, инспекциялар аттестацияланады. Қазақ республикалық мемлекеттік стандарт басқармасы мемлекеттік тұқымдық инспекцияны метрологиялық аттестациялау әдістерін жасаушыға айналды. Енді осы жұмыс одақтас республикалардың көпшілігінде жүргізіледі. Қазақстанда осы заманғы жабдықтармен жарақтанған және біліктi мамандары бар бір мыңға жуық сынау қызметі жұмыс істейді.

Соңғы кезде біздің территориялық органдарымыздың мемлекеттік арбитражбен, прокуратурамен, халықтық бақылаумен және стандартсыз өнімдер шығаруға тиым салу жөніндегі басқа бақылаушы органдармен өзара қимыл-әрекеті мейлінше тығыз бола түсті.

Стандарттарды сақтау мен өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етуді кәсіпорындар басшыларынан талап ету күшейді. 1984 жылы майда шыққан СССР Жоғарғы Советі Президиумының «Стандарттау мен өнім сапасы, өлшеу құралдарын айналымға шығарып, ұстау, оларды пайдалану жөніндегі ережені бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы» Указы бұған әсер етті. Мәселен, өткен жылы аудандық және қалалық атқару комитеттерінің әкімшілік комиссиялары мыңнан астам істі қарады, немқұрайдылығы, сапасыз өнім шығаруға жол бергені үшін бірқатар қызметкерлер қылмыстық жауапқа тартылды.

Талапты күшейтуді тәрбие, ұйымдық және техникалық жұмыспен қабыстыру қызметкерлер жауапкершілігінің өсуіне ықпал етті. Сонда да кәсіпорындардың бәрінде бірдей өнім сапасын түбегейлі жақсартуға кіріскен жоқ. Ақауды

Digitized by Google

көбіне қайсыбір объективті себептермен ақтауға әрекеттенеді. КамАЗ двигательдерін жөндейтін Қостанай заводында былай болды, ол 1982 жылы двигательдерді жөндей бастады. Сол жылы-ақ мемлекеттік бақылау органдары жөндеуден кейінгі бұйымдардың ақауларын анықтады. Дегенмен двигательдерді жөндеу енді ғана басталғаны ескеріліп, экономикалық санкциялар қолданылмады. Әйтсе де завод басшылары жұмыс сапасын жақсарту жолдарын іздестірумен өзін ауырлатқан жоқ. Өткен жылы жөндеуден кейін тексерілген двигательдердің бәрі техникалық шарттар талаптарына сәйкес келмеді. Отынның сағаттық жұмсалуы 1,3 есе асып түсті, гильзалардың геометриялық мөлшері чертеждер талаптарына сай болмады. Бір жыл ішінде ғана заводқа 254 рекламация түсті, барлығы 12 миллион сомның дерлік стандартсыз өнімі шығарылды. Дегенмен мұнда кемшіліктермен ымыраласпаса, үнемі объективті кемшіліктерге сілтеме жасамаса нәтижелердің басқаша болуы өбден мүмкін еді. Мемлекеттік стандарт қызметкерлерінің қатысуымен қалалық партия комитетінде өткен талқылаудан кейін коллектив істі шындап қолға алысымен жағдай өнім сапасы тұрғысынан жедел жақсара бастады. Әрине мұнда әлі де көп нәрсе жасау керек, сонда да ең бастысы — завод жұмысшыларының, инженерлерінің, техниктерінің, коммунистерінің мемлекет алдында өз парызын абыроймен орындауға деген ұйғарымы айқын.

Елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының Негізгі бағыттарында «Өнімге қойылатын стандарттар мен техникалық шарттарды қайта қарау жеделдетіліп, олар дүние жүзілік ең жоғары жетістіктерге бағдарлансын» деп айрықша атап көрсетілген. Бұл жағдайда өнімді аттестациялау бірінші кезекті маңыз алуда. Ол ғылыми-техникалық прогрестің қуатты двигателіне айналып келеді.

Талдаулар көрсеткеніндей, мемлекеттік сапа белгісімен шығарылатын өнімдердің жалпы мөлшерінің 80 проценті өнім сапасын басқарудың комплексті жүйесін енгізген кәсіпорындарға келеді.

Республиканың бірқатар кәсіпорындары өнімнің жартысынан астамын мемлекеттік Сапа белгісімен шығарады. Олардың ішінде Степногорск подшипник заводы, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, «Манкентживмаш» заводы және басқалар бар. Алматы ауыр машина жасау заводында өнімді аттестациялау жөнінен үлкен жұмыс жүргізіледі. Оның коллективі өнімнің техникалық-экономикалық дәрежесін арттыру жөнінен жүйелі жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта мұнда құрметті бесбұрышпен он үш бұйым шығарылады. Аттестациялануға тиісті бұйымдардың мөлшерінде осы өнімнің үлес салмағы 1985 жылдың қорытындысы бойынша 75,9 процент болды. Бесжылдық жылдарында мұндай кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 2,5 еседен астам өсті. Қазір 674 коллектив өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттырудың комплексті жүйесін талдап жасаумен айналысады.

Әйтсе де Сапа белгісіне ұсынылған өнімдердің көбіне өте ұдайы сапалы деп атауға болар-болмас қана негізі бар екенін айту керек. Осы себептен Алматының Октябрьдің XX жылдығы атындағы заводында токарлық-бұранда кескіш және токарлық-құрама станоктар құрметті бесбұрыштан айырылды, олар мемлекеттік стандартқа сәйкес келмеді.

Осы кәсіпорында аз шығынмен жақсы, оперативті түрде жоғары сапалы бұйымдар шығаруды мықтап ойластырды. Заводтың партия-шаруашылық активі жиналысына менің қатысуыма тура келді, оған Алматы қалалық партия комитетінің бірінші секретары Г. В. Шулико қатысты. Іскер, ашық әңгіме болды. Сөз сөйлеушілер табысқа жету үшін тиянақтылық пен іскерлік, инициатива мен тәртіп, еңбекте энтузиазм мен қажырлылық керектігін атады. Бұған мынаны қоса айту керек: техникалық бақылау қызметі қызметкерлерінің сөзі аса сүбелі болуға тиіс. Мемлекеттік стандарттың жергілікті жерлердегі органдарына да көп нәрсе төуелді, олар мемлекеттік стандарт талаптарынан қайсыбір ауытқушылыққа ымырасыздық ақуалын жасап, сапаны бақылауды қатайтуға міндетті.

ҚАЗАҚСТАН Компартиясының XVI съезінде атап көрсетілгеніндей, Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, министрліктермен және ведомстволармен қатар Қазақ республикалық мемлекеттік стандарт басқармасының өнімдері жоғары сапамен ерекшеленбейтін әрбір кәсіпорындағы жағдайды талдауы қажет.

Қазақ республикалық мемлекеттік стандарт басқармасының таяуда өткен партия-шаруашылық активінің жиналысында шығарылатын өнім сапасын түбегейлі жақсартуға бағытталған шешім қабылданды. Қабылданған шараларда республикалық «Сапа» программасын әзірлеуді аяқтауда салаларға көмек көрсету белгіленді.

Сондай-ақ кәсіпорындарда стандарттардың, техникалық шарттардың енгізілуі мен сақталуына, өлшеу құралдарының жайына мемлекеттік бақылауды күшейту көзделді. Өнім сапасын аттестациялау ролін күшейтуге көп көңіл бөлінді.

Мәселен, февральда тоғыз негізгі сала тексерілді, олардың шығарылатын өнім сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстарының тәжірибесі зерттелді. Салалардың бәрінде дерлік «Сапа» программасын талдап жасау аяқталып келеді, олар кәсіпорындардың әлеуметтік және экономикалық даму жоспарларымен өзара байланысқан және көпшілігінде «Интенсивтендіру-90» программасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Digitized by Google

«Сапа» программасы дүние жүзілік жоғары стандарттарға сай келетін бұйымдардың жаңа түрлерін, көтеріңкі сұранымымен пайдаланылатын халық тұтынатын жаңа товарларды игеруді, сондай-ақ моральдық тұрғыдан ескірген өнімдерді өндірістен дер кезінде алып тастауды қарастырады.

Қазақ республикалық мемлекеттік стандарт басқармасының қызметкерлеріне «Сапа» программасын орындау барысына методикалық көмек көрсету мен оны міндетті түрде қадағалау жүктеледі, мұның өзі олардан өнім сапасын арттыру жөнінен коллективтер жұмысын бағалауда мейлінше жоғары жауапкершілік пен принциптілікті талап етеді.

Шымкент облысының партия, совет және шаруашылық органдары жергілікті жерлерде «Сапа» программасын талдап жасауда үлгі көрсетуде. Мұнда жасалған программа Ленинградтың, Украинаның таңдаулы тәжірибесін жергілікті жағдайға ыңғайластырылып, жүзеге асырылды. Оны жүзеге асыруда облыстық партия комитеті жанынан құрылған ғылыми-техникалық прогресті жеделдету негізінде экономиканы интенсивтендіру жөніндегі үйлестіру советіне маңызды роль берілуде. Жаңа бесжылдықта өнім өндіру көлемін 33,6 процент, соның ішінде сапаның жоғары категориясындағы өнімдерді 1,5 еседей көбейту ұйғарылды.

Шымкенттің еңбек коллективтерінің көпшілігі барлық жаңа, озық істердің инициаторлары болуда. Мәселен, коммунистік еңбек коллективтері — Шымкенттің Еңбек Қызыл Ту орденді «Восход» тігін фабрикасы республикада алғашқылардың бірі болып, 1978 жылы сапаны басқарудың комплексті жүйесін, сосын өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасының комплексті жүйесін енгізіп, биыл февральда республиканың халық тұтынатын товарлар шығаратын кәсіпорындарының бәрін «Халыққа арналған товарларға — жоғары сапа мен жұмысшы кепілдігі» ұранымен жұмыс істеуге шақырды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті осы үндеуді мақұлдады.

Өнімнің жоғары сапасы жолындағы күрес мемлекеттік ішкі мүдде ауқымынан асып түседі. Экономикалық Өзара Көмек Советіне мүше елдердің 200 жылға дейінгі ғылыми-техникалық прогрестің комплексті программасына сәйкес біздің мемлекетіміз өзара берілетін бұйымдардың техникалық-экономикалық дәрежесі мен сапасын үнемі арттыру, Экономикалық Өзара Көмек Советі аукымында стандарттау мен унификациялауды ұлғайту міндеттемесін өзіне алды. Осы программаны жүзеге асыруға, басқа мемлекеттермен сауда саласындағы шартты міндеттемелерді орындауға Қазақстан еңбекшілері сүбелі үлес қосуда. Мәселен, Алматы ауыр машина жасау заводының ғана өнімдері дүние жүзінің 30 еліне экспортқа шығарылады. Қарағанды металлургия комбинатының, Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігінің, «Целиноградсельмаш», «Актюбрентген», «Мангышлакракушечник» бірлестіктерінің, Алматының төменгі вольтты аппаратура, Көкшетаудың оттегі-тыныс алу аппаратурасы заводтарының және басқа көптеген кәсіпорындардың коллективтері шетелдік әріптестеріне арналған заказдарды ұдайы орындайды.

Жаңа бесжылдықта «Интенсивтендіру-90» программасында сапаның жоғары категориясымен өнім шығаруды оның жалпы мөлшерінің кемінде 40—45 процентіне жеткізу белгіленді.

Осыған орай өндірістік учаскелердің бәрін өнімдерді өлшеу, сынау құралдарымен қамтамасыз ету қажет. Ақаулы өлшеу құралдары пайдаланылатын немесе олар мүлдем жоқ жерде ақаулы өнім шығарылады.

Партия жоспарын жүзеге асыру жолындағы күрестің алдыңғы шебі еңбек коллективтері арқылы өтеді. Товардың сапасы материалдық базаның жайына ғана емес, сондай-ақ адамдардың іске деген көзқарасына, олардың психологиялық көңіл-күйіне тәуелді.

Әр адам сапасыз, стандартсыз товарлар шығарылып сатылғаны үшін жауап беруге тиіс, ақау жіберудің қайсыбір оқиғасы міндетті түрде жазаланады. Мұнда да мемлекеттік стандарт органдарының қызметкерлері үнемі принципті позиция ұстауға тиіс.

Жоғары сапа — біздің әрқайсымыздың абыройлы ісіміз және ар-ұжданымыз. Ол әр коллективтің, әр еңбеккердің өмір нормасына айналуға тиіс.

Үгітші сөздігі

ГОСТ — мемлекеттік жалпы одақтық стандарт. Сапа эталоны неғұрлым жоғары болса, ГОСТ осындай болып табылады, бұйымның өзі де солғұрлым жақсы болады. Мемлекеттік жалпы одақтық стандарттарда өнімнің сапасы мен көлемдік сипатына қойылатын нақты талаптар анықталған. Мемлекеттік жалпы одақтық стандарт белгілерін совет өнеркәсібінің қайсыбір бұйымынан табуға болады. Мәселен, кәдуілгі оқушы дәптерінде баспахана әріптерімен ГОСТ 12063—75 белгісі көрсетілген. Алғашқы сан мемлекеттік жалпы одақтық стандарттың реттік тіркеу номерін көрсетеді, екінші — стандарттың бекітілген жылы.

Шағын мөлшерде немесе арнаулы заказбен шығарылатын өнімдердің кейбір түрлеріне стандарт тағайындалмайды. Мәселен, аса қуатты турбиналарды жасау барысында осы турбинаның барлық негізгі сипаттамасын бейнелейтін техникалық шарттар арқылы оның сапасына қойылатын талап анықталады.

Digitized by Google

БАҒДАР — ТҰТЫНУШЫЛАР ТАЛАП-ТІЛЕГІН ЕСКЕРУ

Т. КАРАБАЕВА,
жеңіл өнеркәсіп қызметкерлері кәсіподағы республикалық комитетінің председателі

Халық қажетін тікелей қанағаттандыруға жұмыс істейтін жеңіл өнеркәсіп он екінші бесжылдықта басымырақ дамиды. Сала кәсіпорындары алдына, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев партияның XXVII съезіне КПСС Орталық Комитетінің Саяси баяндамасында атап көрсеткеніндей, тұтынушылардың талап-тілегіне сергек құлақ асу міндеті қойылды. «Жалпы өнім емес, товарлардың саны, түр-түрі және сапасы, яғни адамдарға керек нәрселер» олардың қызметіндегі басты міндет болуға тиіс.

Саланың еңбек коллективтері КПСС XXVII съезінің шешімдерін, халық тұтынатын товарлар өндіру мен қызмет көрсету саласын дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған комплексті программасын жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді бірінші кезекті маңызды іс ретінде қабылдады.

Түбегейлі қайта құру республика жеңіл өнеркәсіп орындарының бәрін, жұмыстың барлық бағытын қамтыды. Соңғы уақытта материалдық-техникалық база айтарлықтай нығайды. Өткен бесжылдықта негізгі қор 260 миллион сомға көбейді. Петропавлда, Зырянда, Павлодарда тігін фабрикалары, Қостанайда аяқ киім фабрикасы, Көкшетауда фарфор заводы және басқа бірқатар объектілер іске қосылды. Кәсіпорындарда жоғары өнімді жаңа жабдықтардың 20 мыңнан астам өлшемі орнатылды. Еңбекті және өндірісті ұйымдастыру саласында маңызды шаралар жүзеге асырылды. Жұмысшылардың 75 проценті еңбекті ұйымдастыру мен оны ынталандырудың бригадалық формасымен қамтылды. 36 кәсіпорында өндіріс тиімділігін арттырудың комплексті жүйесі қолданылады.

1990 жылы 3 миллиард сомның және 2000-шы жылы 5 миллиард сомның товарын шығаруға, яғни оларды өндіруді екі еседен астам көбейтуге тура келеді. Аяқ киім мен киім өндірісі басым қарқынмен дамитын болады, шығарылатын товарлар сапасы түбірінен жақсарады. Үстіміздегі бесжылдықта саланы техникалық жағынан қайта жарақтандыруға күрделі қаржының 54 проценті бағытталады және технологиялық жабдықтардың 43 мың өлшемі енгізіледі.

Бесжылдықтың алғашқы күнінен-ақ еңбек коллективтерінің көпшілігі жақсы қарқын алды. Саланың алғашқы тоқсан жоспарын мерзімінен бұрын орындауы, артта қалушы кәсіпорындар санының қысқаруы осы жайлы бейнелейді.

Партия ұйымдарының басшылығы арқылы кәсіподақ комитеттері алғашқы жылдың және тұтасынан бесжылдықтың жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы пәрменді социалистік жарысты өрістетті. Еңбек сайысына жұмыс істеушілердің 94,7 проценті қатысады, олардан 15 мыңнан астам адам өткен бесжылдықты мерзімінен бұрын аяқтады, ал 37 адам екі бесжылдық жоспардан орындады. Бүгінгі күнде олар 1986 жылдың тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтау жолындағы жарысқа серпін беруде. Социалистік Еңбек Ерлері: Алматы мақта-мата комбинатының тоқымашысы Л. В. Кочетова, астаналық облыстағы Қарғалы шұға комбинатының тоқымашысы К. Тоқсейітова. Шымкенттің «Восход» тігін фабрикасының моторист-тігіншісі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты З. Изетова, Қостанай тігін фабрикасының моторист-тігіншісі, Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты А. Қалжанова, Қарағанды шұлық-ұйық фабрикасының шебері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты В. А. Гречук және басқалар қажырлы еңбек үлгісін көрсетуде. Жұмысшылардың, инженерлердің, техниктердің қажырлы еңбегі арқасында бірінші тоқсанда халық тұтынатын товарларды өткізудің өсім қарқыны 7,7 процент асыра орындалды, жоспардан тыс 23 миллион сомның өнімі өндірілді. Товарлардың төрттен бірі «Н» индексімен жақсартылған сапада шығарылды.

Шығарылатын өнім сапасын жақсарту еңбек коллективтерінің бүкіл жұмысының негізі болуда. Демек соңғы жылдары өндіріске киімнің, аяқкиімнің 13 мыңнан астам жаңа моделі, сондай-ақ маталар мен трикотаж полотналарының өрнектері енгізілді. Жыл сайын орта есеппен өнімдердің түр-түрі 60—70 процент жаңарады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған Шымкент «Восход» фабрикасы коллективінің инициативасы салада кеңінен таралды, ол он екінші бесжылдықта рекламациясыз жұмыс істеуге шақырды. Өнім сапасы әр қызметкердің абыройлы ісі болып табылатын кәсіпорындар арасында Алматы мақта-мата комбинатын, Өскемен жібек маталар комбинатын, Дзержинский атындағы Алматы трикотаж бірлестігін атауға болады. Олардың өнімі сапалылығымен, жақсы

---

8 июнь—жеңіл өнеркәсіп қызметкерлері күніне

Digitized by Google

моделімен, айшықты өрнектерімен, отандық және ұлттық символиканы сәтті қолдануымен, қызықты шрифті жазулармен, көркемдік жоғары дәрежесімен және орындалу сапасымен ерекшеленеді.

Дегенмен қол жеткеннің бәрін сын тұрғысынан бағалай отырып, сала еңбеккерлері өздерінің өнімдері жоғары талапқа әлі де жауап бермейтінін түсінеді. Біріншi тоқсанда Семей былғары-мех бірлестігі, Гагарин атындағы Алматы бірлестігі ырғақсыз жұмыс істеді. Мемлекеттік стандарт органдары Қарғалы шұға комбинатының, Петропавл тігін, Қостанай аяққиім фабрикасының өнімдерін жиі ақауға шығарып, өндірістен алып тастайды. Тұтасынан салада жабдықтар әлі нашар пайдаланылады, шикізат пен материалдар артық жұмсалады. Демек, өткен жылы 11 кәсіпорын, соның ішінде Қостанай мәуіті-шұға комбинаты, Қарғалы шұға комбинаты, Семей мәуіті-шұға бірлестігі өнімнің 12 миллион сомға қымбаттауына жол берді. Осы ірі кемшіліктеріміз КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаевтың республика Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумында жасаған баяндамасында өткір сыналды.

Тағы бір өткір мәселе туралы айтайық. Соңғы жылдары рынок тауарлардың жекелеген түрлерімен молықты. Мұндай жағдайда халық тұтынатын тауарларға деген сұранысты болжау өте маңызды роль атқаруға тиіс, бұл үшін салада республикалық үш модельдер үйі — киім, трикотаж бұйымдары, аяққиім модельдерінің үйлері және бес фирмалы магазин құрылды.

Қазір қосалқы салаларды дамытудың комплексті программалары, «Сапа», «Кадр» мақсатты комплексті программасы талдап жасалып, енгізілуде. Партия, кәсіподақ комсомол ұйымдары еңбек коллективтерінің күш-жігерін оларды жүзеге асыруға бағыттап келеді.

Сала қызметкерлерінің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту үшін біраз нәрсе жасалуда. Өткен бесжылдық жылдарында 332 мың шаршы метр тұрғын үй, жастардың 20 жатақханасы берілді. 7 мыңға жуық семья жаңа пәтерлер алды. Кәсіпорындарда 1600-ден астам орындық жаңа асханалар мен буфеттер ашылды.

Бесжылдық ішінде салада орташа айлық жалақы 150 сомнан 182 сомға өсті. Партия мен үкімет шешімдеріне сәйкес таяудағы жылдарда жеңіл өнеркәсіп қызметкерлерінің кейбір категориясының жалақысы арттырылады. Мұның өзі кадрларды орнықтыруға, кәсіпорындардың бүкіл жұмыс дәрежесін арттыруға ықпал ететін болады.

Сонымен бірге былғары, тері-мех шикізатының, жүннің, мақта талшықтарының, бояулар мен химикаттардың төмен сапасы сала кәсіпорындары жұмысын қайта құруды тежеуде. Жүн сапасы да айрықша дабыл тудырады. Өткен бесжылдықта сатып алған стандартты жүннің үлес салмағы 1,5 есе кеміді, оның есесіне ірі талшықты жүнді даярлау екі есе өсті, ол негізінен Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарының шаруашылықтарынан беріледі.


Бұл жауапты күндерде кәсіподақ ұйымдары КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің талаптарына сәйкес әрбір еңбек коллективінде жоғары талапшылдық пен талғам, жеңіл өнеркәсіп алдына қойылған міндетті атқаруға бірдей мұқыалықпен қарау ахуалын жасап, бесжылдықтың және оның алғашқы жылының тапсырмасын орындау жолындағы социалистік жарысты мейлінше жоғары дәрежеге көтеруге мейлінше табандылықпен қол жеткізуге тиіс.

Сіздің блокнотыңызға



Республиканың ауқымында еңбек өнімділігін 1 процент арттыру өнімнің 430 миллион сом үстемесін береді. Әр еңбек коллективі үстіміздегі жылы бұған қол жеткізе алады.

Digitized by Google



СҮТ ӨНДІРУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Біздің сауын мал шаруашылығымыз да көзқарасты өзгертуге мұқтаж болып отыр. Селекциялық-асылдандыру жұмысы, жаңа технологиялар, жеммен тәндестіре азықтандыру нәтижесінде ашылатын мүмкіндіктерді пермендірек қолға алып, іске асыру керек. Бұл жоғары өнімділіктің басты түйіндері. Егер бүгінде біз қолда бар табынның әр сиырынан орта есеппен 3 мың килограмнан сүт алсақ, сүтті қоярға жеріміз болмас еді.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Целиноград қаласында партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөйлеген сөзінен.

✦ Табынның құнарлығын арттыру сүт өндірісіндегі басты бағыт болып табылады. Республиканың қала іргесіндегі аймақтарының шаруашылықтарында он екінші бесжылдықта бір сиырдан сүт сауууды 3000—3500 килограмға, қалған шаруашылықтарда —2400—2700 килограмға жеткізуге тура келеді. Есептеулердің көрсетіп отырғанындай, өнімділікті 300-400 килограмға көбейту республикада сүт проблемасын толық шешуге көмектеседі.

✦ Қазақстанда бесжылдықтың соңына қарай жемшөп базасын батыл нығайту, прогрестік технологияны қолдану, селекциялық-асылдандыру жұмысын жақсарту негізінде сүт өндіру 5,4-5,5 миллион тоннаға жеткізіледі.

✦ Он бірінші бесжылдықтың аяқталар жылында республика совхоздары мен колхоздары жоспарды 104 процент орындап, мемлекетке 2,661 мың тонна сүт тапсырды. Қостанай облысының шаруашылықтарынан өнім бәрінен көп — 394,4 мың тонна алынды. Көкшетау облысының фермалары қыруар өсімді қамтамасыз етті. Олар сүт дайындау жоспарын 113 процент орындады.

✦ Бір сиырға шаққанда Алматы облысының совхоздары мен колхоздарында аса көп —2720 килограмнан сүт алынды. Олардан кейін Шымкент пен Талдықорған облыстарының шаруашылықтары келеді, бұларда сүт сауу тиісінше 2275—2222 килограмм болды. Көкшетаулықтар әр сиырдан 2067 килограмнан сүт алды, сөйтіп 1984 жылмен салыстырғанда қыруар өсімді қамтамасыз етті. Бұл өсім 324 килограмм болды. Тұтасынан республика бойынша өткен жылы әр сиырдан 1984 жылға қарағанда 102 килограмм сүт көп сауылды.

✦ 1985 жылы республика сохвоздары мен колхоздары сүттің 39,1 процентін бірінші сортпен, ал 48,1 процентін — салқындатылған күйінде тапсырды. Оларға сапалық көрсеткіштерді жақсартқаны үшін ғана 10 миллион сомдай қосымша үстеме жазылды. Целиноград облысының «Краснояр», Солтүстік Қазақстан облысының «Қарағанды», Орал облысының «Орал» совхоздары, басқа шаруашылықтар бірінші сортты өнім тапсыруды 95—97 процентке жеткізді.

✦ Алматы облысының Қаскелең ауданы ферма еңбеккерлерінің социалистік жарысын бастады. Мұнда бір сиырдан сүт сауу 3310 килограмға жетті. Көптеген аудандар сүт сауууды шұғыл арттыруға қол жеткізді. Мәселен, Қызылорда облысының Қармақшы ауданында жыл ішінде сүт сауу 837 килограмға, Шымкент облысының Шардара ауданында — 361, Целиноград облысының Селеті ауданында —359, Қостанай облысының Қамышин ауданында —303, Көкшетау облысының Қызыл ту ауданында —289 килограмм өсті. Осы жетістіктер малшыларымыздың сүт өндіру мен дайындауды молайту үшін үлкен резервтері бар екенін көрнекі түрде бейнелейді.

✦ Алматы облысының «Ақсай» асыл тұқымды мал заводында жоғары нәтижелерге қол жетті, онда 1110 сиырдың әрқайсынан 4519 килограмнан сүт сауылды. 2110 сиыры бар «Алматы» асыл тұқымды мал совхозында әр сиырдан 4381 килограмнан, Шымкент ауыл шаруашылық тәжірибе станциясында (390 сиыр) —4139, Жамбыл облысының «Октябрь» колхозында (455 сиыр) 4029 килограмнан сүт алынды. Тағы 15 шаруашылықтың малшылары әр сиырдан 3 мың килограмнан 4 мың килограмға дейін сүт сауды.

✦ Алматы облысы Қаскелең ауданының «Каменка» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан Антонина Сергеевна Плахина екінші жыл қатарынан республика сауыншылары арасындағы социалистік жарыста жеңімпаз болуда. Өткен жылы ол әр сауын сиырдан 8021 килограмнан сүт сауды. Бір таңданарлығы сол, жарыста соңғы орындарды осы озық шаруашылықтардың сауыншылары — әр сиырдан 7 мың килограмнан астам сүт сауған Н. С. Вдовина, О. Е. Сергеева және Ш. Мұхамеджанова алды. Ондаған сауыншы 6 мың килограмдық межеге шықты, олардың ішін-

Digitized by Google

де «Каменка» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводының жеті сауыншысы, сондай-ақ астаналық облыстың «Алматы» колхозынан Г. Т. Байрамова, «Алматы» асыл тұқымды мал совхозынан Н. Я. Алистратова мен Қарағанды облысының «Көксу» совхозынан Г. И. Фурдь бар. Республикада 16 сауыншы 5 мың килограмнан астам сүт сауды, 55 сауыншы 4 мың килограмдық межені алды.

✦ Он екінші бесжылдықтың алғашқы жылында Қазақстан совхоздары мен колхоздары сүт фермаларының қызметкерлері республика бойынша әр сиырдан орта есеппен сүт сауууды 2050 килограмға жеткізіп, оның кемінде 2 миллион 603 мың тоннасын өткізуге міндеттеме қабылдады.

✦ Республиканың аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің еңбеккерлері 1986 жылдың алғашқы тоқсанының жоспарын сүт, ет және жұмыртқа сату жөнінен мерзімінен бұрын орындады. Мал қыстатуды табысты өткізу, мал шаруашылығы өнімдерін өндіріп, дайындауды молайту жолындағы социалистік жарыс инициаторы — Павлодар облысының малшылары, сондай-ақ Алматы, Талдықорған және Қостанай облыстары фермаларының еңбеккерлері тоқсандық жоспарды аяқтағандықтары туралы алғашқылардың қатарында рапорт берді.

✦ Үстіміздегі жылдың басында Көкшетау облысы Шучье ауданы «Қотыркөл» совхозының сауыншысы, Ленин орденінің иегері В. Матюшкина облыс малшыларының бәрін бесжылдықтың бірінші жылында әр сиырдан 3 мың килограмнан астам сүт сауууға шақырды. Көкшетау өңірінің малшылары алғашқы тоқсанда қабылдаған міндеттемелерін табысты атқарды, бір мыңға жуық сауыншы инициатор ұсынған график бойынша жұмыс істейді.

✦ Павлодар облысының «Песчанский» асыл тұқымды мал заводының, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Рощинский», Шымкент облысының XXI партсъезд атындағы, Қостанай облысындағы «Краснопартизанский» совхоздарының малшылары мал қолға қараған түста жақсы нәтижелерге жетті.

✦ Мал шаруашылығының өнімділігін арттырудың кепілі — тиянақты жемшөп базасы. Үстіміздегі жылы республика шаруашылықтарының бір сиырға есептегенде кемінде 40—50 центнер жемшөп өлшемін дайындауына тура келеді. Республикада суармалы әр гектар жер кемінде 10 жемшөп өлшемін беруге тиіс. Жемшөп өндірісінде жоғары белокты дақылдар ег'істігін ұлғайтуға, жемшөп сапасын арттыруға, жемшөп ресурстарын ұқыпты пайдалануға және малды жемдеуге астықты ұқыпты жұмсауға баса көңіл бөлінуге тиіс.

✦ Мал шаруашылығын табысты дамыту негізі — селекциялық-асылдандыру жұмысы, жаңа технологияны енгізу, жеммен теңдестіре азықтандыру. Қазақстан Компартиясының XVI съезінде



«Плакат» баспасы.

оңды үлгі ретінде астаналық облыстың «Алматы» совхозындағы осы бағыттағы жұмыс аталды, онда малды тұқымаралық будандастыру жолымен, берік жемшөп базасы негізінде, еңбекті үлгілі ұйымдастыру арқылы бірегей 2 мың ірі қара мал табыны шығарылды, онда әр сиырдан 4400 килограмм сүт сауылды және майлылығы 4,3 процентке жетті.

✦ Сүт мол сауылатын малды жайылымда ұстаудың басталуына орай сүт өндіру қарқынын үдету, оның сапасын жақсарту үшін малшылардың да, сондай-ақ сүт заводтары қызметкерлерінің де жауапкершілігі өсе түседі. Жазғы уақытта ұқсату өнеркәсібінің орындары күн сайын 14 мың тоннаға дейін өнім алады. Озық шаруашылықтар үлгісі бойынша арзан әріс шөбін жақсы пайдалану, малды түнде бағуды ұйымдастыру қажет. Сүтті сауылған жерде қабылдауды жолға қою керек. КПСС XXVII съезінде атап көрсетілгеніндей, ферма мен танап өнімдерінің ысырабын тасымалдау, ұқсату және сақтау барысында қысқарту — азық-түлік қорын толықтырудың маңызды қайнары. Осының есебінен ғана тұтыну ресурстарына қосылатын үстеменің 20 процент, ал өнімдердің кейбір түрлері бойынша 30 процент болуы мүмкін.

✦ Бригадалық мердігерлік сауын мал шаруашылығында еңбекті ұйымдастырудың негізгі формасы болуға тиіс. Қазіргі уақытта ол 500-ден астам фермада енгізілді, 8 мыңға жуық адамды қамтиды. Осы жұмысты әр фермада жігерлі жүргізу қажет.

✦ Павлодар, Қостанай, Целиноград облыстарында «үш мыңшылар» клуб-

Digitized by Google

тарын құру малшылар жұмысының нәтижесін арттыруға көмектесуде. Осындай клубтар әр облыс пен селолық ауданда болуға тиіс.

✦ Мал шаруашылығының I класты шеберінде еңбек өнімділігі біліктілігі төмен қызметкерлерге қарағанда 30 процент, ал II класты шеберлерде—20 процент жоғары. Қазір 12928 сауыншының бірінші класты, 11372 сауыншының екінші класты біліктілігі бар. Сөйтіп барлық сауыншылардың жартысына жуығы — жоғары кәсіптік даярлығы бар мамандар. Қостанай облысында машинамен сиыр сауудың 2596 шеберінің бірінші класты, 1753 сауыншының екінші класты біліктілігі бар. Солтүстік Қазақстан облысында олар тиісінше 1592 және 1561 сауыншыны құрайды. Бұл республикадағы ең жоғары көрсеткіштер. Дегенмен малшылардың кәсіптік оқуы барлық жерде бірдей жақсы жолға қойылмаған, озаттар тәжірибесін кеңінен тарата отырып , осы жайлы ұдайы қамқорлық жасау керек.

✦ Жыл сайын республика фермаларына мектептердің 12 мыңнан астам түлегі келеді. Талдықорған облысының «Талдықорған» совхозынан З. С. Кононыхина, Шымкент облысының «Победа» колхозынан А. Р. Сенкевич, Алматы облысының «Ақсай» асыл тұқымды мал заводынан А. Дүйсенбаева, Шығыс Қазақстан облысының Ленин атындағы колхозынан Р. Сейітова республикада жастардың атақты тәлімгерлеріне айналды. Олардың шәкірттері жоғары нәтижелерге жедел қол жеткізуде. Еңбек жеткіншектерін даярлау туралы қамқорлық селолық әр коллектив қызметінің алдыңғы қатарында тұруға тиіс.

✦ Үгітшілер мен саяси хабаршылар малшылардың еңбек нәтижелері олардың еңбек және тұрмыс жағдайына тікелей тәуелді екенін ұдайы назарда ұстауға тиіс. Екі сменалық жұмысты белсенді енгізу, малшылар үйлерінің, қызыл мүйістердің, жылжымалы кітапханалардың, автоклубтардың жұмысын жетілдіру, медициналық, тұрмыстық және сауда қызметін жақсарту керек. Осы мәселелердің бәрі совхоздар мен колхоздар партия ұйымдарының ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысының комплексті жоспарлары негізінде шешілуге тиіс.

Әңгімелерде осы жайында айтыңыздар

Интенсивті технологияны кеңінен қолданайық

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті **«Егіншілікте интенсивті технологияны кеңінен қолданайық!»** деген ұранмен социалистік жарысты өрістетуге шақырған трактор-егіс бригадаларының бригадирлері — Көкшетау облысындағы «Лавров» совхозынан Социалистік Еңбек Ері Т. Әбілпейісовтың, Целиноград облысындағы Вишнев құс өсіру жөніндегі өндірістік бірлестігінен Социалистік Еңбек Ері И. А. Трененковтың, Қостанай облысындағы «Восток» колхозынан В. Ф. Спесивцевтің, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Бұлақ» совхозынан Ж. Кәкімовтің, Торғай облысындағы «Октябрь» совхозы комсомол-жастар бригадасының бригадирі С. А. Зиньевичтің инициативасын мақұлдады.

Инициатива көтерген бригадирлер үстіміздегі жылы 2 апрельде «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған хатында ғылыми жүйеге негізделген интенсивті технология — бітік өнім алудың сенімді кепілі екенін жазады. Интенсивті технологиялар бойынша өсіретін дәнді дақылдар егістігін коллективтік мердігерлікпен жұмыс істейтін озық бригадалар мен звеноларға бекітіп берудің маңызы зор.

Диқандарды бригадалық мердігерлікті белсенді енгізуге шақыра отырып, инициаторлар сондай-ақ аграрлық ғалымдардан егін өсірудің интенсивті технологиясын әрбір аймақтың топырақ-климат ерекшеліктеріне қарай ғылыми негізде енгізуге себін тигізерліктей практикалық ұсыныстарды талдап жасауды өтінеді.

Трактор-егіс бригадаларының озық бригадирлерінің инициативасы туралы әңгімелерде ауызша саяси үгіт активистерінің село еңбеккерлерін он екінші бесжылдықтың алғашқы жылының көктемгі егіс жұмыстарын дер кезінде ұйымшылдықпен әрі сапалы өткізуге, социалистік жарысқа кеңінен қатысуға, Азық-түлік программасын ойдағыдай орындауға, партияның XXVII съезінің шешімдерін жүзеге асыруға бағыттауы қажет.

Бесжылдықтың еңбек ырғағы

Павлодар. Баянауыл ауданы «Жаңажол» совхозының комсомолецтері пайдалы инициатива көтерді, олар айына екі рет шалғай учаскелерге барып, онда малшыларға жәрдемдесуді ұйғарды.

Әр ретте 25—30 адам — жүргізушілер, механизаторлар, совхоз кеңсесінің, клубтың, медпункттің, магазиндердің қызметкерлері сенбіліктер мен жексенбіліктерге барады. Олар мал қораларын жөндеуге, жемшөп дайындауға, қой қырқуға көмектеседі, шопандар мен олардың семья мүшелері арасындағы мәдени-бұқаралық және ойын-сауық шараларына қатысады. Тапқан қаржы бесжылдық қорына аударылады.

Digitized by Google



ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЛСЫН

(ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР)

Коммунистік партия мен Совет үкіметі халықтың денсаулығын мемлекеттің басты байлығы ретінде қарайды. КПСС XXVII съезіне Саяси баяндамада былай деп аталды: «Адамдардың денсаулығын сақтау және нығайту — бірінші дәрежелі маңызы бар іс... Халықтың жоғары сапалы емдеу-профилактикалық және дәрі-дәрмектік көмек жөніндегі қажеттерін мүмкіндігінше тезірек әрі барлық жерде қанағаттандыру қажет». Денсаулықты сақтау правосы СССР Конституциясында баянды етілген, ол әр совет адамының тегін білікті медициналық көмек алуына кепілдік жасайды.

✦ Совет өкіметі жылдары ішінде елімізде қоғамдық денсаулықтың өте төмен дәрежесінен қазіргі жағдайға дейін тарихта теңдесі жоқ секіріс жасалды. Бұл тұрғыдан өмірдің орташа ұзақтығы екі еседен астам өсті, ал жалпы өлім үш есе кеміді.

✦ Совет Одағы халықтың дәрігерлермен қамтамасыз етілуі жөнінен дамыған капиталистік елдерді анағұрлым басып озды. Бүгінде бізде планетамыздың барлық медицина қызметкерлерінің төрттен біріне жуығы жұмыс істейді. СССР-де әр он мың адамға 40 дәрігерден, АҚШ-та 24, Германия Федерациялық Республикасында — 27, Францияда — 20, Ұлыбритания мен Жапонияда — 18 дәрігерден келеді. Біз әрбір 10 мың адамға арналған аурухана төсектерінің саны жағынан да осы мемлекеттерден біржарым-екі есе асып түсеміз.

✦ Капиталистік елдер тұрғындарының көпшілігі ауыр сырқаттану барысында медициналық ақының қымбаттығынан оны пайдалана алмайды. Мәселен, АҚШ-та соқыр шекті алдыру үшін 5 мың доллар, ал күрделі операция үшін — 30 мың долларға дейін төлеу керек. Дәрі-дәрмектер де өте қымбат. Дәрігерден жай консультация алудың өзі 150—500 доллар тұрады.

✦ Халық денсаулығын сақтауды дамытуға үстіміздегі жылы СССР-дің мемлекеттік бюджетінен 16 миллиардтан астам сом немесе бұдан он жыл бұрынғыға қарағанда екі есе көп бөлінуде. Біздің елімізде амбулаториялық сырқаттарға дәрі-дәрмекті тегін беруге ауысу жүзеге асырылуда. Соғыс мүгедектеріне, бір жасқа дейінгі балаларға, өте аз пенсия алатын пенсионерлерге, рактан, диабетпен, ревматизммен сырқатанушыларға дәрі-дәрмек тегін беріледі.

✦ Біздің елімізде аналар мен балалар денсаулығын сақтаудың тиімді жүйесі жұмыс істейді, онда 25 мыңға жуық балалар поликлиникасы, амбулаториясы және әйелдер консультациясы бар.

✦ Партия мен мемлекеттің совет адамының денсаулығы туралы қамқорлығы ұдайы өсіп келеді. Біздің медициналық көмегіміздің профилактикалық бағыты — мұның айқын көрінісі. СССР-де халықтың 45 процентке жуығы жыл сайын профилактикалық байқаудан өтеді.

✦ Қазақ ССР-інде денсаулық сақтауды дамытуда да ірі өзгерістер болды. Бүгінде республикада 59 мыңнан астам дәрігер мен 155 мың орта буын медицина қызметкері бар, олар халық денсаулығы туралы қамқорлық жасайды. Өткен бесжылдықта ғана дәрігерлер саны 25 процент, ал орта буын медицина қызметкерлері 22 процент көбейді. Осы кезеңде сменасына 31 мың адам қабылдайтын поликлиникалар мен амбулаториялар, 1,3 мың төсектік ауруханалар іске қосылды. Алматыда, Қарағандыда, Жамбылда және басқа қалаларда жаңа жабдықтармен жарақтанған жаңа ірі поликлиникалар мен көп профильді ауруханалар салынды.

✦ Адамдардың еңбек және тұрмыс жағдайын жақсарту, айналадағы ортаны қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын мемлекеттік санитарлық қадағалау күшейтілді, мұның өзі өндірісте кездейсоқ оқиғалардың және кәсіптік сырқаттың кемуіне қолайлы ықпал етті.

✦ Соңғы уақытта республикада өнеркәсіп, құрылыс және транспорт жұмысшыларына медициналық-санитарлық қызмет көрсету айтарлықтай жақсарды. Жыл сайын осы мақсаттарға 200 миллионнан астам сом жұмсалады. Қазір өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарында мыңнан астам медициналық санитарлық бөлім, дәрігерлік және фельдшерлік учаске мен денсаулық сақтау пункті жұмыс істейді. Олардың кадрлармен жасақталуы жақсаруда. «Қарағандауголь» өндірістік бірлестігінің медициналық санитарлық бөлімі мен кәсіподақ ұйымының шахтерлер

15 июнь — медицина қызметкері күніне.

Digitized by Google



Зайсан ауданының «Көндірлік» совхозында денсаулықты сақтауға көп көңіл бөлінеді. Орталық усадьбада учаскелік аурухана, ал екі бөлімшеде медициналық пункттер бар. Шалғай учаскелерде малшылар семьяларына медициналық қызмет көрсету, тұрғындар арасындағы профилактикалық жұмыс жақсы ұйымдастырылған.

Суретте: учаскелік ауруханаңың бас дәрігері В. К. Бектемірова еңбек ардагерлерімен (солдан оңға қарай) Ш. Адабаевамен, А. Бектеміровпен, С. Көбегеновамен, Б. Алпысбаевамен және 98 жастағы Н. Асановпен әңгімелесуде.

денсаулығын қорғау жөніндегі бірлескен жұмысының тәжірибесі кеңінен танылды, осы тәжірибені медицина қызметкерлері мен көмір өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының Орталық Комитеттері мақұлдады.

✦ Қазақстан селоларында медициналық қызмет көрсету жедел қарқынмен дамып келеді. Қазір селолық жерлерде бір мыңға жуық стационарлық медицина мекемесі мен амбулаториялық-поликлиникалық көмек көрсететін бір жарым мыңнан астам мекеме жұмыс істейді. Мұнда соңғы бес жыл ішінде дәрігерлік амбулаториялар саны ғана екі есе өсіп, 800-ге жетті.

✦ Еңбекшілер денсаулығын жақсарту жолындағы күресте, сондай-ақ ауруларды профилактикалауда санаторий-профилакторийлердің, пансионаттардың, демалыс үйлері мен базаларының ролі өсуде. Біздің елімізде олар 14 мыңнан асады. Олар бір мезгілде 3 миллионға жуық адамды қабылдай алады. Біздің республикамызда 1.300 мыңнан астам еңбекші мен олардың семья мүшелері жыл сайын санаторий-профилакторийлерде, пансионаттарда, демалыс үйлерінде өз денсаулықтарын түзейді.

✦ Республикада халық денсаулығын дамытудағы зор қызметі үшін 8 дәрігер Социалистік Еңбек Ері жоғары атағына ие болды. 400-ден астам адамға Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері құрметті атағы берілді. 12,6 мыңнан астам медицина қызметкерлерінің ордендері мен медальдары және өңірге тағатын «СССР денсаулық сақтау үздігі» белгісі бар. СССР халық дәрігері, Алматы облысы Кеген ауданындағы Жалағаш ауруханасының акушер-гинекологы З. М. Мәдиева, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері, Целиноград облысы Целиноград ауданындағы Максимов учаскелік ауруханасының бас дәрігері, КПСС XXVII съезінің делегаты А. С. Бергенова, Алматының бірінші клиникалық балалардың жұқпалы аурулар ауруханасынан Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері Г. И. Галочкина, Жамбыл облысы Жуалы аудандық ауруханасының фельдшері И. П. Лазерев, Қарағанды облысы Талды ауданындағы «Прогресс» совхозының дәрігері Б. Н. Мұздыбаев және басқа адамдар орынды бедел мен сый-құрметке бөленген.


✦ Біздің республикамыз емдік дәрілерді өндірушілердің бірі болып табылады. Ф. Э. Дзержинский атындағы Шымкент химия-фармацевтика заводы елеулі табыстарға жетуде, ол өсімдік шикізатынан медицина дәрі-дәрмектерін шығаруға мамандануда. Оның өнімдері біздің еліміздің барлық мүйістеріне беріледі, сондай-ақ экспортқа — Францияға, Германия Федерациялық Республикасына, Югославияға, Болгарияға және басқа мемлекеттерге шығарылады. 1984 жылы завод өндірістік жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін және негізі қаланғанына 100 жыл толуына байланысты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

✦ Медициналық көмектің қол жеткен дәрежесі халықтың сұранымын әлі толық қанағаттандырмайды. Республиканың бірқатар облыстарында денсаулық сақтау объектілерінің құрылысына және оларды жөндеуге бөлінген қаржы игерілмейді. Он бірінші бесжылдық жылдары ішінде 147 миллион сом ақша игерілмеді. Қазақстан Компартиясының XVI съезінде және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің II пленумында атап көрсетілгеніндей, партия, совет органдары осы маңызды саладағы істің жайын қатаң бақылауға алуға тиіс.

✦ Он екінші бесжылдықта республикада 19 мың төсектік ауруханалар мен сменасына 30 мың адам қабылдайтын поликлиникаларды іске қосу жоспарлануда. Мәселен, Алматыда бір мың төсектік республикалық көп профильді клиникалық аурухана салынады. Жұмыс істеп тұрған медицина мекемелерінің үйлерін жөндеп, қайта құруға, оларды осы заманғы жабдықтармен жарақтандыруға қыруар қаржы бағытталуда. Сондай-ақ жаңа санаторийлерді, профилакторийлерді, демалыс үйлері мен базаларын салу белгіленді.

Digitized by Google

Атеистік тәрбиені ұйымдастырушылардың сырттай семинары



ҒЫЛЫМИ АТЕИЗМ МУЗЕЙІ

Республикадағы бірден-бір Орал облыстық ғылыми-атеизм музейі үстіміздегі жылдан дербес ғылыми-насихат мекемесіне айналды. Біздің қызметкерлеріміз музей ішінде ғана емес, сондай-ақ кәсіпорындарда, шаруашылықтарда, мекемелерде, мектептерде, орта кәсіптік-техникалық училищелерде, жоғары оқу орындарында, облыстың қалалары мен селоларында жұмыс жүргізеді.

КПСС XXVII съезі шешімдерін, партиямыздың сыртқы саяси қызметін насихаттауға айрықша көңіл бөлеміз. Бертінде біздө еліміз коммунистері жоғары форумының материалдары бойынша «Советтік өмір салты» көрмесі ашылды. Оның үстіне биыл «Ақыл-парасат нұры» (Н. А. Добролюбовтың туғанына 150 жыл толуына), «Салауатты өмір салты» т. б. көрмелері болды. Олармен танысуға, әдеттегідей, қаланың жүздеген тұрғындары келді.

Тыңдаушыларымыздың түрлі категориясын тиянақты қамтуға ұмтыламыз. Демек пионерлер мен оқушылар үшін бертінде жиын өткізілді, орта кәсіптік-техникалық училищелер мен техникумдар оқушылары үшін «Советтік өмір салты» тақырыбына лекция оқылды, ал қаланың микроаудандарының үгіт алаңдарында «Галлея кометасын қарсы алудамыз» тақырыптық кеші зор ықылас тудырды.

Қаланың көптеген кәсіпорындарының партия ұйымдары еңбекшілермен жүргізілетін саяси-тәрбие жұмысының жоспарында музей шараларын да ескереді. Біздө К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау, механика, тәжірибелік-эксперименттік заводтардың және басқа кәсіпорындардың атеистік тәрбиені ұйымдастырушылармен тығыз қатынасымыз реттелді. Демек бұл екіжақты байланыс: активистер музейде методикалық көмек алады, қайсыбір мәселелер бойынша кеңеседі, олар біздің еңбек коллективтерінде шаралар өткізуімізге көмектеседі, музейге экскурсия ұйымдастырады, экспозицияларды көркемдеуге қатысады. Біз көптеген бөлімдерді жаңартып, социалистік жаңа дәстүрлер мен ғұрыптар туралы жеке бөлім құруды әзірлеп жатқан қазіргі уақытта олардың ықпал жасауы өте-мөте керек.

Музей қызметкерлері еңбек коллективтерін, облыс қалалары мен селоларының тұрғындарын тақырыптар бойынша экспонаттарды, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Орал өңірінде осы ғұрыптардың қалыптасуы туралы материалдарды алмасуын өтінді. Алғашқы корреспонденциялар көрсетіп отырғанындай, оралдықтардың біздің жұмысымызға деген ықыласы ұдайы өсіп келеді. Демек музей есігі экскурсанттар үшін ұдайы ашық. Өткен жылы ғана біздө 55 мың адам болды.

А. КОМАРОВ,
Орал облыстық ғылыми атеизм музейінің меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты.

АКТИВИСТЕРДІ ДАЯРЛАУДА

Қарағандыда ғылыми атеизмнің аудандық халық университеттері атеистік тәрбиені ұйымдастырушыларды даярлауды бірнеше жыл қатарынан табысты жүргізуде. Оларда сабақтарды білімді, өз ісіне берілген адамдар жүргізеді.

Октябрь ауданының «Маяк» кинотеатрында өз сабақтарын өткізетін халық университетін мұғалім Л. Геймбух басқарады. Онда негізінен аудан мектептерінің оқушылары оқиды. «Біздің жұмысымыздың формалары, — деп әңгімелейді Лидия Геймбух, — алуан түрлі: лекциялар, әңгімелесулер, кинофильмдерді талқылау, конференциялар бар. Осының бәрі балалардың, әсіресе, діндар семьялар балаларының өмірге, біздің ақиқатымызға жаңаша қарауына көмектеседі. Оқушылар ай сайынғы сабақтарда «Діннің пайда болуы туралы», «Рылым дінге қарсы», «Медицина және дін», «Өнер және дін» деген қызықты материалдармен танысады. Атеизмнің тәжірибелі насихатшылары Л. Маховых, А. Крочин, З. Новикова өткізетін лекциялар жастар арасында зор ықылас тудырады.

Майқұдық поселкесіндегі кеншілердің мәдениет сарайында тағы бір университет жұмыс істейді, философия ғылымының кандидаты, медицина институты философия және саяси экономия кафедрасының оқытушысы Валентина Цицулина көп жылдан бері оның ректоры болып табылады. Университет программасында ғылыми коммунизмді насихаттаудың әртүрлі формалары мен әдістері бар. «Атеистік тәрбиенің актуальды міндеттері», «Дін және осы заманғы идеологиялық күрес» т. б. тақырыптары

Digitized by Google

бойынша сабақтар мазмұнды өтеді. Ауызша журналдар, киношолулар университетті өте танымал етеді.

Сабақтарды өткізуге кеншілер мәдениет сарайы кітапханасының қызметкерлері тұрақты қатысады. Кітап көрмелері, әдебиеттерге шолу, сұрақ және жауап кештері — осының бәрі олардың есебінде бар.

Университет жетекшілері мен тыңдаушылары советтік жаңа ғұрыптарды насихаттауға белсене қатысады. Олардың белсене қатысуымен ауданның үгіт алаңдарында «Семья мықты болса, держава да мықты» мерекесі өткізілді. Онда Бектұрғыновтарды, Әлиевтерді, Ахмедиевтерді және еңбексүйгіш ізбасарлар өсіп келе жатқан басқа да көп балалы семьяларды атады.

Университет Киров ауданында табысты жұмыс істейді. Оны коммунист, соғыс ардагері, жарты ғасырлық педагогтық стажы бар Иван Васильевич Серебряков басқарады. Ол көп жылдан бері атеистік насихатты жүргізіп келеді.

— Біздің университеттің тыңдаушылары, — деп әңгімелейді И. В. Серебряков, — дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет қызметкерлері, инженерлер. Олар екі жыл ішінде лекциялар әзірлеп, оқу, әңгімелер мен оқырмандар конференциясын өткізу, еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша діндар адамдармен жекелей жұмыс істей білу әдістерін меңгереді.

Университет жұмысын методикалық совет басқарады. Жоспарларда теориялық курс, сондай-ақ практикалық сабақтар да қарастырылған. Тыңдаушылар алдында Серебряковтың өзі де әңгіме өткізеді. Оның жастарға атеистік тәрбие беру туралы лекциялары өте-мөте құнды, олар дербес циклға енгізілді. В. И. Серебряков директоры болып істейтін № 60 орта мектеп қалада атеистік тәрбие тәжірибесін насихаттау жөніндегі тірек пункті болып табылады.

Университеттің практикалық сабақтарында оның түлектері — коммунистер Э. Винтерголлер, Т. Трегубова, И. Рощук насихат жұмысының тәжірибесін алмасады. Бұлар — әртүрлі кәсіп адамдары, олар дінге сенушілермен жекелей жұмысқа көп уақыттарын бөледі. Э. Винтерголлер — неміс тілі пәнінің мұғалімі № 50 мектеп партия ұйымының секретары, қалалық атқару комитеті жанындағы дін туралы заңды сақтау жөніндегі комиссияның методикалық советінің мүшесі, Т. Трегубова университетті бітіргеннен кейін № 3 ауруханда атеист-насихатшылар тобын басқарды.

«Киров» шахтасының кен жұмысшысы И. Рощук та өз коллективінде белсенді жұмыс жүргізеді.

Қарағандыдағы ғылыми атеизмнің халық университеттері өзінің басты міндетін осындай активистерді даярлаудан көреді.

Т. КОСТИНА.

Қарағанды қаласы.

НАСИХАТШЫЛЫҚ ТОЛЫСУ МЕКТЕБІ

Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология институтында атеистік жұмысты ұйымдастырушылардың екі жылдық мектебі өзін жақсы жағынан көрсетті, ол қоғамдық кәсіптер факультетінің жанынан құрылды. Студент жастардың ғылыми-материалистік дүниетанымы қалыптасуында ол маңызды роль атқаруда. Мектептің оқу жоспары теориялық дайындықпен қатар тыңдаушыларды бұқара арасында идеологиялық жұмысты жүргізу әдістеріне үйретуді де қарастырады. Демек тыңдаушылар оқудың екінші жылында «насихатшылық толысу сатыларынан» өтеді, бұл оларда діни нанымдармен шынайы күрескердің сапаларын, көпшілік алдында сөйлей білу дағдыларын қалыптастыруға көмектесуде. Осы сатылар қайсыбір аудиторияда (мектепте, кәсіпорындарда және т. б.) сөз сөйлеуді әзірлеп, оны кейін коллективті түрде талқылауды, студенттік топтарда, жатақханаларда, қоғамдық-саяси практикадан өту кезінде, пионер лагерьлеріндегі жұмыс істеу тұсында атеистік әңгімелерді өткізуді қамтиды.

Атеистік жұмысты ұйымдастырушылар мектебінде студенттерді практикалық қызметке тартудың басқа формалары да ойдағыдай қолданылуда: бұл атеистік әдебиеттер көрмесін, сұрақ-жауап кештерін ұйымдастыруға, нақты социологиялық зерттеулер жүргізуге, факультеттегі атеистік жұмыстың жоспарын жасауға, атеистік тақырыпта сценарийлер әзірлеуге қатысу. Сөйтіп ғылыми атеизм жөнінен білім, атеистік жұмысты жүргізу дағдыларын алу біртіндеп үдей түседі.

Тыңдаушыларға берілетін практикалық тапсырмалар сондай-ақ бұқаралық аудитория алдында оқуға арналған студенттер лекцияларының текстерін рецензиялауды, атеистік конференцияларды әзірлеу және өткізуді, атеистік әдебиеттердің библиографиялық шолуларын, «Наука и религия» журналының мақалаларын рецензиялау мен құрастыруды қарастырады.

Тақырыптық кештер студент жастардың ғылыми-атеистік білімін баянды етуге, атеистік сананы қалыптастырудың маңызды факторы ретінде қызмет көрсетеді. Мәселен, «Таурат, ол қандай?» тақырыбына өткізілген кеш ұзақ уақыт есте сақталды. Оның қарсаңында студенттер Ш. Уәлиханов атындағы кинотеатрда «Таурат: болжамдар мен фактілер» хроникасын көрді. Кештің өзі

Digitized by Google

«Тауратқа ғылыми сын» тақырыбына жиырма минуттік әңгімемен ашылды. Сосын институттың үгіт коллективі өнер көрсетті.

Ал қорытындысында химия-технология факультетінің екі атеистік тобының арасында конкурс болды. Оларды органикалық химия кафедрасының аға оқытушылары, химия ғылымының кандидаттары П. П. Регер мен Д. У. Әйімбетов әзірледі.

Конкурстың мақсаты студенттердің білімі мен тапқырлығын тексеру еді. Оларға тауат пен христианшылдық туралы түрлі сұрақтар қойылды. Сосын бұл топтар атеистік мақалдар мен мәтелдер аукционына, тақырыптық викториналарға қатысты, діни «кереметтерді» әшкерелейтін химиялық тәжірибелерді жасап көрсетті.

Жоғары оқу орнының практикасында студенттерге атеистік тәрбие берудің сұрақ-жауап кештері, ауызша журналдар секілді формалары да кеңінен қолданылады. Мектебіміздің түлектері тиянақты теориялық дайындық пен практикалық қызмет дағдыларын ала отырып, кейін ауызша саяси үгіттің жақсы насихатшылары, активистері болады, тұрғындардың түрлі жіктері арасында көлемді атеистік жұмыстар жүргізеді.

А. ПАК,
Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технология институты философия кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымының кандидаты.

Өмірге енген жаңа дәстүрлер мен ғұрыптар

КҮШТІ ЕСЕЛЕГЕН ДОСТЫҚ





Шымкент облысы. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында шөл даланы бәйшешекті алқапқа айналдыру үшін еліміздің барлық түпкірлерінен энтузиастар Мырзашөлге келді. Бүгінгі күнде мұнда құрылған шаруашылықтардың бірі — «Қапланбек» совхозында 28 ұлттың өкілдері істі жалғастыруда. Шаруашылықта алғашқы бесжылдықпен салыстырғанда жеміс және басқа өнімдер өндіру 25 еседен астам өсті.

Суреттерде:

1. Соғыс ардагерлері аға ұрпақтың ерлік дәстүрлерін жастарға тапсыруда.

2. Украин Надежда Дмитриевна мен тәжік, Ұлы Отан соғысына қатысқан Шарын Байматовтардың үлкен семьясы алты ұлттың адамдарын біріктіреді. Суретте: Надежда Дмитриевна немерелерінің ортасында.

3. Талапкер артистердің программасында еліміздің көптеген халықтарының билері бар.



Суретті түсірген Е. ШЛЕЙ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

ТАҢДАУЛЫ ҮЛГІЛЕР



«Айшықты, образды, көрнекі» — бертінде республикалық «Өнер» баспасы шығарған көркем альбом осылай аталады. Оны құрастырушылар В. И. Васильев, В. В. Исмамбетов, Н. К. Орловский қазақстандық суретші-безендірушілер жасаған көрнекі үгіттің таңдаулы үлгілерін біртұтас жинау әрекетін жасаған. Қабырғаға ілінетін қолдан жасалған молниялардан қала құрылысы ансамблін безендіруге дейін — кітапта берілген көрнекі үгіт-көркем безендіру түрлерінің ауқымы осындай.



Альбомдар бесжылдық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындау жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарысқа, республика еңбекшілерінің Азық-түлік программасын орындау жолындағы күресіне, бастамаларды насихаттауға арналған көрнекі үгітті безендіру суреттері мен макеттері берілген. Суретші-безендірушілер мен көрнекі үгітті ұйымдастырушылар назарын совет халықтарының достығы, социалистік өмір салты, Коммунистік партияның бейбітшіл сыртқы саясаты туралы әңгімелейтін үлгілер аударады. Көрнекіліктің оперативті формаларына елеулі орын берілген. Соңғы жылдары қазақстандық суретшілер жасаған аса сәтті плакаттар да жарияланған.



Безендірушілерге көмектесуге ұмтылып, авторлардың жекелеген қондырғылардың эскиздік сәтті жобаларын іріктеп алуы орынды. Көрнекі планшеттері бар, онша қымбат емес және жасауы жеңіл құрастырмалы-жиналмалы қондырғылар насихатталады.

Альбом көрнекі үгітті безендірудің жаңа образды-көркем және технологиялық тәсілдерімен танысуға мүмкіндік береді. Қалың идеология активінің одан өзі үшін көптеген пайдалы нәрселерді табатыны даусыз.

А. БАЕВ,
СССР Журналистер одағының мүшесі.

Айшықты, образды, көрнекі. Альбом. Алматы, «Өнер» баспасы, 1986 жыл. 96 бет. Бағасы 2 сом.

Digitized by Google

КАРИКАТУРА ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙДЫ

Алматыда «Карикатура табиғатты қорғайды» деген сатиралық графиканың Бүкілодақтық алғашқы көрмесі болды. Оны Қазақтың табиғат қорғау орталық советі мен облыстық «Огни Алатау» газеті ұйымдастырды. Оған қазақстандық графикшілермен бірге Москваның, Ленинградтың және еліміздің басқа қалаларының суретшілері қатысты. Проблемалары жөнінен айтарлықтай болған көрме назарды өзіне аудартып, республиканың қоғамдық өмірінде, партия шешімдерін орындауда сатиралық графиканың алатын орнын ойластыруға жетелейді.

Біздің бірқатар суретшілеріміз көптен бері республика атынан одақтық көрмелерге, сондай-ақ шетелдік көрмелерге қатысуда. Олардың ішінде Габровода сатиралық графиканың алғашқы биеналында (1973) «Күміс алқа» наградасына ие болған В. Щербак, Москвада «Сатира бейбітшілік жолындағы күресте» халықаралық көрмесінің (1983) құрмет дипломымен наградталған А. Островский, В. Қадырбаев, В. Любич, В. Борейко және басқалар бар. Сатиралық графика энтузиастары бертінде «Огни Алатау» газеті жанынан карикатурашылардың «Черным по белому» клубын құрды, оның мүшелері аса «олқы» мәселелерге дереу үн қатып, белсенді жұмыс жүргізеді, олардың ең маңыздысы — табиғатты қорғау мәселесі.

«Карикатура табиғатты қорғайды» көрмесіндегі жұмыстарда экологияның өткір проблемалары афористік, образды шешімдерін тапты. Бұл тұрғыдан ең алдымен Т. Сергиенконың В. Березницкастың, Г. Басыровтың, В. Борейконың, А. Островскийдің және басқа суретшілердің жұмыстары жайлы айту керек.

Көптеген еңбектерде табиғатты қорғау тақырыбы, су мен ауаны ластау тақырыптары өткір пайымдалып, ормандардың жойылуы тұрғысынан дабыл қағылады.

Әр қағазды қараған кезде таныс фактінің өзін жаңаша ой елегінен өткізесің. Көрмеде тақырыптың нақ осы проблемалылығы назарды аудартады.

Е. ЗАЛЫҚМАН,
өнертанушы, СССР Суретшілер одағының мүшесі.

Журнал сынынан кейін

«КОМПЛЕКСТІ ЖОСПАР БОЙЫНША»

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 1985 жылғы 24 санында осындай тақырыппен Қарағанды облысының бірқатар кәсіпорындары мен ұйымдарының көрнекі үгітті ұйымдастырушыларымен және суретші-безендірушілерімен «дөңгелек стол» басындағы кездесу материалдары жарияланған еді.

Оған қатысушылар айтқан сын-ескертпелер мен ұсыныстарды ескеріп, облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі Қарағандыда, Теміртауда және Қарқаралы ауданында көрнекі үгіттің жайын талдап, оны одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды талдап жасады. Осы маңызды учаскеге баспылық жасауды жетілдіру, еңбекшілерді тәрбиелеу мен оларды партия шешімдерін орындауға жұмылдыруда көрнекі үгітті барынша пайдалану, кездесуде айтылған даңғазалық, боямалылық, құралдарды дер кезінде жаңартпау секілді кемшіліктерді батыл жою қажеттігіне партия комитеттерінің назары аударылды.

Қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары 1986—1988 жылдарға арналған үгіт-көркем безендірудің біртұтас комплексті жоспарын жасады. Көрнекі үгіт советтері нығайтылды, олардың құрамына архитекторлар, жазушылар, журналистер енді.

Облыстық суретші-безендірушілер мектебінің программасы қайта қаралды, «КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдерін насихаттап, жүзеге асыруда көрнекі үгітті пайдалану», «Үгіт алаңдарын, балалардың аулалық клубтарын көркемдеу. Негізгі тәсілдер, құралдар, материалдар», «Көрнекі үгіт құралдары арқылы социалистік жарыс жариялылығын қамтамасыз ету» тақырыптары бойынша көрнекі үгіт жөніндегі совет председательдерімен облыстық семинар-кеңес өткізу жоспарланды.

Сондай-ақ көрнекі үгіт құралдарының пәрмеңділігін зерттеу жөнінен еңбекшілерден анкеталық сұрау жүргізу белгіленді.

А. НЕСТЕРОВ,
Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Digitized by Google

ЕҢБЕК КІТАПШАСЫН ТОЛТЫРУ ТУРАЛЫ

Еңбек кітапшасын жүргізу тәртібі туралы нұсқауға өзгерістер мен қосымшалар енгізілді. Қазақ республикалық кәсіподақтар советі еңбектің право инспекциясының меңгерушісі **М. И. Тимкин** журнал оқырмандарының олардың мәні туралы сұрақтарына жауап береді.

— Осы нұсқауға өзгерістер мен қосымшалар енгізу неден туындаған?

— СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті ВЦСПС-пен келісу арқылы 1986 жылғы 1 январьдан еңбек кітапшасының тәрбиелік мәнін арттыру, еңбек тәртібін нығайтуда оның ролін күшейту мақсатында нұсқауға өзгерістер мен қосымшылар енгізді.

Бұған дейін қолданылып келген нұсқаудың негізгі қағидалары оның жаңа редакциясында да сақталды. Сонымен бірге онда еңбекті ұйымдастыру формасын өзгерту, соның ішінде еңбекті ұйымдастыру мен ынталандырудың коллективті формасына ауысу, бригаданың және төменгі еңбек коллективінің тікелей командирі ретінде бригадирдің ролін арттыру көрініс тапты. Енді еңбек кітапшасында еңбекті ұйымдастырудың жаңа жағдайында жұмысшылар мен қызметшілердің әлеуметтік еңбек белсенділігі туралы деректер толық көрініс табуға тиіс, өйткені еңбек кітапшасы, нұсқауда айтылғанындай, еңбек қызметі туралы негізгі документ болып табылады.

— Еңбек кітапшасын жүргізудің жаңа тәртібі еңбекшілерге қандай артықшылықтар береді?

— Практиканың көрсетіп отырғанындай, атқарылатын жұмыстың сипаты мен орны туралы жазбалар жөнінен қаншама жаңсақтық пен дау туады. Сондықтан қазір еңбек кітапшасына қызметкер еңбек ететін цехтың, бөлімнің, бөлімшенің, учаскенің, өндірістің нақты атауы енгізілуге тиіс екені анықталды. Жұмыстың біртұтас тарифтік-біліктілік анықтамалығында немесе қызметшілердің біртұтас лауазым номенклатурасында, штаттық кестелерде көрсетілген жұмыстар, кәсіптер немесе лауазымдар атауы да дәлме-дәлдікте жазылуға тиіс.

Жұмысқа қабылдау барысында еңбек кітапшасына жазылатын қызметкердің негізгі кәсібі мен разряды туралы деректерге қоса онда кейінгі өзгерістердің бәрі, ішінара айтқанда, жаңа разрядты беру, екінші және кейінгі кәсіптерді тағайындау туралы деректер белгіленуге тиіс. Тағайындалған кәсіп бойынша жұмысты орындау барысында еңбек кітапшасында тиісінше жазу жазылуға тиіс Мамандандырылған немесе комплексті бригадалардың құрамында жұмыс істеу, сонымен бірге бірнеше кәсіпті алмастыруы көрсетілуі қажет. Қызметкерді өндірістік бригаданың бригадирі етіп тағайындау барысында бұйрыққа сілтеме жасау арқылы тиісінше жазу жазылады. Енді сондай-ақ тағайындалған тәртіппен рәсімделген қосымша жұмыста та аталады. Негізгі жұмыс орны бойынша әкімшілік оның басталуы туралы жазуды жазады.

Еңбек кітапшасының дұрыс және дәлме-дәлдікте толтырылуын қызметкердің өзі де тексере алады. Нұсқауға сәйкес олар бір апталық мерзім ішінде Т-2 формасындағы жеке карточкаға қол қою арқылы еңбек кітапшасына жазылған әр жазумен танысуға міндетті.

— Нұсқаудың қандай қағидалары адамдардың еңбек белсенділігін арттырып, оларды қоғамдық өндіріске орнықтыруға ықпал етуге тиіс?

— Нұсқауға енгізілген өзгерістер мен қосымшылар заңның басқа қағидаларымен қатар, әлбетте, жұмысшылар мен қызметшілердің әлеуметтік-еңбек белсенділігін арттыруға ықпал жасайды. Демек еңбек кітапшасының тиісті бөлімдеріне мадақтаулар мен наградалар туралы деректер, Қазақ ССР Еңбек туралы заңдар кодексінде аталғандары ғана емес, сондай-ақ тәртіп туралы уставқа сәйкес еңбек коллективтері, әкімшілік және кәсіподақ комитеттері қолданатын басқа шаралар толық енгізілуге тиіс.

Еңбек кітапшасын жүргізудің жаңа тәртібі оқушы жастардың да қоғамдық өндірістегі екпінді жұмысқа деген мүдделілігін арттыратыны даусыз. Енді студенттердің, оқушылардың, аспиранттардың және клиникалық ординаторлардың еңбек кітапшаларына олардың оқыған кездері ғана емес, сондай-ақ студенттік отрядтарда жұмыс істеу және өндірістік практикадан өту кездері туралы жазулар енгізіледі. Мұның бары-

Digitized by Google

сында мамандығы, біліктілігі, лауазымы және жұмыс уақыты көрсетіледі.

Мұндай жазуларды енгізудің төмендегідей тәртібі тағайындалған: кітапшаға деректерді оқу орны енгізеді, ал бұрын жұмыс істемеген және осыған орай еңбек кітапшасы жоқ студенттер мен оқушыларға алдағы жұмыс істейтін жері бойынша кәсіпорын берілген анықтамалар бойынша жазбалар жазады.

Дұрыс сөйлеңіздер

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ТӘРТІП

«Еңбек пен өндірістік тәртіп үшін күресейік!» деген ұрым дұрыс па? Егер бұл ұрым дұрыс болса, **еңбек тәртібі мен өндірістік тәртіп** арасында қандай айырмашылық бар? Өйткені **еңбек пен өндіріс** сөздері өзара тығыз байланысты ғой.

Расында, зат есімдегі тәртіп тұрғысынан **еңбек пен өндірістік** тәртіп сөздерінің мағынасында айырмашылық бар ма? Екінші сөзбен айтқанда, «еңбек және өндірістік тәртіп» сөзтіркестерінің мәнін қайталау болып табылмай ма?

Мұндай құрылымда ешқандай қайталаушылық жоқ екенін бірден айтайық: мұнда **еңбек пен өндірістік** сөздері солбір зат есімдік тәртіпті түрліше анықтай отырып, түрлі мәнге ие болады.

Еңбек тәртібі бұл әр қызметкердің ұйымшылдығы, жұмыс уақытына ұйымшылдықпен қарауы, жұмыс графигін, күн кестесін т. б. қатаң сақтауы.

Өндірістік тәртіпке келетін болсақ сырттай ұйымшылдықпен емес, еңбек процесінің нәтижелерімен: мемлекеттік жоспар мен тапсырманы орындаумен, өндіріс технологиясын сақтаумен, жұмыстың жоғары сапасымен, еңбек өнімділігімен т. б. байланысты басқа ұғымдарға қатысты. Өндірісті ұйымдастырудың және оған әр еңбеккердің қатысуының түрлі жақтарын ескеріп, біз еңбек және өндірістік тәртіп деп айтамыз.

«Еңбек пен өндірістік тәртіпті сақтайық», «Еңбек пен өндірістік тәртіп үшін күресейік» деген тіркестер дұрыс, әдеби ұғымдар.



Қостанай облысы. Рудный қаласының парктi аймағында, Тобыл өзенінің жағасында соғыс пен еңбек ардагерлеріне арналған пансионат салынды. Мұнда денсаулықты қалпына келтіру үшін тамаша жағдай жасалған. Емдеу-профилактика секторы, осы заманғы тамақтану блогы, кино-концерт залы, кітапхана — осының бәрі толығынан ардагерлердің қарауына тегін берілген.

Суретте: демалыс бөлмелерінің бірінде.

Суретті түсірген В. ДАВЫДОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

ПУШТУНДАР НЕЛІКТЕН ҚАРУ ҰСТАДЫ

Сауатсыз көшпелі-пуштун Гольхамид Алидің осы таңдауды, әлбетте өзінің өміріндегі ең басты таңдауды жасауы қиын болды. Ауғанстандағы тайпаластары-пуштундардың жаңа өмірімен жақынырақ танысу, осы жаңа өмірді империалистік жалдамалылардың қол сұғуынан қорғау тілегі, бабаларынан мирас етіп алған өзінің тәуелділігін қорғап қалу ниеті оның ұйғарымын жеделдетті. Али ауған революциясын қорғауға тұрды.

...БАРЛЫҚ жанды нәрсеге жан беруші, әрі барлық нәрсенің бабасы болып есептелетін күн нұры Гиндукуш сілемдеріне қарай төмен құлдырап, таудың қаракүңгірт толқынды жоталарына қарай енді дөңгелей жөнелетін сияқты болып көрінген сәтте Гольхамид Али отарын үйреншікті әдетпен бір шолып, тәжірибелі шабандоздың онша байқала бермейтін қозғалысымен атын суатқа қарай бұрды. Бұл оның екі кіші ұлы — Голям мен Махмудқа жасаған белгісі болды, олар отарларын суатқа және түнемелікке бастайтын соқпаққа қарай бұра бастады.

Гольхамид тым алыстан, сүрлеудің екі қилысының әр жағынан өздерінің тұрағында әлдекімдердің жайғасып алғанын сезді: алғашында түтін иісі келді, сосын қатты, тым даурықпа сөздер естілді. «Қайырлы кеш, қайырымды адамдар!» деп ойлады ол, бірақ бірнеше минуттан кейін қайырымды адамдар туралы ойды серпіп тастауына тура келді.

Отар мен бақташыларды байқап, алау жанынан басын орап алған, жартылай әскери киім киген ұзын бойлы адам көтерілді.

— Әй, Саид, Алланың өзі бізге тәптәуір кешкі асты жіберіпті, — деп айқайлады ол. — Бір-екі қойды тезірек сойып жіберіңдер.

«Ашрарлар! (пуштундар ауғандық дұшмандарды осылай атайды. — **Редакцияның ескертуі**) — деген ой бірден келді Гольхамидқа. — Олар мұнда қайдан келген?». Алайда ойланып жатар уақыт жоқ. Екі бейтаныс оған, Гольхамид Алиге, оның семьясына, оның тайпасына тиесілі қойларды сойып жатыр, мұның барысында оны, Гольхамид Алиді елер емес. Иығына асып алған винтовкасы оның қолына бірден түсе кетті, бірақ күш тым тең емес еді: бақташы мен оның екі баласына кемінде он автомат кезеліп тұр екен.

— Аман-сауында өзіңнің күшіктеріңмен осы арадан тайып тұр! — деп айқайлады ұзынтұра ашрарлардың масаңдау күлкісімен. — Дегенмен, ертең отарыңды тағы да айдап келуіңе болады — біз қойдың жас етін ұнатамыз!

Гольхамидті орынды ашу-ыза булықтырды. Қарғыс атқан ашрарлардың арғы жақта, Ауғанстанда озбырлық жасағаны аздай, олар мұнда да қожалық жасағылары келеді. Арсыз, әрі өздеріне разы бандиттерге бір-екі оқты тартып жіберу ниетін баяу тежей отырып, Гольхамид винтовкасын иығына аса салып, балаларына қолын сілтеді. Суға қанған қойлар үйреншікті түнемеліктен ешбір қозғалар емес, бақташылардың да отарды айдап әкетуі үшін біраз әуреленулеріне тура келді,

ПУШТУНДАР дегеніміз кімдер? Бұлар — Ауғанстан-Пакистан шекарасының екі жағы бойынша көлемді ауданды мекенденуші халық. Қазір Ауғанстан территориясында 8 миллиондай, ал Пакистанда — шамамен он екі миллион пуштун тұрады. Өткен ғасырдың соңында Азияның саяси картасында ағылшын отаршылдары танған «Дюранда линиясы» деп аталған шекара пайда болды, ол Британ империясының иелігін оған бағынбаған Ауғанстаннан бөліп тастады. Тарих Англияның Ауғанстанға қарсы отарлық үш соғысының куәсі болды, олардың бірде-бірінде теңіздің ар жағынан келген басқыншылар жеңіске жете алмады. Бұл соғыста менмен, азаттық сүйгіш пуштундар өз сөзін айтты, сөйтіп ағылшын әскерлерін өздерінің ежелгі жеріне жібермеді.

«Дюранд линиясының» екі жағында қалған пуштундар (ол Британ тағының Үндістандағы сол кездегі наместнигінің есімі бойынша осылай аталды) бабалары өмір сүрген үйреншікті тайпалық уклад пен ғұрыптарды өздеріне ыңғайлы деп есептеп, екі мемлекеттің саяси өміріне белсенді қатысудан ылғи жалтаруға ұмтылды. Сірә, осы себептердің әсерінен болар, пуштундардың көпшілігі әлі күнге дейін сауатсыз. Оларды жаугер халық деп жиі атайды, алайда мұндай пайымдау ақиқатқа толығынан сәйкес келе қоймайды. Олар табиғатынан тұйық, дегенмен қайырымды әрі қонақжай адамдар, бірде-бір пуштун — ересек те, жас бала да түнемелікте винтовкасын жанынан тастамағанымен, қайрымдылыққа қайырымдылықпен жауап беруге әдеттенген. Қатал өмір және басқаның есебінен күн көргісі келетін көптеген әуес-

Digitized by Google

қойлар оларды ұрпақтан ұрпаққа дейін қаруды жақсы меңгеруге, жөбірлеушіге кешірім жасамауға үйретті. Ауғанстан билеушілері де, көптеген пуштундық тайпалар да «Дюран линиясын» Үндістанмен, ал 1947 жылы ол бөлінгеннен кейін Пакистанмен шекара ретінде танымады. Пуштундық тайпалар шекараның екі жағы бойынша өздері үшін үйреншікті жерлер бойынша қоныс аударуларын жалғастырды. Айрықша автономия мен өзін басқару правосын пайдаланушы «ерікті тайпалар аймағы» осылай құрылды. Хайбер жолы осы аймақта орналасқан, оны «Азияның басты көшесі» деп жиі атайды. Осы 53 километрлік сай арқылы халықтардың ұлы қоныс аударуының көне жолы өтті, олар арқылы кезінде Александр Македонскийдің тобырлары шеру тартты. 650 километрлік ауғандық-пакистандық шекара бойында басқа да тау асулары бар, дегенмен Хайбер жолы басты роль атқарады.

Тайпа негізінен жайылымдық мал шаруашылығы есебінен күн көреді. Олар қыста қой мен түйені «тайпа аймағының» оңтүстік аудандарында жаяды, онда жылы, су бар. Жазда табынды солтүстікке, Ауғанстанның таулы жайылымына айдайды. Адамдардың және малдың, олармен бірге ақшаның және товардың «еркін араласуы» міне, ондаған жылдар бойы жүзеге асырылып келеді. Ауғанстан үкіметі пуштундық тайпалардың тарихи тұрғыдан қалыптасқан статусына ұғынушылықпен әрі сыйлаушылықпен қарайды. Ол 1982 жылы мартта тайпа тұрғысынан бейбітшілік, достық және ынтымақтастық саясатын жариялады. Исламабад принципті тұрғыдан басқадай бағытты жүргізді, жүргізіп келеді. Ауғанстанмен тікелей сауда және экономикалық қатынастар жасаушы афридидің, шинваридің және басқа пуштундық тайпалардың тәуелсіздігі пакистандық генералдар үшін бастың айықпас дертіне айналды. Олар тайпаның тәуелсіздігіне соққы беруге ынғайлы сәтті ұзақ іздеді.

Ауғанстандағы апрель революциясынан кейін Хайбер асуына жалғасқан пакистандық территорияларға пуштундардың ежелгі көлемді жерін халықаралық реакция, ең алдымен АҚШ ресми Исламабадтың келісімімен және белсенді қолдауы арқылы жас республикаға қарсы жарияланбаған соғыстың басты плацдармына айналдырды. 140-қа жуық зиянкестік жаттығу орталығының жүзден астамы пакистандық территорияда орналасқан, оларда ауғандық контрреволюцияшыл сілімтіктерді кісі өлтіруге, үйлерді қопарып, өртеуге үйретеді. Осы лагерьлерде жыл сайын 50 мыңнан астам дұшман әскери жаттығудан өтеді, кейін оларды Ауғанстанға жібереді.

Зия-уль-Хактің диктатурасы жақсы үйретілген, бақайшағына дейін қаруланған осы баскесерлерді пуштундардың дербестілігіне шабуыл жасау үшін пайдалануға үйғарды. Пакистан халқын адамгершіліктің болмашы праволарынан жұрдай еткен диктатура пуштундық жерді дұшмандарға беріп, олардың іс жүзіндегі қимыл-әрекетіне жағдай жасады. Өз халқы теріс айналған сілімтіктер басқалардың еріктерінің құдіретті қожаларындай сезінді. Олар пуштундарды шұрайлы жерлерден қуып, олардың жайылымдар мен құдықтарды пайдалануына тиым салды. Пуштундар мен қарақшылық жасаушы келімсектер арасында шиеленіс өсе түсті. Дегенмен белең алған жанжалдың себебі бұл ғана емес еді.

...АТ ҮСТІНДЕ отырып, Гольхамид бұдан бір жыл бұрын арғы беттегі, ауғандық территориядағы тым алыс жақынында қонақта болғанын еске түсірді. Дәстүрлі сәлемдесу мен үйдегілердің денсаулығы, түрлі шаруашылық істері туралы сауалдардан кейін Гольхамид жаңалықтар туралы сұрады. Туысқаны сәл күлімсіреп, он жасар ұлы Рахманды шақырды. Ол келгенде әкесі оған былай деді: «Ұлым, жүгіріп барып газет әкеліп, сыйлы Голхамид ағаңа біздің еліміздегі қандай жаңалықтар болып жатқанын оқып берші». Гольхамидтің сонша лықты таңырқауына қарай бала жатып оқи бастады! Пуштундық баланың, саутсыз көшпендінің баласының, көмересінің, шөбересінің газет оқығанын кім көрген?! Таңырқап қалған Гольхамид кезбе сиқыршы сияқты жалаңаяқ бала аузынан қанжар алып жатқандай Рехманның аузына қарап қалыпты.

Дегенмен, Гольхамид ауған территориясы бойынша көшіп жүрген кезінде оның бабаларының жері қалай құлпырып келе жатқанын өзі де көрді. Революциялық өкімет тегін жер берген 350 мың семьяның көпшілігін көрді. Дәрігерлермен ешуақытта таныс болмаған шаруаларға медициналық көмек — оның да тегін көрсетілетінін көрді.. Шынар саясында орналасқан балалар мен жасөспірімдерді көрді, олар — тағы да тегін — ана тілінде жазып, оқуды үйренуде. Әйтсе де бұған дейін осының бәрінің оған, Голхамидке де, оның туысқандарына да ешқандай қатысы болмады, ал кенет оның туысқанының үйінде газет оқуда.

Гольхамидтің басқадай көріністерді де: ашрарлардың ауған жерінде немен айналысатынын көруіне тура келеді. Қираған селолық мектептер, өртелген шаруалар кооперативтері, аюандықпен азапталған мұғалімдер мен жергілікті мектеп өкілдері. Тіпті молдалар өздерін ашрарлар деп атауды ұнаттын «исламды қорғаушылардың» қолдарынан қаза табуда. Ақиқат пен әділеттілік кімнің жағында?

Мыңдаған пуштундар өздеріне осындай сұрақтар қойды. Олардың көпшілігі Гольхамид Али секілді ақиқат ауған революциясы жағында деп ұйғарды. Ал солай болса — пуштундардың парызы оңшыл істі қорғау. Мұндай таңдау оңай болған жоқ, әйтсе де ол жасалды. 1985 жылы күзде Ауғанстан үкіметі пуштундық тайпаларды шекараны қорғауды

Digitized by Google

өз міндеттеріне алуға шақырғанда олар «джиргаға» — өзіндік «парламентке» жиналды. Старейшиндердің коллективті ақыл-ойы айтыстар мен ойланудан кейін ашрарлардың орын тебуіне тиым салу керек, кісі өлтірушілер мен диверсанттардың Ауғанстан территориясына өтуіне тосқауыл қою керек деп қаулы етті.

Айтылғанындай, жасалды. Пуштундар Құрама Штаттар және жас республикадағы халықтық құрылыстың басқа жаулары Ауғанстанға жіберетін «ажал керуендерінің» жолында тосқауыл болып тұрды. Міне, осы арада Вашингтон мен Исламабад дабыл қақты. АҚШ Зия-уль-Хактен шешуші қимыл-әрекетті талап етті. Әскери диктатура пуштундардың дербестігін жою үшін ыңғайлы сәттің түскенін ұғынды. Дәстүрлер мен орын алған келісімдерге қарамастан Пакистанда пуштун тайпаларының территориясына 1985 жылдың соңында үкімет әскерлері енгізілді. Американдық кеңесшілердің қатысуымен кең ауқымды жазалау акциясы басталды, ол ашық-тан-ашық геноцидке ұласты.

Шайқасушы пуштундық африди тайпасының көсемі Вали Хан Кукихейль бертіндегі интервьюлерінің бірінде былай деп мәлімдеді: «Біз Ауғанстанды өз отанымыз, ал Пакистанды екінші отанымыз деп есептейміз. Біздің тарихи байланыстарымыз өткендерінің бірлігіне, этникалық құрамға, тіл мен діннің бірлігіне негізделген. Біз туысқандық және қандас бірлікпен байланысқанбыз. Жер бетінде ешқандай күш осы байланысты үзе алмайды. Ауғанстанмен байланысымызды қайсыбір үзу бізді оқшаулауға, сайып келгенде құрып кетуге соқтырады».

Оқшаулау және құрып кету... Пакистанда ауқаттылар үкіметі нақ осыған қол жеткізбекші. Бірақ құдалау мен озбырлық саясаты оларға үміт артушылардың өздеріне соққы болып тиетіні даусыз.

С. БУЛАНЦЕВ.

Жер шарының халқы

Нью-Йорк. Планета халқы минут сайын 150 адамға көбеюде, деп хабарлады Біріккен Ұлттар Ұйымының халық саны саласындағы қызметке арналған қорының атқарушы директоры Р. Салас. Соның нәтижесінде жыл ішінде ол 80 миллион адамға көбеюде, ал үстіміздегі жүз жылдықтың соңына қарай жыл сайын 90 миллион адамға өсетін болады. 2000 жылға дейін қазір 4,92 миллиард адам болып отырған жер тұрғындарының саны 6,12 миллиардқа жетеді, ал 2100 жылға қарай 10,5 миллиард адам болады.

Планетамыз халқының қалаға қоныстануы жедел қарқынмен өтуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамдары бойынша 2010 жылы жер шары халқының жартысынан астамы қалалық орталықтарда тұратын болады, демек олардың 20 процент халқы 4 миллион адамдық және одан да көп қалаларда шоғырланады.

2000 жылға қарай халқының саны 10 миллион адам және одан да көп аса ірі қала пайда болады. Осындай 18 қала, күтіліп отырғанындай, дамушы елдерде болады, Болжам бойынша, Мехико дүние жүзінің ірі қаласы болады, оның тұрғындары 26,3 миллион адамды құрайды. Бұл Канада секілді аса көлемді елдің қазіргі бүкіл халқынан көп.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы, М. Горький көшесі, № 50 үй. Телефондар: 33-80-03, 33-80-07, 33-80-56, 33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.
Редколлегия: Ә. А. БАЙҒАБЫЛОВ, Н. Ж. ДӘНЕНОВ, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, В. В. МАХИН, Ғ. С. КАРАТАЕВА, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор Л. И. Лосева.

Сдано в набор, 15.04.86. Подписано к печати 30.04.86. Формат 70×108 1/16. Печ. офсетная Уч.изз. л. 3,6. Усл. кр. отт. 3,8. Тираж 66869 (казахское издание — 83304. экз. русское издание — 33565 экз.). УГ01146. Заказ 118. Цена 15 коп.

Индекс 75328.


Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН

Жамбыл облысы. Қаратау қаласында еліміздегі тұңғыш фосфорит жентектері заводының құрылысында қуаты сағатына 268 тонна жентек беретін агломерация машинаның монтажы басталды. Осы завод іске қосылғаннан кейін еліміздің фосфор өнеркәсібі сұрыпталған фосфорит шикізатын жеткілікті мөлшерде алады.

Суретте: агломашина монтаждалуда.





Целиноград облысы. Құс шаруашылығы жөніндегі Целиноград өндірістік бірлестігінде село тұрғындарының мәдени бос уақыты туралы көп қамқорлық жасайды. Облыс тұрғындарына танымал болған Малиновка селосы Мәдениет үйінің талапкер халық хоры 90-нан астам әншіні, биші-ні, музыкантты біріктіреді.

Суретте: талапкер артистер өнер көрсетуде.



Қостанай. Соңғы жылдар ішінде облыс орталығы үлкейіп, жақсара түсті. Бертінде мұнда 200 мыңыншы тұрғын дүниеге келді. Жаңа тұрғын үй аудандары, алаңдар, көшелер, мектептер, магазиндер салынды. Тарихи тұрғыдан бағалы болып есептелетін ескі үйлер іскер түрде қалпына келтірілді.

Суретте: қаланың орталық бөлігі.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

ISSN 1032—6139.

МЕЛИОРАЦИЯ – ШЫҒЫМДЫЛЫҚ НЕГІЗІ



«Плакат» баспасы

Digitized by Google

ISSN 0132—6139.

ШАБЫТТЫ ЕҢБЕГІМІЗ САҒАН АРНАЛАДЫ, ОТАН!

93

XXVII



Қазақстан КОММУНИСТІ

22
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



АЛМАТЫ. III дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қ. Н. Нұрмұхаммедова — жеке адамдардың киімін тігіп, жөндейтін «Қазақстан» фирмасы № 25 ательесінің бірінші класты тігінішісі, жастар тәлімгері. Бригадада аса жауапты операция-пальтоның сәнді тігістерін жүргізу осы кәсіпорында отыз жыл жұмыс істеген оған тапсырылады. Қайша Нұрмұхаммедқызы еңбек ететін бригада коллективі жұмыста жаңа әдістер мен тәсілдерді кәсіпорында бірінші болып игереді. Мұнда жастар тәлімгері, ательенің кәсіподақ комитетінің председателі ретінде оның қызметі зор.

СУРЕТТЕ: Қ. Н. Нұрмұхаммедова.

Суретті түсірген Н. Пивнев. (ҚазТАГ)

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі

22

1986 НОЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

МЕМЛЕКЕТ ҚОЙМАСЫНА

Қазақстан астық дайындау жоспарын орындады

Республика егіншілері КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, биыл тәуір егін өсірді, оны ұйымшылдықпен жинап алды. Мемлекет қоймасына 16,4 миллион тонна астық құйылды, бұл жоспарлы мөлшерден көп. Астық сату одан әрі жүргізілуде. Негізгі азық-түліктік дақыл — бидай 12 миллион тонна шамасында дайындалды, оның 80 проценті — күшті, қатты және бағалы сорттар. Күріш, арпа, қара бидай, сұлы сатып алу жөніндегі тапсырмалар орындалды. Жүгері дәнін, соя және басқа техникалық дақылдарды жинау аяқталып келеді.

Мұндай табысқа социалистік жарысты кеңінен өрістету, аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің барлық буындарының өзара жақсы іс-қимылы, интенсивті технологияларды, еңбекті ұйымдастырудың прогресті формаларын енгізу, туысқан республикалардың көрсеткен көмегі арқасында қол жетті.

Егін алқаптарында орақты ойдағыдай, ең қысқа мерзім ішінде және ысырапсыз өткізу жолында жанқиярлық күрес жүргізілді. Астық жинау-дайындау конвейеріне қатысушылар: комбайншылар, автомобильшілер, қырмандар мен астық қабылдау кәсіпорындарының қызметкерлері, жөндеушілер және басқалар ұйымшылдықпен жұмыс істеді.

Орақ науқанының алдыңғы шебінде, оның шешуші учаскелерінде әдеттегідей коммунистер мен комсомолцетер болды. Совхоздар мен колхоздардың партия ұйымдары, аудандық партия комитеттері адам факторының жандандырылуын қамтамасыз ететін пәрменді бұқаралық-саяси жұмысты өрістетті. Бұл күндері тұрмыстық қызмет, сауда, қоғамдық тамақтандыру орындары, мәдениет қызметкерлері егіншілердің мұқтажына барынша мұқият қамқорлық жасап отырды.

Мемлекетке Қостанай облысы — 3 миллион 738 мың тонна, Көкшетау облысы — 2 миллион 451 мың тонна, Целиноград облысы — 2 миллион 332 мың тонна, Солтүстік Қазақстан облысы — 1 миллион 421 мың тонна, Павлодар облысы — 866 мың тонна астық сатып, еліміздің астық ресурстарына барынша мол үлес қосты. Сондай-ақ Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда және Жезқазған облыстары астық дайындау жоспарларын орындап шықты.

Қостанай облысындағы Федоров, Комсомол және Таран аудандарының, Көкшетау облысындағы Қызылту, Куйбышев және Щучье аудандарының, Целиноград облысындағы Атбасар және Целиноград аудандарының, Солтүстік Қазақстан облысындағы Совет және Тимирязов аудандарының, Павлодар облысындағы Ертіс және Краснокут аудандарының, Қарағанды облысындағы Молодежный ауданының және басқа бірқатар аудандардың еңбеккерлері бітік егін өсіріп, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын едәуір асыра орындады. Көптеген совхоздар, колхоздар, бригадалар мен звенолар астық сату жоспарларын бір жарым-екі есе және одан да асыра орындады.

Республика шаруашылықтары өздерін тұқыммен толық қамтамасыз етті. Күздік дақылдар қолайлы мерзімде себілді. Келесі жылдың егініне жер әзірлеуді аяқтау, мал қыстатуға ұйымшылдықпен кірісу шаралары жүзеге асырылуда.

«Социалистік Қазақстан», 1986 жылғы 17 октябрь.

Digitized by Google

Ұлы Октябрьдің 70 жылдығын лайықты қарсы алайық!

ЖЕДЕЛДЕТУ МЕЖЕЛЕРІ

КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған еліміздің озық коллективтерінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 70 жылдығына лайықты әзірлену жөніндегі инициативасы республикамызда мейлінше кеңінен таралды. «Бұл тамаша мерекені экономикалық және қоғамдық-шұғыл өрлеу үстінде, Октябрь Отанына лайықты жетістіктермен және табыстармен қарсы алу, — біздің патриоттық және интернационалдық ортақ борышымыз», — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумында.

Партия шақыруына жауап ретінде мыңдаған қазақстандық он екінші бесжылдықтың алғашқы жылын екпінді еңбекпен аяқтай отырып, бесжылдықтың екі жылының тапсырмасын атаулы күнге дейін орындауға көтеріңкі міндеттеме қабылдады.



Жезқазған облысы. Жәйрем геологиялық барлау экспедициясының бұрғылаушысы, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, коммунист А. Н. Хомочкин бесжылдықтың алғашқы жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындады. 4500 погон метр скважина бұрғылады, мұның өзі жоспардағыдан 1300 метр көп. Озат жұмысшы Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін бесжылдықтың екі жылының тапсырмасын аяқтайды.
Суретте: А. Н. Хомочкин.

Суретті түсірген В. ЗЫБИН

(ҚазТАГ).

ЖАСТАР ЕСЕБІНДЕ

Орал облысының 300-дей коллективі, 3,5 мың еңбекшісі бесжылдықтың екі жылының жоспарын Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін орындауға міндеттеме алды. Осы жарыстың инициаторлары арасында «Омега» прибор жасау заводынан жас коммунист Александр Поганец басқаратын монтажшылардың комсомол-жастар бригадасы бар. Бұл коллектив бірінші жарты жылдықтың қорытындысында жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін, ғылыми-техникалық творчествоға белсене қатысқаны үшін ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет кітабына жазылды.

Бригадада еңбек өнімділігі 119 процент құрады, өнім өндіру көлемінің жоспары 132 процент орындалды. Бригада коллективі бүкіл өнімді алғаш ұсынғаннан өткізеді. Коллективте жақсы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан, тәлімгерлер қозғалысы дамыған. Бес тәлімгер жас жұмысшыларға қамқорлық жасайды. Топ комсоргы Т. Гаврилов басқаратын комсомол тобы белсенді жұмыс істейді.

Орал облысы.

ЖАРЫС СЕРПІНІ

Октябрьде «Қарағанды» шахтасының кеншілері жыл басынан бері тапсырмаға қосымша жүз мыңыншы тонна көмір өндірді. Бұл бесжылдықтың екі жылының жоспарын Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін аяқтау міндеттемесін орындау үшін жақсы негіз жасады.

Н. А. Захаров басқаратын бірінші учаскенің коллективі еңбек сайысына серпін беруде. Бүкіл шахтаның жоспардан тыс өндірген көмірінің тең жартысы оның есебінде.

Қарағанды қаласы.

ҰҚЫПТЫЛАР СӨЗІ

Маңғышлақ станциясынан машинист А. Алдабергенов Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін үнемделген отынмен 70 смена істеуге міндеттенді Жас коммунист В. В. Васильев басқаратын жөндеушілер бригадасы жылдық жоспарға қосымша жетпіс тепловозды тегін жөндейді. Одан түскен ақша Бейбітшілік қорына және Чернобыль қорына аударылады.

Шевченко қаласы.

Digitized by Google

МАСЫЛДЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



А. ТӨКІШЕВ
Ақтөбе ферросплав заводы № 2 балқыту цехының өндірістік аға мастері, Халықтар достығы орденінің иегері, үгітші

Адам факторы дегеніміз аса көлемді ұғым. Ол бізге, өндірісші-үгітшілерге, көп нәрсені әңгімелейді. Адамның жеке табыстары ғана емес, сондай-ақ ол жұмыс істейтін коллективтің, иә, бүкіл кәсіпорынның жұмысы оның өзіне тапсырылған іске деген қатынасына тәуелді.

Адамдарды еңбектігі жоғары қайтарымға бағдарлау, оның кәсіптік тұрғыдан қалыптасуына көмектесу — біздің маңызды парызымыз. Мұнда бірыңғай шақырулармен алысқа бара алмайсың, адамдарды парыз сезіміне тәрбиелеу жөнінен мақсатты жұмыс керек. Заводта жұмыс істеген отыз жылдық дерлік тәжірибем иландырып отырғанындай, бүгінде жоғары білікті адамдар, өз ісінің шеберлері ғана толық қайтарыммен жұмыс істей алады. Мұндай адамдар завод міндеттерін өзінің төл ісі ретінде қабылдайды. Олар жолдастарын баурап, күрделі өндірістік мәселелерге жауап іздейді. Кәсіпорнымызда мұндай жаңашылдар аз емес. Партия ұйымы қайта құру барысында нақ соларға сүйенеді.

КПСС XXVII съезінің шешімдеріне жауап ретінде он екінші бесжылдықта әр жұмыс орнында аз шығынмен өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етуге ұйғарған қарағандылық металлургтер инициативасын талқылағаннан кейін цехымыздың коллективінде үлкен өзгерістер басталды. Жиналыста күрделі мәселе қойылды: біз ферросплав сапасын жақсарту үшін нақты не жасай аламыз?

Бұл оңай мәселе емес, өйткені біздің жұмысымызда өте көп нәрсе № 1 цех беретін шикізаттың сапасына тәуелді. Жасыратын несі бар, біздің көпшілігіміз өз ағаттықтарымыздың бәрін бірінші цехтың нашар жұмыс істеуімен тым жиі түсіндірдік. Рас, бізге кейде құнарсыз шикізат түседі. Демек, көршілеріміздің ағаттықтарына сілтеме жасап, біз өз кемшіліктерімізге көзді жұмып қарадық. Бір сөзбен айтқанда, бізде масылдық тамырын тым тереңге бойлата жіберген еді.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев Хабаровскіде партия активі кеңесінде масылдық идеяларына бой ұсынғандарға ымырасыздықпен қарау туралы өте өткір айтты. Біздің коллективімізде мұндай көңіл-күйге орын болмайды, деп ұйғарды коммунистар. Демек, шикізат берушілерге сілтеме жасап, әлде біреу жоғарыдан бізде енгізуге тиісті ғылыми-техникалық жетістіктерге масаттанып, біз өз мүмкіншіліктерімізді пайдаланбадық. Мәселен, бізде шихта пешке тасталар алдында қолмен, шамамен мөлшерленетін, тіпті тәжірибелі балқытушының өзі марканы «сақтай» алмайтын...

Осы процесті механикаландыру творчестволық тобымыздың бірінші ісіне айналды, оған инженерлер А. Демидов, Г. Рот, балқытушылар О. Кованов, В. Плотцев, В. Гончаров енді. Олар шихтаны мөлшерлеудің электронды жүйесін талдап жасап, сосын үш пештен игерді. Соның нәтижесінде оның маркасы артты, цехта мөлшерлеуші кәсібінің қажеттігі жойылды.

Сондай-ақ цехымыздың қызметкерлері өз күштерімен балқыту агрегаттарындағы жүктелім режиміне арналған тіркеуші элементтерді де енгізді, мұның өзі пультші қызметін қысқартуға көмектесті.

Заводтың бас инженері Г. Лазаревтің, цех бастығы С. Сафроновтың көмегі арқылы творчестволық топтың үш

Digitized by Google

пеш қуатын арттыруының сәті түсті, мұның өзі ферросплав сапасын айтарлықтай жақсартуға ықпал етті.

Әсірелемей-ақ былай деуге болады: съезден кейінгі кезеңде цехымыздың бүкіл коллективі қауырт творчестволық өмірмен тыныстауда. Бұл жұмыс көрсеткіштеріне де қыруар әсер етті. Біз алғашқы жарты жылдықта жоспарға қосымша 400 тоннадан астам өнім беріп, 100 мың киловатт-сағаттан астам электр энергиясын үнемдедік және ферросплав сапасын айтарлықтай арттырдық. Екі кәсіпті қысқарту, жұмысты жетілдіру арқасында өнім өндіру шығыны 1,5 мың сомға кемітілді. Бұл өнім сапасын арттыру қозғалысына қатысуымыздың нақты нәтижесі.

Цехта творчестволық өрлеудің бәсеңдемегенінен ең алдымен цех партия ұйымының, ауызша саяси үгіт активистеріміздің ролі көрінеді.

Коммунистер О. Кованов пен В. Плотцев үгітшілер болып табылады, сөйтіп өздерінің творчестволық топ жұмысына қатысуын өз бригадаларындағы көлемді түсінік жұмыстарымен нығайтады. Цех үгіт коллективінің жиналысында әр активистің ғылыми-техникалық міндеттерді шешудегі, өнім сапасын жақсарту жолындағы күрестегі орны анықталды. Маған, ішінара айтқанда, жас металлургтермен жұмыс жүргізу тапсырылды.

Мұнда қызмет ауқымы кең. Соңғы жылдары заводымыздағы жұмыс істеушілердің орташа жас мөлшері қыруар өсті, ал жастар онша орнықпайды. Мұның себептерінің бірі мынада: кезінде біз үшін жеткіншіктер тәрбиелейтін № 7 орта кәсіптік-техникалық училищемен берік байланыс реттелмеді. Оның түлегінің заводта орныгуының немесе орныкпауының, оны қанағаттандыруы, олардың алдынан қандай проблемалардың туындайтыны — бұл мәселелерге партия ұйымы, тәлімгерлер советі әзірше онша ықылас бөлмейді. Еңбек әулеттері де жеткілікті нығайтылмайды. Әрине, бізде перспективалы жігіттер жоқ деп айтуға болмайды. Балқытушылар М. Шунько мен А. Шабунин цехта өздерін сенімді сезінеді. Демек ең алдымен олардың өздерінің құштарлығы арқасында жігіттер қалыптасты.

Тапсырманы орындай жүріп, мен осындай маңызды проблемаларды ұшыраттым. Ең алдымен орта кәсіптік-техникалық училищеге бару керек деп ұйғардым. Өйткені біздің учаскеміз ғана жастарды қажетсініп отырған жоқ қой. Сондықтан партия комитетінде жолдастармен ақылдасып, училище топтарының бірін коллективті қамқорлыққа алуды ұйғардық. Басқа цехтардың да активистері осылай жасады. Жалпы училище балалары үшін ғана емес, сондай-ақ біздер, өндіріс ардагерлері, тәлімгерлер үшін оқу жылы басталды.

Болашақты нысанаға ала отырып, әрине, біз осы жұмысты жүргізудеміз. Демек, міндетті түрде оның қайтарымы болуға тиіс. Бүгінде жігіттерді біздің ісімізге баурап, балқыту кәсібін дарытудамыз, сөйтіп жауапты істі тапсыруға болатын жеткіншектер бізге келетін болады.

Біз тұратын жерде

Ауламыз көркеюде

Біздің үйіміздің ауласы қалай көркейтіле бастағанын айтқым келеді. Тұрғындардың өздері қазықшалар әзірлеп, қоршау жасады. Ауланы көгалдандыру керек еді — құлатылатын үйлер маңындағы ағаштарды қазып әкеліп отырғыздық.


Ағаштарды жүйелі суарып тұруды ұйымдастырдық. Сосын үй басқармасы да ағаш көшеттерімен көмектесті. Қазір аулада 200-дей ағаш өседі.

Үйде балалар көп. Ал олардың ойнайтын, спортпен айналысатын жерлері қайда? Тағы да әлдекімнің келіп, балалар туралы қамқорлық жасауын күтіп отырмадық. Өзіміз тербелмелер, турниктер жасадық. Үйінділерде жатқан сынған орындықтар мен столдарды жинап, жөндеп, аулаға қойдық.

Тұрғындардың өздерінің барлық іске араласатыны маған ұнайды. Бізде шеберхана бар. Шыны, цемент, құм, құрал-саймандар баршылық. Ауланы көркейтудің 80 проценті тұрғындардың өздеріне тәуелді деп тура айта аламын. Осыдан үш-төрт жыл бұрын басқа үйлер комитеттеріне: кәне, жарысып көрейік, дедім. Алайда шақыруға ешкім үн қатпады. Демек біздің өзіміз де үйдің иесіміз ғой. Ол туралы біздің өзіміз қамқорлық жасауға тиістіміз.

И. ГАБЕЛОК,
үй комитетінің председателі.
Көкшетау қаласы

Digitized by Google



ВАХТА ЖАҒДАЙЫНДА

Журналдың үстіміздегі жылғы он бірінші санында жарияланған шалғай және шағын елді мекендердегі бұқаралық-саяси жұмыс туралы «Шалғай елді мекендер қамтылуда» деген мақаланы талқылауды жалғастырамыз.

Бұдан бес жылдан сәл астам бұрын құрылған біздің ауданымыздың өзіндік айрықша ерекшелігі бар — тұрғындардың басым көпшілігі еңбекті ұйымдастырудың вахталық жүйесімен қамтылған. Мұнай шығаратын объектілер тұрғылықты жерден 300 километр және одан да шалғай — Бозашы кенішінде орналасқан. Онда мұнайшылар, құрылысшылар, транспортшылар, сауда қызметкерлері еңбек етеді. Олардың үйден шалғай ауыр шөл жағдайындағы вахталары бір аптадан жарты айға дейін созылады.

Осындай жағдайдың ұйымдық, бұқаралық-саяси, шаруашылық жұмыстың тиісті формалары мен әдістерін іздестіруді талап еткені орынды. Партия ұйымдары ең алдымен Қаламқас пен Қаражамбас вахталық поселкелерінің адамдардың уақытша болатын жері ғана емес, жайлы, көрікті қалашықтарға айналуы, мұнда адамдардың бос уақытын жақсы ұйымдастыру, ұйымдық және тәрбие жұмысын жүргізу туралы қамқорлық жасады.

Үйлердің толығынан түсіндіруге болатын тапшылығына қарамастан біз вахталық поселкелерде 24 қызыл мүйіс құрдық. Олардың әрқайсында телевизор, шағын кітапханалар, газеттер мен журналдардың тігінділері, столда ойнайтын ойын құралдары, олардың көпшілігінде кино аппаратурасы бар. Аудандық партия комитеті қызыл мүйіс туралы ережені талдап жасады, мұның өзі партия ұйымдарының олардың жұмысын жолға қоюына көмектесті.

Бұл тұрғыдан мұнай мен газ өндіру жөніндегі № 1 цехтың қызыл мүйісі үлгі қызметін атқара алады. Ондағы үйдегідей жайлылық (ал ол жақсы мебель, гүл, жарықтың жақсы берілуі есебінен көркейтілген) коллективтің еңбек және қоғамдық өмірі туралы түрлі информациямен қабыстырылады. Мұнда Құрмет тақтасы безендірілген, социалистік міндеттеме ілінген, экрандарда олардың орындалу барысы бейнеленеді, «молниялар» жүйелі ілінеді. Ауызша саяси үгіт активистерінің сөз сөйлеу графиктерімен де осында танысуға болады.

«Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасының мастері, жас коммунист, үгітші Қ. Назаралиев осында бұқаралық-саяси жұмысты табысты жүргізеді. КПСС XXVII съезінен кейін ол артта қалған бригаданы басқарып, жарты жыл ішінде оны озаттар қатарына шығара білді, адамдардың оқуын жолға қойды. Топтық қондырғының жұмыс учаскесінің өзі де өзгерді. Онда реттілікті жолға қойып, көрнекі үгіттің жылжымалы құралдары арқылы бригадалық вагоншаны безендірді. Сөйтіп коллектив өз бейнесін тапты.

Кенжеғали секілді активистер, қоғамдық жұмысты қажымай атқарушылар еңбек коллективтерін топтастырып, адамдардың өз күшіне деген сенімін арттырады. Қ. Назаралиев коммунистер, бригадирлер Есенгеновпен, С. Баймановпен, М. Жүнісовпен бірге басқармада коммунистік еңбек мектебін ұйымдастырды, олардың инициативасы бойынша топтық қондырғыларда озық тәжірибе күндері өткізіле бастады. Қазір «Комсомольскнефть» басқармасы коллективінің аудан мұнайшылары социалистік жарысында көш бастаушы болуы кездейсоқ емес. Қазірдің өзінде оның есебінде жоспардан тыс өндірілген 16 мың тонна мұнай бар.

Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасының партия ұйымдарында да вахталық жүйе жағдайында бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысының жақсы тәжірибесі жинақталды. Бұрғылау бригадасының мастері Р. Зиганшин басқарманың үгіт коллективін басқарады. Мұнда активистер алдына нақты мақсаттар қойып, олардың қызметін қадағалай біледі, тәрбие жұмысының қайтарымына қол жеткізеді.

Мәселен, биылдың өзінде басқарма-

Digitized by Google

ның жоспардан тыс 22 скважинаны тапсыруында техниканың және жабдықтардың іркілістерімен шешуші күрес жүргізген үгіт коллективінің де үлесі зор. «Жиналыстарда біз іркілістердің себептерін талдадық (ал мұндай іркілістердің әр сағаты 220 сомға түсетінін айту керек), еңбек коллективтеріндегі әңгімелердің тақырыптарын анықтадық, — деді үгітшілердің аудандық кеңесінде Р. Зиганшин. Сменалардың ауысуына баса көңіл бөлдік, өйткені онда қаншама уақыт зая кетеді. Үгітшілер К. Аралбаев, Н. Катышев, В. Борщ бригадаларда жұмыс күні хронометражын жүргізді, олардың нәтижелері кейін жиналыстарда талқыланды. Әңгімелерді өткізуде активистерге партия комитеттері әзірлеген плакаттар да үлкен көмек береді, ал плакаттарда Р. Сәлімов пен А. Ахмадов озық бригадаларының жұмыс тәжірибесі қорытылды».

Ауданның еңбек коллективтері жұмысының вахталық әдісі біздің алдымызға активтер оқуының, жергілікті жерлерде үгітшілерге, саяси хабаршыларға практикалық көмек берудің күрделі мәселелерін де қойды. КПСС XXVII съезінен кейін аудандық партия комитеті ауызша саяси үгіт активистері арасында анкета жүргізді. Ол біздің ағаттықтарымызды да көрсетті. Активистер, ішінара айтқанда, аудандық партия комитетінің саяси оқу кабинеті әзірлейтін әңгіме өткізуге арналған анықтама материалының тым жалпылама сипаты туралы ескертпелер айтты. Біз осы документтерді жасау методикасын қайта құрдық. Оларды әзірлеуге мамандарды, үгіт коллективтерінің жетекшілерін тарта бастадық. Соңғы уақытта үгітшілер мен саяси хабаршылар үшін аудан кәсіпорындарының ерекшеліктері ескерілген: «Мұнай кәсіпшілігінде еңбек өнімділігін 1 процент арттыру дегеніміз не?», «Бұрғылау жабдығының бір сағаттық іркілісі қаншаға түседі?», «Кәсіпшілікке 1 тонна цементті, химреагентті, кірпішті т.б. жеткізу қанша тұрады?» деген материалдар әзірленді.

Идеология активінің аудандық мектебінде сабақты өткізу қайта құрылды. Бұрынғыдай тыңдаушылардың — партия ұйымдары секретарьлары орынбасарларының, саяси хабаршылар топтары мен үгіт коллективтері жетекшілерінің теориялық даярлығына көңіл бөле отырып, үгітшілер мен саяси хабаршылардың сөйлейтін сөздерін тыңдап, рецензиялауды практикаға енгізді.

Идеология активі мектебіндегі сабақ вахтадан бос кезде өтеді. Дегенмен активистер анкеталарда вахта кезінде де аудандық партия комитетінің көмегінің қажеттігі туындайтыны туралы ескертпелер айтты. Біздің қызметкерлеріміз жергілікті жерлерде болмайды деп айта алмаймыз. Алайда мұнай кәсіпшіліктерінің үлкен территорияда бытыраңқы орналасуы бастауыш партия ұйымдарында жүйелі болып тұрумызға мүмкіндік бермейді. Ия, мұндай сапарлардың мәні бола бермейді де. Биыл біз аудандық партия комитетінің жұмысын кабинеттерден вахталық поселкелерге ауыстырдық. Аудандық партия комитетінің өкілдері осында ұдайы болып тұрады. Бұл үшін адамдар өз ұсыныстарымен, сұрақтарымен келетін орын бөлдік.

Ауданның басшы кадрларының саяси-тәрбие жұмысына қатысуына айрықша көңіл бөлеміз. Мұнай-газ өндіретін ұйымдардың көптеген басшылары өндірісшілермен бірге вахталық әдістің ауыр жағдайында жұмыс істейді. «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы мұнай кәсіпшілігінің бастығы, аудандық Советтің депутаты, саяси баяндамашы К. Әлібаев әрдайым адамдар арасында болады, олардың сұранымын жақсы біледі. Оның қамқорлық жасауы арқасында кәсіпшіліктің топтық қондырғыларының бәрінде еңбек жақсы ұйымдастырылды, тиісті тұрмыстық жағдай жасалды. К. Әлібаев жас мұнайшылармен өте жиі кездеседі. Ол басқаратын мұнай кәсіпшілігінде кадрлардың тұрақтамауының тиылуы, тәлімгерліктің жақсы дамуы кездейсоқ емес.

Алайда мұндай жағдай барлық жерде бірдей жасалмаған. Саяси күндердің бірінде Бозашы технологиялық транспорт басқармасының жұмысшылары тұрған үй жағдайына, сауда қызметін көрсетуге көптеген реніштер айтты. Басқарма басшыларының жұмысшылармен сирек кездесетіні, тек өндірістік көрсеткіштер туралы қамқорлық жасап, адамдардың қажетіне көңіл бөлмейтіні анықталды. Аудандық партия комитетінің бюросында басқарма жұмысындағы кемшіліктер туралы өткір әңгіме болды. Қазір транспортшылардағы өзгерістер байқалады. Жаңа асхана салынған, жатақханаларда тәртіп орнатылды.

Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің қызметкерлеріне мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жетілдірілуде. Вахталық поселкелерде аптасына екі рет кино-

Digitized by Google

фильмдер көрсетілді, Мәдениет сарайы үгіт бригадасының мүшелері мұнда жиі келеді. Тұрмыстық қызмет қызметкерлері жылжымалы бригадаларды апта сайын поселкелерге жіберіп тұрады.

Біз адамдардың өздерінің үлкен жерден қол үзгенін сезінбеуіне, олар үшін семьяларының алаңдамауына ұмтыламыз. Аудан орталығының тұрғындары үшін аудандық газет, вахта жұмысына арналған күнделікті радио хабарларында мұнай кәсіпшіліктерінің жаңалықтары оперативті хабарланады, жұмысшыны туған күнімен құттықтау мүмкіндігін, кәсіпшіліктердегі ауа райы жағдайын хабарлауды қалыс жібермейді. Біз вахтадан бос адамдар үшін аудан орталығының мәдениет сарайында мәдени-спорт шараларын өткіземіз, мұның барысында бұл кезде үйінен шалғайда жүрген адамдардың семьяларын оларға міндетті түрде шақырамыз.

Біздің қиыншылықтарымыз туралы айтпауға болмайды. Вахта жағдайында саяси үгіт активистерінің әңгімеге әзірлену, кітапхана көмегін пайдалану мүмкіндігі бола бермейді. Сондықтан олардың жұмысындағы көп нәрсе алдын ала әзірленуге тәуелді. Алайда бастауыш партия ұйымдарының насихаттың техникалық құралдарымен жарақтануы әлі де мәз емес. Ауданға слайдтер, диафильмдер көп кешіктіріліп беріледі. Лекция жазылған кассеттердің беріле бастағаны жақсы, дегенмен шағын магнитофондардың өзін табу әзірше мүмкін емес. Өзіндік ерекшелігі бар біздің ауданымызға техникалық құралдар алдымен бөлінуге тиіс қой деп ойлаймыз.

... Вахталар бірінен соң бірі шөл даланы бойлап барады. Адамдар жұмысқа қандай көңіл күймен келеді, оларды не толғандырады, олардың бұл жолы қандай міндеттерді шешуіне тура келеді — осы мәселелердің бәрі аудандық партия комитетінің назарында ұдайы болады. Осы қызметте адам факторы алдыңғы қатарға шығуда.

Г. ТИМОФЕЕНКО,

Маңғышлақ облысы Қазақстан Компартиясы Мұнайлы аудандық комитетінің секретары

АДАМДАРДЫ ТОПТАСТЫРУДА

Теңіз ауданының Өрлі селосында мәдени-спорт комплексі бұдан үш жыл бұрын құрылды. Сол тұста ауылдық Совет территориясындағы барлық мекемелер мен ұйымдар өкілдері енген үйлестіру советі ұйымдастырылды. Оны басқару ауылдық Совет председателі Г. Бисеновке тапсырылды.

Комплекс бір жылға арналған жоспар негізінде жұмыс жасайды. Саяси-идеялық, патриоттық, еңбек, адамгершілік, атеистік тәрбие, физкультура мен спорт, балалар мен жасөспірімдер арасындағы жұмыс және методикалық жұмыс секциялары жұмыс істейді. Әрбір секция өздерінің жұмысын бір тоқсанға жоспарлайды.

Мәдени-спорт комплексі құрылысымен-ақ оның материалдық базасын нығайтуға жете көңіл аударылды. Калинин атындағы совхоздың дирекциясы, ауылдық Совет, шаруашылықтың кәсіподақ ұйымы мен жұмысшы кооперативі осы мақсатқа 100 мың сомдай жұмсады. Осы істе совхоз басшылығы аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік тарапынан қолдау тапты, село тұрғындарының белсенді қатысуымен бөлінген қаржыға киноқондырғысы бар жабық үгіт алаңы, би алаңы, екі теннис корты, жабық нысана көздеу орны, пневматикалық тир, волейбол, баскетбол және столда ойнайтын теннис үшін қарапайым стадион салынды. Паркте «Солнышко» және «Березка» аттракциондары орнатылды. Өзен жағасында демалыс базасы жасалып, пляж жабдықталды, совхоз судағы спорт түрлерін кеңейту үшін су велосипедтерін, серуендеу қайықтарын және басқа жабдықтарды алды.

Қазір мәдени-спорт комплексі құрамына кітапхана мен үйірме жұмыстарына арналған бөлемелері бар Мәдениет үйі, спорт залы бар орта мектеп, кино залы бар ауылдық клуб, кітапхана, жазғы «Космос» кинотеатры, балалардың музыка мектебі, балалар мен жасөспірімдердің аудандық спорт мектебінің филиалы енеді. Село тұрғындарына алты көркемөнерпаздар үйірмесі өнер көрсетеді. Ауылдастар мен малшылар халық коллективі — қазақтың халық аспаптар оркестрінің, «Экспресс» вокальды аспаптар ансамблінің, «Жас дәурен» үгіт бригадасы мен «Қызғалдақ» балалар ансамблінің өнерін асыға күтеді.

Мәдениет үйінде, жазғы кинотеатр мен кітапханада «КПСС XXVII съезі шешімдерін жүзеге асырайық!» және «Туған елім, кеңбайтақ» кино лекторийлері жұмыс істейді. Аудандық ұйымдардың басшыларымен кездесулер және «Ашық хат күндері» жүйелі ұйымдастырылады. Мұндай әрбір кездесулер ғылыми-көпшілік фильмдерін көрсетумен, балалар ансамблі мен үгіт бригадасының концерттерімен сүйемелденеді. Үгіт алаңында пенсионерлер мен үй шаруасындағы әйелдер үшін педагогтардың, медицина қызметкерлерінің және юристердің әңгімелері ұйымдастырылады. Жастар, жасөспірімдер мен балалар үшін комплекстің өз программасы бар. Олар үшін «Заң және біз», «Тұрмыс гигиенасы» әңгімелері мен лекциялары ұйымдастырылып, онда аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Н. Сәменов, дәрігерлік амбулатория терапевті В. Нажимов, орта мектеп педагогтері сөз сөйледі.

Digitized by Google

Комплекс советі жаңа дәстүрлер мен салтарды енгізуге белсене қатысады, «Мәдениеті жоғары және тұрмысы үлгілі үй» атағы үшін жарысты ұйымдастыруға көмектесті. «Семьялар күні» мерекелік ахуал жағдайында өтеді. Оларда он және одан да көп бала тәрбиелеген Достыбаевтардың, Жұмабаевтардың және совхозда алғашқы семьялық малшылар бригадасын құрған Айдаровтардың семьялары аталды. Калинин атындағы совхоздың директоры У. Қажымғалиев совхоз коллективі атынан оларға ескерткіш сыйлықтар тапсырды. Олардың балалары мен немерелері мерекеде өз жұмыстары мен оқулары жайында есеп беріп, үйде және шаруашылықта не істей алатындарын көрсетті. Семья мүшелері күші мен ептілігін сынасқан спорт алаңдарында жанкүйерлер көп болды.

Активистер үйлену тойлары мен әдет-ғұрыптарды ішімдіксіз өткізуді енгізуге ұйытқы болды. Оның көмегімен комсомолец-жастардың үйлену тойлары бір тамшы ішімдіксіз өткізілуде.

Советтің тағы бір инициативасы—мүдделілік клубын құру. Міне, орта мектептің мұғалімі Сара Алпысова басқаратын «Ынтымақ» әйелдер клубының жұмысы селода кең серпінмен таралуда. Клубтың инициативасымен қысқы уақытта механизатор әйелдер курсы ұйымдастырылды. Оны бітірген үй шаруасындағы әйелдер жазда ауылшаруашылық жұмыстарына қатысады. Әйелдер клубының активистері үш ұрпақтың кездесу кешін дайындауға көмектесті, онда село тұрғындары Сталинградты қалпына келтіруге қатысқан М. Жұмамұратованың естелігін, ауылдастарының жас ұрпаққа лениншe оқып, еңбек етуге, бейбітшілікті сақтауға шақырған аманат хатын үлкен толқумен тыңдады. Басқа бір клуб — «Өркен» клубының инициативасымен Мәдениет үйінде қолданбалы өнер шеберлері жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды. Онда назар аударарлық ұлттық тұрмыстық түрлі заттар қойылды. Осы клубтың мүшелері мектепте үйірме жұмыстарын жүргізетінін ескерту орынды.

Село жастары өздерінің «Жалын» клубында ықыласпен жиналады. Онда орта мектепті бітірушілердің совхоз өндірісінің ардагерлері — аға бақташылар А. Әшімовпен және А. Жұмалиевпен, сондай-ақ комсомол-жастар бригадасының мүшелерімен кездесулері өтті. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ауылдастарының ескерткіші жанында болған кездесулер ешкімді немқұрайлы қалдырған жоқ. Село тұрғындары полктің жауынгерлік туы қасында суретке түсті, оның құрамында Совет Одағының Батыры, гурьевтік Мұса Баймұханов соғысқан еді. «Бейбітшілік — балалар көзімен» атты балалар суреттерінің конкурстары ұйымдастырылды.

Комплексті құруға орай селода көпшілік-физкультура жұмысы айтарлықтай жанданды. Спорт түрлері бойынша Совет Одағының Батырлары, жерлестері А. Н. Афанасьев пен М. Мусаевтың және Ленин орденінің иегері, совхоз өндірісінің ардагері К. Құрманғалиевтың атындағы жүлделер тағайындалды. Сегіз спорт секциясында жүзден аса адам шұғылданады. Соңғы екі жылда совхоз спортшылары ауданда волейболдан, баскетболдан, еркін күрестен, допты хоккейден біріншілікті қолда ұстап келеді.

Мәдени-спорт комплексі советінің жоспарында шалғай учаскелердің малшылары мен шағын елді мекендер тұрғындарына мәдени қызмет көрсету жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген. Қазір мал шаруашылығы бригадалары мен комплекстерінің басым көпшілігінде кітапхана, медициналық көмек пункті, демалыс бөлмелері бар қызыл мүйістер жұмыс істейді. Өткен жылы «Жаңа ферма» учаскесінде клуб салынды. Малшылар қарауында автоклуб, жылжымалы киноқондырғы, 2 автодүкен, 5 стационарлы магазин, жылжымалы монша, шаштараз бар. Үгіт бригадасы мен драма үйірмесінің мүшелері малшыларға жиі барып тұрады.

Мәдени-спорт комплексін құрумен совхоз өмірі анағұрлым толымды бола түсті. Бұл да кадрлардың тұрақтамауының қысқаруына, жастардың орныгуына игі ықпал жасады. Қазір совхозда 500-ден аса адам еңбек етеді, олардың 230-дан астамы комсомолецтер. Малшылардың «Шалқар» және «Салтанат» комсомол-жастар бригадалары қажырлы еңбек үлгісін көрсетуде, олар өздерінің жоспарлы тапсырмаларын үнемі асыра орындайды. Еңбек пен қоғамдық тәртіп нығайды. Село тұрғындары алғашқылардың бірі болып селоны алкогольсіз аймаққа айналдыру қозғалысына қосылды. Совхоз коллективі мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін сатудың мемлекеттік тапсырмасын тұрақты орындайды.

Өрлі селосының мәдени-спорт комплексінің есебін қараған Гурьев облыстық партия комитетінің бюросында оның жұмысы оңды бағаланды. Сонымен бірге сын ескертпелер де айтылды. Әзірге мәдени-спорт комплексі звеноларының бәрі бірдей қайтарыммен жұмыс істемейді. Тұрғындардың барлық топтарымен жатық жұмыс істеуге көбірек көңіл бөлу, село еңбек коллективтері өміріндегі ұнамсыз көріністермен күресті мейлінше пәрменді жүргізу, социалистік жарысты идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге, селоның озат адамдарын атауға белсенді түрде қатысу ұсынылды.

С. ТЫШҚАНБАЕВ,
Қазақстан Компартиясы Гурьев облыстық комитеті насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы.

УАҚЫТТАН ОЗҒАНДАР

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н. М. Қазбанов басқаратын Жаңатас геологиялық барлау экспедициясының бұрғылаушылар бригадасының календарында қазір 1987 жыл. Ол 6,5 километр бұрғылап, өзінің жылдық жоспарын жеті айда орындады. Бригада Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін бесжылдықтың екі жарым жылының жоспарын орындағаны туралы баяндауға сөз берді.

Digitized by Google

АЛ ТВОРЧЕСТВОЛЫҚ ҚАТЫНАС ҚАЙДА?

«Қзылордарисмаш» тәжірибе-эксперименттік заводы — облыстағы жетекші кәсіпорын. Ол күріш жинайтын комбайндарға арналған аспалы жаткаларды өндіруге мамандануда, ал олардың алғашқы өнеркәсіптік партиясы 1982 жылы әзірленген еді. Төрт жыл ішінде оларды шығару үш еседей көбейді және бұл негізінен еңбек өнімділігінің өсімі есебінен жасалды. Қазір қызылордалық машина жасаушылар өнімдерін біздің республикамыздың ғана емес, сондай-ақ Өзбекстанның, Украинаның, Кубаньның және Төменгі Волганың күрішшілері біледі. Жаткалардың бәрі сапаның бірінші категориясымен аттестацияланды. Ал биыл коллектив Сапа белгісіне қол жеткізу міндетін алға қойды.

Осы өзгерістердің бәрінде көрнекі үгіт аз роль атқарып отырған жоқ. «Көрнекілік құралдары — бұқаралық-саяси жұмыстың жауапты учаскесі, — дейді завод партия бюросының секретары, инженер-конструктор Әлібек Құттымұратов. — Демек адамдарды бейімдеу, олардың қайтарымы, практикалық істерге қосатын үлесі дер кезіндегі нақты шақыруға, тиянақты әрі оперативті информацияға көбірек тәуелді».

Осындай бейімдеу бірден кәсіпорынға кіре берісте жасалуда. Мұнда машина жасаушыларды құрмет тақтасы мен кәсіпорынның социалистік міндеттемесі қойылатын информация орталығы қарсы алады, аса маңызды оқиғалар туралы «молниялар» ілінеді. Коллективтің еңбегі мен бос уақытты мәдениетті өткізуіне арналған стендтер мен суретті монтаждар да осында.

Кәсіпорынның барлық цехтарында, әрбір өндірістік учаскесінде үгіт мүйістері жабдықталған, оларға «Социалистік жарыс экрандары» ілінген, ал экрандағы көрсеткіштер жүйелі жаңартылып тұрады. Жариялылық машина жасаушыларды екпінді еңбекке ынталандырып, резервтерді іздестіруге жұмылдырады. № 1 учаскесінің токары Владимир Пустобаев былай дейді:

— Біз жарыс экрандарынан әрқайсымыздың ортақ іске қосқан үлесімізді көреміз, өз нәтижелерімізді жолдастарымыздың көрсеткіштерімен салыстыра аламыз. Жарыс жеңімпаздары тізіміне тап болғанында, еселенген күш-жігермен және ынта-ықыласпен жұмыс істей бергім келеді.

Заводта партия бюросы секретарының орынбасары, бас инженердің орынбасары С. С. Сексенбаев басқаратын көрнекі үгіт жөніндегі совет бүкіл безендіру жұмысын үйлестіреді. Учаске бастығы Мадияр Айсауытов, дәнекерлеушілер бригадирі Владимир Минюшов және басқалар оның ізгі көмекшілеріне айналды. Дегенмен совет көрнекі құралдарды жасауға активистердің қалың тобын әзірше тарта алмады, осыдан барып проблемалар және олқылықтар ұшырасты.

Серік Сексенбайұлы әңгіме үстінде ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасын одан әрі арттыру жолындағы күресте көрнекі үгіт ролі қалай өсіп келе жатқанын айтты. Ол ең алдымен мынадай факті келтірді. Бүгінде кәсіпорынның әр цехында күн мен ай бойынша тораптар мен агрегаттарды әзірлеудің графигі жүргізіледі, олардан өндірістің еңбек ырғағы, оның тұрақтылығы немесе іркілісі айнадағыдай көрінеді. Бұл графиктер «олқы» орындарды анықтауға, артта қалушыларды ілгері тартуға көмектеседі.

Көрнекілік құралдары озық тәжірибені тарату мақсатында барған сайын көбірек қолданылуда. Мәселен, құрастыру цехында Жаңабай Қуанов жетекшілік ететін дәнекерлеушілер бригадасы бірыңғай наряд пен шаруашылық есепке алғашқылардың бірі болып ауысты. Ол қысқа мерзім ішінде тартымды көрсеткіштерге қол жеткізді. Суреттермен безендірілген арнаулы стенд осы жайлы әңгімеледі. Ал «молниялар» еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасын арттыру жөніндегі инициативаларды талай рет қолдады. «Облыс өнеркәсібінің таңдаулы қызметкері» атағына ие болған токарлар Михаил Пак пен Айтбай Қоңқақов, слесарьлар Сапарбек Ескендіров пен Ғазиз Омашев кәсіпорында осындай бастама жасады.

«Қазақстан үгітшісі», № 22, 1986 жыл.

Digitized by Google

Он бірінші бесжылдық қорытындысы бойынша Айтбай Қоңқақов «Еңбек ерлігі үшін» медалімен наградталды. Ал қазір озаттардың ізбасарлары аз емес, бригадалардың бәрі шаруашылық есепке ауысты.

Сонда да коллектнвтің көптеген жетістіктері насихатталмайды. Мәселен, ыстық қалыптаулар мен құймалардан корпусты бөлшектерді өңдеп, тегістеудің, қалдықтардан майда бөлшектерді әзірлеудің арқасында машина жасаушылар өткен жылы 43 тоннадай болат прокатын үнемдеді. Осы табысты дамытып, «молниялар», қабырға газеттері, стендтер арқылы үнем мен ұқыптылықта жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуші таңдаулы қызметкерлерді көрсету керек-ақ еді. Өкінішке қарай, осы патриоттық қозғалыс еңбекшілер арасында кеңінен жария етілмеді.

Партия және қоғамдық ұйымдардың қызметі әлсіз бейнеленеді. Рационализатор мен төлімгер мүйісі жоқ. Жұмысшылар халықтық бақылау тобынан «Комсомолдық прожектор», салауаттылық жолындағы күрес қоғамының бастауыш ұйымы, тұрақты өндірістік кеңестер немен айналысатынын білмейді. Заводта жастар аз болмағанымен, стендтердің бірде-бірі оның өндірістік және қоғамдық өмірге қатысуы, комсомолдың авангардтық ролі туралы әңгімелемейді.

Заводта өндірістік бөлімшелердің жұмысшылары ғана емес, сондай-ақ инженер-техник қызметкерлер, басқару бөлімінің адамдары мен қосалқы службалардың қызметшілері социалистік жарыспен қамтылғанын айту керек. Өкінішке орай, соңғыларының арасындағы, сондай-ақ орта буын жетекшілер — мастерлер мен бригадирлер арасындағы еңбек сайысы көрнекі түрде бейнеленбейді. Рас, завод басқармасының үйінде инженерлер мен конструкторлар — рационализаторлар фамилиялары жазылатын «Технолог» стенді бар. Алайда мұның өзі мүлдем жетімсіз.

Мұнда көрнекті үгіт жағымсыз құбылыстармен күресте айбынды құралға айналған жоқ. Кәсіпорында ақау жіберушілер, қыдырымпаздар, маскүнемдер баршылық, бірақ заводтық «Олар коллективті ұятқа қалдырады» стендісінде материалдар сирек беріледі. Иә, оның өзі тым жұпыны жерде — завод басқармасының дәлізінде қойылған. Мұнда завод адамдарының көпшілігі күн сайын бола бермейді. Стендтің орталық орны аллея, кіре беріс қой.

Осында ол толық күшімен «жұмыс істей алады».

Цехтарда «Жарыс экрандарының» көпшілігі бригадаларды, адамдардың фамилияларын, нормалардың орындалу процентін атаумен ғана шектеледі. Озаттар тәжірибесін ашатын «молниялар», «жауынгерлік листоктар» немесе бюллетеньдер тым сирек шығарылады. Үгіт мүйістерінде цехтардың, учаскелердің және бригадалардың жұмыстарына жасалған экономикалық талдаулар жоқ.

Көрнекілік құралдарын безендірудегі стиль көркемдік талғам да әрдайым мәз бола бермейді. Әрине, сәтті шешімдер баршылық. Талапкер суретшілер цехтардан асханаға баратын дәлізге қойылған техника қауіпсіздігі жөніндегі плакаттар сериясын бірегей, көркем, фантазиямен әрі әжуамен жасаған. Дегенмен кейбір плакаттар мен стендтер өтімді емес, сүреңсіз тым жалпылама сипат ұстайды. Мәселен, завод басқармасындағы түсініктеме жазбалары жоқ бірсарынды, сүреңсіз суреттерден тұратын спорт фотомонтажының не туралы баяндайтыны түсініксіз. Ал плакаттардың бір бөлігінің көп «тұрғаны» соншалық, олар өңіп кеткен және шаң басқан.

Осының бәрі заводтың партия бюросы өзінің жұмысын әзірше баяу құрып жатқанын, көрнекі үгіт жөніндегі советтің ескі сарынның, ескірген ұғымдардың аясында қалып, жеңіл жолмен келе жатқанын бейнелейді.

Басқалары да оралғы болуда. Цехтар мен учаскелердің бастықтары, мастерлер көрнекі үгітке аз көңіл бөледі. Ол бұлардың қызмет аясынан әзірше тыс қалған. Ал бұл бекершілік. Көрнекі құралдардың өндіріс міндеттеріне, адамдардың белсенділігін дамытуға мейлінше күшті қызмет етуі үшін олар жайлы шындап қамқорлық жасау керек.

Бүгінгі күнде «Қзылордарисмаш» заводында социалистік жарыс мейлінше зор серпін алуда. Алда жоғары межелер тұр. Биыл мұнда өнімнің сапасын арттырумен бір мезгілде өндіріс көлемін 20 процеттей көбейту белгіленген. Бұдан екі жыл бұрын заводтың конструкторлық бюросы бас конструктор О. Н. Морозовтың жетекшілік етуімен ЖРК-5М жаткасының жаңа моделін талдап жасады. Ол бұрынғыларға қарағанда барлық параметрлері бойынша жетілдірілген және 300 килограмм жеңіл. Ол облыстың күріш атыздарында сынақтан табысты өтті. Келесі жылы оны жаппай шығару жоспарланды. Осы үлкен іске көрнекі үгіт те өз үлесін қосуға тиіс.

А. КЛЮЕВ.

Қызылорда қаласы.

Digitized by Google

Целиноград. Целиноградтың тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері таяуда Сілеті ауданының «Минск» совхозында болып қайтты. Олардың «Өлкенің революцияға дейінгі тарихы» «Сәкен Сейфуллин — жазушы, революционер, қоғамдық қайраткер» деген және басқа тақырыптардағы лекцияларын шаруашылық қызметкерлері мен мектеп оқушылары аса ынтамен тыңдады.

Лекциялар «Біздің өлкенің тарихынан» жылжымалы көрмесімен таныстырумен сүйемелденді.

Гурьев. Индер геологиялық-барлау экспедициясының үгіт алаңында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, шахта жүк көтеру қондырғысының машинисі Н. И. Колосовскаяның және проходшы Орынбасар Есхановтың портрет-кеші өтті. Оқушылардың, көршілердің, жұмыстас жолдастардың жалпы әңгімелері осы құрметті екі адамның портретін бейнеледі. Кеш өндіріс озаттары құрметіне арналған концертпен аяқталды.

Қызылорда. Жоғары кластар мен орта кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларына арналған қоғамдық-саяси клубтар облыс кинотеатрларында жұмыс істей бастады. Кино және комсомол комитетінің қызметкерлері олардың ұйымдастырушылары болды. Клуб программасында тағдыры тартымды адамдармен кездесулер, лекциялар, пікірталастар бар.

Шевченко. Маңғышлақта ғылыми-техникалық білім мен озық тәжірибені насихаттаудың он күндігі өтті. Партия комитеттері мен «Білім» қоғамы ұйымдарының лекторлары мұнай кәсіпшіліктерінде, шалғай малшылар тұрақтарында болып қайтты. Он күндік барысында облыс еңбек коллективтерінің жаңа бесжылдықтағы міндеттері, шаруашылық механизмдерін жетілдіру жолдары мен оның ғылыми-техникалық прогресс қарқынын жеделдетуге ықпалы түсіндірілді.

Өскемен. Шығыс Қазақстан облысының аграрлық-өнеркәсіптік комплексі коллективтерінде бірыңғай саяси күн өтті, оған облыстық партия комитетінің бірінші секретары А. В. Милкин бастаған партия комитеттерінің саяси баяндамашылары қатысты.

КПСС Орталық Комитетінің Қазақ ССР-інде мал шаруашылығын одан әрі дамыту жөніндегі шаралары туралы қаулысын орындауда, азық-түлікті молайту ісінде шаруашылықтар мен олардың серіктестерінің күш-жігерін тығыздырақ қабыстыру туралы мүдделі әңгіме қозғалды.

Никольск (Жезқазған облысы). Сентябрь айы күндерінің бірінде Крестовский поселкесі клубы жанында өзгешелеу көрініс байқалды. Гүл шоқтарын ұстаған, сондай-ақ өз огородтарынан өте ірі түйнектер салынған дорбалары, корзинкелері, тіпті қол арбалары бар адамдар жинақы түрде осында келіп жатты. Ал олар мұнда «Мен егінші еңбегін дәріптеймін» мерекесіне жиналды. Көрме де, клубтың талапкер көркемөнерпаздары әзірлеген концерт те қуанышқа бөледі.

Қарағанды. Мичурин аудандық партия комитеті мәдени-спорт комплексі қызметін жетілдіру проблемаларына арнап «дөңгелек стол» басында кездесу өткізді. Мәдениет үйлерінің директорлары, селолық клубтардың меңгерушілері, талапкер көркемөнер коллективтерінің жетекшілері, партия, кәсіподақ,комсомол және спорт қызметкерлері ауданда әзірленген «Бос уақыт» комплексті программасын жүзеге асыруға өздерінің қатысуы туралы пікірлерін алмасты. Өзін өзі өтейтін алғашқы үйірмелердің жұмыс тәжірибесі қорытылды. Ауданда олар әзірше аз, дегенмен жақын арада көбейеді: гитаристер, баянистер, үрмелі музыка әуесқойларының, гүл өсірушілердің, ағаш шеберлерінің және басқалардың үйірмелері құрылады.

Гурьев. Балықшы поселкесінде «Октябрьдің 70 жылдығын лайықты қарсы алайық» ұранымен үгіт бригадаларының байқау-конкурсы өтті, оған ауданның балықшы колхоздары мен «Алғабас» мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің үгіт коллективтері қатысты.

«Қызыл балық» совхозынан клуб қызметкері Нұржан Димашев жетекшілік ететін үгіт бригадасына бірінші орын берілді. Үгіт бригадасының мүшелері біздің қызықты, жарқын өмір сүруімізге және коммунистерше жұмыс істеуімізге кедергі жасайтын маскүнемдердің, браконьерлердің, жалқаулардың бәрін өткір сынады.

Digitized by Google

БИІК ТАЛАП ТҰРҒЫСЫНАН

КПСС XXVII съезінде «біздің алдымызда тұрған ең қысқа мерзімде шешілуге тиісті міндет — елімізді азық-түлікпен толық қамтамасыз» етуге баса мән берілді. Ал КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумында аграрлық сектордағы жұмысты күшейте түсуге партия ұйымдарының назары тағы аударылды. Демек республиканың Азық-түлік программасын орындауға қосар үлесі мол: үстіміздегі бесжылдықта ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің орташа жылдық көлемі 13 процент артады, астықты, етті, сүтті және басқа өнімдерді өндіру және сатып алу шұғыл өседі. Ал осы міндеттерді орындау тұрғысынан жүргізіліп жатқан істер бұқаралық-саяси және тәрбие жұмыстарын барынша күшейтуді қажет етеді. Оның үстіне бұл жұмыстар, В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, «шаруашылық құрылыстың саяси тәжірибесіне негізделіп құрылуға тиіс».

Қазіргі кезеңде партия ұйымдарының СССР Азық-түлік программасын орындауды идеологиялық жағынан қамтамасыз етуге байланысты жұмыстары және оларды ұдайы жетілдіру аса өзекті мәселеге айналып келеді. Бұл істе партия ұйымдарының бұқаралық-саяси жұмыстарын дұрыс жоспарлауы үлкен роль атқарады. Бұл тұрғыдан партия ұйымдарында перспективалы, мақсатты, ағымдағы және оперативті жоспарлар жасау кеңінен таралған. Соңғы жылдары мұндай жоспарларды жасау барысында еңбек коллективтерінің әлеуметтік-экономикалық дамулары, шаруашылықты жүргізудегі және басқарудағы өзгерістер және Азық-түлік программасының міндеттері ескеріледі.

Көптеген партия ұйымдары Азық-түлік программасын орындауды идеологиялық жағынан қамтамасыз етуде идеология жауынгерлерінің жеке творчестволық жоспарларының маңыздылығын дұрыс түсінеді. Бұл тұрғыдан, мәселен, Жезқазған облысында оңды тәжірибе жинақталған. Он бірінші бесжылдықта осы облыстағы Шет ауданы үгітшілерінің «Әрбір идеология активисіне — жеке творчестволық жоспар» деген бастамасы кеңінен қосталды. Аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі таңдаулы үгітшілер мен саяси хабаршылардың тәжірибелерін қорытып, олар жайлы жазылған плакаттарды көрнекі орынға іліп, насихаттауды дағдыға айналдырды. Әдетте, мұндай жоспарларда Азық-түлік программасының негізгі міндеттерін шешуге баса назар аударылып, әрбір шаруашылықтағы ресурстарды пайдалануға талдау жасауға, озық шаруашылықтардың тәжірибесі негізінде ауыл шаруашылығында интенсивті технологияны, шаруашылық есепті, мердігерлік әдісті кеңінен қолдану, РАПО бөлімдерінің жұмыс тиімділігін арттыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Жоспарлар «Артта қалушыларсыз жұмыс істейік!» деген қозғалысты кеңінен таратуға, социалистік міндеттемелерді орындауға бағытталып, әңгіменің тақырыбын және оларды өткізу мерзімін нақты белгілейді.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқаруды одан әрі жетілдіру туралы қаулысында РАПО-лардың аграрлық секторды дамытудағы ролі тағы да атап көрсетіліп, оларды шешудің нақты міндеттері анықталды. РАПО-лардың құрылуы бұқаралық-саяси жұмысты жүргізудің жаңа мүмкіндіктерін ашты. РАПО басшылары мен мамандары аудандық партия комитеттері активтерінің қатарын толықтырды. Республика партия ұйымдары Латвияның Талсин және Эстонияның Пярнус аудандық партия комитеттерінің тәжірибелерін ескеріп, РАПО-ның құрамына кіретін шаруашылықтардың, кәсіпорындардың және ұйымдардың партия ұйымдары секретарльларының советтерін құра бастады. Мәселен, Торғай облысының Есіл аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестігі жанынан құрылған осындай советке 15 адам мүше болды. Олар — негізінен астық, ет, сүт, өндірумен тікелей айналыспайтын Сельхозхимия, Сельэнерго, Сельхозтехника, селолық құрылыс және басқа ұйымдардың бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары. Егер бұрын оларда саяси-бұқаралық және тәрбие жұмыстары бытыраңқы түрде жүргізіліп, тек өздерінің жоспарларын орындау міндетіне бағындырылса, енді олардың қызметтері ортақ мақсатқа — ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға және халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуге жұмылдырылған.

Енді партия ұйымдары секретарьларының советтері колхоздар мен совхоздарда да құрыла бастады. Нақтырақ айтар болсақ, олар Жезқазған облысының Ұлытау ауданының барлық совхоздарында жұмыс істейді. Олар шаруашылықтардың, сондай-ақ сол территорияда орналасқан кәсіпорындар мен мекемелер партия ұйымдарының секретарьларын біріктіреді. Мұнда ол ведомстволық кедергілерді жоюға көмектесіп, шаруашылықтардың мектеппен және қызмет көрсетуші өнеркәсіп орындарымен байланысын нығайтады.

Аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімі партия активтеріне күнделікті жұмыста көмектесетін арнайы нұсқаулар жасады. Оларда секретарьлар советтерінің атқаратын нақты міндеттері көрсетілген.

Еңбек коллективтерінің және олардың партия ұйымдарының жұмыстары шаруашылықты жаңаша жүргізу әдістерінің тиімділігін дәлелдеп, оларға жедел көшудің барлық мүмкіндіктері бар екенін және оны саяси-ұйымдық және бұқаралық жұмыспен ұштастырғанда ғана өз нәтижесін беретінін көрсетті.

Бұл істе экономикалық оқу жүйесіндегі «Селодағы мердігерлік әдіс» курстары үлкен роль атқаруда. Мысалы, Қостанай об-

Digitized by Google

лысында осы курста оқитын әрбір үшінші тыңдаушы — ауыл шаруашылығының мамандары. Олар шаруашылық есепте жұмыс жасайтын, әр гектардың шығымдылығын арттыруға және өнімнің өзіндік құнын төмендетуге қол жеткізген озық коллективтердің тәжірибелерін оқып үйренеді. Әдетте, мұндай сабақтарда партия ұйымдары жүргізетін әлеуметтік зерттеулердің және жекелеген экономикалық эксперименттердің материалдары кеңінен пайдаланылады. Мердігерлік әдіспен жұмыс істейтін бригадалар мен звенолар арасында анкеталар тарату олардың табыстарының сырына қанығып, практикалық жағынан нақты да пайдалыларымен қаруланууға көмектесуде. Аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқаруды одан әрі жетілдіру жағдайында партия комитеттерінің идеологиялық жұмыстар жөніндегі комиссиялары РАПО-ларда бастауыш партия ұйымдары секретарьлары советтерімен тығыз байланысты жұмыс жасап, басшы қызметкерлерді саяси-тәрбие жұмыстарына кеңінен тартады, олар — бірыңғай саяси күндерді, ашық хат күндерін және шаруашылықтарда идеологиялық іс-шараларды өткізуге қатысып, КПСС-тің аграрлық саясатының мәнін және маңызын түсіндіру мәселелерімен кеңінен айналысады.

Мұндай шараларды тартымды ұйымдастырудың тәжірибесі баршылық. Мысалы, Торғай облысының Октябрь ауданында өткізілетін саяси күндердің бірі Азық-түлік программасының келелі міндеттерін орындаудың барысын талқылауға арналды. Саяси күнді өткізу барысында тақырыптық лекциялармен қатар ауданның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің дамуы туралы баяндамалар оқылды, сұрақ-жауап кештері өткізілді, концерттер қойылды, деректі фильмдер көрсетілді. Мұның бәрі өзінің жемістерін берді. Саяси күнге қатынасқан тыңдаушылар әңгіме өзегі болған мәселелерді талқылауға қызу қатысты, өздері де әртүрлі ұсыныстар жасады.

«Орталық Комитеттің Пленумы идеологиялық жұмысқа қойылатын талапты күшейтуді міндеттеді, — деп атап көрсетті КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумының қорытындыларын талқылаған республика Компартиясы Орталық Комитетінің III пленумында сөйлеген сөзінде, — ...Осы мақсатпен партия және комсомолдық оқу, экономикалық білім беру жүйесін, ауызша және көрнекі үгіттің, бұқаралық информация және насихат құралдарының мүмкіндіктерін толығырақ пайдалану керек».

Ал бұл үшін партия ұйымдары тұтасынан елімізде және республикамызда жинақтала бастаған, аграрлық-өнеркәсіптік комплексті басқаруды жетілдіруге қызмет ететін идеологиялық жұмыстың жаңа, озық тәжірибелерін табандылықпен меңгеріп, күнделікті өмірде тиімді қолдана береді.

Т. ОМАРБЕКОВ,
тарих ғылымының кандидаты.

Журнал почтасынан

Активті хабарландырамыз

Биылғы оқу жылында Алматы облыстық партия комитетінің Саяси оқу үйінде идеология жұмысы активистеріне арналған саяси хабарландыру күндері өтуде.

Алғашқы кездесуде қала мен облыстың әкімшілік органдарының қызметкерлері еңбексіз табыс табумен күрес барысы туралы идеология активін хабарландырды.

Октябрьде идеология жұмысының активистері республика астанасының архитекторларымен және жобалаушыларымен кездесті, олар қала құрылысының перспективасы туралы хабарлады.

Кездесулер активистердің зор ынтаықыласын тудырады. Саяси хабарландыру күндерін өткізу жоспарларында партия қызметкерлерімен, қала мен облыс кәсіпорындарының, ұйымдарының, түрлі қызметтерінің басшыларымен әңгімелер бар.

В. УШАКОВА,
Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитеті Саяси оқу үйінің консультанты.

Рахмет, Гена ағай!

Талдықорғанның тоғызыншы микроауданындағы № 29 үйдің ауласы тіпті бертінде көріксіз еді. Бізде балалардың ойнайтын жері жоқтығы туралы облыстық газетте де жазды.

Қазір аула бейнесі өзгерді. Мұнда балалар Гена ағай деп атайтын біздің үйіміздің тұрғыны Г. С. Апостоловтың қызметі зор. Ол ата-аналарды, балаларды ұйымдастырып, аулада алаңды жабдықтады. Балалардың ата-аналарымен бірлесіп, жабдықтарды сырлап, өз учаскесін көрікті етуге ұмтылуын байқаудың өзі сондай сүйіншті болды.

М. РЯБКОВА.
Талдықорған қаласы.

Digitized by Google

БАСТЫ ҚАМ-ҚАРАКЕТІМІЗ



Е. ҚҰРАШЕВ,
Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданы «Прогресс» совхозы партия комитетінің секретары

Үстіміздегі жылы шаруашылығымызда барлық мал түліктерінің саны көбейді. Олардың сақталуы жақсарып, құнарлылығы артты. Алғашқы жарты жылдықтың жоспары сүт дайындау жөнінен 102 процент, ет жөнінен 101 процент орындалды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өнім 8 процент көп өндірілді.

Биыл бізде барлығы 3 мыңнан астам ірі қара, соның ішінде 1050 сиыр, сондай-ақ 22500 шошқа қыстатылады.

Фермалардың тиімді жұмыс істеуі үшін жақсы жағдай жасалды. Мал қораларын жөндеу дер кезінде жүргізіліп, олар мықтап қымталды. 4 мың тоннадан астам пішен, 32 мың тонна пішендеме, 360 тонна витаминді шөп ұны, 130 мың тоннадан астам сүрлем немесе шартты бір малға 23 центнерден өндірілді. Жемшөптің әр килограмын ұтымды пайдалануға ұмтылудамыз. Бұл үшін екі жемшөп цехын монтаждадық, қыста оларда кемінде 12 мың тонна жемшөп қоспасын әзірлейміз. Бізде макро және микроэлементтерді үстеп қосу арқылы жемшөпті ашыту кеңінен таралды.

КПСС Орталық Комитетінің Үндеуіне жауап ретінде совхозымыздың коллективі мал қыстату тұсында мемлекетке 1500 тонна ет сатуға міндеттеме алды, мұның өзі өткен қыстама кезіндегі дәрежеден 38 тонна көп. Сүт сату 40 тоннаға өседі, сөйтіп 1200 тоннаға жетеді. Малды бордақылауды интенсивтендіру есебінен ірі қараның тәуліктік орташа салмақ қосуын 500 грамға, ал оның орташа өткізу салмағын 420 килограмға жеткіземіз. Шошқаны кемінде 120 килограмдық салмақпен тапсырамыз. Ет комбинатына малдың 80 процентін жоғары қоңдылықпен өткіземіз.

Дегенмен партия ұйымы мал шаруашылығын дамытуда орын алған кемшіліктерді де жақсы біледі. КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ ССР-інің партия, совет және шаруашылық органдарының Азық-түлік программасының тапсырмаларын орындау, мал шаруашылығының жедел және тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы» қаулысын талқылай отырып, коммунистер мен партияда жоқтар малшылар жарысын ұйымдастырудағы немқұрайдылықты, бригадалық мердігерлікті енгізудегі орынсыз баяулықты, малшылардың кәсіптік оқуын жолға қоюдағы әлсіздікті, қырсыздық пен өнім ысырабына жол берушілікті өткір сынады. Совхоздың партия комитеті биылғы мал қыстату кезеңіне арнап жасаған бұқаралық-саяси жұмыс жоспары осы кемшіліктердің бәрін батыл жоюға бағытталған. Ондағы басты мәселе — әр еңбеккердің белсенділігінің өсуі туралы қамқорлық жасау».

Күзгі-қысқы айларда әр сиырдан сүт сауууды 1500 килограмға жеткіземіз. Бұл өткен жылғы қыстағы нәтижеден 300 килограмм жоғары. Төлдейтін әр 100 малдан 70 бұзау және 1200 торай аламыз.

Партия ұйымы коммунистерді дұрыс орналастыру туралы қамқорлық жасады. Фермалардың 258 қызметкерінен 36 адам КПСС мүшесі және мүшелікке кандидаты болып табылады. Әр фермада партия және партия-комсомол топтары, депутаттық постылар жұмыс істейді.

Түсінік және ұйымдық жұмыстарды жүргізу үшін партия комитетінің мүшелері фермаларға бекітілді. Үгіт коллективінің құрамы нығайтылды, партия комитетінің шешімімен оны басқару маған жүктелді.

Үгітшілер арасында шаруашылықтың таңдаулы еңбеккерлері — совхоз партия комитетінің мүшелері, сауыншы З. Махамбетова, шошқа өсіруші, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері Ф. Ярмолич, жұмысшылар В. Суханов-

Digitized by Google

ва, А. Кригер, Е. Жәйкенов, С. К. Ковалев, бригадирлер Б. Бекенов пен Р. Тайшықов бар.

Үгітшілерді партия комитетіне шақырудан бас тарттық. Әр он күн сайын оларды фермалардың қызыл мүйістерінде нұсқау кеңестеріне жинаймыз. Мұның барысында нақты әңгіме қозғалады — үгітшілердің малшылар жарысын ұйымдастыруды жақсарту, адамдардың белсенділігін дамыту жөнінен не жасағаны, ферма жұмысындағы қандай кемшіліктерді жою керектігі талқыланады. Қысқасы, активистерді жұмыстағы барынша іскерлік пен пәрменділікке тұрақты бағдарлаймыз. Совхоз директоры С. И. Ковалев жетекшілік ететін саяси хабаршылар тобының жұмысын жоспарладық. Оған шаруашылық басшылары мен жетекші мамандары енеді. Совхоздың бас зоотехнигі В. Болохвитин, аға зоотехниктер В. Суханов пен Н. Николаев, шошқа фермасының меңгерушісі Ф. Кулаев, инженер В. Сульженко, совхоз кәсіподақ комитетінің председателі Н. Довгаль малшыларды саяси хабарландыруға белсене қатысатынын атап өтуіміз керек.

Бізде баспасөз орталығы жұмыс істейді, оның мүшелері таңдаулы жұмысшылар тәжірибесін дереу қорытып, жария етуге көмектеседі. Малшылар жарысы туралы әңгімелейтін информациялық қалқандарды фермалар мен совхоз поселкесінің бас алаңына, сондай-ақ мектептерде, Мәдениет үйі мен «Юбилейный» кинотеатрында орналастырдық.

Біз ең алдымен өткен жылғы мал

«Прогресс» совхозы партия комитетінің 1986—1987 жылдардағы мал қыстату кезеңінде малшылар арасындағы ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмысының ЖОСПАРЫ

КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ ССР-нің партия, совет және шаруашылық органдарының Азық-түлік Программасының тапсырмаларын орындау, мал шаруашылығының жедел және тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы» қаулысы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті IV пленумының материалдары совхоз коллективінде талқыланып, оны жүзеге асыру шаралары белгіленсін. Коллективте Ұлы Октябрьдің 70 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы жарыс өрістетілсін.

Шешуші учаскелерге қосымша 11 коммунист пен 16 комсомолец жіберілсін. Практикалық көмек көрсету үшін партия комитетінің мүшелері әр фермаға бекітілсін.

Малды қыстату тұсында 4 партиялық топ, 4 кәсіподақ тобы, 4 депутат тобы, 5 комсомол тобы және халықтық бақылау постысы құрылсын.

Товарлы сүт және товарлы шошқа фермаларының коллективтерінде мал қыстату кезеңіне арналған социалистік жарыс шарттары 20 сентябрьге дейін талқыланысын.

«Юбилейный» кинотеатрының және совхоз клубының қызметкерлерімен бірлесіп, ферма қызметкерлері үшін «КПСС XXVII съезінің шешімдері жүзеге асырылуда» кинолекторийі ұйымдастырылып, оның сабақтары ай сайын өткізілсін. Малшылар күндері апта сайын өткізілсін, басшылармен және мамандармен кездесулер, ашық хат күндері ұйымдастырылсын.

Озық тәжірибе мектебі ұйымдастырылып, таңдаулы сауыншылар мен мал өсірушілердің жұмыс тәсілдері көрсетілсін.

Зоотехникалық оқу ұйымдастырылып, партия комитетінің мәжілісінде ферма қызметкерлерінің біліктілігінің өсуі мен кластылығының артуы туралы мәселе талқыланысын. Мал шаруашылығында бригадалық мердігерлік бойынша жұмысты ұйымдастырудың қалыптасқан тәжірибесі коммунистік еңбек мектептерінде оқылсын. Сабақтарда сөз сөйлеу үшін облыстық аграрлық-өнеркәсіптік комитет пен аудандық аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік мамандары шақырылсын. Бригадалық мердігерлік табысты қолданылып жүрген шаруашылықтарға жұмысшылар мен мамандардың барып қайтуы ұйымдастырылсын.

Мердігерлік бригадалардың еңбек және материалдық шығынның есебін жолға қоюына тұрақты көмек беру үшін олардың әрқайсысына экономистер, бухгалтерлер бекітілсін.

Digitized by Google

қыстатудың барысы бойынша малшылар жұмысы туралы деректерді өзірледік. Осының арқасында кімнің нәтижелері өсіп, кімнің бұрынғы орында екені бәріне көрінеді. Біздің озат сауыншыларымыз Е. Сибилева, Е. Бутер, З. Махамбетова және басқалар биыл әр сиырдан орта есеппен жоспарлы сүт саудан 300—400 килограмм асып түсуді ұйғарды. Малшы Н. Кобыхно, шошқа өсірушілер Д. Ярмолич, В. Пансенко, А. Филипьева, А. Кратц жоғары міндеттемелер қабылдады.

Тұрмыстың жасқартылуы да екпінді жұмысқа жақсы қызмет етуде. Қазіргі уақытта бізде екі малшылар үйі, төрт қызыл мүйіс, үш асхана және буфет бар. Кітапханалар, клубтар, кинотеатр өз жұмысын күшейте түсті.

Жас коммунист, комсомол комитетінің секретары Н. Сонина басқаратын совхоздың үгіт бригадасы малшылар алдында жүйелі өнер көрсететін болады.

Кемшіліктерді дер кезінде анықтауға көп көңіл бөлудеміз. Депутаттардың, халық бақылаушыларының, «Комсомолдық прожектор» мүшелерінің және үгітшілердің қатысуымен әр айда рейдтер өткіземіз. Олардың қорытындылары малшылар күндерінде талқыланады, көрнекі үгіт арқылы жария етіледі.

Қысқасы, малшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа партия ұйымының бүкіл идеология активі қатысады. Біз де ферма қызметкерлерінің биылғы қыстамада өте жақсы нәтижелерге жете беруі үшін бәрін жасаймыз.

Жарыс қорытындысын шығару барысында озаттардың ғана емес, сондай-ақ артта қалушылардың жұмыс нәтижелері аталсын. Мұның барысында өнім сапасы, тәртіп жайы, малдың сақталуы, жемшөптің үнемделуі, еңбек мәдениеті ескерілсін, Айына бір рет жұмысшылардың қатысуы арқылы коллективтер арасында міндеттеменің орындалуы өзара тексерілсін. «Юбилейный» кинотеатры мен совхоз клубтарында киносеанстары басталар алдында малшылар жарысының барысы туралы шағын хабарлар берілсін. Тәжірибені насихаттау, туындаған проблемаларды жақсылап анықтау үшін партия комитетінде малшылармен «дөңгелек стол»» басындағы әңгімелер өткізілсін.

Қызыл мүйістерді көрнекі безендіру 1 октябрьге дейін жаңартылсын. Еңбек сайысының қорытындылары социалистік жарыс экрандарында, көрсеткіш тақталарында дереу көрсетілсін. Таңдаулы малшылар құрметіне арналған «молниялар» олар тұратын үйлерде, сондай-ақ клубтарда, мектептерде ілінсін.

Орталық усадьбада озаттар құрметіне еңбек даңқы жалауы көтеріліп, вымпелдер тапсырылсын, семьяларына алғыс айтқан хаттар жіберілсін. Кинотеатр мен Мәдениет үйінде жарыс жеңімпаздарына арналған құрметті орындықтар қатары қойылсын. Науқан қорытындысы бойынша жарыс жеңімпаздарына еліміз бойынша және социалистік елдерге сапар шегуге тегін туристік жолдамалар бөлінсін.

Жұмысшылар мен мамандардың социалистік міндеттемені орындауы туралы есептері партия және жұмысшы жиналыстарында қаралсын.

Орта мектептің жоғары класс оқушыларының мал шаруашылығы негіздерін оқып үйреніп, практикадан өтуі үшін фермаларда оларға жағдай жасалсын.

Партия комитеті баспасөз орталығының жүйелі жұмысы ұйымдастырылып, идеология активистерін мал қыстатудың барысы туралы оперативті хабарландыру қамтамасыз етілсін.

Ай сайын рейдтер өткізіліп, мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын тұрақты бақылау қамтамасыз етілсін, еңбек пен өндірістік тәртіпті нығайту жолында, маскүнемдікке және басқа келеңсіз құбылыстарға қарсы шешуші күрес жүргізілсін.

Фермалардың қызыл мүйістерінде үгітшілермен нұсқау кеңестері өткізілсін. Малшылар арасында жұмыс істейтін үгітшілерге, саяси хабаршыларға, насихатшыларға көмек ретінде партия комитетінің саяси оқу кабинетінде информация папкасы тұрақты жүргізілсін. Идеология активистерін моральдық ынталандыру шаралары ойластырылсын.

Совхоз үгіт бригадасының жаңа программасы әзірленсін. Оның фермаларда жүйелі өнер көрсетуі ұйымдастырылсын.

Фермаларға мерзімді баспасөз дер кезінде жеткізіліп, жылжымалы кітапхана ұйымдастырылсын. Озық тәжірибе мен ауыл шаруашылығы ғылымы жетістіктерін насихаттау жөніндегі кітап көрмелері уақытылы жаңартылсын.

Мал шаруашылығы мен басқа салалар қызметкерлері үшін демалыс күндерінде Көкшетау мен Целиноград облыстарына экскурсия жасау, театрлар мен көрмелерде болу ұйымдастырылсын.

Digitized by Google

ЭНЕРГЕТИКА ПОТЕНЦИАЛЫН ҮДЕТЕЙІК

Б. НҰРЖАНОВ,
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрінің бірінші орынбасары

Біздің елімізде жасалған аса тиімді отын-энергетика комплексі экономиканы жеделдете дамытудың қуатты іргетасы болып табылады. Оны үдетуде, СССР-дің Энергетика программасын жүзеге асыруда энергетикалық көмірдің мол қоры бар Қазақстанға елеулі роль беріледі және осы роль жыл сайын өсіп келеді.

Сонымен біздің республикамызда электр энергиясын өндіруді 1990 жылға дейін 102,6 миллиард киловатт-сағатқа жеткізу белгіленді. Он екінші бесжылдықта 13,5 мың километрден астам электр желісі салынады. СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарында Павлодар — Екібастұз территориялық-өндірістік комплексін қалыптастыруды жалғастыру, Екібастұз бассейнінде көмір өндіруді қыруар ұлғайту, Майкөбе көмір кенішін игеруді бастау көзделген. Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан ГРЭС-і мен Екібастұз 2-ГРЭС-нің құрылысы өрістетілді, Шульба ГЭС-нің алғашқы агрегатының құрылысы мен монтажы аяқталып келеді. Оның үстіне үстіміздегі бесжылдық жылдарында екі жаңа жылу-электр орталығын Семей мен Қостанайда салу басталады, бірқатар облыс орталығында жұмыс істеп тұрған жылу-электр орталықтары ұлғайтылады. Кернеуі 1150 киловольттық ауыспалы ток электр желісінің құрылысы есебінен Қазақстан электр станцияларының еліміздің біртұтас энергетика жүйесімен байланысы күшейді.

Партия ұйымдарының басшылығымен саланың барлық кәсіпорындарында, ұйымдары мен бөлімшелерінде қайта құрудың түбегейлі процесі өтуде. Ол ең алдымен ғылыми-техникалық прогресс қарқынын жеделдетуге, өндірісті жан-жақты интенсивтендіруге, қолда бар резервтерді барынша пайдалануға бағытталған. КПСС Орталық Комитетінің Совет Одағы еңбекшілеріне арнаған Үндеуіне жауап ретінде сала кәсіпорындарында бесжылдыққа қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру жолындағы жауынгерлік социалистік жарыс өрістеді. Энергетиктердің озық коллективтері, олардың ішінде Петропавлдың 2-жылу-электр орталығы, Қарағандының 2-ГРЭС-і, Алматының 1-жылу-электр орталығы, Бұқтарма мен Өскемен ГЭС-тері, «Кустанайэнерго» орталық энергетика жүйесінің кәсіпорындары бар, салада бірінші болып «Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына — 70 екпінді еңбек онкүндігі!» ұранымен жұмыс істеу инициативасын жасады.

Министрлік кәсіпорындары үстіміздегі жылдың он айлық тапсырмасын ойдағыдай орындады, соның ішінде өнім өткізу көлемі жөнінен 105 процент, товарлы өнім жөнінен 104 процент, жылу босату жөнінен 100,3 процент орындады. Ұлы Октябрьдің 69 жылдығына дейін 16 кәсіпорын, 175 бригада бесжылдықтың алғашқы жылының тапсырмасын аяқтағандықтары туралы рапорт берді.

Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Жамбыл ГРЭС-інің коллективі Қазақстан энергетиктерінің даңқты істерінің авангардында келеді. Осы кәсіпорын коммунистік еңбек коллективі құрметті атағына ие болып отыр. Және жыл сайын жоғары, ең бастысы — жұмыста тиянақты көрсеткіштерге қол жеткізуде. Осы коллектив бірқатар жылдар бойы КПСС Орталық Комитетінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің Қызыл туларына ие болып, СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің Бүкілодақтық Құрмет тақтасына жазылды, ал он бірінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша осы тулар мәңгі сақтауға қалдырылды.

Қазақстандық энергетиктердің көпмың адамдық отрядында коллективті жаңа еңбек асуларына жетуге бастаушы еңбек озаттары, өндіріс жаңашыл-

---

22 декабрь—энергетик күніне.

Digitized by Google

дары аз емес. Олардың ішінде «Казэлектросетьстрой» тресінің Алматы механикаландырылған колоннасынан Социалистік Еңбек Ері М. А. Отрадных, Жамбыл ГРЭС-інің қазан-турбина цехы сменасының бастығы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Т. И. Тәменов, Павлодардың 2-жылу-электр орталығы қазан-турбина цехының аға машинисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі жүйесінде кәсіп бойынша таңдаулы Б. П. Гришин, Жамбыл ГРЭС-інің слесарь-жөндеушілер бригадирі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н. П. Бердов, Қарағандының 2-ГРЭС-інің аға машинисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. А. Иванов, «Казэлектросетьстрой» тресінің Талдықорған механикаландырылған колоннасынан бағаналар тасу машиналарының жүргізушілері Т. Қожақанов пен Н. А. Горбунов және басқа көптеген адамдар бар.

Бүгінде озаттар мен жаңашылдар ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту, энергетика кәсіпорындары жұмысындағы кемшіліктерді жою жолындағы күресте үлгі көрсетуде. Қазақстан Компартиясының XVI съезінде өз ресурстары есебінен өскелең энергетикалық жүктелімді қамтамасыз етпегені үшін сала кәсіпорындары атына елеулі сын айтылды. Ең алдымен Екібастұздың 1-ГРЭС-і тұрақсыз жұмыс істеді, «Карагандаэнергода» электр станциялары мен жүйелері жабдықтарын пайдалануда іркілістер болды, бірқатар энергетика кәсіпорындарында, соның ішінде Павлодар облысының ірі жылу-электр станцияларында ақауларға жол берілді. Жаңа қуаттарды іске қосу республика халық шаруашылығының қажетінен әлі де артта қалуда.

Осы кемшіліктерді жою біздің назарымызда тұр. Мәселен, Екібастұздың 1-ГРЭС-інде тиянақты еңбек коллективін қалыптастыру жөнінен батыл шаралар қабылданды, онда еңбекшілердің әлеуметтік-тұрмыс жағдайы жақсаруда, ішінара айтқанда станциялардың жұмыс қуатын біржарым есе молайтуға көмектесті. Қазір алған қарқыннан айырылып қалмау және таяудағы уақытта жобалық қуатқа шығу өте-мөте маңызды, мұның өзі республиканың энергетика балансына елеулі үстеме береді.

Энергетика кәсіпорындарын қысқы кездегі жұмысқа әзірлеудің айрықша маңызы бар. Тұтасынан ол қанағаттанарлық деп табылды. Дегенмен коллективтердің бәрі бірдей осы міндетті дер кезінде атқарып шыға алмады. Целиноград пен Жезқазған жылу-электр орталықтарының қызметкерлері жұмысты ұзаққа созып алды. Олар көрсетілген көмекке сүйеніп, тұтынушыларды жылумен және электр энергиясымен тиянақты жабдықтауды қамтамасыз ету үшін бәрін жасауға тиіс.

Жылу жүйесін жеделдете дамыту республикада жылуды үнемдеудің сара бағыттарының біріне айналды. Қазіргі уақытта республикада 25 мыңнан астам су жылытатын қазан жұмыс істейді, олар, әдетте, қымбат әрі тапшы сұйық отынды пайдаланады. Олардың техникалық дәрежесі өте-мөте төмен, ал босатылатын жылудың бір өлшеміне отынның жұмсалу үлесі жылу-электр орталықтарында қол жеткен дәрежеден бірнеше есе асып түседі. Осы қазандардың жүктелімін жылу-электр орталықтарының бу-турбина бөліміне беру жыл сайын кемінде 1,5 миллион тонна шартты отынның үнемін қамтамасыз етеді. Демек бұл үшін үстіміздегі бесжылдықтың өзінде 245 километр магистралды жылу жүйесін салу қажет, мұның өзі өткен бес жылдағыдан екі еседен астам көп.

Республика халық шаруашылығы кәсіпорындарының тиянақты жұмысы, сондай-ақ электрмен жабдықтауды орталықтандыруды, әсіресе селолық жерлерде арттыру талап етіледі. Биыл орталықтандырылған қайнарларға колхоздар мен совхоздардың бәрі, олардың бөлімшелері мен фермаларының 98 процентке жуығы қосылады. Үстіміздегі жылдың соңына дейін қалған бөлімшелерді оған қосуды аяқтауымызға тура келеді.

Екінші бір екпінді міндет — электр станцияларын техникалық жағынан қайта жарақтандыру мен кеңейтудің бесжылдыққа белгіленген программасын аса қысқа мерзімде жүзеге асыру. Республиканың халық шаруашылығы үшін осы шаралардың маңызын жете бағалау мүмкін емес.

Энергетика кәсіпорындарының дәлме-дәлдіктегі, жатық жұмысы көбінекөп сала еңбеккерлерінің творчестволық белсенділігінің, кәсіптік шеберлігінің өсуімен, олардың тапсырылған іс үшін жауапкершілігінің артуымен байланысты. Партия, қоғамдық, шаруашылық органдары барлық еңбек коллективтерінің күш-жігерін электр станцияларын пайдаланудың жоғары дәрежесіне, отынды, электр және жылу энергиясын үнемдеп жұмсауға, Қазақстан энергетиктері алдында тұрған жауапты міндеттерді сөзсіз орындауға бағыттауға тиіс.

Digitized by Google

ЖОҒАРЫ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНЕ ЖЕТЕЙІК

«ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ — ТҮБЕГЕЙЛІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНДЕТ»
тақырыбы бойынша методикалық талдау

КПСС Орталық Комитетінің Совет Одағының еңбекшілеріне арнаған Үндеуінде: «Еңбек өнімділігін арттыру — ең басты мәселе... Бұл бүгін таңдағы жаңаша жұмыс істеудің аса маңызды бағыты», — деп атап көрсетіледі. Партияның еңбек өнімділігі өсімі қарқынын жеделдету тұрғысындағы талабын түсіндіру, мұнда әр коллективтің және әр еңбеккердің ролін анықтау — бүкіл идеология кадрларының өзекті міндеті. Мұның барысында төмендегі проблемаларға көңіл бөлу қажет:

1. Партияның еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға арналған бағыты.

2. Еңбек өнімділігі өсімінің факторлары. Ғылыми-техникалық прогресс — өндіріс тиімділігін арттырудың шешуші факторы.

3. Әр жұмыс орнында еңбек өнімділігін арттыру жолдары.

ӘҢГІМЕНІ баяндауға кіріскенде тұтасынан халық шаруашылығы бойынша еңбек өнімділігі ұлттық табыстың және барлық салаларда істейтін қызметкерлер саны қатынасымен анықталатынын тыңдаушыларға ескерту қажет. Кәсіпорында, бірлестікте, салада оның дәрежесін өндірілген өнім көлемі мен өндірісте істейтін адамдар саны арасындағы қатынасқа қарай бағалайды. **Әр адамның өндірген өнімі** еңбек өнімділігін жоспарлап, есептеуге арналған негізгі көрсеткіш болып табылады.

Сонымен еңбек өнімділігі қорытындылаушы көрсеткіш ретінде көрінеді, ол тұтасынан ел экономикасын, оның түрлі аймақтарының,салаларының және жекелеген кәсіпорындардың қалай және қандай қарқынмен дамып келе жатқанын, оны интенсивтендіру қалай өтіп жатқанын, ғылыми-техникалық прогресс қандай нәтижелер беретінін көруге көмектеседі. Осы көрсеткіш өнім сапасын арттырумен, үнеммен, ұқыптылықпен, өндірістік қорды ұтымды пайдаланумен, өндірістің рентабельдік дәрежесімен табиғи байланысты.

СССР-де және басқа социалистік елдерде өнімділік өсімінің жоғары қарқынында **социализмнің тарихи ұлы артықшылықтары** көрнекі түрде көрінді, мұнда еңбекшілер өндіріс құралдарының түбегейлі иесі болып табылады және қоғамның материалдық және рухани байлықтарын молайтуға аса мүдделі. Мәселен, 1951—1984 жылдар тұсында ұлттық табыстың жылдық орташа қарқыны СССР-де 7 процент, АҚШ-та — 3,4 процент, өнеркәсіп өндірісінің өсімі тиісінше 8,1 процент және 3,9 процент құрады. Осы тұста қоғамдық еңбек өнімділігі жыл сайын СССР-де 6 процент, АҚШ-та — 2,1 процент көбейді, ал өнеркәсіпте еңбек өнімділігі тиісінше 5,4 процент және 2,9 процент құрады. Соның нәтижесінде негізгі экономикалық көрсеткіштер қатынасы біздің еліміздің пайдасына ұдайы жақсара түсті. Егер 1950 жылы СССР-дің ұлттық табысы АҚШ-тың ұлттық табысы мөлшерінің 31 процентін құраса, енді ол 66 процентке жетті. Біздің еліміздің өнеркәсібінде еңбек өнімділігінің дәрежесі 1950 жылғы АҚШ еңбек өнімділігі дәрежесінің 30 процентінен 1984 жылы 55 процентіне дейін өсті. Қазір СССР өнеркәсіп өнімдері АҚШ өндіріс көлемінің шамамен 80 процентінен астамын және ауыл шаруашылығында — шамамен 85 процентін құрайды.

Сонымен бірге 70—80 жылдар аралығында қалыптасқан жағдайлардан сындарлы қорытындылар жасалмады, ресурсты шикізат базасының шұғыл қысқаруы мен жұмысшы күші ескерілмеді. Мұның өзі еңбек өнімділігінің өсімі жөнінен он бірінші бесжылдық жоспарды орындауға кері әсер етті. Еліміздің халық шаруашылығында еңбек өнімділігі өсімінің проблемалары туралы «Коммунист» журналының 1986 жылғы 6—7 сандарындағы «Осы заманғы маркстік-лениндік ойдың ірі жетістіктері» мақалаларын, Н. Феликсованың «Аргументы и факты» басылымының 1986 жылғы 5—11 августегі 32-ші санындағы «Еңбек өнімділігі» мақаласын қараңыздар.

КПСС XXVII съезі қуаттаған елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету бағыттары еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруды қарастыратыны туралы қағиданы ашу маңызды. Партия еңбек өнімділігінің дүниежүзілік жоғары дәрежесіне қол жеткізу міндетін ұсынды. 15 жыл ішінде оны 2,3—2,5 есе арттыруға тура келеді. Мұның өзі оның өсімінің жылдық орташа қарқыны кемінде 5,7 — 6,3 процент деңгейде болуға тиіс екенін бейнелейді, сөйтіп он бірінші бесжылдықпен салыстырғанда оларды екі есе көбейтуге тура келеді.

«Еңбек өнімділігі дегеніміз, сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты шарт» — деген лениндік сөздер бүгінде өте-мөте асқақ естіледі. Олардың түбегейлі мағынасын түсіндіре отырып, тыңдаушылар назарын төмендегідей қағидаларға аудару қажет.

Біріншіден, еңбек өнімділігін арттыру қоғамдық өндіріс пен ұлттық табыс өсімі жоғары қарқыны негізін және оның базасында еңбекшілер әл-ауқатын арттыруды бейнелейді. Еліміздің халық шаруашылығында еңбек өнімділігін — 23 процент және Қазақ ССР-інде 20 проценттей арттырудың үстіміздегі жылға жоспарланған мөлшері белсенді экономикалық өсімнің сенімді базасын жасайды. Он бірінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің бесінші сессиясында атап көрсетілгеніндей, бесжылдықтар тарихында алғаш рет ел ауқымында материалдық өндірісті ұлғайтуда қосымша жұмысшы күшін тартпай-ақ, яғни еңбек өнімділігін өсіру есебінен қамтамасыз ету қарастырылды. Жұмысшы күшінің бүкіл легі өндірістік емес жүйеге бағытталады.

Digitized by Google

Қазіргі бағалауларға қарағанда, еңбек өнімділігін 1 процентке арттыру елдің жиынтық қоғамдық өнімдері мөлшерін 6 миллиардтан астам сомға көбейтуге көмектеседі. Қазақ ССР-інде бұл үстеме 430 миллион сом құрайды.

Екіншіден, еңбек өнімділігін арттыру қоғамдық өндірісте істейтін адамдардың **еңбегін үнемдеуге, еңбек ресурстары мен жұмыс орнын ұқыпты пайдалануға** көмектеседі. Еңбек өнімділігін 1 процентке арттыру еліміз өнеркәсібінде істейтін 400 мыңдай адамның еңбегін үнемдейді.

Еңбек өнімділігі өсімінің жалақымен салыстырғанда басым өсуі экономиканы ширақ дамытудың сөзсіз шарты болуда.

Үстіміздегі бесжылдықта халық шаруашылығының барлық саласы қызметкерлерінің жалақысы тиісті шекке және бірлестіктер мен кәсіпорындар тапқан қаржы есебінен арттырылатынын әңгімеде атап көрсету керек. 1987 жылдан жалақы қорын құраудың тұрақты нормативтеріне ауысу еңбек өнімділігінің жалақының молаюынан басым өсуіне тұрақты негіз жасайды (осы жайлы «Экономическая газетаның» 1986 жылғы октябрьдегі 43-санындағы «Жалақыны қайта құру жүйесі» мақаласында толық айтылған.

КПСС XXVII СЪЕЗІНІҢ, КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумының материалдарында, КПСС Орталық Комитетінің Үндеуінде өндіріс тиімділігін түбегейлі арттыру, еңбек өнімділігін өсіру жөніндегі іс-қимылдың ауқымды программасы берілген. Назарды ең алдымен **ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, шаруашылықты жүргізу дәрежесін арттыруға, материалдық, еңбек және финанс ресурстарын мейлінше тиімді пайдалануға** шоғырландырған жөн.

Біздің республикамыздың еңбекшілері ірі міндеттерді шешуге тиісті. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев Қазақстан Компартиясының XVI съезінде атап көрсеткеніндей, «жасалған қуатты материалдық-техникалық база біздің өзіміз айтып жүргендей, ең жоғары шеберлікпен нәғұрлым жақсы жұмыс істеуімізге, экономиканы шапшаңырақ, белсендірек дамытып, оның тиімділігін арттыруымызға мүмкіндік береді. Партияның қазіргі кезеңдегі экономикалық стратегиясын іс жүзіне асырудағы біздің ең бірінші міндетіміз де осында».

Жаңа бесжылдықта Қазақ ССР-інде өнеркәсіп өндірісінің көлемін 26 процент көбейтуге тура келеді. Салыстыру үшін мынаны көрсетейік: бұл үстеме соғыстан кейінгі төрт бесжылдық ішіндегі өнеркәсіп потенциалы өсіміне тең болады. Және бұл межеге **ең алдымен еңбек өнімділігінің** өсімі есебінен қол жеткізу қажет.

Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету, осы заманғы техника мен технологияны, ресурстарды үнемдейтін аса тиімді машиналар мен жабдықтардың жаңа буындарын жасап, жаппай енгізу, сөйтіп осының негізінде халық шаруашылығын техникалық жағынан түбегейлі қайта құруды жүзеге асыру оны арттырудың шешуші факторы болып табылады. Қайта құрудың алғашқы қорытындыларын шығара келіп, КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумы еңбек өнімділігін арттырудың басты негізі ретінде өндірісті қайта құрып, техникалық жағынан жете қаруландыруды тағы да айрықша атап көрсетті.

Осы туралы баяндай отырып, сөз сөйлеушінің К. Маркстің «еңбек өнімділігін арттырудың мәнісі дәл мынада: тірі еңбектің үлесі азаяды да, өткен еңбектің үлесі көбейеді, көбейгенде де товардағы еңбектің жалпы сомасы азаяды» деген пікірін келтіру керек. Егер ескірген жабдықтарды пайдалана беретін болсақ, бұл заңдылық ақталмайды, өйткені ол көптеген кәсіпорындарда әзірше орын алып отыр. КПСС XXVII съезі машина жасауды дамытудың жоғары қарқынын белгілеп, оны прогрестік технологияны енгізуге, еңбек өнімділігі мен қор қайтарымын бірнеше мәрте арттыруға, материал мен энергияның жұмсалуын кемітуге, өнім сапасын жақсартуға көмектесетін техникалық-экономикалық дәрежесі жоғары машиналар, жабдықтар мен приборлар жүйелері мен комплекстерін шығаруға бағдарлауды талап етті.

Бұл міндеттің машина жасау өнеркәсібінің ғана емес, сондай-ақ барлық басқа салалардың қызметкерлеріне де қатысы бар. Демек осы заманғы машинаны жасау үшін жақсы даярланған кадрлар туралы айтпағанның өзінде өте сапалы металл мен басқа материалдар, электр, жылу энергиясымен және басқа ресурстармен толассыз, ырғақты жабдықтау керек. Оның үстіне санмиллион жұмысшылардың, инженерлердің және техниктердің қатысуы арқылы жаңа техника кәсіпорындарда, құрылыстарда, совхоздар мен колхоздарда сынаудан өткізіліп, жетілдіріледі.

СӨЗ СӨЙЛЕУШІ осы туралы айтқанда өз тыңдаушыларын **еңбек коллективтерінің еңбек өнімділігі өсімі қарқынын жеделдетудегі ролін** ашуға бастауға тиіс. Партияның XXVII съезінде де, КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумында да осы жайлы айрықша айтылды. Қазір елімізде енгізіліп жатқан шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесі жоспарлау әдістерін жетілдірумен бір мезгілде еңбек коллективтерінің жауапкершілік ролі мен инициативасын күшейтуге бағытталған. Ол өнеркәсіп орындарының **өзін-өзі ақтауына және өзін-өзі қаржыландыруына** аса белсенді түрде ауысуын қарастырады.

Біздің халық шаруашылығымызда бар резервтерді пайдалану шешуші дәрежеде еңбек коллективтерінің инициативасына тәуелді. «... ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуді әзірге өрістетіп жатқан бастапқы кезеңде, — деп атап көрсетті М. С. Горбачев Ленинград партия ұйымы активі жиналысында 1985 жылғы 17 майда сөйлеген сөзінде, — біз бәрін жақсы ұйымдастырудан, біздің еңбекшілеріміздің жоғары жауапкершілігінен, іске адал көзқарасынан алуымыз, сығып алуымыз керек». Бұл резервтер аз емес. **Жұмыс уақыты ысырабын жою есебінен ғана өнім мен еңбек өнімділігінің 15—20 процент өсімін қамтамасыз етуге болады.**

Digitized by Google

Сөз сөйлеуші коллектив өмірінен алынған мысалдар арқылы **еңбек нен өндірістік тәртіпті нығайтудың** қандай зор маңызы бар екенін ашып көрсетуге тиіс. Еліміз ауқымында жұмыс уақытының бір минут зая кетуі — бұл 300 мың жұмысшының тұтас бір күнгі іркілісіне жол беру және 1.400 миллион сомның өнімін зая жіберу деген сөз. Жұмыс уақытының осы қысқаратарын қайсыбір қосымша шығындарсыз-ақ жоюға болады, тек жоғары жауапкершілік пен тәртіп керек.

КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумында зор алаңдаушылықпен айтылған **жаңа бесжылдықтың түйінді мәселесі — бұл жабдықтарды пайдалануды шұғыл жақсарту, оның сменалық коэффициентін арттыру.** Қазақстан Компартиясының XVI съезінде атап көрсетілгеніндей, республика заводтарында металл жонатын жабдықтардың сменалық коэффициенті өзірше 1,3—1,4-тен аспайды. Бұл әрбір алтыншы станок бос тұрып қалады деген сөз.

Осы жайлы айтқанда КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен июнь Пленумы мақұлдаған **Ленинград кәсіпорындарының** өндірістік қорлардың жаңа әрі прогрестік бөліктерін екі-үш сменада пайдалану жөніндегі **инициативасының** маңызын кеңінен ашу қажет. Әрбір өндірістік коллективтің осы патриоттық қозғалысқа қосылуы маңызды. Ленинградтықтар инициативасы туралы «Правдада» 1986 жылғы 21 июльде жарияланған **«Станоктар «ұзартылған күнде»** мақаласынан оқыңыздар.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына ауысу еңбек коллективтері алдынан кең мүмкіндіктер ашуда. Қазір республикада 800 кәсіпорын осындай жағдайда жұмыс істейді, ал келесі жылдан халық шаруашылығының барлық саласында шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін енгізуге тура келеді. Және мұнда **өнім беру тәртібін сақтаудың** бірінші кезекті мәні бар, ал бүкіл халық шаруашылығының және жекелеген әр кәсіпорын жұмысының ырғақтығы, демек еңбек өнімділігінің дәрежесі оған тура әрі тікелей тәуелді. Жаңа жылдан бастап осы көрсеткіш кәсіпорын жұмысын бағалауда басты түйінге айналуда.

Қол және ауыр дене еңбегін қысқарту жөніндегі жұмыс коллективтерден зор күш-жігерді талап етеді. Мамандардың қуаттап отырғанындай, кәсіпорындардың көпшілігінде еңбек коллективтерінің өздерінің күшімен қолмен атқарылатын операциялардың 60 процентіне дейінін механикаландыруға болады. Жеделдету жолындағы күрестің басқа бағыттарындағыдай, мұнда да жоғарыдан нұсқауды немесе қайсыбір айрықша шешімді тосып отыруға болмайды, инициативалы әрі нысаналы іс-қимыл жасау керек. Демек бүгінде тым тиімсіз қол еңбегі жүйесінде республика өнеркәсіп орындары жұмысшыларының әрбір үшінші, құрылыста және совхоз өндірісінде әрбір екіншісі істейді — бұл жүздеген мың адам. Бұл өте-мөте өткір проблема, алайда әлі күнге дейін республика өнеркәсіп орындарының әрбір үшіншісінде ғылым мен техниканы дамыту жоспары жоқ, ал 60 проценттен астамы жабдықтарды жаңартып, жаңғыртумен іс жүзінде айналыспайды.

Жұмыс орындарын дер кезінде аттестациялап, рационализациялауда еңбек өнімділігі өсімінің ірі резервтері бар. Алайда осы жұмыс барлық жерде бірдей өзірше жаңа талаптарға сай келмейді. Демек, өткен жылы Алматы кәсіпорындарында жұмыс орындарын аттестациялау 54 процентке орындалды, ал жабдықтардың небары 209 өлшемі босатылды. Сонымен бірге жұмыс орындарын жоспарлы түрде жетілдіру моральдық және физикалық жағынан тозған жабдықтардың кемінде 20—30 процентін босатуға мүмкіндік береді. Мәселен, Алматының «Поршень» заводында өткен жылы аттестациялау барысында өндіріс алаңының 358 шаршы метрі босатылды, жабдықтардың 46 өлшемі ажыратып алынды, олардың бір бөлігі 227 мың сомға өткізілді. Сайып келгенде, қол еңбегінің үлесін азайтумен бір мезгілде оның өнімділігі өсті.

Коллективте, қалада, селода **еңбек нен тұрмыс жағдайын жақсарту** жөнінен қандай жұмыс жүргізіліп жатқанына, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер құрылысындағы жұмыс жөнінен Волга автомобиль заводының инициативасы қалай қосталғанына назар аудару қажет.


Социалистік жарыс еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға бұрынғыдан да белсенді бағытталуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Он бірінші бесжылдық тапсырмасын ойдағыдай орындау жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарыс туралы» қабылдаған қаулысының тиімді талаптарының бірі осындай. Осыған орай Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мақұлдаған «Әр жұмыс орнында аз шығын арқылы өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етейік» бастамасының орасан зор маңызын жете бағалау мүмкін емес, Қарағанды металлургия комбинатынан С. В. Дрожжин басқаратын вальцовщиктер бригадасы осындай инициатива жасады (осы коллективтің жаңа бесжылдыққа арналған міндеттемесі туралы «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 1986 жылғы бесінші санынан оқуға болады).

Шеберлік, әр жұмысшының технологияны жете білуі, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру, мүлтіксіз тәртіп бастама негізін құрайды. Мұнда әр адам үш және одан да көп мамандықты меңгерген, қайсыбір операцияны білікті орындай алады.

«Қаратау» өндірістік бірлестігінен Қ. Орынбаев басқаратын экскаваторшылар бригадасының тәжірибесінен өте көп нәрсені үйренуге болады. Осы коллектив республика еңбекшілерін бесжылдық тапсырмасын төрт жылда орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырды, және қазір оның тапсырмасын үш жарым жыл ішінде атқарып шығуға көмектесетіндей қарқынға жетті.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мақұлдаған Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігінің, Белогор кен-байыту комбинатының, Алматы төменгі вольтті аппаратура заводының, «Карагандауголь»

Digitized by Google



ДЕР КЕЗІНДЕ ЕМДЕЛУ ПАЙДАЛЫ

Маскүнемдікке — берік тосқауыл

Маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі бүкілхалықтық күресте медицина қызметкерлеріне көрнекі роль беріледі. Партия комитеттерінің басшылығымен түрлі ұйымдар өкілдерімен тығыз қатынаста олар партия мен үкіметтің осы мәселелер жөніндегі қаулысын жүзеге асыру жолында табандылықпен жұмыс істеп келеді.

Олар жарыққа шыққаннан кейін Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі жанынан жұмыс істейтін алкоголизм мен нашақорлыққа қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық совет жұмысы айтарлықтай күшейтілді, оның құрамына республиканың 19 министрлігінің, ведомствосының және қоғамдық ұйымының өкілдері енді. Олар осы қауіпті құбылыстардың алдын алу жөніндегі шаралар жоспарын талдап жасап, бекітті. Ол алкогольге қарсы ауқымды насихат жүргізуді, халықты салауаттылық рухында тәрбиелеуді, емдік көмек беруді жан-жақты жетілдіруді қамтиды.

Алокогольге қарсы насихат түбірімен қайта құрылуда. Қазір оған іс жүзінде барлық медицина мекемелері мен ұйымдарының қызметкерлері, Қызыл Крест Қоғамының активистері қатысады. Бір жарым жыл ішінде осы тақырыпқа арналған лекциялардың, әңгімелердің, пікірталастардың, кештердің саны екі есе көбейді. Дегенмен іс, әрине, олардың санында ғана емес қой. Енді насихаттың мейлінше нақты да тегеурінді жүргізілуі анағұрлым маңызды. Ол қазір халықтың түрлі топтарына — өндіріс қызметкерлеріне, жастарға, әйелдерге т.б. дәлірек арналады. Дәрігерлер тұрғындармен кездесуде жергілікті наркология диспансерлері мен ауруханаларының практикасынан алынған фактілерге сүйенеді.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы (бас дәрігері А. И. Кубракова), Қостанай облысы (А. С. Алимпиева), Павлодар облысы (Т. Б. Баймақанов) санитарлық ағарту үйлері осы жұмысты қыруар жақсартты. Қарағанды облыстық наркология диспансерінің бас дәрігері Е. А. Мельников, Шығыс Қазақстан облыстық наркология диспансерінің бас дәрігері Н. Н. Бурчаков, Жамбыл облыстық наркология диспансерінің бас дәрігері П. П. Вязова, Ақтөбе облыстық наркология диспансерінің бас дәрігері Р. А. Құрбанғалиев өздерін кінәратсыз өмір салтының жалынды жақтаушылары ретінде көрсете білді. Ақтөбе облыстық № 1 ауруханаңың дәрігерлері Ф. Т. Төреханова, С. И. Карачан және И. А. Резникова, Алматы облысы Кеген ауданының педиатр-дәрігері К. И. Исаділов, Өскеменнен сот-медицина сарапшысы А. Л. Пузанов және басқа көптеген адамдар бұл іске көп күш жұмсайды. Алайда өзірше медицина қызметкерлерінің бәрі бірдей ағарту мен адамдарды тәрбиелеудегі өз парыздарын шындап ұғынған жоқ. Мәселен, алкогольге қарсы насихатты өрістетуге немкетті қарағаны үшін Гурьев санитарлық ағарту үйі (бас дәрігері Н. П. Илиясова) республика Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан өткір сыналды. Оның қызметкерлерінің салауаттылық жолындағы күрес қоғамының облыстық ұйымымен тығыз байланысы болмады. Салауатты өмір салтын насихаттау жекелеген, өзара байланысы нашар шараларға сайды.

өндірістік бірлестігінің Калинин атындағы шахтасының және еңбек өнімділігін жоспардан тыс арттыру жөнінен қосымша социалистік міндеттеме қабылдаған басқа кәсіпорындардың коллективтерінің инициативасы еңбек коллективтерінде кеңінен қолдауды талап етеді. Адам факторын күшейту, жұмыс істеп тұрған негізгі өндірістік қорларды пайдалануды жақсарту, ғылыми-техникалық прогресті жетілдіру, шаруашылықты жүргізудің озық әдістерін енгізу жолымен осы коллективтер еңбек өнімділігін үстіміздегі жылдың өзінде жоспардан тыс 1,5—2 процент көбейтіп, қосымша өнім өндіру мен құрылыс-монтаж жұмыстарын атқаруды қамтамасыз етеді.

Әңгімеде **еңбек коллективінің жаңа бесжылдықта қалай жұмыс істей бастағаны, оның бүкіл халықтық социалистік жарысқа қалай қатысатынын жан-жақты талдау керек. Үлкен жоспардың табысты орындалуы бүгінде шешіліп жатқаны және әр жұмыс орнында шешіліп жатқаны туралы пікірді әр адамның сана-сезіміне жеткізу маңызды.**

Л. ПАК,
экономика ғылымының кандидаты.

Digitized by Google

Соңғы уақытта медицина қызметкерлері өз қарауына бірқатар құралдар алды. Олардың ішінде республикада шығарылған медицина ғылымының докторы, медицина қызметкерлерінің білімін жетілдіру институты кафедрасының меңгерушісі, профессор М. Х. Гонопольскийдің «Алкоголь — ерікті түрдегі есуастық», Алматы қалалық наркология диспансерінің дәрігері Е. М. Маркустің «Алкогольге қарсы насихат методикасы», профессор Р. Г. Илешованың, дәрігерлер Г. Р. Губәр мен И. В. Чижованың «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы зиянды әдеттердің алдын алу» еңбектері бар. «Қазахфильм» киностудиясында «Ортақ іс», «Есімде жоқ», «Айығу» деректі кинолентaлары жасалды. Осында аталған соңғы фильм Алматыда биылғы Бүкілодақтық кинофестивальде дипломға ие болды. Қазір республиканың кинопрокат ұйымдарында алкогольге қарсы тақырып бойынша барлығы 180 көркем, деректі және ғылыми-көпшілік фильм бар — бұл барлық форматтағы 7,5 мың көшірме.

Халыққа медициналық жәрдем беру жақсарып келеді. Қазір республиканың барлық облыс орталықтары мен ірі өнеркәсіпті қалаларында наркология диспансерлері мен ауруханалары жұмыс істейді. Жер-жерде наркология кабинеттері мен фельдшерлік пункттер құрылуда. Кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарының көпшілігінде наркология бөлімшелері мен постылары ашылды. Алкоголизммен сырқаттанушыларды емдеуге арналған төсек саны 1980 жылмен салыстырғанда екі еседей көбейді.

Өнеркәсіп орындары жанындағы наркология бөлімшелерінде стационарлық емдеу аса тиімді, онда алкоголизмге шалдыққандарды емдеумен қатар әлеуметтік және еңбек реаблитациясы жүзеге асырылуда. Бұл арада Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Семей облыстарында партия және совет органдарының, шаруашылық басшыларының зор қолдауы арқылы жүргізілген жұмысты айрықша атап көрсеткіміз келеді, оларда өнеркәсіп орындарында наркологиялық төсектердің 70 процентten астамы қойылды.

Сонда да бізде наркология қызметінің материалдық базасы әзірше әлсіз күйінде қалып келеді. Мәселен, Алматы облысының наркология диспансерінде әлі күнге дейін диспансерлік бөлімше құрылған жоқ. Осының салдарынан стационардан шыққан сырқаттарды диспансерлік қадағалау мен профилактикалық емдеу қамтамасыз етілмейді. Алматыда наркология диспансері бейімделмеген жекежеке сегіз үйде орналасқан. Көкшетау, Семей және Шымкент облыстарында нарколог-дәрігерлер әзірше шағын бөлмелерде жұмыс істейді. Мұнда үйлердің жоқтығынан кейбір құрылымдық бөлімшелер мен кабинеттер жұмыс істемейді, ал бұған жол беруге болмайды. Қызылорда, Гурьев, Солтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстарында тікелей кәсіпорындарда наркология бөлімшелерінің жүйесі өрістетілмеген. Мұндай бөлімшелер әзірше республиканың бірде-бір совхозы мен колхозында жоқ.

Республикада атын айтпай емделу барған сайын танымал бола түсуде. Онан медициналық көмек сұраған адам диспансерлік есепке қойылмайды. Олар өз фамилиясы мен жұмыс орнын атамай-ақ, яғни «маскүнем» деп аталудан үрейленбей-ақ емдеу курсынан өтеді. Барлық осындай басқа кабинеттерде атын айтпаушыларға медикоментоздар және психикалық-терапевтикалық емдеу жасалады, сондай-ақ рефлексті терапия жүргізіледі.

Сырқаттарды емдеу түрлері мен тәсілдерін жетілдіру жалғастырылуда. Мәселен, Жамбыл қаласында наркология диспансері жанынан республикада алғашқы облысаралық наркологиялық психотерапевтік орталық ашылды, оған жоғары категориялы дәрігер Ю. В. Лукьяненко жетекшілік етеді. Мұнда ұтымды психотерапия, гипноз, аутогендік жаттығу секілді психотерапевтік көмектің барлық түрі беріледі, сондай-ақ Украин ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері А. Р. Довженконың тәжірибесі бойынша стрестік психотерапия әдісі қолданылады. Орталық жұмысының тиімділігі жоғары және оның қызметін республиканың барлық облысы мен өліміз аймақтарынан келген сырқаттар пайдалана алады.

Соңғы айларда болған өзгерістер медицина мекемелеріндегі үлкен кемшіліктерді көлеңкелей алмайды және көлеңкелемеуге тиіс. Бүгінде алкогольге шалдыққандардың біразының анықталмай қалуы, демек олардың дер кезінде ем алмайтыны бізді өте-мөте алаңдатады. Осы жұмысты жолға қоюды жақсарту үшін медицина қызметкерлерінің әкімшілік органдарымен, еңбек коллективтерімен, әсіресе тұрғын үй-коммуналдық бөлімдермен, басқармалармен аса тығыз байланысы болуға тиіс, өйткені қазір спирттік ішімдіктерді тұтыну қыруар дәрежеде тұрмыс жүйесіне ауысты.

Digitized by Google

Сонымен бірге емдеу жұмысының сапасын жақсарту үшін әлі де көп нәрсе жасау керек. Осы мақсатпен министрлік пен оның жергілікті органдары дәрігерлер мен фельдшерлердің біліктілігінің өсуіне, олардың озық тәжірибені меңгеруіне бірінші кезекті мән береді. Олардың бәрі бірінші кезекте даярлықтан өтеді.

Алкогольге қарсы насихат мықтап жақсартуды қажетсінеді. Бертінде оның бірқатар қалалар мен аудандарда жолға қойылуын зерттеу көрсеткеніндей, онымен көбіне шағын коллективтер мен шалғай елді мекендер қамтылмайды. Ол тұрғылықты жер бойынша әлсіз жүргізіледі. Алкоголизмге шалдыққан адамдар бар семьяларда түсінік жұмысын жақсы жүргізіп, осы ауыр кеселден айығудың қажеттілігі мен парасатты мақсатын көрсету керек.

Журнал бетінен сырқаттар мен олардың туысқандарына тікелей сөз арнағымыз келеді. Бізде жұмыс істейтін наркологиялық көмек жүйесі қазіргі уақытта оны барлық сырқаттарға, соның ішінде атын айтпайтын адамдарға көрсетіледі. Егер сырқат одан арылуға саналы түрде ұмтылса, егер мұнда оған жақын адамдары белсенді түрде көмектессе, кеселді мейлінше табысты жеңіп шығуға болады. Ең бастысы мынада: сырқаттың да, оның төңірегіндегі адамдардың да дәрігерге мүмкіндігінше ертерек келуі керек, өйткені алкоголизмді алғашқы тұсында емдеу аса нәтижелі болады.

Алкоголизммен қатар қоғам үшін де, жекелеген адамдар үшін де есірткі мен токсикомания аса қауіпті. Қазір осы проблеманы ашық түрде талқылау бұл кеселдің қыруар таралуына жол бермейтін шараларды талдап жасауға көмектеседі. Ал тікелей былай деу керек: жекелеген адамдардың әлеуметтік жағынан толыспауы есірткі заттарды пайдаланудың басты себебі болып табылады. Сұраулар көрсеткеніндей, есірткі заттарын тұтына бастағандардың 90 процентке жуығы есірткі дегеніміз организмді бұзып, ауыр сырқаттарды өрбітетін, адамның өзін аздыратын аса уытты екенін білмейді. Әңгімелер өткізіп, лекция оқу барысында есірткі заттарды тұтынудың бүкіл залалын түсіндіру керек.

Қазір облыстық наркология диспансерлерінде есірткі құралдарын пайдаланатын адамдарды анықтап, есепке алатын, ұдайы диспансерлік бақылау жүргізіп, емдейтін дәрігерлер — психиаторлар мен наркологтар бөлінді. Есірткі мен токсикманияға шалдыққандар ерікті түрде емделуге тілек білдірген жағдайда олар үшін арнаулы палаталар ұйымдастырылған психиатрия және наркология мекемелеріне ешбір кедергісіз жатқызылады.

Дәрігерлердің маңызды міндеті — балалар мен жасөспірімдерге алкогольді, есірткілерді тұтынудың және шылым шегудің кеселді зардаптарын түсіндіру, демек мұны соншалықты сауатты, байсалды, еркін түрде жасау керек. Соңғы уақытта республикада жасөспірімдердің 18 наркология кабинеті ұйымдастырылды, олар мектептер мен орта кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары арасында маскүнемдік пен шылым шегуден сақтандыру жөніндегі жұмысты кеңінен жүргізеді, спирттік ішімдіктерге бейімдеу жасөспірімдерді анықтап, қадағалайды, қажетіне қарай емдейді.

Мәселен, Алматы қалалық наркология диспансері жанындағы жасөспірімдер кабинеті құнды тәжірибе жинақтады, оған дәрігер И. В. Чижова жетекшілік етеді. Оның қызметкерлері мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелерде лекцияларды, әңгімелерді, тақырыптық кештерді жүйелі ұйымдастырады, жайсыз семьялардағы балаларда болады. Олар өз қызметін оқу бөлімдерімен, кәмілетке толмағандардың істері жөніндегі инспекциялармен тығыз қатынаста жүргізеді. Алайда мұндай қатынастар барлық жерде бірдей жолға қойылмаған, ал олар өте-мөте керек-ақ. Бертінде жасөспірімдерге наркологиялық жәрдем беру мәселесі ведомствоаралық советтің мәжілісінде қаралды. Онда оқушылар мен студенттер арасында алкогольге қарсы тәрбиені күшейту жөніндегі нақты ұсыныстар қабылданды. Ал октябрьде осы проблема Орал қаласында өткен республикалық семинарда егжей-тегжейлі талқыланды. Бұл жұмыс әрбір педагогика және медицина мекемесі алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Мұның барысында алкогольдің, есірткінің залалын ғана емес, сондай-ақ салауатты өмір салтының тартымдылығын көрсету маңызды.

Партия маскүнемдік пен алкоголизмге қарсы күрес ымырасыз әрі бүкілхалықтық сипат ұстауға тиіс деп атап көрсетеді. Мұның өзі барлық медицина қызметкерлерін көп нәрсеге міндеттейді. Біздің парызымыз — осы әлеуметтік үлкен кеселдің алдын алуға және одан сақтандыруға барынша көңіл бөліп, бұл күрестің алдыңғы қатарында жүру.

Н. ЖИЛЬЦОВА,
Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі наркология және психиатрия бөлімінің бастығы.

Digitized by Google

Жарыс тағлымы мен серпіні

Чапаев атындағы колхозда орденді адамдарды, өндіріс озаттарын жатқа біледі. Олардың портреттері Мәдениет үйінің көрнекі жеріне ілінген. Міне, механизатор, Теректі аудандық комсомол комитетінің мүшесі Александр Нечепуренко. Ол биыл «К—700» тракторымен 1600 гектар сүдігер жыртты. Колхоз басқармасының үйі алдында оның құрметіне Еңбек даңқы жалауын көтерді, енді ол тегін жолдамамен Болгарияға барады.

Ал Октябрь революциясы, «Құрмет Белгісі» және Халықтар Достығы ордендерінің иегері, комбайншы Владимир Петрович Бондаренко өзінің оныншы класта оқитын ұлы Сергеймен бірге суретке түсірілген, Сергей қатарынан төртінші жыл егін жинайды. Өкінішке қарай, орақ—86-дағы екпінді жұмысы үшін аудандық комсомол комитетінің грамотасымен наградталған Орал ауыл шаруашылығы институтының төртінші курсында оқитын екінші ұлы Анатолий бұл кадрде болмай қалды. Дегенмен олар 25 мың центнер астық бастырғанда олардың үшеуін де егіс басында атап өтті.

Білім күні мектеп линейкасында жалау көтеру правосы Сергей Бондаренкоға берілді, онда 11 мың центнерден астам астық бастырған және колхозда бірінші орынға ие болған еңбек сабағының мұғалімі Г. Н. Емельянцевқа Орал облыстық партия комитетінің құттықтау хаты мен атақты комбайншы Ф. Г. Бошговенко атындағы жүлде салтанатты түрде тапсырылды. Макеевтердің, Зимоглядтердің, Сухаревтердің, Кимдердің, Осешнюктердің семьялық агрегаттарының мүшелері аталды.

Колхоз басқармасының председателі Б. И. Одинцов пен партия комитетінің секретары А. Б. Жұмағалиевтің мектеп пен шаруашылықтың тығыз достық одағы, туған селода қандай жақсы жеткіншектердің өсіп келе жатқаны туралы әңгімелерін еңбектеген бала мен еңкейген қартқа дейін зор ықыласпен тыңдады. Бесінші кластың балаларынан бастап оқушылардың бәрі жазда коллективті шаруашылықта ересектерге көмектесті. Олар ата-аналарымен бірге лениндік коммунистік сенбілікте ашық алаңда сквер жасауға қатысты. Мектеп бітірушілердің көпшілігі әкелері мен аналарының жолдарын қууда. Мәселен, енді Еркін Исмаилов, Александр Распутин, Ильяс Есімов трактормға отырды. Балзия Исмаилова, Александр Дудус және басқалар колхоз жолдамасымен жоғары оқу орындарында, техникумдарда, орта кәсіптік-техникалық училищеде оқиды.

Сондай-ақ колхоздың аудандық халық шаруашылығы көрмесіне қатысуы коллективтің табыстары үшін мақтаныш сезіміне тәрбиелеуге көмектеседі, онда олар егістік пен ферма өнімдерінің үлгілерін көрсетеді, әдемі безендірілген стендтерде өз жетістіктерін насихаттайды.

Шаруашылықтың жетістіктерін оның өткен тарихымен көрнекі салыстыруға болады. Колхоз 1930 жылы шағын артельдерден, соның ішінде сол кезге тән «Бедняк» және мүгедектер артельдерінен құрылғанын Мәдениет үйіндегі витраж бөлімдерінің бірі хабарлайды. Ал олардың қатарында — қазіргі наградалар: соңғы екі мал қыстатуды ойдағыдай өткізгені үшін алған КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің, ВЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамоталары, Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыстағы жеңісі үшін ауыспалы Қызыл тулармен наградталғаны туралы куәліктер. Колхоз жаңа бесжылдықты да жақсы бастады. Мемлекетке сүт сатудың жылдық жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Чапаевтықтар астық тапсыру жоспарын да ауданда бірінші болып аяқтады.

Дегенмен науқан аяқталды. Еңбек ырғағы өз ретімен толассыз жүріп жатыр. Оның жеделдету қарқынын үдетуі керек. КПСС Орталық Комитетінің Совет Одағы еңбекшілеріне арнаған Үндеуіне жауап ретінде чапаевтықтар Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін мемлекетке сүт сату жөнінен бесжылдықтың екі жылының жоспарын, ал 68 колхозшы жеке міндеттемелерін орындап шығуға ұйғарды. Алайда рейд бригадасының мүшелері көптеген стендтерден осы тамаша инициатива туралы мәліметтерді бекерге іздеген екен. Өкінішке қарай, ол қайсыбір деңгейде кеңінен жария етілмепті.

Digitized by Google

Техника жөндеудің жауапты кезеңі басталуда. Аудандық «Сельская новь» газетінде колхоздар мен совхоздар озаттарының ауыл шаруашылығы техникасын мерзімінен бұрын әрі жоғары сапада жөндеуге шақырған үндеуі жарияланды. Оның соңына Чапаев атындағы колхоздың слесары, белсенді рационализатор И. М. Никончуктың де қолы қойылған. Алайда біз үндеуді де, осы мәселе жөніндегі басқа көрнекі үгітті де не колхоз басқармасынан, не машина-трактор шеберханасынан ұшырата алмадық.

Дегенмен, баршаның көз алдында болып, күн сайын молыға түсуге тиісті аса қызықты информацияны тек колхоз председателі Б. И. Одинцовтан алдық. Істің мәні мынада: чапаевтықтар ауданда бірінші болып өндірістік шығындарды бақылаудың прогрестік лимит-чек жүйесін енгізуде.

Басқармада № 2 бригаданың жетекшісі К. К. Косаревпен, плантация меңгерушісі А. И. Попенковпен және машина-трактор шеберханасының меңгерушісі Н. В. Гребенецпен осы жайлы әңгімелестік.

— Бастапқыда Чапаев атындағы колхозымыздың делегациясы тәжірибе алмасу үшін Львов облысына барып қайтқаннан кейін чектік кітапша тұрғысынан біздің өзіміз де жүрексініп қалдық, — деп әңгімеледі Н. В. Гребенец. — Бізбен сабақты өткізсе де, шаруашылық есеп күндерінде шаруашылықты жүргізу нәтижелерін ай сайын талқыласақ та жүрексіндік. Енді бәрін өзің өтейсің. Бригада советімен бірлесіп, аз шығынмен өндірісті материалдармен және құрал-саймандармен қалай қамтамасыз етуге болатынын шешеміз. Адамдармен де жұмыс істеу керек.

Адамдардағы өзгерістер байқала бастағаны көрінді. Енді фермаларға берілетін сыпыртқылар мен шелектер біршама азайды. Құрал-саймандарға деген көзқарас өзгеруде.

Дегенмен қаншама проблемалар да туындады. Айталық, егер бұрын тракторшы түстен кейін ешбір қиналмастан табельге «сегіздік» белгісін қойса, енді бригадирлердің ешқайсының бұған барғысы келмейді. Сондықтан кейбір адамдармен қатынастардың нашарлағаны соншалық, олардың арасынан қара мысық өтіп кеткендей болды.

— Ал сіздерде үгітшілер адамдармен қалай жұмыс істейді? — деп сұрадық.

— Бригадада мұндай үгітшілер жоқ, — деп үн қатты бригадир К. К. Косарев. — Бізде жалғыз үгітші бар, ол — бухгалтер, бүкіл іс соның қолында. Міне, біз онымен бірлесіп барлық адамдарға бүкіл істі түсіндіреміз.

Бригадирлер ұқыпты бола түсті. Өздеріне ыңғайлы, ия, арзан нәрселерді: сапалы тақтайлардың орнына ағаш қиындыларын пайдаланады, жаңа двигательге заказ бермейді — ескілерін жөндейді. Сегіз ай ішіндегі колхоздың жаңа мәліметтерін саралап көрейік: жалақыдан 2280 сом, 22 текше метр ағаш материалы, 18 текше метр ұқсатылмаған ағаш және 2730 сомның ұсақ құрал-саймандары үнемделді.

Көрсеткіштер жақсы, егер қатардағы колхозшылар да жаңа жүйе туралы көбірек білсе, олар, әлбетте, әлі де жақсы болар еді.

Аудандық партия комитетінің секретары К. Н. Мырзағаринамен бірге сентябрьдегі бірыңғай саяси күнде ферманың қызыл мүйісінде бригада сауыншыларымен кездестік, ондағы жалпылама мазмұндағы ұрандар өте сапалы өнімді көп алуға, «Әр адам жұмысының жоғары сапасынан коллектив еңбегінің жоғары өнімділігіне жетейік!», «Әр жұмыс минутынан барынша қайтарым алайық» деп шақырады. Мұнда, өкінішке қарай, оған қалай жетуге болатындығы туралы нақты кеңестер жоқ. Содан болар, колхозшы әйелдердің жауаптары біршама селқостау болды. Сауыншы Ұлмекен Нұрмұханова былай деді:

— Үнемдеу керектігін білеміз, ал қалай және неден үнемдеуге болатынын елестете алмаймыз.

— Чектік кітапшаға байланысты жағдай жақсара түсті дейді. Ал бізге ол онша көрінбейді, — деп үн қатты бұзау өсіруші Надежда Логвина.

— Басшылар да чектік кітапшаның пайдасы туралы айтады, ал біз әзірше олай деп айта алмаймыз, — деп түсіндірді сауыншы Наталья Брюшко. Біз қыста малшылар күніне жиналамыз. Ал жазда малшылар тұрағына кеткеннен кейін жарыстың қалай өтіп жатқаны туралы мардымды ештеңе білмейміз. Көрсеткіштерді бір ай кешіктіріп іледі, ылғи цифрлар, олардың қандай екенін түсіндіретін ешкім жоқ. Міне, бізде электр энергиясы артық жұмсалыпты, ал оның неліктен екенін тағы да білмейміз.

Фермадағы жұмысшы әйелдер жасы, жұмыс тәжірибесі жағынан әркелкі, ал хабардарсыздығы бірдей деңгейде. Баяндама жасаған Б. И. Одинцовтың неден үнемдеу керектігін ұзақ түсіндіруіне тура келді, ал бірқатар мәселелер мәліметтердің шығарылуына

Digitized by Google

СЕМЬЯ ТАБЫСЫНЫҢ ӨСІМІ

КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы табысы аз көп балалы семьяларға көмек көрсету жөніндегі шараларды мақұлдағаны бертінде баспасөзде хабарланды. Осы көмектің қандай екенін түсіндірсеңіздер екен?

З. КӘРІМОВА,
Петропавл қаласы.

Совет мемлекеті табысы аз көп балалы семьялар туралы үнемі қамқорлық жасауда. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросы ата-анасының біреуі ғана тәрбиелейтін, үш және одан да көп баласы бар, табысы аз семьяларға қосымша көмек көрсетуді қажет деп тапты. СССР-дің Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі И. И. Гладкий бұл тұрғыдан қандай шаралар қарастырылғаны туралы әңгімелейді.

КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы келесі жылдан-ақ табысы аз семьяларға қосымша көмек көрсетуді қажет деп тапты. Келесі жылдан балаларға мектеп, спорт және пионер киімдері, сондай-ақ пионер лагерьлеріне жолдамалар, сабақ болатын күндері сәскелік ас тегін берілетін болады. Мұның 16 жасқа дейінгі барлық балаларға қатысы бар. Аналарды баласымен саноториге емделуге жіберу барысында да жолдамалар тегін беріледі.

Сонымен бірге семьясынан бөлек тұратын ата-ананың балаларының материалдық жағдайының қамтамасыз етілуі жөніндегі жауапкершілігін күшейту қарастырылды. Бұл қандай жағдайда болмасын одан әрбір балаға айына кемінде 20 сом мөлшерінде алимент ұсталады деген сөз. Мұның барысында жалақыдан ұсталатын алименттің тағайындалған үлесі (бір балаға ширек бөлігі, екеуіне — үштен бірі, үш және одан да көп балаға — жалақының тең жартысы) сақталады.

Халық соты жекелеген жағдайда, мәселен, табысы аз енбекке қабілетсіз мүгедектер үшін тағайындалған алименттің аз мөлшерін кемітуі мүмкін.

Халық депутаттары аудандық (қалалық) Советтерінің атқару комитеттерінде сөз болып отырған семьяларға алиментке қоса жергілікті бюджеттен қосымша қаржы төлеу правосы берілді. Бұл жағдайда алимент пен қосымша үстеменің жалпы сомасы әр балаға айына шамамен 20 сом құрайды.

Сөйтіп, ата-аналарының біреуі ғана бар көп балалы семьялардың материалдық жағдайы қыруар жақсарады, балалар туралы қамқорлықтың бір бөлігі балалар мекемелеріне, мектептерге, педагогтерге жүктеледі.

дейін қалдырылды. Осы жерде ұсыныстар түсе бастады.

— Шаруашылықта ненің қанша тұратынын көрсететін тізімді ілу керек.

— Кім неден үнемдейді?...

— Кім көп, кім аз үнемдейді?

Әрине, адамдардың кімнің кіммен жарысатынын, түрлі бригадалардағы қызметкерлердің табысқа қалай қол жеткізетінін білгілері келеді. Мұндай хабарларға арналған бланкілер де баршылық, бірақ олар сирек толтырылады. Өзара жарысушы колхозшылар тізімі кәсіподақ комитетінде, оның председателі Н. Ф. Назимовта жатыр. Ал рационализаторлардың суреттері мен олар қалпына келтірген бөлшектер үлгілері қойылған стенд көрнекі жерде емес, техника қауіпсіздігі жөніндегі инженердің шеберхана жанындағы кабинетінде тұр.

Шаруашылықта өте жақсы іс басталды. Ол әр адамның төл ісіне айналуы үшін күнделікті түсінік жұмысы, кең жариялылық, өз жолдастарын соңдарынан ілестіріп, олармен тәжірибе алмасатын, инициатива көрсететін адамдарды ынталандыра білу керек.

Рейд бригадасының материалын әзірлеген В. СУХОВА.

Орал облысы,
Теректі ауданы.

Digitized by Google

АТЕИСТЕР МЕКТЕБІ

Біздің Зырян қалалық партия ұйымымызда атеист кадрларын даярлаудың қалыптасқан жүйесінде атеистік жұмыс лекторлары мен үгітшілерінің екі жылдық мектебіне үлкен орын берілді. Ол марксизм-ленинизм университетінің ғылыми атеизм бөлімімен және атеистік білімдер халық университетімен бірге идеологиялық жұмыстың осы учаскесіне арналған білікті кадрлар даярлауымызға көмектеседі.

Мектеп программасы тыңдаушылардың барынша тиянақты теориялық және практикалық тұрғыдан даярлануын қарастырады. Оқу атеист-лекторлар мен үгітшілер, атеистік тәрбиені ұйымдастырушылар секциялары бойынша жүргізіледі. Барлығы 127 тыңдаушы оқиды.

Қалалық «Білім» қоғамы ұйымының жетекші лекторлары, марксизм-ленинизм университетінің түлектері сабақ өткізуге тартылады. Әдетте, сабақ әр айдың алғашқы сенбісінде өткізіледі.

Теориялық сипаттағы лекцияларды бірден барлық тыңдаушылар үшін оқиды, ал сосын секциялар бойынша сабақтар өткізіледі. Мәселен, «Атеистік тақырыпқа әңгімелер әзірлеу методикасы» Зырян қорғасын комбинаты партия комитетінің саяси оқу кабинетінің меңгерушісі Л. Мосина жетекшілік ететін үгітші-лекторлар секциясында егжей-тегжейлі оқылады.

Атеистік жұмысты ұйымдастырушылар партия ұйымдарының атеистік тәрбие жөніндегі міндеттері, атеистік жұмыстың күнделікті және перспективалық жоспарлары және басқа сол сияқты тақырыптарды оқып үйренеді.

Тыңдаушылар қаладағы және аудандағы діншілдік жайымен танысады, атеистік мазмұндағы лекциялар мен әңгімелерді әзірлеуді үйренеді, пікірталастар, сұрақ-жауап кештерін, конференциялар, және т.б. өткізудің методикасымен танысады. Мұның барысында олардың өздері осы материалдарды әзірлеп, өз көзқарастарын жақтау шеберлігін, адамдармен әңгімелесу дағдыларын қалыптастырады.

Қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары О. Малахова. «Заря Востока» газетінің редакторы М. Брюханов, орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Н. Ильина, қалалық партия комитетінің нұсқаушысы З. Галлиахметова мектеп жұмысына белсене қатысады. Марксизм-ленинизм университетінің түлектері мен тыңдаушылары В. Линк, В. Андрияненко, В. Колосова, С. Кузнецов үлкен көмек көрсетеді.

Жұмыс барысында атеист-дәрігерлер тобын бөлу қажеттілігі туды. Оны медицина училищесінің директоры, атеистік білім халықтық университетінің ректоры Ә. Молдақасымова басқарды. Әзиза Қазыбайқызы болашақ атеистер — медицина қызметкерлерін шебер бағыттап, консультация береді.

Г. КАЙГОРОДОВА,
Қазақстан Компартиясы Зырян қалалық партия комитетінің секретары.
Шығыс Қазақстан облысы.

Айлық жарияланды

Семей. «Құдайға деген сенім ұмытылды, бақытқа жету жолы ашық!» ұранымен атеистік тәрбие жөніндегі айлық Восход поселкесінің № 34 орта мектебінде ұйымдастырылды. Мектептің төменгі және орта кластарының балалары үшін «Сенімді және күмәнді нышандар», «Бақытсыз сан» деген дінге қарсы тақырыпта класс сағаттары мен әңгімелер өткізілді. Жоғары кластардың оқушылары «Ғылым және дін» конференциясын өткізуге белсене қатысты. Балалар газеттер шығарды, атеистік тақырыпта рефераттар жазды. «Жас атеист» газеті әсем көркемделіп, қызықты мазмұнмен шығарылды. Оқушылар Лена Исакова мен Вера Шишкареваның таңдаулы баяндамалары аталды.

Ауызша журнал

Қарағанды. Кривогуз көшесіндегі шахтерлер жатақханасында кеншілердің мәдениет сарайы ұйымдастырған «Медицина және дін» ауызша журналы өтті.

Digitized by Google

БЕТПЕ-БЕТ: ХАЛЫҚ ЖӘНЕ ДУШМАНДАР

БІЗДІҢ ӘҢГІМЕЛЕСУШІМІЗ — ДАМУШЫ ЕЛДЕР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӨНІНЕН МАМАН, ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ К. М. ЦАГОЛОВ.

— Сегіз жыл — тарихи тұрғыдан ұзақ мерзім емес қой. Дегенмен осы уақыт ішінде Ауғанстан Демократиялық Республикасында елеулі өзгерістер болды. Сіздің көзқарасыңызша бүгінгі күнде осы ел үшін не басты болып табылады?

— Апрель революциясы жасап, ішкі және сыртқы реакцияның барлық тіміскілеулеріне қарамастан дамып келеді. Демек АҚШ қана соңғы жылдары Ауғанстанға қарсы жарияланбаған соғысты қолдауға бір миллиардтан астам доллар жұмсады.

Империалистік басқа мемлекеттер де, соның ішінде Жапония, Германия Федерациялық Республикасы, Англия, Сауд Аравиясы қалысар емес. Олар жыл сайын душман бандаларына 1,2 миллиард долларға дейін бөледі. 50 мыңға дейін ауған контрреволюционерлері Пакистан мен Иран территорияларында жұмыс істейтін жаттығу лагерьлерінде жыл сайын әскери даярлықтан өтеді.

Сонда да, жаулар революциялық республикаға келтірген орасан зор залалға қарамастан, дамудағы төтенше қиындықтарға қарамастан Ауғанстанда өнеркәсіп өсіп келеді, жер-су реформасы жалғасуда, бала бақшалар, мектептер, институттар жұмыс істейді. Осының бәрі ел бюджетінің әрбір екінші афганиі, матаның әрбір екінші метрі, әрбір екінші жұқанан революция солдаттарына арналып, оның жеңісін қорғауға жұмсалып жатқанына қарамастан осылай болып отыр.

Менің Ауғанстан Демократиялық Республикасында біраз жыл жұмыс істеуіме тура келді, және онда болып жатқан ауқымды өзгерістер туралы жеткілікті хабардарлықпен бейнелей аламын. Набары сегіз жыл бұрын осы елде феодалдық қатынастар үстемдік етті, олар рулық-тайпалық діни қатынастармен тығыз түрде астасып жатты. Ғасырлар бойы жинақталып, нығайтылғанның, қолпашталғанның бәрі қазір түбірінен күйретілуде.

Біріншіден, революцияның тиым салғаны — кедейлер семьяларының ғасырлар бойғы қарызы. Он бір миллионнан астам адам хандарға, феодалдарға кіріптарлық қарыздарынан құтылды. Осы қарыздардан құтылу жағдайының жоқтығынан және мүмкін еместігінен олар ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға ауысып отырды.

Екіншісі — жер. Ауғанстан халқының басым көпшілігін құрайтын шаруалар ғасырлар бойы жер туралы армандады. Революция оларға жерді ғана емес, сондай-ақ суды да берді, бұл елде сусыз жердің ешқандай мағынасы жоқ.

Дуканшілер республиканың қоғамдық және экономикалық өмірінде өте маңызды орын алады. Біз дуканды көбіне сауда орыны, дүкен ретінде қабылдаймыз. Сонымен бірге Ауғанстан үшін бұл — анағұрлым күрделі құбылыс. Мұнда сауда жасайды, жаңалықтарды алмасады, семьядан мемлекеттік істерге дейін барлық оқиғаларды талқылайды. Дукандарда іс жүзінде қоғамдық пікір қалыптасады. Революция дуканшының еңбегі мен тұрмысы үшін қолайлы жағдай жасады. Бұл, әсіресе душмандардың бандиттік қимыл-әрекеттері салдарынан провинциялар арасындағы сауда-экономикалық байланыс ауырлай түскен кезде принципті тұрғыдан маңызды. Сонда да революциядан кейінгі жылдарда товар тасымалының көлемі он еседей өсті. Ал мұның өзі дуканшілер өз тарапынан халықтық өкіметті қолдап отырғанын әңгімелейді.

— Ауғанстан халқының түрлі жіктерінде діннің зор ықпалы болуы тарихи тұрғыдан қалыптасқан ғой. Революциялық республиканың исламмен өзара қатынасы қандай?

— Бұл оңай сұрақ емес. Ауғанстан Демократиялық Республикасында исламның ықпалы өте-мөте зор. Мұсылмандар салты, дәстүрі, ғұрыптар жүйесі ғасырлар бойы ауғандардың санасезіміне күн сайын, сағат сайын ықпал

Digitized by Google

жасап келді, оның үстіне революцияға дейін елдің бүкіл халқы дерлік сауатсыз еді. Ауған үшін молда бәрін — ол үшін мұғалімді, дін қызметшісін, судьяны бейнелейді. Бүгінде де діни қызметшілер Ауғанстанда әлеуметтік елеулі жікті бейнелейді. Ол саны жағынан ғана емес, сондай-ақ адамдардың ақыл-ойына, мінез-құлқына, көңілкүйіне ықпал жасау күшіне қарай елеулі болып отыр. Нақ исламның революция мен контрреволюцияның қақтығысы айрықша өткір көрінген жануышқа айналғанына таңдануға болмайды.

Ауғанстанда және онан тысқары жерлерде исламды «қорғау» жалауы астында 70-ке жуық контрреволюциялық ұйым мен ағым қимыл жасайды. Пакистанға кеткен қайдағы бір Хикматияр Гульбеддин олардың арасында лидер роліне үміттенуде. Ол өткенде реакцияшыл «мұсылан бауырластар» ұйымымен тығыз байланысты ірі жер иеленуші еді. Хикматияр Ауғанстанның Ислам партиясын басқарады. Ал ол душман бандаларының көпшілігіне бақылау жасап, Құрама Штаттардан финанс және әскери көмек алады. Осы партия түрлі тілдерде, соның ішінде пушту, дари және тіпті орыс тілдерінде өзінің баспа басылымдарын шығарады. Олар Ауғанстаннан тыс жерлерде басылады. Бұл — Германия Федерациялық Республикасында басылатын «Наным үшін өлім», «Қасиетті соғыс» және «Топтасу» (Англия), «Бұлт», «Азап шегуші», «Құрбандар үні», «Шындық жолы» (Пакистан)... газеттері.

Душман ұйымдары наным үшін қандай бір асқақ әуенді ұрандарды жариялағанымен олардың бәрі үшін ислам — нақты саяси мақсаттарға жетуге арналған құрал ғана, ал олардың лидерлері өкімет үшін саяси күресте осындай мақсаттарды қояды.

Барлық бейнедегі контрреволюционерлер Құранға үнемі сілтеме жасайды. Олар қасиетті жазуларды оқи отырып, тіпті ешбір кінәсіз адамдарды өлтіреді. Душмандар белсенді түрде пайдаланатын басты уағыздардың бірі — «Ия, дінге сенбейтін халыққа қырғын келсін». Сонымен бірге революциялық үкімет діндар ауғандықтарға ой-пікір мен өмірдің дәстүрлі емес салтын күшпен таңу әрекеттерімен айыпталады. Душмандар «Қасиетті джихадты» — наным үшін күресті бастауға шақырады.

Дегенмен контрреволюционерлер мәлімдемесінің қаншалықты негізсіз және екіжүзді екенін ұғыну үшін Негізгі принциптерді — республика конституциясын қараған жөн. «Ауғанстан Демократиялық Республикасында қасиетті ислам дінін сыйлап, қорғау қамтамасыз етіледі, — делінген конституцияда — Мемлекет дін басшылары мен улемдердің парызы мен міндеттерін орындауында олардың патриоттық қызметіне жәрдем беріп, ықпал жасайтын болады». Ауғанстан Демократиялық Республикасының үкіметі діни қызметшілердің өмір жағдайын жақсартып, душмандар қиратқан мешіттер мен мазарларды қалпына келтіруге қыруар қаражат бөлді. Ауғанстан үкіметінің шешімі бойынша құран араб тілінен пушту және дари тілдеріне аударылды.

«Наным» үшін жалған «күрескерлер» өздерін басқаша ұстайды. Олар да прогрестік пиғылдағы діни қызметшілерге қарсы құрал біреу — террор. Душмандар елдің жүзден астам көрнекті діни қайраткерлерін өлтірді. Олардың құрбандары арасында Кабул мешітінің имамы Итифак, моуллава Насрулла Гейдари, шейх-али Хусейн Наток бар. Исламды «қорғаушылар» шаруалардың егістіктерін құртады, малдарын өлтіреді, мектептер мен дукандарды қиратады. Және осының бәрін алла атынан жасайды. Дегенмен олар дінді қорғауда ма? Осындай «күрескерлердің» бірі Абдул Джали сотта былай деп мойындады: «Ауғанстан Халық-демократиялық партиясы активисін өлтіргенім үшін маған он мың афгани төледі. Дегенмен егер оның басын кесіп әкелсем, — 50 мың афгани алдым». Келесі бандит, революцияға дейін үлкен жолды торумен айналысқан Саид Хусейн де сотта ашығынан жарылуда. «Біз ақылды бола бастадық, — деді ол. — Біз дінсіздерді ашықтан-ашық кескілеп, жазалауды доғардық. Ал бұл үшін ислам комитеттері жанынан әділет соттарын құрдық». Осы соттар шешімі қалай орындалады? Кандагардың көгілдір аймағында, мәселен, бандиттер Ауғанстан қарулы күштері әскери патрулінің кейпінде Ауғанстан Халық-демократиялық партиясының алты активисін өлтірді. Ал советтік әскери форманы киген душмандар Чайдубалучи ауданында елу алты бейбіт тұрғынды атып тастады...

«Байлыққа құштарлық сезіммен құмартуға болмайды», — деп оқиды контрреволюционерлер Құраннан. Шариғат нормаларына сілтеме жасап, олар помещиктер мен шаруаларды, фабриканттар мен жұмысшыларды, жалдаушылар мен жалданып жұмыс істеушілерді бір-біріне қарсы шығудың

Digitized by Google

орнына сіздер бейбіт әрі келісімді өмір сүріңіздер, ал кірісті әділетті түрде бөлуге тиістісіздер деп шақырады. Дегенмен жоғарыда аталған Хикматиярдың өз кірісінің бөлмаша бөлігінен қайсыбір диқанның пайдасына бас тартуы мүмкін бе!? Оның және ондай басқа адамдардың да қолында әрқашан Құран, онда былай деп жазылған: «Біз біреулеріңе екіншілеріңнен артықшылық бердік, олардың бірі басқаларды өзіне қызметке алу үшін бірін екіншісінен жоғары көтердік». Осы аяттарда (қағидаларда) әлеуметтік теңсіздік қана емес, сондай-ақ адамның адамды қанау заңдылығы мойындалады. Құранда орын алған қарама-қайшылықты пайымдаулар — контрреволюционерлер үшін олардың әлеуметтік жел сөзінде өте жақсы көмекші. Оның үстіне қарапайым ауғандықтарды айтпағанның өзінде, діни қызметшілердің біршама шағын бөлігі жекелеген аяттардың мағынасын дұрыс пайымдай алады.

Әйтсе де мұсылманның Құранды оқи білуіне немесе білмеуіне қарамастан оны үйде сақтау міндетті болып есептеледі. Құран діндардың үйін бақытсыздықтан, жат көзден, жын-шайтаннан қорғайды деген ырым бар. Құран тек «дінді қорғаушылардан» қорғай алатын емес. Бір жігіттің. Ауғанстан қарулы күштері офицерінің анасы маған былай деп әңгімеледі: «Рамаданның екінші күні еді. Күндізгі сағат екіде винтовка ұстаған үш адам үйіме келді. Олар күйеуімнен ұлың қайда деп сұрады. Ұлымның армия офицері болуына жол бергенім үшін мені өлтіремін деп қорқытты. Сосын күйеуімнің басындағы сәлдесін жұлып, ілмек жасап, оны асып өлтірді. Сонда мен қасиетті құранды жұлып алып, жалбарынып, кісі өлтірушілерге ұсындым. Бірақ бандиттер қасиетті кітапты лақтырып тастап, мені винтовканың дүмімен ұра бастады.

Душмандар ауған халқының түрлі жіктерінің көз алдында өздерін барған сайын көбірек әшкерелеуде.

— Демек халықтың, бұқараның революцияны қолдауы ұдайы өсіп отырғанда қантөгісті күрес неліктен тоқтатылмайды?

— Контрреволюцияда өмірін ұзарту үміті азайған сайын оның қимыл әрекеттері солғұрлым азғындауда, ол солғұрлым үрейге барынша үміт артуда.

Үрей — қансыраған жау қолданатын құрал. Дегенмен жау бұрынғысынша зұлым әрі қауіпті.

Мынадай оқиға есіме түседі. Душмандар жаралаған ауған баласын бірде советтік госпитальге әкелді. Біздің дәрігерлеріміз оның өмірін құтқару үшін мүмкін болғанның бәрін жасады. Бала кейін де ұзақ уақыт госпиталь жанында болды. Ол қайтадан күлімсіреп, біздің солдаттарымызға үйір болды, олармен бірге асханаға, киноға барды. Дегенмен киноға барғанда — экранда душмандардың бейнесі пайда болғанда баланың үрейі ұша айғайлап, жасырынатынын, орындықтардың астына енетінін, залдан кетіп қалатынын көру ауыр еді. Оның психикасы үрейден бүкіл өмір бойына зақымдалған болып шықты. Ауғандарға қарсы бандиттер террорының салдары осындай.

Елде адам қанының төгілуі жалғасуда, өйткені Америка Құрама Штаттары, Германия Федерациялық Республикасы және басқа империалистік мемлекеттер душмандарды көл-көсір қаржыландырып, қару-жарақпен жабдықтауда, оларға моральдық қолдау жасауда. Соғыстың жалғасуына империалистік насихат орталықтары да, дін басшылығының реакцияшыл бөлігі де айтарлықтай дәрежеде кінәлі. Өйткені, мәлім болғанындай, бандалар мүшелерінің арасында алданған, жолдан тайдырылған адамдар көп. Душмандық осы бүкіл тобырлардың ашқарақтығы да, адал еңбекпен емес, винтовкамен, қанжармен, гранатамен... жақсы табыс табу мүмкіндігі де өз ролін атқаруда.

Дегенмен соғыс, революцияны қорғау бүгінде Ауғанстанда бірден-бір ақиқат емес. Егер Кабулден Джелалабад жолымен жүріп келе жатсаңыз, Кабильбай қыстауы түбінен бұрынғы дуканның үйінділерін көруге болады. Оны душмандар қиратты. Бірде оның жанынан өтіп бара жатып, машинаны тоқтатып, үйден қалған бөлмелерге ендім. Үйінділер арасында жерде балалар отыр екен. Сау қалған, ақталған қабырғаға олар көмірмен әріптерді, сөздерді жазып жатты. Олар оқуда. Балалар жолда душман оқтарынан мерт болатынына қарамастан күн сайын осында, өз мектебіне келеді. Міне, бұл білімге деген құштарлық ұмтылыс енді менің көзқарасымша, бүкіл елге тән. Ол апрель революциясының өзінің табиғатына тән, ол білімді, ақиқатты жасырмайды, оларды адамдарға ұсынады, олар үшін күреседі.

Әңгімені жүргізген
Т. ГАЧОС.

✦✦✦✦✦✦✦✦

Digitized by Google

«КОНТАДОР ТОБЫ»

Ол өз атауын Панаманың Контадор аралынан алды, онда 1983 жылы январьдың басында Венесуэла, Колумбия, Мексика және Панама сыртқы істер министрлерінің кеңесінде Орталық Америкадағы жағдайды келіссөз жолымен бейбіт реттеуге ықпал жасауға арналған ұйымды құру ұйғарылған еді.

Осы мақсатпен топ елдерінің дипломатиялық өкілдері орталық латин американдық елдердің бәрімен — Никарагуамен, Гватемаламен, Гондураспен, Коста-Рикамен және Сальвадормен байланысты тұрақты жүзеге асырады. 1983 жылы сентябрьде «Мақсаттар туралы документ» қабылданды, оның негізінде көптеген күш-жігер жұмсағаннан кейін «Контадорлар», ұйымды әлі осылай атайды, көп жақты шарт жобасын — «Орталық Америкадағы бейбітшілік пен ынтымақтастық актісін» талдап жасады, осы жоба 1984 жылы сентябрьде субаймақ елдері үкіметтерінің қарауына ұсынылды. Никарагуаның революциялық үкіметі оған дереу қол қоюға өзінің әзір екенін мәлімдеді. Алайда Құрама Штаттардың күш-жігер жұмсауымен «Бейбітшілік актісін» қабылдау тоқыратылып тасталды. АҚШ-тың кінәсінен Орталық Америкадағы жағдайдың өрши түскеніне қарамастан, оған әлі күнге дейін қол қойылған жоқ.

А. ПЕТРОВ.

НОМЕРДЕ:

Мемлекет қоймасына. Қазақстан астық дайындау жоспарын орындады 1

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

А. Төкішев. Масылдыққа жол жоқ. 3

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Г. Тимофеенко. Вахта жағдайында 5
С. Тышканбаев. Адамдарды топтастыруда 7
А. Клюев. Ал творчестволық қатынас қайда? 9
Т. Омарбеков. Биік талап тұрғысынан. 12

АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС.

Е. Құрашев. Басты қам-қаракетіміз. 14

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. Нұржанов. Энергетика потенциалын үдетейік. 17
Л. Пак. Жоғары еңбек өнімділігіне жетейік. 19

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н. Жильцова. Дер кезінде емделу пайдалы. 22

РЕЙД ӨТУДЕ

В. Сухова. Жарыс тағлымы мен серпіні. 25

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т. Гачос. Бетпе-бет: халық және душмандар. 29

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі». № 22, 1986 жыл.

БІЗДІҢ АДРЕС: 480044, Алматы, М. Горький көшесі, № 50 үй. Телефондар: 33-80-03, 33-80-07, 33-80-56, 33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Ә. А. БАЙҒАБЫЛОВ, Н. Ж. ДӘНЕНОВ, Ғ. С. ҚАРАТАЕВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, В. В. МАХИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Техникалық редактор С. Қасымов.
Корректор Б. Жүрсімәмбетова.


Сдано в набор 15.10.86. г. Подписано к печати 31.10.86 г. УГ01472. Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,5 Кр. отт. 3,8 Тираж 66573 (каз. изд. 33188 экз. рус. изд. 33385 экз.) Заказ 127 Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН



КӨКШЕТАУ облысы. Орақ-86 күндерінде жаңа егіннің астығы тиелген машиналар легі Шучье элеваторына қарай толассыз жүйткіді. Мұнда алғашқы астық тиелген «Қызыл керуенді» салтанатты жағдайда қарсы алды.

Суретті түсірген С. МАҒЗҰМОВ. (ҚазТАГ).



ШЫМКЕНТ. «Чимкентшина» өндірістік бірлестігі — шиналардың көптеген түрлерін, соның ішінде «Дон» комбайнына арналған аса ірі шиналарды шығаруды игеруші жаңа кәсіпорын.

СУРЕТТЕ: дайын өнімді топтау учаскесі.



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ. Оның есімі самбо әуесқойларына алғаш 1976 жылы мәлім болды, сол жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының студенті Алмас Мұсабеков селолық спортшылар арасындағы еліміз бірінші лигінде екінші орын алды. Бес жылғы тиянақты жаттығулардан кейін ол еліміз чемпионы болды. 1984 жылы Алмас инженер дипломын алды және Венесуэладағы жарыстарда әлем кубогына ие болды. 1986 жылы жамбылдықтар өз жерлесін жаңа атағымен — самбо жөнінен Европа чемпионы атағымен қарсы алды.

СУРЕТТЕ: А. МҰСАБЕКОВ.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139


РЕСПУБЛИКА МАЛШЫЛАРЫ! БАРЛЫҚ РЕЗЕРВТІ, БҮКІЛ КҮШТІ АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫН ОРЫНДАУҒА ЖҰМЫЛДЫРАЙЫҚ!



Қазақстан ағітшісі

23
1986

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ



Алматы облысы. Түрген жөндеу-механика заводында жыл сайын колхоздар мен совхоздардың бір мыңнан астам жеңіл автомашиналары жөнделіп шығады.

Заводта коммунист Лев Леонтьевич Калиновскийдің бригадасы жоғары өнімді, ұқыпты жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Осы коллективтегі 17 қызметкердің бәрі — білікті мамандар.

Суретте: Лев Леонтьевич Калиновский (оң жақта) мен жаңа техника бөлімі цехының токарі, өндіріс ардагері Иоганс Адамович Киснер.

Суретті түсірген
В. ХОЛОШНЮК
(ҚазТАГ)

Digitized by Google

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан үгітшісі 23

1986 ДЕКАБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС XXVII СЪЕЗІ ШЕШІМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЙЫҚ!

1931 жылдан бері шығып келеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», № 23, 1986 жыл.

НОМЕРДЕ:

Советтік ұсыныстар — бейбітшіліктің сенімді жолы. . . .2

ҮГІТШІНІҢ БЕСЖЫЛДЫҚҚА ҚОСАР ҮЛЕСІ

В. Азовский. Жарыстың түпкі мақсаты. 3

ЖАЛПЫ САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР

Н. Байғабылов. Таптық шыңдалу мектебі. 5

ТӘЖІРИБЕ, БАСТАМА

Е. Мұстафин. Таңдаулы үгіт поезы. 8
В. Парамонов. Әр адам туралы қамқорлық. 11
Т. Тимофеева. Шешуші учаскелерде. 14
Х. Таңжарықов. Озық заводтағы семинар. 15
Техниканы өзірлік сапына қояйық. 16
Мал шаруашылығы қызметкерлері арасындағы лекциялардың, әңгімелердің және саяси хабарлардың үлгі тақырыбы. 18

ЭКОНОМИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б. Жұмашев. Аттестациялау — жеделдету кілті. 19

СҰРАҚҚА ЖАУАП

Ю. Подосепов. Көше аттарын кім қояды?. 23

ҮГІТШІЛЕРДІҢ КІТАП СӨРЕСІНЕ

Б. Қазиев. Оқырмандар қауымына арналған. 24

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ МОРАЛЬ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А. Прохоров. Коллектив еркімен. 26
М. Байжанов. Нашақорлыққа қарсы, адам үшін күрес. 27

БЕСЖЫЛДЫҚ КАРТАСЫНДА

Т. Гройсер. Волга өзеніне арналған «болат арна». 29

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

В. Вольский. Өткендегі арнада. 30

Digitized by Google

СОВЕТТІК ҰСЫНЫСТАР – БЕЙБІТШІЛІКТІҢ СЕНІМДІ ЖОЛЫ

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев пен АҚШ президенті Р. Рейганның Рейкьявиктегі кездесуінен кейін екі айдай уақыт өтті.

Планета халықтары кездесуге үлкен үміт артты. Алайда американ жағы космосты милитарландыру жоспарын табандылықпен жақтап, ірі тарихи шешімдерді қабылдауға жол бермеді.

Рейкьявиктегі кездесу, КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің осы оқиғаны талдауға арналған баспасөз конференциясында және совет телевизиясы арқылы сөйлеген сөздері дүние жүзінде зор үндестік тудырды.

Прогрессіл адамзат, көптеген елдердің парасатты саясатшылары қарусыздану жолын ашатын советтік позицияны қолдап, АҚШ-тың ғаламдық үмітін айыптауда.

В. ЯРУЗЕЛЬСКИЙ, Поляк біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, Польша Халық Республикасы Мемлекеттік советінің председателі:

— КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев Рейкьявикте ұсынған Совет елінің батыл ұсыныстары жанталаса қаруланууды шектеу және сындарлы ядролық қарусыздануға ауысу туралы келісімдерге жетуге бағытталған.

Рейкьявиктегі кездесу заманымыздың негізгі мәселесі — тайталас немесе бейбіт қатар өмір сүру мәселесін күн тәртібіне ұсынды. Американ әкімшілігі әскери өнеркәсіп комплексінің талабына ығысты. Осы елде саяси тұрғыдан пайымдауда бұрынғысынша реализм жоқ, дүниежүзілік үстемдіктің ғаламдық елесі туындауда. Қазір олардың қолын қостмостағы үстемдік туралы арманмен шырмауда. Алайда Совет Одағының, бүкіл социалистік достық одақтың бейбіт шабуылы жалғасып келеді.

ЧЫОНГ ТИНЬ, Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бас секретары, Вьетнам Социалистік Республикасы Мемлекеттік советінің Председателі:

— Вьетнам Коммунистік партиясы мен Вьетнам мемлекеті, вьетнам халқы СССР-дің принципті позициясы мен ізгі ниетін толығынан қолдайды. Біз американ әкімшілігін реалистік көзқарас көрсетуге шақырамыз, онда адамзаттың өмірлік маңызды проблемаларын шешу, қарусыздану туралы келіссөздерде нақты нәтижелерге жету мақсатымен диалогты жалғастыру жүзеге асырылар еді, мұның өзі бүкіл дүние жүзі халықтарының арман-үмітіне жауап береді.

Г. ХОЛЛ, АҚШ Коммунистік партиясының Бас секретары:

— Ақ үй Рейкьявиктегі өз позициясын ақтау әрекетінде бүкпесіз жала мен екіжүзділікке дейін барады. Исландиядағы кездесу АҚШ-тағы қазіргі сайлау науқанының басты мәселелерінің біріне айналғандықтан, Рейган өзінің сайлау қарсаңындағы сөйлеген сөздерінде Рейкьявиктегі оңды жетістіктер туралы көп айтады. Егер оны тыңдар болсақ, онда ол ғаламат ұсыныстар жасау үшін Исландияға аттанған болып шығады.

Қазіргі міндет мынада: кездесу туралы шындықты айту. «Жұлдызды соғыс» программасы қайдағы бір космостық «шатыр» жасауға емес, ғалымдар осылай дегенімен бұл мүмкін емес, ядролық қару-жарақтың жаңа жүйесін талдап жасап, оларды космосты орналастыруға арналғанын американдықтарға көрсету керек.

М. КОИВИСТО, Финляндия республикасының президенті:

— Елеулі түрде ілгері басушылыққа қарамастан Рейкьявикте — басты мәселеде — қару-жарақты шектеуде өзара ұғынушылыққа қол жетпеді. Ядролық қару-жарақты көптен қысқартуға, қосымша жанталаса қаруланудың космос кеңістігіне таралуына жол бермеу туралы келісімге қол жеткізу керек еді. Бұл мәселелер соншалықты маңызды, сондықтан келіссөзді жалғастыра беру керек.

Р. ГАНДИ, Индияның премьер-министрі:

— Біз ядролық қарулары бар барлық мемлекеттердің қатысуымен ядролық сынауларға дереу бүкіл дүние жүзілік мораторий енгізуге шақырамыз. АҚШ-тың «стратегиялық қорғаныс инициативасы» деп аталатынның ауқымында сынаулар жүргізудің ядролық апатқа соқтыруы мүмкін.

П. де КУЭЛЬЯР, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас секретары:

— Стратегиялық қорғаныс инициативасы ядролық жанталаса қаруланууды жеделдетуге бастауы мүмкін. Совет-американ диалогы жалғастырылады деп кәміл сенемін.

Р. КАРАМЕ. Ливанның премьер-министрі:

— «Жұлдызды соғыстар» программасы — қауіпті. Оның қауіптілігі мынада: ол бір жақтан екінші жақтан басымдылыққа жетуіне бағытталған.

(Орталық баспасөз материалдары бойынша әзірленді).

Digitized by Google

ЖАРЫСТЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ

В. АЗОВСКИЙ,

В. И. Ленин атындағы Гурьев мұнай өңдеу заводы № 2 цехының аға операторы, үгітші

Мен бірнеше жылдан бері социалистік жарысты қорытындылау жөніндегі заводтық комиссия құрамына енемін. Звеноның жетекшісі әрі үгітші ретінде осы қоғамдық жұмыс маған үлкен көмек береді. Кәсіпорындағы істің жайын білетіндіктен адамдармен әңгімелерде озаттардың табысқа ненің есебінен жеткенін, артта қалушылардың сәтсіздіктері неде екенін білікті түрде түсіндіре аласың.

Дегенмен біраз уақыттан бері сұрақтарға жауап беру барған сайын қиындай түскенін байқай бастадым. Бізде жарыс тым көп сатылы бола түсті, жаңа келген адамдарды былай қойғанда тәжірибелі жұмысшының талдауы қиындау соғатын ондаған көрсеткіштер, түрлі коэффициенттер пайда болды. Иә, комиссиямыздың мүшелері әзіл-қалжың ретінде қорытындыны шығару барысында электронды есептеу машинасын пайдалану қажеттігі туралы айта бастады.

КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің он екінші бесжылдық тапсырмасын табысты орындау жолындағы социалистік жарысты өрістету туралы қаулысы осының бәрін ажыратуымызға көмектесті, онда міндеттемені қалыптастыруда формальды-бюрократтық қатынасты батыл жою, жарыс көрсеткіштерінің санын қысқарту міндетін қойды. Олар бесжылдық алға қойған міндеттерге сәйкес болып, жарысушыларға қойылатын талаптың салыстырылуын және бірлігін қамтамасыз етуге тиіс.

Партияның осы нұсқауы біз үшін социалистік жарысты ұйымдастыруда түйінге айналды. Завод коммунистері, идеология активі қаулыны іскер талқылады. Еңбек коллективтерінің бәрінде КПСС Орталық Комитетінің Совет Одағы еңбекшілеріне арнаған Үндеуін талқылау өтті.

Біз еңбек бәсекесін ұйымдастыруды түбегейлі қайта құрдық. Енді ол бізде жалғыз мақсатқа — жоспарлы көрсеткіштерді орындауға бағындырылды. Бүгінде өнім сапасы, өнімді шартты түрде беру тәртібі секілді ұғымдар әр цехтың, әр бригаданың іс-әрекетінің ауқымын анағұрлым жақсы анықтайды.

Қазіргі уақытта заводтың озық коллективтерінің бесжылдықтың екі жылының жоспарын Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына дейін орындау инициативасы нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталды. Біздің бригадамызда осы бастаманы бірауыздан қолдады. Дегенмен жоғары межелерге шамамыз көміл жететіндіктен жолдастарымды асықтырып, бір кезде орын алғандағыдай, осы шешімдерге ұмтылдырғаным жоқ. Жігіттердің өз мүмкіншіліктерін өздері мұқият салмақтауын қаладым. Мұның барысында көп нәрсе социалистік жарысты ұйымдастырушы — үгітші ретінде маған да тәуелді екенін ұғындым.

Жарысты қайта құру жөніндегі ауыр жұмыста жарыстас бәсекелестерімді өзіме одақтас етіп алуға ұйғардым. Цехымыздың көршілес № 1 цехпен жарысатынын бригадамызда бәрі де білетін сияқты еді. Демек бар болғаны — ол жайлы білді. Жарыстың бұрынғы жағдайында бәсекелестерге деген ықылас болмады. Ал енді тиянақты қатынас керек. Көптеген жылдарын заводқа арнаған өз құрбыласым, № 1 цехтың аға мастері, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері В. А. Макаровпен бірге бригадаларымыздағы істің жайын талдадық. Бізде еңбек жағдайында да, алда тұрған міндеттерде де ортақ нәселер көп екен. Ал ең бастысы — тәжірибелі жұмысшылармен қатар жастар көп. Бригадамызда слесарь Айтқали Қарымсақов, машинистер Евгений Феклистов, Николай Гусуков, Гүлжан Қадырова жұмыс ырғағына енді ғана енуде. Василий Анатольевичтің бригадасында жұмыс стаждары осындай Құсайын Орынбасаров, Ермек Дәулеткереев, Рысбай Ермешевтер бар.

Digitized by Google

Жарыс жариялылығымен, шаруашылықты жүргізу қорытындыларын объективті түрде салыстыруымен, озық тәжірибені жедел тұжырымдап, енгізуімен, жолдастық ынтымақтастығымен және өзара көмегімен күшті. Аралық көрсеткіш емес, түпкі нәтиже—нағыз жарыстың өлшемі міне осы.

КПСС Орталық Комитетінің Совет Одағының еңбекшілеріне арнаған Үндеуінен.

Сайып келгенде бригадаларымыздың жарыс туралы шарттары жасалды. Оған тәлімгерлер И. И. Сармин, П. Г. Водениктов қосылды. Енді көптеген мәселелерді бірлесіп шешеміз. Жастарда қаншама істер, рационализаторлық ұсыныстар дүниеге келді. Сайыстың шынайы рухы пайда болды. Ал бұл өндірістік программаны орындауға мықтап көмектесті. Коллективтер тоғыз айдың жоспарын мерзімінен бұрын орындады, осы уақыт ішінде біздің бригадамызда ғана еңбек өнімділігі 3,4 процент өсті, ал өнім сапасы әзірше Б. А. Макаров бригадасында жоғары. Бұл жігіттерді желпіндіре түсті.

Заводтың басқа коллективтерінде де қаншама қызықты бастамалар пайда болды. Мәселен, сабақтас № 3,5 және 7 цехтар сапаның тындырымды үзбесін жасады. «ЭЛОУ» және «Петрико» қондырғыларының коллективтері бригадаларды алмасады. Жарыста жариялылық жақсарды, цехтардағы көрнекі үгіт оперативті жаңартылады. Дегенмен жариялылық жарыс жеңімпаздарын жариялау барысында ғана емес, кемшіліктерді жою барысында да керек. Еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысқа қатысу секілді мәселені алып қарайық. Бізде екпіндінің жоғары атағы кейде коллективтерде кандидатуралары талқыланбастан-ақ өндірістік тапсырманы орындағаны үшін ғана беріледі. Дегенмен бұл атаққа әркім лайықты ма? Биыл № 4 цехта оған дұрыс, өте принципті тұрғыдан қарады, онда еңбек тәртібін бұзғаны үшін 8 жұмысшыны ашық түрде талқылап, коммунистік еңбек екпінділері атағынан айырды.

Ұйымшылдық пен тәртіпті нығайту, ең алдымен біздің, жұмысшылардың ісі екеніне көміл сенемін. Принципті, беделді жұмысшылар еңбек ететін учаскелерде жеңіл өмірге әуесқойлар өздерін жайсыз сезінетінін ертеден-ақ байқадым. Біздің заводымызда өндіріс ардагерлері, тәлімгерлер — жөндеу-механика цехының токарі А. Я. Шеслер, № 7 цех слесарі А. Қондыбаев, № 6 цехтың электр монтері С. А. Максимов, № 3 және № 5 цехтардың аға операторлары Б. Н. Егоров пен А. И. Андреев және басқа қаншама жұмысшы осындай беделге бөленген. Олар жеке үлгілерімен жолдастарын социалистік жарыста, қоғамдық парызды орындауда ілгері бастайды. Қазір нақ олардың белсенді позициясы кәсіпорнымыз өмірінде жоғары жауапкершілік ахуалын туғызуда. Осындай адамдарға жастардың теңеліп, олардан іске творчестволықпен қарауды үйренетіні өте-мөте қуантады. Мәселен, үстіміздегі жылы ғана заводта 200-ге жуық рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілді, демек олардың үштен екісін тәлімгерлермен бірге олардың қарауындағылар талдап жасады.

Қазір жастардың техникалық творчествосына сонша лықты көп көңіл бөлуіміз кездейсоқ емес. Демек заводымыз түбегейлі қайта құру, өндірісті айтарлықтай ұлғайту қарсаңында тұр. Бұл ең алдымен облысымызда ірі Теңіз мұнай кенішін ашуға байланысты. Теңіз мұнайын ұқсатуға арналған қуаттарды жаңғыртуға тура келеді. Сонда кәсіпорынды техникалық жағынан қайта жарақтандыру жауапкершілігі жастарға да түседі.

Он екінші бесжылдықтың алғашқы жылында завод коллективі алғашқы жарты жылдықтың қорытындысы бойынша СССР Мұнай өнеркәсібі министрлігі кәсіпорындары арасындағы жарыс жеңімпазы болды. 120-дан астам бригада, 357 өндірісші жылдың қауырт тапсырмасын мерзімінен бұрын аяқтады. Социалистік жарыс серпіні үдеп келеді. Заводта жас жұмысшылар арасында кәсіптік шеберлік конкурстары жүйелі өткізіле бастады, комсомол-жастар коллективтері арасындағы жарыс жаңа мазмұнмен толықты. Тәлімгерлер советі жас мамандар советімен бірлесіп техникалық идеялар жәрмеңкесін, таңдаулы рационализаторлар конкурсын ұйымдастырды.

Кәсіпорын үгіт коллективі осы бастамаларға белсене қатысып, таңдаулы жас жұмысшылардың жұмыс тәжірибесін насихаттайды. Соның нәтижесінде іс тек ұтып шығуда.

Digitized by Google

ТАПТЫҚ ШЫНДАЛУ МЕКТЕБІ

1916 ЖЫЛҒЫ ХАЛЫҚ КӨТЕРІЛІСІНІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА

Биыл Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісіне 70 жыл толады. Ол россиялық империализмнің жалпы дағдарысының жарқын көріністерінің бірі болды және қуатты тасқын ретінде Россия халықтарының азаттық күресінің жалпы ортақ арнасына қосылды. Ал ол күресті орыс жұмысшы табы мен большевиктердің лениндік партиясы басқарды және жақындап келе жатқан социалистік революция резервтерінің біріне айналды. «Ұлттық батыр Амангелді Иманов бастаған патша самодержавиесіне қарсы бағытталған 1918 жылғы халық көтерілісі Қазақстан еңбекшілерінің революциялық белсенділігі мен таптық саналылығының іс жүзіндегі тексеруі болды, — деп атап көрсетеді КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев «Советтік Қазақстан» кітабында. — Ұлы Октябрь қарсаңында құдіретті азаттық алауымен даланы қамтыған көтеріліс жалпы россиялық революциялық қозғалыспен қосылды. Қазақ еңбекшілері қанаушылармен күрестің барлық кезеңінде таптық шыңдалудың ұлы мектебінен өтті. Революциялық орыс жұмысшы табының басшылығымен ғана, олармен бірге ғана Ұлы Октябрь жолында әлеуметтік және ұлттық бостандықты жеңіп алуға болатынына олар иланды».

Көтерілістің әлеуметтік-экономикалық және саяси алғы шарттары болды, оларды Россия империализмі тарапынан Қазақстан мен Орта Азияны отарлық қанаудың бүкіл жүйесімен туындатқан еді. Ол дүниежүзілік екінші соғыспен байланысты болды, ал соғыс жылдарында таптық және ұлттық тепкі бұрынғыдан бетер күшейді.

Соғысқа орасан көп мөлшерде шикізат, азық-түлік, мал, ақша берілді. Жергілікті халықтан ұсталатын салық 3—4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есе өсті. Оның үстіне тек сол салықтардың түрі ғана өзгертіліп, «ерікті жарналар» деп аталатын салық үнемі жиналды. Ауыл шаруашылығының өндірісі барынша құлдырады, егіс алаңы мен мал саны кеміді. Ауылсело кедейлері патша чиновниктерінің, байлардың, жергілікті әкімшіліктің қиянат жасауы мен озбырлығынан іс жүзінде жаныштады. Осы жылдарда, сондай-ақ қалаларда, өнеркәсіп орындарында еңбекшілердің жағдайы одан сайын нашарлады.

Бүкіл елдегідей, Қазақстанда жұмысшылардың ереуіл қозғалыстары өтті, қала мен деревня кедейлерінің, әйелдердің, солдаттардың толқулары тоқтамады. Партияның революциялық идеяларына адал Қазақстан большевиктері бұқара арасында лениндік идеяларды таратып, патша үкіметінің әскери шараларына ешқандай көмек көрсетпеуге шақырды.

Соғыс Россия империясының барлық халықтарының еңбекшілер бұқарасының сана-сезімі мен белсенділігінің өсуіне ықпал етті. В. И. Ленин соғыстың салдарынан «ұлттық көтерілістер мен ұлттық соғыстардың мүмкін және ықтимал екені былай тұрсын, сонымен қатар ол болмай қоймайтын нәрсе» деп атап көрсетті. (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 34 том. 409 бет).

«Бұратана халықтың» ер адамдарын, яғни қазақтарды, қырғыздарды, өзбектерді, түркмендерді, тәжіктерді және ұйғырларды майдан шебіндегі аудандардағы тыл жұмысына еріксіз түрде тарту туралы 1916 жылғы 25 июньдегі патша указы көтеріліске тікелей себеп болды. Алдын ала шығарылған есептеулерге қарағанда, Қазақстан бойынша 19—43 жастағы 390 мыңнан астам ер адам мобилизациялануға тиіс болды.

Жергілікті әкімет жаңа әскери міндеттіліктің бүкіл ауыртпалығын қала мен село кедейлеріне жүктеді. Тізім жасау тапсырылған болыстық басқарушылар мен ауыл старшындары байлардың балаларының жасын өз беттерінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, оларды мобилизациядан босатты, олардың орнына тізімге жастарына қарамастан кедейлерді қосты.

Патша указы халықтың төзімін тауысты. Көтеріліс стихиялы түрде өрістеп, Қазақстанның барлық аудандарын жедел қамтыды. Алайда ол

Digitized by Google

түрлі облыстарда бір мезгілде өрбімеді және біртұтас басшылық орталығы болмады, оның түрлі ошақтарында өзінің ауқымы жағынан бірдей емес еді.

Халықтың ашу-ыза кегі патша үкіметіне, сондай-ақ орыс чиновниктерінің тонауы мен озбырлығына көмектескен жергілікті әкімшіліктің төбе тобына бағытталды. Көтерілісшілер мобилизация тізімдерін жойды, болыстық басқармаларды талқандады, жандармдарды, аса өшпенді ауыл старшындарын өлтірді.

Жетісуда толқулар июльдің алғашқы күндерінде басталды. Жәркент — Тараншы болысының Городское селосының тұрғындары оған бірінші болып кірісті. Августың орта тұсында барлық басқа болыстар дерлік толқыды. Көтеріліске қазақтар, сондай-ақ ұйғырлар, дүнгендер, қырғыздар қатысты. Артиллериямен және зеңбіректермен қаруланған, арнайы жасақталған жазалау әскерлері көтерілісшілерге қарсы жіберілді.

Сонымен бірге патша әкімшілігі ұлтаралық араздыққа үміт артты. Ол осы мақсатпен феодал-байлардың ат төбеліндей тобы мен кулактарды пайдаланды. Алайда Жәркент уезінің оңтүстік бөлігінің жекелеген болыстары мен Солтүстік Қырғызстанда ғана феодалдық-клерикалдық элементтердің ұлтаралық қақтығыстарға арандатуының сәті түсті.

Жергілікті халықтың басым көпшілігі арандатушылыққа бой ұрған жоқ. Большевиктік ұйымдардың өлкеде түрлі ұлттар арасында жүргізген көпжылдық үгіт жұмысы патша чиновниктері мен феодалдық-клерикалдық элементтердің ұлтаралық алауыздықты тудыруына жол бермеді.

Жазалау отрядтары көтерілісшілерді ғана емес, бейбіт тұрғындарды да жазалады. Олар ондаған қазақ және қырғыз ауылдарын жойды, қазақтарды, сондай-ақ көтерілісшілерге тілектестікпен қараған орыстарды да өлтірді.

Патша әскерлері қуалаған 300 мыңнан астам қазақ пен қырғыз туған жерлерін тастап кетті.

Сырдария облысында да патша указын алғаннан кейін дереу бұқаралық көтеріліс басталды. Августың басында ол болыстардың бәрін қамтыды.

1916 жылғы сентябрьдің соңына қарай мұнда көтеріліс аяусыз жанышталды. Патша өкіметіне бағынбаған жекелеген ауылдар Ырғыз және Торғай уездеріне қоныс аударып, онда Амангелді Иманов бастаған көтерілісшілер қатарына қосылды.

Июльдің орта тұсында сондай-ақ Семей, Ақмола облыстарында, ал июль-августе — Орал облысы мен Бөкей ордасында халық көтерілістері өріс алды.

Торғай даласындағы көтеріліс аса бұқаралық әрі ұйымшыл, әрі табанды да ұзаққа созылған көтеріліс болды. Оны кедей бақташының баласы, халық батыры Амангелді Иманов басқарды. Әлібі Жангелдин өз естеліктерінде Амангелді туралы былай деп жазды: «Мен оны батыл да ержүрек адам ретінде білдім. Ол әрдайым ауқаттыларға деген ымырасыздығымен ерекшеленді, болыс басқарушылары мен чиновниктерді жек көрді».

Егер октябрьдің басында А. Иманов отрядында 5 мыңдай адам болса, 15—20 күннен кейін олар 50 мыңға дерлік жетті.

Әскери отрядтарға біріккен сарбаздар арасында әскери тәртіп пен реттілікті нығайту Амангелді қабылдаған алғашқы шара болды. «Правда» газеті кейінніректе 1916 жылғы көтеріліс туралы былай деп жазды: «Бұл аңыздар мен ертегілерден шыққан оғаштау әскер еді: сойылдармен, ауыл ұсталары соққан қылыштармен, пілтелі мылтықпен, садақпен, садақ оғымен қаруланған орта ғасырлық осы әскерді — Амангелді зеңбіректермен және винтовкалармен қаруланған жазалау отрядына қарсы бастады».

Торғай облысында да феодалдық-клерикалдық элементтер көтеріліс басшылығын өз қолдарына алып, оны өздерінің еңбекшілерге үстемдігін нығайтуды қамтамасыз ететін ұлтшылдық арнаға бағыттауға әрекеттенді. Өз орталарынан хандарды сайлады, олар патша өкіметімен бірге өздерінің буржуазиялық-байлық өкіметін құрып, нығайтуға әрекеттенді. Алайда басқа облыстардағыдай көтерілісшілер байлар мен молдаларды қолдамады. Күрес барысында феодалдар іс жүзінде бұқарадан оқшауланып қалып, патша өкіметі жағына шықты.

Патша қолжаулықтары Торғайдағы көтерілісті жаныштауға 14 зеңбіректен және 17 пулеметпен қаруланған 17 жаяу әскер ротасы, 18 казак жүздігі және 11 атты әскер эскадроны құрамындағы арнаулы корпусты жіберді. Торғайға бір мезгілде үш бағытта шабуыл жасай отырып, жазалаушылар көп шығынға ұшырап, көтеріліс-

Digitized by Google

шілер позициясы арқылы өтіп, 16 ноябрьде Торғай қаласына енді. Ноябрьдің екінші жартысында көтерілісшілердің негізгі бөлігі Торғайдан 150 километр шегініп, Батпақкара ауданында шоғырлануға мәжбүр болды, онда әскери қимылдарға басшылық жасау советі құрылды. Көтерілісті басу ұзаққа созылды. «Өлкені тыныштандыруға 1—2 жыл талап етілетіні күмән тудырмайды», — деп хабарлады Петроградқа өз хабарында Қазан әскери округының командашысы, көтеріліс жасаушылардың теңдесі жоқ батылдығы мен ұйымшылдығын атай отырып.

Мартта Уақытша үкімет Торғай облысынан жазалау әскерін кері шақырып алуға мәжбүр болды. Бұл меньшевиктердің наразылығына қарамастан большевиктердің тиянақты талап етуімен жасалды. Петроград Советінің мәжілісінде осындай талапты ұсынғандардың арасында большевик А. Т. Жангелдин болды.

Жазалаушылар Торғай облысында көтерілісті баса алмады. Алайда Уақытша үкіметтің жергілікті органдары оған қатысушыларды құдалауды жалғастырып, 3000 адамды жауапқа тартты, олардан 201 адам өлім жазасына кесілді, ал 162 адам каторгаға айдалды.

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық қозғалысы тарихындағы жарқын беттердің бірі болды. Қозғалыс өзінің сипаты жағынан отарлыққа, феодалдыққа қарсы шығып, ұлт-азаттық бағытта болды, өйткені ол патша өкіметіне, империалистік соғыстарға және байларға бағытталды. Жазалау әскерлерінің әскери қимыл-әрекеті журналында, мәселен, «бүлікшілердің көпшілігі қырғыздардың кедей тобынан тұратыны» және «үстем таптар ғана — байлар үкіметке адал болып қалғаны» жазылады.

Көтерілістің өрістеу процесінде қазақ ауылдарында таптық күштердің орналасуы анық байқалды. Феодалдық-патриархалдық ат төбеліндей топ патша өкіметімен және орыс буржуазиясымен бірлесіп қимыл жасады. Дүниеге келе бастаған ұлттық буржуазия да оларды қолдады. Буржуазиялық ұлтшылдар — алашордашылар патша өкіметін қолдауға ашықтан-ашық шақырып, мобилизацияны жүргізуге көмектесті. Қазақтардың аз санды демократиялық интеллигенциясы ғана халық жағына шықты. Оның өкілдері еңбекшілердің феодалдық-рулық ат төбеліндей тобының шынайы бейнесін тануына көмектесті, буржуазиялық ұлтшылдардың сатқындық ролін әшкереледі және халықты «Орыс халқымен бірге орыс патшасына қарсы шығайық!» ұранымен азаттық күресіне жігерлендірді. Көптеген аудандарда қазақ интеллигенциясы көтерілісшілер отрядын басқарды. Торғай облысында бұл — Амангелді Иманов пен большевик Әліби Жангелдин, Орал облысы мен Бөкей ордасында — Сейітқали Меңдешев пен Әбдірахмен Әйтиев, Маңғыстауда — Жәлеу Мыңбаев, Ақмола даласында — Әділбек Майкөтов, Жетісуде — Тоқаш Бокин, Сырдария облысында — Тұрар Рысқұлов және басқалар.

Бүкіл прогресшіл Россия көтерілісшілер жағында болды. Қазақстан большевиктері өз ұйымдарының аз сандығы салдарынан көтерілген бұқараның қимыл-әрекетіне жетекшілік жасай алмады. Сонда да партияның революциялық идеялары түрлі жолдар арқылы көтерілісшілер арасына жетті. 1915 жылы Петроградта большевиктер партиясы қатарына өткен А. Т. Жангелдин Торғай облысында революциялық идеяны белсенді насихаттады.

Күресте қол жеткен бай тәжірибе орыс жұмысшы табымен одақта ғана ұлттық және әлеуметтік азаттыққа қол жеткізуге болатынын қазақ шаруаларына көрсетіп берді. Оның кейінгі таптық шайқастар үшін зор маңызы болды. Халық-азаттық қозғалысына қатысушылардың көпшілігі біздің өлкемізде Совет өкіметі жолындағы, ақ гвардияшылар мен алашордашыларға қарсы дәйекті күрескерлердің қатарына қосылды. А. Иманов Торғай облысында Совет өкіметін орнатып, оның органдарын құруға белсене қатысты, ал 1918 жылы декабрьде большевиктер партиясы қатарына енді. Ол Торғай даласында Қызыл Армияның алғашқы отрядын құрды және Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды.

Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы халық-азаттық көтерілісі прогресшіл, революцияшыл-азаттық сипат ұстады. Ол патша өкіметінің позициясын әлсіретуге ықпал жасап, Россия империализмінің орталық системасына айтарлықтай соққы берді, елдегі жалпы революциялық қозғалыспен жалғасты.

Н. БАЙҒАБЫЛОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері.

Digitized by Google



ТАҢДАУЛЫ ҮГІТ ПОЕЗЫ

Шалғай және шағын елді мекендердегі бұқаралық-саяси жұмыс туралы «Шалғай елді мекендер қамтылуда» мақаласын талқылауды жалғастырамыз.

Біздің ауданымыздың жайылымдық мал шаруашылығы учаскелері совхоздардың орталық усадьбаларынан өте қашық орналасқан. Олардың көпшілігі таулы жерлерде, шатқалдарда және құмдарда жайғасқан. Мұнда екі мың шопан 300 мың қойды, 22 мыңнан астам ірі қараны және 8,5 мың жылқыны бағады. Ал бізде мал шаруашылығының 350-ден астам тұрағы бар, оларды айына кемінде екі рет қамту керек. Егер ауданда 10 автоклуб болып, оның жартысы ғана жүріп тұрса, олардың бәрін қамтып көріңіз. Сондықтан проблемалар бізде жетерлік.

Бізде халықаралық мәселелер жөнінде танымал лектор, Гагарин атындағы Зайсан сегіз жылдық мектебінің директоры Ж. Бисаров қатты алаңдатады, егер біз оның шалғай мекендерде сөз сөйлеуін талап етер болсақ, онда транспорт мәселесін бірінші кезекте шешулерің керек деп мәлімдеді. Мен бірнеше рет партия комитетінің секретарымен келістім, ол оны өзімен бірге бірнеше рет алып жүрді. Содан кейін оны бірыңғай саяси күндерде сөз сөйлеуші саяси баяндамашылармен бірге жібердік, дегенмен әрі қарай бұлай жұмыс істеу мүмкін емес.

Бізде аудандық Мәдениет бөлімі жанында үгіт бригадасы болды, бірақ ол село еңбеккерлеріне жөнді мәдени қызмет көрсетпеді. Сондықтан біз лекторлар мен осы бригаданың күшін біріктіруді ұйғардық.

Алайда алғашқы кезде мәдениет бригадасының мүшелерімен де ортақ тіл таба алмадық, өйткені олар лекторлар сөзін сүйемелдейтін декорацияға айналғысы келмейтінін айтты. Олар бақылаудың жоқтығына әбден үйренген болса керек.

Дегенмен біз бұл көңіл-күйді өзгерттік, енді «Білім» қоғамының лекторлары автоклуб құрамында мәдениет қызметкерлерімен бірге шығып тұратын болды. Олар әр сапардан малшылардың өздеріне сауда, тұрмыс және медицина қызметінің сирек көрсетілетіні туралы айтқан шағымдарын алып келетін. Бұл құрамында автолавка, шаштаразы, суретке түсіруші, тұрмыстық қызмет көрсететін машина бар және кейіннен «жедел жәрдем» мен медицина қызметкерлері бар аудандық үгіт поезын құруға бастады.

Үгіт поездарының сапары бір мезгілдік сипат ұстады, өйткені аудандық службалардың басшылары өз вагондарын ортақ поезға ықылассыздана беретін. Мұнда бізге аудандық партия комитетінің мүшесі, «Ақарал» совхозының аға шопаны С. Молдаспанов өте-мөте көмектесті, ол аудандық партия комитетінің пленумында сөйлеген сөзінде малшыларды толғандыратын проблемаларды іскер әрі төтесінен қойды, және сауда мен тұрмыстық қызмет көрсету қызметкерлерінің өздерін тым еркін ұстайтынын, ал олардың кейбірі белгіленген пункттерге жетпей қайтатынын көптеген мысалдар арқылы көрсетті. Аудандық ұйымдардың басшылары да малшыларда бірнеше айлар болмады.

Сын нысанаға дөп тиді. Біздің үгіт поезымыз сапарға жүйелі шығатын болды. Енді оның маршруттары аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінде қаралады. Мұның барысында малшылардың және олардың семьяларының өтініштері мен ұсыныстары ескеріледі. Мәселен, олардың пікірлері ескеріліп, поезға овощтар мен жемістері және балалар киімдері бар автомагазиндер енгізілді. Шопандар өтініштері бойынша түрлі мамандық дәрігерлері жолға шықты, ал балалар дәрігері Б. Саурбаева мен тіс дәрігер Д. Керімбаева шалғай мекендерде жиі болады.

Малшыларға әрдайым зор ынтамен баратын насихатшыларымызды да атағымыз келеді. Бұлар — халықаралық мәселелер жөніндегі лектор, соғыс ардагері Р. Ақатов, дәрігерлер Т. Еділбаев пен Ж. Біржанов. Өскемен мен Алматыдан келген лекторлар да бізбен бірге бірнеше рет сапарға шықты. Мәселен, Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы У. Шәріповтың және Өскемен педагогика институтының оқытушысы Л. Самсоновтың сөйлеген сөздері шопандардың есінде қалды.

Аудандық мәдениет үйінің режиссері Ораз Кәкеевтің жетекшілігімен

Digitized by Google




үгіт поезында жұмыс істеу үшін арнайы құрылған насихат-көркемөнер тобы шағын көріністер көрсетеді, олардың көпшілігі республикалық «Тамаша» телевизиялық программасының әсерімен әзірленеді. Онда ішімдікке әуесқойлар, арамтамақтық, еңбексіз табыс табушылар сыналады.

Шопандар ән мерекелерін, талапкер жас орындаушылар Т. Бекбосыновпен, А. Еңсебаевамен, Т. Мұқанғалиевпен және Б. Нұрғазинмен, «Айнакөл» халық әндері ансамблімен кездесулерді өте жақсы көреді. Үгіт поезы өз жұмысын малшылардың 54 тұрағында жүргізеді, оларға жақын маңдағы жайылымдардағы малшылар келеді. Ол әр тұрақта өз программасын 3—4 сағатта орындап үлгереді.

Үгіт поезы балаларды да өз қамқорлығына алды. Оларға арнап товарды да бөлек дайындап, программаны да айрықша әзірлейміз. Биыл балалар Г. Әлімжанова сатушы болып істейтін автомагазин маңына көптеп жиналады. Мұнда олар үшін жаз сыйы — көк жолақты қарбыз, қызыл бүйірлі апорт, помидорлар, қияр, жуа т. б. әзірленді. Сатушылар З. Оспанов, Б. Исабаев, Б. Зияданов және К. Бейсенбаев барлық жастағы балаларды әдемі киімдермен қамтамасыз етеді. Тұрмыстық қызмет қызметкерлері Д. Үкіртаев пен Г. Хамитова «ескерткіш» ретінде суретке түсіреді, ал киномеханик К. Сағымбеков қызықты фильмдер көрсетеді.

Мал фермаларына іргелес орналасқан шекарашыларға да қызмет көрсетеміз, жауынгерлерді ауданымыздың өмірімен таныстырамыз. Ал талапкер солдаттар жергілікті тұрғындар алдында өнер көрсетеді.

Бұл үгіт поезы жұмысының барлық



Суреттерде: аудандық Мәдениет үйінің «Айнакөл» ансамблі өнер көрсетуде; дәрігер-неджатр Б. Сауырбаева балаларды қабылдауда.

Суретті түсірген Г. ҚАСЫМОВ.

жақтарында озық тәжірибені насихаттау, социалистік жарысты ұйымдастыру мәселелерін алдыңғы қатарға қоямыз: озаттар құрметіне «молниялар», ал ұқыпсыздар тұрғысынан «дабылдар» шығарамыз, социалистік жарыс бюллетендерімен таныстырамыз. Біздің активистер, мәселен, малшылардың аудандық жарысының инициаторлары: республика Жоғарғы Советінің депутаты Н. Қорықбасова, аудандық партия комитеті бюросының мүшесі С. Бітімбаев, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері К. Уәлиева, С. Жуанханов, К. Қасенов, Ж. Нұрғалиев, ауданның

2. «Қазақстан үгітшісі», № 23, 1986 ж.

Digitized by Google

басқа озық адамдары өздерінің социалистік міндеттемелерін қалай орындап жатқандары туралы әңгімелейді.

Біз кездесу барысында адамдар айтқан ұсыныстарды әр сапардан оралғаннан кейін аудандық партия комитетіне тапсырамыз. Аудандық «Достық» газетінде мақалалар жариялаймыз.

Біздің үгіт поезымыз биылғы жазда төрт рет жолға шықты. Ал қазір біз қыстың алғашқы маршруттарына жол салудамыз. Олар жазға қарағанда ауырлау, дегенмен ол малшылар үшін мейлінше қажет. Үгіт поезының жұмысы совхоздарда құрылған шағын үгіт бригадаларының өнерлерімен толықтырылады, олар әрбір малшы тұрағында болады. Әйтсе де танымал өлең жолдарын өзгертіп айтар болсақ, үгіт поезы бәрінен жақсы. Ол малшыларға қызмет көрсетудің бүкіл комплексін орындауға және олармен бұқаралық-саяси, тәрбие жұмысын өз дәрежесінде өткізуге мүмкіндік береді.

Дегенмен малшылармен жұмыстың барлық түйіні шешілді деуге болмайды. Мәселен, біз ұзақ уақыт бойы Алматының артистерін айтпағанда, облыстық филармонияның артистерін малшыларға «келтіре» алмаймыз. Кинопрокатта қазақ тіліндегі фильмдер аз. Видемагнитофон туралы да армандаймыз. Біз оның көмегімен көп нәрсе істеген болар едік.

Мәдениет, сауда, тұрмыстық және медицина қызметкерлері кейде үгіт бригадасы құрамындағы бірлескен жұмыс тұрғысынан республикалық, облыстық ұйымдардың нұсқаулары мен жарлықтары бар деп сілтеме жасайды. Ведомстволық бытыраңқылықты жоятын, бірлесе қимыл жасайтын мезгіл жетті. Онсыз малшылармен жұмысты жақсарта алмайсың.

Дегенмен ең қиын мәселе — бұл техникалық базаның әлсіздігі: ол ескірді. Біздегі автомашиналар тау жолдарымен жүре алмайды және біздің ауданның активистері журнал бетіндегі әңгімеге қатысушылардың малшыларға қызмет көрсетуге арналған жүрдек машиналарды шығаруды жеделдету ұсынысын толығынан қолдайды.

Е. МҰСТАФИН,
Қазақстан Компартиясы Зайсан аудандық комитетінің лекторы.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТІ

Біздің республикамызда 2 мыңнан астам автоклуб, 260 библиобус, 150 қызыл отау, 1500 жылжымалы кино мал шаруашылығының шалғай учаскелері қызметкерлеріне, шалғай және шағын елді мекендердің тұрғындарына қызмет көрсетеді. КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің талаптарына сай олардың жұмысын жетілдіру мәселелері үстіміздегі жылы октябрьде Орал қаласында өткен жылжымалы мәдениет мекемелері қызметкерлерінің республикалық аймақтық семинар-практикумында талқыланды.

Жылжымалы клуб қызметкерлері жыл сайын 120 мыңдай тақырыптық лекция мен әңгімелер, 150 мыңнан астам киносеанстар, үгіт бригадаларының екі мыңға жуық концерттерін ұйымдастырады. Үгіт клубтарының жұмыстары Семей, Жезқазған, Орал, Қостанай және Целиноград облыстарында жақсы жүргізіледі. Жеті автоклуб меңгерушісінің Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мәдениет қызметкері деген құрметті атағы бар, он бір қызметкер СССР ордендерімен және медальдарымен наградталған, семьялық экипаждар көп.

Жылжымалы мәдениет мекемелерінің жұмысын жақсарту жолындағы кезек күттірмейтін мәселелердің бірі — кадр даярлау, ол әзірше жетімсіздеу. Мәселен, автоклуб меңгерушілерінің ішінде жоғары білімді мамандар 4,5 процент, арнаулы орта білімі барлар — 20 процент құрайды. Кадрлардың тұрақтамауы да көп.

Автоклубтар жұмысын жоспарлау мен бақылау нашар. Қайта құру, қызметтің жаңа формаларын меңгеру баяу өтуде. Автоклубтарды өз мақсатында пайдаланбау оқиғалары аз емес. Жылжымалы мәдениет мекемелерін материалдық-техникалық жағынан жабдықтау проблемасы күрделі күйінде қалып келеді. Семинар-практикумға қатысушылар мезгілі жеткен мәселелерді талқылап, жұмыс тәжірибесін алмасты. Орал облысының 16 таңдаулы автоклубы өз құралдары арсеналдарын, жұмыс түрлері мен әдістерін Камен ауданы «Красный маяк» совхозының мал шаруашылығы тұрақтарында көрсетті.

Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары Г. А. Бибатырова семинарда баяндама жасады. Оның жұмысына республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің жауапты қызметкерлері қатысты.

Digitized by Google

ӘР АДАМ ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Көкшетау прибор жасау заводының өнімдерін Одақтың барлық республикалары, өлкелері мен облыстары жақсы біледі. Олар шығаратын таразылар, өнім сапасын бақылауға арналған қондырғылар, мөлшерлегіштер мыңдаған заводтарда жұмыс істейді. Биылғы жазда прибор жасаушылар Чернобыль атом электр станциясындағы аварияны жоюға қатысушы ұйымдар үшін жауапты заказдарды орындады.

КПСС XXVII съезінен кейін заводтың партия ұйымы жеке жұмыс формалары мен әдістерді ұштаудың қала мен облыстағы базасы ретінде айқындалды. «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының «дөңгелек стол» басындағы кезекті әңгімесі осы проблемаға арналды.

КЕМШІЛІКТЕР АТАЛМАЙ ҚАЛМАСЫН

Кездесуді аша отырып, завод парткомының секретары **А. И. Глухо** қазір идеялық-тәрбие жұмысы еңбек коллективтерінің міндеттерін шешуге жақсы бағыт алуда, ал бұл міндеттер, бұрынғыдан әрі күрделі, әрі жауапты деп атап көрсетті. Кәсіпорын өзінің дүниеге екінші рет келуін өткеруде — қайта құрылуда, оның барысында өндірісті қысқа мерзімде осы заманғы техникалық базаға ауыстыру керек. Өнім сапасына, өнімді беру тапсырмаларын орындауға қойылатын талаптар шұғыл өсті.

Әр жұмысшының, инженердің, техниктің ортақ жұмысқа аса белсенді қатысуы арқылы ғана бұған қол жеткізуге болады. Қайта құру логикасының өзі КПСС XXVII съезінің **нақты адамды бүкіл жұмыстың орталығына қою** туралы сындарлы қағидасын күн сайын өктем ескертеді.

— Өмір, — деді кездесуде завод директоры **В. И. Шлычков**, — еңбек пен өндірістік тәртіпті нығайтуды мейлінше нақты қолға алуды талап етті, осыдан барып қыдырымпаздармен, маскүнемдермен, ұсақтап қымқырушылармен жұмысты барынша күшейтуге бағдар алынды. Істің мәні мынада: заводқа ұзақ уақыт бойы қыдырымпаздық пен басқа да тәртіп бұзушылық әсер етті.

Мұның барысында бригаданың, кәсіпорынның, цехтың абыройы туралы аса ізгі ниет басшылыққа алынды, ал бұл кеселдің кеулеп тамырын тереңге жаюына соқтырды. Коллективіміз қыдырымпаздар мен маскүнемдерге қарсы күреске көтерілген қазіргі уақыттың өзінде қалалық ұйымдар тарапынан тәртіп бұзушылықтың тіркелген цифрларымен «статистиканы» тым келеңсіз етудесіңдер деген реніштерді аз да болса естіп қаламыз.

Дегенмен кемшіліктерге және оларды жасаушыларға ымырашылдықпен қарағаннан гөрі осындай «статистикадан» алшақтау болған жақсы. Осы позиция да өзін толығымен ақтауда.

Кездесуге қатысушылар атап көрсеткеніндей, істе реттілікті орнату, адамдарды алға тарту тұрғысынан тәрбие жұмысының көптеген дәстүрлі формалары мен әдістері пайдаланылады. Тәртіп бұзушылықтың әр оқиғасы кеңінен жария етіледі. Мәселен, қыдырымпаздар үшін айрықша касса аштық, мұның өзі адамдарды өздерінің мінез-құлқы жайлы ойлануға мәжбүр етті.

Кәсіпорында активистердің көпшілігі тәртіп бұзушыларды, артта қалушыларды жеке қамқорлыққа алды.

Жастар тәлімгерлерін жасы ұлғайған адамдармен жұмысқа тарту да өзін ақтауда. Демек тәлімгерлік қызметтің өзі бірыңғай жеке қатынасты көздейді Сондықтан осы активистер тәртіп бұзушылармен және артта қалушылармен аса нәтижелі жұмыс істейді.

Қазір қыдырымпаздық пен басқа тәртіп бұзушылық азайып келеді. Дегенмен заводта талапшылдық, кемшіліктерді бүркемелеуден бас тартушылық болмашы реттілікті жолға қою үшін ғана маңызды емес деп есептейді. Онсыз тәрбие міндетін, басқа барлық міндеттерді шешуде табысқа жету мүлдем мүмкін емес.

АТҚАРЫЛҒАН ІСТІ АСЫРА МАДАҚТАМАЙЫҚ

Кездесуде де талапшылдық рухы белең алды, КПСС XXVII съезінің делегаты, электр монтажшы Л. И. Карагаева әңгімеге көп жағынан серпін берді.

— Соңғы уақытта заводта қаншама оңды өзгерістер болды, алайда атқарылған істі ешбір жағдайда асыра дәріптеуге болмайды, ал мұндай тен-

Digitized by Google

Ғылыми-техникалық прогреске, интенсивті технологияларға, ең алдымен коллективтік мердігерлік, шаруашылық есеп арқылы өзіміз шаруашылықты жүргізу мен басқарудың жаңа әдістеріне қосқан адамға үміт арту, — міне осының бәрі мейлінше қызу қолдап, мақұлдауға лайық.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің Краснодар өлкесінің партия активімен кездесуде сөйлеген сөзінен.

денция баршылық, — деді Любовь Ивановна. — Цехтық партия және кәсіподақ ұйымдарының көпшілігі активистердің шағын тобына ғана сүйенеді. Қараңыздаршы, бізде солбір адамдар жұмыста алда жүреді, жиналыстарда сөз сөйлейді, желаяқтар күндеріне, донор күндеріне және басқа барлық «күндерге» қатысады. Адамдардың көпшілігі сырт қалмауы үшін цехтық үгіт коллективінің жұмысын жақсы жолға қою керек, ал олар әзірше өз функцияларын орындамайды.

Осы пікірді өрбіте отырып, слесарь, үгітші **К. Н. Сансызбаев** өзі еңбек ететін бригадада «орташаларға» қалай қозғау салғанын әңгімеледі. Біріншіден, мұнда әр жұмысшының еңбек үлесіне күн сайын баға береді, бұл әңгімелерде де айтылады, «Еңбекке қатысу коэффицентінің бюллетеньдері» ұқыпты толтырылады. Ал екіншіден, қоғамдық тапсырмаларды бірлесіп талдайды. Енді әр адамның ондай тапсырмасы бар, ал қоғамдық болмашы қызметтің өзі оны коллективпен және бүкіл қоғаммен жақындастыра түседі.

Енді істің мәні мынада: барлық бригадаларда осындай реттілікті орнықтыру.

АДАМ ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ — ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

Заводтық кадр бөлімінің инспекторы Т. В. Немешева өзінің сөйлеген сөзінде мынадай фактіге назар аударды: тоғызыншы цехта тәлімгерлер болғанымен, жастармен әңгіме өткізілетініне қарамастан мұнда жас жұмысшылар соншалықты нашар орнықты.

Кездесу барысында анықталғанындай, осы цехта бүкіл жұмыс тиімді және тиімсіз болып бөлінеді екен. Соңғылары тек жаңа келгендерге тапсырылады. Бір күн, екі күн емес, жылдар бойы осылай жүргізіліп келеді.

Әрине, мұндай жағдайда жас жұмысшыларға арналған сөздің пәрмеңділігі туралы айтуға тура келмейді, өзімшілдік көрініс батыл түрде жою талап етіледі.

Әңгімеге қатысушылардың бәрі мына тұрғыдан бірауызды болды: адамға деген талапшылдық әр адам туралы, оның еңбегі мен тұрмыс жағдайы туралы, қажеттері мен сұранымдарын қанағаттандыру туралы қамқорлықпен тығыз қабыстырылуға тиіс.

Бригадалар мен смена коллективтерінің өміріне және істеріне терең араласуға ұмтылып, завод басшылары оларда өткізілетін «күн тәртібінсіз жиналыстарға» қатыса бастады. Оларда адамдарды толғандыратын мәселелердің бәрі талқыланып, ашық пікір алмасылады. Нақты міндеттер қойылады. Мұндай кездесулер басшыларға, партия комитетіне қоғамдық пікірді бағалау және оны дер кезінде қалыптастыру үшін орасан зор материал береді.

— Директордың және заводтың басқа басшыларының қатысуымен балық аулауға бару, «жолы болғыш балықшы» жүлдесі үшін сайыс адамдарды топтастыруға көмектеседі, — деді кездесуде токарь **А. А. Петренко.** — Басшылардың адамдармен көбірек араласуы, коллективпен бірге демалыс аймақтарына баруы, семьяларда, жатақханаларда болуы қажет деп есептеймін. Мұнсыз тәрбие ісінде де, өндірістік істерде де табысқа жетуге болмайды.

Заводтықтарға ұнаған цех коллективтері заводтық Мәдениет үйінде өткізетін семьялық демалыс күндері әр адамды қамтуға көмектеседі. Осы жайлы баяндай отырып, Мәдениет үйінің көркемдік жағын басқарушы, республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері **Н. А. Иванов** «демалыс күндерінде» коллектив тіпті аңғармаған қабілеттер мен дарындар анықталатынын ескертті. Көркемөнерге бірнеше ондаған жаңа адамды тартудың сәті түсті. Ең маңыздысы — адамдар бір-бірін жақсы біледі, өзара сыпайыгершілікпен қарайды. Кемшілік мынада: Мәдениет үйінде өз күндерін өткізуге тілек білдірген цехтар кезегі тағайындалды. Заводтық мәдениет ошағының зор тартымдылықпен жұмыс істеуі керек, — деп өз тілегін білдірді бесінші цех бастығы **В. П. Радкевич.**

Digitized by Google



Суретте: «дөңгелек стол» басындағы кездесуге қатысушылар.

ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚАЙТА ҚҰРЫЛСЫН

Озық комсомол-жастар бригадасының бригадирі **Н. А. Егорова** завод коллективі үшін еңбек өнімділігін төмендететін, адамдардың сана-сезіміне кері әсер ететін теңгермешілік сияқты өткір мәселені көтерді. Расында, Егорова жолдастың бригадасы өз құрамын 50 адамнан 33 адамға дейін қысқартып, жұмыстың көлемді ауқымын орындайды. Дегенмен жарыс қорытындысын шығару барысында осы коллективті өздерін онша жұмыс бастылыққа салмайтындармен бірдей бағалайды.

— Ал КПСС XXVII съезі құрметіндегі екпінді еңбек вахтасы адамдардың рухын қалай көтерді десеңізші! — деп ескертті кездесуде мастер **В. М. Шутов** — Онда бізде қорытындылар онкүндік сайын шығарылды, көрнекі үгіт те айшықты жария етілді.

Әңгімеден туындаған екінші қорытынды — **адамдармен жұмыста еңбекшілердің барлық қоғамдық және творчестволық ұйымдарының ролін көтере беру керек.** Слесарь-құрастырушы **В. И. Чепелеваның** жалынды сөзі ықыласпен тыңдалды. Салауаттылық жолындағы күрес ерікті қоғамы бастауыш ұйымының председателі болып сайланған Валентина Ивановна істі бүкіл жүрек жалынымен жүргізді.

Талқылаудан туындаған үшінші қорытынды — **өндірістегі, оқудағы және тұрғылықты жердегі тәрбиені тығыз қабыстыра білуді үйренетін уақыт жетті.** Әзірше осы үзбеде үзілген буындар аз емес. Мәселен, көптеген активистер мен басшылардың жастар жатақханаларына барып тұруы ұмыт бола бастады. Партия комитеті цех басшыларының, мастерлер мен бригадирлердің семьяларда болып тұруын жолға қоя алмай келеді.

Кездесуде өткен қызу талқылау завод стадионының директоры **В. М. Решетниковтың** бұл Көкшетау облысындағы таңдаулы спорт объектісі, кәсіпорынның 60—70-ке жуық қызметкері онда жүйелі болып тұрады деп айтуына себепкер болды.

Кездесу көрсеткеніндей, заводта адамдармен жеке жұмыс істеу жүйесі енді ғана қалыптаса бастады, және оның қалыптасуын жеделдету керек. Бұл үшін ең алдымен үгіт коллективі мен саяси хабаршылар топтарына, идеология кадрларының барлық басқа отрядтарына жүйелі басшылық жасауды жолға қою, идеялық-тәрбие процесін комплексті жүргізу керек.

Өткен әңгімеге сәйкес Көкшетау облыстық және қалалық партия комитеттері насихат және үгіт бөлімдерінің атына елеулі сын айтпауға болмайды. Заводтың партия ұйымын базалық партия ұйымы деп атап, олар кәсіпорын істеріне терең араласпады, оған көмек көрсетпеді.

В. ПАРАМОНОВ.

Digitized by Google

ШЕШУШІ УЧАСКЕЛЕРДЕ

Зырян ауданында «Никольский» совхозының үгіт коллективі ең жауынгер коллективтердің бірі болып орынды есептеледі, партия комитетінің мүшесі, шаруашылық директоры В. П. Колганов оған жетекшілік етеді. Партияның XXVII съезінен кейін мұнда үгітшілерді қоғамдық-саяси аттестациялау өткізілді, оның барысында үгітшілердің сапа құрамы жақсартылды. 65 үгітшіден 47 адам коммунист және комсомолец, 32 адам — жұмысшы, 19 адам — ауыл шаруашылығының мамандары, 14 адам — орта мектептің оқытушылары болып табылады. Үгітшілер совхоз өндірісінің барлық учаскелерінде жұмыс істейтін 10 үгіт тобына біріккен. Оларды аға үгітшілер басқарады.

№ 1 бөлімшеде малшылардың үгіт тобы адамдармен тәрбие жұмысын мақсатты жүргізеді, оны бөлімшенің аға зоотехнигі, КПСС мүшесі А. М. Жанұзақов басқарады. Ондағы 5 үгітші — бұл таңдаулы жұмысшылар мен мамандар. Үгітшілердің, КПСС XXVII съезі делегаттарының «Біздің сөзіміз іспен өрнектелсін» хатына жауап ретінде олар аса жоғары еңбек өнімділігіне жетуге ұйғарды. Үгітшілердің сөзі ісінен ажырамайды. Үгітші, Никольск селолық Советінің депутаты Н. И. Позднякованың қарауындағы малдар жаз бойына тәулігіне жоспардағы 600 грамның орнына 748 грамнан салмақ қосты. Үгіт тобының мүшелері жемшөпті ұтымды пайдалану, фермаңың санитарлық жайын жақсарту жолында белсенді күресуде. Малды ұрықтандырушы-техник Г. Д. Горснова бригадир В. И. Борисенкомен бірге социалистік жарыс күнделігін жүргізеді.

Бригадалық мердігерлікті енгізу үгітшілер тобы айрықша қамқорлық жасайтын іс. Соның арқасында үстіміздегі жылдың алғашқы жарты жылдығында әр сиырдан сүт сауыну 20 процентпен көбейтудің сәті түсті. Сапаның жақсаруы елеулі. Егер өткен жылы мемлекетке 60 процентпен сәл астам бірінші сортты сүт өткізілсе, қазір осы көрсеткіш 90 процентке жақындады.

Совхозда апта сайын өтетін малшылар күнін әзірлеуге үгітшілер белсене қатысады. Олар жарыс жеңімпаздарының тәжірибесі туралы әңгімелейді. Олар партия XXVII съезінің, КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының шешімдерін, КПСС Орталық Комитетінің Үндеуін түсіндіру жөнінен көп жұмыс жасайды. Бөлімшенің әр жұмысшысы көтеріңкі социалистік міндеттемені талдап жасады.

Үгіт тобы халықтық бақылау тобымен тығыз бірлікте қимыл жасайды. Бірлескен рейдтер өткізіледі, сатиралық бетшелер шығарылады. Мұның өзі талапшылдық, кемшіліктерге ымырасыздық ахуалын жасауға көмектесуде. Басқа үгіт топтары да өз жұмыстарын осылай құрады. Мәселен, пішен жинау тұсында құрылған үгіт тобының мүшелері А. Н. Егізбаева, В. А. Литвинов және басқалар шөп шабудағы пәрменді социалистік жарысты ұйымдастыруға елеулі үлес қосты. Күндік жоспарын 125—130 процент орындаушы үгітші И. А. Ширяева пішендеме тасымалдауда дербес үлгі-өнеге көрсетті. Онымен қатар жұмысшы Л. И. Кункель, басқа жемшөп дайындаушылар өте жақсы еңбек етті.

Совхоздың партия комитеті пішен дайындауда жұмыс істейтін үгітшілерді хабардар ету туралы айрықша қамқорлық жасады. Олар үшін семинар-бағдарлаулар жүйелі өткізілді, оларда басшылар мен бас мамандар сөз сөйлейді. Совхоздың баспасөз тобының мүшелері «Жемшөп дайындауға — жоғары қарқын мен сапа» бюллетенін күн сайын шығарды, онда көгілдір орақ озаттарының табыстары, сондай-ақ кемшіліктер, еңбекті нашар ұйымдастыру фактілері аталды.

Егіс бригадасы үгіт тобының мүшелері — агроном А. П. Каневский, озат механизаторлар А. Т. Балжанов, В. П. Шалайкин дәнді дақылдарды интенсивті технология бойынша өсірудің артықшылықтарын совхоз егіншілеріне иланымды түсіндіреді. Биыл ол шаруашылықта 2 мыңнан астам гектар алқапта енгізілді.

Шаруашылықтың үгіт коллективі еңбек тәртібін нығайту жөнінен белсенді жұмыс жүргізеді. № 3 бөлімше егіншілерінде ол аса нәтижелі болды, мұнда трактор-егіс бригадасының бригадирі К. Н. Нұрсұлтанов жетекшілік етеді. Оның бригадасы, міне, екінші

Digitized by Google

жыл коллективті мердігерлікте жұмыс істеп, еңбек тәртібін бұзбайды және жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Мәселен, бөлімше егіншілері 1985 жылы гектарына жоспардағы 15 центнердің орнына 21,7 центнерден дәнді дақыл алды. Биыл да коллектив астық өндіру мен оны мемлекетке тапсыру жоспарын алғашқылардың бірі болып орындады.

Үгіт коллективінің жетекшісі аға үгітшілерді ай сайын жинап, совхоздың істері, коллектив міндеттері туралы айтады. Семинарларда адамдармен жұмыс жүргізу тәжірибесі алмасылады, еңбек коллективтерін толғандыратын мәселелер талқыланады.

— Бұл кездесулер шаруашылық жетекшісі ретінде маған да өте-мөте пайдалы, — деп әңгімелейді В. П. Колганов. — Үгітшілермен араласа жүріп, коллективте дүниеге келген жаңалықтар, таңдаулы адамдар, кемшіліктер мен шешілмеген міндеттер туралы хабарларды аламын. Партиялық тапсырма тұрғысынан жолым болды деп есептеймін.

Директор үгітшілермен бірнеше мәрте кездескеннен кейін бұйрықтар мен жарлықтар шығарды, оларда активистер көтерген мәселелер өз шешімін тапты.

Белсенді үгіт-бұқаралық жұмыс совхоз коллективінің істеріне, олардың егіншілік пен мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіріп, мемлекетке тапсыру жөніндегі жоспарлары мен социалистік міндеттемелерді табысты орындауына үлкен ықпал жасайды. Совхоз аудан шаруашылықтары арасындағы социалистік жарыста үнемі жүлделі орынды алады. Алғашқы жарты жылдық қорытындысы бойынша сүт өндіру мен оны мемлекетке тапсырудағы табыстары үшін совхоз малшыларына қалалық партия комитеті мен халық депутаттары аудандық Советінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Т. ТИМОФЕЕВА,

Қазақстан Компартиясы Зырян қалалық комитетінің нұсқаушысы.

ОЗЫҚ ЗАВОДТАҒЫ СЕМИНАР

Бертінде Жамбыл суперфосфат заводының базасында Жамбыл қаласы Завод ауданы бастауыш партия ұйымдары секретарьларының семинары болып өтті. Оның күн тәртібіне «Ғылыми-техникалық прогресті жеделдету — инженерлік және идеологиялық жағынан қамтамасыз етілсін» деген өзекті мәселе енгізілді.

Семинарға қатысушылар идеология активистерінің заводта негізгі өндірістік қорларды жақсарту, техникалық қайта жарақтану мен қайта құру, өнімнің жаңа түрлерін игеру, өндіріс қалдықтарын барынша пайдалану мәселелерін қамтитын өндірісті дамытудың ұзақ мерзімді программасын талдап жасауды жүзеге асыруға қалай көмектесетінімен танысты.

«Дөңгелек стол» басындағы әңгімелерді, ғылыми-техникалық информация күндерін өткізу секілді жұмыс формалары экономиканы интенсивтендіру жолындағы күресте еңбекшілердің белсенділігін арттыруға бағытталған. Цех басшыларының және басқа мамандардың қызметі бүгінде оларға бекітілген учаскелерде ғылым мен техника жетістіктерін енгізуіне қарай бағаланады. Мұның өзі социалистік жарыстың қорытындысын шығаруда басты түйінге айналды.

Озық тәжірибені насихаттауда нақтылық барынша көрінді. Мәселен, жарыс жеңімпаздарының, таңдаулы рационализаторлар мен өнертапқыштардың жұмысы жайында әңгімелейтін үгіт плакаттары ай сайын шығарылады.

Завод директоры А. Егоровтың үнем тәртібін нығайту жөнінен мұнда қалыптасқан жұмыстың тиімді жүйесі туралы әңгімесі мәжіліске қатысушылардың зор ықыласын туғызуда. Заводтықтар өткен жылы үнемделген шикізатпен, отынмен және материалмен алты күн жұмыс істеді.

Жұмысшыларды, инженерлер мен техниктерді біріктіретін ондаған творчестволық бригадалар ресурстарды үнемдеудің нақты проблемаларын талдап жасауда.

Кәсіпорында біліктіліктің өсуі сияқты резерв те жақсы пайдаланылады. Оқытудың осы заманғы құралдарымен жабдықталған заводтық 290 орындық оқу-курстық комбинатында болу семинарға қатысушыларда үлкен әсер қалдырды.

Кәсіпорын тәжірибесімен танысу өз жұмысын белсенді түрде қайта құрып жатқан ауданның коллективтеріне жақсы қызмет етеді.

Х. ТАҢЖАРЫҚОВ,
Қазақстан Компартиясы Завод аудандық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.
Жамбыл қаласы.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ – АГИТАТОР КАЗАХСТАНА

№23

ДЕКАБРЬ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің журналы

Плакат-бет

ТЕХНИКАНЫ ӘЗІРЛІК САПЫНА ҚОЯЙЫҚ

Редакция бет-плакаттарды жариялай бастады. Оларды әңгімелер мен саяси хабарларда, көрнекі үгітті безендіруде пайдалануға болады.

Оның алғашқы беті механизаторларға, ауыл шаруашылық техникасын көктемгі дала жұмыстарына әзірлеумен айналысып жатқан адамдардың бәріне арналған.

ШАРУАГЕРЛІК КӨЗҚАРАСПЕН ҚАРА

Жолдас! Ие ретінде машина ауласының территориясын аралап, мұнда бәрі тиісті дәрежеде жасалған немесе жасалмағанын қара. Ең алдымен техника ұзақ уақыт сақтауға қойылатын «қысқы пәтердің» өзі әзірленген бе және машиналардың бәрі осында жеткізілген бе?

Бұл тұрғыдан Көкшетау облысы «Веденов» совхозының машина ауласы үлгі бола алады. Мұнда мүлтіксіз реттілік орнатылған: ең алдымен комбайнды сақтауға қоймас бұрын оны тазартып, мұқият жуады. Сосын консервация постысының жұмысшылары іске кіріседі: жеке сақталатын қораптар мен бөлшектерді тоттануға қарсы ұқсатуды дер кезінде және мұқият жүргізеді. Жүріс бөліктері туралы айрықша қамқорлық жасалады.

Техниканы сақтауға қоюға байланысты оралымсыздықтан келетін нұқсанды өтеу көбіне мүмкін болмайды.

МЫНА ФАКТІЛЕРГЕ ОЙ ЖІБЕРІҢІЗДЕРШІ:

*** Егер машина ластан, тұқымнан, отамалы дақылдардан дала жұмыстары аяқталғаннан кейінгі он күн бойына тазартылмаса, онда кескіш аппарат пен бөлшектердің жұқа қаңылтырларының ресурстары 15 процентке кемиді.**

*** Егер сақтау барысында пожрышкалар жүктелімнен алынбаса және қорғау сырларымен сырланбаса, онда бұл оның «жұмыс» мерзімін 20—25 процент кемітуге соқтырады.**

*** Аландардың тегіс болмауы ұзақ сақталатын машиналардың агрегаттары мен бөлшектерінің формасының өзгеруіне соқтырады. Мұндай жағдайда тұғырларды қолдану керек.**

*** Машина ауласында астық жинайтын комбайнды консервациялауға байланысты бүкіл жұмыс шаруашылыққа 10—12 сомға түседі. Егер осы жұмысты жүргізбесең, бір комбайнның бөлшектерін қалпына келтіруге қосымша 80—150 сом жұмсайсың.**

*** Егер комбайннан втулкалық-роликті үзбелерді алып, оларды майлы ваннаға қойсаң, онда олар осы қамқорлықты жұмыс мерзімін екі есе арттырумен «өтейді».**

*** Жақсы шаруагерде клинді тартпалар оларды алуды, тазартып, қоймаға сақтауға қоюды ұмытып кететіндерге қарағанда екі есе көп жұмыс істейді.**

АЛ СІЗДЕРДЕ ҚАЛАЙ?

Талдықорған облысындағы Сарыөзекте орналасқан № 20 орта кәсіптік-техникалық училищесінің машиналары онша көп емес. Алайда азкемі жоқ барлық тракторлар, автомашиналар, техникалық қамту агрегаттары мұнда ажыратып алынған, көпшілігі машина ауласына жетпей қалған. Иә, мұнда оларға арналған орын да жоқ. Ауланың ортасында тістері тот басқан тырмалар үйіліп жатыр. Оның есесіне орта кәсіптік-техникалық училищенің директоры Ж. И. Еспенбетов оқу орны үшін жаңа техниканы бөлуді табандылықпен өтінуде.

*** Қараңыздар, мүмкін, сіздің коллективте де осындай кемшіліктер бар шығар? Онда дабыл қағып, реттілікті жолға қоюға белсене қатыс.**

Digitized by Google

Кадрларды және техниканы жаңа егін жолындағы күреске өте жақсы әзірлеу мен даярлау — барша адамның, әр кісінің міндеті.

Жөндеуде бригадалық мердігерлік белсенді енгізілсін. Мұның өзі жұмысты жеделдетуге, оларды арзандатып, жоғары сапаға қол жеткізуге көмектеседі.

Бүгінгі басты міндет — техниканы жедел әрі сапалы жөндеу жолындағы жауынгерлік социалистік жарысты ұйымдастыру. Бұл үшін жұмыс қорытындыларын күн сайын шығаруды реттеу, жеңімпаздарды материалдық және моральдық мадақтау формаларын ойластыру, кемшіліктерді жедел жою, артта қалушылардың озаттар деңгейіне шығуына дер кезінде көмектесу қажет.

БІР КҮН ДЕ КЕШЕУІЛДЕТІЛМЕСІН

* Биылғы орақ қарсаңындағы дабылды еске алайық. Бидай толысып пісті, Жезқазған, Ақтөбе, Семей және Орал облыстарында әрбір үшінші комбайн ақаулы күйінде тұрды. Торғай облысында бұл мерзімге дейін бірде-бір комбайн дайын техника сапына қойылмады.

* 1986 жылы жөндеу графигінің бұзылуынан, оның сапасының төмендігінен және тракторларға тиісті техникалық күтім жасаудың жоқтығынан республика совхоздары мен колхоздарында олардың әрқайсысы сегіз ай ішінде ғана толығынан үш күн іркіліс жасады. Егер бұл «Кировец» болса, одан келетін нұқсан 195 сомға түседі.



Шымкент облысы. Сарыағаш ауданы «Қапланбек» совхозында жөндеу шеберханасының токары Р. Р. Миллер жаттарды рационализаторлық жұмысқа үнемі тартады.

Суретте: Роман Романович жас жұмысшы Б. Саджановпен бірге тұр.

ӨЗДЕРІҢДЕ ҚОЛДАНЫҢДАР

Целиноград облысының «Самар» совхозында техниканы қалпына келтіруді ұйымдастыруынан көп нәрсені үйренуге болады. Мұнда машинаны жөндеудің озық агрегаттық әдісі енгізілген. Ол жыл бойы жұмыс істейді.

Совхозда бұл үшін тораптардың алмасу қоры біртіндеп жасалды. Қатардан шығып қалған машиналарды және жаңадан түскен запас бөлшектерді пайдаланады. Түзу агрегаттар машина ауласының қоймасында сақталады. Істен шығып қалған торапты тексерілген тетікпен алмастыруға онша көп уақыт талап етілмейді. Ал бұдан алынатын ұтыс зор.

Ал техниканың іркілісінен болатын егін ысырабын қалай мөлшерлеуге болады?

Техниканы жөндеудегі ұйымшылдық келешекте науқандағы тиянақты жұмыспен өтеледі.

Өте жақсы әзірленген машиналар мен құралдар — интенсивті технология жоғары қайтарымының алғашқы шарттарының бірі.

ДИҚАНДЫ ҮЯТҚА ҚАЛДЫРМА

Егер Қарағанды жөндеу заводында ЯМЗ-238НБ моторы түпкі нәтиже бойынша ақы төленетін коллективтік мердігерлікте жұмыс жасаушы В. А. Гунбердің бригадасында қалпына келтірілсе, ол ешбір ақаусыз іске қосылады, жауапты сәттерде диқандарды ұятқа қалдырмайды.

Ал Атбасар механикалық жөндеу заводында техниканы жөндеу технологиясы жылдар бойы өрескел бұзылады. Іс мынаған дейін барды: тракторлардың, моторлардың, басқа агрегаттардың қыруар бөлігі, былайша айтқанда, кем болып шықты.

Бертінде осы кәсіпорында шығарылатын өнім сапасының қанағаттанғысыздығы, қарауындағы адамдарға тиісті талап қоймағаны үшін бас инженер А. В. Иванов пен техникалық бақылау бөлімінің бастығы В. В. Петренко жұмыстарынан алынды. Завод директоры А. И. Самохваловқа сөгіс жарияланды.

НАЗАРДА БОЛСЫН!

1987 жылғы январдан бастап «Ауыл шаруашылығында пайдаланылатын техника. Сақтау ережесі» деген жаңа мемлекеттік стандарт (7751—85) қолданыла бастайды. Әр механизатор, оның үстіне әр маман осы ережені оқып үйреніп, оны ұдайы басшылыққа алуға тиіс.

Республикада таңдаулы машина ауласына байқау-конкурсы өткізілуде. Оның қорытындысы 1987 жылы мартта шығарылады.

Digitized by Google

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЛЕКЦИЯЛАРДЫҢ, ӘҢГІМЕЛЕРДІҢ, САЯСИ ХАБАРЛАРДЫҢ ҮЛГІ ТАҚЫРЫБЫ

КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдерін жүзеге асыруға бүкіл күшті жұмылдырайық.

КПСС Орталық Комитетінің Совет Одағы еңбекшілеріне арнаған Үндеуіне мал қыстатуды үлгілі өткізумен, он екінші бесжылдықтың алғашқы жылының жоспары мен міндеттемесін ойдағыдай орындаумен жауап береміз.

Фермалардың өндірістік-экономикалық потенциалын барынша тиімділікпен пайдалану, мал шаруашылығының жедел әрі тұрақты дамуын қысқа мерзімде қамтамасыз ету, саланың ұзаққа созылған артта қалушылығын жою — КПСС Орталық Комитетінің республикада мал шаруашылығын дамыту мәселелері жөніндегі қаулысы мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті IV пленумының шешімдерінде ұсынылған басты міндеттер.

Шаруашылығымыздың, комплексіміздің, фермамыздың Азық-түлік программасын жүзеге асыруға қосар үлесін қалай молайтамыз.

Коммунистер — мал шаруашылығын одан әрі интенсивтендіру, ферма өнімдерін өндіруді молайтып, оның өзіндік құнын кемітуге жолындағы күрестің ұйымдастырушылары.

Мал қыстатуды табысты өткізу жолындағы Бүкілодақтық және республикалық социалистік жарыс жеңімпаздары — өндіріс озаттарының тәжірибесі жаппай пайдаланылсын.

Көкшетау облысы Шучье ауданы еңбеккерлерінің он екінші бесжылдық тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі инициативасы еңбек коллективтерінде қалай қосталуда.

Комсомолдың мал шаруашылығы фермаларына қамқорлық жасауын дамыта берейік.

Интенсивті технологияны кеңінен қолдану — фермалар мен комплекстерде өнімділікті арттырудың сенімді құралы.

Товарлы сүт фермалары мен комплекстерінің екі сменалық жұмысы — әр малшының еңбек өнімділігін тиянақты арттыруының кепілі.

Әр ферма мен комплексте малшылардың еңбегі мен демалысына барынша қолайлы жағдай жасалсын.

Қор қайтарымын арттыру — мал шаруашылығын дамытудың және жеделдетудің сенімді жолы.

Мал шаруашылығы өнімдеріне — өте жақсы сапа.

Шаруашылық есеп пен коллективтік мердігерлік — мал шаруашылығында жоғары түпкі нәтижелерге жетудің маңызды жолы.

Жемшөпке, электр энергиясына, құрал-жабдықтарға және басқаларға ұқыпты қарау — өнімнің өзіндік құнын кемітуге жолындағы күрестің басты бағыты.

Теңестірілген рацион және малды жемдеудің тиянақты графигі — фермалардың жоғары өнімді жұмысының негізі. Құнарлы жемді аз жұмсау арқылы мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде аса жоғары нәтижелерге жету қамтамасыз етілсін.

Табынды толықтырудың және жас төлдерді сақтаудың прогрестік тәсілдері кеңінен енгізілсін. Бұзауларды салқын жерде өсіру әдісі — олардың өлім-жітімсіз сақталып, құнарлығын арттырудың тиімді тәсілі.

Қысқы жайылым ұтымды пайдаланылсын.

Фермалар мен комплекстерге — мал дәрігерлік үлгілі қызмет және санитарлық мәдениет.

Мал шаруашылығының барлық саласын дамытып, оларды интенсивтендіруге ғалымдардың қосар үлесін үдетейік.

Әр фермада, әр учаскеде машиналарды, механизмдерді және жабдықтарды жоғары өнімді пайдалану қамтамасыз етілсін.

Малшылардың қысқы оқуына — жоғары ұйымшылдық пен нәтижелілік.

Еңбек, өндірістік және технологиялық тәртіпті қатаң сақтау — фермалар мен комплекстердің өнімділігін арттырудың маңызды резерві.

Жемшөп базасын дамыта беру — әрбір совхоз бен колхоз коллективінің, аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктің біріншi және кезек күттірмес қам-қарекеті.

РАПО мамандары — мал қыстатуды үлгілі өткізуді ұйымдастырушылар.

Мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы одақтық және республикалық қорына қосар үлесі — ферма қызметкерлерінің социалистік жарысы нәтижелерін бағалаудағы басты түйін.

Ет-сүт өнеркәсібі орындары коллективтерінің парызы — фермалардың бүкіл өнімін дер кезінде қабылдап, сапалы ұқсату.

Құрама жем, микробиология және химия өнеркәсібі еңбеккерлерінің қоғамдық мал қыстатуды табысты өткізуге қосар үлесі молайтылсын.

Фермалардың, комплекстердің, шалғай учаскелердің еңбеккерлеріне үлгілі сауда, мәдени және медициналық қызмет көрсетілсін.

Шаруашылықта, фермада он екінші бесжылдықтың екінші жылына арналған социалистік міндеттемені талдап жасау қалай өтуде?

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 70 жылдығын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілсін.

✦✦✦✦✦✦✦

Digitized by Google

АТТЕСТАЦИЯЛАУ — ЖЕДЕЛДЕТУ КІЛТІ

Озық тәжірибені насихаттау — республикалық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің басты міндеттерінің бірі. Үстіміздегі жылдың өзінде халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде экономиканы, ғылымды, мәдениетті, білімді дамытудың өзекті мәселелері жөнінен жүзден астам тақырыптық көрме, байқау мен семинар өткізілді. Салааралық «Республиканың таңдаулы кәсіпорындарының жұмыс орындарын аттестациялау жөніндегі тәжірибесі» деген тақырыптық көрме олардың ішіндегі маңызды мәселелердің біріне айналды. Онда аттестацияның өндірістік қуаттарды пайдалану тиімділігін арттырудағы, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін өндіріске енгізудегі, еңбекшілердің творчестволық белсенділігін дамытудағы, еңбекті ұйымдастыру мен оның жағдайын жақсартудағы ролі көрсетілді.

Днепропетровскілік комбайн жасаушылар үлгісі бойынша республикада мыңнан астам еңбек коллективі жұмыс орындарын аттестациялап, жетілдіруді жүргізуде. Осы жұмыстың алғашқы нәтижелері мынадай: 350 мыңнан астам жұмыс орнынан 224,8 мыңы прогрестік тиісті талаптарға жауап береді, деп танылды, 127 мыңдай жұмыс орны жетілдірілді, 5,7 мың жұмыс орны жойылды. Өткен жылы аттестациялаудың экономикалық тиімділігі 4 миллион сомнан астам құрады. Еңбек ресурстарының тапшылығы кеміді.

Кәсіпорындарда 38,7 мыңнан астам ұйымдық-техникалық шара талдап жасалды. Мәселен, еңбек пен техника хауіпсіздігі жағдайын жақсарту арқасында өнеркәсіпте қолмен атқарылатын жұмыстың үлес салмағы жыл ішінде 1 процентке кеміді.

Көрме Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің, Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің кәсіпорындарында, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының еңбек коллективтерінде, «Қарағандағормаш», «Казжелезобетон» өндірістік бірлестіктерінде, Алматы ауыр машина жасау заводында және басқаларда ресурстарды үнемдеуші технологияны талдап жасауда аттестациялаудың нәтижелерін белсенді пайдалану туралы әңгімеледі.

«Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі коллективінің жұмыс тәжірибесі кеңінен ашылды. Мұнда днепропетровскіліктердің бастамасын республикада бірінші болып қостап, өндіріс ерекшелігін ескеру арқылы оны творчестволықпен енгізді.

Бірлестікте аттестацияны өткізу жөніндегі комиссияға технологтар, еңбекті ұйымдастыру мен нормалау жөніндегі инженерлер, қызмет мамандары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, озат жұмысшылар енді. Ең алдымен жұмыс орындарын тіркеу жүргізілді, ал сосын комплексті талдау негізінде прогрестік талаптарға сәйкес олар аттестацияланды. Жұмыс орындарының бәріне рет номері беріліп, олардың іс жүзіндегі жүктелімі анықталды. Комплексті талдау жұмыс орындарын жарақтандырып, қамту, жоспарлау мен еңбек жағдайы, еңбекті бөлу, кооперация мен нормалау белгілері бойынша жүргізілді.

Нәтижесінде аттестациялауға ұсынылған 5 мың жұмыс орнының 88 процентten астамы прогрестік талаптарды қанағаттандырады және 12 процентейі еңбекті ұйымдастырудың үлгі-жобаларына сәйкес келмейді деп танылды, дегенмен оларды нормативті дәрежеге жеткізуге болады, әртүрлі себептерден тиімсіз 150 жұмыс орнын қысқарту ұйғарылды. Осы жұмыстың тиімділігі жоғары. Мәселен, біліктерді ұқсатудың автоматты желісі мен сеялка дискілерін дәнекерлеуге арналған прессті-дәнекерлеу қондырғыларын енгізудің өзі ғана өндірістік алаңның 100 шаршы метрін және 22 жұмысшыны босатуға көмектесті.

Бертінде «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігінде жұмыс орындары мен мастерлерді аттестациялауды өткізді. 136 орыннан 79 орын талаптарға сай келеді деп танылды, 34 орын аттестацияланбады.

Digitized by Google

Осы кәсіпорында талдап жасалған аттестациялау әдісі жұмысшы күшін босатумен қатар өндірістің техникалық дәрежесі мен оның тиімділігін арттыру міндеттерін табысты шешуге көмектесті. Демек, мұнда алғашқы жарты жылдықта өнімдердің өзіндік құны 0,8 процент кеміді, жабдықтардың сменалық коэффициенті 1,27-ден 1,52-ге дейін артты, қор қайтарымы 2,1 процент өсті.

Бірлестікте еңбек коллективтерінің аса белсенді қатысуы арқылы аттестациялanбаған жұмыс орындарын жетілдіру басталды. Үстіміздегі жылдың өзінде осы учаскелерде прогрестік жабдықтарды, технологияны және тетіктерді енгізу, өндірістік процестерді автоматтандырып, механикаландыру көзделді, олардың экономикалық тиімділігі 382 мың сом болады деп күтілуде.

Аттестациялау басталғаннан бергі бес жыл ішінде бірлестікте өндіріс көлемі 20,2 процент өсіп, өзіндік құн 4,75 процент кеміді, еңбек өнімділігі 42,6 процент артты. Өнімділік нормасын қайта қараудан еңбектің жұмсалуы 28,2 процент кеміді. Бригадалық формамен қамту 45,6 процент көбейді. Өткен бесжылдықта 20 миллион киловатсағаттай электр энергиясы, 45,5 мың гигакалорийден астам жылу энергиясы, 34,6 мың тонна қара металл прокаты үнемделді.

Көрмеге қатысқан 15 министрлік пен ведомстводан Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің бөлімі зор ықылас тудырды, ол Октябрь Революциясының 50 жылдығы атындағы Жамбыл ГРЭС-інде жұмыс орындарын жетілдіру тәжірибесін ашады. Өскемен титан-магний және Ащысай полиметалл комбинаттарында жұмыс орындарын аттестациялау кеңінен көрсетілді. Онда металлургия өндірісінің ерекшеліктері ескерілді.

Алматы мақта-мата комбинатында аттестацияны өткізу барысында көптеген пайдалы нәрселер дүниеге келді. Бұл техникалық жедел турнирлер, көшпелі техникалық семинарлар, викториналар және кәсіптік ойындар. Алматы мақта-мата комбинатында дүниеге келген техникалық идеялар жәрмеңкесі еліміздің көптеген кәсіпорындарының игілігіне айналды. Осы шаралардың бәрі өндірістегі «олқы» орындарды қыруар қысқартуға көмектесті.

Аттестация — өнім сапасын жақсарту кілті. Халық тұтынатын жоғары сапалы товарлар шығаруды молайту жөніндегі республикалық социалистік жарыс инициаторы — Шымкенттің «Восход» тігін фабрикасының экспозициясымен танысу барысында бұған иланасың. Өткен жылы фабрикада жүзден астам жұмыс орны қайта аттестациялanды, оларды жетілдіру жөнінен 150 шара енгізілді, мұның өзі 150-дей адамды шартты түрде босатуға көмектесті және 600 мың сомнан астам экономикалық тиімділік берді, қол еңбегінің үлесін қыруар қысқартты. Енді аттестациядан өткен учаскелерде өнім тек Сапа белгісімен шығарылады. Қазір кәсіпорында қосалқы өндірістің жұмыс орындарын аттестациялау өтуде.

«Республиканың таңдаулы кәсіпорындарының жұмыс орындарын аттестациялау жөніндегі тәжірибесі» көрмесі озық бастамаларды өмірге кеңінен енгізуге әсер етті. Оның базасында семинарлар, озық тәжірибе мектебінің сабақтары өткізілді, ұсыныстар қабылданды.

Көрмеде 16 мыңдай адам — республиканың барлық облыстарынан келген өнеркәсіп орындарының басшылары, мамандары, өндірістік коллективтердің мүшелері болды. Оны тұрақты жұмыс істейтін көрме ету тұрғысынан ұсыныстар айтылды. Осыны ескеру арқылы оның аса маңызды экспонаттары «Байланыс», «Ауыр машина жасау өнеркәсібі», «Құрылыс» және басқа павильондарда орналастырылды.

Б. ЖҰМАШЕВ,
Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің директоры.

Журнал почтасынан

ШАҚЫРУ ҚОСТАЛДЫ

Оттегі-тыныс алу аппаратурасы заводынан С. Есімсейтованың станокшылар бригадасы жұмыс графигінен бір айға алда келеді.

Озық коллектив бесжылдықтың екі жылының жоспарын Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына аяқтау инициативасын кәсіпорында бірінші болып қостады. Заводтың ондаған бригадалары, учаскелері, цехтары станокшылардың шақыруына қосылды.

Көкшетау.

Digitized by Google

РЕСПУБЛИКАНЫҢ БІР КҮНІ

Бұл деректер «Қазақстан цифрларда» деген шағын статистикалық жинақтан алынды. Оны Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы әзірлеген және таяуда ғана «Қазақстан» баспасынан шықты.

Жыл ішіндегі календарлық күндерді ескергенде Қазақ ССР-інде тәулігіне орта есеппен төмендегідей мөлшерде өнеркәсіп өнімдері өндіріледі:

	1975	1985
электр энергиясы, миллион киловатт-сағат	143,7	223,3
мұнай (газ конденсатын қосқанда), мың тонна	65,4	62,6
көмір, мың тонна	252,7	358.4
қара металдың дайын прокаты, мың тонна	10,5	11,5
темір рудасы, мың тонна	58,8	63,0
металл жонатын станоктар, дана	7	9
экскаваторлар, дана	4	5
бульдозерлер, дана	22	37
минералды тыңайтқыштар (жұғымды заттардың 100 процентіне есептегенде), мың тонна	3,1	3,9
талшықтар мен химиялық жіптер, тонна	48	58
синтетикалық смолалар және пластикалық заттар, тонна	66	487
құрылыс кірпіші, миллион дана	5,9	5,2
мата, мың шаршы метр	325,8	624,2
іш киімдік трикотаж, мың дана	129,4	189,6
сырт киімдік трикотаж, мың дана	75,0	83,7
былғары аяққиім, мың пар	83,0	88,2
кір жуатын машина, дана	452	502
ұнтақ қант, тонна	404	924
мал майы, тонна	123	189
ет (1 категориялы ішек-қарынды, өкпе-бауырды қосқанда), мың тонна	1,9	1,8
қаймағы алынбаған сүт өнімдері, мың тонна.	2,5	3,3

ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС

Қостанайдың мәуіті-шұға комбинатының директоры Ш. Қапқаевтың кабинетінде телефон қоңырауы соғылды да цехтармен тікелей «Контакт» байланыс желісі жұмыс істеді.

— Алло! Сізбен сөйлесіп тұрған...

Директорға қоятын сұрақтары бар адамдардың бәрінің әңгімесі осылай басталады.

Жіп иіру өндірісінің қызметкерлері директормен байланысқа бірінші болып шықты. Олар жіптің сапасы төмен қалдықтарын үйіндіге жібермеу керек екендігіне назарды аударды. Оларды арзан бағамен комбинат қызметкерлеріне сату тиімді болар еді. Комбинат территориясында қиындылар мен жіп қалдықтарын сататын магазин ашу керек. Кәсіпорын 1 январьдан бастап толығымен өзін-өзі қаржыландыруға және өзін-өзі өтеуге ауысуда, сондықтан магазиннің ашылуы өте орынды болады.

Көп металдың үйіндіге тасталатыны да қызметкерлерді толғандырады.

— Оларды неге іске жаратпаймыз? — дейді олар.

Бұл мәселе де шешілуде. Оларда цехтар аралығындағы өтетін жерлерден шайхана ашу ұсынысы да бар.

Комбинатта байланыстың осындай сеанстары ай сайын өтеді. Кәсіпорын партия комитетінің пікірі бойынша, көп мың адамдық коллектив жағдайында олар басшының жұмысшылармен және қызметкерлермен қарым-қатынасының дәстүрлі формасын: цехтағы кездесулерін, жиналыстарда баяндамалар жасап, сөз сөйлеулерін т. б. жақсы толықтырады, коллективтік творчествомен дүниеге келген инициаторларға жедел үн қатуға көмектеседі. Иә, бұл цех басшыларын еңбекшілердің ұсыныстарына жедел үн қатуға мәжбүр етеді. Демек директорға қойылған мәселелердің көпшілігі бұған дейін цехтарда көтерілгенімен, бірақ шешімдерін таппаған ғой.

В. ПЕТРОВ.

Digitized by Google

БҰЛТАРТПАС АҚИҚАТ

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының 15-номеріндегі «СССР-де немістер қалай тұрады?» деген мақаланы қанағаттанғандық сезіммен оқып шықтым. Ұлты неміс еңбекшілер СССР-дің басқа халықтарының өкілдерімен қол ұстаса, жасампаз еңбекке қатысуда. Барлық совет адамдары сияқты біз партия мен үкіметтің бейбіт инициативасын мақұлдап, бүкіл жер бетіне төнген қауіпті аластау үшін жанталаса қаруланауға қарсы күреске өз үнімізді қосамыз.

СССР — біздің Отанымыз. Советтік әрбір бес немістің үшеуі орыс тілін неміс тіліндей ана тілім деп есептеуі кездейсоқ емес. Барлық совет азаматтары сияқты біз СССР Конституциясы кепілдік берген праволарды пайдаланамыз. Дегенмен Батыста кейбіреулер СССР-де немістерге қысым жасау, адам праволарының бұзылуы туралы пайымдаулардан кет әрі емес. Советтік ақиқат буржуазиялық насихаттың өтірігін қадам сайын жоққа шығаруда. Мысалға әйелім екеумізді алайық. Біз бүкіл өміріміз бойына өндірісте жұмыс істедік. Екеуміз де пенсия аламыз. Таяуда дәрігерлердің кеңесімен денсаулығымызға байланысты Уралдан көрікті, шағын Қаратау қаласына көшіп келдік. Бізді мұнда жақсы қарсы алып, жайлы пәтер берді. Біз материалдық жағынан қамтамасыз етілдік, белсенді өмір сүрудеміз. Германия Федеративтік Республикасынан ешқандай көмекті қажет етпейміз.

Қазақстандықтардың қандай біртұтас ұйымшыл семьяда тұратынына әбден иландық. Тек біздің қаламыздың өзінде ғана 47 ұлттың өкілдері: орыстар, қазақтар, украиндар, немістер, ұйғырлар т. б. тұрады. Олардың бәрі Оңтүстік Қазақстан қойнауының байлықтарын игеріп, жауапты істермен айналысуда.

Батыстағы «жұмақ өмір» туралы қақсаушы буржуазиялық насихаттың ықпалына еріп, Отанын тастап кететін адамдарға жаның ашиды. Оларды қандай ащы өкіністер күтіп тұр! Олар біздің советтік құрылыстың артықшылықтары туралы, бізде жұмыссыздықтың жоқ екені, тегін білім мен медициналық қызмет туралы соншалықты кеш түсінеді ғой. Совет адамдары арасындағы достық ахуал, өзара көмек, жылылық оларда мәңгіге ұмытылады.

Шындық өтіріктен әрқашан күшті. Бұрынғы совет азаматтары біздегі туысқандарына ФРГ-дегі өмірдің қиыншылықтары туралы жазады, үкімет басшыларынан СССР-ге қайтуға рұқсат етуді көз жасын төге өтінеді. Таяуда жастардың «Ленинская смена» газеті ФРГ-дегі шақырушылардың сөзіне еріп, ата-анасымен бірге Отанын тастап кеткен он жеті жасар Элла Есс деген қыз туралы әңгімелеген болатын. Жат елде тұруға оның күші жетпеді, сөйтіп ол нағыз дұрыс жолды таңдады: Отанына қайта оралды.

Бірнеше жылғы «жұмақ өмірден» кейін үйіне оралғандармен де таныспын. «Бұрын қайда болдыңдар?» — деп сұраймын олардан. Мүмкін бұл кешіккен сұрақ болар, бірақ оған жауап беру керек деп ойлаймын. Біздің еліміздің азаматтарына берілген шексіз мүмкіндіктер туралы әрқашан есте сақтау керек.

Александр МАЙЕР,
пенсионер.

Қаратау қаласы.
Жамбыл облысы.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ КИНОТЕАТР

Арқалықта жұмыс істей бастады. Автобус салонында жабдықталған оның залында небары 36 орын бар, дегенмен оның тиімділігі мынада: көрермендер оған келмейді, керісінше ол көрермендерге барады.

Безендірілген автобус аулалардың біріне келісімен, оған қарай бар бала «Мультфильм келді!» деп шулап жүгіреді. Әрине, программада тек мультфильм ғана емес, сондай-ақ деректі және ғылыми-көпшілік фильмдер де бар.

Таяуда «Алтын кілтпен» (жылжымалы кинотеатр осылай аталды) қала төңірегіндегі поселкелердің балалары да танысады. Онда ересектерді де қызықтыратын нәрселер бар: Торғай боксит рудасы басқармасының қосалқы шаруашылығы жұмысшыларынан оны «алауға» келуге шақырулар түсті.

В. МАРКОВ,
облыстық «Торғай таңы» газетінің тілшісі.

Арқалық.

Digitized by Google

КӨШЕ АТТАРЫН КІМ ҚОЯДЫ?

Көшелердің, алаңдардың, парктердің аттарын кім бекітетінін түсіндірсеңіздер екен. Еңбек коллективтері, жекелеген азаматтар өз ұсыныстарын енгізе ала ма және мұндай жағдайда кімге айту керек? Кейбір поселкелерде көше аттарының болмауы дұрыс па?

З. ҚАЙЫРБЕКОВА,
үгітші

Қостанай облысының Жітіқара қаласы.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Советтер жұмысы жөніндегі бөлімі меңгерушісінің орынбасары Ю. Я. ПОДОСЕПОВ сұраққа жауап береді.

Бізде жыл сайын жаңа елді мекендер, микроаудандар, көшелер, алаңдар, парктер, кинотеатрлар пайда болады. Және олардың атауларының саяси, тәрбиелік мәні зор. Демек олардың атауларынан халықтың жанды тарихы, оның таңдаулы ұлдары мен қыздарының көрнекі еңбектері танылады.

Қазақ ССР тиісті халық депутаттары қалалық, поселкелік және аудандық Советтерінің атқару комитеттері әкімшілік-территориялық құрылым мәселелерін шешу тәртібі туралы ережеде проспектілердің, көшелердің, көше қиылыстарының, алаңдардың, скверлердің, көшелердің, басқа да ғимараттардың аттарын қоятыны және қайта ат қоятыны анықталған. Төменгі халық депутаттары Советінің атқару комитеттерінің ұсынысы бойынша халық депутаттары Советтерінің қалалық, облыстық (республикаға бағынышты қалалардың) атқару комитеттері проспектілерге, көшелерге, алаңдарға және елді мекендердің басқа құрамдар бөлігіне мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлердің, еңбек және соғыс ерлерінің есімдерін береді. Мәселен, халық депутаттары Алматы облыстық Советі атқару комитеті таяуда Қаскелең аудандық Советі атқару комитетінің Дружба поселкесіндегі Дачная көшесінің атын өзгерту туралы өтінішін қанағаттандырды. Енді бұл көше Айсавдун Науметов есімімен аталады. Поселке тұрғындарының жиыны жерлесінің есімін мәңгі сақтауға инициатива жасады, ол бұл туралы халық депутаттары Ленин селолық Советінің атқару комитетіне ұсыныс енгізді.

Дачная көшесіндегі үйде туып, ер жеткен бөлімше командирі, кіші сержант, комсомолец А. Науметов борышын өтеу үстінде ауған халқының бақыты үшін күресте ерлікпен қаза тапты, ол бұл ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды. Жергілікті мектептің оқушылары оның есімімен аталатын көшені қамқорлыққа алды.

Кейбір поселкелердегі көшелердің аттары жоқ екенін хат авторы дұрыс байқаған. Мұндай болуы мүмкін емес. Ондай кемшіліктер таяуда Семей және басқа облыстардың совет органдарына атап көрсетілді, оларда көптеген елді мекендердегі көшелердің аттары, үйлердің номерлері жоқ.

Көшелерге ат беру мен үйлерге номер қою — халық депутаттары поселкелік және селолық Советтері атқару комитеттерінің кезек күттірмес міндеті. Еңбек коллективтері де, қоғамдық ұйымдар да, жекелеген азаматтар да бұл мәселе жөнінде осы мекемелерге өтініш жасай алады.

✦✦✦✦✦✦✦✦✦

ДОСТЫҚ МЕРЕКЕСІ

Талдықорған. Киров ауданының Ленин атындағы совхозында шаруашылық территориясында тұратын 14 ұлт өкілдерінің туысқандық дәнекеріне арналған достық мерекесі өтті. «Шын жүректен» атты салтанатты кеште шаруашылықтың өндіріс озаттарын, еңбек ардагерлерін атады. Бұл күні Ленин атындағы мектептің оқушылары дәстүрлі ынтымақтастық жәрмеңкесін өткізді. Мәдениет үйінде ұлттық қолданбалы өнердің көрмесі ашылды, талапкер өнерпаздар концерті болды.

✦✦✦✦✦✦✦✦✦

Digitized by Google

ОҚЫРМАНДАР ҚАУЫМЫНА АРНАЛҒАН

Үгітшілердің кітап сөресіне

Тарих ғылымының докторы М. Бесбаевтың «Қазақстан» баспасынан шыққан «Бауырлас халықтар интернационализмі» деген монографиясы совет адамдарына интернационалдық тәрбие беруді жетілдірудің актуальды проблемаларына арналған. Ол үгіт-насихат активінің қалың тобына, қоғамдық ғылымдар оқытушыларына, мұғалімдерге арналған.

Кітап авторы интернационалдық тәрбиенің ауқымы кең әрі өзара байланысты екенін басшылыққа алады. Ол өндірістік, рухани, коммуникативтік т. б. сияқты жүйелерді қамтиды.

Бірлескен еңбек, социалистік жарыс түрлі ұлттар адамдарын топтастырудың қуатты факторы болуда. Одақтас республикалар кәсіпорындары заказдарын орындауға арналған екпінді еңбек онкүндіктері, республикалардың еңбек коллективтері арасындағы жарыстар және басқалар интернационалдық тәрбие мектебіне айналды. Идеология жұмысының активистері жаңа кітап беттерінен совет адамдарының ынтымақтастығының жарқын үлгілерін табады. Бұл — Бүкілодақтық үш көмір ошағы — Донбасс, Кузбасс және Қарағанды кеншілерінің дәстүрлі достық одағы және Екібастұз энергетика кәсіпорындары құрылысшыларының Москваның, Ленинградтың, Киевтің, Свердловскінің машина жасаушыларымен, еліміздің басқа да индустриалды орталықтарымен жемісті творчестволық байланысы. Өскемен, Запорожье және Березников титан-магний комбинаттарының жарысушы болат балқытушылары бірлесіп, екі жылда бір рет өткізетін металл қорытуралы да дәстүрге айналды.

Тікелей еңбек коллективтеріндегі интернационалдық тәрбиенің формалары егжей-тегжейлі қаралған. Еңбек және интернационалдық тәрбиенің ұштасуы иланымды көрсетіледі.

Оқырмандар қаралып отырған мәселенің басқа да аспектілерімен, мәселен, ұлтаралық қатынас пен социалистік ұлттарды жақындастыру тілі ретінде орыс тілінің ролімен, республиканың жергілікті ұлт өкілдерінен жұмысшы табының көп санды отрядтарын қалыптастыру проблемаларымен, сондай-ақ басқа да мәселелермен танысады.

Жүзден аса ұлт пен халық өкілдері тұрып, қол ұстаса еңбек етіп жатқан Советтік Қазақстан мысалы арқылы интернационалдық тәрбие мәселелеріне жете көңіл бөлу — социалистік және коммунистік құрылыстың табысты барысындағы міндетті шарт екені туралы лениндік тұжырымның дәйектілігін көрсетеді.

Монографияда аталған жетістіктермен қатар кемшіліктер де бар. Бәрінен бұрын, біздің ойымызша, фактологиялық материалдың ауқымы тұрғысынан, сондай-ақ қаралып отырған процесс бағытының да талдау шекарасын кеңейту қажет. Бұқаралық-саяси, адамгершілік, дүниетанымдық және басқа жүйелердегі интернационалдық тәрбие мәселелері автордың назарынан қалыс қалған. Кітаптың библиографиялық аппаратын кеңейткеннің артықшылығы жоқ еді.

М. С. Бесбаевтың жұмысы тұтасынан республиканың идеология активіне, олардың жауапты қызметіне көмек көрсетеді.

Б. ҚАЗИЕВ.
Алматы шет тілдері педагогика институтының оқытушысы.

ЫНТЫМАҚ КҮНІ

Алматы. Астана жұртшылығының Ауғанстан халқымен ынтымақтастық күніне арналған салтанатты жиналысы 24 октябрьде Достық үйінде өтті. Төменгі вольтті аппаратура заводының слесарь-құрастырушысы В. Л. Корабаев, интернационалист-жауынгер К. Х. Есенов, Ауғанстаннан келген Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының студенті Ширмухаммед және басқалар жиналыста сөйлеген сөздерінде Исландия кездесуінде айтылған советтік бейбіт ұсыныстардың маңыздылығын атап өтті. Достас халықтың экономиканы дамыту, Азиядағы саяси жағдайды реттеу жолындағы күрестегі табыстарын атай келіп, жиналысқа қатысушылар СССР мен Ауғанстан Демократиялық Республикасы арасындағы туысқандық қатынасты дамытуға Қазақстанның қосып жатқан үлесі туралы әңгімеледі, алты совет полкының Ауғанстаннан оралуын құттықтады.

Жиналғандар Кабулдағы ауған-совет достығы қоғамы Орталық басқармасына сәлем хат қабылдады.

Digitized by Google

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Талдықорған. Облыстық кинофикация басқармасы кинотеатрлар, заң қызметі және санитарлық ағарту қызметкерлері құрамында құрған арнаулы комиссия алкогольге қарсы насихатта пайдаланылатын фильмдерді ұсынады.

«Маскүнемдікке жол жоқ!» деген кинолекторийде көрсету үшін 200-дей көркем және ғылыми-көпшілік лента іріктелді. Олардың ішінде «Балалар», «Кісі өлтірді деп айыпталады», «Рульдегі қаскүнем», «Қатер шегінде» және басқа фильмдер бар.

Көкшетау. Облыстағы бірыңғай саяси күн мал шаруашылығын ғылыми-техникалық прогресс негізінде интенсивтендіру арнасына ауыстыру міндеттеріне арналды.

Облыстық партия комитетінің саяси баяндамашылары КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ ССР-інің партия, совет және шаруашылық органдарының Азық-түлік программасының тапсырмаларын орындау, мал шаруашылығының жедел және тұрақты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV пленумында атап көрсетілген қоғамдық мал шаруашылығын дамытуда тоқыраушылық құбылыстарға соқтырған елеулі кемшіліктер мен ағаттықтарды атады.

Қазір облыста ферма қызметкерлерінің күш-жігері мал қыстатуға ұйымшылдықпен әзірленіп, оны ойдағыдай өткізуге, халық шаруашылығы жоспарлары мен он екінші бесжылдықтың беташар жылының социалистік міндеттемесін орындауға бағыттауға тиіс екені айрықша атап көрсетілді.

Орал. Круглоозерное селосының тұрғындары аңызға айналған дивизия командирі В. И. Чапаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған атты үгіт жорығына қатысушыларға бірінші болып дәм-тұз ұсынды.

Одан кейін атты әскерлердің қызыл әскер формасын киген салт аттылар Чапаев дивизиясы 25-ші бөлімі азамат соғысы жылдарында өткен әскери жолдар маршруттарымен жүріп кетті. Жорық барысында оларға қатысушылардың күшімен село еңбеккерлерімен, ардагерлермен және мектеп оқушыларымен саяси тақырыптағы көптеген кездесулер мен әңгімелер ұйымдастырылды.

Шымкент. Шымкент қалалық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің күні өткізілді, оған қаланың ірі кәсіпорындары партия комитеттерінің секретарлары қатысты. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» және «Южный Казахстан» газеттерінің қызметкерлері көп тиражды газеттерге шолу жасады.

Көрнекі үгіт жөніндегі қалалық совет Шымкенттегі көрнекі үгіттің жайын талдап, КПССС XXVII съезінің талаптарына сай бұл жұмысты жақсарту жөнінен нақты ұсыныстар енгізді.

Павлодар. Таяуда облыс тұрғындарымен жүргізілген сұраулар телевизиялық ашық хат күндері жергілікті телевизия студиясының адамдарға ең танымал хабары екенін көрсетті. Ол облыс өміріндегі өзекті әрі өткір мәселелерге арналды. Телекөрермендермен әңгімені облыстық ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпорындардың, құрылыстардың басшылары жүргізеді. Оның үстіне көптеген сұрақтар мен ұсыныстар хабар жүріп жатқанда телефон арқылы беріледі.

Екібастұз. (Павлодар облысы). «Экибастузуголь» бірлестігі кеншілерінің Мәдениет үйінде саяси информация клубы ашылды. Оның жұмысы Москваның халықаралық қатынастар институтымен жасалған шарт негізінде мақсатты комплексті программа бойынша жоспарлануда. Саяси шолушылардың, саланың жетекші мамандарының баяндамаларымен қатар клуб мәжілісінде кәсіптік ойындарды, пікірталастарды өткізу, жұмыс тәжірибесін алмасу белгіленді. Клубтың алғашқы мәжілісінде бригадалық мердігерлікті ұйымдастыру, бірлестіктің шаруашылық механизмін қайта құру мәселелері талқыланды.

Digitized by Google

КӨЛЛЕКТИВ ЕРКІМЕН

А. ПРОХОРОВ,

Целиноград облысы Балқашин ауданы «Максимов» совхозы партия комитетінің секретары

Салауатты тұрмыс — еңбекте көмекші деп әділетті айтады. Біздің шаруашылықта қазір бұған бәрі иланды. Бұдан бір жыл бұрын бізде маскүнемдік оқиғалары, соның салдарынан қылдырымпаздық жиі болатын, әсіресе құрылыста жұмысшы күшінің жетіспеушілігі қатты сезілетін. Әр жазда сырттан 100 адамға дейін тартуға тура келетін. Маскүнемдікті ығыстыруымыздың сәті түскен қазіргі кезде іс басқаша. Біз биыл рамалық типтегі бес мал қорасын салдық. Бүкіл жөндеу жұмыстарын да өз күштерімізбен орындаймыз.

Салауаттылық совхоздың басқа да барлық істеріне жақсы әсер етті. Біздің малшыларымыз аудандық жарыста жеңіп шықты.

Бұрын Владимировка бөлімшесі тым жайсыз еді. Онда үйдегі және өндірістегі маскүнемдік, жұмысқа шықпай қалушылық үйреншікті көрініс болып саналатын. Енді мұның бәрін жоюдың сәті түсті, коммунист, басқарушы С. В. Пахомов басқаратын коллектив шешуші сөзді айтты.

Тәртіп бұзушылар партия және жұмысшы жиналыстарында принципті түрде талқыланды. Селолық жиындардың талабы бойынша спирттік ішімдіктерді сату реттелді, бұрын ол екі магазинде сатылатын. Коммунистердің үлгісі — олардың маскүнемдікке ымырасыздығы адамдарға бәрінен қатты әсер етті. Мәселен, құрылыс учаскесінің мастері А. Кустман маскүнемдігі үшін партия қатарынан шығарылды. Дегенмен ащы суға әуесқойлардың бәрі бірдей жағдайдың түбірінен өзгергенін, ымыраласушылыққа бұдан әрі төзуге болмайтынын бірден түсіне қоймады. Мәселен, бөлімшенің бұрынғы зоотехнигі А. Я. Альтах бірнеше рет ескерту алса да оған мән бермеді. Оның ішімдікке деген құмарлығы қатаң қорытындымен аяқталды. Мамандар советінің ұсынысы бойынша ол жыл ішіндегі қорытынды бойынша сыйлығынан айрылды. Ал бұл дегеніңіз 1000 сом ақша ғой. Ол сотқа да, прокуратураға да барды, бірақ бұйрық күшінде қалды. Совхоз радиогазеті, қабырға газеті, «Комсомолдық прожектор» номерлері ішкіштерді, еңбек тәртібі мен қоғамдық реттілікті бұзушыларды өшкерелейді. Оларда бұл бөлімдерді салауаттылық үшін күрес ерікті қоғамының бастауыш ұйымы жүргізеді. Бізде реттілік орнықты, қоғам өкілдері маскүнемдік пен алкоголизмді тыю туралы шешімдер қалай орындалып жатқандығы, таяу арада өздерінің не істейтіні туралы коллективке ай сайынғы жұмысшы жиналыстарында хабарлайды.

Үгітшілер мен насихатшылар да өз жұмыстарын күшейтті. Мысалы, бөлімше басқарушысы А. Павленко идеология активінің семинарларында, сондайақ бригадаларда, клубта жүйелі түрде сөз сөйлейді. Ол селолық Советтің атқару комитеті жанындағы маскүнемдік және алкоголизм үшін күрес жөніндегі комиссияны басқарады және осы мәселелер бойынша қажетті информацияның бәрінен хабардар болып отырады. Село еңбекшілерінің бос уақытын қызықты да мазмұнды ету үшін мәдени-бұқаралық жұмысты да қайта құрудамыз. Совхоздың көркемөнер коллективі ауданда таңдаулы деп саналады: міне, екі жыл қатарынан байқауларда біріншілікті жеңіп алып жүр. Оның көркемдік жағын басқарушы В. Бауэр және кәсіподақ комитетінің председателі Е. Азаренкова талапкер артистерге жетекшілік етеді. Орта мектеп оқу ісінің меңгерушісі С. Дукачев жетекшілік ететін соғыс және еңбек ардагерлерінің хоры өте-мөте танымал. Спорттық секциялар жұмыс істейді. Июльде стадион ашылды, онда ауданымыз физкультурашыларының жарысы өтті.

Спирттік ішімдіктерді ішу өткен жылғы осы тұспен салыстырғанда біршама азайды, айықтыру орындарына түсушілер қысқарды. Тәртіп бұзушылық азайғандықтан маскүнемдікпен күрес комиссиясының мүшелері өз мәжілістеріне әлдеқайда сирек жиналатын болды.

Digitized by Google

Осының бәрі қуантады, бірақ біздің коллективте алкогольге қарсы тәрбиені күшейте түсу керек деп есептейді. Бізде маскүнемдіктің зиянын жете түсінгендіктен емес, тек сыйлықтан қағылмау немесе жаза тартудан қорқып ішпей жүргендер де әлі кездеседі. Совхоздың партия ұйымы үгіт-насихат жұмысын дамытып, маскүнемдіктің советтік өмір салтымен үйлеспейтіндігі, олардың қарама-қайшылықтары туралы қоғамдық пікірді нығайтуда. Бізде алкогольсіз дәстүрлерді енгізу мәселелері алдыңғы қатарда тұр, демек республикалық баспасөз беттерінде осы маңызды тақырыпқа арналған түбегейлі материалдар көбірек берілсе екен дейміз.

НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ, АДАМ ҮШІН КҮРЕС

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ПЛЕНУМЫНАН ЗАМЕТКА

Қоғамды жағымсыз құбылыстардан тазарту, кінаратсыз өмір салтын орнықтыру процесінде нашақорлықпен және есірткілерді заңсыз өткізумен күрес проблемалары жанынан өте шығуға ешбір болмайды. Ресми статистика былай деп атап көрсетеді: республикада есірткілік заттарды қолданушы адамдар саны көбейіп келеді, қазір, айталық, өткен бес жылға қарағанда бір жарым есе көп ондай адамдар, демек жартысына жуығы — «нашақорлық» диагнозымен анықталып, есепке қойылды. Нашақорлықтан еріксіз түрде емдеуге жіберілгендер саны да екі есе өсті. Есірткіге байланысты қылмыс үшін сотталу көбейді. Милиция органдары жыл сайын табатын есірткі заттардың салмағын енді тонналап... өлшеуге болады.

Дабылды да қайғылы статистика. Дегенмен ол да толық көрініс бермейді, өйткені әлі анықталмаған адамдарды да ескеру керек, өйткені бұл құбылыс негізінен жасырын формада жасалады.

Проблеманың өткірлігі қимыл-әрекеттің басты бағыттарын бөліп көрсетеді — кеселдің таралуына жол бермеу, адамдарды нашақорлыққа деген залалды құмарлықтан сақтандыру. Ал бұл үшін елеулі күш-жігер, нақты, үйлестірілген жұмыс талап етіледі.

Бертінде право қорғау органдары республиканың басқа мүдделі ведомстволарымен, жұртшылықпен нашақорлыққа қарсы күрес туралы заңды орындау жөніндегі бірлескен шаралар жоспарын жасады. Оны жүзеге асыруға қатысу Қазақ ССР Жоғарғы сотының кеңейтілген пленумында үлкен, келелі әңгіменің тақырыбына айналды, оған прокуратураның, ішкі істер органдарының, Юстиция және Денсаулық сақтау министрліктерінің, Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеттің, Ғылым академиясының, кәсіподақтар, комсомол өкілдері шақырылды.

Республика Жоғарғы сотының председателі Т. Айтмұхамбетов пленум қарсаңында менімен әңгімеде былай деді:

— Біз әлі күнге дейін нашақорлықпен тиянақты, мақсатты күрес жүргізбедік, барған сайын жиі ұшырасатын фактілер жайлы үндемедік. Дегенмен кеселдің вирустары біздің елімізге де, біздің республикамызға келді. Оның көлемін ұлғайтып, тұрғындарды үрейлендірмей-ақ қояйық, дегенмен іс өте-мөте елеулі. Нашақорларға, есірткіге бой ұрған адамдарға әзірше негізінен жазалау әрекеттері қолданылды. Дегенмен қылмысты жазалау — ең ауыр шара. Профилактикалық, сақтандыру жұмысы шындап жүргізілмеді.

Жоғарғы соттың мүшесі Л. И. Башаримова пленумда жасаған баяндамада былай деп кездейсоқ атап көрсеткен жоқ: проблемаларды шешуде комплексті қатынас, бүкіл күш пен мүмкіндікті біріктіру керек. Есірткіні таратуға және оған байланысты қылмысқа айтарлықтай мөлшерде ықпал ететін себептер мен жағдайлар тура аталды. Есірткі заттың көп таралған түрі — гашиш әзірлеуге арналған шикізат — табиғи өсетін сора жөкесін жою жөніндегі жұмыс әлсіз жүргізіледі. Оның плантациялары Жамбыл, Шымкент, Талдықорған, Семей және басқа бірқатар облыстарда көлемді алаңды алып жатыр. Жерді пайдалануда тиісті бақылау жоқ, мұның өзі жекелеген адамдардың үй іргесіндегі учаскелерде сора жөкесін, апиын магін және басқа құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсіруіне мүмкіндік береді. Мұндай егістіктерді анықтаумен әзірше милиция ғана айналысады, ал Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік коми-

Digitized by Google

теттің бөлімшелері, шаруашылық басшылары нұсқау алғаннан кейін ғана іске қосылады.

Өкіметтің жергілікті органдары да, әсіресе селолық Советтер сырт тұрады, ал оларға кімнің не өсіретіні және олардың территориясында немен айналысатыны ең алдымен мәлім болуға тиіс. Шымкент облысында мұндай фактілер көп. Мәселен, Ленин ауданының Янгибазар селосының тұрғыны Нақыпов 20 жылдан астам уақыт бойы апиын магін өсіріп, одан өсірткілік заттар өзірлеп, сақтап келген. Түлкібас ауданының тұрғыны Бегалиев те сора жөкесін өсіріп, гашиш өндірген. Селода көптеген адамдар олардың заңсыз әрекеттері туралы білді, бұл туралы селолық Советке де мәлім болғаны ақиқат, бірақ бәрі де үндемеді.

Кейбір аймақтарда мемлекеттік мак плантацияларын тиісінше қорғау, құрамында өсірткі бар шикізатты қоймаларда сақтау қамтамасыз етілмеген. Көптеген жылпос адамдар осыны пайдаланады. Талдықорған облысындағы Сарқанд қаласының тұрғындары Чистякова, Найденов, Руппель және басқалар «Путь Ильича» колхозының мак танабынан апиын шикізатын ұрлаған. Колхозға келтірілген нұқсан көлемі 990 сом болды. Ал Колышев, Салангереев және басқалар осы шаруашылықтың қоймасынан 72 килограмм майлы мак ұрлаған.

Әкімшілік органдары және басқа ведомстволар дәрігерлердің тағайындауынсыз есірткі заттарды қолданатын адамдарды анықтап, есепке қою, оларға профилактикалық және емдеу шараларын қолдану жөнінен нақты, тиімді қимыл-әрекетті әлі анықтаған жоқ. Наркология мекемелерінің қызметкерлері, милиция, кәсіпорындардың, мекемелердің, оқу орындарының басшылары есірткіні тұтынушы адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселелерін сирек қояды, ал кейде мұндай фактілерді жасырып қалады, содан барып жекелеген нашақұмарлар назардан тыс қалады. Бір сөзбен айтқанда, есірткінің таралуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар жеткілікті, ал нашақорлықпен күрес жайы ондай емес. Сот практикасында, алдынала тексеру мен анықтау органдарының жұмысында да іркілістер баршылық. Қылмысты жауапкершілікке негізінен есірткіні сатып алушы адамдар ғана тартылады, ал оны өткізумен айналысушылар көбіне анықталмай қалады. Тергеудің, кейіннен соттың көптеген жағдайда оны сатушыларды анықтауға ұмтылмауы да назарды аударады. Сонымен бірге жылпос кәсіпкерлер басқалардың бақытсыздығынан зор мөлшерде еңбексіз табыс табуын жалғастырады.

Пленумда проблеманың түрлі жақтары талқыланды. Қазақ ССР Юстиция министрінің бірінші орынбасары И. Тетеркин, республика прокурорының орынбасары А. Ефимов, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің бас наркологы М. Гонопольский, облыстық және аудандық соттардың председательдері, ғалымдар, сарапшылар осы жайлы айтты. Жедел шаралар, кәлісілген қимыл-әрекет керек деген басты пікір естілді. Егер біз нашақорлықпен, оның жаңа түрі — токсикоманиямен қазіргі қарқында күрес жүргізетін болсақ, оның таяу болашақта аса қауіпті ауқымға жетуі мүмкін.


Жалпы пікір бойынша проблеманы жалғыз жазалау шараларымен шешуге болмайды. Оның үстіне қазіргі қолданылып отырған заң, әсіресе қылмысты анықтау бөлігінде, сондай-ақ есірткі заттарды заңсыз өзірлеу, сатып алу, тасымалдау және жіберу үшін жауапкершілікті күшейту тұрғысынан өзгертуді қажетсінеді. Наркологиялық қызметтің жайы да алаңдатады, диспансерлер мен стационарларды тиянақты мамандандыру талап етіледі, әзірше білікті дәрігер кадрлары өте аз. Аса мүдделі ведомство — Денсаулық сақтау, Оқу министрліктері мен Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі Мемлекеттік комитет әлі де белсенділік көрсетпейді, ал нақтырақ айтқанда, мектептердің педагогтары, кәсіптік-техникалық училищелердің мастерлері нарколог-дәрігерлер сақтандыру, алдын-алу жұмысына елеулі үлес қоса алады ғой. Есірткінің зардабы мен ауыр салдарын балаларға жастайынан түсіндіру қажет. Жалпы алғанда, көп нәрсені жасауға тура келеді, істі кейінге қалдырмай дереу қолға алу керек.

Кеселді жоюдың нақты жолдары белгіленген қажетті, пайдалы әңгіме болды. Біздің елімізде әлеуметтік шаралардың бүкіл жүйесі совет адамдарының денсаулығын сақтауға бағытталғаны, қоғамымыз әр адам үшін, тіпті жолдан тайған адам үшін күрес жүргізетіні атап көрсетілді. Демек нашақорлық көріністерін ұшыратқанда ешкім бейтарап байқаушы болып, сырт тұрмауға тиіс. Қауіпті құбылысқа қарсы, кінаратсыз өмір салты үшін күреске әкімшілік органдарымен қатар бүкіл жұртшылық көтерілуге тиіс.

М. БАЙЖАНОВ.

(«Казахстанская правда», 1986 жылғы 16 октябрь).

Digitized by Google



ВОЛГА ӨЗЕНІНЕ АРНАЛҒАН «БОЛАТ АРНА»

Биылғы жазда Гурьев облысының Теңіз мұнай-газ кенішіне автоцистернамен су тасу тоқтатылды. Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындары құрылысы министрлігінің Еңбек Қызыл Ту орденді дәнекерлеу-монтаждау тресінің құрылысшылары Астрахань—Маңғышлақ континентарлық су құбырының 107 километрлік учаскесін мерзімінен бұрын монтаждады. Келер жылдың өзінде оның бойымен Волга суы шөл далаға келеді, өзірше бұл учаске жұмыс істеп тұрған су құбыры арқылы Амудария суын алады.

Бүкіл трасса іске қосылатын таяу келешекте Астрахань және Гурьев облыстары шекарасындағы Волганың Қиғаш саласының суы оған беріледі, ал болат өзеннің «арнасы» алып, 1400 километрлік орам арқылы Каспий мен Маңғышлақтың мұнайлы-газды аймақтарын, сондай-ақ Бозашы жарты аралын қамтып, құрлық арқылы өтеді. Ол арқылы тәулігіне 260 мың тонна су берілетін болады. Жылына бұл 90 миллион текше метр құрайды.

Жобалаушылар ұлы орыс өзенінің табиғи балансын бұзбау қамын ойластырды. Волга суының Каспийге құйылуын біршама азайту теңіз үшін тіпті пайдалы да — өйткені соңғы жылдары оның деңгейі бірден көтеріліп, көптеген проблемалар тудырды.

Балық қорларын қорғауға көп көңіл бөлінуде. Бірегей конструкциялы су қақпалары бұған жақсы қызмет етуде. Су алу үшін Қиғаш жай таңдап алынбаған — онда іс жүзінде бекіре тұқымдас балықтар жоқ. Сүзгі торлар мен жеңіл жапқыштары бар бетонды «арна» жүйесі жас және кішкентай шабақтардың өтіп кетуінен сақтауға мүмкіндік береді.

Құбырларды тоттанудан қорғау міндеттері де бірегей шешілуде. Бұл үшін трассаларда суды тұрақтандыру станциялары салынуда. Олар жасанды өзенге берілетін арнаулы химиялық заттарды — ингибиторларды мөлшерлеп тұрады. Құбырдың ішкі бетінде металды тоттанудан қорғайтын өзіндік жұқа жамылғы пайда болады. Суды бұрынғысындай мөлдір әрі таза ету үшін ауызсу станциялары іске қосылады, олар елді мекендерде монтаждалады.

Болат арна бойында автоматты тәртіппен синхронды жұмыс істейтін он блокты-топтама насосты станциялар салу қарастырылған. Олардың бірі кенеттен тоқтап қалған жағдайда болатын гидравликалық екпінге жол бермеу үшін трасса толқынның екпінін бәсеңдететін қондырғылар — өзіндік резиналық қалқандар қарастырылған. Олар су ағыны екпінін өзіне қабылдап, созылады да суды арнаулы резервуарларға өткізеді, ал одан кейін өзінің алғашқы қалпына келеді.

Салынып жатқан Оңтүстік—Батыс магистральды мұнай құбырларының директоры В. С. Адониннің айтуына қарағанда, біздің елімізде және дүние жүзінде мұндай ұзын су құбырлары әлі тартылмаған. Оның суды өткізу қабілеті тұрғысынан теңдесі жоқ: негізгі трассадағы құбырдың диаметрі 120 сантиметр, оның бойымен су 60 атмосфераға дейінгі қысыммен айдалады.

Су құбырын іске қосуға орай мұнайшылар мен басқа да салалар қызметкерлерінің, Гурьев пен Маңғышлақ облыстарының барлық тұрғындарының тұрмыс және еңбек жағдайы едәуір жақсарады. Осы көлемді аймақты дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер кеңінен ашылуда.

Құрылысты 1988 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Осы арналы қуатты өзенді Мұнай және газ өнеркәсібі кәсіпорындары құрылысы министрлігі дәнекерлеу-монтаждау тресінің коллективімен қоса «Рязаньтрубопровдстрой» тресі мен «Приволжскгазпромстрой» өндірістік бірлестігі салуда. Москваның, Ленинградтың, Бакудың, Казанның, Уралдың, Тюменьнің және Одақтың басқа қалаларының көптеген өкілдері бесжылдықтың екпінді құрылысында еңбек етуде.

Т. ГРОЙСЕР.
Гурьев — Шевченко.

Digitized by Google

ӨТКЕНДЕГІ АРНАДА

БІЗДІҢ ӘҢГІМЕЛЕСУШІМІЗ — ЛАТИН АМЕРИКАСЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ, СССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ КОРРЕСПОНДЕНТ-МҮШЕСІ В. В. ВОЛЬСКИЙ

— Латын Америкасы дегеніміз бұл жиырмадан астам ел ғой. Картаға жай ғана бір қараудың өзі олардың әркелкілігі: үлкенді-кішілігі, халқының қалың және сирек қоныстануы, жазықтары мен таулы жерлері... туралы мағлұмат береді. Дегенмен бүкіл осы алақұлалық пен әркелкілік барысында бұл мемлекеттерге тән әлдебір ортақтық бар. Ол — ең алдымен қуатты солтүстік көршіге экономикалық тәуелділік. Вашингтонның бүгінде латын американдық аймақта өз ықпалын сақтауға өте-мөте табандылықпен әрекеттену фактісін қалай түсіндіруге болады?

— Құрама Штаттар Латин Америкасында ертеден орныққан. Бұдан 150 жыл бұрын континенттің ұлттық батыры Симон Боливар Вашингтон «өзінің құдіретті күшімен бостандықты желеу етіп, Оңтүстік Американы қайыршылыққа ұшыратуға ұмтылған» деп өкінішпен жазды. Ұлы патриоттың көрегендігіне лайықты баға берейік: солтүстік американдық монополияның — АҚШ-тың сыртқы саясатын тікелей жасаушылардың өздеріне қысымы мен ішкі істеріне араласуын өткермеген ел Рио-Грандтен оңтүстікке дейін жоқ. Ал олардың ондағы мүдделері өте-мөте елеулі.

АҚШ-тың дамушы елдердегі инвестициясының жартысынан астамы нақ осы аймақта орналастырылуда. Латин Америкасын жайлаған шамамен алты мың американдық компанияның тікелей күрделі қаржысы 31 миллиард доллардан асады. Және олар жұмсалған әр доллардан бірнеше доллар таза кіріс алады. Америка Құрама Штаттары Латин Америкасынан өздеріне қажетті стратегиялық шикізаттың орта есеппен 70 процентке дейінін, соның ішінде қалайы концентратының 99 процентін, бокситтің 96 процентін, ниобийдің 88 процентін, бериллийдің 71 процентін, молибденнің 53 процентін, темір рудасының 49 процентін, мыстың 47 процентін т. б. алады.

Соңғы уақытта АҚШ өзінің империалистік саясатын Латин Америкасындағы өзгертіп жатқан жағдайға бейімдеп, осы аймақта көбірек айлашарғы жасауда. Дегенмен мұны бүркемеленген түрде — жалған адамдар арқылы ұлттық компаниялар желеуімен жасайды. Олар мұнда өз капиталын жұмсауды жалғастыруда. Латин Америкасында капиталды жұмсаудың біршама жаңа әдісі — «номбра прест» таралған, оны «өз есіміңді қарызға беру» деп аударуға болады. Бұл нені білдіреді? Латин американдық кәсіпкерлердің қайсыбірі өз есімдерін бірер күнге «қарызға береді», тіпті, әрине, формальды түрде компанияны басқаруы мүмкін. Ал мұның астарынан не аңғарылады? Ол — ұсынушыға арналған акциялары бар кәдуілгі жалған қоғамдар, фирмалар. Сондықтан бүгінде АҚШ-тың күрделі қаржысының жұмсалуын қадағалау анағұрлым қиын.

Империализмнің өзінің баю жолындағы құмарлығында шекті білмейтіні мәлім. Жаңалық мынада: оның төбетін мейлінше әлсіз елдерді тонаудың соншалықты жедел өскен ауқымы қанағаттандыра алмайды. «Бұл елдердің триллиондық борышы мен соңғы он жылдықта АҚШ-тың әскери шығындарының триллионнан астам өсімінің арасында, — деп атап көрсетілді КПСС XXVII съезіне Орталық Комитеттің Саяси баяндамасында, — сөзсіз себепті байланыс бар». Империализм жаңа отарлық астам қанау системасын сақтап, қатайта түсуге тікелей мүдделі.

Сонымен бірге «үшінші дүниені», ішінара алғанда және әсіресе Латин Америкасын тонаушылық ауқымы ондаған елдер алдына өздерін сақтау, өмір сүруін сақтап қалу мәселесін қойды. Демек халықтарды тонау әдістерін жетілдіре отырып, американдық капитал аймақта финанс тәуелділігінің кең жүйесін жасады, одан сытылып шығу соншалықты оңай емес. Капиталистік дүниенің бірде-бір аймағының осыншалықты көп қарызы жоқ. Қазіргі уақытта латин американдық мемлекеттердің сыртқы қарызы 400

Digitized by Google

миллиард доллардан асты. Аса көлемді цифр! 1978 — 1984 жылдары Латын Америкасының өз қарыздары мен олар бойынша процент есебіне осы кезеңнің соңында бүкіл қарызға тең мөлшерде соманы төлеуі шын мәнінде ғаламат, ал қарыз мұның барысында... екі есе көбейді! Бүгінде жаңа туған нәрестелерді қосқанда әрбір латин американдықтың жан басына шаққанда жылдық табыстан — 1 мың доллардан асып түсетін сыртқы қарызы бар. Бұл қарыз, өз тарапынан, жаңаларын тудыруда.

Континент мемлекеттерінде: олар азат болған елдердің бәрімен бірігіп топтасып, бірлескен түрде тонаушылықтың күшеюін тоқтатуға немесе айтып болмайтын зардаптарға соқтыратын перспективадағы ауыр әлеуметтік қопарылыстар алдында болуға тиістігін ұғынушылық барған сайын толысып келеді. Империалистік системаның негізгі қайшылықтарының бірінің ғаламдық шиеленісуінің мәні осында: орталықтар паразитизмі шет аймақтардағы аштық проблемасымен үйлеспейтін болды.

— АҚШ-тың аймақтағы саясатының нақты жемістері қандай?

— Латин американдықтардың көпшілігі үшін бұл тым ащы жемістер. Соңғы бес жыл ішінде ғана Латин Америкасында ашығушы адамдар 20 миллионға дейін өсіп, 100 миллион адамды құрады. Аймақ мемлекеттерінің іс жүзінде бәрі дерлік үстіміздегі ғасырдың ең ауыр да кеулеген экономикалық және әлеуметтік дағдарысын өткеруде. Ол жұмыссыздықтың өсуімен және толық емес жұмыспен бастылықпен (аймақта 85 миллион адамның еңбек ету мүмкіндігі жоқ), ұлттық табысты бөлудегі алшақтықтың өсуімен және қалың халық бұқарасының тұрмыс дәрежесінің құлдырауымен сипатталады.

Саяси салада дағдарыс ең алдымен империализммен тікелей одаққа, «ұлттық қауіпсіздік» доктринасына сүйенетін әскери-фашистік және оңшыл билеуші режимдерге бағдар ұстаған қоғамдық құрылымды жайлады. Сонымен бірге ол еңбекшілер бұқарасының өз правосы жолындағы күресін шұғыл күшейтіп, өз елінің тағдырын анықтауда оның ролін қыруар арттырды. Ол орта жіктердің саяси бағдарын тиянақты түрде солға қарай жылжытты, сонымен бірге олардың саяси-идеологиялық танымалдығын тереңдетіп, әсіре солшыл және радикалды-демократиялық, сондай-ақ жаңа фашистік ұйымдар мен ағымдардың туындап, күшеюінің жаңа толқынын тудырды. Осы саладағы дағдарыстың басты нәтижесі, әлбетте, мынада: ол Латин Америкасындағы саяси күрестегі негізгі шек империалистік және антиимпериалистік күштер арасы арқылы өтетінін бұрынғыдан әлдеқайда анық көрсетті.

— Виктор Вацлавович, континенттің кейбір әскери-диктаторлық режимдерінің күйреуі де осы ауыр дағдарыспен байланысты екені ықтимал ғой? Ал олар ұзақ уақыт бойы аймақта Вашингтонның тірегі болды ғой...

— Мұндай байланыс, әлбетте, бар. Соңғы жылдарда Латин Америкасында бірден Боливияда, Аргентинада, Уругвайда және Бразилияда әскери-диктаторлық төрт режимнің бірінен соң бірінің өмір сүруін доғаруы кездейсоқ оқиға емес шығар? Әрине, кездейсоқ емес. Өткір экономикалық дағдарыстың нақ осы режимдерді өте күшті қамтығаны да кездейсоқтық емес. Оларға таңылған экономикалық саясаттың «чикаголық варианты» сәтсіздікке ұшырады. Оңтүстік Америкадағы диктаторлық режимдердің бір де бірі дағдарыстың бір проблемасын да шеше алмады. Мұның өзі халықтың ең қалың жіктерінде наразылық тудырып, прогрессіл патриоттық күштердің озбыр үкіметтерді құлату жолындағы күресін күшейтті, сайып келгенде әскери-диктаторлық режимдерді зорлықсыз жоюға жеткізді. Мұндай нәтиже Чили, Парагвай үшін де тән болары сөзсіз.

Континентте американдық өктемдікке қарсыласу үдеп келеді.

— Алайда Вашингтон, қаншалықты бағалауға болатынындай, латин американдық елдерге деген өз қатынасында әлденені өзгертпекші емес. Ақ үйдің Латин Америкасындағы шынайы саяси мақсатын қысқаша түсіндіре алмас па екенсіз?

— Құрама Штаттардың Латин Америкасы мемлекеттері тұрғысынан қазіргі саясаты шын мәнінде көне «үлкен шоқпар» доктринасына саяды. Ол АҚШ президенті Теодор Рузвельттің 1904 жылғы мәлімдемесіне байланысты. Ол өзінің саяси түйінін былай тұжырымдады: «Мен Батыс Африкада таралған мақалды ұдайы ұстандым: «Егер сен мәймөңкөлеп сөйлеп, қолдарыңа үлкен шоқпарды ұстасаң, онда сен ілгері кетесің».

Осы доктрина-түйін Рейген әкімшілігінің оңтүстік көршілер тұрғысынан бүкіл бағытын — оның сайлау қарсаңындағы науқан барысында қалыптаса бастаған бағытын анықтайды. 1980 жылы октябрьде менің Құрама Штаттардың латин американдықшы-

Digitized by Google

лар съезіне қатысуыма тура келді. Үлкен аудитория алдында Рейган өкілдерінің тым тиімсіз ретінде «адам праволарын қорғау туралы» «Картер доктринасын» қалай серпіп тастағаны, және Латин Америкасында АҚШ-тың беделін қандай бағамен болса да қалпына келтіру қажеттігі туралы мәлімдегені есімде. Ал бұл, деп тұжырымдады олар, «аймақта реттілікті қалпына келтіруді талап етеді». Сол кезде Р. Рейган командасы континент пен Кариб бассейнінде «тыныштықты негізгі бүлдіруші» деп есептеген социалистік Кубаға қарсы күрес жоспарын құрды.

Журналистерге деген өзінің алғашқы интервьюінде президент Р. Рейганның өз әкімшілігінің басты міндеті — оңтүстік көршілерге барынша көп көңіл бөлу, деп мәлімдегені еске түседі. Ал Құрама Штаттар Латин Америкасына «көңіл» аударғанда онда адамдардың көз жасы көл болып, аса қайғылы трагедиялар болады. Американдық ниеттегі режим 60 мың адамды құртқан Сальвадордағы қантөгісті оқиғалар осы жайлы бейнелемей ме? АҚШ-тың осыдан үш жыл бұрын Гренадаға зұлымдықпен басып кіруі және Вашингтонның Никарагуа халқына қарсы қазіргі соғысы осы жайлы бейнелемей ме? Чилидің, Парагвайдың, Гаитидің миллиондаған тұрғындарының қасіреті ше?

Демек Құрама Штаттардың Латин Америкасындағы мінез-құлқы, олардың «Үлкен шоқпар саясаты» мен «Рейган доктринасы» немесе «неоглобализм» (өздерінің ғаламдық мүдделерін қамтамасыз ету үшін әскери күштерді пайдалану) секілді бұрынғы және қазіргі концепциялары, — осының бәрі жалпы сол бір концепцияның бір түрі. Олардың бәрінің мәні мынада: латин американдық мемлекеттерден шикізаттың тапшы түрлерін, кірісті, өткізу рыноктарын алу, сайып келгенде Латин Америкасын өзінің кепілді стратегиялық тылы ретінде ұстау.

АҚШ — жаңа отаршыл ел. Ол латин американдық республикаларды әрдайым қатаң экономикалық тәуелділікте ұстауға ұмтылды. Американдық жаяу әскерлердің Латин Америкасы мен Кариб бассейні елдеріне ондаған рет интервенция жасағаны мәлім болғанымен экономикалық тұтқалар Құрама Штаттар үстемдігінің негізгі қаруы болды, болып қала беруде.

— Есуастық жанталаса қаруланууды жалғастырып, АҚШ Латин Америкасы елдерін де оған тартуда. Демек бұл — шама жетпейтін әрі қауіпті ауыртпалық.

— Рас, жанталаса қарулану латин американдықтар үшін де барған сайын үлкен ауыртпалыққа айналуда. Ол бразилиялық мифологиядан ашқарақ жалмауыз Сейусиді еске түсіреді. Қазір тойымсыз Сейуси — жанталаса қарулану жалмауызы — континенттің әр тұрғынына қауіп төндіруде. Соңғы он жыл ішінде аймақ мемлекеттерінің жалпы әскери шығындары 140 миллиард дерлік долларға жетті, ал шетелдерден қару-жарақты сатып алу 10 миллиард доллардан асады.

Вашингтон аймақтық территориялық қақтығыстарды өршітуге қаншама күш жұмсауда. Бұл сондай-ақ оңтүстік көршілерді АҚШ-тан қару-жарақты көптеп сатып алуға мәжбүр ету мақсатымен жасалуда.

Латин Америкасының халықтары Вашингтонның үстемдігі мен озбырлығын серпіп тастауға, бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылады, астық пен бейбітшілікті қалайды. Және адамдардың осы табиғи ниеті континенттегі жалпы саяси ахуалға барған сайын үлкен ықпал жасауда.

Әңгімені жүргізген **А. МОИСЕЕВ.**

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044. Алматы, М. Горький көшесі,

№ 50 үй. Телефондар: 33-80-03, 33-80-07, 33-80-56, 33-80-73, 33-90-01.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ.

Редколлегия: Ә. Н. БАЙҒАБЫЛОВ, Н. Ж. ДӘНЕНОВ, Ғ. С. ҚАРАТАЕВА, Н. А. КОВАЛЕНКО, А. МӘУТЕНБАЕВ, В. В. МАХИН, В. А. СУХОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

Корректор Б. Жүрсімәмбетова.
Техникалық редактор С. С. Касымов.

Сдано в набор 1.11.86. Подп. к печати 17.11.86. УГ 04476. Формат 70x108 1/16. Печ. листов (усл.) 2. Уч.-изд. л. 3,6. Печать высокая. Тираж 66451 (казахское издание — 33169 экз. русское издание — 33282 экз). Заказ 131. Цена 15 коп.

Индекс 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

ОБЪЕКТИВТЕ-ҚАЗАҚСТАН



Ақтөбе. «Актюбрентген» өндірістік бірлестігінде информация-есептеу орталығы өндірісті оперативті басқаруға, негізгі өндіріс бригадаларына арналған тапсырмаларды ай сайын жобалап, сандық программамен басқарылатын станоктар үшін жобалау жасауға көмектеседі.

Он екінші бесжылдықта автоматтандыру жүйелерін өндірісті техникалық әзірлеуді автоматтандырудың комплексті жүйесіне біріктіру белгіленді.


Суретте: информация-есептеу орталығының машина залында.

Шымкент облысы. Бөген ауданының орталығы — Темірлан селосында жаңа Мәдениет үйі бұдан бір жыл бұрын өз есігін ашқан болатын. Әдемі, осы заманғы үй поселкенің бас көшесін көркейтіп жіберді. Мұнда түрлі үйірмелер, кітапхана жұмыс істейді, көркем-өнерпаздар байқаулары ұйымдастырылады, ал кешкілікте вокалды-аспапты ансамбль жастарды биге шақырады.



Жезқазған облысы. Ленин орденді Қ. И. Сәтпаев атындағы Жезқазған кен-металлургия комбинатының катодты мысы біздің елімізде және шетелдерде көптеп сұралады. Мұнда жаңа бесжылдықта қалдықсыз технологияны меңгеру, информациялық-басқару комплексін құру белгіленді.

Суретте: мыс электролиті цехы учаскелерінің бірі, онда бүкіл катодты мыс мемлекеттік Сапа белгісімен шығарылады.



(ҚазТАГ).

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Мұнай өнімдерінің
секундына бір тамшы төгілуінен ғана
тәулігіне 4 килограмм,
жылына 1500 килограмдай отын рәсуа болады



ОТЫН ЫСЫРАБЫНА—
ТОСҚАУЫЛ!

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google

RECO
System-Bindung
P. Schmidkonz
Regensburg

Digitized by Google